

МУХТАР ӘУЕЗОВ

884.342-3
2-80

2





ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

ЖИЫРМА ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ
1979

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

354.342-3

2-30

МУХТАР ӘУЕЗОВ

ЕКІНШІ ТОМ



Повестер мен әңгімелер

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ
1979

Редакциялық коллегия:

**АХМЕТОВ Э., ӘУЕЗОВА Л., БЕРДІБАЕВ Р., ҚАРАТАЕВ М.,
МҮСРЕРДОВ Р., НҮРПЕНІСОВ Ә., ТӘЖІБАЕВ Ә., ШӘРІПОВ Ә.**

**Ғылыми түсініктерді жазып, томды баспаға
азірлегендер**

**БӨЖЕЕВ М., НАУРЫЗБАЕВ Б., САХАРНОВ Б.,
УАХАТОВ Б., ӘКІМОВ Т., ДОСЫМБЕКОВА Р.**

Әуезов М.
Ә 90 Жиырма томдық шығармалар жинағы.— Алма-
ты, «Жазушы», 1979.— Т. 2. Повестер мен әңгіме-
лер — 456 бет.

Каз 2

А 7330 127
40 (07)79
БИБЛИОТ
И. А. С.
1. 1. 1. 52195

ПОВЕСТЕР



КӨКСЕРЕК

I

Қараадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа боз қараған, тобылғы басқан.

Сай бойында май айының салқын лебі еседі. Бастары көгеріп, бүрленіп қалған қалың қараған жел лебімен сыбдыр-сыбдыр қағып теңселіп, ырғалып қояды. Манайдан жуалардың, жас шөптердің исі келеді.

Ұзын кең өлкені қаптай басқан қарағанның ортасында терең, құр жар бар. Соның бас жағында итмұрынды қалың жыныстың арасында қасқыр іні бар. Жақын елге мәлім ескі ін. Жазға салымнан бері соны екі қасқыр келіп мекен етті. Бұрын итмұрын жанындағы кішкентай аланда кеңдігі кісі сыйғандай үш үлкен ін болатын. Биыл жас топырағы жағасында дөңкиіп, тағы бір жаңа ін шыққан. Бәрінің ауданы бір, жер астынан қатынасы бар.

Маңайы қасқырдың ойнағы. Жас шөптер басылып, тапталып қалған. Жақындағы қарағандарда қасқырдың ақ жүндері көрінеді. Қыстан қалған түбіті кәзір де әр жерде сөйтіп жұлынып қалып жүр. Індердің орта жерінде екі қалың сасыр шайқалып өсіпті. Қазірде соның түбінде қысқы жүні әбден түлеп болмаған ақ қасқыр жатыр. Бауырында кішкентай көк күшіктері қыбырлайды. Жарқыраған қызулы күн бойын ерітеді. Көзі бір сығарайып ашылып, бір жұмылып қалғуға кетеді. Иіген емшектері жыбыр-жыбыр тартылады. Төбесінде сасыр шайқалып ырғалады. Маңайдағы қараған мен итмұрын бастары қозғалақтайды.

Бір мезгілде бас жағынан сатыр-сұтыр, сырт-сырт сынған ши, тобылғы, қу шөмшектер дыбысы келді де, есін жиғанша бірдеме қасына тасырлатып келіп қалды. Атып тұрды... Баурындағы көк күшік шашылып-төгіліп, ұмар-жұмар домалап қалды. Тұрғанда «арс» етіп, азу тістері ақсиып, ырылдай түрегелді.

Дәл сол кезде түп қарағаннан аса бере, алдына жас қызыл қозы топ ете түсті. Соның артынан секіріп шыққан — көк шолақ. Еңтіккен, көбік аққан тұмсығымен ақ қасқырды айнала иіскеп, әр жерін жалап алды. Содан соң жерде үйелеп қалып, тыпырлап жатқан қозыны көре сала — «ырр» етіп барып бас салды.

Қозы екі қомағай ауыздың кергісінде қан жоса болып дар-дар айрылды. Сырт-сырт етіп жас сүйек сынды Қапаш-құпаш қорқ-қорқ етіп қомағай қанды ауыздар асайды. Тұмсығы мен бастары, мойын жүндері қып-қызыл болған қасқырдың жасыл көздері от шашады.

Аз уақытта екеуі қозының орнын ғана иіскелеп қалды. Енді біразда көк шөпте әрлі-берлі аунап-аунап, керіліп тұрып, жегендерін құса бастады.

Алдымен туған, көзі ашылған күшіктер жемденіп жатыр. Ең соңғы туған екі күшік баурын көтере алмай, тырбындап жатыр еді; енді оларды баурына алып емізе бастады.

II

Ертеңіне түсте жат иіс шықты алыстан әлдеқандай дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты. Күшіктерді жоталарынан тістелеп, індерге тығып-тығып тастап, ақ қасқыр қараған ішіне кірді.

Ін үстіне мүйіз тұяқтар тасырлап дүбірлетіп келді; айқай-дабыр молайды. Бірі үстіне-бірі келіп, жиын көбейді. Жерге ат үстінен тастаған ағаштар сарт-сарт түсіп жатты. Ін аузына екі аяқтылар жыбырлады. Көргіш көздер ін түбіне қадалды. Күшіктер бірі үстіне-бірі үйіліп, баурын көтеріп қыбырлай алмай, жақын жерде жатыр еді.

Жып-жылы мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап бар күшікті сыртқа алып шықты. Жеті күшіктің бесеуін көздеріне қарап отырып өлтірді де, екі кішкенесін тірі қалдырды. Кетерде бұның біреуінің тірсегін қиып қалдырды да, екінші біреуін — ең кенжесін алып жүріп

кетті. Қалған жалғыз күшікті тістелеп алып, екі қасқыр жоқ болды. Ін қаңырап қалды...

Осыдан соң бір жұма бойы маңайдағы ел күндіз-түні у-шу болып жатты. Қой жараланды. Қозы алып қашылды. Бұзаулар өлтірілді. Далада құлындаған биелердің бірнеше құлындары желінді.

Тұтқын болып кеткен көк күшік ауыл тұрғыны болды.

III

Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті. Кішкене Құрмаш Көксерек деп ат қойып алды. Ертеңді-кеш айналасынан шықпайды. Өзіне жеке асқұйғыш — итаяқ әзір болды. Баурын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң, мойнына жіп тағылды.

Үй ішінен шықпайды. Түн баласында Құрмаш қасына алып жатады. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Бөлек жатады. Қасында, не аяқ жағында, көрпенің астында Көксерек жатады.

Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үлкейді. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсеңдеу. Ауылдағы өзіғұрбы күшіктерден сонша үлкен емес.

Бұл уақытқа шейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, маңына жақындатпайды. Қасқырға шабатын батыл төбеттер бұны талап та тастайды. Өзге көп ит те ырылдап үріп, кейде тап беріп, әр жерінен тістеп тартып кетеді.

Құрмаш қасында болғанда таяқ жемейді. Бірақ ержете бастаған сайын бұдан иесі көз жазып қала берді. Сондай кезде Көксерекке ылғи жау иттер кездеседі.

Бір уақыт үлкен үйдің үлкен қара ала төбеті онашада бұны алып соғып, көп езгіледі. Бұны талап жатқанын көріп, өзге иттер де келіп шабынан алып, борбайынан созғылап өлтіруге айналып еді. Шаң-шұңмен балалар, үлкендер жиылып кел, иттерді ұрып, зорға айырып алды.

Бірақ Көксерек әлі күнге ешбір уақытта «қыңқ» етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес. Талаймын деп ит ұмтылса, жота жүні үрпип, үдірейіп тұрып алады. Тісі батып, қинап бара жатса, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.

— Кәпір, қырыс, тағы емес пе! Кеудесін бермейді, жасымайды!— деп ауыл аңыз қылады.

Сонымен қатар Көксерек жайында ауыл-үйдің қатындары әр алуан өсек те таратып жүрді.

— Ұры. Асырасаң да мал болмайды. Тұқымы жау емес пе!— десті.

Кейбіреулер: «Түнде қозының құйрығын иіскелеп жүреді. Қойды үркіте береді. Түнде даланы жақсы көреді. Иттен қорыққаннан ғана үйде жатады» деседі. Құрмаш бұл өсектің бәрін елемейді.

Шынында Көксерек тамаққа өлгенше ашқарақ еді. Алдына құйып қойған асты әлі күнге қасында кісі қадалып тұрса, жаламайды, жемейді. Жалғыз-ақ кісі көзі тайса болды, кәзір жоқ қылады. Бірақ егер тіпті қарны ашып кетсе, өзіне бермеген асты да жеп қояды. Көрнеу ши ішіне кіріп кетіп, керегеге асулы тұрған ет болса, жас тері болса, қазанда іркіт, қатық болса — барлығын да өзінің ыдысына құйып қойғандай көріп, иіскелеп жалап, жеп кетеді.

Кейде сондай жерде ұсталып таяқ та жейді. Талай рет оқыста төбесіне таңқ етіп тиген оқтау бойын тызылдатып, шыпыртып тиген қамшыны да татты. Бұның жауабы — езуін ғана ыржитады.

Құрмаш қанша тәрбиелесе де, Көксерек ұрлық пен адал астың айырмасы не екенін ұға алмады. Біресе өздері беріп тұрып: «же»— дейді. Біресе сондай тамақты өзі тауып алып жеп жатса, ұрып салады. Сол себепті кей кездері алдына дайындап қойған тамақты да жемей, көзінің астымен жалт-жалт қарап жатушы еді.

Қалай да болса үзіп-жұла жүріп, Көксерек аш болмайтын. Күніне екі мезгіл тамақ ішу, мұның шарты болып алды. Екі рет қолдан ас құйылмаса, ол күні Көксерек өз бетімен барып бірдемені жеп жататын.

Осымен жүріп жаз ортасы ауған кезде Көксерек зіңгіттей көк шолақ қасқыр болып шықты. Енді қарала төбет те талай алмайды. Жота жүні үрпиіп, көздері жасылданып, бар тістерін көрсетіп, аузын ақситып ашып жіберіп, тап бергенде талай бұралқы төбет, быжыл қаншық қаңсылай, шәуілдей қашатын болды.

Мынадай кезде Құрмаштың өзі де қорқақтай барып, қой-қойлайтын еді.

Жетілмей келе жатқан тісі ғана. Көксерек арлан еді. Сондықтан бұның бойы биіктене берді. Әлі тұрқы шығып ұзарған жоқ. Барлық жүні қара-көк, жотасы күдірейіп, ауыз омыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып, күлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындай үнілген, сүйірленген бір бітімі бар.

Өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Ит баласына заты қастай жібімейді. Әлі күнге бір рет жадырап ойнап көрген емес. Татулық жоқ, суық. Жалғыз-ақ атын біледі. Құрмаш пен әжесі шақырса — келеді. Онда да жүгіріп келмей, құйрығын сөлектетіп, бүкендеп қана келеді. Бұны да ашыққан уақытында істейді. Әйтпесе көбінесе анадай жерде қырыстанып, көзінің астымен жалт-жұлт қарап жатып алады. Барып түрткілеп, орнынан тұрғызып жіберген соң ғана үйге жүреді. Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді. Сол мінезін байқаған үлкендер.

— Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек; осы кәпір түбінде ел болмайды,— дейтін де болып еді. Бірақ Құрмаш көнбеді.

Осымен тағы біраз жүргенде біргүні Көксерек қара ала төбетке майдан берді. Қара ала төбеттің несі Жұмаш бала жаз бойы Құрмашқа:

— Қасқырың болса — қайтейін, менің қара ала төбетім бір-ақ бұрап соғады. Арашаламасаң, алдақашан өлтіріп тастар еді,— дей беретін.

Біргүні түсте Құрмаш Көксеректі тысқа алып шығып, ас құйып жалатып тұрғанда, анадан шылапшынның салдырын естіген қара ала төбет үйдің көлеңкесінен шығып алып, адымды қойып еді.

Екпіндеген бетімен, жолында жасқап тұрған Құрмашқа қарамастан, келе — Көксеректі бүйір жағынан келіп арс етіп қауып түсті.

Бұрынырақ кезде бұндайда асын тастап, кісіге қарап жалтақтап шығып кететін Көксерек енді зор дауыспен «гүрр» етіп, қара ала төбетті алқымынан ала түсті. Ұстаған жері құлақ шекеге жақын еді. Төбеттің мойнын бұрғызбастан қапсыра тістеп, жұлқып-жұлқып жібергенде, үлкен төбеттің арт жағы бұлғаң-бұлғаң қағып барып, Көксеректің жанына дүрс етіп сұлап түсті.

Маңайдан жұрт дабырлап жиылып қалып еді. Көксе-

рек қара аланы тамағынан қысып буындырып тұрып-тұрып қоя берді де, жотасы үдірейіп топтан шыға берді.

Женген жаудың сығымынан зорға құтылған қара ала қаңсылап жүні жығылып, бір жаққа кетті.

Осы оқиғаның ертеңінде кешке жақын ауыл жанында жатқан қойға қасқыр шапты. Дөң басындағы қойшының айғайымен қатар ауылдағы кәрі-жас, аттылы жаяу иттерді айтақтап түгел жүгіріп еді. Көп ішінде «Көксерек те кетті» деп Құрмаш та жүгірді.

Бірақ қасқырға ешбір ит жете алмады. Дөң аспай, иттің бәрі де, адам атаулы да тоқтап қалды. Сам жақтағы алыстағы сары жотадан ереуілдеп, екі зор қарайған асты. Ол екі қасқыр еді. Солардың артында тұмсығын жерге салып тоқталмай ағызып, Көксерек кетіп бара жатты. Бір кезде жотадан о да асты. Артынан Құрмаш пен өзге балалар бірі артынан бірі: «Кө-ө-қ-ө-к-се-ре-кі! Кө-ө-к-с-е-ре-кі!» деп, шақырып айқайлап жүгірді.

Әбден қас қараюға айналған уақытта Көксерек жалғыз өзі баяулап басып ауылға келді. Бірақ үйге кірген жоқ, анадайда тұрып қайта-қайта шандатып, жер тырнайды. Сары жотаға қарап-қарап қойып, әрлі-берлі жүріп жер иіскелейді. Тыныштала аямағандай.

Көксеректің бұл жайын байқап ап, Құрмаштың әкесі:

— Тұу, мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл боп кетіпті-ау, тұқымын сезген екен мына жүзіқара; қой балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық,— деп еді.

Құрмаш бұл сөзге көнбеді. Бірақ осы кештен екі күн өткен соң, Көксерек бір түн ішінде жоқ болды. Құрмаш қашып кетті деуге қимай, айналадағы ши-қарағанды, жар-жырларды тегіс арылтты. Таба алмады. Осымен жұрттың бәрі кеттіге есептеп қойып еді, үш күн өткенде біргүні таңертең ойда жоқта Көксерек өз-өзінен сап ете түсті. Құрмаш пен әжесі қасқырдың бұл мінезіне сүйсініп, қуана қарсы алды. Бұл келгенде Көксерек екі бүйірі суалып ашыққан. Өзінің үсті-басы батпақ болып сыбағысқан собалақ жүдеу пішіммен келді. Қайта тұрып қалды. Тағы да бұрынғысынша күйленіп, нық семіріп, енді орасан боп өсе бастады.

Бұл соңғы күйленуі шынымен үлкен қасқыр боп ұлғаюының белгісі еді. Сонысын сезген болу керек, күздің бір қара дауылды қара түнінде Көксерек тағы жоқ боп шықты. Бұл жолғысы шын болды. Енді қайтып оралмастай болып кетті. Сол көк қасқыр саршұнақ пен қоянның

көжегі сияқтыны азық қыла жүріп, өлместей боп алды. Қысқа да жеткен еді.

Жарық айлы түнде тұмсығынан бұрқырап бу шығады.

Аязды түнде табанының астындағы қар шықыр-шықыр етеді.

Жотадан-жотаға жорытты. Талай жерден қарауыл қарап, желге тұмсығын төсеп, алыстан тартқан бір иіспен жүріп отырып, бір қыстаудың желкесінен келіп шықты. Тау желкесіндегі боз қарағанды, қарлы адырдан әрлі-берлі жүріп көп аңдыды.

Шашау шыққан мал жоқ. Айналасы қарауытып, қыстау тұр. Бадырайып қараған көздердей болып, әр жерден төрт бұрышты қызыл оттар көрінеді. Пішен төбесі мен қораның ығында жатқан иттер үреді. Сақ, мазасыз..

Бірақ сол қорадан кеш бойы мұрнын жарып өзіне тартқан қой исі де келеді.

Қораға жақындайын деп еді, көп иттер шулап үріп маңайлатпады. Қатты аяздан тұмсығының ұшы, езуі ашып, шыдатпай тона бастады. Табанына өткен ызғар да аяқтарын қарып, қатырып барады. Қайта жорытып адырға шықты.

Алғашқы рет амалсыздан көкке қарап аузын ашып ышқынғанда ішінен зор дауыс шықты. Күтпеген дауыс. Көксеректің ең әуелгі ұлығаны осы еді.

Қарлы елсіз адырды басына көтеріп дауыс салды. Тынбай, ұзақ-ұзақ уақыт ұлыды. Мұның даусы шыққан сайын, сайдағы ауыл жақтан көп иттің арс-ұрс, шәу-шәу етіп үргені естіледі.

Көксерек құйрығын артқы екі аяғының арасына тығып алып, аш белі бүгіліп, іші қайта-қайта солқ-солқ етіп ұлып тұр еді. Бір мезгілде дәл жанынан өзінің дауысындай дауыс естілді. Ол да дәл осы сияқты ұлиды...

Көксеректің даусын естіп, маңайда жүрген қаншық қасқыр мұны іздеп келеді екен. Екеуі екі беттен бірі-бірі көрісімен — қарсы ұмтылысты. Етпеттеп біріне-бірі жақын келгенде «ырр», «ырр» етісіп, тістерін тигізіспей қағысып өтісті. Ашқарақ азулары сақ-сақ етті. Көксерек гүрілденкіреп, маңына көп дарытқысы келмей, әрлі-берлі ортқып түсіп, жылдам оралып, ашу шақырғысы келіп еді. Ақ қасқыр айнала қыңсылап бұның ізін іскеледі. Аздан соң құйрық жағынан бір иіскеп, сырарын жалап өтті. Екеуін иістері табыстырды. Көксерек те айнала іскеді. Бір-бір рет жоқтарын жаласты.

Көсіліп алып сайға қарай салды. Екеуі де енді ширақ, қатты жортады.

Қора жанындағы дүңкиген сары жотаны құлдап тарта бергенде, қалың жүнді барқылдақ қара ала төбет сондарына түсті. Бұл Көксеректің жаз бойы ырылдасып өскен ала төбеті болатын. Қасқырлар бой салып қашқан жоқ. Ақ қасқырды алдына салып, Көксерек артжағына оңды-солды жалт-жалт қарап, ойға — тасаға таман түсті. Артындағы иттерді ілестірмек болып, үріп қуып келе жатқан ала төбет бұлар ойға түскенде тоқталуға айналып еді. Қалған иттер жота басында серейіп-серейіп тұрып қалып, сол арадан кәр жіберіп тұрған. Енді қара ала тоқтауға айналғанда, Көксерек бұрыла сала тап берді.

Ақ қасқыр да айналып жіберіп, ағызып келіп алдына түсті. Екеуінің бетіне шыдай алмай, жалт бере қашқан ала төбет құйрығы шошандап, барбандап бетке қарсы ұзай алмады. Ақ қасқыр бұрын жетіп жұлып кетті. Арты көтеріліп барып түссе де, ала төбет жығылмай қарсы қарап, ырылдап тұра қалып еді.

Сол кезде ғана бұларға жеткен Көксерек келе құлақ шекеден қауып түсіп, көз ілескенше қара аланы жұлып соғып, астына жұмарлап басып алды.

Қасқырдың екеуінің де жоталары дүңкиіп, жон жүндері үрпиіп алған. Ауыздары басында қалың жүнге толып-толып шықса да, артынан ыстық қанға, жұмсақ етке, сырт-сырт сынған сүйекке де араласты. Аяқтарының астында ойылып қалған қалың қар, бұрқ-бұрқ болайды. Жылы-жұмсаққа тұмсықтары кіріп алып, екеуі де өзге дыбыс шығармай, қорқ-қорқ асайды. Суық қар араласқан жылы тамақты қомағайланып, қылқ-қылқ жұтады.

Аяқтап келгенде екі санды екеуі ортасынан дар айырып жұлып-жұлып әкетісті. Аздан соң қара аланың қара табандары мен құйрығы ғана қалды. Одан басқа әр жерде шашылған жүндер ғана жатыр.

Екеуі айға қарсы қасқарып, қайтадан Қараадырға тартты. Алдына — Көксерек, артына соның ізімен ақ қасқыр түсіп, адырға кіре бере бір ық жартастың баурында екеуі бірдей аунап-аунап алды.

Осыдан соң екеуінің жұбы жазылған жоқ. Қасына серік ергеннен бері Көксерек зорайып қатты өсті. Аяқтары жуандап, жүндерінің бәрі де қалыңдап ұзарып, өзі жуан, өзі мықты көкжал болып алды. Қыс іші болса да жоны шығып, алқымы түсіп семіріп кетті.

Оның есебіне белгілі атышулы екі қасқырдан Қараадырдың іші-тысындағы ел түгел көресіні көрді. Даладан қойшы алдынан қой тартып жейтін, жайлаудағы сиырға шауып, тайыншадан бастап, үлкен сиырға шейін жейтін — осы екеуі. Февраль, март кезінде үш-төрт түйе де желінді. «Кісіден қорықпайды. Әсіресе бір көк шолақ бар. Қойды алып соғып жарып жатқанда, қасына сойылсалым жерге келгенше қашпайды.

Даладағы қойға тигенде, әуелі біреуі келіп шабады, соған қойшы алданып жүргенде, бір жақтан келіп — екіншісі шабады» — десетін болды.

Боранды, аязды түндерде бірен-саран қораға да түсіп көрді. Бір кедейлеу ауылдың қой қорасына түсіп, он шақты қойын жалғыз Көксерек өзі өлтіріп, құтылып шыққан уақыты да болды. Бірнеше ауылдың «қасқырмен таласуға жарайды — ер, сақ», деп жүрген әлденеше иттері де желінді.

Және шірет жасағандай, Қараадырдың қыстауларына кезекпен соқтығады. Бірер күн бір-екі ауылдың айналасында қатты қимыл ғылып жүріп-жүріп, соның артынан бір жұма, он күндей бұл маңайда жоқ болып кетеді.

Оның есебіне екінші, үшінші ауылдар әлгінің көргенін көріп жатады. Әр ауылдың тұстарында өздерінің көрініс беріп келетін қарауыл жоталары, жығылып келетін сай, өзектері бар. Торуға мезгіл таңдамайды: таңертеңі, түсі, түні — бәрібір. Күніне бір мардымды жем алмай, қанағат қылмайды.

Келгенде: ана кезең жақтан, анау шиден, ана қарағанды сайдан келеді десе — сол жерлерден айтқандай шығады. Бұлар айналдырып жүрген елдер малын шашау шығармай көзден таса ғылмай, қия бастырмай-ақ сақайған болады. Бірақ күндіз-түннің бірінде неғылса да бір қапысы болмай тағы қоймайды. Көксерек дәл соған кез келгендей дап-дайын болады.

Қыс қатты. Қар қалың. Қасқырды қар көтереді. Атты

көтере алмайды. Сондықтан талай рет ат жаратып, шөкпар қамдап, қуамын деген жігіттер болса да, ешнәрсе ғыла алмады.

Бір рет қана белгілі бәйгі жирен атымен Арыстанбек шығып, сондарынан түсіп еді. Оны адырдан адырға салып, адастырып кетті.

Маңайламайтын жерден, алыстан мылтық атып қорқытпақ болғандар да бар еді. Одан да жасқанбады. У салғандардың уларын да жемеді. Ол улардан иттер жеп, қырылып қалған уақыттар да болды.

Мұның бәрі екі қасқыр жайындағы Қараадыр елінің аңыз-әңгімесі еді. Соңғы бірер айдай бір ауылдың кісісі бір ауылға қатынасса, жиын болып көпшілік бас қосса, көп әңгімелері екі қасқыр жайында болатын.

Көксерек семіргенде, ірілеп өскенде — осындай данқ, атақ ішінде семіріп, өсіп келе жатыр еді.

Осы күйлердің бәрімен қатар, Көксерек онашада елсізде қатты ойыншы болатын. Түс кезінде, я таңертең бір малды тасада аунатып жеп алып, езсіздегі қашандау жатақтарына қайтады. Сондайда ақ қасқыр жүрістен талып келіп тынығып жатса, Көксерек айналасында қар бора тады. Жүгіріп екпіндеп кеп тістеп өтеді. Басынан асып аунап түседі, кейде ақ қасқыр ырылдап тісін сақылда тып, құлағын жымитып, ашумен тап береді. Ондайда Көксерек те қатты қорылдап гүр-гүр етеді. Кейде секіріп кеп ақ қасқырдың желкесінен қапсыра тістеп алып, қысып тұрып-тұрып барып қоя береді. Екеуі осыдан әрі ұзасып барып таласпайды. Артынан Көксерек қайта ойнайды.

Күн жылына бастады. Бірнеше рет шағырмақ жақсы күндер болып, әр жердің қары тесілді. Ойдым-ойдым қара жерлер көріне бастады.

Жылы күн ұйқыны көп келтіреді, тамақтың артынан бойды көп сергітеді, етті шымырлатады. Ақ қасқыр да ойыншы бола бастады. Өзі келіп Көксеректі іскеп, жалай беретін болды. Қайта-қайта Көксеректің үстіне артыла береді, ыңырсып тістелеп те қояды. Бой тартты... Екеуі қалың қараған арасында ұйығып та алды.

Көк молайып жаз шыққан соң, екі қасқырдан Қараадырдың елі сап болды.

Қараадыр сыртында елсізде екі үлкен ащы көл бар. Соның аралығындағы қалың шидің ішінде ескі ін болатын. Көксерек пен ақ қасқыр сонда. Жақын жерде —

қамыс, одан әрі — көл. Қауіпсіз. Адам көзінен алыс жай, бастап келген — ақ қасқыр.

Бұл кезде Көксерек басқа жақтағы елді ториды. Ақ қасқыр ін маңында болады. Қамыс арасында көп құстардың жұмыртқасын жейді.

Біргүні Көксерек інге салып келіп, аузынан кесек-кесек құйрықтарды құсып-құсып тастады. Бірақ бұрынғы дағды бойынша ақ қасқыр қарсы шығушы еді. Оны істемеді. Көксерек ін аузын тырналап, шаң боратқан соң ғана сүйретіліп зорға шықты.

Ін ішінен жат иіс сезіп, Көксерек басы мен кеудесін сұғып «ырр» етіп барып кішкене күйкі күшікті тістеп суырып алып шықты. Бұл бұны істегенде, ақ қасқыр арылдап тап беріп еді. Көксерек сонда да тоқтамай, көк күшіктерді жерге жұлқып-жұлқып соғып, қабырғаларын кірт-кірт сындырып, өлтіріп тастады.

Бірақ бір емес, екінші, үшінші, тағы әлде нешеуі пайда болды. Аяғында, жылыды. Күшіктерді жалап, иіскелеп кейде қастарына да жатады. Ақ қасқырға жем тасытын болды.

Аздан соң серігі қайта қосылды. Көп ұзап шықпайды. Сонда да талай жерге еретін болды.

Бүргүні екеуі бір қозыны жеп келе жатыр еді. Индерінің үстінен көп үлкен жаулар кетіп барады екен. Қамыс арасына бұқты. Жау озған соң інге келді. Бір-ақ қана күшік қалған, бұралып тұра алмайды, арт жағын баса алмайды. Ақ қасқыр тістеп әкеліп қамысқа тықты. Екеуі қайтадан Қараадырға бет қойды. Жарысып кезек-кезек озысып отырып келіп, даладағы қойға тиді. Түн баласында құлын жеді, тай жеді.

Тыным алмай баяғы іздерімен баяғы елді қайта қаңқасатты. Бұрынғыдан жаман құтырды...

Ақ қасқыр ойнамайды, қыңсылай береді. Жесе де, семірмейді. Кей уақытта жалғыз қаңғып кетеді. Көксерек артынан іздеп жүріп, зорға табады. Кейде Көксерек қатты жүріп кеткенде, бұл жүрмей тұрып та қалады. Көксерек қайта айналып келеді.

Кей уақыттар бір екі күндер аш та қалысады.

Бірақ Қараадыр елі екі қасқырды ұмытқан жоқ. Әлде болса да сол екеуін көре береді. Енді жер кепті. Жазғытұрғы көкпен көбең семірген желкуық айғырлар қайта мінілді.

Біргүні зор қуғын болды.

Үш үлкен жау Қараадырдың ойында тобылғылы шұбардан шығарып алып, екі қасқырды сатырлатып, бастырмалатып қуып берді. Екі айрыла қашты. Ақ қасқырдың желіні түгел қатқан жоқ екен. Бәрі бірдей соның соңына қарай үңілді.

Көксерек еріксіз ойысып келіп, үшеуінің алдына өзі түсті. Екеуі қатар қашты. Беттері Қараадыр еді. Ерікке қоймай, жандай шауып, тауға жібермей қайырып алды. Ақ қасқыр ойға қарай қашты. Көксерек ерегісіп тауға қарай тартып еді.

Мұның біреуі ғана қуып, екеуі ананың соңынан кетті. Ықтиярсыз айрылып кетті. Артында жерді дүрс-дүрс басқан қатты тұяқтар бұны енді ақ қасқырға қоспады. Сонан соң бұл адырға кіріп, бір-екі бел асқан соң қуғыншыны адастырып, құтылып алды. Бірақ серігі жоқ.

Сонымен қуғын күні Көксерек түні бойы ақ қасқырдың ізіне түсіп жорытып еді. Бір төбенің ойына келгенде иіс те, із де бітті. Серігінің иісі жоқ; оның орнына ат, адам иісі мол білінеді. Ағып ұйып қалған қан көрінді. Азғана иіскелеп, бір рет жалап дәмін де көрді.

Түн бойы көп-көп ұлды, таң атқанша жер тарпып, шаң боратты, ыңырсыды, аунады. Ай астында әрлі-берлі сеңделіп, көп аяндап жүрді. Қасында көлеңкесі ғана жүреді.

Тағы да жалғыз жортуылға түсті...

VI

Жаз бойы жалғыз тіршілік етті. Ащы көлдің солтүстік жағын жайлаған бес-алты ауыл Көксеректен тағы да көресіні көрді. Күндіз келіп көл жағасындағы, қамыста жатады.

Түн баласында бір ауылдың шуын бір ауылдікіне қосып, бықпырт тигендей ғылады. Жаздай жеген қозы, бұзауының саны елу-алпысқа жетті.

Екі рет қуғын болды. Бірақ екеуінде де көлге түсіп кетіп, судың тап ортасына барып, дүңкиіп жатып алды. Саяз сулы, айналасы зор баттақ, батпақты ащы көл бұған үлкен қорған болып алды. Әсіресе жаңбырлы, желді түндерде, ай қараңғыда, ақ жауындарда Көксерек қатты құтырады.

Түнгі ауылдың қорасына шапқанда күзетшінің айтары, иттердің үріп тұрғаны — барлығы да бұған бөгет

емес. Кей-кейде ара-түнде жарқ етіп, күрс беріп мылтық та атылады. Даусынан ғана біраз сескенеді. Азғантай ұзап кетеді де, ел тыныштала бергенде қайта соқтығады.

Жасынан бір күнде екі рет ас жеп ашқарақ болып үйренген Көксерек ауылға жақындап келгенде көзі тұнып, есі шығып кетеді.

Сондықтан ауылға тақай бере-ақ ағызып ат қояды. Қораны өрт шыққандай, жер сілкінгендей дүр-дүр еткізіп келіп, қақ жарып шыққанда, аузына кем болса бірекі батпан құйрық ілінбей қалмайды.

Бұл жазда Көксерек қатты семіз болды. Алдағашан түлеген тақыр жүн күзелген жылқының жалындай қайратты, қатты. Денесінің толуы, бойының биіктеуі, қайратының молаюы — биылғы жыл ерекше болды.

Күздің ұзақ таңында бір дауылды қара түнде топ жылқыға араласып еді. Сонда қысырдың семіз асау тайын бастырмалатып қуып жетіп, құйрығынан алып табандап тұрып қалғанда, тай тапжыла алмады. Аз тырмысып-тырмысып тұрып: қоя беріп қалғанда — тай екпінімен барып тоңқалаң аса түсті. Сонда ағызып келіп бас салып алқымынан «гүрр» етіп қаба түскенде, тай көтеріп тұра алмай, Көксеректің астында ажал тапты.

Қайтадан қарлы, боранды қыс келді. Аязды, елсіз ұзақ далаларда аштық түндері басталды. Ашумен жер тарпып қар боратып, көп ұлыды. Бір мезгілде ай астында ағараң-ағараң еткен көп топты көрді. Бұрылып бір жаққа қарай жалтарғанша, тасырлатып, қар боратып, қасына ағызып келіп қалыпты.

Бұлар: тілдері салақтаған, ауыздары арандай ашылған, жүгіріп келе жатқанда бәрі тегіс ыр-ыр етеді. Иістері Көксеректің мұрнын жарды. Қарсы аяндады. Қалың топтың алдында зор кәрі шолақ мұның жанынан «арсі» етіп желді қуып өтті. Көксерек те тұмсығы ашумен ыржиып, тістерін сақ-сақ еткізді. Екеуі қайта беттесіп келгенде біріне-бірі ұмтылмай, құр ғана жаназып қор-қор етіп, ырсылдап тұрды.

Артынан жеткен көп ақ қаншықтар Көксеректі айнала иіскеледі. Бір үлкен ақ қасқыр келіп жағын жалады, — бұ да жалады. Бәрін иіскелеп алды. Үлкен көк шолақ қана иіскелеп жанасқан жоқ. Бәрі де аунап-аунап, қарды қауып-қауып алысты. Көксерек те соны істеді. Бұл қосылған топ жаңа ғана отардағы жылқыдан бір тайды жеп келе жатыр еді

Бірігіп алып, адырға қарай жарысып жөнелісті. Бұл топтың саны он шақты. Әзірге басшысы — көк шолақ. Қалғандары қаншық қасқырлар. Үшеу-төртеуі күшік, оның ішінде бір-екі арланы бар. Бірақ олар көк шолақ пен Көксеректен қаймығады, көп ойнайды. Үлкендерімен ырылдасып, таласпайды.

Көксеректі қаншық қасқырлар көп жағалайды. Топ ішінде Көксеректен күйлі қасқыр жоқ. Бойға, денеге бұнымен көк шолақ қана таласады. Оның мойны Көксеректен де жуанырақ. Жалғыз-ақ жотасы ғана бұныкіне ұқсамайды: мұндай дүңкиген күдір емес, жазандау. Шабысқа артық болса да, алысқа мынадай сенімді сияқты емес.

Құтырынып шапқан мықты, қомағай топтың бетіне ештеңе қарсы тұра алмады.

Боранды күні ығып келе жатқан қойға араласып, бет-бетімен бөліп-бөліп әкетіп, талай қойды жаралап, жеп, қырып шықты. Көксерек қосылғаннан бергі алғашқы шабуыл осы еді. Тамақты, емін-еркін араласқандықтан, әрқайсысы жеке-жеке, таласпай, қағыспай жесіп алды.

Қар қауып, аунап-аунап, тағы бірігіп алып, ілгері қарай салды. Артынан адам келіп айырып алған қойлардың талайы таусылып біткен, талайы жаралы. Әр жерде сирағы, бас жүні шашылып қалған көп жемтіктер көрінеді.

Топтанып келіп жылқыға да шапты. Бірақ қоңын ойып алған, жағын сындырып қалған тай болмаса, ешбірін жығып алып, емін-еркін жей алған жоқ. Көп жылқышы қуғын салып жегізбеді.

Бір күн, бір түн аштық болды. Далада сары жотаның басында шуласып ұлып-ұлып алып, күнбатыс жақта түтіні шығып қарауытып жатқан ауылға қарай тартып берді.

Ел орынға отырар кезде ауылға қайтып келе жатқан екі-үш жылқыға келіп араласты. Жылқының екеуі қашып ауылға жақындап қалды да, біреуін Көксерек омбы қарға қамап кеп, белгілі әдісімен жығып алды. Кішілеу құнаншығар еді.

Бар қасқыр айнала тұра қалып, ашқарак ауызды қойып қойып жіберді. Алдақашан іші жарылған құнанның буы аспанға шығады. Қая-жың басы-көздерін жауып, жота жүндері үрпип, естері шығып асап жатыр.

Көксерек бұрынғы дәлдісімен жемтіктің кеудесіне

Handwritten text in Arabic script, likely a manuscript or document. The text is dense and appears to be a continuous passage, possibly a letter or a section of a book. The script is cursive and characteristic of the Ottoman or Persian periods. The text is written on aged, slightly yellowed paper. The content is difficult to decipher due to the cursive nature of the script and the fading of the ink. The text is arranged in approximately 15 horizontal lines, filling most of the page area.

«Қөксерек» әңгімесінің араб әрніндегі қолжазбасы.

тұмсығын тығып жіберіп, жұлып асап жатыр еді. Желкесінен «ырр» етіп бір ауыз тістей түсті. Бұл орын көк шолақтың орны болушы еді. Жемтіктен басын суырып алып, көк шолақтың асылып тұрған аяғынан қатты тістеп алып, үстінен жұлып тастады. Екеуі де жемтіктен шығып біраз гүр-гүр етісіп тұрып, қайтадан қызылға ұмтылысты.

Таласа-тармаса жесіп алды. Соңғы бір-ақ саны қалған уақытта күшік қасқырлар мен қаншықтардың көбі шығып кетіп, екі көк шолақ қана жемтікті жұлмаласып қалды.

Өзгелер бұлар жеп болғанша қарда аунап-аунап алды. Бірталайы төстерін қарға төсеп күтіп жатыр еді.

Жем бітті. Тағы да адырға қарай тартты. Топ алдында екі көк шолақ қатар жортады. Біріне-бірі жол бермейді. Бірінің алдына бірі түссе, тірсектерінен тістеп ырылдасып қалады. Азу тісінің бірі сынған көк шолақ ызалы, долы. Гүрілдеп сыздана берді. Екі күндей аш болысты.

Жылқы бұрынғы жерінде жоқ. Боран болған, қалың қар жауып, іздер де басылып қалған. Елсіз бір жарды жағалап келе жатқанда, кеуегінен шығып қоян қашты. Жардың екі жағына қақ жарылып бөлініп алып, ұмтылып қуды. Аздан соң қоян жардан шығып, Көсерек жаққа қарай далара шыға, адырға беттей қашты. Бұл топтың алдында Көсерек еді. Қоянға жақындап келеді. Бір кезде төтеден ағындап жеке дара болып, көк шолақ ағызды. Қоянға жақындап қысып келіп, Көксеректің алдына түсті. Артқы қасқырлар шұбап алыста қалды.

Адырға кірді. Бірнеше төбелерден өтті. Көксерек кейіндеп қалып еді. Бір ылдыда көк шолақ қоянды жұмарлап жатыр екен. Көксерек келе ауызды қойды, Екеуі жұлқысып тартысқанда қоянның басы мен кеудесі көк шолақтың аузында кетті. Өзінде қалғанды қапаш-күпаш асап, Көксерек қайта тап берді.

Көк шолақ қоянның басын тастай беріп, арс етіп Көксеректі аяқтан ала түсті. Ойда қар борап, аяқтарының асты аткөпір болды. Шапшып келіп гүрілдеседі. Тістері бір-біріне сатыр-сатыр тиісіп, қарш-қарш шайнасады. Тікелей шапшыған бойда ұстасып тұрғанда, Көксерек басын бұрып жіберіп көк шолақты құлақ шекеден ала түсті. Жасынан ауыл иттерінен үйренген әдісі еді. Аузы тиісімен жұлқып бұрап жібергенде, көк шолақ майысып барып астына топ ете түсті.

Жығысымен үстінен басып тұрып, құлақ шекеден ауызды жылжытып келіп, алқымға салды. Тамағынан қапсыра қысып буындырып алып, мойын сүйегін қырт-қырт шайнайды. Көк шолақтың аузы арандай ашылып, тынысы құрып, тыпырлауға шамасы келмей қалды.

Сол уақытта артқы қасқырлар топырлап келіп жетіп, көк шолаққа ауыз салысты. Былбырап аққан қызыл қанның иісі аш қарындарға мас қылғандай белгі берген еді. Шаптан, қолтықтан, жалаңаш төстен мықты, өткір тістер жұлқып-жұлқып тартқанда, көк шолақтың қаны жосылып ағып, ішінен бұрқырап бу да шықты. Бұл арада бар ауыз түгелімен жабылып кетіп еді. Аз уақытта көк шолақтан будыраған жүн мен төрт табан ғана қалды.

Қалған топтың жалғыз даусыз басшысы Көксерек болды. Іздеп жүріп отардағы жылқыны тауып алды. Тағы да атышулы тоғыз қасқыр деген даңқы шықты.

Күндіз-түні жылқышы атаулыны күзеттен босандырмай, сонда да дамыл бермей, тай-құнанды жеп тұрды.

Артынан ерген тобы аштық көрген жоқ. Бәрі де жонданып, құтырынып, мықты жүргіш болып алды. Шетінен Көксерекше батыл. Сол не істесе — соны істейді Ара-тұра жылқыны тастап, маңайдағы ауылдарға да соғып кетеді. Тоғыз араласқан жерде сел қаптағандай, жау тигендей ғылады. Ат, сиыр сияқты ірі қаралар бір-ақ жеммен таусылып, жоқ болып қалатын болды.

Бір уақыт керуен жолында да болды. Кешеден бері ас жемей, ашыққан, аяздаған уақыт еді. Жалғыз атты шаналы жүргіншіні қамады. Айналасына қар боратады. Біресе жолына барып жатып алады. Жартысы артына, жартысы алдына түсіп, қашпай, мезгіл сайын жақындап, аяң салып отырады.

Есі шыққан керуен, аты жүре алмай қалған соң, айқай салып қашып еді. Атты топтарымен жығып салып талқандап, өлтіріп, талап жесе бастады. Топ осыған араласып жатқанда, Көксерек мұны тастай беріп, қасына бір-екі қаншықты ертіп алып, кісінің артынан қар боратып, бұрқыратып салып еді, жақындап қалғанда, кісі шошып жығылды. Бірақ алдарынан айқайлап, сатырлап шапқан аттылар шығып қалып, айырып алды.

Осыдан соң Көксерек қатты долы, ызалы болып, сызданып алды. Ырқына көнбеген күшіктерді, жүріске ере алмаған қартаң қаншықтарды кейде бас салып талап тастайды.

Тағы бір ретте қалың шилі қорықта отырған бес-алты ауылдың үстіне келді. Күндіз болатын. Күн шаңытқан аяз еді.

Шеткі ауыл бұларды көріп қалды. Ши шетінде қарда аунап жатқанда бір түйе шықты. Үстінде кісі бар. Басына ақ оранған. Тура қасқырларға қарай жүрді.

Ат емес, қашпаса да болады. Бірақ түйе жақындап келгенде, бар қасқыр тұрып, далаға қарай ақырын бүлкектей берді. Топтың артынан Көксерек керенаулап зорға тұрып, қырыстанып артына қарап, ол да аяндады. Түйе бақырып қояды да, шудасы желкілдеп желеді. Бетті елсізге қарай түзеп қасқырлар бүлкектеді. Артында Көксерек.

Түйе бұрылып кетер деп, бақылайды. Бұрылмайды. Көксерек ашығып қалып еді. Дәмелене бастады. Біресе жортыңқырап барып, алдыңғыларға жетеді де бәрін тоқтатып, өзі жүресінен түсіп, түйеге қарап жатады. Түйе жақындап келгенде өзгелер жылжи береді. Бұл да артынан тұрып аяндайды.

Аяғында, ауылдан әбден ұзап шықты. Көксерек өзгелерді ілгері жіберіп, өзі бір күшік қасқырмен бөліне, оң жақ бүйірге қарай тартты. Түйелі қиыстап, топ пен бұл екеуінің аралығына қарай беттеді. Әлі де түйе бақырады. Иісі, дәмі қызықтырып, асықтырып барады. Көксерек түйенің артына түсті.

Бірақ әлі онша жақындаған жоқ. Түйе енді ақырын жүре бастады. Кейде тоқтап, алды-артына қарайды. Ақбас әрлі-берлі бұрылып қозғалақтайды.

Түйе тоқтағанда — Көксерек те тоқтайды. Тұрған жерінен қар боратып, тарпына бастайды. Сөйтіп кеп бір мезгілде ағындап шауып, түйенің жанына жақындай келіп, қиыс өте берді.

Сол кезде түйе үстінен бір ұзын нәрсе шошайып созылды да күрс етті. Өлгенше қатты ащы дауыс даланы сілкіндіріп шошытып жіберді. Бар қасқыр қар боратып ытқып, қашып жөнелді.

Күрс етіп жөтелген көк түтінмен қатар Көксеректің артқы бір саны шыж ете түсті. Әрі ыстық, әрі суық бір-нәрсе қадалып шаншып қалды. Санын «арс» етіп қауып қалып, түйенің үсті тағы да сыртылдап қамданып жатқанда, бұ да ытқып қашып жөнелді.

Тоқталған жоқ, көп қашты. Бірнеше қырқадан, бір

екі жазықтан құлаш ұрып шауып өтті. Өзге қасқырлар бір бөлек, бұл жалғыз — бір бөлек.

Түйе қалып қойды. Жүгіріп-жүгіріп келіп, бір жартасты сайға кіре бере, арт жағы қираландап барып құлап түсті. Жол бойы тоқтамай аққан қан әлін кетірді. Жарасының ауруын да жаңа тоқтар алдында ғана сезе бастаған.

Қыңсылап жатып санын жалайды. Қан шығады. Бір тұрады, бір жатады. Тұрғанда енді бір аяғын көтеріп тұрады. Үш аяғымен секектеп аяндайды.

Арада бірнеше күн өтті. Осы сайдан шыққан жоқ. Ашығып бұралуға айналды. Бірақ аяғы ептеп басуға келді. Бір-екі қырқадан асты. Бір сайда үш-төрт ат жайылып жүр екен. Бұғып қасына келді. Шетте арықтау бір көк шолақ ат тұр еді. Тап періп қуып отырып, қалың омбыға әкеліп қамады.

Осқырып, қорқып тұрған атты алқымынан алып, бауыздап түсті. Санын жұлды, қоңын ойды. Омбы қардан шығармай тұрып, жығып алды. Тоя жеп алып, сайына қайтты. Күнде кешті күтеді. Түн болған соң, жемтігіне келіп, асын жейді.

Осымен бес-алты күн өтті. Қайтадан жоны шығып, тыңайып алды. Аяғы да әбден басуға келді.

Күдірейген жоталы, ашулы Көксерек тағы да жортуылға шықты. Белгілі жемтік біткеніне екі күн болған. Содан бері аш еді. Жорыта-жорыта, баяғы Қараадырдан шықты.

Түске жақын мезгіл еді. Жота-жотадан қарауыл салды. Желге тұмсығын төсеп, белгілі иіс күтті. Алыстан таныс иіс келіп мұрнына жетті. Маңайға жалт-жалт қарап алып, қырдан-қырды, адырдан-адырды кезіп отырып, күнбатысқа қарай шырқап салды.

Көп іздеді. Аяғында, күн кешке жақындағанда, бір жотаның басында шошайған аттылы қойшыны көрді. Айналасында — сол төбенің бетінде қой шашылып жайылып жүр. Теріп жеуге шашқан шашудай. Бірақ жақында ауыл бар. Алыстан ағындап бет түзеді. Жалғыз-ақ қарасын көріп қалған қойшы айғайды салып, бұған қарсы шапты.

Қойшы үлкен емес, бала даусы шошытпайды. Қой дүркіреп үркіп, қойшыға қарай қашты. Қасқыр жақындап бір қызыл қойға ауызды салғалы ентелеп келіп қалып еді — бағанадан айғайлап келе жатқан қойшы қасы-

на кеп қалыпты. Еріксіз жалтарып бұрыла беріп еді, қойшы бастырып қуып жөнелді.

Бой салып қорқып қашқан жоқ. Содан ба, болмаса тегі жүйрік пе, әйтеуір боз ат бастырмалатып жетіп келіп, Көксеректің жотасына жеңіл ағаш сарт етіп тиіп қалды.

Сол-ақ екен, қарсы бұрылып алып аттыға қарай «арсі» етіп шапшып қалды. Арандай ашылған ауыз бірдемені жұлып түспек еді. Ыңғайына бала тоының өңірі ілінді. Соны бөксеріп жұлып түскенде, боз ат осырып атқып кетті.

Баланың шошыған айғайы шықты. Қасқыр артына айналып тап бергенде, мөңкіп жүрген боздан бала аударылып құлап түсті. Көксеректе кәзірде бұрын ешқашан білінбеген долылық, жайындық бар еді. Туғаннан бергі барлық көресі осыдан — екі аяқтыдан дегендей, жығылып домалап жатқан балаға тап берді. Оқыс секіргенде, санының жарасы ашылып, тыз етіп ашып қалып еді. Ол бұрынғыдан жаман ызаландырып, құтыртқандай. Боз ұзап қашып кетті. Қой да жоқ. Екпіндеп секіріп, ырылдап кеп баланы бас салды.

Бұл бала Құрмаш еді. Қойшы ауырып қалып, әкесі бір күнге қойға жіберген еді. Астына мінгені өзінің жүйрік боз дөнені болатын. Үстіне гүрілдеп қасқыр төніп келгенде, көзі бір ашылып, бір жұмылады. Басына таман арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғарғы жағында өзіне таныс құлақ көрінді. Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Ақырғы сезген-білгені — сол...

Содан әрі баланың үні өшті. Қасқырдың аузы тимескен бұрын өліп кетті. Көксерек ырылдап тұрып: тісінің ұшымен қағып жұлып алып, басын шайқап өткенде, баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып, қылтырп салды... Түнде баланың өлігін тауып алысты. Жанында тайдың ізіндей болып, үлкен қасқырдың ізі жатыр екен.

VII

Құрмаштың жапазасына жиналған Қараадыр елі Көксерек жайынан неше алуан әңгімелер құрды. Көпшілік мұны қорқау қасқыр деді. Кейбіреу құтырған қасқыр емес пе екен деп күдік айтты. Бірақ құтырған деуге орын жоқ. Ондай болса, бір баламен тоқтамас еді. Ауылға да

шабар еді. Қойды да қуалар еді. Сол жиында бұны неғылса да ізіне түсіп соғып алуға, өлтіруге сөз байласты. Бұл әңгіменің ортасындағы Қасен еді. Ол — белгілі аңшы. Баяғыдан құс салып, ит жүгірткен. Өзі — осы маңайдың ауқатты, әлді жігіті; Қараадырдың мырзасымағы. Қалада қызметте тұратын інісі бар. Сол арқылы биыл күздігүні бұның аулына шетелден қасқыр алатын бір ит келген. Кәзір барлық Қараадырға да, маңайдағы өзге елге де даңқы шыққан Аққасқа — осы Қасеннің иті.

Келісімен Аққасқа күздігүні бір күннің ішінде бір бөлтірік, бір үлкен қасқыр алған. Өзі екі қар басқан екен. Кәзіргі уақытқа шейін алты қасқыр алыпты.

Аз күнде бір болыс елдің әңгімесі болған Аққасқаның арғы тегін тексерушілер де көп еді. Түбі Ереймен итінің нәсілі деп кеп, арғы затын ертегіге айналдыру үшін: «бұл қанжығалы қарт Бөгембай итінің тұқымы» дейтіндер де болған.

Жиын Көксеректі іздеуге сөз байлаған соң, жаназадан тарай сала, Қасен өз аулына келіп, бес-алты жігітпен бірге Аққасқаны ертіп алып, адырға шықты.

Күн кешкі бесін кезі еді. Сондықтан ертеңге қарап, аял ғылысқан жоқ. Ең болмаса ізін көріп, бетін аңғармақ. Және жаңада қар жауған. Сонан енді тағы қар жауып қалмай тұрып, ізінен, бетінен Көксеректі танып алу керек.

Қасен Құрмаштың әкесімен ағайындас жақын болатын. Жалғыз баласы — ерке Құрмаштың өлгені әкесіне ерекше батып еді.

Бұның үй ішімен ботадай боздап, бейіт басында да қатты күңіреніп жылағанын көргенде, тірі жанның бәрінің сай-сүйегі сырқыраған. Құрмаштың әкесі Қасенге:

— Сол жалғызымызды өлтірген қасқырды қолыма әкеліп беріп, көзін ойғызбасан, сен маған туысқан емесің, — деген. Өзге ел де Қасенге: «бүгін Аққасқа не өлсің, не өлтірсің! Осыдан басқа жерге итіңнің керегі жоқ тіпті!» дескен. Осы сөздердің барлығы Қасенді де асықтырып, ширықтырып еді.

Құрмаш аулы мен Қасен аулының арасы жақын болатын. Сондықтан көп уақыт өтпей-ақ, аңшылар кешегі бала өлген жерге жетті.

Ақша қардың үстінде бадырайып үлкен із жатыр. Беті елсізге, Тастықұдыққа қарай кетіпті. Барлық аңшы ізге қарап, қасқырдың үлкендігіне қатты қайран болды.

Аққасқа бұрынғы еріншектеу әдеті бойынша ізге жеткенше жай жүріп, тартыншақтап келіп еді. Ізді көріп, біраз ніскелеп алған соң, басты төмен салып жіберіп, тұмсығын ізден алмай отырып, жүнді адырға қарай шауып жөнелді.

Бар аңшы артынан ілесе желе-текіректеп шауып отырды. Аққасқа тоқтамайды, артына қарамайды, тынбай жорытады. Әлі қар бекіген жоқ. Қалың да емес, қыстың орта кезі болса да, биыл қар жұқа болатын.

Аңшылардың айтуы бойынша, қасқыр, түлкіге ит қосатын уақыттың нағыз өзі еді.

Қасен қолына келгелі Аққасқа барлығы үш қасқыр алды. Бұның екеуін бір күнде күздігүні жер қарада алған. Үшіншісі қар түскеннен кейін ауыл үстінен алып еді. Қасен өзінің бір-екі жігітімен және басқа аңды сүйетін төрт-бес құрбысымен соңғы уақытқа шейін ат жаратып жүрген-ді.

Алыс жерден еті аяндап келген Аққасқаның қыстыгүні қарда жүгіруге қызылы толық болсын деп етейтіп, баптап қайырып жүр еді. Бұдан бұрын Аққасқаны аз-аздап қоянға жүгіртіп, екі-үш суытып алған. Соңғы уақыттардағы тамағы көбінесе құрт араласқан сұйықтау ас болатын. Қоясын да екі рет тастатып алып еді. Содан бері қысқы жүні жетіліп, өңі ажарланып, қатты құлпырып алған.

Жалғыз-ақ бүгін таңертең азғана ас құйылған екен. Соның тоғы қаша қоймады ма деген күдік бар.

Одан басқа жоны жұмырланып, етін сыртына теуіп, бойдағы майдан, іштегі қыл-қыбырдан арылған кезі еді.

Аққасқаның бойы қасқырдан кіші емес. Аяқтарының жуандық сомдығы да содан кем емес. Өзінің барлық тұлғасында қасқырға ұқсайтын бітім бар. Түсі тазылар түсіндей емес, қасқыр түс. Дене жүні ақ-сарылау келгенде, маңдайы шаңқиған ақ маңғыл қасқа болатын. Екі көзі шатынап шарасынан шығып тұрғандай үлкен. Үнемі от шашып тұратын қып-қызыл көз. Ашу да, ерлік те бір өзінде.

Екі шекесі «торсықтай» деп аңыз ғыларлық. Бұның да жотасы күлдіреуіштей. Құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дән сияқтанып, күдірленіп, дүңкіп тұрады. Оның үстіне, шеке мен мойын түп-тұтас болып келіп, шеңбер төске қосылған. Алдыңғы жағы арыстан бейнесіне ұқсайды.

Аққасқа өте қабаған. Сіркесі су көтермейтін долы, ызалы. Сондықтан ауылға келгенде шынжырдан босамайды. Далаға алып шығып, аңның ізіне салғанша, жә қарасын көрсеткенше, ұзын кендірден босамайды. Әйтпесе жолда кез келген иттерге де соқтыға береді.

Итке келгендегі жалпы әдеті: өзі барып таласпайды, бірақ ауылдың көп иті алдынан шығып, быжғылдап үре беріп, айналасын қамай бергенде, яки біреуінің жұлып қашқан тісі тигенде құтырып кетеді. Ондайда топ иттің ішіндегі ең үлкен төбетті секіріп барып құлақ шекеден алып, топ еткізіп соғып, жаншып-жаншып жібереді. Кісі айырмаса, астына түскен итті өлтірмей шықпайды. Өзі жүрген жерде өзге иттің еркелігін көтермейді. Күзден бері Қасен аулының екі-үш сақ төбетін өлтіріп салды.

Қатты ашуланып, ашқарақтанып кеткенде, несін де қауып жібереді.

Күздiгүнi үй iшiнде сойып жатқан қойдың етiн жегiзбей ұмтылғанда Қасендi де бiр-екi рет қолынан ала түсiп, қауып алған.

VIII

Күн екіндіге жақындап қалды. Аққасқа ізбен әлі жүріп келеді. Жерден бас алмайды, тоқтамайды. Аңшылар Қараадырдан бес-алты шақырымдай ұзап шықты. Қасқырдың бұл күнгі беті Тастықудықтан да өтіп, Ақсораңдағы жылқыға қарай тартты. Ақсораңда екі қос жылқы жатыр еді. Айналасы — аласа белес, қалың тобылғылы үлкен шұбар еді. Соның ортасындағы жадағай жалғыз биік — Ақсораң. Қасқырдың осылай беттегенін білген соң аңшылар ақылдасып тұрып, Аққасқаны шақырып тоқтатып алды.

Мұның мойнына кендір тағылған соң, барлық жұрт аяндап Ақсораңдағы қосқа тартты. Бүгін түнде сонда қонып, ертең ерте жылқышыларды жүйрік ат-айғырға мінгізіп алып, қалың топ болып қуыспақшы болды.

Екі қостың бірінде Қасен аулы мен барлық Қараадырдың да жылқысы бар еді.

Жігіттер сол өз қостарына келіп қонды. Қоста түні бойы тынымсыз қызулы, лаулаған әңгімелер болды. Мол асылған семіз ет қонаққа да, жылқышыларға да көңілді желіктің шарты еді. Құрмаштың өлімі де көп уақыт әңгіме болды.

Қасендер келісімен ақ барлық жылқышы мәлім етті:

өткен түнде көк шолақ жылқыға шауып, бір жабағыны жеп кетіпті. Жалғыз өзі бір семіз жабағының жарты етіне жақынын жепті. Бұл не деген жалмауыз екенін білмейміз, әкеңнің... деп, қос басшысы сөйлеп еді.

— Ол ұзаған жоқ. Ол болса, осы Ақсораңның айналасынан табылады.

— Соңғы уақытта қасқырдан тыныш едік. Осы жалғыз қасқыр кешеден келіп араласты. Ізі тайдың ізіндей. Әнеугүні де келіп, бір тай жеп кетіп еді.

— Іздегендеріңнің өзі — сол. Ел мен қосқа кезек тиеді. Бір кәпір сырқынды. Бәрін істеп жүрген сол. Енді, әйтең дүние, соны ғана бір қолға берсе-ау! — деп жабағысы желінген Бейсембай жылқышы кіжінді.

Жатарда Аққасқаға азын-аулақ құрт пен жылы-жұмсақ ет берілді. Жұрттың бәрі айнала үйріліп, соны күтті.

Бірақ тар үйде, көп бөтен кісінің ортасында Аққасқа жиі ашу шақырады. Шынжырмен байлаулы жатып, кей уақытта «арс» етіп, от айналасындағыларға тап береді. Көп уақыт қорылдап гүр-гүр етіп тұрып алады.

Отқа қарсы қараған көздері ашумен қанталап шатынап кетеді. Қараңғы ала көлеңкеде жатқанда екі көзі қып-қызыл шамша жанады. Аққасқа ырылдағанда алдында отырған Бейсембайдың жотасы мұздап, еті тітіреп кетеді; ентелеп ілгері жылжып, отқа қарай мінбелей береді.

Таң қыландап келе жатқанда барлық аңшы мен көп жылқышы атқа мінді. Жарап жүрген бедеу биелер мен жүйрік айғырлар түн ортасында ұсталып, тоғын қашырып алып еді. Жұрттың бәрінің қолында сойыл, шоқпар. Сатыр-сұтыр егісіп, қостан желпіне шығысты.

Ақсораңның етегіне таман келгенде. Қасен он бір-он екі кісілік жнынды төрт бөлді. Өзі Аққасқаны алып Ақсораңның дәл биігінің басына шығатын болды. Өзгелерді тау мен ұсақ адыр, қалың шұбарды айнала қоршап алып, жан жағынан саумалап, Ақсораңның биігіне қарай қағып шық деп, таратып-таратып жіберді.

Қыстың күні алыстағы ақ жотадан қызарып шығып келе жатқанда барлық аттылар жан-жаққа қарай шашырай жөнелді. Ақша қар желе шауып жөнелгенде, жүйріктердің аяқтарымен есіліп-үгіліп, борай түсіп жатты.

Қасен аяндап, биіктің басына қарай тартты. Жолшыбай екі-үш жерде Аққасқаны сарытып, аунатып, баптандырып алды. Сонымен жарты сағаттан артық уақыт

өткенде, биіктің басына келіп шықты. Дәл биіктің бір некартпа нығына атын тастап, өзі Аққасқамен бірге жаяулап келіп, бір екі-үш обаның ығына келіп отырды. Айналасының бәрі де көрінеді.

Тау басында желдетіңкіреп ызғырық соғады. Күн әзірше суықтау. Аққасқаның астына ертеден қамдап алған киізін төсеп, өзінің ығына жатқызды. Айналаға Аққасқа да анда-санда бойлап-бойлап жағалай қарайды.

Қасен бұны баулыған иесіне ішінен бас иіп алғыс айтады. Құрметпен еске алады. Өйткені Аққасқа тау басында кәзіргі отырыстың не мәні барын әбден түсініп, ұғынып отырған сияқты. Тыныштыққа бой ұрып, жатуды ойлап тұрған жоқ. Күтіп отыр. Биіктен томағасын тартқан қырандай ізденіп, бағып отыр. Жан-жақтағы қағушылардың бәрінің де алдына қарап өтеді. Кейде түрегеліп те жан-жаққа көз жібереді.

Кешегі жабағыны жеген Көксерек екені рас еді. Кеше жартысына жақынын жесе, бүгін өткен түнде сол жеріне барып, тағы қалғанын тоя жеп алып, енді Ақсоранның етегіне келіп: бір жартасты, боз қарағанды қиындау сайда ұйықтап жатыр еді.

Құлағына алыстан бір сарын естілді. Елсіз тыныш тауда таңертеңгі ауа дыбыс атаулының барлығын екілендіріп көтеріп тұрған.

Оянып, жүресінен жатып, қар қапты. Сөйткенше сатыр-сұтыр еткен ағаш даусы мен тастақ жерді тасырлатып басқан ат дүрсілі естілді. Түрегеліп, барынша керіліп алды. Екі аяқтылардың исі сезілді. Бұлкектеп жотаға шықты. Сол-ақ екен, арғы беттен құлап келе жатқан екі үлкен қара айғайды салып, тап берді.

Көксерек жалт беріп, жотаның тасасына түсе сала, сайды жалбылап, жоғары қарай салды. Қолында шошайған сойылы бар, астында қатып қалған ақ бедеуі бар Бейсембай ағызып жотаға шығып, тағы айғай салып, өрге қарай тасырлатып шапты. Бұл уақытта Көксерек сонша саспаса да кейде көсіле шауып, кейде құлағы жалбырап сөлектей түсіп, Ақсоранның жонына қарап асып еді.

Айғай жақын жерден шығып қалғанда, Аққасқа атып тұрды. Қасен бұны кендірінен сүйрете барып, атына шапшаң міне сала, айғай шыққан бетке қарай ағызып отырып, сол жақтағы жотаға шықты.

Қарсы алдында оқ бойындай жерде сары жотаның

дәл үстінде артына бұрылып қарап, тоқ тайыншадай бір көк шолақ түр екен.

Жотасы күдірейген, құйрығы шоп-шолақ, бойы тау басында тайдай көрінді. Ертегінің көкжалы. Жотаға шыға бере, Аққасқа да көріп, атылып, секіріп кеп кетті.

Ақырын ғана «айт!» деп қалып, бәйгі керге Қасен де қамшыны басты.

Көксерек артына қарап тұрып, байқамай қалып еді. Бір уақыт алдынан шыға қалған сатыр-сұтырға жалт қарағанда ағындап келе жатқан Аққасқа мен аттыны көріп, сол жақтағы ойға қарай ытқып, қашып жөнелді. Бір сайға түсіп жосылып барып, екінші он жақтағы жотадан асып түсті. Соның ойына таман жақындағанда аттының дүбірі басылып қалып еді. Мұның құлап түскен сайы тіп-тік жар болатын. Бірақ дәл сол кезде артындағы қар жиі-жиі, шықыр-шықыр басылып бірдеме жақындап келіп қалды.

Қашып келе жатып артына қарай алмады. Сол-ақ екен жаралы санынан бір мықты ауыз қауып түсіп, ойға қарай қатты жұлқып көтеріп тастады. Сол сәтте бұның жауы қасынан ағып өтіп кеп, алдыңғы омбыға екпіндеп барып, соқтығып өзі де құлап түсті.

Аққасқаның жұлып кеткен екпінімен етпетінен түсіп қалған Көксерек енді атып тұрып, тап берді.

Бұрын Аққасқа бұндай жұлып өткенде, әсіресе ойдан төмен жұлғанда, қандай қасқыр болса да омақатып, тұмсығынан шаншыла түсуші еді. Сондайда қапысыз мықты ауыз тұрғызбастан келіп, алқымынан жабысып қалатын.

Бұл жолы олай болмады. Аққасқа өзінен бұрын тұрып, күрілдеп ырғып келе жатқан көкжалды көрді. Бұ да қарсы тап берді. Сол уақытта құлақ шекесінен тиіп қалған қышқаштай қатты темір ауыз жұлқып кеп жібергенде, ой жаққа қарай ытқып барып түсті. Бірақ Аққасқа жығылған жоқ: тік етіп барып, төрт тағандап тұра қалды.

Ептілік, ыңғайлылығымен ғана көк шолақтың аузынан шығып кетті. Көксерек тістенгенде, қамти тістей алмай, көбінесе терісінен ала жұлқып еді.

Сол бетімен Көксерек жотаға жүре бермекші болды. Өйткені артындағы дүсір тағы естіліп қалды.

Бірақ Аққасқа да қалмады. Артына тап келіп, аржакқа шығып алып, көлденеңнен шапшып-секіріп келіп, Көксеректі құлақ шекеден ала түсті.

Көк шолақ бұл жолы да жығылмады. Аққасқаны көтере жоғары шапшыды. Алғашқы алған жерден Аққасқаның аузы босап кетті. Екеуі бетпе-бет келіп шапшып тұрып, қаршылдасып ұстасты. Енді бірінен-бірінің босап кетуіне жол жоқ. Бұл күй неғылса да біреуінің астына түсуімен біту керек.

Және етіне тіс тиіп, ашынып алған Аққасқа қазірде долылықтан өртегендей еді. Қасқырмен көп кездесіп, қырқылжың тарта бастағаннан бері қарай Аққасқа бойына тіс тигенше, онша өлерменденбеуші еді. Дәл қазіргі күй жалғыз тал қылына шейін қоздырып, күйдіріп-жаңдырғандай.

Көксерек те бағанадан қалыспаған итке енді шын ойынды бастаған. Екеуі шапшысып тұрған бетте біріне-бірі құлақ шекеден де, алқымнан да алғызбайтын болды. Алдыңғы аяқтарымен ұстасып тіресіп тұрып, сол сәтті аңдығанда екеуі де тез іс бітпейтінін ұққандай болды.

Қозданған қан толқынып кеп, тағы бір дем басқа шыққанда, Аққасқа қарсы алдында арандай ашылып тұрған ауызға сақ еткізіп тістерін салып жіберді. Бұл қасқырдың төменгі тістері мен тілін қоса шайнағанда, қасқырдың жоғарғы азулары Аққасқаның тұмсығының екі жағынан жоғарғы ұрттарына келіп, кірш-кірш кірді.

Ашулы тістер сытыр-сытыр, қарш-қарш шайнасады, әлі шапшысып тұр.


Дәл сол уақытта жоғарғы жотадан шыға сала төмен қарай кер ат пен ақ бие де аңырап еді. Қасен мен Бейсембай «а, құдайлап» сойылдарын оңтайлап келе жатты.

Өр жақта Аққасқа: шайнасып тұрған ауыздардан сілекей мен қан аралас ағып, сырылдап тұр.

Аққасқа Қасен даусын ести бала, ойға қарай жүлкі бұрап қалғанда, көк шолақтың белі бұраң етіп барып, дүрс етіп құлап түсті. Ауыздары бір-бірінен айрылған жоқ. Екеуінде де үн жоқ. Шайнасу үстінде желімдей қайнасып қатып қалған сияқты. Ең аяғы, болымсыз болса да, тыныс алған дыбыс та білінбейді.

— А, құдай!.. А, құдай!.. Иә, сәт! Иә, сәт!.. Иә аруақ! Иә ақсарбас!..— дей бере, екі атты үстеріне жығыла-жығыла үйіле түсті. Ағтар босанып шықты.

— Опыр-ай!.. Опыр-ай!.. аузын!..— деп келіп, Қасен жуан қамшының сабын Көксеректің көмекейіне тығыш жіберіп, мықтап басып тұрып, жауының тұмсығын жоға-



ры қарай қайырып жіберді. Аққасқаның қан басқан тұмсығынан көк шолақтың тістері бір-бірлеп шығып кетті. Аққасқа сонда ғана бүйірін тартып тыныс алды.

Бірақ әлі де жанын шығарғанша қасқырдың төменгі жағын күрт-күрт шайнап жатыр. Бұл кезде Бейсембай да қара пышақты Көксеректің өкпесіне салып-салып жіберіп еді.

— Осы... осы... осы ит!— десті. Көксеректің жаны әбден шыққан соң, Аққасқаны Қасен, Бейсембай екеулеп отырып, зорға дегенде айырып алды. Күйрықтап қысып алып алысқа сүйреп апарған соң ғана Аққасқа есін жиды. Бірақ әбден әлсірегендіктен, сол апарған жерге сілейіп жата кетті. Барынша шаршап, талған екен.

Ес жиған соң жұрт көк шолақтың құлағына қарап отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күшікті таныды. Құрмашты ойлап, кейбіреулердің көздерінен жас та шықты. Ауылға әкелгенде, Құрмаштың өжесі боздап келіп:

— Қуарған-ай, ненді алып өм?!.. Не жазыл едім?.. Баурына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным?!.— деп елді тегіс есіретіп, Көксеректі басқа тасты.

ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ

Бұл ұзақ әлгімені ертеде араб, латын әріптерімен жарияланған қалпынан автордың түзетін, өзгерткен жаңа түрі.

I

— Қайран Тектім-ай!.. Алпамсадай арысым едің... Қаңбақтай жеп-жеңіл боп қаусап қалғаның-ау! Қолыма салмағың білінсеңі,— деп, ауру жігітті қолына көтерген ағасы енді төсекті жайғап салған әйелі Қатшаның қасына алып келді. Ауру жанды Қатша мен ағасы жертөсекке оң жақ қырынан жатқызды.

Көтергенде қатты демігіп, өңі қуарып, әлсіреп қалған ауру жігіт, ерні қыбырлап, сыбырлай сөйледі. Аға мен жеңге оның жүзіне қатар үңілгенде: «Ер арыса — аруақ...» деп, зорға ғана басын изегендей белгі етті.

— «...Ат арыса — тулақ»,— деп, Қатша қайнысын ұққан жай білдіріп, бас изеді де, шерлене күрсініп алды.

Бірі ауру, бір сау екі еркек — ағайынды Бақтығұл, Тектіғұл болғанда, Қатша — жаңа арман айтқан қара жұрт Бақтығұлдың әйелі.

Бақтығұл інісінің қасына жамбастай, жақындай отырып, өзінің ең алғаш жаңа ғана айтқан «арысым» деген жайында қадала ойланып, қатты қобалжып қалды. Мұның інісі Тектіғұл анығында бойы биік, кеудесі талыс әй дейтін, қол-сирағы ұзын да сом біткен атан жілік азамат еді. Бақтығұл өзі де кесек, балуан денелі, нықты, кеудесі келген де, інісі Тектіғұл бұдан бойға биік, бар сүйегі балғын болатын.

Ұзаққа созылған сары ауру бүтінгідей әбден мендетіп

келген шағында Тектіғұл төсек жақтырмай, жамбасы тесіліп қиналғаннан, аға-жеңгесінен сол төсекті күн сайын бір қақтырып, жұмсартып салуға тілек ететін. Жаңа інісін екі қолына балаша құшақтап алып, төсек жөнделгенше көтеріп тұрған Бақтығұл науқасты бар салмағынан айрылған қаңбақты сезінген.

Енді қасына жанаса отырғанда інісін тағы да бір көтерген басқаша дертті шағы созыла түсіп өсіне келді.

Ел ішіне келген қалың сүзектен әке-шеше қатар төсек тартып жығылып, араларына екі-ақ күн салмай, әуелі — шеше, артынан әке өлді. Сонда он алты жасар Бақтығұл, он жасар осы Тектіғұлды біресе қолынан жетектеп, біресе шаршағанда арқалап алып, әкесі айтқан нағашы деген ел болмысқа бірнеше күн итшілеп жаяу кезіп, зорға жетіп еді. Содан соңғы көтергені осы екен.

Тектіғұлдың да өсіне бір күйік түскендей. «Кескен теректей құлатты ғой мені. Қу жоқшылық бұл құлатты. Аямас дұспан соққы жазасы әп кетті міне — бар дәрменімді... Нем қалды?.. Тектіғұл ініңнің орнына кімің қалды сенің?!» — деп, әлсіз жүзін Бақтығұлға зорға дегенде бұрып, аға-жеңге — екеуіне бірдей кезек көз тастап, соңғы ғана бір, қара өзекті қақ жарғандай шынын айтты. Сыры да сол. Шерлі шыны:—«Кегім... кегім кетті!» — деді де екі танауы қусырылып, кемседеп тұншыға жылады. Қатты қинала жөтеліп, іргеге қарай құлай аунады.

Дертті жастың нені айтып жатқанын Қатша бұлжытпай түсінген.

— Қуарғырлар, соққысы мен мазағына ұшыратып, дертке шалдықтырса да, керек десе қатпа лақ құрым қалжа да бермеді ғой!

Бақтығұл ішінде талай нәрсе кернеп тұрса да, тілге сараң боп:

— Қалжа неге берсін, оны берсе, өзге одан зорғыға да борыштар болам деп жүрген жоқ па қаскөй дұспаны, — деді. Үнсіз ғана тұнжырап, қалың қара мұрты еңкейді де сөзден тыйылды.

«Одан зорғыға» дегені түсінікті. Егер Тектіғұл осы дерттен қаза болса, — қалжа берген айыпты кісі құнына да жығынды «құныкер» болар еді. Соны ойлаған дұспан өсте көнсін бе! «Ауру сенен, сенің соққыннан болды» дегенге бас имес үшін, қалжаны да ауызға алдырмай қойған жоқ па!

Бақтығұлдың есінде сайрап тұрған нелер арманды, өксікті күндер бар. Нағашы дегенді іздеп барып, бұлар жиен боп жетіскен жоқ-ты. Қозыбақ аулы деген Бүрген болысындағы малды-басты жуан ауылға екі бірдей малай боп, өзі қой бақты; он жасар інісі қозыға салынды. Содан міне — тап былтырғы өткен күзге дейін табандатқан жиырма жыл бойында Бақтығұл да, Тектіғұл да Қозыбақ аулының кенжесі — Сәлмен дейтін сотқар байдың малайы болды. Қойшыдан асқанда, қолы жеткені жылқышылық еді. Он жеті — он сегіз жыл бойында Бақтығұл Сәлменнің мыңға тарта жылқысының сан жүзін тудырып-өсіріп, сан айғыр үйірін тыңнан салғызып, әлденеше кәрі бие, ат-айғырын қартайтып, қысы-жазы байдың жылқысының соңында болды.

— Қыс — отарында, жаз — күзетінде. Қасындағы бес-алты: Жамантай, Қоқай сияқты бірі үлкен, бірі құрбы жылқышылармен үздіксіз өмір кешті. Інісі Тектіғұл болса — қойшылықпен он шақты жыл қыршын жас күнін кешіріп еді. Кейін биеші етісті. Күндіз сауында, кешке қой күзетінде оның да тынымсыз, толассыз бейнет өмірі зая кеткен.

Өзге-өзгесінен бұрын, өз малы көзіне көрінбей, Қозыбақ аулы «барымташы», «жортуылшы» деп, малай жігіттерін кей жаздарда неғилы пәлеге де салатын.

Бақтығұл жиырма бес — жиырма алтыға келіп, Тектіғұл жиырмаларға іліге берген шақтарда ағайынды екі малшы алпамсадай мол денелі, ірі қайратты жігіттер боп шықты. Екеуінің бірдей бала шақтарынан еткен еңбектеріне тапқаны тұлдыр еді. Он жыл еңбек еткен Бақтығұл зорға дегенде көрші кедей малайдың қызы Қатшаны бар ақысын беріп жүріп, әреңге алған.

Тектіғұл міне — бүгін отызда. Әлі үйленген де жоқ. Екеуін бірдей сотқар мінезді Қозыбақ аулы кейде бір елмен барымталасса, қолдарына қара шоқпар, астырына жүйрік ат беріп, жортуыл бейнетке — соғысқа да салатын. Қозыбақ аулының Сәлменнен үлкен арасы — Сәт болыстыққа таласып, талай партия-сайлауда әлденеше қырғын-жойқын төбелес жасатты. Соларда Сәт Сәлменнің, иәі Қозыбақтың «қара сойыл, дөйір жігіттері шетінен жойқын» десіп, өзге жасақшылар сескене сөйлегенде, Бақтығұл, Тектіғұлды еске алатын. Бұларды кейде қорлай, мазақтай сөйлеп «екі құл, қос құл» десетін.

Соқтыққыш сотқар ауыл — Қозыбақтың әрі шоқпа-

ры, әрі құлақ қаспас ырысты құлдары аястай. Қозыбақ аулы барымтамен байыды. Сондықтан да ол ауылдың басты еркек ерестік малайлары емес, қатып-қалаш, балашағасына шейін «білсе — барымта, білмесе — сыныпта» дейтін жаббарды күле түсіп, көп ауызға алысатын.

Бақтығұл мен Тектіғұл Сәлменнің қолына барғалы бай малы жыл санап төлдей өсудің үстіне, барымта қоспадан үстей өсу де мол болған. Ағасы — болыс, інісі сотқар қорқау болса, Қозыбақ байымай, кім байысын! Сондай қосылған сырт малының талай да талайы Бақтығұлдың құрығы, бұғалығы, ноқтасы да бастарына тиген, барымтамен алғызған әлдекімдердің ақ-адал малдары болатын.

Қысы-жазы ағайынды екі жігіттің еңбегі, ер қайраты кіргізетін кіріс айта қаларлық болса да, Сәлмен осы екі жігітті талай жылдар, өзге малайлары тәріздендіріп, ақы бермей жұмсап жүрді. Бұлар көшпелі ел малайы алатын кесікті, дағдылы «пәлен қой, пәлен киімнен» есеп жасап, есесін алуды білген емес.

Сондықтан да Тектіғұлдың басына біткен, беремелі мал дейтін мардымды түк те болмаған. Жиырма жылғы Бақтығұл еңбегінің, он жылғы әйелінің сауын сауып, күндік еткен қызметінің орайы да ойдағыдай болған емес. Барлығы: Бақтығұл, Тектіғұл — екеуінің ортасында осы бүгінгі жыртқы қоңыр үй, төрт — бес қара, он шақты ешкі-лақ. Жиырма жыл бойында жаттың малын жан сала бағып-қағып жүрген, тепсе — темір үзетін ағайынды екі жігіт пен қара шаруаға мығым қаражон Қатшаның «құрағансымағы» осы ғана.

Еңбегін жегені бірсәрі. Енді міне — өмірін, қыршын өмірін жегенді айтсаңшы! Бақтығұлдың көз алдынан былтырғы бір қарашаның дауылды қара суық түві қалың алаң түшкендей аударылып түсті.

Бұл өзі жылқының бір үйірі ауылға айдап келсе, ауыл шаң-шұң айғай, Сәлменнің боктығы басымдап тұр екен. Біле келсе, боктап жүргені — Тектіғұл. Оны сол дауылда ығып кеткен қойға жалаңаш-жалпы тез шықпадың деп, Сәлмен қатты сабапты. Тектіғұл «азынап тұрған қара суық дауыл мынау! Берген киімнің жалғыз ескі шекпен болса, оның қолтығы, жоны жыртқы. Жауын мен дауылға не киім? Тымғұрса бір өң киім бер!» — деп сұрағанға жазықты бопты.

Сәлмен ақырып: «Қой күзеті — сенікі, қойдың жары-

мы ығып кетсе, сен ақы-пұлынды тілеп әбігер сала-сың!»— дейді де, боқтықтың астына алады. Тек қана жылы киім сұраған жайын ұғындырып айтам деген Тектігұлды сыбап боқтай береді. Тектігұл соған ызаланып: «Он жылғы еңбегім бір жылы киімге татымаса, малыңның құлағын... Мені қырып ал, өлер жайым жоқ!»— дейді.

Соған долданған Сәлмен бай Тектігұлды бес жігітке алып-соққызып, өкпеге теңкілеп, бауыр-сырттың дүрелеп жазалайды. Қара түде, қаскөй дауылға лыпасыз саламын, деп далаға айдап жібереді.

Бақтыгұл жылқыны шіріп келгенде, Қатшаның өліге дауыс айтқандай боп үн салып, қайыны Тектігұлға жаны ашып жылағанын әстіген. Бақтыгұл аттан түспестен, айналаны шарлап, шапқылап айрай салып, Тектігұлды іздеген. Бірақ таң атқанша таппаған. Ауылда ніруде қалған жылқы дауылдан үркіп — ол босап, иен далаға шашырай жоғалған-ды. Бақтыгұлдың малды тастап, інісін іздегенін; тағы Тектігұлдың ұшып өлгелі жатқан жерінен тауып алып, артына миңгестіріп әкелгенін білген Сәлмен Бақтыгұлды және де әке-бабадан боқтап, қамшының астына алған. Бақтыгұл Сәлменнен тілін тартпай, Тектігұлды ақтап: «Жанымнан садаға кетсін сенің арамнан жиған малың! Құлағын ұрайын. Мен де айтамын соны»,— деген, тілін тартпаған-ды.

Ағайынды екі жігіт қолшыл қатал Сәлменнің дүре жазасына солайша бірдей ұшыраған. Осының арты Қозыбақ аулынан бұлардың ажырап көшуіне әкеліп соққан-ды. Бүгін сол Тектігұл мынадай боп сары ауру жеңген сорлы күйде жатыр. Арада алты айдай уақыт өтті. Әрі өкпеден өткен тепкі-соққы жарасы бір ықсып, жалаңаш етке сары суық — ол қадалып, сол түннен кейін Тектігұл дертті болды. Сәлменмен араздасқан Бақтыгұл інісін лашығына алып, үш күн ішінде көшіп кетіп, көршілес Шалқар болысында, осыдан жиырма жыл бұрын әкелері өлген соң тастап кеткен жаман қораға келіп паналаған-ды.

Қыс бойы ауырған Тектігұл міне — бүгін кеуде жарған арманын айтты. «Қатын-балам, әке-шешем, аға-жеңгем»— демейді, «кегім» рана дейді ыза кернеген шер кеуде, шерменде! Қысқы соғым кезінде Бақтыгұл Сәлменнің соққысынан төсек тартып дертті болған інісін айтып, Сәтке шағып, Сәлменнен қалжа сұрап еді. Сәт бұның

арты ұлан-қайыр құн сияқты пәлеге де соғып кететінін сол жерде-ақ қолма-қол есіне алған. Бақтығұлдың аузына бұл сөзді енді қайтып түсірмес үшін, сол сәтте арыла сөйлеген.

— Інін соққыдан өлер болса, осыдан үш ай бұрын соққы тиген күні өлер еді. Одан кейін жіңішкерген, сарғайған ауру болды дейсің? Ол аурумен кім ауырмайды? Құдайдың жаратқан дертіне Сәлмен жазықты ма? Сенің інің түгіл, тілесе Сәлмен мен ағасы мен — Сәт екеуімізді тапқан шешеміз, аузынан ақ майды ағызып отырып-ақ, сол жіңішкерген науқастан қаза болған. Арылғаным осы, айтпасымды айтқызып отырсың. Ендігәрі тағдырдың жазасын Сәлменнен аламын деген дайыны жоқ сөзді ауызға алма,— деп, аяғына отырғызбай қайтарып жіберген.

Інісінің жаңағы «кегім» деген арылмас арманын түсінгенде Бақтығұл осындай тас қамаудың бар тынысты тарылтқан кесір кескіндерін еске алды. Бұл шақ көктем кезі еді. Арада тағы бір-екі жұма өтер-өтпестен Тектіғұлдың қатал тағдыры мандайына жазған қазасы жетті. Ол қайтыс болды. Артында: «Қанатым едің, арыстандай арысым едің, не жазығың бар еді? Сен не көрмедің? Мен тірі қалғанша, бірге неге өлмедім»,— деп, өксіп-өксіп кеп жылап, Бақтығұл қалды. Көз жасы інісінің қырқына жеткенше тыйылмады. Міне соның қырқын жыртық үйлі азғана жамағайын Сарыны жинап атқарды да, енді Бақтығұл жұрттан бөлек басқа бір сынайға мінді.

II

Тау ішінің жаңбырлы қараңғы түні Бақтығұлдың көңлінде көптен шешілмей келе жатқан күдікті бір сәттің ішінде оп-оңай жазып жібергендей болды.

— Күздің ұзақ түні мынау. Көзір алған малмен соқтырып кетсем, таң атқанша ұзап кетем. Осы жауын ізімді де шаяды. Түк алмай қайтпақпын ба? Қаңғырып жүріп, қадалған жерден нәр сызбай кеткенім бе?— деді.

Түн баласында малмен араласа көп жүрген машықты көзбен маңайды тағы бір шола қарады. Көп жүрген жер. Мол, ұлы тау. «Жетекке ал да бел асып, тоғайға батып кете бер», деп сыбырлап, жетелеп тұрғандай.

Кейде тау қара түн, ақ жауынның ішінде дию, алып мекеніндей көрінеді. Сыпсың қарағай жапқан түкті бет-

тері жақын жерден қап-қара болып үңірөйіп, қараңғылықтың түпсіз терең зынданы сияқтанады. Кей тұста екі-үш түкті тау мен қар жартасты биіктер бір араға түйісіп келіп, әлдебір обырдың қойнындай тұңғық қара қолтық жасайды.

Тау жолы — көбінесе биікті көлденең кесіп отыратын қаптал жол. Жауынды күні бұл қауіпсіз де емес. Тіп-тік беткейде аттың қос тұяғы қатарынан сыймайтындай тар соқпақты басып жүру керек. Ондайда жүргізуші атына ғана сенеді. Құлын күнінен осындай тауда қиялай жайылып, арқардай тәсіл алған тау жылқысы ғана көңілге сүйеу болады. Бақтығұлдың боз аты сауыры білкілдеп, үрікпей-қорықпай, әр аяғын өлшеп, дөлдеп, нық басып, өз өнерін көрсетіп келеді. Қазіргі шақты есті жануар кәдімгідей ұққандай. Иесінің тақымы сәл күдікпен сескеніп барып, қабырғасын қысқандай болса, боз ат елең етіп алдына үңіле қарап, арқасының сенімді қозғалысымен иесіне күш береді. Жол ғана тайғақ емес, аяқ басар шөп те жауын суымен жылпылдап көк тайғақ боп жатыр. Боз атты сол қинады. Нелер бейнетті жүрістерді басып, көп атқарған жырынды, мықты Бақтығұлды да сол сескендірді.

— Бұл жауынның қашан бітерін қайған бітейін. Ол бітпесе иттей қатып осылай сүмендей бермекпін бе?— деп, әрнәрсені еске алып, аз бөгелді де аяғында — Сәлменнің өз жылқысы болмай, Қозыбақтың басқа бір аулының жылқысы болса да, аламын осыдан! Қозыбақтың бәрінің де жылқысын баққам. Бар Қозыбақ түгел менің қанды мойын құныкерім! — деп, бозды тебініп қалып, он жағындағы бетке қарай қапталдап өрлей бастады. Анығында есе тиіп, Тектіғұл үшін Сәлмен құн төлер болса, бар Қозыбақ аулына үлес тиетіні рас.

Бақтығұл үйден шыққанға екі күн болғандықтан мектегі малта да таусыла бастаған. Сол екі күндей шайнама жемеудің үстіне, енді сусын да жоққа тән. Тау ішінің аш қасқырындай бұралып, Сарымсақтының қарағайында бір күн, бір түн бекініп жатты: ел көзіне түспеймін деп, аш күйінде ұйқы да көрген жоқ. Басында үйден аттанғанда ойдағысы жалғыз Сәлмен жылқысы еді. «Ең болмаса Сәтті қолға берсе» — деп еді. Енді жол қиындығы, күзгі түн суығы, аштықпен бұралу — бәрі жиналып келіп, өзге Қозыбақтың жылқысына болса да тиісуге жетектеді.

Әлі ойға кетпеген жылқы бұл шақта далаға көшкен елдің жайлауларында жататын. Дөң жайлауға қарай бұрылған соң-ақ мұның көзлінен күдіктің бәрі біртіндеп арыла берді. Ендігі халі ауыр емес, жеңілдегендей. Артын көре жатар. Құныкері Сәлменнің өзі болса, ағайыны ақталып қутыла ма! Ол — бір байлауы. Бұның бәрі өз бетіме. Оның үстіне мынау жадау күзде анау арттағы үйдің жүдеулігі қандай! Телмірін қолына қарап отырған қарны аш қатын-баланың ортасына бір семіз ғайды я бір ту блені апарып сойса! Үйінде жатқызбай, қара талқан, құр тарыға ырза қылдырмай боғаға міндіріп, түнді жамылтып алып шыққан айдаушының бірі сол ғой.

Дөң жайлаудың кер белецін өрмелеп келе жатқанда Бақтығұлдың бойына тың қайрат жиналды. Шаршаған, қажыған, тонған денесі ширыға сілкініп алды. Талай заман ашығып, ұрпақ, құзды қуалай жоғары-төмен шүйіл сорғалап жүріп, аяғында жүгірген бір жемін екпіндеп келіп соғып жығып, тұяғына бүктеп басып сығымдап отырып, қораздана сілкінетін Алатаудың қарлы басын мекендеген аспан тағысы бар емес пе? Қазіргі Бақтығұл шабыты келер күмнің ыстық, дәмді қызығына сондайлық етпеттеп алып, түрлене түскен.

Жасынан өздігінен мұндай жүрісті кәсіп етпесе де, «жортуылын, жорықшы» — деп атадырып, Қозыбақ аулы мұны жылқыдан басқа, түйгі жүріске көп жұмсаған. Дәғды бойынша түйгі мол жылқыдан мал алып шығу бұған оңайдың-оңайы сияқтанатын. Әрқашан, қандай сасқалақтық үеті болса да, жауырны жерге тигенше айла-таспа істед, біржолата жығылып түскенінше қарысын көру Бақтығұлдың ұдайы дардыланған мінезі. Кезегінде барымта жолында жылқышысы оғу жүрген қалың топқа жақындан тұрып, енді кірмін деп қадалып келгенде, көбінесе көрілбей-ақ орайын тауып кіріп кеткіш. Сондай ер, жирындылығы үшін мұны Қозыбақ аулы көбінесе жортуыл — барымтанының басы етіп жіберетін.

Бақтығұл қолына түсіріп алған малын да қуғыншы жау қолына оңай бере қоймайтын. Соғыста айлакер, ер. Шоқпар-собылға өте жырынды. Ат үеті соғыста біреу рана емес, екі-үш кісімен де соғыса аламын, алғызбаймын дейтін сенімі зор. Шығында содай екені рас та. Көп жылқышыдан ерекше жерлері осы мықтылық пен ептілік, ерлік болатын.

Бойы сергіп алған соң Бақтығұл ер үстіне көтеріліп, етегін жинап, тұрғызып отырды. Тықырды білдірмеуді ойлайтын мезгіл болып қалған. Өйткені бағанадан алыстағы сарынын естіген қалың жылқы осы алдыдағы иекартпа бір беліні аржағында шағта жатыр. Саяк, сергек жылқышысы болса, шеттей шығып тық тықдап, жер шалуға болады. Сондай-ақ көзіне түспеу керек. Ендігі тықырды білдірмес үшін атқа да тасты жерді басқызбайды. Көштеп жалғыз келе жатқан ат қалың жылқының сарынын естіп не кісінен, не пыскырып жібермесін деп тізгінді тежеп, алдымен ұстап келеді. Басына да төмен салғызбай шаужайлай түседі.

Қой торыған бөрідей енді жұтынып қозғалып алған дөңгелек денесі анда-санда маңайды болжағында алдыарты, жан-жағына шапшаң бұралады. Барлық қозғалысына ұрықтықтай үйірілген жігі сергектің пайда болған. Кішкене қысық көдері жауынды түнді тіліп өткендей. Тау ішіне шаншыла қарағанда көрсетпесін көргендей. Енді жылқыға оң бойындай жақынды келді.

Қалың жылқы жиі-жиі пыскырып, пырылдап андасанда тай-құланы, үйірсек айғыры кісіне түсіп, сайдың шөбін бырт-бырт үзіп, Бақтығұл жаққа қарай сырғып беттеп келе жатыр. Бұл иекартпадан сәл уақыт баспалап тұрды. Сыртыңдаран бір қалыпты ақ жауынның ішінде қалың жылқының тыныштықпен жайылған тынысы ғана сезіледі.

Бақтығұл қарауытқан қалың топ жылқының бар қарасын да көрді. Басынан бөрікіз алып, шошақ ердің қасына ілді. Бетін қырып бұрып, құлағын жылқы жаққа төсеп тың тыңдайды. Алдырағы — жылқышы. Бірақ әзір оның белгісі білінбейді. Ұйқыда ма, болмаса бірденені сезе ме — белгісіз. Жылқының шапырамай тобымен жайылғанынан Бақтығұл сақтық ойлайды. Ендетін жібермеген, топтанқырап сырғытып, бір жайылмаса салғалап түртіп келе жатқан ояу жылқышылар бар торап.

Енді бір сәтте Бақтығұл баспағып тұрған тұрғызылған шапыраған селдір топ қарайып шықты. Аттың басын төмен беріп сал тасалап, өзі үзектіге аяғын тірес тұрып, Бақтығұл иекартпадан қарады. Әлгі топ мола басы енді бастады. Жайылып келе жатқан бос жылқы екен. Шетірек беттеп шыққан бір айғыр үйірі болу керек. Бақтығұлдың ендігі ісіне қарағғы түп, тынымсыз жанбырлық себі тиетін болды. Жылқыны үркітпеске тырысып, амы-

рын ғана қозғала бастады. Елеусізденіп, боздың жалына таман жабысып алып, жылқыға қарай жүрді.

Жылқы азғана үркіңкіреп, бергі шеті әрі қарай бұрылып жылжи бастады. Үйірдің орта шенінде жайылып келе жатқан қалың жалды баран айғыр жерден басын жұлып алып, елең етіп, құлағын Бақтығұл жаққа тіге қойып, оқыранып жіберді. Бақтығұл қоралы қойға шапқалы келе жатқан қасқырдың құйрығын қысып, басын төмен салып, елеусізденіп сөлпендеп жүргені сияқты, жай ғана қалғып келе жатқан жылқышының кейпін көрсетпек болды. Өте баяу ілбіп келіп, айғыр үйірінің ортасына кірді.

Әуелде көзіне көрінгеннің көбі ұсақ тай-байтал сияқтанды. Қараңғы түн дәл қасына анықтап жақындап келгенше жылқының арық-семізін де танытпайды. Енді шеттегі жылқылардан өтіп, ортаға таман жақындағанда дәл қасынан көлденең жылыстаңқырап өтіп бара жатқан күзеулі үлкен семіз боз биені көрді. Осындайда нағыз ойға алатын төңкерілген семіз ту биенің өзі.

Бақтығұл «іздейтінің осы» дегендей, көп ойланбастан, атына жабысқан бойында қаршыға тастайтын аңшыдай қисайыңқырап келіп, боз биенің мойнына қыл арқан бұғалықты тастап кеп жіберді.

Алажаздай мойнына құрық тиіп көрмеген, асаусып кеткен ту семіз оқырып қалып, ытқып кетті. Боз ат бұл қимылды күткендей-ақ, несі тақым қақпастан, ілгері қарай тез ғана жылжи түсті.

Бұл ат қашаған қуғыш боз деп те мақталушы еді. Мына жерде иесіне сол өнерін анық көрсетті. Әйтпесе оқыста ытқып тартқан ірі асау Бақтығұлдан бұғалықты жұлып әкетуі қиын емес еді.

Бие көпке шейін тоқтамай, ырық бермей, бұғалық тартты. Бірақ есін жиып сақтанып, жіңішке мойынға қыл шылбырды дәлдеп салып алған Бақтығұл енді босатпады. Көк бие өзге жылқыға қарай ығысып, сүйретпек болған сайын ұрының қолындағы қыл бұғалық мықтап қысып, буындыра берді. Ақыры, әл кетіп, тынысы тарылған жануар әмірлі қолға ерексіз бағынып, үріккен бойда құлағын тігіп, кекжиіп тоқтап қалды. Бұл уақытта жақындағы жылқының кейбірі үріккендей кісінесіп, кейбірі наразылық көрсеткендей ішін тартып оқырып, Бақтығұл мен боз биеден ығысып оқшау кетіскен. Оған Бақтығұл қараған жоқ. Әлі де үркіп, сіресіп тұрған бие-

ге ақыры ғана лық-лықтап жанасыңқырап келіп, ноктадап алды. Солдан ері камшысының ұшымен биені сауыр жағынан сипай ұрып қалып, қатарға алып, бұрыла берді.

Сол ғана шақта байқаса, қақ қасына, қоян қолтық ұстасатын жерге бір еңгезердей үлкен жылқышы келіп қалыпты. Тек бұл жылқышы сойылын көтермейді. Бетпепет қарсылай, түп-тура келіп қалған. Дыбыс шығармайды. Ұрының түрін көргенге есі шығып қалған би, әлде мұны жылқышы дей ме — екiнiң бiрi.

Бақтығұл айғай шықпай тұрғанда тебiне жабылмoк болды. Сол қимылын байқаған жылқышы әуелтiдей үндемеген ұйқылы-оюу мәңгiлiкпен боз аттың шылбырынан ұстай алды. Бақтығұлдың халi бiр мүйнет iшiнде ойламаған қатерге iлiндi. Жаңағы боз биенiң мойнына өзi салған шалма бұғалық ендi мiне — сарт етiп өз мойнына түскендей боп қалды. Бiрақ жылқышы таңғалдырды. Мұны ұстаса да, өзiне-өзi сенiмсiз кiсi. Дәл осы тұста Бақтығұлдың ойына бұл адам сап ете түстi: ол Сәлменнiң Қоқай дейтiн бойы еңгезердей, бiрақ адамның босы, қорқақ жылқышысы.

Бақтығұл бұл жылқыны басқа Қозыбақ аулыникі деп ойлап келсе, ендi олай емес: анық өзiнiң ауызға, ойға да алғаны — қас дұшпаны, құныкерi — Сәлменнiң өз жылқысы боп шықты. Мынау болса — жылқышы атаулыға күлкi боп жүретiн, қоқайған бойынан басқа түгi жоқ, ез қорқақтың өзi. Осы жайларды шолақ-шолақ жүгiрте ойлап, тез есiн жиып алған Бақтығұл: «менi бұл ұстаса да, қорқып тұрған неме ғой», — деп байлады. Сөйте сала бозды тебiнiп жiберiп, тепсiнiп келiп: «тарт қолыңды!» деп қатты зекiп ақырып қалып, камшысымен топшысынан келтiре көмiп тұрып жылқышыны қақ бастан тартып кеп жiбердi.

Қоқай қалбаң етiп аттан ұшып түстi. Жөдшендi жерде қорқа қоймайтын мықты Бақтығұл сотқар тентектiкке салып едi. Сонысы дегендей ем болды.

Қоқай көп заманнаң берi Қозыбақ аулында Сәлмен жылқысына шығып жүрсө де, ерғара ғана болмаса, өмiрiнде бетпепет келiп, ұрымен бiрде-бiр кезек сойыл сiлтесiп, салысып көрген емес-тi. Бақтығұлды қолма-қол кара сойылмен салып жiберу оның ойына да келмеген. Тек сүйретiп жүргенi болмаса, сойылды төгiнде қару етiп, қiсiге жұмсап көрмеген-дi. Жау тепсiнiп келiп, кам-

шымен тартып қалғанда, ежелден бойға біткен жасқа аяшактықпен өз ісін өзі тентек, өрескел көргендей, ол олай жасып қалып, шошып барып аттан күрсеті түсті.

Артынан ұры сытылып жөнелгенде, айыптар болар еді. Бірақ қалама-қала жерден айрылғанын өзгелер мазақ етер деп ойлап, ананын қарасы ұзағанша, өтірік сөзден кісі болып іркіліп қалған.

Бақтұтқұл жаңа ы қауіп мұңесті енді еркіндікке ауытқанда тез-тез қараңғы сайға түсіп, қарағайға кіріп аласытырып кетпек болып, шаба жөнелді. Қараңғы түн алағайтай жерге ұзаса, мұны жасырып қойнына тығып жатуға дайын. Бірақ алғашқы жылқышыдан құтылып, жетекпен қашып шығып, шауып бара жатқан ұрыны жоғарғы тұстан келе жатқан бір жылқышы көріп қалды. Ол шынау шаба жөнелгеннен-ақ өкпе тұсынан қосылмақ болып, көлденеу дей шапты.

«Ә, кімсің, ?» — деп дауыстады да жауап қайтпаған соң: «Аттан-аттан!» — деп, жымырт тау ішін шошыта жаңғыртып айғай салып жіберді.

Қалғып келе жатқан өзге жылқышылардың оқыстан шошып айғайлаған дауыстары тағы бірнеше жерден естілді. Аздап соң бәрі тегіс дауыстады да, бетті де түзеп алып тау ішін айғаймен даңғаза ғып, тасыр-тұсыр шабуылға бақты.

Тез шыққан ынтымақты айғайға қарағанда жылқышы әрі көп, әрі ұйықтаған да жоқ екен. Көп жанның шулаған айғайы мен тасырлаған шабысы қалың шық таудың ішін қазан-қазан ғып, қайта-қайта жаңғырығып, алаңқа жөліктеп тарап жатты. Тыныштықпен жайылып жатқан шетінен құр жылқы түн айғайынан қатты шошиды. Жал бойы елсіз-несізге тау есігі, арқардай жайылып кеткен мал тегінде күндізгі айғайы да өсірген қызумен үрке өрсеппіп қарсы алатын. Қазіргі дүрбелең бір беттегі тобырды екінші бетке апарып, сондағы топқа қатына соқтықтырды. Қалың көптің арасында тай-тұяқтың ұшып доқалап түсіп жатқандары бәсекелесті. Сондай боп жамылған жылқы баласынан үріккен кей топтары, ортасына жай түскендей, қайтадан жарыла жанып, бұрығыдан жаман шұрқырай кісінісіп, талқан болып бүлінісіп жатты.

Жылқышының көбі бұл жайлардан хабардар болған жоқ. Алдыңғы айғай шыққан беттен дырду-шуды айыпайтп, құр дақыртқа шапқаны болмаса, олар ешкімді көр-

ген де жоқ. Адасып қалды Тау іші, түмсік айналса, адастырады. Соғыл салым жерге, ылдига бұрын түссе, жер жөнін білетін жортуылшы көз жаздыруға жарайды.

Жылқышылар бір екі түмсікты айнала шауып, арсалаңдасты да, аяғында, дабырласып жүріп, бірін бірі тауып алды.

— «Е, не болды?», «Уа, не болды, қызынды?!» — дегіп, бейпіл тіл мен былапыт сөздер айтысып, жай сұраса бастады.

— «Көрген бар ма?», «Неден шықты?», «Уа, аттанды кім саяды?» — деседі. Осы шақта олар өз арасындағы басшы жылқышы Жамантайдың жоғы байқады. Алғашқы айғай да соныкі болатын. Жылқышылар көп бөгелмей, соның алғашқы дабылы шыққан жеріне таман шұбырысты. Бытырай жүріп дабыстап, Жамантайды шақырысқан. Сол кезде етекте сәл ыңырсыған дауыс естілді. Қия беттен аттылар әуірімдеп, қапталдап шұбай түсіп, зорға дегенде етекке тақады. Қараңғыда ат көрінбеді. Біркертпе тастың ернеуінде қарауыта қозғалып жатқан қарайғанды көрісті.

Жолдастары Жамантайдың атын атап дыбыс бергенде бірқалыпты ыңқылдан басқа жауап естілмеді. Жатқан жалғыз кісі сияқты. Кім екені белгісіз. Тек қасына тақап келгенде ғана Жамантай екенін білісті. Басынан қан ағып жатыр екен. Алғаш ұстай алған жылқышы жылы қан қолына тигенде: «Мынаған не болған, қанға боялып жатыр ғой?» — деді. Жылқышылар бұл хабардан сескеніп қалды. Әртүрлі тіксінген үндер қатысты. Жамантай ептеп ыңыранып, есін енді жиюға айналды. Болған оқиға мынау еді:

Қолында жетегі бар жау алғашқы жылқышыдан сытылып қашып шыққанда, Жамантай «аттан!» салып, сойылын ыңғайлап алып, төтелей шапқан. Жау мұны көрседі, төмен бұрылып кетпей, алғаш қиялаған бетімен дыбыс бермей қамшылаып қаша берген. Төмен тартпағаны — беттің тіктігін, тастарын ойлаған. Жау жер жадысын білетін анық жырындылығын істеген.

Жамантай жоғарыдан бұған қарай шауып келіп, ұзатпай-ақ ұрымтал жерден айқасып қалған. Бірақ көлденең келе жатқан қос ат ылдига ұмтылған Жамантайдың атын қағып жығып кетуге болушы еді. Жылқышы соны мезгілінде ойлай алмай, ерте сақтық істей алмай

қалды. Ағынмен келіп, бір рет сойыл сермеп ұрып қалды, бірақ тым жақын келіп сермелген қару анаған дендеп тимеді. Иынан асып, орта жері ғана тиіп еді. Екпіндеп келген аты қосардағы биеге қақтығып, сүрініп кетіп, ылдиға қарай құлауға айналды.

Бақтығұл белбеуіне қыстырған қолшоқпарын босатып алып, қиыс өтіп бара жатып, артына шапшаң айнала беріп, бір қолдың сыртымен қара шоқпарды сілтей соғып жіберді. Жүріп бара жатып сермесе де, жүрегі тіксіңбей, есеппен нығыздап ұрып қалған шоқпар Жамантайға ауыр тиіпті. Дендеп келіп қара құстан тиген екен. Сол арада жылқышының аты да жығылған, соның басынан асып, ылдиға қарай Жамантай өзі де домалап құлап кеткен.

Бақтығұл ең соңғы тосқан қауіп-қатерден сытылып шығып алып, аса қатты шаппай, жолды болжай желе, текірекпен алдағы тасты айналып, қарағайға кіріп кете барды.

Жабылған көп иттің тобынан жұлқынып аман сытылып шыққан көкжалдай болып, өз-өзінен дүрдиіп, бүлкіледетіп жорта берді. Екі-үш түп қарағайдың арасында тура жүрмей, қуғыншыны беттен шатастырмақ үшін, екі рет қисық шимай салып жүріп жіберді. Кейін ізге түскен қуғыншыны да адастырар жүріс еді. Бетті ілгері-кейінді бұрып-бұрып жіберіп, түлкіше жорытып, жалтара жүріп кеп, енді өз жағына қайта беттегенде артына бір айналып тын тындап алды. Бағанадан боз биенің сырт нобайын көргені болмаса, анық қандай жайы барын білген жоқ-ты. Енді биені ақырын сипаңқырап келіп, жалын ұстады. Тікендей қатты, өскелең күземе қылдың түбіндегі қобдилаған қалың май саусақтарының басын тып-тырыз боп керә түсті. Сүйсінген Бақтығұл «жануар!»— деді де, тіл-көзден аман болсын деп, саусағының басына «түф-түф» деп ақырын түкіргеннің ишарасын жасады.

Бақтығұл үйіне қарай асыға берді. Аз жүріп күндіз бекінген қарағайына келгенде, аспанға қарады. Баяғысындай сіркелеп жауған ақ жауын. Аспан түнерген қараңғы. Әлі де көздің алысты көруі қиын. Әр жайды болжап нобайлаған болса, Бақтығұлдың көзі болғаннан ғана көретін сияқты.

Түн мөлшерін біле алмады. Ал жер шаршысы көңлінде сайрап тұр. Адаспақ түгыл, күдікпенер де емес. Таң әбден атып, ел тұрған мезгілге шейін Бақтығұл сартылда-

тып жүре бермек болды. Сол оймен сәл аттан түсіп тартпа мен айылды босатып, боздың ер-тоқымын көтеріп, ат арқасын кішкене желпіп алды. Кейін жайлап ерттеп шай айылды босырақ, тартпаны мықтап тартып қозғалмастай қатайтып алып, атқа қайта мінді. Енді жүретін жерінің бәрі еңіс болатын. Түн олжасына ыраза болып, саспай қамданып төл атына қайта мінген шарында боздың белі көтеріліп, тынығып қалған өкен. Ойға қарай жіті бастырып қарағайлы тауды құлдилап қос атты жортуылшы жол тартты.

III

Бақтығұлдың аулы жаңағы аттанған тұстан күндік жер. Таң ата Бақтығұлды ұйқы жөнді. Бірнеше күннен бері талған денесі аз тыныштықты тіледі. Бірақ орнықты нық ниетпен істелген іс мұрат қылған шегіне жеткенше тоқтағысы келмеді. Дененің әлсіздігін жеңіп, бірқалыпты қатты жүрісті бәсеңдетпей, таң аппақ атқанша жүрді. Ендігі жеткен жерінде қыстаулар бар. Әркімнің көзіне түсіп қалуға болады. Сондықтан таудың бір қабат ішін алып, ылғи ғана қалың қарағайды құндыздап жүрген.

Сонымен арада бір-ақ жерде ғана демалып, келесі күні түс ауа биік тау қойнында жасырына отырған жалғыз қорасына тақап келді. Мұның жалғыз үйлі кедей аулына сапырылысып келіп жатқан кісі жоқ болса да, бөгелместен малмен келу ағат болар еді. Аулының желкесіндегі қиын тасқа боз биені төрт аяғын тас қылып бекітіп тастап, өзі үйіне келді.

Жыртық киімді, күрең жүзді Қатша балаларына шай қайнатып отыр екен. Үй іші әлі қора жанында тігілген жыртық қара киіз үйде. Тамға кірген жоқ-ты. Үш бала бар. Үлкені Сейіт — он жаста. Қалғанының үлкені — бес жасар Жұматай. Ең кішісі — екі жасар, емшектен әлі шықпаған қара қыз — Бәтимә. Бақтығұлдың келгені үрпип жүдеп отырған кішкене кедей үйге жан кіргізгендей болды. Ұзын бойлы, ашамайлау келген Қатша ерінің жүзіне жылы қарап қарсы алды.

Бақтығұл үндемей жай қозғалып, есік алдында жатқан шырпы отыннан аттап өтіп, төрге қарай шықты. Бірақ отырмастан, маздап жатқан отқа қызырып:

— От қалай жақсы еді, тез беретін шайың бар ма, қатың? — деді.

Аз күйбеңдеп, байына таман бой соза түсіп, Қатша: — Жол болды ма?— деп күбір етті. Оған тура жауап берудің орнына, Бақтығұл:

— Бол, шайынды болдыр, жұмыс бар!— деді.

Қатша үйіндегі барымен шайын берді. Жаздан іркіп жүрген жалғыз сиырдың майы бар-ды. Кебежені ақтарып, ескі қарыннан сонысын да алып салды. Анда-санда түрегеліп, қозғалғанда, шай құйған шақта жұмысқтау жылы денесін Бақтығұлға сүйкей өтеді.

Балалар әкесі келіп, үй ішінің шырайы өзгергенге мәз. Шеше мен әкенің жақсы қабақ, оң шырайларына бұлар да белгісіз себеппен жылынып, көңілдене бастады. Жұматай мен Бәтимә бірін-бірі түрткілеп, сықылықтап күлісе береді. Бақтығұл үш-төрт кесе шай ішіп, қайтадан киініп түрегелді. Үй ішіне әрдайым көп сөйлемей, сырт жаңалығын бір-ақ әкелетін тұйық мінезі бар-ды. Сол дағдысымен тек әйеліне ғана бір айналып:

— Аздан соң қабынды алып кел,— деді де шығып кетті.

Жұматай ойнақылданып: біресе Сейіттің, бірде Бәтимәнің қолындағы ірімшік-құртын тартып алып, кейде алысып кезек жағаласып қалып, көбінесе өзі де қутындап, Сейітті де күлдіріп, үйде ойнап қалысты.

Қатша балаларға: «Үйден шықпандар! Отты байқап отырындар; кісі келсе, сапам тезек тере кетті,— дедер!»— деп жүріп кетті. Қора желкесіндегі бір жөке жақпардан асып түскенде, аржағында үлкен қойтастың баурында боз биені жардай ғылып жайратып тастаған ерін көрді. Үлкен ту биенің төрт борбайы көтерілген. Бақтығұл биені шапшандата сойып, терісін сыпырып тастаған екен. Бұл жартас тегі қора сияқты болып біткен Айналасында кірер ауыз жоқ. Бұрын көл сияқты бірдеңенің орны болса керек. Келетін кісі сыртындағы бір-ақ жердегі ернеуден асып түседі. Айналасы тастан салынған қабырғадай бітеу бір жасырын жер. Бұл жыраның сырты да жақсы. Маңайының бәрі де шашырап түскен үлкен-үлкен қойтас. Араларында белгі жоқ: быжырық шатқалаң. Сырт көзге де қалың бір бытқылның жер боп жататын.

Қатша көк биені жұлқылап жатқан еріне көп сөз қатпай-ақ, бірге сойыса бастады.

Биенің ішін жарған соң да Қатша мол етті мүшелеп бұзысуға қатты көмек етті. Қақпақ тастың түбіне кішке-

не ғылып, сыздықтатып от тұтатты. Бақтығұлдың бірнеше күн аш екенін еске алып, май тыққан көк бұзырмай, тағы бір екі кесек майлы етті де шоқтың арасына тастап жіберді.

Бақтығұл түтіннен біреу сезіктенер деп ойласа да, Әйеліне «қой» деген жоқ. Аштық ақыл ойлатпады. Сонымен жеш батқанша биені шала-шарпы сойып болып, ақ күнге керек болатын етті бұзып ыңғайлап, қол мен санды бұзусыз күйінде қора тастың ішіндегі үңгірге орап апарып тығып, аузын үлкен таспен мықтап бекітіп, әзірге бір қап етті ғана алып, екеуі ымырт жабырлар шақта үйге келді.

Бақтығұлдың көңді талай күнгі қауіп, сақтық тынышсыздықтан енді біраз жай тапқан. Қалың тік қара мұрттың астынан сәл сүйсінгендей жымияды да үндемейді. Қатша қапаш-құпаш қамданып, кішкене қара қазанды жанып тұрған құрғақ аршаның үстіне асып жіберді. Мөлшерден артық болғанына қарамастан, биенің телшесін, қолқа-жүрегін, бірталай басқа майлы еттерін жалымен қосып салып тұрып, отты жиі қағыстырып, мазда-тып жаға бастады.

Әредікте отқа салып, балаларға бауыр пісіріп беріп отырды. Сейіт ала жаздай мынадай көп етті көрмей жүргендіктен, сүйсінсе де сыртына шығарып білдірген жоқ. Бұл бала әке мен шешенің қуаныш-қызығынан, көңілді-көңілсіз күйлерінен, әрдайым әлденеден шеткерірек болатын. Кейде үй іші томсарып, ашумен тыртысып отырғанда ол ерекше желігіп өз-өзінен көтеріліп, ойнап кетеді. Ал тағы бір кезде үй іші мээ-майрам болып отырғанда жабық қап, түнеріп, мең-зең боп үндемей қалатын да әдеті бар. Ондай күйлері болғанда алдына үйіп-төгіп қойған молшылықтың барлығы да оншалық әсер ете алмайтын. Қуана алмай қыңыр тартып, әке-шешесін ұғына алмағандай сазара қарап қалатын.

Жас ет асылып, шешесі күлге түсіп, көп сөйлеп, балаларды аймаларанда, Сейіт құр сараң жымғаны болмаса шырай берген жоқ. Жылы, жарық оттың қасында оұрқылдап қайнап жатқан жылқының жас етінің исі мұрнына келе отырып жайланған Бақтығұл енді қор етіп қалғып кетті.

Әйелінің әрбір сөздерін тыңдай, кіші бала Бәтимәні шолақ тонының етегімен орап қымтай түсіп, қайта-қайта

қалрып оянады. Қатша етті тез пісірмек боп, отты қатты жағып асығады. Ерінің шаршағаны асты тездетуді тілейді. Бірталай уақыт өткен соң кішкене қазанның асы да қайнап, пісуге жақындады. Қатша қал жуатын жылы суды шәугімге құйып, қалғып отырған күйеуін оятып, кішкене шырадан жасады. Қазан түсіруге де қам қылды. Бактыұл бойын мен-зең ғып ауыр салмақпен басқан ұйқыдан көзін зорға ашты. Екі көзі қып-қызыл боп қанталап, жақындағы қызыл жалынмен ірең салыстырғандай жалт-жұлт етті. Ұйқы уақытында іргеден соққан күз суығынан жаурыны тоназып қалған екен. Құнысып, ырғалып, жотасын бір-екі қозғағанда бойы сәл сергіп қалды.

Бас жағында жерде жатқан белдігінен өткір, ұзын қара пышақты суырып алып, сол қолының бармағымен сүйкеп жүзін көрді. Семіздің майында сынаптай жорғалағалы лыпып тұр. Сонда да етігінің қонышына бір-екі жанып жіберіп, от басында тұрған шәугімді еңкейтіп сулап шайып алды.

Қатша қазанды түсіріп, табакқа ет салғалы қозғала беріп еді. Дәл осы шақта қораның алдыңғы жағына қарап, жаман сұр қаншық пен екі қара ала күшік шәу етіп үріп қоя берді. Қатша шошып қалып, ожау ұстаған қолын көтерген бойы айналып еріне қарады. Бактығұл да мезгілсіз қадалып үрген ит даусынан сескеніп кеудесін көтеріп, құлағын сыртқа қарай тіге қалды. Дүрсілдетіп жүріп келе жатқан көп аттың тұяғы мен сүйретіп келе жатқан сойылдың тастаққа соққан тықыры естілді. «Бәле болмаса игі еді, қазанның бетін жап!» — деп қалды.

Қатша сасқан қақпақты таба алмай, астында жатқан ала қапты алып қазанның бетін жаба салды да, бусанып тұрған ожауды жанындағы шелектегі суға батырып жіберді. Өзі күр жерге жалпынып отыра кетті. Шала жабылған қаптың шетінен қазанның ыстық буы шығып жатса да, оны байқай алмады.

Үй іші есін жиғанша аттылар жапырлап түсе-түсе қалып, алды үйге кіре бастады. Түстері суық. Енді аңғарса Қозыбақ ауланын жігіттері. Сырт ажар, сызданған жүздерінен өңшене нығыз, асқақ содыр топтай. Өлдекімге өздері тікелей батырып зорлық қылмаса, бұл өңірдің бірдебір қазағы өз бетімен бұл топқа келіп соқтыға алмастай. Бір болыс бүрген ішінде анық сезінген қарталы мықтылар. Алдыңғы кіргендер ішінде Сәлменнің тап өзі.

Қасындағы Қозыбақтың өңшен содыр мырзалары. Кішкене үйдің ішіне алдыңғы келгендер толып болса да, арты таусылмай кіре берді. Соңғылардың арасында теке сары сақалды, бітік көзді, ұзын сары кісі тәйтiк сөздер сөйлеп кірді. Жанындағыларды қағытып, итере келген. Бақтығұлға амандаспады. Үй ішін айнала қарап, мұрнын тартып тыржитты да қазанның қасынан әлі күнге кете алмай талтайып отырған Қатшаға, сүйене келіп жайғасты. Бұл үймен таныстығы бар. Қатшаның сасып отырған кескінін қу көзбен шолып қалып, арсыздау күлкімен жымнып көзін қысты.

Келген топтың басшысы — Сәлменнің күміс белдігі бар. Өзі қиылған қара мұртты, танауы ежірейген, үлкен қара көздері шаншыла қарайтын, аласа бойлы қара жігіт көп іркілмей сөз бастады.

— Кеше түнде біздің Дөң жайлауда жатқан жылқыға ұры кіріп, бір ту биені алып, жықышы Жамантайдың басын жарып, соққыға жығып кетті. Алдырған — албырт: анасының қойнын ашады. Із шалғанда сүйреткен сойылдың сорабы осы ылдифа қарай кетті. Бір бозға мініп, бір бозды қосарға алып, бүгін таң сәріде осы желкедегі қарағайға келіп кірген жалғыз аттыны көрген бар. Кейін сенің қора тасыңнан жіңішкелеп шыққан түтінді де көріпті сол айтушы. Көп сөзбен арбасатын дәнеңе жоқ, қысқасы, малды сенен көріп кеп отырмыз, жөнінді айт! — деп еді.

Бақтығұл бұл топқа өңшен Қозыбақтың өрен-жараны болғандықтан шетінен кекті; қанды мойын құныкерім де дұспаным деп білетіндіктен, келістерінен де, мынау сызды-салқын бетінен де сөскенген жоқ. Ішінде «өзім ақпын, сен қарасың, саған не істесем де рауа» деген қияс кекесін, ызалы кек отыр. Жаңағы сөзге сәл үндемей, Сәлмен жүзіне қадала қарап отырып: «Бақтығұл қашан ұры болып еді? Бндігі маған етпек қиясың — ұры демексің бе?» — деді.

Сәлмен шапшаң сөйлеп, ызалана түсті.

— Ұры демесем, ұрыдан құры да емессің!

Бақтығұл алғашқы бетінен қайтқан жоқ.

— Ендеше, тауып ал сол ұрынды да, құрынды да.

Бұдан әрі екеуі қырын отырысып, қатқыл-салқын үндермен, қияс түспен егесе қарасып, жылдам жауаптасып кетті.

— Мен тауып отырмын! Ол — сенсің.

— К м айтты деп солай дейсін?

— Айтшы бар деп солай деймін.

— Атып кел айттушымды, мойным сапсың!

— Аты ағысқа айдамаңсың ғой. Мені сорғалаған қан, сойықтаған із өкеліп отыр. Сен алдың малымды. Кешегі аялдама өскен Бақтығұл ең.

— Баба, қолыңда өскем, мынауың қай сұжымның? Жалаң не?

— Сен маған нестың етіп отырсың. Мен не қылған адам едім еяған?

Бақтығұл енді жалтарма! шығға қарай ауысқысы келді.

— Не қылмап ең?

— Немді алмап ем сонда?

— Немді алмадың? Жанымды да алғансың! Жар деген жалғыз қанатым — Тектімді текпінмен өлтірмеп пе едің!

— А солай де! Ендеше құныгерім екем ғой!

— Баба, құныгерім екеніңді аузыңа құдай салып отырған шығар. Сенің соққыңа жығылып, сарпөсек болып алты ай қыс жатқанда, жиырма жыл босағанда піріген сол Тектіғұлға тым құрыса қатқан тоқты — қалай бердің бе?

— Е санай түс келеше, тағы бар болар менен алмағың? Теті менің малымның қажартысы сенікі шығар. Қалайшырған қара мойын күлі Қалай-қалай таяттың! Жүнігерім аяуымен құдай алған ініңді әкеткен ажал мені деп пе ғи? Санашы тағы. Қандай алмағың бар екен Қолыңмен. Салмағыңмен өлі дегі?

Бақтығұл қайнаған әділ аяу үстімен, не де болса барын айтып қалмақ ниетте болатын.

— Санағың ең? Ендеше, он алты жасыңнан отыз алты жасыңна дейін, балтауың күзге дейін жиырма жылдык қысқа қар тасып, мұз жастанып, жаз жалғыз туы тағымен қорық күзеткенде, аяқымның соғымда өлім өттім. Дегені мен аяқымның соғымда, қорығымның шетінде тұндер қысқа қар ыңдырған жиырма жыл бойы інім — Тектіғұл ең! Оя ең жыл бойыңда мынау өбелім — Қалың шеңберім — Қалай байыңның қолыңа сарала еңке күн болып, өткенің кірің, бүлімнің шықты. Сол барыңмен аяқымның қорығымда немен шықты? Екі қолымның аяуыныңмыңа тығап шыққанымды жоқ па?

Салмен шытылды, жарылардай сыздап отыр еді. Мынау сандар бетке тасқан қышқалай шаба талы.

— Әй, сөйтіп, айшаар да, құштар да мен болған-дыктан тұлді осылай бекіт, малымды маған кзай осылай жұмсап отыр емесің ғой. Сен не дедің осы?! Маған дауыссыз айтып, өзіміңді де айтқын ғой. Тілі мен сөгіп, қолыммен қылып отырсың ғой қыласыңды! Енді оттағанды қысқарт, сал малымды кзай орнына!

— Малымды ертең көлдененнің алдына барып айтықшыа аларсың!

— Уәмей, адыра қал! Нә күшіме сенеді екен осы? Қанғыған қу кедей!

Мен күшіме сенген кісі емеспін. Сен күшісің. Бірақ мен гөретпіден, көлдененнен арамсызды айырап әділет іздемек болдым.

— Аларсың сен, саяқ саядырақ! Қозыбақ аулынан есе қумақ сенің не теңің еді? Көлдененге бармақсың ғой. Барайық. Болсын солай! Бірақ кзай малымды шығарып бер. Бір бие емес, жүз биелік сөзің бар екен. Жедіп ал да бәрін ал! Кзай биелді шығарып бер!

Бақтығұл бұл тұста жалғармасқа амалы болмады. Айлакер жоқшы алдап түсіргелі отыр. Тығырыққа қамап тұр.

— Биен кзай қолымда жоқ.

— Ол қайда?

— Бір іліктесіме жетектетіп жібердім бүгін.

— Жаның шықсын, өгірік!

— Шыным сол! Бар жауабым да сол! — дегенде қатуланған Салмен қамшысын жұлып алды.

Сол кезге төмен отырған сары кісі басын көтеріпкіреп, дүңкілдеген келексіз жуан дауыспен:

— Әй, Бақтығұл, жөніңе көшсенші! Атты алысқа айдап кзайтесің! Нақ осы қазандағы мұрыңды жарып бара жатқан жас жылқының еті қайдан шықты? Осыны қалай таптың? Көше, елді ағарып кзай! — деп кзіміңге қазанда Катваным ағзынан көтеріп алып, ортаға қойып таң қалған жұрттың көзіңше ала қапты жұлып алды.

Сары сақал мұрымен қойм. Катванға бұйрық етті.

— Табақты әкел! Өз малымды еті осы. Сен жеткенде, біз жөней ме екеміз? Қол қол жұмылап! — деп бұйырғанда, барлық он шақты Қозыбақ жігіттері мазақтай күле түсіп, қамданысқа бастады.

Қатван ұяттан жерге кіргендей намыстанып қысылды

да, табақты алып берді. Сары сақал етті өзі түсірді. Енді барлық жоқшы оқырана күлісіп, бірін-бірі қып-жақпен қолыта отырып, піскен еттің барлығын табаққа өз қолдарымен салды да, қоралай отырып, қол-қолға бір-бір түйірден үлесіп алып, жақсы піскен жас етті күйсей бастады. Араларына Бактығұлды шақырған да жоқ. Қатша ашумен көзі жайнап, тамсанып отырып қалды. Өмірде не қорлықты көрсе де, дәл мұндай жер болғанды білмегенді.

Бактығұл бабын таппай, бірнәрсе демек болып еді. Мына жұрт ендігі сөзін тыңдамастан, етті соға берді. Аяғында етті тып-типыл жеп алған соң, тасыр қара Сәлмен Бактығұлға әмірлі дауыспен зекіп бұйрық етті:

— Тұр, қораңның ішін көрсет! Тінтеміз. Саған осы биенің етінен бір жапырақ бұйыртсам — атым өшсін! Барлық етін қазір алып кетемін. Енді жаның барында алдыма түс, бетінді түзе!

Үй іші тасыр Сәлменнің ашулы сөзінен сескенгендей жымдай қатты. Бактығұлдың шаршаған, ашыққан бойы бұрында ашумен қатты тыртысып, зорға шыдап отыр еді. Ендігі мінез мұны да жарып жібергендей болды. Жанындағы Сәлменге суық жүзбен қайсарлана қарады. Қанталаған қызыл көзін бір қақпастан қадалта отырып, ашық анық қып:

— Аспай сөйле, мырза! Қорқытсаң — дұрысыңмен қорқытасың. Шошаң қағып, беталды тасырлағаныңа үрейім ұшпайды! — дей бергенде, Сәлмен оң қолында бүктеп ұстап отырған сарала қамшымен Бактығұлды бастан шапшап тартып-тартып жіберіп, әкеден құлдилатып шұбыртып бақтап жіберді. Дәл мұндай жаза Бактығұлдың қатын-балз кезінде көрсесем дейтін ажалы еді. Бір жағынан Қатшаның:

— Уа, құрған Қозыбақ, құдай төбесінен ұрсын! — деген намысқор айғайын естіді.

Момын баласы Сәлмен бақыра жылап жіберіп: «Шошақпен айғайлап төсектең секіре түсіп, Сәлменнің үстіне ұмтыла жытыла берді. Мұның бәрі бір-ақ сөт ісі еді.

Бактығұл не болса да, қарсыласып өлуді тіледі. Сейтін жиі ұшырып ара түсуі әке жанын өртеп жібергендей болды. Жай-дәрімен қолына ұстап отырған қайың көсеуді жұлып ала, Сәлменнің қамшысын сол қолымен жұлап тартып, атып тұрып, көз жұмғандай шапшаңдықпен Сәлменді қақ бастан үш-төрт рет тәрс-түрс періп-пе-

ріп жіберді. Бірақ Бақтығұлдың бар қайраты осы: ең соңғы қарсылық қиылы сол болды. Келесі секундте он шақты жау қолдар қамшымен, жұдырықпен бұршақтай жауып, жалғыз жігітті оттың басына шалқақсынай алып соғып келіп салды. Ашу-айғай үстінде Сөлменнің «Әкеңді... тоң мойын күлі», «ертең ғана Сәт болыстың мөрің бастырып, баукеспе деп абақтыда, абақтыда... шірітпесем, өкемнен тумай кетейін!», «Жерге қарамын, жерсібір айдатамын!» — деп, Бақтығұлды тепкілеп жүріп, төлеп сөйлеген қастық сөздері жаза көруші жалғыздың жанына жамаң сінді.

Жаза тынымсыз. Тепкі мен қамшы, боқтық пен зорлық бар қорлығын етіп жатыр. Басы мен ұлы денесінің ешбір жерін талғаған жан жоқ. Өкпеге де, бетке де етіктерінің өкшесі, бүктеп ұрған қамшы да саябырсыз, толассыз тиіп, көз алдынан дамылсыз нажарай ойнағандай, от ұшқындарын жарқ-жұрқ ұшырып жатыр. Бұл күй азғантай уақытқа ғана созылғанын сезеді. Содан әрі Бақтығұл ешнәрседен хабарсыз: қара түнде бір зынданға, я үлкен қараңғы күзге лақтырылғандай; обир-тажал жұтып кеткендей; үлкен меңіреу жоқтыққа бір-ақ батып кетті. Ақырғы ғана рет көз алдынан бір жарық лап етіп барып, шұрылына кесіліп сөніп қалғандай. Сол соңғы секундте шекесінен тыз етіп тиіп өткен біздей өткір шаншуды ғана сезіп қалды. Ең соңғы сезім ұшығы сонымен таусылды.

IV

Арада қанша мезгіл өткенін Бақтығұл білмейді. Ол есін жиғанда ең алдымен сезгені — шөкесі шаншып, қатты ауырып жатыр екен. Таң атыпты. Тағы да оытырлап жүдеу жауын жауып тұр. Үй іші отсыз, сұп-сұр суық. Ыңқылдап көзін ашқанда қасында бүкшініп, екі көзін ыстық жаспен ісірген күйде өзіне үніле қарап отырған әйелін көрді. Түсі сұрланып жүдей түскен. Үн де жоқ.

Күйеуінің қанын шала-шарпы ғана жумпты. Бақтығұлдың екі көзі ісіп кеткен. Бетінің әр-әр жері көгеріпті. Шекесі жарылған екен. Сол арасынан өлі де анда-санда шып-шып қан шығады. Үстіндегі тонына шашырап барып қатқан қара қан тамшылары өлі көрініп тұр. Сейіт жылап отыр. Қашаннан жылаулы? Үндемейді. Неге жылайтынын айтпайды. Түндегілердің дыбысы өшкен: тегіс ке-

тілті. Қатша мәлім етті: Бақтығұлды жайлаған соң, мұны да ұрып-соғып, қорқытып отырып, етті тыққан жерді сұрап алады. Шаланы тұтатып жарық етіп жүріп, қоранып бар түкпірін тінтіпті.

Кеше кешке әкелген бір қап етті қой қораның төбесіне іліп қойысқан еді, оны да тауып алды; қора тасқа тыққан етті де түгел әкеткен. Таң атқанға шейін кетпей күзетіп жүріп, галертең ондағы ет пен теріні түп түгел суырып тауып алыпты. «Біздің көбіне» десіп, терісін таныпты. Содан соң жаңағы бір әзірде түндегі сары сақал қасына екі жігіт ертіп келіп, Бақтығұлдың жайын көріпті. «Және біреуіңді өлгірдік пе» деп ойлағаны шығар. Бірақ көп қаран отырып: «әлетін емес, демі бар»— десіп, үйдеп шығысыпты. Қайта-қайта ауыздарына алраны абақты-абақты. «Ағам Сәттің болыстығы рас болса, мөрің бастырып, осы келген он кісіні куә ғып пүртәкәлдеп, Бақтығұлға абақты кескіземін, жер аударам, Итжеккенге жіберің, сонда шірітем!»— десіпті.

Кейін бәрі де қайта жиылып келіп, «малымыздың төлеуі» деп, боз атты шығарып алынды. Айып-қымбы деп, қызыл сиырды айдап кетіпті.

Бақтығұл бұл істің ешбіріне де сөз қатпады. Сескену, қорлану — барлығы да іште жатыр. Тек қана тағы да аштыққа қалған үй ішін ойлап, балаларын көріп, ақырын ғана: «Енді қайтті?»— деді.

— Еттің бәрін сыпырып-сиырып алып кетті. Бір жапырақ та қалдырған жоқ,— деп, Қатша ызалы уайым үнін білдірді.— Түп-тура шауып кетті. Төбеннен ұрғырлардан не жақсылық күтесің? Сұм Сәлмен! Шаңырағыңды ортасына түсірің, шауып кеткен жоқ па? Құдай тілеуіңді бермей, көріңде өкіргір, көседі—дейді.

Қозыбақ аулы қолымен бияік қылып: төлеуін де, айыбын да өзі кесіп, өзі алды. Оның үстіне үй ішімен тегіс жеткен таяқ, жарылған бас, қып-қызыл жоса болған қан — міне. Қатын-баланың көзінше қызыл-қырғын шабынды жасап, бәрінен де намысқа тиген тегі — мынау. Намыс пен қорлықтан ішке шок түскендей өртегіп күйген Бақтығұл қатты күрсінді, аунап түсті.

Бір биенің жазасы неше сыбара болды. Артығымды бер деп, Қозыбақ аулынан жоқтап алар Бақтығұл ма? Анау жуан сотқар ауыл аяғына отыртар ма? Тегі мұның сөзін сөйледі, есіркейтін тірі жан бар ма сіре да? Әй, жоқ қой! Сөзі оң болғанда, өзгенің көбі ана содыр-сотқардан

сескенеді де сөйлей алмайды емес пе! Ая Бақтығұлда се-нерлік ел бар ма! Пана бар ма? Ол да жоқ. Өзі қалың Жаным ішінде жүрген азғана үй кірме. Жыны жиырмаға толмайды. Оның да басы бір жерде емес. Әрқайсысы әркімнің қасындағы қоңсы. Шетінен келей, қара құрымдарынан басқа түгі жоқ. Өзі кедей, өзі аздың сөзі пұл бола ма? Соң ағайын тұтасымен, осы елдің ішінде жүрген малшы құл есеңті болғандықтан, бақтыдан бері ең болмаса бір де бірі, ұлтарактай болса да, жерге де не болмаған.

Бақтығұл «солардың көнген сорына мен көнбесем», деп өмірде талай талпынып көріп еді. Бұл өзге ағайындарынан жігерлі, ер екпінді, естірек те болды. Заманы тура болса, тәуір адамның бірі боларлық ақыл-сезімі, тіл орамы да бар. Бірақ өзінмен туған туыс қана жетпейді. Бұл көрген өлем — көшпелі ауыл тірлігінде зорлықшы көп сотқарға есең кетпес үшін, етек алған қалым ірген болу керек. Әйтпесе, сен — көзге тұртқи; сен — ел ішіндегі саяқ-сандырақ, кірме... Осының бәрі жасынан шығынан басқан тағдыр жазуындай емсіз дерт болса да, Бақтығұл өзге Сарыдан сергегірек болуға талпынды. Ең аяғы, құлдыққа көнбей, есік қақты болмас үшін, өзіндік тірілік етемін деп талап қып еді.

Аяғы келіп мынаған соқты. Енді жалғыз үйлі Сарыдан шығып, Қозыбақтың ту биесін тайдай тал түсте әмеліп сойып алып отырған Бақтығұлдан жұрт жаласы арылмайды. Әсіресе болыс пен билер құрық салады. Мынау көрген — көрген емес. Кетерде Сәлмен айтқан абақты тегін айтылған емес. Оған қарай басса — сұмдық. Әлдешеше сыбаға болып келетін пәле мен қа а. үлкен толқын соққы бар. Бұдан соң талай-талай жазықсыз жерінде мұны жығып беретін Сәлмен мен Сәттің қарғылы табеттері — билер бар.

Өз қолтықтарында жүрген, өздері аттандырып жүрген анық бауқесне ұрыларын бермей, тығып-сүйеп қалу үшін де Бақтығұлдай панасыз жалғыз саяқты алдымен құлдан ұшырады. Бөр-бәрінің түбіне... айдаһардың аузындай, қап-қара түсті ажалдай кесілетін абақты бар. Ойна осы келген жерде Бақтығұл селк етіп шошып кетті. Мұның барлық тірлігін ойша болса да қатты үркіп қорқатын құбыжымы — осы абақты.

Неліктен екені белгісіз, өмірде қауіп-қатердің, мысалы, атүсті соғыстың қандайына кездесе де, құты қашып

қорқып көрмеген Бақтығұл абақтының аты екеш атын да тыныш тындай алмайтын. Енді бүгінгі қысылған халінің үстінде сол жалмауыздай қатердің қара шойын есігі мұның қиялының алдында бейне қараңғы көрдей азынап, ашылып күтіп тұрған тәрізденді.

Осы жол қорыққанда, Бақтығұл таудағы жайын аңның кей қатерден ерекше тағылық жайындықпен жыта қашқанындай қалтырай қорықты. Қорғансыз басын түндегі дұспандар ең аяғы абақтыға шейін де аямай апаратынын ойлағанда, Бақтығұл дүние-тірліктің барлығын талақ еткендей. Аунақшып келіп күрсініп.— Мұншалық қорлыққа жеткізді-ау! Жалғыз рет тұяқ серіпкен қарсылығым. Панасыздың көрері осындай итшілік күн болмай, не болушы еді!.. Енді сүйенетін кісі таппай болмас. Қорған таппай, тірлік жоқ болды ғой. Барынды беріп, құл болсаң да, кешегі Сәлмен айтқан кеселден сақтап қалыр біреудің қолтығына кірмеске лаж жоқ. Сондай жауға жаумен ұстасар менде не дәрмен бар еді? Ойласам, бөйымнан артық жұмыс екен!— деген.

Өмірі Қатшаға мұнша көп шешіліп сыр айта қоймаушы еді. Қатша «байғұс өліп қала ма, бүйтіп көрген жоқ еді, қалай айтқаны?»— деп, ішінен күдіктеніп сескеніп отырды.

Бақтығұл жаңағы пана табамын деген сөзді нық байлау сияқты айтты да, артынан ол жайды қайта қайырмай, үндемей жауып қойды.

Арада бір жұмадай уақыт өтті. Жарасынан жазылып, түрегелген Бақтығұл енді әл жиып, атқа мінетін болды.

Боз ат Қозыбақ аулына кете барса да, жақындағы жылқылы ауылдың біріне қосып қойған тағы бір аты бар-ды. Малының бары да, ажарлысы да екі аты болатын. Одан басқасы екі-үш сиыр мен бесті-онды ешкі-лақ. Жүруге жараған соң, Бақтығұл жирен атын ұстап мініп алды. Мұның жорғасы бұл өңірде жоқ, орасан қатты болатын. Өзі жаздай құр: сұлу, биік, жазан келген мінсіз жақсы ат. Көп ел сыртынан қызығатын. Бір болыс Шалқар Бақтығұлдан бұрын, жирен жорға атты білді десе де болғандай.

Боздан айрылып жалу қалған соң, соны мінген Бақтығұл жалғыз оқты кәрі шиті мылтықты оқтап алып, сайды өрлеп тауға шықты.

Күн ұлы сәске кезі, Тауды жүндес бөстектей орай бас-

қан көкшіл қалың қарағай; жүргінші соның ішіне келіп кірді. Тоқтаған жоқ, өрлей берді. Бірталай жүрген соң, қарағайдан шықты. Аржағы қалың-қалың заңғар биік, серейген тектұр қызыл тастар. Тылсым бұғандай жымжырт күйде мелшиіп қатып тұр. Атты ақырындатып, қабырғалай басқызып отырып, бір үлкен күз, қиын қызыл тастың ығына жақындап келді. Бұл тұста аңнан басқа мал да, адам да болмайтын. Кезіксе, бірен-саран аңшы ғана кездесуге болады. Шатқа жақындап келген соң, бір жақпар тастың түбіне жирен аттың аяғын бекітіп қалдырып қойып, өзі басындағы бөркін тастап, шитіні мөлденең ұстап, еңкейіңкіреп ақырын баспалап отырып, шаттың ернеуіне қарай жүрді.

Алдында үлкен күздың арғы беті ғана көрінеді. Ілгерілеген сайын тас қорған шұңқырайып, тереңдеп барады; ауданы да үлкейіп келеді. Қарсы бетте ешнәрсе көрінбейді.

Буалдыр күңгірт күздің кәзіргі күні кірлегендей болып салбырап, кіржиіп тұр. Сұр тонды, сұр түсті жүдеу мерген сұр тас пен түнерген аспанның түсіне боялып, қалың жым-жырттыққа қоса батқандай. Бұғады да ақырын ғана қыбырлайды. Дәл ернеуге жақындап келді. Бір тастың иығына жабыса бұғып, баспалап қарады. Бұрын талай замандар шығып, үйге талшық қылмақ болып көп іздегенде, ату жерге анықтап кез келе қоймайтын арқардың бүгін орайы келердей. Дәл тамағының астындағы бір жеке шошақ басында үш арқар секип тұр екен. Бұлар арғы беттен бірдемеден үркіп қашып келген тәрізді. Еліріп, көз-құлағын сол жаққа қарай қадап, қарауылдап тұр. Бірі құлжа, екеуі ешкі.

Бақтығұл көре бере: «я, сәт!»— деп, нысананы бетке ұстап көздей берді. Бірақ бойын түгел жаза алған жоқ. Шектен тыс сақтығы бар, қылқ еткенді көретін қырағы арқар екі қаратпайтын мінезін істеп, аңшының басы қылп еткен жерден-ақ «пыс» деп жіберіп, биік тастан ойға қарай сатырлап секірген екен. Тек бір тар жауға үшеуі бірдей қарбаласып, қақтығып қалғандықтан, алдыңғы екі ешкі секіріп кеткенде, қос мүйізі шаңырақтай қартан құлжа енді секіргелі қамданған еді. Төселе қадалып келе жатқан қара шиті қарауылы құлжаның көк желкесіне іліне бере-ақ, гүрс етті. Тастың басында көк түтін бұрқ етті де ырғалып толқып қалып, серпіле берді. Сол кезде ақ тандақ қоңыр құлжаның қиралаң етіп, алдындағы

тастан кеудесін асыра алмай, сүйретіле құлап түскені көріні.

Басына Бақтығұл келгенде, шала-жансар жаны бар екен. Ұзын қара шышақты суыра сала, Бақтығұл тамақтан метік қанын шашытып орып жіберді. Ақырғы рет шыққанға қор етті де, тағының жаны шықты.

Сол шақ түс ауып бара жатқан мезгіл еді. Бақтығұл тезірек ақтармалап, арқардың шек-қарнын алып тастап, етін бұзбастан, бөлінен бір опырып терісіне орап, жирен атқа зорға дегенде көтеріп арта салып, екі жағын шылбырмен мықтап таңып алып, атты жаяу жетектеп ойға қарай тартты.

Қы екінді кезі болғанда манағы қарағайдан өтіп, үлкен таудың ішінде өзеннің жағасында отырған бай ауыл қыстауының үстінен кеп шықты.

Бұл — Шалқардың болысы Жарасбайдың аулы. Бақтығұл таңертеннен бері қарай үндемей қамданғанда келмегі — осы ауыл. Арқарды да болыстың бәйбішесіне атып ала бармақ-ты. Мұнда келуге бекінгені бүгін ғана емес, Қозыбақ аулы шауып кеткен түннің ертеңіне-ақ еске алғаны Жарасбай болыс болатын.

Жарасбай — құр ғана болыс емес. Болыстықпен ғана бедел, салмақ тапқан кісі емес. Әрі бай, ерте күннен ұлыққа беделді, саудасы да бар; «ер, мықты» деп көпке аты жайылған адам. Мұны айтса, қолынан жақсы-жаман бірдей келеді, келгенде де молынан келеді. Маңайдағы басқа болыс, хажы, бай, мырза дейтіндердің бәрінен де мұның атағы басамырақ.

Сүйсінетін пана іздеп, үлкеннің ығын ойлаған шақта Бақтығұлдың үміт еткені осы Жарасбай болған. Барын берсе де соған беріп, құлданамын десе де айтқанына көніп, кілтте де Жарасбайға жағынып көрмек.

Далада жалғыз жорытқан көк бөріше бар сырын өз ішіне түйіп, тығып келген тіршілік енді мұны таныр ан. «Бағынды осымен де бір сынап көрейінші. Қозыбақ аулының атаған абақтысынан құтқарса, осы құқарар болар ма? — деп, бір байлау жасаған.

Бай болыстың аулы көп малын тау мен ылдира, құмға бөліп-бөліп отарлап жіберіп, енді ауыл иесі күздің суығынан қашып, қораға көшіп келіп, жарым-жартысы тамға кіріпті. Қеш тақаған соң, ауылдың басты еркектері тыста жүр. Арқар өңгерген Бақтығұл қораның алдына келіп сәлем бергенде, болыс арқарға көз салып, сәлемді

жылы шыраймен алды. Ұзын бойлы, қызыл жүзді семіз болыс, басына сусар бөркін киіп, ақ елтірі ішікпен қыз-қыз қайнап, қызара бөртін, ажарланып тұр екен.

Мұның жасы Бақтығұлмен шамалас: 35—37-дердің мөлшерінде. Қасында қошаметші екі ақсақал мен жеті жасар үлкен баласы, бірен-саран кедей-кешік, малшы-көрші тұр.

Бақтығұл амандасып аттан түскенде, қыстаудың кісі жүретін есігінен қолына құмған алып шығып келе жатқан толық денелі, ақ-сұр жүзді бәйбіше көрінді. Жайлы тыныш өмір әлпештеген таза семіз күй байқалады.

Қанжығаға қызыл-жоса қан болып, төңкерілін түскен шаңырақ мүйізді арқар бәйбішенің де бейілін тартты. Амандасып келіп, еркектермен бірге аттың о жақ, бұ жағына шығып, ол да арқарды тамаша етті. Бақтығұл соны байқап:

— Бәйбіше, бүгін таңертең осы ауылға келейін деп атқа мінсем де, аң еті таңсық шығар, әуелі бір тауға шығып, аң көздеп көрейінші деп ем. Мынау біреу кез болды, арнаған кісім өзін едің, кіргізіп ал,— деп байыпты сөйледі.

Бәйбіше көзін сықситыңқырай күліңкіреп, «қайтеміз?» дегендей, болысқа қарады. Жарасбай әйелінің бөтелгеміне күлді де:

— Кіргізіп ал, несі бар дейсің? Өз тасыңның аңы екен, бермеймін десе де алып қалатын жөнің бар емес пе?— деп сөзін қостаған жұрттың бәрімен бірге сықылықтап күле берді.

Екі шалдың біреуі осы ауылдың ежелгі көршісі, Жарасбайдың әкесімен сыйласқан досы. Мұның барлық мал-жанын басқарып жүретін аға дос есепті кісі. Өзі малқор да пайдакүнем; Жарасбайдың жанкүйері Қайранбай. Сол бәйбішеге қарап:

— Қадиша, ал, қарағым, малай қатындар қайда,— кіргізіп алсын. Қозыбақ аулы арамдағанмен, мұның қолындағының бәрі арам деп пе ең? Бұл Бақтығұл кәлі теңінде ер кедей. Көңлі түскен кісісіне жалғыз атың түсің беретіні де бар. Арылмай жүрген бір қырсық та. Болмаса аларын да, берерін де біледі. Кемсіңбендер!— деді.

Бақтығұлдың келген сапарына бұл сөз анық арман етер сөз еді.

— Қария, несін айтасын! Осы айтқаның кітап сөзіңдей. Тұзым жеңіл, бағым ашылмай, қырсық шалған сор-

лы кедеймін. Бүгін сонымның бәрін шағайын деп мына мырзаға әдейі келіп ем. Бейліме қарай, жақсы сөз айттың. Дуалы ауыз қариясың ғой. Дегенің болсын, ақсақал!— деді.

Бұл кезде болыстың баласы Жанғазы шешесінің жұмсауымен қора жаққа барып екі келіншекті шақырып келіп, үш-төрт кісі боп арқарды аттан түсіріп алып, үйге қарай алғызып жөнелді. Болыстың шолжаң өскен баласы арқардың алдыңғы бір борбайын ұстаған болып келе жатып, оның үлкен мүйізді басымен алдындағы келіншекті итермелеп, бөксесіне соғып барады. Арқар семіз болғандай: етті, мол денелі.

Болыс жаңағы әңгімеге жауап бермей, соған қарады. Тек іштей Бақтығұлды соншалық арамсынған ниеті жоқ. Болыс қасындағы екі қарияның бұл шаққа шейін үндемей тұрған біреуіне жаңағы Бақтығұл сөзі көбірек ой салды. Ол бұған жылы шыраймен қарады.

— Байғұсым, жақсы лепес — жарым ырыс деп, өзіңнің ниетінде жақсылықты ойлаған бірдеңе бар тәрізді-ау! Осы сендей тентек өмірдің әр тарау ой-қырын көріп-көріп келіп, кейде бір жақсылыққа ден қойып, көшелі кісі болып кетуші еді. Әлде сөйткелі жүрмісің?— деді.

Бұл шал Шалқар болысындағы Сәрсен деген басты бидің бірі. Болыспен беті бірыңғай, тілеуі жақсы, достығы күшті болғандықтан, соңғы сайлауларда Жарасбай қалдырмастан, ұдайы би сайлатып жүретін. Оған да дән ырза болды.

— Айтқаның рас, Сәке, үлкен ниеттің үстінде тұрғаным анық. Осы елдің игі жақсысының алдынан арылауың деген тілеудемін,— деп еді.

Болыс күлді де:

— Ойлағаның шын сияқты: ат үстінен-ақ айтып жатырсың. Бірақ ендігісін жайланып, жата-жастана айтарсың. Әзірше үйге жүріңдер,— деді.

Бақтығұл:

— Мырза, мақұл айтасың, көңлім сол оймен лепіріп тұрған соң, шапшаң айтып жатырмын. Әйтпесе жайланып айтатын сөзім осы екені, көп екені және рас.

— Иә, мақұл, мақұл,— деген қариялардың да дауыстары шықты.

Ымырт жабыла бастағанда қонақтар қораға кіріп, үйге қарай жүрді.

Болыс отыратын үлкен тамға шам жағылған. Іші жы-

лы, жарастықты жайлы екен. Есіктен төрге шейін жайылған қызыл кілем. Төрде көрпе. Оң жаққа үлкен сәнді, жалтыраған жұмсақ орыс төсегі. Соның тұсына тұтқан түкті, сары ала кілем де үйдің ішін қуанытып, жақсы ұдай түрлентіп тұр. Жыртық киіз үйде арқасынан суық өтіп, бүрсендеп жүретін Бақтығұлға мынау үй, бір қонып кетер болса да үлкен сый сияқтанды.

Көңлі талай күнгі кірбеңінен жадырағандай. Өз тірлігінің жетімсіреткен жүдеу күйін шағып, бой жазып, бұрын-сонды бастан кешкенін айта бастады.

Жұрт оның әңгімесін енді көбінесе үндемей тындап отырып, кешкі шайды ұзақ ішті. Қозыбақ аулынан көргендерін Бақтығұл бастан-аяқ түп-түгел сөйледі. Ең соңында бұған абақтыны да әзірлеп кеткен ашу мен кіжі-нуді айтты.

Болыстан басқа үлкендер — бәйбішеге шейін сөзге араласып, Бақтығұлға істелген істі шектен асқан зорлық деп таныды. Бұл сөз тұсында Бақтығұл:

— Жалғыз жүрген саяқ болған соң, өлі келген содырлар ойына келген қастығын істеп, түгінмен жалмап кетуге жиренетін емес,— деген.

— Оның рас, сені аямай-ақ жанышқан екен Қозыбақ,— деді Сәрсен ақсақал.

— Аяу қайда! Мен, солар айтқандай, көк биенің ұрысы болсам, олар тапа-талтүсте ұрлықтан да сұм-сорақы іс етпеді ме? Бәрі де сол жаңағы панасыздырымнан. Енді не де болса, бір жақсының қасында атқосшысы болсам да, ығына паналап жан қалмаса, атар таң, шығар күш жоқ па дедім.

Осындай сөздермен Бақтығұл өзінің шер-мұңын шерте берді.

Болыс бұған тіс жарып ішін ашып ешнәрсе демеді: оң-теріс деген жоқ, тек Бақтығұлдың сөзін тоқтатқан да жоқ. Өз ішінен ол Бақтығұлды ер жігіт көретін. Бүгін сөз білетін, орнымен ұстаса, көп керекке жарайтын еті тірі, есті кедей екенін байқап отыр. Айтар сөзге орамды Бақтығұл болыстан басқа үй ішін де тегіс тіліне нандырып, өз жайына қандыра берді. Бәйбіше мен Жанғазының Қозыбақ аулын жамандаған сөздері де естілді.

Сонымен болыс үйіндегі бұл кеш Бақтығұлды ырза-лағандай. Әсіресе Сәрсен ақсақал мұның көңлін орнықтырар сөз айтты.

— Бақтығұл, сен өзің жақсы ниетпен келген екенсің.

Енді сөзді қысқарт та, тек мына болыстың етегінен ұста. Бұған сендей анық нысық жігіт, атқан оқ, шырқан қылыш болуға жарайтын оты бар жолдас керек. Оси Жансөке іні бол да, мына Жанғазыға ара бол. Қозыбақ саған ғана қас емес, талайды зарлатқан ұялас бөрілер аулы ғой. Тек Жарасбайдың қолынан алып көрсін! Жалғыз-ақ өзің болысқа жақсы қызмет қыл да тарта бер. Қозыбақ түгіл, құдайдың да алмасына мен кепіл. Тіпті бүгін болмаса — ертең Қозыбақтыңы кекті тіпті өз қолыңмен де алысармыз өзі, — деді.

Бақтығұл бұл жайдың кәсіргі Сәрсен сөзіндегі көп сырын аңдаған жоқ. Бағана келгеннен Жарасбай қабындағы екі шалдың оны жылы шыраймен қарсы алған сырын осы Сәрсеннің жаңағы соңғы сөзінде ғана жотасын көрсетті. Бұл ауыл Қозыбақ аулымен ежелден қатты ұстасқан араз ауыл. Қозыбақтың бір баласы Бүркітке болыс болса, Шалқардың болысы Жарасбай онымен ежелден қаржасып келе жатқан тайталастағы өш-қасын бірі. Бақтығұлды бұл ауыл енді бір есеппе, керекке жұмсайтын атқан оқ болар деп, болғанда да өз көгі бар анық уланған мығым оқ болар деп танытылап отыр.

Атқамінер атаулының іште жататын әлденеше қалтасы барын Бақтығұл үнемі таны бермейтін. Ол жаңағы Сәрсен сөзіне ақтарыла қуанды. Өз ойының бірінгі түнінен бар тілегін, шыншыл болжасын алғанды. Оның ұшмынша жиын сөзді түгін етіп Сәрсеннің өзі айттып шыққандықтан, бұл биді өз дуалы ауыз, ақшыл көрін «Сөке» деп те, «кәрім», «теке» деп те құрметтей, қолметтей атады. Барынша ырза бола отырып:

— Талайғы арызнымды өзің айттың, атеке. Енді мен айтар түк те қалған жоқ. Осы арада дегеніңнің бәрін қол қойдым. Құлдық, Сөке, тілейтіңің сол қана, — деді.

Болыс өзі де үндеген жоқ. Ойдағы байлауды сөзін айтпай іркілгені ме? Болмаса бірталай уақыт күдіктендіріп барып, қымбаттай түспек пе? Қатып баласы да Бақтығұлға жылы шыраймен «сұрал, оның тілегенін беруге әзір сияқтанса да, болыс өзі бұл түнде ешнәрсені байлаған жоқ. Ешкімге үн қосып, бұл жайдан жауаптаспады.

Бақтығұл болса, ертеңге шейін алаңдайтын далам шығар, «ойлансын» дегендей болып, «не айтасыз?» деп тақымдамады.

Түн өтіп, таң атты. Ертеңінде күндізгі әдет бойынша

болыстық іздеген ел таңертенгі шайды ішіп болмай-ақ бөлек-бөлек төв бөлің, болыс аулына келіп түсіп, жиналып жатыр. Бақтығұл шайдан соң жирен атты ерттеді де, болыстан бір жауап естіп кетпек боп, киініп алып үндемей отырып, үйдің бір оңаша болатын кезін күтті. Ақыры, болыс тысқа шыққан орайда артына иілеген ер шығып, түндегі жайдан жауап күтті. «Бір лебіз естіп кетсем» деген өтілішін білдірді.

Жарасбай әлі де саспай, қора сыртына үндемей оңашарақ шықты да бір тазарақ жерге жүресінен отырып, қасына тақап келген Бақтығұлға қарады:

— Маран енді не ғыл дейсің тілегімді айтшы? — деді.

Бақтығұл бұл сөзге ішінен дәмелі болып сүйсіне берді.

— Мен не ғыл дейін, Жәме? Тілегімді, ниетімді түнде айтпадым ба? Өзім жеткізе алмағаным болса, — Сәрсем қария айтты ғой. Енді мені қолтыңыға да ал, Қозыбақтың пәлесінен құтқар. Содан соң керегіне жарат. Таштан адап жолыңа жұмса, Атаршан-Шабаршаның боламын. Жанразының ағасы, өзіңнің не керекіңе болса да жір ітін, жолыңа басымды қиятын жолдасың боламын. Сертімі осы дөшекпін, осыны өле-өлгенше ұстаып өлемін — дегенде, Жарасбай бұған сәл жылы ұшырай түсті.

— Жарайды, сөз жетерлік болды. Бұл дегеніңнің бәрін мен жақсы білдім. Қозыбақ аулы сенің ғана дүспаның емес. Дегенің шын болса, дер кезінде сол Қозыбақтан күтінді алғың шакты да атаршып, айтармын. Сен болсаң, мына сөзімді сол сілтеген бетімде аққарарсың. Әзірге Қозыбаққа біткен өр бізге де біткен. Қорықпа, Қозыбақ аямайды, құдай алады жаныңды. Тек әуелгі сөзің басылғанша, өзі ғыла тұрайық. Кейін түгелден ығыма аламын. Айтсам ғой, әзір Қозыбақ жұмысынан арты басылған. Сол сөз саябырланғанша, біздің ауылдың оны-мұны шаруасына, әрлі-бәрлі жүретін жұмысына алаласа тұр. Содан әрі аздап соң болыстық жұмысының бір жеріне өзім орнықтырып аламын, — деді.

Көптен бері тілеген арманы осы болғандықтан, бар қолқанын бір-ақ алған кісідей мұз Бақтығұл мырза келгендіктен ақтара беріп мінеліне ауысты. Өз өзінен шүбәленігі ұстағандық боп, болысқа қолыңды қалтаның. Бәр жақсылығын да, бар қадірлісін де аямай, ірікпей беруге берді.

— Айналайын болыс, маған әкем істемейтін жақсылық істейтін ажарынды андадым. Керегі бейіл еді. Әуелде менен бойын алып қашар деп ем, Енді болса, өз басыңа достығыма, осы көрсеткен бейіліге мына астындағы жирен жорға атымды Жанғазыға мінгізейін деп отырмын. Құдай алдында қарызсыз, Менің аға болғандағы Жанғазыға істеген сыйым осы болсын, — деді.

Болыс үндеген жоқ. Қабылдағаны сол. Сөз де осымен біткен еді. Болыспен сөйлескен сөзін дәл жүрер шақта Бақтығұл Қаднша бәйбіше мен Жанғазыға келіп мәлімдеп, оларға да бірталай жібiген жайларын айтты. Іштегі арманын атай отырып, аяғында жирен аттың исі Шалқарға белгілі су жорға екенін баяндап келді де, Жанғазыға соны мінгізбек болғанын білдірді. Жас болса да малды сүюді берік тоқыған, дүниені ыстық көріп дәнігіп алған бай баласы қуанғаннан қызарып күліп жіберді.

Атышулы жорғаны ұсынғанды бәйбіше де теріс көрген жоқ.

Осыдан соң аз күн өткенде Жанғазы Бақтығұлдың аулына келіп үй ішін көріп, жирен жорғаны белдеуден шештіріп, мініп қайтпақшы болды. Сонымен болыс аулынан тапқан олжасына ырза болған Бақтығұл аяндап үйіне қайтты. Кетерде мұның қатын-баласына сәлем-сауқат, сарқыт деп, болыстың бәйбішесі жаңада сойған семіз тайдың қос қазысын қосып, бір-екі асым тәтті-дәмді ет салып берді. Сол олжамен шыр айланып, түнде күйлі үйге қонып, жақсы тоғайып шыққанға ажарсыз сұрқыл жүзі жаңғырып күренденген Бақтығұл түс ауа үйіне келіп түсті.

V

Осы күннен былай қарай Жарасбай болыс пен Бақтығұлдың арасында ұзақ шаққа созылған іліктестік басталды. Алғашқы күз бен қыста, жау жағының өсек-аяны бола ма деп, болыс Бақтығұлды кеңсе қыямөтіне алған жоқ. Бірақ үнемі аулында сақтады, Өз шаруасының неше алуан керегіне дамылсыз жүргізді. Еш бөтен жаққа мойын бұрғызбай, еңбеккер де іскер жігіт қылып алды.

Сол мезгілдің тұсында болыс маңында қандай жиын-кеңес болса, қаншалық қалың топ атқамінерлер болса — барлығына да болыс Бақтығұлдың жайын мәлімдеп, әйгілей, жариялай жүрді. Тентекті тыйып, адам етіп алған қамқор, жақсы атанбақты өзі де тілейді. Мұның ажары-

на қарап, Бақтығұлға бұл ейдің өзге басты кісілері де сенген сияқтанды.

Сәрсен, Қайранбай тәрізді Жарасбайдың жанама атқамінерлері болса, өздеріндегі көп жуан атқамінерлер ортасында Бақтығұлға әдейілеп, арнап ырзалық айтады.

— Е, рахмет, жөнінді жаңа таптың, қайырлы болсын. Ейді адам бол,— дегенсіп, үлкендік-батагөйлік ақжарқын тілек айтқан болысады.

Бақтығұл алғашқы қыс бойына тыным таппай, болыс аулының үлкен шаруасына араласты. Қай жұмыстың болса да орайын өзгеден артық біледі. Нелер қиын істің қисынын оңай табады.

Өзі шаруа жөнін бұрын бүйтің бой салып істеп көрмесе де, жасынан баққаны жылқы ғана болып жүрсе де, өз шаруасына асылында бой салып көрмеген қырсыз болса да кәзір мүлде өзгерді.

Бай ауылдың үйі мен түзіндегі мал мен қора қыстау, қала-дала дейтін сан-дала шаруасын кезегінде басқарып, жерегінде тынбай жүріп қолма-қол істеп, дөңгелек айналдырды. Өзгені қойып ауыл шаруасының өнеріне жетік деп танылған Қайранбай ақсақал да Бақтығұлдың барлық ісін үнемі тамашалап, сүйсініп жүр.

— Шаруаның қара қыртысын айналдырады. Есепке де мығым. Өз қолымен істей бастағанда малшы-қосшыны қыздыра еліктіріп, қай жұмысты болсын еңсеріп-жапсырып кетеді. Сорлы, тек құдай қырын алғандықтан кедей болып жүрген ғой. Әйтпесе мынадай өнері бар жігітке кедейлік жолар қисын жоқ,— деп мақтайды.

Аз заманның ішінде-ақ ауылдың ең сенімді ақылшысы сияқтанып: болысқа, бәйбішеге, көрші-қолаңға да өзін елеулі, сөзін салмақты кісі ғып алды. Әрі-беріден соң тек шаруа ғана емес, бұл ауылдың ел ішіндегі біреумен жақын, біреумен сыйлас құда, дос қатнасында да ақыл қосып жүретін сенім тапты.

Қостап шығатын жылқы, отарлап жайылатын қой, көктемде салынатын егін, күзгі орылатын пішен, андасанда шығарылатын қалашы, қыс малды ірге аударып салатын шүйгін шөп, соны жер, жұт жалаңнан аман етер құйқалы өңір — бәр-бәрін ерте бастан Бақтығұл біледі. Құнбұрын қамдап дайындайтын, «әр ісін мезгілімен көнілдегідей орнына келтіретін Бақтығұл» атанды. Қай шаруаға қарай ауысса, сол жұмыстың дәл өзінің басында жүрген егінші, қалашы, жылқышы сияқты адамдар-

дың бәрінен Бақтығұлдың есепшілігі сонауғұрылым артық шығады.

Осындай істер соңында жүріп, кейде Бақтығұл өзі-өзі танымай қалғандай болады. Үздіктері үркіс жұмыс өзін қайта тудырып жібергендей. Оның бұл жүрістерінің көбі болыс аулының қара шаруасы болатын. Соның әрдігінде болыстікімен қатар, істей-жайғай кетуге Бақтығұл өз шаруасына да қолы мол тиіп жүрді. Қала-далаға жиі қатнасып жүргенде тері-терсек, ол-тұлды ала жүріп, ауыл арасында сатың, саудалайтын уақыттары да болды. Егін салғанда Жарасбайдан азын-аулақ көмек алып, жылдағыдан үш-төрт есе артық қыл жер айтады.

Қыстығүні соғымы, ұн-шайы үй ішіне жетерлік болды. Кесікті ақы бермесе де, болыс аулының азын-көпті көмегі Бақтығұлдың бар еңбегіне орай толеу болмаса да, Бақтығұлға жақсы сеп болды.

Анда-санда болыс аулына барып жүріп, бөйбашенің тапсырған жұмыстарын орындай жүріп, Қотша да үстін бүтіндеп алуға айналды. Өзінен ариқаның ескі-күскы болса да, балаларына киім-лөпө ғып, олардың да үстін бүтіндеп алды. Бұлардың бәрінен бұрып жұбаныш қып айтатыны да, сүйсіметіні де — Сейіт жайы. Қазір ол болыс аулындағы молдадан оқитын болған.

Молда деп қазіргі аулы ескі әдетпен атайды. Аларғында мұндағы оқытушы орысша оқыған адам. Жас қазақ оқытушы Жүніс дейтін азамат Жағғазымен бірге балыстың бір-екі баласын қымы бойы болыс аулында тұрып оқытатын болған. Бақтығұлға болыс: «баламды берсең десең, әкеліп осында оқуға бер», — деген соң әкесі Сейітті Жүніске оқуға берген.

Бала алғаш рет «болыстікіне барасын, оқу оқысын» дегенде қуаныш білдірді. Сол күні түнімен ұйықтамай, елегізіп шықты. Қішкентайынан жоқшылықтың ауыр күйін сезіп те, кешіп те жүрген сәйіттал бала өз ішінде ойшыл болатын. «Оқысан — адам баласын» деген сөздерді естігенде, бар ынтасымен талпынып, асыққан ымылас білдірді. Сөйтіп бала қыс бойы орысша оқуды оқып та шықты. Жақсы оқыды. Зейін-талабы оқытушыны да, ауылды да ырза етті.

Бақтығұлдың көңілі, күйін жайлап, бес-алты бөлтек егіні де жайқалып, мол боп шықты. Биылғы жазда болыстың аулына жалғыз үйін көшіріп әкеп қосып, бай аулымен бірге тау сыртындағы әдемі жайлауға шығып,

жаздың жақсы шырай, жасыл шалғынында мол қымыздың қызығына қана жүрді. Жаздыңүні ауылдың шаруасы саябырлап, енді тыныштық-демалыс кезіне шыққан соң, болыс Бақтығұлды «ел жұмысы» дейтін болыстың кеңсесінің көрмесіне де жараса бастады. Ал үсті жүріспен «Барып кел; пәленді істеп кел; пәлен пәнді аларып, бұйрықты өріндетып кел» дейтін «шабаршы», «сілхаттын» жұмысына да Бақтығұл араласа бастады.

Жайлау-жайлауда болыс жұмсаған тұста оның досына достық істеп, сыйлас адамына жылы, жақын сөз айтты, жайлы қызмет істеп кетуге орамды боп шықты. Ал болыспен қабары келіспей, қырып жүрген ауылдарға сөз өткізіп, жасқандырып, орайы келсе, тырғағын батырып, жаншыңқырап кетуге де епті.

Ақыры, бір жылдың ішінде болыстың үйі мен түзіне бірдей мығым, көмекші боп алды.

Ел сөзінің де беті мен жөнін, әр келесін арбасуы мен тартысуын тауға да жүйрік. Қанықты атүсілі жігіттердей түсініп, болыс аулында болатын кей сөздерге араласып, кей-кейде ол ойдарымын да толық айтып қалатын күнге жетті. Сөйтін тіршіліктің бір жағы томшай болып, жақсы тәріденген көңілді көрініспен сырғып өтіп жатқанда, қатарда беймаза бір күй де туа жүрді.

Болыстың ішкі тыныштығын кесіріп, Бақтығұлға да білініп жүрген сөз түйін қыстан бері жайда болып, о да өз бетімен өршіп, өсіп келе жатыр.

Ол — осы елдің болыстық партия партысы. Биылғы жыл сайлау болмақ — Шамқар сайлауы. Осы кезде көрші болыс — Бүргеннің де сайлауы болмақ. Соның жақындағанын ойлаған ел жұндары әр жердеп қобалжып, алдын ала қам істей бастаған. Сайлау партиясының туы өтерлігеніне — міне бес ай болып қалды.

Биылғы партия және бұрынғы соңғылардан сонау ұлым үлкен болып, ауданын мұқалып, саяғашын-ақ көп елді тұтас қоздырудан басталды. Мұндай партия өттегіше бір-ақ болыстың ішінде болап қоймайды. Биылғы тауып, болыс тұрсың, бүкіл бір онданды елін болмаса да, соның жұрттысын түгел қаптаған бір дерт боп желеді.

Әркім өлді-өзі болысына айтыр болып жүргенін қанағат қылмай, көрші елдермен бақас-талас, бақ-күндестіктен бе, болмаса аралас отырып соң, бірін қ пәлесі іріне жайылған ба, әлде шекара әңгімесі сияқты қыс-қыстау, жаз — жайлаудың дауынан ба, әйтеуір бірнеше болыс-

ты түгел қаптаған араздық, алалық келді. Кәзірде біріне-бірінің жайлауы жақын келіп, сыбайлас отыратын үш болыс ел болса, солардың әрқайсысы да ояздағы үлкен партияның үлкен аңғарына қарап екі жікке бөлінуде.

Жарасбай өз болысы ішінде оншалық күдікті емес. Бірақ оязға қарай сермеген тартыста, дәл өз руы мол болмағандықтан, қалың рулы елдерден шыққан іргесі мол жуандар сүрінтіп кете ме деген күдіктен аман емес-ті.

Ояз тартысында алдыңғы қатардағы тайталаста жүрген үштің бірі болып аталатын кісі — осы Жарасбай. Сол атақ-даңқты арашалап сақтап қалу оңай мұрат емес. Бүгінгі тіршіліктің ең үлкен тілегі де, бар күшті сарп етер қысталан жері де осы болды.

Партия қыс ортасында — январьда басталғаннан әлі күнге қызуы арта түспесе, кеміген жоқ, өршіп келеді. Ыстық күні қоздап жанған даланың өртиндей. Жайлауда қолбостықта қымызға желігіп жүрген партия басы — бай-жуан ауылдар енді тыным таппайды. Көпшілік атқамінер серт уәдені дәл басып тұрмай, әрлі-берлі сырғаладап, есті шығарып, Жарасбайдай партия басының көңілдегі күдігін айықтырмай жүр.

Қыс бойы ұстасып жүрген атқамінерлер Жарасбайдың үстінен өлденеше арыз да беріп, бірнеше рет тергеуге іліндіріп, сүріндірмек болды. Тек ежелден қаланың ұлығына өзге болыстың бәрінен қадірі артық, қатты сыйлас Жарасбай бір сапарға бар жаладан дым жұқтырмай аман шықты. Ал жаудың өзіне сілтеген қаруын бұ да қарсы жұмсаған уақытта, қалың руына сөніп, астамдық істеп, жуансып жүрген Бүргеннің болысын — сонау Сәтті — кенсе алдында жеңіп те кетті. Жарасбайдың көрсетуі бойынша Сәт он бес күн көтелөшкеге де жатып шықты. Ояз көлеміндегі қазақ болыстарының партиясы бұрынғыдан гөрі әрби түсуге осы жұмыстың себебі де аз болған жоқ.

— Ат төбеліндей Жаныстан шығып, Жарасбай ұлыққа жақындығын қылып, пысықсып, еліміздің сағын сындырды. Қордалы жеріміз — Қозыбақтан шыққан Сәт сияқты болысымызды тұтқын қылғызды деп, Бүргеннің партия басылары қыс бойы Жарасбайға тісін басып, кіжініп келген. Олар көптігін айтып, ұрандасып, бірнеше болыс Албанды түгел қоздырып, Жарасбайдың соңына салмақ болған соң, бұ да өзіне серік дос іздеген.

Жан-жақтан Сәтті жаулайтын, бұған еретін жуандарды бұ да терген. Өткен қыс бойында Сәттің болысы Бүргеннің ішінде Сәтке қарсы наразы ағайын болса, соларға сөз салды. Партия қылмақ ниеті бар, қарсы тұруға жарайтындарды бауырына тартты. Дос қылып ат та, ақша да жүргізе бастады. Дәл осындай партияны Сәт келіп, мұның еліне де салмақ болды. Бірақ Жарасбай өз елі ішіндегі наразыларды өзін бойымен басып, жеңіп алып келеді.

Сонымен қыстайғы бір ояз елді қак жарған Сәт пен Жарасбайдың жаулығы өзге де себептерге қосылып ұлғайып келіп, енді үлкен келелі даудың, тартыстың бірі болды. Ояз келгенде Жарасбайдың тең түсері де, кем түсері де өзін белгісіз. Бірақ үш-төрт болыс бір рудав болғандықтан, солар жымы тұтастығына семіріп, Жарасбайды құр ғана ұлыққа тығылған пысықсымақ көріп, сырттан кіжіне күбінуде шек білмей барады.

— Жарасбайдың қызуын оп-оңай басамыз.

— Оны қолмен үйретіп аламыз,— деген сөздерді шығара бастады.

Әуелде осындай сөзбен лаулаған жуандар көктемнен бері ептеп іске де көше бастаған. Ел қыстаудан көшерде Жарасбай жылқысынан үш ту бие, бір құр атты ұры өкетті. Жоғалғаннан бері сол малдан дерек болмайтын. Тек кеше Бүргенге іздетіп жіберген жоқшылар қайтып келді. Жылқыны Сәттің бай-жуан інісі — Сәлмен алғызыпты. Бұны Жарасбайдың сол елдегі достары анықтап отыр. Көлденеңнің алдында жарыққа шығып айтпақшы болып, жүрек жардысын да алыпты. Ал жоқшылар осыны айтып Сәлменге барса, ол жауап бермей, боқтап ұрсып, айдап салыпты. Жіберген жоқшылары қайтып осындай хабар әкелген соң, Жарасбай түні бойы күйіп, қорланудан тыныштық ала алмады.

Таң атысымен ең әуелі мол арыз жазғызып, Сәрсен ақсақалды жоқшы ғып қалаға, ұлыққа аттандырды. Содан кейін қолма-қол қазақ жөнінен қолмен істейтін істің шарасына ауысты. Соңғы жұмыстың тұсында Жаныстың бірталай кісісімен ақыл қосып, ендігі бір қимылға бекінген. Кейін түс ауа, қымызға қанып, желігіп шығар мөлшерде болыс Бактығұлды өзінің сегіз қанат аппақ үйінің сыртындағы көгалға шақыртып алды. Қасында елдегі талас-тартыстар кезінде Жарасбайдың оң қолы болып жү-

ретін серігі — Қоқыш бар: Бақтығұл келген соң-ақ Жарасбай өз ниетін айтты.

Бір жылдан бері Бақтығұлды шын қиынға жұмсамай, қысталар сүйісінде Бақтығұл әр қайратына табылатын адам деп сеніп негізін сөйледі. Бақтығұл алда бір қиын кезек тұрғанын сезді де Қоқыш пен Жарасбайға кезек қарап, өз басына арналған бір өкімді күткендей болды. Дәждысы бойынша аяғашқы сөзді үндемей қосты. Жарасбай жаңарының жалғасы етіп тағы бір тұспалдау нобай сөз айтты.

— Мынау елдің пәлесі тығылар түрі жоқ. Тыныш отырың, мақұя кісі болайық десек, малымыздан құрық, басымыздан сырық дегендей арылар емес. Ел істегенді біз де істейтін кезге келдік білем, Бақтығұл. Сен қасыңа он жігітті таңдап ал да бүгін кешке барымтаға аттанып барып, тапсаң — Сәлмен мен Сәттің дәл өзінен, ұшыраса алмасаң — исі Қозыбақтың бірінен әйтеуір Бір айғыр үйір жылқы айдап кел,— деді. Сөзінің аяғын келіп осылай түйді.

Бақтығұл әлі үндеген жоқ. Ойына бірталай нәрсе келді. «Пана таптым, адал жолды еңбекке салындым, соған себеп болды деп сенген кісім бұл еді. Бұл мені қайда, қалай жұмсап отыр?» деп, ұға алмай отыр еді.

Соң кезде бұжыр қара, күжірейген жуан мойын Қоқыш қимыр сөзді қостай берді. Жарасбайдың айтқанын нық байлау етті.

— Қол болмай — жол болмайды деп, мал алуды Сәттің өзі бастаған екен. Бірақ оныкі ұрлық болса, сенікі — адал малыңды жуған барымта. Қайда барса да, жауап бермеген соң іспелген орай қимыл екенін орыс-қазақ түгел ұтады,— деді де күлкісіреп:— өзін немене, шар тартып шабиндан қалғаның ба, батырдың мұндайда желпініп шығатынын қайда?— деді.

Бақтығұл күлген жоқ.

— Батыр-батыр-ау, бірақ, бәліс, мені осы жолға жұмсамасаң қайтесің? Осы кез ұры еместі ұры ғып құтырып талай саққа, ағаш атқа мінгізіп жатқан пәлелі кез еді. Көргенім аз емес еді ғой. Сақтансам ба деп едім. Менің Сәт, Сәлмен мен ұстас р шамам бар ма еді?— деп тартылып жөріп еді.

Бірақ бәліс бұған ырық берген жоқ.

— Ол не дегенін, Бақтығұл? Сәт ата жауың еді, бабына келтіріп қосқалы тұрған жоқ па? Және түбінің

жауабы сенде ме, менде емес пе өді? Сен іркілетіп қысын жоқ. Саған келген пәле — менікі. Тегі бойынды тартар жерден тарт. Ал мұндай кезегі кеп тұрған дәр кезінде жасқансай, ол — жасық болғаның. Өйткен шіркін тіршілік неге керек? Болды енді, құдайдың берген абыройына сен де жүре бері! — деп, Жарасбай орнынаш тұра берді.

Енді Қоқыш Бақтығұлға жауап та айтқызылды «Сөз бітті, болды. Бұдан әрі барудың керегі жоқ. Бақтығұл аттанды» деп, бір-ақ байлады. Бақтығұл Жарасбайдың әлгі сөзінен соң бөгеліп қалған.

Сол күні кешке шейін Жарасбайдың қалып жылқысы мен Қоқыш, Сәрсен жылқыларының ішіндегі желді-аяқ жүйрік ат-айғырдың он шақтысын таңдап отырып ұстатты да, қасына өзі іріктен тоғыз жігітті алып, Бақтығұл ымырт жабыла атқа мінгелі жатты. Бұлар ұры емес, барымташы деп аталды. Осы себепті болыс мына жігіттердің өз аулынан аттауын жасырған жоқ. Ауылдың барша көрші-қоспаңы, бастығы — Қоқыш, Қайранбай тәрізді тілеулес достар болып, кешке жігіттер атқа мінерде тамақпаны көрмен бөп тысқа шығысты.

Көлдесед ел бұлардың түсіп көріп үршімесін деп, Бақтығұл жүріетін мезгілін дәл осы ымыртқа байлаған. Өзге жоластарының барлығы да Бақтығұл тәрізді ықшап, жалғыз шекпен ғана киген. Сырт ажарлары айбынды. Жігіттер тегіс мол денелі, ұзын бойлы. Омырау алқылдап ашылған. Кейбіреулері қансарай, сүйекті, сіңірілі. Тағы біреулері пір-пір тарамыс, шақпақ еттері қабыңның безіндей мықты жігіттер. Бұлар желіге күлісіп, даурыға сөйлеп, бірі-бірі әбілмен қарғытып, сепімді ажар байқатады. Барымташылар ат құйрығын тегіс түкіп тастапты. Ықшап ермен ерттелген, жалаңдан көлбеп қаққан құлап бедеулер немесе бойына сенгендей басты анда-санда бір шұлғып тастап, құлшына жұтылып тұрған белгілі бәйгі аттар. Жанағы жігіттер желігін бұлар аспандаға көтеріп тұрғандай.

Жігіттер атқа мігенде астарындағы кейбір қылаалдар кешкі ала көленкеде жарқ-жүрқ көлбеп беріп, ауылға айдын бітірін жібергендей. Барлық басқа жортуылашы атқа тегіс мініп, Бақтығұлды тосты. Бір мезгілде сұр шекпеннің он жақ жетін сыртындағы белдікке ілген, белуарында жалаңаш алтыатар жарқ-жүрқ етіп, үлкен үй жақтан шығып келе жатқан Бақтығұл көрінді. Даусы

өмірлі. Бұл кезде тойынып алған денесі бұрынғыдан да кесектеп, ірілей түскен. Кеуделі, иықты келген де, төсі мен қолының бұлшық еттері кесек-кесек түйірлердей. Өзі кәзір өзгеріп, өркештеніп, жаңа қырға мініп алған. Болыстың тілін екі етпейтін елгезектік оның көңлінен күдіктің бәрін кетірген. Дөңгелек кесек денесі екпінмен, күшпен қайнағандай тез қозғалып, шапшаң айналды. Жолдастарына тақап келгенде:

— Уа, көкжендеттер, жол болсын!— деп, шапшаң ғана саңқ етіп қатты айтты.

— Уә, әлей болсын, әлей болсын!

— Бірге, бірге болсын!— десіп, бірнеше дауыс сондай шапшаң шу етті.

Қалың қара мұрттың астынан Бақтығұлдың езуі сүйсінгендей жымнып жүр. Жүзінде толқыған қуарыңқы рең бар. Көздері қараңғыда қызулы тілектің отын шашқандай, күлімсіреп жарқылдай береді.

Қермеге қарай көптің қасына басып жақындай бергенде, Жарасбайдың бәйгі шабар атын бір малшы әкеліп көлденең тартты. Жігіт аттандыра бергенде шылбырды беліне тез ғана іліп қалып, көп дүбірге желігіп, алағызып тұрған ат басын шұлғып, жіті басып, ілгері қозғалып айнала бергенде, Бақтығұлдың аяғы үзенгіге тиер-тиместен ақжал шабдардың үстіне тап етіп қонып алды.

Әзірше жігіттердің көпшілігі сойыл-шоқпарларын қолтықтарына қысып, кейбірі ердің қасына көлденең салыпты. Ең айдынды, ең қызулы көрініс осы мүйнет болды да тамашалаған ауылға соңғы көрініс те сол болды. Бақтығұл атқа мінісімен: «Әйдә, тарт!»— деп тебініп жіберіп, қозғалып кетті. Көп сәйгүліктің аяғы сатыр-сатыр басып, шымды жерді дүңк-дүңк еткізіп, үстеріндегі ертұрман, қару-сайман бір-біріне шылдыр-шылдыр, тықыр-тықыр соқтығып, ымырт қараңғылығын қуалап, тартып берді.

Артарында сүйсінгендей тамашалап, көрініске желігіп қызығып қалған ауыл кісілері әралуан қошемет сөздер айтты: «Пәлі, жарайды, еркек-ақ!» десіп, қызыққа қана алмай шығарып салысты.

Барымташылар тобы әуелде үлкен қара топыр болып бұлдырап қозғалақтап, арасындағы қыландары көпке шейін көрініс беріп барды да, кейін ептеп-ептеп көз ұшынан жоғалып кетті: түн құшағына батты.

Осы кеткен бетінде түні бойы ұйқысыз, тынымсыз

жортқан сенімді қайсар топ таң атқанша ер істейтіп әрекеттің бәрін де істеді. Бұлар соғысты да, қуғынды да, басқа тиген сойыл, атылған мылтық оғын да көрді. Соның бәрінің соңында таң аппақ атқан кезде болыс бұйрығын ойдағыдай орындады. Он байталы бар бір айғыр үйір қысырақты алды. Жылқышы қурыншыдан әбден құтылып шығып, Шалқар болысының шегіндегі елсіз шатқал, жым-жырт бір дараға келіп кірді. Қайтыста таң алдында жаудан құтылып алған соң, бір-екі жігітті жолдағы ауылға жіберіп, бір бағлан алғызысқан.

Қарауылы мол, қалтарыс қойны көп дараға келіп орныққан соң, бағланды ақтармалатып сойғызып жіберіп, етін асқызып тастап, Бақтығұл өзі тау басына қарауылға шығып отырды. Айнала жықпыл-жықпыл мелшиген несіз қызыл тас. Алыста көк жібектей мұнарға оранған көкшіл қалың қарағай. Биікте жарық күнмен шағылысқан ашық түсті кірсіз аппақ қар. Елсіз биіктің дәл төбе жағында, шырқаған алыс аспанда торғайдай болып қалқып жүрген — тау қыраны.

Дәл Қозыбақ аулында жылқышы боп жүріп, барымтаға аттанатын күйлердің бірі. Талайды еске түсіріп Қозыбақ үшін алушы еді, Қозыбаққа әкеп беруші еді. Бүгін қайтіп отыр? Бұ да соның өзі ме? Апарып Жарасбайға бермекші. «Бірінен кетіп, біріне жетіп ең, не таптың?» деп, көңіл суытқан өкініш ойлап отырды да өзін өзі қайта жұбатты. «Жақсат-жаманат Жарасбайдың өзінде болатын болды. Суық, сұлу жорықтың мынадай шалқып жатқан қызығы болса, бұ да бір ғанибет пе екен?» — деп, біраз отырды да «Жарасбай — Қозыбақтың Сәлмені емес; бұл жолы өкінбеспін, өкіндірмес; солай деп еңбек еттім ғой. Осы ойда тұрайын да қалайын» деп, өзінің табанды, тұрақты қалпына келді.

Сайда бұралып шығып жатқан бағланның түтіні көрінді. Бұл жүрістің қызықты шары жәнәф бар. Ол мас еткендей ширатыла бұралып келіп жатқай көңілдің бір мәлімсіз күйіндей..

Кімнің бағы, кімнің соры екені белгісіз; өйтеуір бәле-вің басы осы сапар болды. Сол барымтадан соң партия таласымен өшіккен жуан ауылдар аралары қым-қуат, шым-шуат болып кетті. Жағалай алыс-жұлыс. Тартыста бірінің ізін бірі қуғандай. Бүгінгінің ертең орайын, кезегін күтіп, одан арғы күні есесін іздеп, өзі тағы соны істеп, елді бәлеге белшеден батыра бастады.

Жарасбайдан да талай барымта алынды. Жалғыз барымта емес, ұрланып алынған мал көп. Оның орайына талай-талай жерден Жарасбай, Қоқыш та әлденеше рет шұбыртып алып жатты. Бір жақтап, барымта молығып жүріп жатса, екіншіден, ұрлық та соны өкшелеп, жана-салап ұлағайып келе жатты.

Жарасбайдан бұл партия мал да, пұл да көп шығарды. Біреуді алдап, біреуді арбап, талай да талай жерге мал-пұлы беріліп жатыр. Өзі-өз болғалы партия таласта болыстықтың дәл мұндай қымбатқа түскен, осындай пәле шатаққа белшесінен батырған кезі болған жоқ-ты. Шыққан шығын болса, оны қазір ел мойнына бөліп сала алмайды. Салуға сайлау жақын болғандықтан, ұстараның жүзіндей аунап кете ме деп сескебеді.

Көктемде іштен тоқ санап, бәлендей малым бар деп ырзалықпен айтатын маадың бұл күнде үштен бірінен айрылып қалған сияқты. Оның үстіне күнде топыр, күнде жиын — үлкен кеңес, соның бәрі сойысымен де құртатын болды.

Партия бір жақты емес: бұ да жұт сияқты неше ағайынды көп жақты бол араласты. Өзге шығынмен қатар, жақында сондайлық қосарлаған бір мол шығын тағы келді. Бүрген ішінде Сәтке қарсы шығып, Жарасбай жағын ұстап, партияның мықты бір тірегі болып отырған жуан ауыл — Досай аулы. Соңғы кезде сол ауылмен Жарасбайдың достығы шек-қарын араласқандай жақындыққа жетті.

Тегінде Қозыбақ — Сәт жаулығы атты алысқа айдаған үлкен жаулық болған сайын, әрқашан оның қарсысына тең түсерлік жуан тамырлы бір досты ұстап отыру Жарасбайға қатты керек. Сол себептің достық, жақыншылықты күшейткені және бар. Бүгінгі майдан бірлігі сондай жандармен тым-тым жақындастырды. Мұның үстіне Досай аулының бүгінгі басы — Бәйтеңге Қалыш дейтін бойжеткен сұлу қыз бар-ды.

Жарасбайға биылғы жыл қай жағынан болса да шарасынан шыққан жыл боп тұр. Соның салдарынан ба, болмаса Қалышқа шынымен көңлі ауып қызықты ма — әйтеуір бір сұлу тоқалды болғысы келді. Солайша достық түбін сүйек айырсын деп, Досай аулына күйеу болып Қалышты айттырды.

Досай аулы бұл жақындыққа барынша ырза болған. Партия шығыны Бәйтеңді де Жарасбай сияқты белуар-

дан борышқа, шығынға батырып барғ жатқан. Ал оның өз басына қарағай малы, Жарасбайдай емес, шағын. Соны ойлап: Қоқыш, Сәрсен, Жарасбай болып ақылдасып, Бәйтен аулына қарғыбау мен қалың малды бірге қосып, қарбытып бір-ақ беріп жіберген.

Сөйтіп Бәйтенге жиыны елу жуан қара жөнелтілді. Осының бәрі жиналып келген соң, мынадай аяспай қимыл етіп жатқан тартыс шарында, Жарасбай мен Бақтығұлды адастырып әкеткендей болды. Аз күш ішінде бұлар өздерінің кім болып бара жатқанын танымастай. Бұл құбылыстың басы Қозыбақтан барымта алудан басталды. Содан кейін ағыл-тегіл болып, тоқтамай шығындап жатқан мал күйігі бар; егес бар; өштiк-қастық қайрай түскен қиястық бар — бәрі топтанып келіп Бақтығұл мен анау сегіз-тоғыз жігіттің аттанысын жиілете берді. Әуелде бір алған, екі алған мал барымта деп аталып жүріп еді; аяғы білсе — барымта, білмесе — сырымтаға да ауыса бастады.

Анықтап қаздесіп отырып, кезек алысып жатқан Сәттен басқа ісі Қозыбақ түгел күйді. Және солардың тілеуіндегі маңайласы, құдандасы болсын немесе кейде тіпті кімдікі екені белгісіз, тек жерлес бөгде болсын — бәрі де жырылды жігіттердің құрығына іліне беретін болды. Ал келген малды топтап жинап алып, алысқа ұзатып: орыс ішіне немесе басқа дуанға апарып сатқызып өткізіп отыру тәсілі де шықты. Бұл істі Жарасбай Бақтығұлсыз істейтін. Ондағы ақылшылары, жүріп көмек ететін атқарушылар — Қоқыш, Қайранбай сияқты айялалы, жырынды адамдар.

Бақтығұлдар атқан оқ, шайқан қылыш немесе жылқы мойнына түскен құрық, бұғалық қана болғанда, оны малғып жетекке, есепке алатын — Жарасбайдың басқа баскөз көмекшілері. Бақтығұл түптің-түбінде от көсеген көсеудей күйе кететін бояса, бұл малдардың күн рли қалың топтары қайда-қайда кеткенін білмегені дұрыс. Сәрсенмен онаша ақылдасқанда, Жарасбай осы жайды да ішіне мықтап құпия түйгенді. Сөйтіп Бақтығұлдар жетегінде, айдауында келетін ірі малдың мол топтары бұларға белгісіз бір тұңғықтарға сүңгіп, жұтылып жоғалып жатты. Ондай топ малдың ішінен колда бірер күнге сақталып қалса — ұсақ жағы ғана қалады. Еті семіз болғандықтан, күнделікті жиын-топырға солар сойлады.

Осындаймен жүргенде сайлау да жетті. Жарасбай өз елінің ішінде болыстығына қайта ие болып қалды. Тек көп тартыс, көп қаржасумен, әсіресе мол шығынмен, әу-піріммен орнында қалды.

Сәт сырт көзге, сыртқы тартысқа жеңілген сияқты болды. Себебі — ол болыстығынан түсті. Бірақ өзі түскенмен, жаңа болыс соның тілеген адамынан болды: Досай аулы жеңе алмады. Ояз келесінде ұлыққа жақындығын пайдаланып, Жарасбай Сәттен артық салмақ алды. Сырт көзге Жарасбай орнында қалып, Сәт болса — түсіп қалғаны бір елі болса да кемігені деп саналды. Сол күйге ызаланған Қозыбақ аулы, бастыры Сәт болып, осы партия мен араздықтың, бәсталае, тай-таластың аяғын әлі де болса қалмай-талмай қуатын болды. Сонымен, сайлау өтіп, күз жетсе де, көп рудың жуаны Жарасбаймен ұстасқан араздықта тыным таппайтын болды. Ол тынымсыз болған сайын, Бақтығұл тобы бұрынғы адал, тыныш еңбектен айрыла берді.

Анық қара күз болып, ел қыстауға қонатын кезде партия қызуы амалсыздан саябырлай бастап еді. Жарасбай болса енді «өйт-бүйт» деп, онда-мұнда нұсқап аттандырып жіберетін өз мінез-әдетінен тыйылды да аз уақыт Бақтығұлды өз бетімен жібергендей болды. Бұл шақта тегі Бақтығұл болыс аулының жай шаруасынан қол үзіп, ат үсті адам боп кеткен. Енді өз аулында, өз үйінде көбірек күн өткізетін болды. Болысқа анда-санда ғана барып амандасып, бірер күн жатып қонақ болады да кейін тағы он шақты күн көрінбей кетеді.

VI

Соңғы кездегі жүрісі бұрынғыдай емес. Болыстан сәл шеткері бола бастаған соң, Бақтығұл бұл уақыттағы партия жайы қалай төңкеріліп, қалайша құбылып жатқанын білмеді. Өзімен-өзі болған жүрісі ел сөзіне бұрынғыдай аландатпады. Ел келесі жөнінде жаздан ұғынып алған бір ғана аңғары бар. Болыстың жауы — Қозыбақ аулы, Сәт болыс. Ал сол болыстың жауы — бұның да жауы.

Қозыбақ ішінде Сәлмен — әсіресе мұның қандай мойын күнәкер жауы. Сол бір аңғарды білді де жүре берді. Бір күн түс кезінде болыс аулының бір жігіті келіп: Жарасбай шақырылп жатыр деді. Бақтығұл атына мініп кел-

генде, болыстікінде, әдеттегіше, Шалқар болысының көп атқамінері жиын екен. Жарым жұрт тыста аттарын тұсап-тұсап отқа қоя беріп, әр жерде бөлек-бөлек топ болып, қоралай-қоралай отырысқан. Шетірек отырған бір топтын ішінде Бүрген болысының дәл Қозыбақ қолтығындағы Ораз аулының кісілері отыр екен. Бұлар Жарасбайдың жаздай тісін басып жүрген араз аулы.

Бақтығұл тобы Қозыбақ жылқысы қолға ілінбегенде, бұлардан да бір-екі рет алғаны бар. Шақырған жұмыс ненің жайы екенін білмесе де, Бақтығұл ішінен «солардың сөзі болар ма?» деп күдік қылды.

Ойлағандай, солай боп шықты. Бірақ бұрынғыдай емес, көп ортасында отырған болыстың түсі Бақтығұлға суықтау. Сырт қарап қалған тәрізді. Сәлемін зорға алды, амандықты дауыстап сұраған да жоқ. Ендігі сөзін бастар жерден қатаң тастап, ұрыса келіп, аяғында айтқаны:

— Әй, Бақтығұл, сен шек білмей, асып кетіпсің. Жамандықты жақтамас деп сенген бойда мен жүрсем, сыртымнан мені былғап жүріпсің. Мен саған не ғылған кісімін?— дәл, көп алдында арыла сөйлеп, өз басын әдейі осындай доң-айбатпен аршығалы отыр. Шүү деген жерден Бақтығұлды тұқыртып мойындата бастады.

Бақтығұл бұл күнге шейін Жарасбайдың осылай сөйлеген түрін көрген жоқ-ты. Таңырқап та, сасып та қалды. Сонымен бірге жаңағы айтып отырған Жұмыстарға өзін сондайлық кіі әлі екенмін деп білмейтін.

— Мен не ғылыппын, болысеке? Неге таусыла сөйледіңіз? Кінәмді мойныма қойып өлтіріңіз. Әйтпесе біреудің нұсқаған жаласы шығар. Тексеріп, тергеп алыңыз.

— Тергейтін түк те жоқ. Сен, сенен басқа кісі істеген жоқ. Бүрген ішінде анау Ораз аулынан бір сары, бір торы ат, екі ту бие алыпсың. Қазір соны орнына сал— деп бұйырды.

Бақтығұл үндемеді. Алғаны шын. Жалтарғысы да келмейді. Жарасбайдан жасырам дей ме? Болыстың өзі де бұл істі бек біледі. Өзінің емеурінімен істелген қимыл болатын.

Бақтығұл әлі үндемей, көбінше таңданумен отыр. «Болыс неге бүйтіп құбылады? Әлденені сылтау ғылып, құйрығын сыртқа салғаны ма? Жоқ, жұртқа өдейі көз ғып отыр ма? Әлде ел көзінше осылай деп, Бақтығұлға жаманатын аударып, мұны тентек қып қойып, өз басын

жаманшылықтан ақтамақ бола ма? Олай болса, артынан Бақтығұлды өзі арашалап алмақ шығар. Солай ету бар атқамінер-жуанның өдеті еді ғой. Ендеше, бетінен алмайың. Қарсы келмей, дегеніне үндемей ғана көнейін» деген байлауға келді.

— Алғаным рас еді. Малым да, жаным да сенікі, болыс. Сенен асып қайда барамын, кімді би ғыламын? Ойыңызға сыйғанын істеп, Оразды ырзалаңыз. Басқа, бөтен айтарым жоқ!— деді.

Үйде отырған ақсақал-қарасақалдың көбі сүйсініп, қозғалысып қалды. Ара-тұра ырзалықпен күлгендері де болды. Көпшілік болыстың салмағы мен айдынына, кісілігіне сүйсінген сияқтанады. Онан соң: «Сорлы ер кедей ғой, өліп кетсе де шынымен кетеді». «Болыстан кісі өлтірсе де жасырмайды — деп едік қой». «Алса — алдым дейді!»— дескен үндер шықты.

Бақтығұл үлкен үйдегі қалың жұртты түгел шолып аңдаған жоқ еді. Енді айналып қарағанда, төрдегі Бәйтен баласының тобын көрді. Бұлар Жарасбайдың қайны болғанда, соның ортасында Ораздың Бақтығұла білетін Сәлменге дос інісі — Асан да отыр екен. Жаздан бергі Бақтығұла білген мөлшерге қарағанда Бәйтен аулы ұстасқан Қозыбақтың серігі осы Ораз аулы болған.

Бәйтен баласымен басы қосылмайтын араздың өзі — Жарасбайдың да, Сәт тәрізді, қырына алған қысас аулы енді келіп ондағы-мұндағы араздардың тізелері қосылып қатар отырып, шырайлары жарасып қапты. Бұны Бақтығұл мүлде ұға алмады. Енді міні: Бақтығұл шынын айтса да, болыстың өңі жылымай отыр. Алғашқыдай етіп сыртына теуіп, көп сөзбен зекін келіп, аяғында айтқаны:

— Бұдан былай қия бассаң, менен жақсылық күтпе! Жақын көрсем, манайыма жолатсам, тұзу адам болар деп жүрген шығармын. Жолдан тайған күні сен маған, мен саған жоқпын, жатпын,— деді.

Зәрленіп кепкен бойда сазарып қалды. Болыстың ашулы үніне ұйыған үй іші де тегіс жым-жырт. Бақтығұл қайтарып сөз қатқан жоқ. Жаңағы соңғы ойлаған оймен үндемеуге, қарсы келіп, болысты ашындырмауға бекінді. Аяғында болыс аз үнсіз томсарып отырды да жаңағы қатаң үнмен өмір етті:

— Қазір мына мал несі аулына барады. Төрт жылқысына төрт жуан татымды төлеу бересің де, соған қосып: басына — қосақ, артына — тіркеу есебінде айыбыңа тағы

бір ат, бір түйе тартасың,— деді. Жұрт және де жымдай болды.

Бақтығұлға кесік батып кетті. Мұның қолында қандай мал барын болыс жақсы біледі. Мынау кесігімен Бақтығұлдары малдың жарымынан көбін сыпырып-сыпырып алғалы отыр. Алғанда және кеше өзі аттандырып, өзі жайғастырған мал үшін осылай етіп отыр.

Көңілді күпті ғылар күдікті ойлар бар. Бірақ не де болса, етіпен ет кесіп алса да, Бақтығұл түбіне сенді де үндемей көне беруге бекінді. Болыстың айтқаны екі болмады. Бақтығұл мен Асанның қасына Сәрсен ақсақалды қосып беріп, болыс сол күні былтырдан бері ғана бітіп, Бақтығұл неменіп жүрген азын-аулақ малдан алты бірдей жуан қараны Асанға шығарып берді.

Мал күйігі онай емес. Көңілге медеу көріп жүрген малдың тең жартысынан артығы — алты бірдей қара шыққанда, орны үнірейіп қалғандай. Қатшаның да, Бақтығұлдың да іші қатты ашыды.

Болысқа да Бақтығұл көңлі біраз салқын тартып, мұздаңқырап қалды. Жаздай өзін жаулап жүрген дүспанына сойып отырып мал әпергенімен қоймай, түсін де жылытқан жоқ. Оны қажет деп ойламаған да, сезбегенсіді. Әдейі осылай есептеспей отыр. Ішінде күдігі тыншытпаған Бақтығұл осыдан кейін екі-үш күндей ауыл арасын қыдырып, әркімнен сөз тартты.

Ел ешінің тартысы не күймен келе жатқанын сұрастырып еді. Көрші екі-үш ауылды қыдырып аралағанда әңгіменің бәріне қанды. Соңғы кездегі оқиғалар Бақтығұлды адастырып, далаға қаңғытып жібергендей бәле бұлтаққа түсіпті. Қалың топырдан адасып шаң қуып, қара үзіп, қаңғып қалғандай сезінді. Ел бір бөлек, бұл бір бөлек. Баяғы жалғыз жорытқан көк қасқырша өзімен-өзі ғана болып қалған қу жаяғыздың күйін қайта көрді.

Бұл кездегі ел келесінде болып қалған шытырмандар сау кісіні жынды қылардай. Ең ащы, зәрілі кесірі — ақты қара, қараны ақ етіпті. Кінәлі құтылып, кінәсіз тұтылатын шақ туыпты. Талай момынды аққұла шығынға орынсыз жаза-қазаса ұшыратуға соқты. Бір Бақтығұл емес, жазғы алыс-жұлыс уағында елгезек болған, атқан оқ, шапқан қылыш атанған сан кедейді ұры да, қары да қылыпты. Өз басын аямай жуандардың сілтеуімен отқа түсіп шыққан велер әлсіз жалғыз-жалғыз азаматтар енді

шіне талай жерде, талай рет Бақтығұлша тұмсығынап шаншыла жығылып, қорлық-зорлықтан қансырап жатқаны білінді.

Бір күн болмаса бір күнде ісім түсе ме деп, ауылға жалтаң көз болып жүретін кедей-кепшік, аз ата ендігі салмақты қыл мойынмен көтеріп жатыр. Кескілескен тайталаста, барымта-тартыста соғысқан — солар. Таяқ жескен, бірін-бірі кем-кетік еткен, бас жарып, қан төгіскен — солар. Сөйтіп пәле мен қаза қалың момын елдікі болып жатқан шақта, сары қымызды сіміріп, семіз сүрге, балпаң бағлан майына жалмауыз пышағы жорғалай түсіп семіріп, мақтан, атақ алған Жарасбайдай, Сәт пен Сәрсен, Бәйтен, Ораз, Қозыбақтай жуан ауылдар болды.

Ел ішіндегі, ауыл арасындағы жай осы болса, облыстық қаланың ояз бен облыс кеңселерінде біреуді-біреу қаралап көрсеткен арыздар айлар бойы тола берген-ді. Әсіресе ұрлық, барымта көбейіп барады. Ояз ішінде қазақтың атқа жиі мініп, жауынгерлікке бет алып, аяқ басып бара жатқаны байқалады. Кейбір ұсақ ұлықты, стражник, урядникті тыңдамайтын болды. Қазақ болыстарының залалы станицаларға да біліне бастады деген сыбыс-хабарлар қалың қабырғалы меңіреу кеңселердің ұйқысын аша берді. «Ұры көбейді, ел құтырды» деген сөздерді ақпар етіп, крестьян начальнигі, ояз, жандарал кеңселеріне жағымпаз болыстардың өздері де жауларын көрсетумен қатар, білдіре берген.

Ақыры, бір күні жандаралдың әмірімен қала сілкінгендей болды да, партия жайлаған елдердің барлық болыстары мен билері қалаға шақырылып, тергеуге түсті. Дағдылы әдетпен қоқан-лоқы жасап қорқытып, жалындырып, арада параға қалтаны толтыра жүріп, болыс, ояз чиновниктері мен тілмаштары партия басшыларына: «тез бітім табындар» — деп әмір етті. Бұл «жандарал әмірі» — деп жеткізді.

Осыған көнбесе, болыс атаулы орнынан түсіп, партия басылар елден кетіп, жер аударылады», — десті. Баяғыдан осылай ұлық кеңсесі ұшықтағанда, ел жуандарының ет пен тері арасында жүрген қымыз желігі тез басылып, тез айығатын. Бұл жолы да сол ем болды. Барлық алысып жүрген партия басы араздар облыстық қалада бір күнде үлкен жиын жасады. Көк қасқа сойып, бата ғылысып, құдай-құранды айтысып, араздықты тастасатын болып, бітім табысты. Содан кейінгі кеңестерінің байла-

уы — ел ішіндегі тентек-тебізді, ұры-қарыны тиямыз деп серттесті. Ол тентегі мен тебізі, ұрысы мен қарысы дәл өздері екенін андамаған, ұқпағансиды. «Е», — дескен пәлекор, айлакер қорқаулар аттарын атаспаса да, елдеріне қайтқанда кімдерді жазалап, кімдерді қудалайтынын іштерінен мейлінше жақсы білісуші еді.

Осы жөнінде Жарасбай да қалада болып, өзге жауларымен де, әсіресе Сәтпен татуласып, табысып қайтты. Тіпті облыстық қаладағы ең алғашқы татулыққа аталған көк қасқаның өзі осы екеуінің татулығына арналып сойылған құрбандық болатын.

Елдеріне қайтысқан соң, сол жуандар үсті-үстіне ақсарбас, көк қасқа сойыса берді. Бірінің үйіне бірі барып түсу, құдаласу, табысулар көбейе берді. Енді осы тоғысудың сонынан ашылатын съездердің уақыты жақындап қалған еді. Әрбір болыс, би өз кісілеріне, қарақан-қара басына жаманат келтірмейтін жақты ойлап, енді қиялап шығатын, пәле-жаладан құтылатын жолдарды табу керек. Кейбір істерге, ақы-пұл дауға съез үстінде орын қалдырмау мақұл. Сондықтан көп дауды съезге жеткізбей, алдын ала тексеріп бітім беріп, тыныштық табысып жатқан аз күндер болды. Осы ретте Жарасбайдың қайыны Досай аулы өзімен тұтас аразы Қозыбақпен де, Оразбен де түгел табысқан. Сол табысу үстінде Ораз аулы Жарасбайлар әкеткен малын айтыпты да, кеше болыстың Бақтығұлға қадалып, аямай мал кесіп бергені сол еді. Бірақ Бақтығұлдың сыбарасы мұнымен бітіп болған жоқ. Бұған арналған пәле-жаладың, зәрлі зілдің ендігі бір көзі қаладағы ұлық кеңсесі болуға айналды.

Ояздың тілмәші Жарасбайдың қаладағы жең ұшынан жалғасатын нық сенімді тірегі Токпаев дейтін болатын. Сол Жарасбайды сыртынан қорғаштап жүретін, параларын арналған жеріне жеткізуші; соған орай өз жемін қысы-жазы мол алатын. Ал Жарасбай үшін өзі және келер-кетер жаманшылық-жақсылықтан ұдайы білдіруші, Жарасбайға парамен сатылып келген тілеуестік ішіндегі мархабат періштесіндей жаршының өзі болатын.

Жақында Жарасбайды оңаша алып өз пәтерінде қонақ қып отырып, Токпаев бірталай сыр айтып, ақыл берген. Сондағы үлкен сөзінің бірі — ояз кеңсесіндегі Жарасбайдың үстінен жаз бойы түскен арыздың көбінде бұны «ұры ұстайды» депті, «Ұдайы кісі аттандырады.

Талай мал алды. Қолында барымташы атышулы мықты жігіттері бар» депті.

Осы хабарды, сырды білдірумен қатар, Текнаев Жарасбайға: «тезінен бұл пәледен құтыл, арыл! Ол үшін бірнеше адамды «ұры» деп шығарып бер. Өз балерінің атынан абақты кесік кескіз. Сол кесік бойынша приго-ворды мықтап тұрып, осы қаланың абақтысына айықкерлерді өз атшабарларың айдап кеп табыс етсін»,— деген.

Бір бөленің үстіне тағы бірі жамалғандай, Бақтығұлды шығара қуып, кімалауға соңғы күндерде бір сылтау тағы шыққан. Қозыбақ аулы жақында бір топ мал жоғалтып, соны тағы келіп Бақтығұлдан көріп, қадала бастады. Бақтығұл бұл малдан аман болатын. Жарасбай жұмсаған шақта Қозыбақ аулынан барымташы оның көп алғаны, өміге түсіп, аямай алғаны рас болса да, өз бетімен қотыр тайын ұрлаған жоқ-ты. Алып келген малының бөрігі де Жарасбай, Сәрсен, Қоқмын, Қайрашбай — төртеуінің қолдарына өткізетін. Сөйтіп партия біркелкі барымтаны қойғалы тыныш қана жатқан Бақтығұлға Қозыбақ аулы ескі кек сылтаумен тағы кеп жабысты. Соқыр көргенінен жазбас деп, артынан қалмай қойған.

Бұл жолы жоқ іздеп келген кісі екеу еді. Бақтығұл барын айтып арылса да, мыналар тоқтатай шектен аса берген. Екеудің пысығы сонада келіп, Сәлменмен бірге Бақтығұлды сабан кететін теке сақал, бітік көз сары Әзберген еді. Сол Бақтығұлға «биылтырғы істетей істі тағы да сағынған екенсің» деп, содыр жуандықтың жоласын көрсетті. Өзінің айыбы жоқ және ескі кегі ұмытылмаған Бақтығұл мына сөзге шыдамады. Ашу қысып бұлдықпадан Әзбергенді боқтап жіберіп, дынынап савыдай ұзын қара пышағын суырып алған. «Жарып тастаймы сен итаршы төбетті!»— деп, тап берген.

Әзберген қырсық мінезді, қыршаңқы тілді боштанмен, қуыс неуде қорқақтың бірі болатын. Бақтығұл сырын біліп, доң-айбат жасап еді, сонысы ем болды. Екі жоқшыны боқтап-боқтап, аулынан айдап салды. Болмысқа жетіп жүрген арыз-шағымның ішінде бұ да қосылған. Енді Жарасбайдың өзі ғана емес, болыс аулы тегіс сыртыға теуіп, қырын қарап қалыпты.

Сондай бір шақта Катша үйіндегі қатпан-құтқаның асып, Жарасбайдікіне сыбаға әкелді. Әкелгенмен, бәйбіше күрес қабатпен сұлықсыз қарады. Катша бұлардың жат сияқтанып қалғанын сезіп отыр. Аяғында, кетерінде

Сейітті былтырғыша осы ауылға тағы да әкеліп, оқуға бермегін айтып еді. Баласының «барамын» деп үйдің мазасын кегіріп жүргенін сездіргенде, болыс пен бәйбіше бірдей жауап бермей, сөзін ескерусіз тастады. Қатша «женеше» деп сөйлесе де, бәйбіше өз қатындағы қутуші қатындары, малшы-қосшыларымен Қатшаны көбінесе күлкі ғылып мазақтай берді. Айласы құрыған Қатша дал болып үйіне қайтты.

Осы сияқты әр жайдан әртүрлі шаң берген суық қабак, бөгде белгінің бәрі де Бақтығұл басына қарай үйіріліп-айналып келе жатқан дауыл бұлтындай бір жаманшылық салқыны еді. Сонда бәр-бәрінің түп қазықтай жуан тамыры, арғы себебі Жарасбай болыстың ішінде енді бүгіліп жатқан бір ғана қатал қиянат, арам воепке саятын.

Осындай інге іркіштен бігеу жарамен кеше бір заманда Бақтығұл сөйін келген Жарасбай жүрді. Өз күйі не болары белгісіз дүмбілез дағдарысқа Бақтығұл түсті. Сонымен он шақты күн өткенде Шалқар болысының съезі де ашылып қалды.

Бақтығұлға алғашқы күндерден бастап-ақ суық хабарлар жетіп жатты. Съезд басында болыстың өзі де бар дейді. Білер кісісіне қарай өлгенше қатал. Көсік үлкен. Шалқардың атқа мінген билдәрі мен жуандары болып, болысты ортасына ала отырып, ұрыны аямасқа «аруақ-құдай» дегім аянтасыпты. Келесін отырып, жиырма кісіні «ұры» деп қаттал аянтты деген де сыбыр бар. Олардың арасында кім бар, кім жоғын бөгде жұрт білмейді. Бірақ осыларға түбінде абақты шешілер деген дәлсіздік та естіледі.

Таңдыр бір-екі күн өткенде күн кесілген біреудің аты да білінді. Кейде жарда Бақтығұлға ере жүрген Жәдігерге кесіліпті дейді. Ол жаз бойы болыстың қабағына қарай бет алған сойла соғары болатын. Бақтығұл бұл жайдан ұлында, інінен жет сұмдықты сөзінің де, сескейіп кетті. Мына албасты төгі қыбысқа қарай бисатын албасты іккен деді. Дүние көз алдында асты-үстіне келіп төңкеріліп құбылып түскендей болды.

Енді өзінің кезегі шеле жатыр ма қалай? Съезд басталғаннан бері үш күн өткенде, Бақтығұл үйісі-күшіден, тамақтан да айырыла берді. Сұр бөркін көзіне таман киіп алып, көп күрсініп, өңі де сұп-сұр болып, үндемей жата берді. «Қашан шақыру келеді?»— деп, ажал саға-

тын күткендей, жүрегі күпті болып, алағол, арамза билердің әмірін, кәріп күтті.

Бұл хал сонша ұзаққа созылған жоқ. Съезд ашылғанға төртінші күн дегенде, түс кезінде шабаршы келді де Бақтығұлды «билер шақыртады» деп, ертіп әкетті.

Қызылды-жасылды ғылып сәнмен жиылған жақсы үйлерде қалын көрпе, құс жастықтарға көмілген жуан билер, күндіз-түні семізді кертіп жеп, кекірігі азғанша майға бөгіп жатқан. Бұлар малына іңдет келген ауылдық иттері сияқты: жоны шығып, құйрығын сыртқа салып көзі қызарып құтырғандай қанталап, қауып түсетін сияқты түр көрсетеді.

Тегіс семізбен бітім жасаған; арыққа рақым да, бітім де жоқ. Бақтығұл әлі құрығандай ақырын ғана сәлем берді де, сүйретіле келіп, босаға жақтан орын алды. Жылы шыраймен қарайтын, аман-жаманды сұрайтын бір кісі жоқ. Көзімен билерді жағалап қарағанда, араларында отырған бұрынғы жақын таныс билерін көрді. Сәрсен кәрия отыр. Бұдан басқа жаздықүнгі партия жігінің тұсында Жарасбай жақта болып, Бақтығұлға өз кісісі сияктанып жүретін тағы бірнеше билер бар екен. Бәрі де керек десе сәлемін де алмайды. Көздеріне көзі түсіп амандасайын деп еді, шетінен мойындары сыртқа қарай бұрылды, аманын естімейді. Әдейі байқамаған кісі сияктанады. Өзгеден бұрын Жарасбайға жақын жүретін қай заманда болса соған тарап кісілер бұған әсіресе сызданып, сұрлана қарап қапты.

Бақтығұл өз-өзіне: «Желдің арты қай жақтан екенін білген шығарсың!»— деді. Бірақ осыны сезумен қатар, көңліне де, бойына да бір ерекше жеңілдік бітіп кеткендей болды. Өзіне-өзі: «Неден болса да ақпын. Менде айып жоқ» дегендей неше күннен бергі түнеріп жүрген ішінде қазір масайрап ашылған бір жарықты тапқандай болды. «Қара болсам, өзге қараласын. Нақ сендер қараласаңдар, көріп алармын, құдай-ақ та! Мен не болсам, сен де солсың» деп, ішінен дауласып кеткендей болды. Ұзын мұрты тікиіп, түгін сыртына теуіп алды. Осы халдің үстінде отырғанда тергеу басталды. Баоынан-ақ іс Бақтығұлдың тілеген бетінен шықты. Мал сұраушы Сәтпен Ораздың кісісі екен. Билер үйінде «жақсылардың» тап ортасында отырған семіз сары кісі — Бақтығұлдан мал қуушы даугер болып шықты. Әңгіме — алғашқы ба-

рымтадан кейін бір рет Бақтығұл аз кісімен барып алып қайтқан бес жылқының жайы екен.

Әуелі даугер сөйледі. Билер қырланып, қақырынып, түстерін суытып алып, айыпкерді оңды-солды қаға бастады. Бірақ бұлар қаншалық қоразданып, қанатын қомдап келгенмен, Бақтығұл сасқан жоқ-ты. Жалтарған да жоқ.

Екі-үш айналған соң, «жасырмаймын, алдым!»— деді. Жұрт басында үндемей қалды. Жарасбай жағының билері үндемеген қалыпта томсарып отырысты. Сол кезде ертеде көп ақылмен, нұсқаумен дайындалған болу керек, қарсы беттің аласа бойлы, тік мұрт қызыл биі сөзді алып:— «Неге алдың?»— деді.

Бақтығұл мұртының астынан жымиды да, нығыз пішінмен:

«Партия болған соң алдым!»— деді.

Ымы-жымы бір билер тегіс ажырайып, тікиіп қалды да, кейбірі мысқылдап, кекетіп мырс етісті.

— Бұл сорлы партияның қолжаулық болмайтын жері болсайшы, сен екеш саған да келіп бір рет ат сауырын беруге жарады-ау!— деп қызыл би кекетіп жымиғанда, өзгелері де соның бетін қостап, монтаны пішінмен жымың-жымың етті.

— Ораз бен Сәтте сенің қандайлық партия кегің бар еді? Әлде дуан тартысында Сәт екеуің бастарың бір жерге сыйыспай шығып па еді?— деп тағы кекетті.

— Өзім тартыспасам,— елім, жақын көрген басшым тартысқан шығар. Ер қарасы болып, мен де біреудің соңына еріп, сойылын соққан шығармын.

— Сонда сен ненің орайы деп Сәт пен Ораздың бес жылқысын алдың? Ел келесін, басшылар тартысын былай қой. Олардың сөзі бір бөлек. Олар өз жайларын жеке сөйлесіп, бітім табысып жатыр. Сен оларды бұл жерге қабаттама. Оны саған әдейі арылта айтамын. Сенің басшы ғылдым деген кісілерің бұл бес жылқыдан бойын аршып, мына жоқшының көзін жеткізіп шығып отыр. Бес жылқыны сен өзің алдың да; өзің пайдаландың, соған не айтасың?— деді.

— Мен бірді алайын, оңды, бесті алайын — бәрін де өз кегімді қуып алғамын жоқ, емеурінмен алдым. Алғызғанды алыстан іздемеймін. Нақ міні — мына отырған Сәрсен мен Қоқыш-ақ бұл жазғы мен істеген істен бойын аршып кете алмайды!— деді.

Қоқыш бұл үйге жаңадан келіп отыр еді. Бақтығұл сөзіне қарсы қамшымен қолына білеп салмақтап отырып, тесірлей қарап:

— Партия жөнімен алынған барымта, тартыс — бір басқа, ол сөздің түіні саған келген жоқ. Құр-беталды өз пәленді жұқпайтын кісіге жұқтырамын деп шапшыма, білдің бе! Ұры сенсің, мен емеспін. Жеген сенсің, мен емеспін. Өлер болсаң, Сарсен екеумізге қақтықпай өл. Биігер! Бұл жұмыс барымтаға да, партияға да жанамайды, басы ашық ұрлық. Бұл бізге ғана емес, Жарасбайға да жармасар. Болыс маған осы сөзді билерге айтып кел деп, әдейі жіберді. Міне — ұрын, әні — мойнына алып отырған ұрлығы! Ендігісін өздерің біле бері! — деді.

Бақтығұл күйіп кеткендей бодды. Мал Жарасбай мен Сарсеннің екеуі бөліп жеген мал еді. Айыпсыздың ызасы мен реніші кернеп кетті. Көріп отырған жәбір-жапасына, жалғыздығына өзіне-өзінің жаны ашығандай көзі жасаурап, тамағы кебіріп, аузына сөз түспеді.

Билердің жүзі көрнеу тұрған қиянатты, әдейі арсыздыққа жөнісіп, арамды ақтың үстіне не айламен болса да шығарамыз деп, жұмыла қарайып алған. Сөз біткен сияқты көрініп, мың батпан жауыадықты ұятсыз, арсыз қалың кеудемен өрге сүйреп жөнелді. Бақтығұлға кесік айтылуға жақындап қалды.

Бақтығұл жанары қалінен бой жнып, оңала алған жоқ. Дауды қойды да ендігі соңғы айтқан сөзі:

— Егер осы Қоқыш сөзін Жарасбайдың айтқанын болса, арманым жоқ! Өртеп жіберіңдер, бүйтіп итіліз жүрген тіршіліктің бұдан былай маған бес тынға да керекі жоқ. Жалғыз үй Сармен өшкімнің де тобы көбеймес. Келді-кетті бір жалғыз кедей. Не көрсем де сентешімнен көрген шығармын! Бірақ қоймаларыңды көрдім. Көрегі жоқ, жаршды... деп жөзіне жас алып, буынып кеткендей болып, сазарып түрегеліп, жүріп кетті.

Үйдің іші аз үндемей отырып, артынан қайта сергіп, кесік әңгімесіне кірісті. Бақтығұл сыртқа шыққанда, жотасын сырт беріп үш-төрт жуанмен бірге көлденең өтіп бара жатқан балысты көрді. О да сәлемін алған жоқ. Мықты балыстың нағыз, арсыз, жуан жонын көріп тұрып, Бақтығұл тістөнін ап, «Қап!» деп ернін шайнады. Жүрегіне у төгілгендей болды.

Бұл уақытта шабарман қайта шақырып, үйге кірді. Билер бес қараға бес жуан қара кесік айтты да, артынан үш жыл абақтыны бірге кесті.

VII

Арада екі жұмадай уақыт өтті. Бұл кезде Бақтығұл елден, жұрттан безіп шығып, тау ішінің жайын тағысы сияктанып жүрген қашқын.

Боластың съезінде сатымсақ билер істеген билік сол күні орнына келетін болып, билік артынан Бақтығұлды жібермей ұстап, тұтқын қылуға айналған.

Екі шабарман Бақтығұлды билер үйінен ертіп шығып, ұрыларды қамап жатқан үйлеріне қарай алып жүрген... Бірақ абақтыға салып, тұтқын қылып ұстау қырдың әдетінде жоқ жаза да, оны істеймін деген болыс, билер де көңілдегідей қылып орнына көлтіре алмайтын. Ұрыны сенімсіз көріп, қашып кетеді деп, аяғына кісен салушы еді. Сол кісен шабарманның қолында жоқ болды. Және барлық түетеріне, жөніне қарағанда екі жігіт Бақтығұлдың кісі гүрлым көршейтін әлсіз, жөндекілеу жігіттері еді. Өздерінде асынған қару да жоқ-ты. Алдында билік үстінде не дерді білмей есінен жаңылған Бақтығұл тысқа шығып, енді мына жігіттер аяғына кісен саламыз деп қамданып жүргенде ғана өз жайының шынымен бұзылып, жат түрге ауысып бара жатқанын ұқты. Қазір сол жерде-ақ зорлыққа көнбей қашуды ниет қылды. Осы ниетті жаңа ойланып бекініп болған сәйіс шабармандар: «Осылай түрі!» деп, болысқа тігілген үйге кісен іздеп жөнелісті.

Сол уақытта Бақтығұл саспастан аяңдап барып, билер үйінің жанында тұрған атына мініп алды да, үй-үйдің тасасымен желіп жүріп кетті. Артынан бір шабарман шығып «аһу!» деп жұртқа жар салып, «қайда кетті, қайда кетті?»— деп бос қарбаласып жүгіріп жүрген кезде, Бақтығұл ауылдың жанындағы кезенді асып, жорыны отырып жартасты өзекке түсіп, содан тас-тастың арасына батып, тауға кіріп адастырып кетті. Осы сараттан бастап Бақтығұл қашқын болды.

Бұрын ілініп көрмеген, көрмесем деп тілеген жаманатына еріксіз келіп басы сұрылды.

Қазірде аз күн өтсе де, Бақтығұл қашқындықтың сұ-

рықсыз жамаң, жат пішінін әбден көріп, басынан бір алайды кешіріп қалды.

Съез басынан қашып шыққан соң, болыс сол күні тыным тапқызбай іздеткен екен. Кешке шейін маңайды аралатқанмен, таба алмапты. Бұл уақытта Бақтығұл жолға бөгелместен тура тартып келіп: қатынына қысқаша жайды айтып, киім-кешегін алып, астындағы жиренді тастап, жүйрік құланы мініп, шиті мылтықты барлық оқ сайманымен мойнына асып алып, кешке шейін ел көзіне көрінбес үшін белгілі қоратасқа бекініп отырған. Мұнда, бір жағынан, қарауыл қарай отырып, екінші бітірген жұмысы: үйінде қатынына тары-талқан түйгізіп жатыр еді. Және өзі Қоратасқа бір тоқтысын алып келіп, соны сойып, жарты етін қатын-баласына тастап, жартысын өзіне азыққа арнап бұзып, тұздап қарынға салып еді. Кешке ымырт жабыла қатыны талқанды алып келген соң, бұдан былай қанша уақытқа кететінін айтпастан «құдайға тапсырдым» деп қош айтысып, құла атқа қосып бір семіз күрең атты қосарына алып, тауға қарай тартып берген.

Қатша бөтен ешнәрсе айтпастан:

— Келіп-келіп аяғы бұған жетті ме? Құдай төбеңнен ұрғыр, Жарасбай! Осы қылғаның өз басыңа келсін!— деп, байы көз ұшынан жоғалғанша артынан қараңғыға қарап тұрды да, ет салған қапты арқалап үйге қайтты.

Сол күні түнде болыстың қуғыншылары келді — таба алмады. Қатшадан ешбір дерек ала алған жоқ. Ол «таңертең кеткен» дегеннен басқа түк хабар берген жоқ. Не болғанын аңқаусып өздерінен сұрады.

Болыс Бақтығұлды қырына алып, жазаламаққа байлаған соң, не де болса оның елде еркіншілікте жүрмей, барарына тезінен бармағын тілеп еді. Сондықтан алғашқы күннен бастап, осы соңғы уақытқа шейін тыным таппай талай жерден талай түрткі салып қуғызып келді. Қуғыншыға жердің жөнін білетін тас-тасты көп аралаған аңшыны немесе ұрыны қосып беріп те жіберетін. Бір екі кісі емес, бес-он кісі Бақтығұл қашқаннан бері қарай үнемі ат үстінде болып, тыным алмай тау-тасты сүзіп жүр. Бірақ бұл күнге шейін Бақтығұл қолдарына түспей келді.

Алғашқы қашып шыққан күннен бастап, Бақтығұлдың ойы ылғи абақты жайында болатын. Өмір бойы жаны шошып қорқатын, «содан сақта» деп тілейтін жалғыз қорқынышты дұспаны еді: желмая мініп, Құламергенді

қуған ертегінің жалмауыз кемпіріндей қадалып, түйіліп, мұның соңына түсті. Күндіз-түні бір күдік, бір қауіп, жүректе оқтай қадалып, қабағын ашқызбай, ас батырмай, ұйқы ұйықтамай, нығынан басып салбыратып бара жатты. Кейде артжағы қаптап келе жатқан өрт сияқтанып, яки дүниені жалмап жапырып төнген тасқын сел сияқты көрінетін. Түсіне ояуы, ояуына түсі араласып, өрқашан арт жағынан аузын ашып жұтқалы ұмтылған ажалды сезіп тұрғандай күйлер көбейді.

Сол қорқынышты ажал: абақтының шойын есігі, қараңғы тас қабырғасы сияқтанатын... Ерте күннен жайын мінезді жабайылықпен қорқатын әдет, бұл күнде ұйқтап жатқанда да селк еткізіп шошытып оятатын. «Тіршілікті темір тұзақтың ішіне салып, тірі шығармын деп ойлаған жанның көрген күні бар болсын. Одан өлім артық, бәрі-бір бұл да өлім. Ләнет, ләнет болсын бұл күйге, бұл күнге!..» деп ертеден-қара кешке осы сияқты бір қараңғы суық түсті қара үңгірге оймен телміріп қадалып алып, соның албастысынан бойын босатып ала алмай қойды. Қуғын жиілеген соң, жаңағыдай жат түсті абақтымен қатар тұрған әзірейіл Жарасбай болды. Оның да жуан жотасы, суық түсі әлгі ажалды мұның артына көздеп салып, тыным таппай қуғызып отырған мың да бір дұшпаны болды.

Осындай күшті, жуан жаулардың бір күні болмаса, бір күні уысына еріксіз түсетінін ойлағанда, Бақтығұл ішқұса болып алағызып кететін. Бірақ ес жиған уақытында бойын билеп, өз-өзіне қайрат бергенде:

— Не қылса да ұстатпаймын, қолыңа тірі түспеймін, қашамын, қашамын, қашып жүріп өлемін. Егер тіпті болмай бара жатсаң, Жарасбай, көрермін!..— деген байлауға келген.

Болыс он бес күннен бері тыныштық алған жоқ. Әлі де Бақтығұлдың соңына шам алып түскендей болып келеді.

Соңғы кездегі қуғын әлденеше жақты болуға айналды. Бір жағынан, он шақты кісіні қолдарына мылтық, қару-жарақты сығайлап беріп, күндіз-түні тау-тастың барлығын кезгізуден басқа, тау ішінде отырған елді де мұның соңына салмақшы болды. Бірталай елді салып та қойды. «Кімде-кім Бақтығұлды көрсе, я ұстап берсін, яки хабар ғылсын. Ол ұсталмаса, тыныштық болмайды. Қаладан отряд шығады. Лауымен, сойылымен сол елдің өзі-

Дің мазасын кетіреді. Оның үстіне ұрыны, қашқынды сүйенің деп жазаға ұшыратады» деп, үстінен құс, астынан ир жүтті, момын елді нерылса да Бақтығұлға жау қыл тиген болды. Осы сияқты қорқытқан қоқан-моқыдай баеқа жанын елдің арасындағы моңғолжестер, тылдармен ұстатты, аяқ кәрия, пысықсыған атқамінер болса, соған арқылы сәлеммен де асылып, салмақ салып жатты.

Сонымен аз күнде Бақтығұлға қалың таудың ішінде соңшалық мықты, сенімді пана болмайтын сияқтанды. Енді не де болса көпке есебей, көп жерге қонақтамай, барды берсе де бір ғана жасырын орынды тауып алып, соны мекеме етуге тура келді. Елінің, жау көп, аямайды; қуғыншылардың қаруысы жоқ. Бұл болса, әрі жалғыз бас, оның үстіне сүмбемен оқтайтын жалғыз ауыз қара шүкілден баеқа сенімді қаруы да жоқ.

Өзгеден бұрын бір зор қиыншылық осы. Қашқын болған соң ат, сайман көшідегідей болмай болмайды. Әйтпесе қашын, қорлыққа түсу де керек емес. Соны алғашқы шыққан күнмен көп ойлап мықтап ескерген Бақтығұл бүгін ғана мұратына жетіп, қолына сенімді қару түсіріп алды. Көзір мұның қойнында жаңа алғыатар, мойнында жақсы сенімді берденке бар. Бұлар көп зарлақтырды, бірақ шығынсыз түсті. Өйткені екі-үш жыл бұрын жорыққа аттанып жүрген кезінде Бүргеннің бір кәрі орысымен дөстасып еді.

Ол бүгінгі Бақтығұл сияқты, екі жыл бұрын қашқын болып басынан көп бейнет кешіріп жүріп, аяғында бір жылдай абақтыға жатып шыққан. Соның қашқын болып жүрген уақытында талай рет астына ат, үйіне сойыс сияқты қажетін Бақтығұл сұратпай-ақ атқарып, ерекше достық істеген. Кәрі бейнетқор «кезі келгенде өтермін» деп сұрт өткен. Жақында соған Бақтығұлбарған соң, екі сөзге келмей, тығуды жатқан қаруларын көп оғымен шығарып берген.

Көше соны алып, Талғар басында тау ішілері бір ауызға түнде келіп қонып, бүгін өзінді өрлеп өзінің сенімді көретін бір жалғыз үйлі недейініне таман келе жатыр еді.

Түнде қонып шыққан аулы бұған сенімді көрінбеді. Келген жерден көрсеткен қабағы болсын, түндегі үй ішінің жалғыз сөздері болсын — бәрі де бұдан жасырын бір сырдың барлығын сездірген. Соны байқаған соң бір

ұйықтап оянып, таң ата, ауыл тұрмай, атын ерттеп мініп алып, ешкімді оятпай жүріп кеткен.

Бұрын бұл ауыл Бақтығұлға жаны ашығандай, жылы жүзбей қарсы алатын болса, енді артынан жылан жүріп қеткендей суынып, сызданып, ішіне жаттық жиып қалыпты. Бір бұл ауыл емес, осы өңірдің талай аулы-ақ солай болуға айналған. Бақтығұлдың ішіндегі уды молайтуға бұ да бір себеп.

Жер-дүниеден пана тапқызбай, әлемге жаманатты ғып нәрсетіп, қайда барса да жексұрын болсын деп тор жайып отырған — Жарасбай. Қалын биік таулардың арасында ит тұмсығы батпайтын қалың жыныс қарағайды аралап келіп, Қызылтастың тұмсығына ілінді. Етекте сайды басына көшіріп, асау Талғар тұлаң, ағып жатыр еді. Қызылтастың арғы астында өңірі жалғыз сенімді аулы — Катубайдікі бар. Сонда барып шай ішіп, жан-жақтан естіген хабары болса біліп, әдет бойынша кеш батқанша тары да тауға итпекші еді.

Әуелі баспалап қарап, ауылдың сырты бейқады. Бөтен ат, бөгде кісі жоқ сияқты. Содан соң аяндап келіп аттан түсіп, құланы белгілі екі өсігі бар аласа қораның ішіне апарып байлап, үйге кірді. Бұл тауға қашып келгенен бергі Бақтығұлдың көп жататын, өз үйіндегі мөретін оң сенімді жатары осы.

Катубай үйінің барлық жаны төрт адам тегіс үйінде екен. Үйде қалған Бақтығұлдың шитісімен Катубай бір елік атып алып келіп, соның жылы-жұмсағынан қалыны қуырдақ қуырып, шай қайнатып жатыр екен. Тыныш еркін өмірдің жылы үйшігі қазан аспада маздаған оты, ыстық шайы, шыжылдап жатқан жийли пісті қуырдағы Бақтығұлдың жалғызсырып тоңазыған көңлі бұл нұйнетке бөлсе да алаңдатып, жылытып жібергендей болды.

Катубай жасы елуге келген момын, адал кедей. Сақалына ақ араласқаны бес-он жыл болған. Кәзір де бұрыл түсі момындыққа бейім, жылы пирайлы. Алғашқы алған әйелі 15 жыл бұрын өлген соң, осы екінші әйелді алған. Содан туған 12 жас пен 10 жаста екі еркек баласы бар. Бәйбішесі дөнгелек толық денелі, қызыл жүзді жалпақ сары әйел. Бет пішіні еркекше кесек; айрықша бауырмал, көңілшек, аңсаулау, адал, мінез ашық, ажары бар кісі.

Балалары кедей, жүдеу үйдің ішінде өссе де, әке-ше-

шелерінен момындық пен таздықтың сүйкімді үлгісін атқан жақсы балалар — Мақыш, Сатыш.

Бұл үй бұрын Бақтығұлмен айқас болған таныстығы мол үй емес. Қалың елдің шетінде иесіз ешкі-лағы, азы-аулақ қарасымен қанағат қылатын да, тұзақ пен тор құрып, ұсақ аң аулап, анда-санда ешкі, елік атып, иетін азық қылатын.

Бақтығұл елден безіп, тау ішін кезіп жүріп, бір күн түнде далаға қонармын деп келе жатқанда, қараңғыда шыққан отын көріп, осы үйге келіп түскен-ді. Сонда да осы кәзіргі сағат сияқты жылы ұяның ажарын көрген.

Аралап қонып жүрген елдің ішінде ең бір жайлы жылы үйдің іші осы сияктанған соң, Бақтығұл сол түнде Қатубайға барлық бастан кешіріп жүрген жайларын айтқан. Үй іші тегіс жаны ашып, барын беріп күтіп, болысты да ұлықты да қарғап сілеп, көздеріне жас та алған.

Осы елдің әйтеуір санында бармыз дегені болмаса, бұлар болысын да, байын да, жақсы-жаманын да білмейтін. Бірейік деп талпынып ізденбейтін де. Жаз егіні, қыс малымен, аңымен болып, өзгенің желігі, қыдырысы, біреуді жағалап сөз қуғанынан әрдайым аулақ болатын. Ондайды сүймейтін.

Иесіз таудың ішіндегі жалғыз үйлі кедей сол түрдегі момын сұр жалғыздық тіршілігіне қанағат қылып, ошақ басының жылылығында, сол ошақ ауданындай кішкене сүйкімді ауданда өмір сүріп, оған қанағат етіп күнелтуді еді.

Бақтығұлды үйіне сақтап пана болуды қауіп көрмеген:

— Басына күн туған азамат екенсін. «Жалғыздың жары — құдай» деген ғой. Бірде болмаса бірде бір кемпір-шал бар еді-ау деп есіңе аларсың. Осы үйді өз үйіңдей көр де жата бер. Жауыңнан құлақтас болып тұрармыз. Мына балаларымды інідей көр! — деп Қатубай көп-көп жұбату, достық сөздерін айтқан.

Осы түннен бастап, Бақтығұлдың ең сенімді досы осы үй болды да, Бақтығұлға да үй іші өздерінің бір азаматы, тұсқаны сияқты қарасты.

Екі-үш күн бұрын Бүргендегі кәрі досына кеткенше көбінесе Бақтығұл осында болатын; бірақ күндіз отырмайды: ерте кетіп, түнде кеш келеді. Сондықтан бұл ауылды мекен қылып жүргенін әзір ешкім білген жоқ-ты. Бақтығұл күнде бір үлкен аң атып әкелетін. Үй іші сонь

азық қылады. Соңғы Бақтығұл кеткен күннен бері төмендегі көршілес ауылдардан Қатубай көп сөз естіген.

«Пәлен деген бір қашқын бар дейді. Болыс соны ауылдарына жолатпасын, көрсе — хабар ғылсын, болмаса ұстап берсін депті. Осы маңдағы елге де хабар айтты» дескен сөзді де естіді. Бірақ үндеген жоқ, елеген жоқ-ты. Кешегі күні Бақтығұлды іздеген қуғыншылар төменгі ауылдарда топтанып жүргенін де көрген.

Бұл маңайға олар бұрын бүйтіп ұзап келген жоқ-ты. Тек бір сыбысты естіп, біреудің хабарымен келсе керек. Бақтығұл келіп қуырдақ пен шай ішіп отырғанда Қатубай мен бәйбішесі соны айтты да:

— Қарағым, сақ бол, кездесіп қалар,— десті. Бақтығұл бұл жайды естіген соң, түндегі ауылдың өзіне көрсеткен шырайын еске алып, қуғыншыны солар көзеп жібере ме деп қауіп ойлады да шайды тез ішіп, атқа мінді.

Әрқашан ауылдан шыққанда елсізге бет алып, жоғары қарай өзенді жағалап, тауға тартып кететін. Сол әдетпен төмендегі бір тіктеу бетті қиялап отырып, Талғар суының жағасына келді.

Алыстан «мен мұңдалап» азынап сатыр-сұтырымен сайды жаңғырықтырып ағатын Талғар қасына келгенде барлық асау суық түсімен жанды шошытады. Биік таудың өр кеудесінен, қадімдік қалың мұз, ақ қарынан шырып, жартасты құздарды жарып ылдифа қарай ағатын. Сол жолында кейде шапшып құтырып, кейде бүктеліп тулап, ойнақ салып кетеді. Жайын суық қайрат несі көк долы судан Бақтығұл көзін ала алмай, жартасты жағалап келе жатты. Жаздыгүні бұл су бұдан да күшті, бұдан да мол болып аққұла болып ағады. Қазірде күз болған соң, шарасы көміңкіреген сияқты.

Бірақ сонда да өткел бермейді. Әлі де жыны жетеді. Түбіндегі кесек-кесек жұмыр тастарды осы күнгі ағынның өзі-ақ сатыр-сұтыр айдап, біріне-бірін қажастырып, сорыстырып жатыр.

Қазіргі Бақтығұлдың келе жатқан жері — Талғардың сайды құлдап, тар шатқа тығылып, тік еністе суық дыбыспен құлап ағатын жері. Қазанда қатты қайнаған судай өне бойымен түгел бұрқылдап қайнап жатқан сияқты. Ұзақ бойы түгелімен бұрк-сарқ етіп таснды. Талас салып, жарысып екпіндей жөнелген жік-жік ағын бұйра толқындар жүз жыланның сумаң қағып жарысқанындай.

Өрттен, қуғыннан қашып, дүркіреп жосыған көп жайының жөңкілуіндей. Шаттың аяғы тік біткен мұрыншақ тас. Шың тастың ішінде, биік құздың арасында іріліп аққан су бір мүйістен екіншіге қарай шыққанда тау қойнынан шыққан құсықтай ақтарыла жөнеліп, екінші мұрыншақтан бұрылғанда жер тесігіне сүңгіп құйылып жатқандай болады. Қалың биік, алып жартас бір ұртына бір өзенді сіміріп жұтып, жер астына әкетіп жатқандай. Мұрыншақтан аса беріп асау су жоғалып жатыр.

Бақтығұл Талғарды қысып тулатқан шаттан озып, жоғары жайдақ жерге таман шықты. Бірақ мұнда да тентек су өткел беретін түрді көрсетпейді. Ішіндегі қазандай-қазандай кесек тастарға екпіндеп кеп соғып, ытқып аққан толқынды ағын әлі де басты айналдырады.

Талғардан көпірсіз жерден ешкім өтпейтін болса да, Бақтығұлға тегінде арғы бетке тығылтаяндау уақытта өтіп жүретін бір оңайлау жерді біліп қою керек. Өзенді сонымен жағалап көріп еді. Бірақ жақында ондай жер кездесетін сияқты емес.

Осымен алданып өзенге ғана көз салып келе жатқанда, құла ат алдыңғы жаққа қарап елең ете түсті. Бақтығұл жалт қараса, жарты шақырымдай жердегі бір мұрыншаққа бір-екі атты шығып қалған екен. Жай кісі емес: қолдарында ағашы бар; аттары жағу. Жолда тоғай мен тастақ төбелер бар еді, Бақтығұл тез ғана бұғып төменірек түсті. Сол кезде арт жағында төмендегі бір мұрыншақтан карауылдап тұрған 4—5 кісіні тағы көрді. Олар мұны көре сала айғайлап жіберіп, шауып келе жатты. Алды-артын қамап алған сияқты. Болар жері осы деп мөлшерлегендей, алдынан тосқауыл қойып, артынан қуғын жасамақ екен.

Өзен мұндай жерде қауіпті тор сияқты, үлкен кесел шығаратын болды. Тығырыққа қамалып, қаша алмай қалатын болды. Жалғыз жалтаратын беті өзеннен бүйірірек жаққа қашу болар еді. Бірақ оны қуғыншы кәзір келіп кесіп алатын.

Жаулық пен қатер құшағына қаусырмалап қысып келе жатқандай көрінді. Көп ойлануға уақыт қалған жоқ, жалғыз үміті: не Талғар өткел беріп құтқарады, не өзі жұтып құтқарады — әйтеуір дұшпанға жоқ. Осындай не өлу, не құтылу сияқты бірақ қана түйіннің үстіне келді де, құла атты қамшылап-қамшылап жіберіп, Талғардың тасқынына қойып кетті.

Өзеннің аржағына аман өтсе, қауіптен құтылады. Өйткені ол жағада жау жоқ. Онда ел де жоқ, несіз болатын. Қаншалық көзі қызығып өшіккенмен, қуғыншы Талғардан өтемін деп өктемейді. Тіпті өтпек болса да, бір бет ашық — Бақтығұл қашып құтылады.

Өзен суы Бақтығұл түсе қалған жерден құла аттың жалпақ тізесінен келді. Ішінен «иә құдай, иә аруақ!» деп не де болса жылдам бастырайын деп Бақтығұл құла атты тебініп берді. Азырақ жүріп барғанда толқын қолтыққа келді. Дүние шырқобелек айналғандай, біресе құлдырап жүгіріп, аласұрып ашыққандай, шапшып, секіріп, дабысымен жер жарып басты қаңғыртқандай қатты тасқын құла атты қолтыққа ілінген соң-ақ бетінен жалтарып, төмеші қарай қағып әкетіп бара жатты. Сонда да несінің қысылғанын сезгендей барын салып, қарманып келе жатқан жануар көлденеңдеп, ілгері қарай ұмтылып келеді. Кейде омырауға соғып жіберген толқын құлатуға айналып еңсеріп кетсе де, көзі шатынап, екі құлағын қайшыландырып, оттай ыстық қайрат жиып, жан айласын істеуден жаңылмайды. Су үзеңгіліктен асты. Толқын үсті-үстіне соғады. Ат малтура салды. Енді қатты ағын шапшаң ағыза жөнелді.

Бақтығұл құла ат ағып жөнелген соң-ақ өмірден үмітін үзді. Әлдекімге «қош!» деді. Көзінен бір тамшы ыстық жас та ыршып кетті. Жалғыз жалынды арман сияқтанып: «әттең жалған-ай!» деген бір рана ащы күйік тілі шықты. Сол кезде құла атты мендетіп билеп алған қатты толқын екпіямен алып келіп, жолдары үлкен тасқа соғып жіберді, жақында ажал тосқауылындай болып су астында күмпініп жатқан қазан қара тасты көргенде, Бақтығұл енді «біттім» деп еді.

Бірақ соғып қалғанда құла ат жығылып аунап түскен жоқ. Аяғын қайта басты. Тасқа кептеліп тұрып қалды. Сол уақытта жағаға екі-үш адымдай жер қалған екен, құла ат тәлтіректен есінен айрылып, жығылуға айналған уақытта Бақтығұл «а, құдай!» деп айқайлап жіберіп, аттың жалынан басып секіріп кетті. Сонда да су белден келеді екен. Дөңгелек айналдыра жөнелді. Ағызып әкетті. Аяғы анда-санда бір жерге тиеді.

Енді кеттім-ау деп қолын алды-артына қарманып қалбақтап келе жатқанда, қасында серең-серең етіп аударылып түсіп, келмеске кетіп бара жатқан атын көрді. Ол қалың ағынның ортасында Бақтығұлдан екі-үш

адымдай ғана жерде қанды судың құтқармайтын шенгеліне ілініп, жұтылып бара жатты. Сол секундте өзі де ағып, енді құтылу жоқ шығар деп келе жатқанда, оң жақ бүйірі келіп бір үлкен тасқа тіреле түсті.

Бақтығұл сол тасқа жабысып құшақтай алды. Сонда ғана алдына көзі түсіп еді: ағын соңғы бір қағып жібергенінде жағаға әкеліп тастаған екен. Белуарынан су болып, сүйретіле судан шығып, артына қарады.

Бағана жабыла шапқан жау мұны судан өтер деген ойды ойламаса керек. Кезеңге шығып алып, Бақтығұл тұрған сайды жоғары өрлей шауыпты. Кәзірде бір шақырымдай жерде тас-тасқа серейіп шығысып, әр жақтан карап жүр екен. Құла ат кете барды. Бақтығұл серік атын құрбан ғылып, жанын амандап, бұл жолғы жаудан құтылып кетті. Ат кеткенмен, қойнындағы алтыатар, мойнындағы мылтық керек десе су да болмастан аман қалыпты. Бердеңкесін ұстап отырып, белгілі жауын есіне алып: «Бәлем, осыныңды ұмытпа!..» дегендей, Бақтығұлдың өні құп-қу болып, көзіне қан толып кетті.

VIII

Арада біраз дәурен өтті. Бақтығұл бұл уақытта Талғар басынан кетіп, Шегетіден Бүрген, Талғарға қарай тау ішімен қатнасатын жолдың орта шенінде — елсізде жүр.

Бұл араға келгеніне үш-төрт күн болды. Түнде қарағайдың ығына паналайды. Сонда тірі жанның барлығынан жасырынып жүріп, ыстық істеп ішкен болады. Күн шығысымен Қараш-Қараштың шаттарында, қара жолдың айналасында қарауылда отырады. Әлденендей мақсатқа арнап, жол бойында қолайлы жерлер қарастырады.

Екі-үш күннен бері ана жерге бір отырып, мына жерге бір жатып, байқап-байқап келді де, аяғында бүгін тәңертеңнен бері орта Қараштың шатынан шықпайтын болып бекінді.

Бұл уақытта Бақтығұлдың жүзі қан-сөлден айрылған сұп-сұр. Анда-санда күрсінгенде демді дірілдеп алады. Қолы да ұстаған нәрсесін сығымдап ұстап, қалтырай түседі.

Ішінде лепілдеп, алып-ұшып асыққан, асықтырған бір байлау бар. Сол орындалғанша шыдам таба алмай,

сабыр-тақатынан айырылып, тіршілік күшін өткізе алмаған сияқты. Іштен қайнап шыққан бір мықты толқын еріксіз тұқыртып, үлкен түйінге ой сезімін, бар қайратын түгел телміртіп, қадалтып қойған.

Қалың ұзын қара мұрты көбік қарда түлкі басып отырған қара-кер қыранның қанаты сияктанып салбырап, аузын басып кеткен. Көзінде қанталаған қызыл бар. Сызданып қадалып, әлдеқандай от ойнағандай жарқ-жүрқ етеді. Шегетінің жайлауы — Асыға қарай телміріп, сазарып, көп қарайды, күтеді...

Бүгінгі істемек істің ниеті Бақтығұлдың бұрыннан ойланған нәрсесі емес-ті. Жуандардың істеген арамдығы, қорлық-зорлығы шектен асты. Ауыр тиді. Пәлеге, жаманшылыққа өздері сүңгітіп жіберіп, аяғында сол жолда мұны құрбан қылып, өздері жақсатты, таза кісі болып қалды. Ол бола берсін. Талай Бақтығұл сияқты жалғыз-жарым кедей-кепшіктің көріп жүрген қорлығы.

Оған қарсы қаншалықты кектеніп, зығыры қайнап, қаны тасып келсе де, шамасы жетпейтінін біліп, қашудан басқа айла таба алмағандай діңкесі құрып қоюшы еді. Дүние асты-үстіне келіп аударылып түспесе, ақырзаман болмаса, бүгінгі мұның қарсысында тұрған мықтыға мұның қарғысы жетпейтін сияктанатын. Шынында да: ең әуелі қалың Жаныс — мол, тұтас, іргелі ел. Бұл болса, жиырма-ақ үй Сары: қаңғырып жүрген кірме.

Сол қалың елдің ішінен шыққан бай, жуан болыс. Бержағы ел болса, аржағы — қаланың ұлығы. Одан есе дәме ғылу, тендік сұрау қашқын атанған Бақтығұлға санасыздық сияқты.

Ойдағы арман, мұң, намыс күйігінің бәрі де бір тілсіз меңіреу тас қабырғаға тірелгендей болып, діңкесін құртады. Қашудан басқа, тағы болып тығылып, жан сауғалағаннан басқа, бөтен ойды ойлай алмады.

Бірақ қуғын жиілеп, ізіне шөп салып, елсіз-күңсіз қу тасты да мекен еткізбейтін күйге жетті.

Тірі жанға қастық қылуды былай қойып, енді адам баласы атаулыға келін болып, таудың аңы сияқты жалғыз жатып жүрген күнін де көп көретін болды. «Өлтірмей, жерге тықпай, тынбаймын» деген ниет көрінді.

Қуғыншы Талғардай жайынға әкеліп қамал, өлімнің құшағына да айдап апарып тықты. Барлық қашқын болып жүрген күндерінде осы Талғардан өткен күннен

бастап, Бақтығұл қаны бұзылғандай болып, қатты өзгеріп кетті.

Сол күні суда ағып келе жатқанда: «Біткен сағатым осы» деп ойлаған. Бірақ өлімнің құшағында болса да, сәті келіп қана аман қалды. Содан кейін: «Қорыққаным сол ма? Ең қиын болғанда баратыным сол ғой, тәуекел, не де болса шыдадым!» деп бір нысанаға мінді. Өзін өліп-тірілген кісідей көрді де: «Мына сияқты итшілеп жүрген тіршіліктен біздей кісіге өлсек те түк етпейді екен» деген күйді де бір ойлады. Сонда өлімге бекінген жанның артында қалып бара жатқан суық, жау дүниеге, мейірімсіз тіршілікке барынша суынып, наразы болған кегі қайнады. Бар дүниеден қуылып шыққан, құлазыған жалғыздық жүрегімен барлық басы аман, малы түгел, жаны рақаттағы болыс сияқтыларға мың рет лағнат оқып, қарғыс айтты. Соны айтумен бірге, осы бүгінгі ниетке бекінді.

Қатубайды екі-үш күндей атқа мінгізіп, ойға жіберіп, болыс аулынан бірнеше хабарлар алды да, аяғында осы жерге келіп, жолтосқыш болып бекініп қалды.

Қараш-Қараш айналадағы қоршаған тасты тақыр биіктер, қарағайлы жүндес жоталар, шошак төбелермен үш салаға бөлінеді: Бас Қараш, Орта Қараш, Аяқ Қараш. Осы үш саламен маңайындағы биіктері, адырларымен барлық өңірді «Қараш-Қараш» деп атайтын. Жаз ойдағы көп елдің көші асатын үлкен қиын асудың бірі осы. Өзінде ала жаздай отырып жайлайтын ел де көп.

Бүрген, Шалқар болыстарының бірталай ауылдары осында болатын. Қазір де қоңыр күз мезгілі болғандықтан, елдің бәрі серпіліп ойға кеткен. Енді анда-санда жондағы Шегетіден ылдига, қалаға қарай төте жол қуалап қатнасқан бірея-саран салт атты жүргінші болмаса, көп ағылған ел жоқ.

Өзінің ойлаған ниетіне Бақтығұл Орта Қарашты сайлаған соң, соның иір-иір тұмсықтарын, қиын қаптал жолдарын, ат жасыратын ұры қойын, жалтарыс шаттарын, тоғайларын кезіп аралап байқаған.

Келе жатқан жүргіншіге қоян қолтық кездестіріп, құшақтаса түсіргендей болып, артынан қуғыншы болса, қарасын тез жасырып әкететін Бақтығұлға оңай, жауға қиын балта сабы иек артпа керек. Орта Қараштан сол табылды. Ол — Аяқ Қарашқа қарай асатын тасты, та-

қыр жотаның Орта Қарашқа қараған беті болды. Бақтығұл саспай, айнала қарап жүріп шықты. Оқып алғандай болды.

Жол бұл арада кең сайдың төрті биігін жағалап, қапталдап, жүргіншіні алыстан көрсетіп, оралтып әкелді екен. Дәл ортаға көтерілерде Қараштың биік жартасынан ернеулеп жағалап барып, жотаға шығады. Ернеулеген жолдың дәл жиегінде тығыз боп өскен екі-үш түп сары ағаш бар. Оның аржағында бір адым жерде терең құз, қиын қызылтас. Жанынан кешіп ептеп түссе — көп көрген жаяу ғана түседі, ат маңына бара алмайды.

Құздың астында тоғай бар. Соны аралап Қараштың суы ағады. Сол жерге бір дараға атты бекітіп тастап, сары ағашта жаяу тығылып жатуға болады.

Осы араны әбден таңдап, нық бекінін алды да Бақтығұл Асы жаққа тағы да қарауылдап көз жіберіп алмақ болып, жаңағы көп жүргінші жүретін төменгі жолды тастап, төрті тауға таман жүрді.

Жоғарылап, көтеріліп барды да ең басқы қаптал жолға түсіп, Орта Қараштың басын кесіп, Асы жақтағы шеткі биіктің иығына келіп шықты.

Құз аспаны кірлеп, мұнартып, алыстағы қарлы биіктердің басына сәлдедей бұлт оралып, томсарып, сұрланып тұр. Дүние иесіз-елсіз жым-жырт. Оңтүстік жағында Сарымсақтының қарағайлы шоқысы үрпін тұр. Соның күнбатыс алдына таман, төмен жерде жаңағы өзі белгілеген ернеу жолы көрінді.

Жаңа байқады: ол алыстан кең жол болып, өзге жерден ерекше жырылып айқындалып, қып-қызыл болып жатады екен. Аққан қан орны сияқты:

«Ұқсасаң — ұқса...» деді

Сарымсақтының жақын бетінде талай-талай замандар тіршілік еткен кәрі жуан қу қарағайлар жуан тамырлары адырайып, қопарылып, кәрі алыптың көп жылдар қуарып жатқан өлігіндей болып, бетке сұлай жығылып жатыр.

Әр жерде де сондай қуарып тозып жатқан өлім белгісі көрінеді. Қарағай Сарымсақтыдан әрі қарай белдеу таудың бәрін қара қошқылдандырып қаптай басып, жалпақ қара жыныс болып кеткен. Алыста Түрген суы жарып шыққан қара қойын қарағайлы, жартасты қарашат қарауытады.

Сол кара шаттын жоғарғы үсті — шашырай біткен тоғайы бар Назардың биігі. Ол да жазғы жайлаудың бірі. Дүңкиіп, сары жотасын білеулендіріп жатыр.

Бұлардың бәрінен әрі бұлтты сұр аспанға ақ шашты кәрі басын созып, Ожардың қарлы биігі жарқырайды. Ала жаздай мұзы жарқырап жататын қалың ақ қарлы суық басы бұл күнде ерекше жаттыққа, жайындыққа екілендіріп тартқандай болады.

Бақтығұлдың нық бекінген ойына Ожардың кәзіргі түсі аянышты білмейтін, қаталдықпен суынған, асау жаулық жайын сыбырлағандай болады. Бар көріністің ішінде көңліне иек қағып дем берген айдаушы сол сияқты. Биік, суық, мұзды басынан күздің жүдеген сұр күнінің ортасында тіл келгендей. Тасты, мұзды суық табиғат бір ерекше жат жайын қимылды ыстық көріп, соны ашынып, жаланып тілегендей болады.

Бақтығұл маңайға біраз ойланып қарап тұрған соң, түс ауа бергенде Асы жақтан ең шеткі кезеңнен аяндап асып келе жатқан қалың шоғырды көрді. Топ алыстан көрінді. Кәзірде құр ғана үлкен қарасы байқалады. Бірақ тым жақын болмаса да, Бақтығұл келе жатқандардың — мал айдағандар емес, көп аттылар екенін байқайды. Сол арада бөгелместен қайта бұрылып, атын шапшандата басқызып, таудан түсе бастады. Беттегені бағанағы қызыл тақыр жотаның түбіндегі терең шат.

Аздан соң атын жолмен келе жатқан жүргінші көрместей, бір қиын дараға әкеліп бекітіп тастап, өзі киімді жеңілдеп киіп, терлей-тепши ернеу жолдың жанындағы сары ағашқа келіп жетті.

Бұл арадан да Ожардың шошақ басы көрініп, мойын созып еліріп қарап тұр. Сарымсақтының қарағайлы биігі Сары ағаштан қараған көзге екінші жалпақ бетін көрсетеді. Бақтығұл отырған шаттың күн шығыс жақтағы қарсы беті сол биік. Мұның етегінен басына шейін жарыса өскен қалың қарағай. Тау басына тырмысып, қаптап, өрлеп бара жатқан қалың қара топыр қол сияқты. Немесе тау қара сеңсең бөстек жамылғандай. Бір-уақытта Бақтығұлға қарағай етекпен тау басына қарай қашып бара жатқандай, бұл ойлаған ниеттен үркіп жосығандай көрінді.

Сонда кара мұрттың астынан езу тартып, суық жымып:

— Болсын солай?!..— деді де жаңағы бетке тағы

қарады. Қалың қарағайлы бетте анда-санда әр жерде қара быжырақ болып қара жартастар көрінеді. Киіздей қалың қара көк ағашты сол тастар әр жерден тілім-тілім ғылып бөлгендей: көк жасыл көріністің ортасынан түсіп, көркін бұзып тас шимайын салып, беттің түсін суытып, құбыжықтандырып тұр.

Ожардың қарлы басының астына көрінген жері қып-қызыл жалаңаш тас. Тақыр тас ерекше қызылданады. Соның төменгі түбінен Түргеннің асау суының басы басталады. Берірек келіп көрінетін қара қойын Түрген басының тау жүрегін сара тіліп шыққан анайы ұясы сияқты.

Сары ағаштан айнала көрінетін қарағайы жоқ тақыр беттердің барлығы да үлкенді-кішілі кеуделеріне тау селінің айқын таңбасын басып алыпты: бәріде де тау суы айғыз-ағыз ғылып, тастарын ақситып жар ғылып сойып кеткен таңба бар. Биік бастарынан етекке қарай құлап түскен қысық ирек жыралар қасқа жол сияқтанып андыздап жатыр.

Бұл көріністе: күшті екпіні бар қатты ағын ұлы тасқынды еске түсіріп, омыраулап ұмтылуға, шапшаңдап іс істеуге екілендіріп, жетелеп тұрғандай.

Несіз биіктерде қалың қарағайдың ішінде тығыла қашып жүйткіп жүрген елік, тау ешкі, арқар сияқты тағылар бар. Бүгінгі Бақтығұлға жан несінің ішінде күйі жақын жандар солар сияқты.

Түрген суының төмен құлап кеткен жолында Назардың солтүстікке, ойға қарай салбыраған тұмсығында қарауытқан шұңқыр сияқтанып тағы да қалың қарағай көрінеді. Ол көк сағымға оранып, жеңіл көк жібектей перде жамылған.

Бағана көрінген көп жүргіншіні тосып отырғанда, Бақтығұл көзбен айналаның осындай көрінісін шолып шықты. Енді күткен топтың көрінетін де шағы болып қалды.

Көп күткізген жоқ. Аздан соң Орта Қараштың Асы жақтағы кезеңінен асып келе жатқан 10-15 атты көрінді. Көбінің мінгені — жорға, баран мен қылаң. Жүрістері — сол жорғаның орта жүрісі. Кісілерінің ішінде, бірен-сарая болмаса, толық-жуандары жоқ. Көпшілігі жіңішке-леу келген жас сияқты. Араларында жақсы киінген әйелдері бар. Ақ күміс ер-тоқымдар жарқ-жүрк етеді.

Қызыл-жасыл салылар, ақ көйлектердің етектері желбірейді. Анық төрт-бесеуі әйел.

Аттылар Орта Қараштың төменгі жолымен қапталдап оралып келеді. Даурығып сөйлеген сөздері, күлкілері естіледі. Қызықты, көңілді, көрікті топ. Жүргіншілер кейде екіден, үштен қатарласады да, кейде жол тараған уақытта жалғыз-жалғыз шұбап кетеді. Үлкен топтың қалың ортасында ақжал шабдарға мінген толық денелі біреу келеді.

Бақтығұл демін ішіне тартып, көзін алмай соған қарайды. Әйелдер осының артында келеді. Бірен-сараны қайта-қайта бұған жанасып келіп, бірдеме айтып күліп, күлдіріп, әзілі жарасып келе жатқан сияқты.

Жүргіншілер жақындап қалды. Жолмен бірге оралып келіп, Бақтығұл жатқан ернеу жолға таман алдыңғылары өрлеп көтерілуге айналды.

Осылай бұрылатын жерде сайда қарақаттың бөлек-бөлек ұсақ түбірлері бар еді. Соған келгенде кісілердің түсі анық танылмады.

Тығылып жатқан сары ағаштың жапырақтары да көзге қағаберіс болып бөгет қылады.

Тек жүргіншілер қарақаттан бері қарай жоғарылап, кішкене көгалді бетте шашырап шыққан он шақты түп қарағайдың қатарына келгенде Бақтығұл керек кісісін әбден көріп, белгілеп алды.

Енді азғантай ғана уақыт қалды. Әлденеден денесі тоңазып, демі дірілдеп, қабағын түйіп түксініп, Ожардың басына қарады. Суық түсті мұзды биік ақ бұлттай сәл-десін жазып, құлаш сілтеп нұсқағандай болды. Мұз тау мұның ішіне мұздай қайрат кіргізді. Асыққан қол дайындап ұстап отырған қаруды сығымдап қысып қойды. Күздің салқын күнінде тоңазып көк темір суық күйге тіл қосқандай болды.

Аттардың алды сары ағашқа қатарласып тақыр жер, тастақ бетті тасыр-тасыр, тақыр-тақыр басып өтіп бара жатты. Бақтығұл демін ішіне қарай сіміре тартып, бар қайратты кеудеге жиып алды. Сол секөнтте тастай түйілген қабақты бір жазбастан, қалың қара мұртты, шоқша сақалды негін берденкесін құндағына әкеліп жатқызды. Көк жөтелдей тиетін сенімді берденке бұл уақытта құлағы қайрылып, нысанаға құрылып қалып еді. Осы шақта көз алдынан бір боз жорға аяғы тайпалып жыбыр-жыбыр басып өтті де соның артынан басып

шұлғып тастап талтақтап аяндап келе жатқан бәйгі шабдар көрінді. Үстіндегі Қалыштай жас тоқалын ұзатып алып келе жатқан белгілі зор, жуан денелі болыстың қызыл-күрең жүзінде бақытының шегіне жеткен ырзалық жұбаныш сәулесі бар сияқты... Алдынан тоса жіберсе, артындағы қабаттала кетеді. Бақтығұл аз бөгелді. Шабдар қатарға келіп, енді ырғалып қиыс өте берді.

Сол уақытта асығып тұрған саусақ жіңішке суық темірді нығыздап қысып қалғанда, қарғыс оғы күрс етті. Бақтығұл басын жұлып көтеріп алды. Көк шұғамен тысталған түлкі ішіктің жонында теңгедей жерде селдір көк түтін үйіліп бықсып қалды. Шабдар мылтық даусынан үркіп атып кеткенде, үлкен денелі болыс шіреніп барып шалқасынан құлап түсті.

Аттылар шошынып, улап-шулап үйіліп қалды. Жалғыз Бақтығұл болыстың құлағанын көріп қалып, енді шапшаң төмен түсе бергенде, артта келе жатқан әйелдің: — Ойбай! Бақтығұл!..— деп саңқ етіп қалған даусын естіді...

«Қап!» деді шын-шыннан, төмен шапшаң-шапшаң, секіре-секіре, құлай-құлай түсіп кетті. Жоғарыдағылардың дабыстарын тыңдай отырып, атының қасына келсе, тастаған орнында тұр екен: қарғың мініп алды да, жортып жүріп кетті.

Денесі талай заманнан тұқыртып басып жүрген дерт пен ызадан бір сәттің ішінде құлан-таза сауығып, айыққандай болды. Сергіп, көтеріліп ойнақшығандай, жолшыбай кез келген өзін танымайтын бір жалғыз аттыға: «Мен бүгін бір бұғы атып келемін» деп, мұрт астынан нығыз жымнып өте берді.

Бақтығұл абақтыда. Жарасбай өлген соң, қаланың ұлығы да, Жаныстың жуаны да жабыла соңына түскен. Кірерге тесік қалдырмайтын болған. Және өзі де енді бой салып қашпады. Сонымен Қараш оқиғасынан аз күн өткенде қуғыншылар мұны ұстап алған.

Осы күнде сол ұсталған сағатында көрген соққы мен жараның талай-талай таңбасы денесінде, басында әлі бар. Орындары қара қотыр болып, жаңа-жаңа бітіп келеді. Жаныстар жнырма үй Сарының шаңын аспанға

шығарып, құрымына шейін үлесіп талап алып, барлығын торғайдай тоздырып, бостырып жіберген.

Бірақ Бактығұл оншалық сынған жоқ. Баяғы қорқып, құбыжық көріп жүрген абақтысына бұл күнде бойы әбден үйреніп алды. Артындағы жаулары мұның үй ішін қайыршы ғылып қаңғыртып жіберген соң, абақты ұлығына тіленіп Сейітті қасына алған. Ол өзімен бірге. Қатша кіші балаларымен қаладағы бір байдың үйіне жалданып, қызметкер болып жүр.

Жетімсіреп қарайтын момын жүзді жүдеу Сейіт абақтыда отырған орыс, қазақтың жөні түзу адамдарының бәріне жақты. Бәрі де сүйкімді көріп, маңдайынан сипап, аз күнде көп ортасындағы бала сияқтандырып әкетіп бара жатты.

Афанасий Федотыч дейтін бір жастау орыс адамы қағаз тапқызып алып, мұны оқыта бастады. Бірақ жасынан әке-шешеден ішкі сыры бөлек болып өскен момын бала көп сөйлеп ашылмайды. Қабағын шытынып, томсарып, сезгені мен білгенін ішіне ғана іркіп жия бергендей болады. Кей уақыт үндемей отырып-отырып, себепсіз жылайды. Қағазға көп кадалады. Кейде кітапқа қарап отырып, ауыр күрсініп қояды. Тығылып өсіп келе жатқан кара бала өз басына ерте бастан күн туғанын сезеді.

Тағдыр құрығы мойнына ерте түскеніне ішінен қарсылық, наразылық жияды. Сол күрсіндіріп жылатады. Әкесін болыс аулы ұстап әкетіпті деген хабардан шешесі жылап шошынып тұрып: «Сорлы, әкенді өлтіріп жатыр, сорлы!»— дегенде мұны жанұшырып болыстікіне әкелген. Содан бері көз алдынан әкесін жабыла сабаған, долданып құтырған Қоқыштар, Сәрсендер, жуан-жуан жақсы киімді, боқтығы күшті үлкендер кетпейді. Мұның әкесінің басына солардың айқыш-ұйқыш тигізген камшылары, таяктары көзіне елестейді. Бетінен қан сорғалап, сұп-сұр болып дірілдеп тұрған әкесін көреді. Сол сурет денесін мұздатып, қалтыратқандай болады. Алғашқы күндер ылғи түсінен шошып оянып жүрді.

Соңғы бірнеше күн ұйқысырап, ашуланып, сөйлеп-сөйлеп келіп, өкіріп жылап оянатынды тапты.

Бактығұл баласына қарап үндемей томсарып, көп-көп уақытта ойланып келіп бір күні кешке: «Сейітжан, бері келші!» деп шақырып алып, бетінен ніскеді.

— Калқатайым, оқу оқы! Ала қағаздан басынды ал-

ма? Сені бірдеңеге жеткізсе — сол жеткізеді. Әйтпесе көремісің — міне менің не болғанымды! — дегенде, бала тағы да жылап жіберіп:

— Кінәлі сен емессің, саған тиген олар!.. — деп, содан әрі тығылып сөйлей алмады.

— Оқысаң, соның бәрінен сен аласың. Маған тигендей, саған тие алмайтын болады. Көзің ашылады. Апаңның да, інішектеріңнің де көзін ашасың. Барыңды ала қағазға сал! Менде осыдан әрі саған айтар ақыл да, өнер де жоқ. Ойлап-ойлап келіп, саған тапқан бар ақылым осы, — деді де тағы да бетінен сүйіп, құшақтап отырды. Абақтыға келгеннен бері Сейітке әке болып жанасып, аялағаны сол еді.

Бұл арада көзінен жас тамып кетті де артынан тез ғана бойын жиып алып, қайтадан қайратқа мініп: «Бар енді, қағазыңа бар!» — деп, Сейітті қасынан итеріңкіреп, сырғытып жіберді.

Баланың бұрынғыдан өз көңіліне өз бетімен жиылып жүрген шолақ-шолақ мұңды ойлардың үстіне бүгінгі әке сөзі үлкен жарық тауып бергендей болды. Ішінде намыспен кек түйіні сияқты бір наразылық, қарсылық түйіні шиеленіп байланысып алып, бала барынша ықылас салып, оқуға беріліп кетті.

Мұны оқытқан тұтқын орыс бұйра жирен сақалды, бұйра шашты, көзіне көзілдірік киген отыздар шамасындағы адам еді. Оны Бақтығұл «орыста да мұндай кішіпейіл, садағаң кетейін, жанашыры бар адам болады екен» деп, өз тілінде Сейітке ғана ұғындырып, алғыспен мақтай беретін. Оның атын өзінің тілімен Апанас қойып алған. Апанас Сейітке оқу ғана оқытпайды, суретті кітаптар көрсетіп, абақтының қорасына алып шығып, кейде баламен бірге жүгіріп еліктіріп, ойнақ та салады. Екеуі Бақтығұл мен өздеріне арнап, үнемі бірге жүріп шай қайнатады. Көбінше ойнақы мойымас мінезіне басып, Сейітті күлдіріп, көңілдендіріп жүреді. Кейде оны нығына мінгізіп, өзі секіре шапқылайды да. Сөйте жүріп, бір кезде Сейіттен ойда жоқ бір сөз сұрап:

— Сейітка, қалай, сен ауылды сағынады ма? — деп еді.

Сейіт:

— Жоқ! — деді.

— Неге? Абақты жақсы ма? — дегенде, Сейіт шыны-

мен Апанастың ашық көк көзіне барынша шынын айта, қадала қарап:

— Ауылдан абақты жақсы,— деді.

Соны естіген Бақтығұл: «Алда, айналайын, көз жанарым-ай!»— деп үнсіз жылап жіберді де, аунап түсті. Апанас болса, Сейітті жерден жұлып көтеріп алып, құшақтап баурына басты. Кітап оқып жатқан көрші орыс — ақсақал қартқа қарап:

— Не дейді мына Сейіт? Өмірден абақты артық,— дейді. Ой, бишара балақай! Мынау абақты ауылдан, өмірден артық болғанда, саған ол өмір, ол ауыл қандай суық, сұмдық болған екен. Соны білдірдің-ау!— деп, өңі бұзылып Сейітті құшақтап қысқан бойында үндемей ойға шомып, камера ішінде әрлі-берлі жүріп алды.

Оқуға ұғымды, ерекше талапты момын қара бала болашақ заманның белгісіз бір жарығына осы абақты ішінде сенген көңілмен күн санап ержетіп келе жатты.

ҚИЛЫ ЗАМАН

I

Белгілі 1916 жылдың жазы еді. Жаз жауынды, мол сулы, қалың шалғынды, қызықты, қалың Албанның ертегідей бай сулу жайлаулары: Үш Мерке. Дөңгелек саз, Үшқарқара, Сырт, Лабас — жайлау күндерінің жасыл торғын шымылдығы, көк жібек бесігі сияқты. Тіршілік, молдық, бақыт, байлық қызуымен буы аспанға шығып жатқан өмір жәрмеңкесін көрсеткендей. Жаз күндерінің жарастығы мен қызығы қыр баласын мас қылғандай жалынды, желікті.

Шалқыған, көрнекті, мол дүниенің тірі пішінді белгісі сияқтанып Қарқара жәрмеңкесі қайнап жатқан.

Жәрмеңке ашылғалы айдан артық болса да, қызу мен желігі әлі басылып солғындаған жоқ. Қайта, күннен-күнге етек алып, өршіп, дәуірлеп келе жатқан. Жәрмеңке — тоғыз жолдың түйіскен жері. Бір шеті: үлгілі орыс қалалары болса, екінші жағы: Құлжа, Қашқар. Хиуа, Бұхар, Самарқан, Ташкент. Бәр-бәрінен неше алуан қазына шүмектеп құйғандай болып, Қарқара жазығына ақтарылып жатыр. Жауын артынан Алатаудан аққан селдей болып, сауда пұлы іркілмей төгіліп жатқан. Талай сан қостармен келген мың-мыңдаған қойлар Қарқара жазығын быжынаған ақ құрттай басқанына бірталай замандар болған.

Сондай қалың қос-қос жылқы, табын-табын сиырлар да Албан жайлауларын онды-солды шиырлап қаптаған. Аясы аз ғана Қарақара жазығы иін тірескен малдан беті-

жүзін көрсетпейді. Қаптай басқан тұяқтан қабырғасы қайысып тұншыққандай. Ауыр күрсініп ыңыранғандай.

Тоқтаусыз ағын ертелі-кеш қарлы таудың арасындағы қырғыздан, төскейдегі қазақтан, жәрмеңке қазанына төрт тараптың барлығынан шүмектеп құйғандай болып, мал баласын тізіп әкеліп жатыр.

Қалың рудың мол жиылған ортасы — Қарқара. Байлықтың ұлы өрісіне жеткен кең қолтық, мол қолды, аңқау ел: Албан, Бұғы. Жәрмеңке жыл он екі айда бір-ақ болады. Болғанда молынан болады. Үш-төрт ай бұл жәрмеңке бойы аспан атып дәурен сүреді. Сол кезде жылдық керегін Албан баласы осы жәрмеңкеден күреп алады.

Өзі бай, өзі көп сауда істеп, көп керегін алатын қалың ел болғандықтан, саудегердің нісшіл тұмсығы бұл елдің ортасын ерте күннен тандап алған.

Өріске шыққан қойдың нісін сезіп, желге қарсы тұмсығын төсеп, ішін тартып, жер тарпып, бет түзеп, жота-жотадан қарауыл қарап, торуылға шыққан қасқырдай — аш пейілді жалаңқая саудагер боркемікті, батпан құйрықты Албанды бекерге тандаған жоқ. Сауырынай басып жүріп, семізі, момыны, тәттісі осы болатынын жақсы білген, әдемі таныған.

Қазір де құмырсқаның илеуіндей болып быжынап, жыбыр-жыбыр қағып бүлкілдеп, қызара бөртіп, ажарланып, күннен-күнге қарнын қампитып келе жатқан жәрмеңке — сол қазақ даласын торуға шыққан жайындай болатын. Көгенге кірген борсықтай байлаулы бағланның май құйрығына тұмсығын тығып, сауыры бүлкілдеп қана жылы-жұмсағын сорууда болатын.

Бай, момын елдің мол денесі обырдай обып жатқан қомағай ұртқа бойындағы тәтті дәмдісін нігендей төсеп жатыр. Ақ шелегі түскендей ақтарылып, сүйсінгендей мекірене түсіп, сүтті желінін кергіге беріп тұр.

Қалауын тапса, қар жанады. Сүт алғыш кәрі биеші сияқты жақсы сауыншының қолы сыздаған емшегіне жабысканнан бері қарай жайлау желіні семізі мен сұлуы, жорғасы мен жортақысын нокталап, таңбалап, өз қолымен атқарып жатқан.

Саудагер сомасы қазақ даласына құда түсіп, құйрық, бауырды асап, аузы қанданып, қолы майланып, жонданып тұр.

Сібір, Түркістан, Қашқар, Қытайдың атырабындағы талай-талай үлкен қалаларда жарқыраған үлкен

магазин, қатарланған мол сома, шалқыған қалың байлық несі болған саудагер байлар болса — бәрінің бұл мырза құйрықтан ауыз тимегені жоқ. Мол емшекті бір сорып кеткенінің өзінде де, жерден алтын тапқандай көп қазынаны күреп әкететін.

Сондықтан дәндеген, жетіскен, түртіңшектеп сауудың бабын білген саудагер бұл кезде қарталанып толықсып болып, енді «пәлен байбатша», «түген байбатшаның» дәрежесіне жетіп, бұлдану, кергу, кесірленуді де тапқан. «Қайта келер есікті қатты серіппе» дегенді ол ұққан емес. Қезі келсе, суын ішкен құдығына түкіре кету бұйым емес сияқты болған.

Малға келген индет арқылы қан-жынға семірген төбет тоқтығына масайып несін қаппас па?

Бұрынғы бір кезде бір шолақ мәстекке жалғыз арбасын сүйретіп әзібай, әзіреті қос келді, шардәрі, тотияйын, бұрыш сықылды көр-жерді «дүнием» қылып, итініп келген ашкөз саудагер енді жоны шыққан кезде, алғашқы көрген жайлауға кергімесе, кесірленбесе бола ма? Өткен күні бүгінгі тоқ қарнына мазақ күніндей еске түспей тұра ма? Сондықтан ол өзін өсірген анайы желінді теуіп кетпей, қайтіп тұра алады?

Талай жылдар емізуге, семіртуге, кергіге түскен ел бауырының тозығы жетіп ашылатын, тарылатын күндері де жетіп еді.

Ел денесі саудагер сомасының бұзық ойнағын қалай көтерсе, қандайлық көнтерілікпен шыдап бақса, Қарқара жазығы да ұзын өлкесін басқан неше түлік қалың малға соншалық шімірікпей шыдауда.

Киіздей қалың көк шалғынды Қарқара жазығы ерте күннен Албанның құт-берекелі жайлауы еді. Мыңдаған жылқы, сан қора қой ала жаздай ірге аудармай жабысып, жалмап жатқанда, бұл жазықтың жібектей толқыған өскелең шалғыны сыр білдірмей шыдайтын, әрбір жауын екілендіріп, өршелендіріп түсіргендей құлпыртып, жетілтіп отыратын. Түн асса тыңайып, жетісіп қалатын құт даласы осы жәрмеңкедей мал кезіне әдейі арналып жаралғандай еді.

Астаудай көк жазыққа иректеп шимай салып, үлкен Қарқараның мөлдір сулы мол өзені ағады. Ол мың сан жан несін шөлдетіп, тарықтырып, шалдықтырып көрген емес.

Жазықтың орта кезінде қара құрттай қайнаған жәр-

менке сол өзеннің жағасында. Базар ортасында ұзын биік ағашқа аспандатып көтерген ақ жалауда екі басты самұрықтың суреті желкілдейтін. Бұл қомағай қарынды, жалмауыз тілекті ертегі обырының айқын тұрған белгісі еді. Обырды туғызған ана — жалмауыз түсті ұлық. Соның айқын таңбасы — ертегі айдаһарындай екі басты, жайын түсті самұрық

Бұның жәрменке басындағы тірі жүрген қолдары, атқан оқ, шапқан қылышы жемқор, семіз қарынды пристав — «Ақжелке» Подпороков та, айналасындағы жорға құлдары: ұсақ төрешіктер, бұның ішінде қазақтан шыққан өні жылтыр, қарны томпақ тілмаштар. Соңғыларда маңайына қарайтын екі түрлі көз бар. Бірі — жар төсегін арамдап қойған, жүрісі сұйық тоқалдай жағына, жалтаңдай, жорғалай қарайтын жасқаншақ көз. Бұл — присатвқа, судьяға, жәрменке ұлығына қарайтын көзі. Екіншісі — сыздана, кесірлене, керги қарайтын, асқақ, мақтаншақ, жемге қадалған қомағай көз. Ол — қазаққа, елге қарайтын көзі.

Бәрі де жәрменке ашылғаннан бері жоталанып, семіріп, қарталанып келе жатқан. Пристав тілмашы Жебірбаев ұлығы мен екеуіне түскен малдан үш жүз қой, елу қараны кешегі күні жемтік жағалаған қарғадай айналасынан шықпай жүрген туысқандарымен өз елінің жайлауына қарай жүргізген болатын.

Бұлар саудагерді, елді, болыс, биді жолдан тайған кедей-кепшік, момын қалашыны, — барлығын да атасының асындай оратын. Сондайлық күлге аунатып жеген күлді-көмештің алды кешегі кеткен мал еді. Енді бүгін жаңа екпінмен құдайдай сиынған пристапына сеніп, елдің май қалтасына тағы да сұғанақ қолды сұқпақ болып, базар ортасындағы Ақжелке кеңсесіне тағы келіп еді.

Өне бойы тер сасыған семіз пристав, үлкен денесіне арта салған қылышы бар, түгін сыртына теуіп, алдында үндемей мөлініп тұрған үш қазаққа тепсініп ұрсып тұр екен. Ұлығының машықты шабыты келіп тұрғанын жорға тілмаш тани кетті. Жем орадғалы тұрғанын нісшіл тұмсығымен сезіп қалды. Есіктен кіре ол да Ақжелкеге көзі түсісімен тез ғана түсін құбылтып, ұлығымен бірге дәл солша сызданып, ашулы түске мініп, қазақтарға оқты көзімен қарады.

Жорға тоқал қайығын төсеуге әлдеқашан машықтанған. Оқығаны сол өнер сияқты. Талабы атаған мұратына

жетіп еді. Жәрмеңкеден аз бұрын жолдас болса да, Ақ-желке бұның бойындағы асылын ұғып, өзіне керек мөлшерге шейін жақындатып, жем сырына араластырып аяған.

— Сен ақымақтар жәрмеңкеге келген саудегердің алдынан шығып, қарсылық қыласың! Сендерге мұнда керектерінді әкеліп беріп жатқан кім?! Саудагер болмаса, сен Алматыға шұбырар едің, олардың малын жерімізге түсті деп қаулайсың, сендерде жер бар ма? Жер патшанікі. Ол саудагер малы да патшанікі. Қазынаға, өздеріңе пайдасы тиетін — саудагер. Сен тұяқ ақы алғың келетін шығар. Мен саған көрсетемін тұяқ ақыны. Қазір абақтыға жапқызамын, — деп, пристав тақтай теуіп, алдындағы қазақтарды ықтырып тұр екен. Тілмаш та келісімен, ұлығының пішініндей ызғарлы пішінмен, жаңағы сөзді аударып жатты. Орыс тілін шала-пұла ұғатын бір жауапкер жартысы қазақша, жартысы орысша:

— Тақсыр, жер патшанікі екенін білеміз. Біздің бағып жүрген малымыз да патшанікі...— дей бергенде:

Оттама!... Сөйлеме! Үшеуіне бір айдан абақты кесемін қазір, — деп, отыра қалып қағазына қаламын сүйектетіп жаза бастады. Қолдан жасаған ашулы пішін, тікиген суық мұртының арқасында шын түйілген ыза сияқтанып, айдын беріп тұрды.

Арызшы үш момын қазақ, баяғыдан пара алғысы келген патша ұлығының елге қараған пішіні осылай болатынын сезсе де, сыртына шығарып ешнәрсе айта алмай, әдеппен ғана тілмашқа қарап, жалтақтап, көмек іздегендей болып еді.

Бұның пішіні де кәпірстан суық болып, томсарып, сырт қарап тұрды.

Ұлық ашумен «протокол» деп атап қойып, жазып жатты. Қисыясыз зорлықтың оң-теріске қарамай, еріксіз көндіргісі келіп тұрғанын сезген арызшылар ішінен қатты наразылық қарсылығын ойлап, көңісі келмегендей еді. Әсіресе, осы пішін өзгелерден гөрі жасырақ қара сақалды Қартбайдың түсінде айқын білінгендей болатын.

Ол өз кісілеріне айтқан болып:

— Бұлай болғанда қазақ баласына кім жала жапса, соның өзі оң-терісіне қарамай мақұл болатын болғаны ғой. Арызымыз тындалмай, ақ-қарамыз тексерілмей

өле беретін болған соң; біз де бір, белгілі мұттайым* кісі де бір болғаны ғой. Саудагер жамандайды. Біздің сөзіміз тындалмайды...— дегенде, тілмаш:

— Қой, сөзді қой, пысықсымасаңшы. Сен тентексің,— деп, ұлық жаққа жалтақтап, тұжырып қойды.

Алдыңғы жолдасының сөзі өз көңіліндегі мұңы сияқты болғандықтан, Құсайын қария:

— Біз қайда барып, кімге мұңымызды шағамыз. Ел сұраған** ұлығы бұлай десе, қоялық... Мейлі білгенін қылсын. Қайтейік...— деді.

Арызшылар бірітіндеп даусын шығарып келе жатқанын байқап отырған ұлық, қоздандырмай басып тастау үшін:

— Сендерде бас жоқ. Сендер ит, білдің бе?!— деп, Қартбайдың көзіне қадалып, сұқ қолымен нұқып тұрып сөйледі.

Қартбай бұл сөйлеп тұрған кезде көзінен көзін алған жоқ. Шын ашулы, ызалы сияқты еді... «Итсің» деген уақытта ұлық сөзімен жарыса:

— Сенің сүйдемейтін күнің болушы ма еді, ұлығымыз сен болған соң осындайды еститінімізді білеміз...— дей бергенде, Құсайын ақсақал түртіп қалып:

— Қой, олай демегін...— деп, ақырын басып қойды. Бұл уақытта ұлық көзі қызарып, шарасынан шығып, тасырайып, мұрты жыбырлап, танауы желбіреп ашуланып:

— Сен ит, мал жеріңе түссе, маған келіп неге айтпайсың. Сен Мұхамбеткәрім байбатшаның өзіне неге айтпайсың. Малшысын сабайтынды тапқансың. Мен саған көрсетемін қалай сабайтынды... Абақтыда танытамын мен саған кісі ұратынды!— деп, жұдырығымен үстелді қойып қалып, ауыз үйдегі екі солдатты шақырып алды.

Қартбай жасыған жоқ:

— Мейлі, сенің зәріннен қорқып жалына алмаймын. Саудагер — бай, мен — кедеймін... Ол қылған жақсылықты, мен қыла алмаймын... айтты не, айтпады не?!— деп, айдаған солдаттардың алдына түсіп бара жатып, сөзін тыймай айтып жатты.

Ұлық ақырып, әзірейілдей қадалып:

* Мұттайым — бұзық. Албанның ішінде өзбектен жайылған сөз.

** Сұрау — Жетісу қазағы ел билеуді айтады.

— Жап, аштан қамал Жоғалт көзің,— деп, тақтай теуіп, көк көзі шаншыла қадалып, жазалыларды есіктен шығарып әкеткенше зәрленіп тұрды да, олардың қарасы өшкен соң тілмашқа бұрылып қарап:— Қарашы иттерді,— деп басын бұлғап, есік жаққа көрсетіп, жуасығандай пішінмен мұрнынан «мырс» етіп күліп қойды.

— Бұлар шын антұрған көрінеді. Бай-батша келіп кеткен екен ғой?! Кеше ашуланып маған да келіп айтып еді. Мыналарды біраз тыйып жіберу керек. Әйтпесе, жұрттын бәрі жеріме түсті деп қуалайтын болса, Қарқара да, жәрмеңке де тұра алмас,— деді.

— Бұлар шықпайды, отырады,— деді де, артынан ұлық тілмаштың күлімсіреп жорғалай қарап тұрған пішінін біраз оқығандай болып бағып тұрып, аяғында тымтырыстан соң келіп, күліп жіберіп:— Жүз сом, білдің бе?— деп, тілмашты арқаға қақты.

— Жүз жиырма бес, тақсыр,— деп, тілмаш сылқ-сылқ күлді.

Кешегі күні тілмашқа жолыққан Мұхамбеткәрім бай-батша Ақжелкеге келіп еді. Бұның жәрмеңкеден алған қойы бірнеше қос болған. Жәрмеңке басы қалың малдың үнемі жатуына жайсыздау, тарлау болған соң, ол қойларын маңайдағы елдің жайлауына таман ауғызып жайғыза бастаған. Сол ретпен тартқан бір қора қой Қартбай, Құсайынның ауылының үстіне келіп жатып алып, бие бауын жеп, малына араласып, қара құрықты көбейткен соң, іргенді аулағырақ сал деп еді.. Оған бай-батшаның кесірлі малшысы көнбей, жіберген кісілерін боқтап жіберген соң жанжал шығып, бай-батшаның бір малшысын Қартбай сабатып жіберіп еді. Осы жайды айта келіп, ноғай бай-батшасы барлық маңайдағы жайлауда отырған қазақ ауылдарын жамандап, нешетүрлі қылмыстар тауып қиянаттаған. Бұдан былай бірен-саранын жазалап ықтырып қоймаса, ұдайы бөгет шығара беретінін айтқан. Және кетерінде дағды байынша қоштасқан жерде конвертке салып бір пакет тастап кеткен. Ол сексен сом еді. Бұл бай өзге, өзі сияқты саудагер байларша, жүрген жеріндегі жемді аңсап отыратын ұлықтардың бәрінен де осындай-осындайдан жерік асын асатып кететін. Содан көмейіне тас тығылғандай болып қалған ұлық қайтып оның үстіне шыбын қондырмай, алыстан абалап үріп, өзгенің қарсылық қылықтарын бұның басына дарытпайтын,

Бірақ ежелгі дағды бойынша екі жақты кезек жебейтін жарықтық, жүктің бір-ақ жағын ғана қанағат қылып отыра алмайды. Екі жағына кезек ауысып ойнақшып отыру керек. Солайша, екі жаққа бірдей көз жібермесе, пристав Ақжелке бола ма? Қол жететін орайлы жер келгенде айналаны бірдей қармамаса, бір ай ішінде үш жүз қой, елу қара жинала ма? Екі жақты қатар қармау үшін жаралмаса, оң қол, сол қол не үшін керек? Екі жақты адам екі жақты қылық қылмаса, толық адам ба? Бұның бәрін қазақ даласына талайдан кәрі жүріп, зәрі сіңген Ақжелке жат сабағындай жақсы біледі.

Сондықтан, ол жәрмеңкенің үнемі бабын білетін албастысындай болатын. Осы жорығында тілмаш қана үнемі епті болып оралмай жүр еді. Аяғында Жебірбаевтай серігі табылды.

Жаңағы ісі дағдылы заңы бойынша, белгілі кезек жолымен сол жаққа қарай атылған, екінші алымға қарай созылған қол балатын.

Қазақ шыдамайды. Абақты — Ақжелкенің желісі сияқты үлкен сауын орны. Жатқандардың өзі болмаса, ағайыны, туғаны, елі келеді. Сонда, сонда... Ақжелкенің сенімін ел де, тілмаш та ақтайды.

Бірақ бұл жұмыс қазір емес. Оның беті белгіленді. Ендігіні екі-үш күннің ішінде өз пәтерінде тілмаш жайлап келеді. Жеңгетай сол арқылы күйек астымен келетін... Аз күнде істеледі. Енді қазір басқа жұмыс...

Бүгін почта келді... Басында Ақжелке ұққан жоқ еді, енді түсініп келеді. Түсінген сайын ептеп мұрт астынан қомағай езу еріксіз ырсынып, сүйсініп келеді. Беті, түсі анық білгілі емес, бірақ бір үлкен мол батпан құйрық оралып келе жатқан сияқты.

Семіз, жуан, бай Албан түгелімен келіп приставтың түпсіз терең қалтасына ақшасын, қазынасын ағылтатын сияқты.

Енді осыны келістіріп бастап, келістіре атқару керек. Бұл жаңа жарлық. Таңертеңнен осыны еске алған сайын приставтың жүзі жарқырап, сүйсінген күлкіге айналып кетуші еді.

Баяғыдан, жиырма жылдан бергі тәжірибесінен бұл біледі... Елге арналып жарлық шықса, әрқашан оның астарында келетін қатпар-қатпар қалтарысы, бұлтағы бар болады. Бой көрсетпей, бұғып тұрып, түтікпен сорғандай, ел қазынасын соратын: ұры сай, әдемі жылға, бе-

кініс орындары бар. Мына жарлық жарыққа шығып, іске асатын болғанда, бұрынғының бәрінен артық, бәрінен бай, қалың-қалың қазына ашылғалы тұр. Қәрі қасқырдың тұмсығы жанына жайлы тиетін шуаш иісті қой құйрығының иісін сезіп-біліп, қуанып жайнап кетті.

Жарлықты оқып, артынан туатын қызыл-жасылды қызықтың шет жағасын пристав сездіргенде, қара пішінді тілмаш балқығандай масайрайды. Бетіне бақыт, рахат нұры шыққандай дамылсыз күліп, өркештеніп кетті.

Бүгінгі күн кешке сағат төртте Албанның барлық болыстарын Ақжелке кеңсесіне шақыртқан. Сол уақытты екеуі де іштегі үлкен жұбанышпен асығып күтті.

Бұл хабарды Ақжелке жалғыз тілмашына ғана білдіріп қойған жоқ. Бүгін таңертеңнен бері кеңсесіне келіп-кеткен жәрменке басындағы ұлықтардың бірталайына да айтып, көрсетіп, оқып шыққан.

Солардың ішінде тілмаш сияқты үлкен серіктік қылып, оң қолы болып тұрған орынбасары Плотников деген уряднигі бар еді. Ұзын сақалды, иір бойлы, қазақшаға жүйрік урядник — әрқашан базарды аралап, қылмысты, жазалы болуға айналып, қылдан тайған адамды торып жүретін — оң көзі. Елден бұрын Ақжелкеден жана хабарды есіткен сол болатын. Бірақ кеңсе сырын шетке шығармайтын сақ қарға, қуанышын ішіне тығып, қазір де базарда бұрынғыдан да асыра қырағылық көрсетіп, маңайын ықтырып қақап тұрған. Осы ретті жәрменке басындағы судья, тергеуші, медицинский надзиратель бар, — бәрі де Ақжелкеден жаңалық хабарын естіп, жанасқан жерде тұмсығымен сүйкесіп, жай-күйді танысатын бір илеудің құмырсқасындай іштен ұғысып, бір-біріне ым қағып тарасқан болатын.

Жалғыз-ақ қазақ жайын тергеу, тексеру арқасында өзгелерден гөрі тереңірек білген тергеуші, Ақжелкенің хабарын естігенде:

— Бұл жұмыс — қазақтың бұрын көрмеген ісі. Қымыз бен жайлау қызығында мал сияқты болып жүрген қазақ үкімет ниетін оңайлықпен түсінбейді. Еппенем жариялап, басынан елге әмірдің салмағын таныта, нығыз қылып білдіру керек деп ойлаймын... Сіз қалай қарайсыз, — деген.

— Әрине, әрине, мен де солай ойлаймын. Көп халықтың талқысына салатын қылмай, болыстарға ғана білді-

ріп, соларды қысып отырып, ұлық салмағын солар арқылы ел миына сіңіру керек. Болыстарды қысса, ел бірге қысылып, нұсқаған жолына түсетінін сіз бен біз білеміз ғой. Сондықтан, болыстарды шақырмақшымын.

— Болыстарға: «Әмір осы. Осыны атқарасын. Қазақ ортасында қалайша тездікпен атқарып, онай реттеуге болады, соны ғана ақылдасасындар»,— деу лайық деген.

Жәрменке айналасындағы жайлауларында жиі отыратын Албанның басты адамдарының көбі күндіз жәрменке басынан табылатын. Сондықтан бүгінгі приставтың шақырушылары Албан болыстарының бірталайын да базардан тапқан. Бұлардың кейбірі пұл ләпкелерінің алдынан табылды. Аттарын жүздеп, жетпіс-сексеннен тізіп тастаған базаршылардың ішінде түрлі пұлдар саудалап жүрген жерден кездесті. Кейбірі жәрменке басына тігілген боз үйлерде не қымыз ішіп, не болмаса карта ойнап, ішкілік ішіп, желік үстінде отырғанда табылды. Кейбіреулері дүкеннің асбұзылында шай-пай, сорпа, яки саудагерлердің мантисына араласып отырған уақытында кездескен.

Әрбір болыс өз елінің ішінде жеке дара шыққан жалғыз қошқар сияқтанып, өркештеніп жүрсе де, мынандай қалың топтың ішіне келіп, көп болыстан басқа әлденеше шенді, әмірлі ұлықтардың түрін, жүрісін көрген соң, өзінен-өзі жасығандай бұғынқы, бүрісіңкі еді. Ауылдағыдай әмірлі дауыспен айғырсымайды. Ешкімді тықсырмайды, Сөйтсе де дәреже иесі ұлық болған соң базарға өз елдерінен келіп жатқан қалашыларға төменшіктеп, кішіреніп көрінбей, айдынды болып, нағыз ұлықша көріну керек. Ең болмаса, аулының момын, жуас, бұйығы кедей-кепшігінің көзін алдау үшін болса да, қасына тілмаш ертіп, мойнына дөңгелек сары жезді былғары сумка салған атшабарын ертіп, кез келген бірен-саран би, қария болса, соларды қасынан шырғамай, тобырын, тобын молайтыңқырап, шоғыр болып жүргенді тілегендей болатын.

Қолында мөрі бар, жаман-жақсы болса да жәрменке басындағы Ақжелке, урядник сияқты ұлықтармен таныстығы бар, кейбірінің тамырлық айқасуы да бар. Сондықтан бұндай болыстар жәрменкеге құр ғана қарақұрық жасауға жүрмейді. Біреуді қырына алып, кесір тигізіп, біреуді алқап қолтығына алып, құр жүрмес үшін астыр-

тын партия сыбырын да жасасып, қазір жау, қазір дос тауып, маңайын бықсытып, бүлдіре жүретін.

Тоғыз жолдың торабы сияқты, қазақ бүліншілігінің аяқтап барып сарқатын жері орыс ұлығы болғандықтан, жәрменкеде жүрген болыстар арқылы да Плотниковтерге оралып қалатын түсімдер болушы еді. Осындай қылықпен әсіресе көзге түсіп, білікті болған болыс Рақымбай еді. Бұл — аз-маз орысша білетін пысықша жас жігіт. Ертеден ұлық қолтығына кіргіш, жағынғыш. Сондықтан жәрменке басындағы барлық болыстан Ақжелкеге жете танысып, беделі артқан белгілірек болыс осы болатын. Әлі күнге ұлықтан үлкен кесек-жақсылық көрген жоқ. Бірақ жиында қазақ алдында «Рақымбайке» деп атын атаса, үйіне анда-санда шақырып шай берсе, сол да жеткен сыйы. Сол үшін-ақ Рақымбай ұлығының қасиетін ұғып, қадірлей білетін.

Ұлыққа өзгеден таныстығы артық, араласы көбірек болғандықтан, жәрменке басында бұның аты көп аталып, көтеріңкі, желіктірек болып жүретін болыс та осы еді. Аяғын шолжаңдай басып, тайтаңдап, маңайдан келген болыс би, беделді қария, белгілі қажылар болса, бәріне де кес-кестеп сөйлеп, көлденең келіп, орала беретін. Жайдары жүзді, жүйрік тілді айтқышсынып тұратын әдеті бар еді.

Бүгінгі приставтың шақыртуы бұны саудагердің асбұзылында тапты. Түс кезінде жақындағы жайлаудан келген бір старшыны қолына түсіп еді. Таңертең ауылдан келгенде Рақымбай қасына қатыны мен ерке баласын ерте келген. Жорғақтап тұрған старшынға:

— Біздің қатын жәрменкеге мәңгі жеймін деп келді. Сен бай елдің старшынысың, жүр мәңгіге тойғыз,— деп, күнде осылайша әркімге өзін сыйлатып жүретін әдетпен, белгілі таныс саудагердің асханасына келіп мәңгі жеп, сорпа ішіп, қымыз ішіп, мақтана түсіп, дамылсыз күліп, желігіп отыр еді.

«Ақжелке шақырады» деген хабар қатын-баласының алдында естілгенде, көңіліне жайлы тиді.

— Біздің кәрі тамыр, не айтпақ екен бұл... атты тартшы ей,— деп, старшынға бұйрық етіп, кекірейіп барып атына мінді.

Бұл келгенде өзге болыстың бәрі кеңсеге жиналып қалған екен. Рақымбай есікке жақын отырған болыстардың бәрінен өтіп барып, Ақжелкенің қолын ұстап:

— Ыздраси,— деді.

— Рақымбайке, келдің бе... отыр,— деді де, ұлық, жүзіне сызданған суық ажар жиып алып, маңындағыларға қарады.

Қасында урядник, тергеуші, екі тілмаш отыр еді.

Жолдастары именгендей, үндемей ғана ұлықтың жүзіне қарады. Ел жиылып болып еді. Екі тілмаш жорғалап ел кісілеріне, болыстарға қарамайды. Ұлықтың ғана әрбір қозғалысын баққандай. Соған қарай артын тыға береді. Болыстардың ішінде бұлардың қол беріп амандасқаны Рақымбай ғана болды. Оған Ақжелке қол бергеннен кейін өздері ойысын барып, қолдарын берді.

Өзге болыстардың ішінде орныя таба алмағандай әлденеге семіргендей қоразданып, қоқиланып барып Рақымбай отырды.

Болыстар саны он шақты еді. Бірақ әрқайсының қастарына бірен-саран би, кандидат, тілмаш сияқтылары бар. Сонымен жиыны елу қаралы кісі еді. Кеңсенің кішкене үйінде қысылып, зорға сыйып отырды. Көпшілігі жерде малдас құрып, жүгінісіп отыр. Арасында жүреден отырғандары да бар. Бәрінің де бөріктері қолында, қолтығында.

Бір кезде әбден толып, шықырылған болыстардың көпшілігі жиылған соң, сыздаған жүзді, құбыжық мұртты Ақжелке даусын екілендіріп, жұртқа ала көзденіп, зілдене қарап, сөз бастады.

Бірақ ежелден құр ұлықсып, құр ғана қазаққа қоқиланғаны болмаса, білімге де, орамға да, шешендік епке де оншалық дайыны мол кісі емес, сондықтан сөзді көпке созбай:

— Соғыс болып жатыр, көмек керек. Патша сендерге бұйырады. Елдің бәрі бейнет көріп өліп, қырылып жатқанда, сендер қымыз ішіп, жайлауда көшіп, қызықтап жүре беруге болмайды. Мынау бұйрық келді, тындандар,— деп алып бұйрықты оқыды.

Бұйрықтың сөзі көп емес. Дәлелсіз, ыңғайсыз, топас жазылған көп бұйрықтың біреуі еді. Бұны әдет бойынша Жебірбаев аудару керек еді. Бірақ ол орысша тілге олақтау, жазба сөзіне әсіресе шорқақ, жем жағын жақсы қарастырса да, білім, сана жағын жадағай тастаған, әдіс, құлқын арамдығын ғана жақсы білген тілмаш. Мынау — өте үлкен келелі жұмыс, приставтың өркештеніп, кергіп тұрып жариялайтын, патша атынан

сөйлейтін, үлкен соқталы ісі. Және өз тілмашы ел ортасында оншалық белгілі, абыройлы кісі емес, Аябанға руы жат, бөтен жігіт болатын.

Сондықтан, пристав екінші тілмашты ерте уақыттан әдейі шақырып алып еді. Ол тергеушінің тілмашы болатын. Күндіз көріскенде оның төресі приставқа өз тілмашын өзі мініп жүрген атын ұсынғандай ұсынып, соны шақырып алыңыз деп маслихат берген.

Бұл тілмаш тілге жақсы, елге де салмағы бар, сырт пішінінде, мінезінде қазақ көзіне, ұлық көзіне де жайлырақ тиетін ажары бар Оспан деген жігіт еді.

Бойға сіңген дағды байынша қызметке кіріскеннен бергі көздеген нысана мал мен атак, жылы, жайлы орын табуға ғана арналғандықтан, бұнда да сырт көрінісі болмаса, ішінде құралған негізді пікір, бағыт жоқ еді. Ел камы, көп мұны дегеннен «қалың жұрт тұрмысына жайлы, жайсыз болар ма?»— деген сұрақтардан бұның басы да, жүрегі де аман болатын.

Соңғы заманда «қазақтан газет, журнал шығып, ел жайын жоқтайтын біреулер пайда болыпты» деген сөздерді бұл алыстағы өнімсіз бір сарын сияқты ғана еститін. Бойына бұндайдан дарыған ешбір әсер жоқ еді.

Соның жоқ болғаны қазіргі ел мен ұлық арасында тұрған халына үлкен жайлылық берді. Ол жарлықтың мағынасын, артын, түкпірін ойлап машақаттанған жоқ. Елге осы жарлық арқылы келетін ауырлық салмақ қанша болса да, ол — қазіргі минутында Оспан ойлайтын нәрселер емес.

Өзінің де бұл жарлық туралы толық естіп тұрғаны осы жер ғана болса да, шімірігіп сескенген жоқ.

Бұндағы жалғыз мазасыздық болса, ол — қазір мына тізіліп отырған болыстар алдында, артында тікшиіп қадалып тұрған ұлықтарының алдында сүрінбей, қабынбай, тілмаштық міндетін жақсы атқарып шығудың ғана камы болды. Ішінен арнаулы мұрат, мақсат сияқты тілегені де сол.

Тілмаш ұлығының күткеніндей, елге ұғымды қып, жақсы аударып тұрды. Жарлықта: «Он тоғыз бен отыз екінің арасындағы азаматты қазақ елі әскер керегі үшін, тезінен жинап, өкімет қолына тапсыруға керек» деген. Бұл жігіттер соғысқа қару ұстап кірісетін әскер емес. Соғыс көмегіне күш қосатын бір жабдық есебінде майданның желкесіндегі қара қызметті атқарады. Жар-

лықтың бұл жерінде «тыл» деп жазылған сөз бар екен. Тілмаштың бұл бұрын естімеген, білмейтін сөзі еді.

Қызмет жөнінде алдынан кездескен бұндай бөгеттің тұсында ұлықтың көмегін сұрауға болады.

Сыншы, қатал ұлықтың алдында тіпті заржактанып, суырылып, бар жайдың бәрін біліп қойған кісімсімей, білімге озамын дегенше, анда-санда одан төмен кісі болып та көрінген теріс емес. Әлсіз, шала білімді, кішкене дәрежелі тілмаш, өзінің пенде екенін білдіріп, ығы зор ұлығына артын тыға, көмегін сұрай, сүйіне тұруымен ұлыққа жаруға, жайлы тиюге, жақсы әсер етуге де болады. Оны қораздандырып, өз-өзінен білімді кісі қылып көрсеткендей болуға да мүмкін. Сондықтан кібірткітеп тұрып, ғапу өтініп алып, Ақжелкеден:

— Мен мына сөзді ұға алмай тұрмын. Түсіндірсеңіз қайтеді?— дегенде, ұлықтың көзіне кішкентай ғана сүйсінген күлкі белгісі жүгіргендей болып, ұғындырып берді.

Қалғанын тілмаш та жайбағыстап, жақсы атқарып, түгел ұғындырып айтып шықты. Бұл уақытқа шейін Оспан алдында отырған болыстардың түстеріне анықтап қарап, байқаған жоқ еді. Жана көрді.

Барлық болыс ең аяғы жаңа ғана тұшталандап жүрген Рақымбайға шейін күн шартылдап жай түскеннің артындағыдай құп-қу болып, есенгіреп қалған сияқты. Бәрі де көздері үлкейіп, аларып, тілмаш пен ұлыққа қарап, мелшиіп, қыбыр етпей, іштен тынып қатып, қадалып қалыпты. Жалғыз-ақ әр жерде сұрланған жүздер, алақтап сасқан көздер біресе Ақжелкеге, біресе тілмашқа кезек-кезек, жалтақ-жалтақ қарайды.

Өзі аударып шыққан жарлықтың, жаңағы өз аузымен айтып шыққан сөздің қаншалық улы әсері барлығын тілмаш жігіт жаңа ғана алдындағы ел жүзінен ұққандай болды.

Ұлықтар да сірескендей қыбыр етпей, ел пішініне қадалып тұрды. Шошыған, сасқан жүздерді көрген сайын албастысын арттырып, пысымен баспақ болғандай болып тұр. Бар ұлық-төре келген қалпында өздерін үрпитіп, түктерін сыртына теуіп, шірене дем алып сызданады. Қарсы тұрған екі топ бір-біріне кірпік қақпай қадалып, арбасқандай андысып, бірін-бірі бағып тұр.

Осы хал мен тым-тырыстың ішінде екі минуттай уақыт өтті.



Мұхтар Әуезов. Отызыншы жылдар.

Болыстарды көбі соңғы кездегі сайлауларда іске ширек, тіл білетіндеу жастардан сайланып еді.

Көбі жиырма бес, отыз бес арасындағы жассымақ адамдар болатын. Көбінің ел ортасында соншалық зор салмақ беделі, ыбырой, атақ айдыны да жоқ. Үлкен істі елдің жасы, үлкен қаримсы, атықты, салмақты үлкендері, қарталы жуандары арқылы болмаса, өз беттерімен бұзып, жарып істеп кете алмайтын. Болыс ішіне келген үлкен міндеттің барлығын солардың нұсқауымен істеуші еді. Көбінің болыс болып, дәреже алуына да солар себеп болған.

Ұлық жарлық жариялағанда: «Паша еке не дер еді, қалай қарайды... онша мен не айтамын» деген сияқты ойлар көбінің бойы басқандай болды. Тым-тырыс созылуға айналған соң осы ойды көбірек ойланған бірін-сарандар жан-жағына жалтақтап, басқалар не дер екен дегендей болып, көзбенен әркімді алдына салғысы келді.

Ұлық болыстар көзі бұның жүзіне тіктеп қарай алмай, жалтарып төменшіктей бастаған соң, өзінің орнын қайтадан тауып, нық басқандай болып:

— Жарлық осы, осыны тез атқару керек. Бұл патшаның өзінен келген бұйрық. Бөгете болмайды. Қанша уақытта атқарасындар? Тез список тізу, түзеу керек, сол турасынан айтындар, — деді.

Болыстар тағы да үндемей қорғалақтап, бірін-бірі ақырын түртпектеп, ұлық жаққа жалтақтай отырып, бірін-саран жерде ақырын-ақырын сыбырласқандай болды. Аяғында болыстардың қалың ортасында отырған сүр жүзді, шоқша сақалды, ер көзді Әубәкір елден бұрын даусын ығарды.

Бұл Албашның жаңада шығып келе жатқан отты жігітінің бірі еді. Түсі әрқашан ашу шақырған кісі сияктанып сұрланып, екі көзі қангалап, екіленіп қатты сөйлейтін. Ұлықтан да онша көп ығып жасқанбаушы еді. Сондықтан Ақжелке алдында бір-екі кездескенде бұны белгілеп алып, жек көрін қалғандай болатын. Майда майды, жорғақтамайды.

Әубәкір малдас құрып отырған жерінен көтеріліп, жүгініп алды да:

— Жарлық сөзін ұлық айтып тұр. Біз бұл сияқты бұйрық жарияланатынын білгеміз жоқ. Төбеден жай түскендей жаңа ғана естіп отырмыз. Бұл не қылса да,

қазақ баласының бұрын естіп, біліп көрмеген құқаиы. Не дейтінін біз білеміз бе? Елмен сөйлеспей, не айтамыз? Бірнәрсе деуден бұрын елге тілдессек екен. Бұл арада жиналған халық осыны тілейді-ау деймін. Қәне, жұрт не айтасын?— дегенде:

— Бәрекеде, рас айтады. Солай, солай... Содан басқа айтарымыз жоқ... не айтамыз?.. Томаға-тұйық не айтамыз,— десіп, кеңсе іші көп дауыспен даурығып кетті. Отырған боыыс, би атаулы күбір-күбір етіп жорғалақтал, Әубәкірге тегіс «тәңірі жарылқасын» айтқандай жалтақ-жалтақ қарасты.

Ұяық минут сайын зәрленіп, сызданып шіренулі еді.

Елдің мынау даурығында өзіне ұғымсыз, бұрынғыдан гөрі жат, белгісіз бір күйді сезгендей болды. Бұл қазақты көп баққан, көп істес болған кәрі қасқыр еді.

Бірнәрсеге оп-оңай көнгісі келмей, ауырсынған уақытта қазақ осылай артына жалтақтап, «кім біледі», «жұрт не дейді» дегенді айтқыш болады. Ол мәлім бірақ өзге жерде көп боыыс жиналған болса, көпшілік жаңағыдай қобалжығанмен, арасынан Рақымбай сияқтылар сытылып шығып: «болады», «істейміз», «өрындаймыз» дегенді айтып салушы еді.

Бүгін соны ешкім айтпады.

Рақымбайда да айтатын түр жоқ. Алдында отырғандардың артына таман бұғынқырағандай, ұлықтың көзіне көзім түспесін дегендей, бәсендеп кішірейіп кетіпті. Одан да бұрын күткен көсемдік шығатын емес.

Рақымбай сияқты жағымтал, жорға боыыстың тағы бір екеуіне көзі түсіп еді, олар да алға түсетін, бой көрсететін сияқты емес.

Сырт пішіні «Алдияр тақсыр» дегендей болса да, әрқайсының ішінде сөйлетпей, басып тұрған күдік бар сияқты. Ұлықтан гөрі де қорқытып, тартпақтап, қысып тұрған бір салмақ бар, Сондықтан сытылып шығып, Әубәкірден бөлек сөз сөйлейтін кісі көрінбейді.

Бір Ақжелке емес, барлық ұлық соны түгел сезді.

Бұрын алдына оңай түсіп, қалаған бетке оңай беттейтін қазақ бүгін бір қыңырлық белгісін бетіне шығарып, меңіреу мықты қабырғаны көтеріп тұрғызып келе жатқандай болды.

Бірақ бұндай жарлық күнде жариялана бермейді. Кей жарлық Ақжелкені қырда, қазақ ішінде де үнемі

таппайды. Бұл қалада жүргенде ел ортасына жарияланған бұйрық-жарлық болса, ондайдың жемісін ора алмай қалатын да уақыт болады. Мынау — кезі келген, жақсы оралған көңілдегі арманды жақсылықтың бірі. Сондықтан тас табанда жабысып, қазақты бағындыру керек те, содан әрі ұйлығып сасқалақтап, ықтынға түскен елді аш бөріше тору керек.

Мына пішінді көрсетіп отырған ел түбінде жібін босатса, әрнәрсені ойлауға да мүмкін. Сол бетінде шалқытып, дәндетіп, емін-еркін жібермес үшін, қайырып көп сөйлеспеу керек. Дубәкір сияқты болыстарды да сөйлетеу керек. Ұлық осыны есептеді де, ел аузынан Дубәкір сөзінен бөтен сөз шықпайтынын көрген соң әңгімені тез тұжырып, доғармақ болып:

— Сендер елге жариялайық деген сөз айттындар. Солай болсын. Жариялап болысымен тезінен список тізуге кірісу керек. Бұл уақытқа шейін қазақтың елі де, болыстар сендер де патшаға, патшалыққа да маңдайларың терлеп қызмет қылған жоқсың. Сендерден басқалар әлдеқашан қырылып таусылып, жүдеп-жадап жатыр...— деп, әр сөзін құлшынып, ақырып ұрысқандай болып, сөйлеп кетіп:— Енді сендерге де соғыс ішінде болмасаңдар да, соғысып жүрген әскерге қолғабыс септік тигізетін уақыт келді. Енді әрбір қазақ, әрбір есі дұрыс болыс, старшын, би, елу басы осыны жақсылап ұғыну керек те, елге де анықтап ұғындырып, тез список тізу жұмысына кірісу керек. Елге жариялап болып, маған қайта келіп, список тізуге дайынбыз деген сөз айтып келулерің керек. Мен осыған сендерге үш күн мәулет беремін, сол үш күннің ішінде барлық алдын ала істейтін жұмыстарды бітіріп келіндер. Сөз сол... қазір барындар!..— деп, зілденген суық пішінін жылытпастан тұрып, болыстарды таратты.

Өзгелер «тара» деген әмірмен жапыр-жұпыр тұрысып, салбыраған, түйілген қабақпен тарап жатқанда. Рақымбай мен тағы бір-екі осы сияқты болыстар Ақжелкеге таман жанасып келді. Бұлардың жүзінде «маған бірдеме деп ілтипат қылар ма екен» дегендей жалтақтап, құйрығын бұлғаңдатқан итше жағынған пішін бар. Ұлыққа тонның ішкі бауындай, мен өзіндікімін дегендей қабақтары бар еді.

Бірақ үдірейіп тұрған ұлық қазір жылы жүз көрсеткен жоқ.

Екеу-үшеуінің ішінен Рақымбайға ажырайып қарады да:

— Смотри! Жақсы болыс болсаң, енді өзіңді көрсетесің, әйтпеселі.. Біліп қой!..— деп, айналып жүріп кетті.

II

Кешегі күн болыстар айтып келген хабар ел ішін ұйқы-тұйқы қылды. Бүгін июльдің сегізі. Жәрмеңке басы кешегі күні кешке-ақ жат жарлықты түгел естіп болған. Содан кейін түн бойы бүгінгі күннің түс мезгіліне шейін жаманшылық хабары Албанның барлық жайлауларын түгел шарлап, құйындай құтырып қыдырып шыққан.

Қария қабағын шытынып, шын назаланып, айласы бітіп күрсінді. Қатын-бала ұлардай шулады. Жігіт-желең сол күні-ақ «бармаспын» деген ниетті ойлап, Алатаудың сенімді қиын тасына, қара үңгірдей қалың жыныс қарағайына қарады. Барлық ел: еңкейген кәріден, еңбектеген жасқа шейін, ертелі-кеш ылғи осы жайды ғана сөйледі. Ел апатты сезді.

Азамат басына туған қара түн осы күн деп білді. Келелі шаруа, күнделік қам, ас, дүние, мал-мүлік дегеннің бәрі ескерусіз, елеусіз қалды.

Жайлаудың барлық жанының аузында не қылу, не айту керек? Болыстар не дейді? Ақсақал, басшы, үлкендер не дейді? Не жауап береді? Азаматын қия ма, қолынан оққа байлап ұлық қолына бере ме, беремін дей ала ма? Жоқ, артына алаңдай ма? Ұлық не айтады? Не істейді? Осы сияқты шешілмейтін түйін, қарғыстай қиын жұмбақтың алдында қабағы қатып, демін ішіне жиып, сағат сайын жаңалық күтті.

Бүгінгі күн түс кезінде жәрмеңке жазығының үстінен құйындатып, дауылдатып бір қара бұлт өтті. Тау басынан маңайды көздеп жүрген, бойы сергек үлкеннің барлығы да Албан жайлауының әрбір тұрғысынан бұл элементті көріп еді.

Сол күні кешке таман барлық жайлауларға бір жаңалық тарады.

Құйындатып, дауылдатып келген қара бұлт жәрмеңке үстінде аз бөгеліп, содан әрі төмен қарай Кегенді басып барып, Тұзға барғанда жоғалып кетті. Бүйтіп айбар ше-

гіп келген «ата-баба аруағы» екен. Патша ұлығына келіп:—«Қазақты ренжітпе, солдат алма, бұл елге тиіс алмайсың»,— деп кетіпті. Осы хабар жарқ еткен найзағай артынан күтірлеп шыққан күркірек даусы сияқты Албан ішін басып кетті. Алып қашты хабармен елдің өкпесі кепкендей болды.

Шүйінші сұрасқан, «босанатын болдық», «бармайтын болдық», «бермейміз!..» деген хабарлар, ертегі сияқты, қара бұлттан екпін алып, тіл алғандай қалың елді қайта басты.

Кешегі хабар естілген соң жәрменке басы адыра қалғандай болып еді. Бүгін күні бойы бір қазақ бір сірінке алған жоқ. Сауда жым-жырт басылды да, базар құлаққа ұрған танадай болды.

Наубайлардың* оттары жағылған жоқ. Мәнтінің де буы шықпайды. Қонағы жоқ асбұзыл жұтағандай қанырап тұр. Қатарланған жасауы бар, көздің құрты сияқты қызылды-жасылды пұл ләпкесі, қаңылтыр-қалайысы жылтыраған ыдыс-аяқ ләпкесі, кең майдандай мал базары, ұсақ мәліш ләпкелері, жалбыраған қара-қызыл былғарылар, төңкерілген шойын қазан, жез шәугімдер, салпылдаған ер-тұрман,— бәр-бәрі де Албанның керекті үшін жасалса да, бір-ақ күннің ішінде жерексіз дүние болып жайрап қалды.

Өлген ердің артында жыл уағына шейін тұлдап іліп қоятын қаралы киім, қаралы аспан сияқты, ләпкелердің дүниесі жесір-жетім қалды. Өсекші, қомағай саудагер жайын қарны жем тілеп, сабырсыздық қылып, біріне-бірі қыдырып, айла таба алмай, бастарын шайқасты. Асаусып, жат мінез көрсетіп тұрған жайлауларға қарап даурығып, лағнет оқиды.

Ашулы урядник ләпкеші саудагерлердің ортасына келіп тұрып, сыр бермей қынырайып жатқан қазаққа қарап, дағдылы жауыз боқтығын айтты. Ешбірінің де емі болған жоқ.

Баяғыдан шыдап келген көнтерілі алып енді бұрынғы момындық, молқолдық, берегендігінен бір-ақ күнде пышақ кескендей тыйылды. Өзгеден бұрын ұлы жауы, мына да бір қырсығы — жәрменке деп білгендей болды.

Айналадағы көп жайлаудан мал ағызып, пұл алушыны жетектеп келетін жолдардың бәрі әне жатыр. Кү-

* Наубай — өзбек, ұйғырлардың нан пісіретін пеші.

дө қара құрттай қайнап әрлі-берлі ағылып жататын жүргіншінің ешбір белгісі де жоқ. Тым-тырыс. Суық түсті жұмбақтай.

Бүгінгі сурет пен дәл кешегі күнді ғана салыстырса да, қаншалық жер мен көктей, бақ пенен сор арасындай, айтып бітіргісіз айырмасы бар еді? Кеше ләпкелердің алды елуден, жүзден қатар-қатар сірестіріп байлаған ер тоқымды ат болатын. Ләпке іштерінің тірескен сендей соғылысқан алушы. Жалғыз еркек емес, ақ күндікті бәйбіше, ақ желекті келіншек, үкілі құндыз бөрікті сәулім бойжеткен — бір емес, әлденеше. Бәр-бәрінің қасында көп-көп нөкерлері бар. Өзге қазақтай қазымыр, саудаласқыш, тартпақ емес. Нағыз жұмсақ жемдей.

Қазір де олар былай тұрсын, керек десе құлынды бие мініп, баласын ерткен кедей кемпір де жоқ. Өгіз мініп, бесті-онды қадақ жабағысын теңдеген кедей шал да жоқ. Жалғыз сіріңке, жалғыз кесе болса да ләпкеден алып, қолына ұстап бара жатқан жайлаудың бір жаны жоқ.

Күлкіші, аңқау, ансағай бойлы, күрей жүзді Албан суық көзбен жаңа ғана ең алғашқы рет жәрмеңкені мазақтай «кет», «жоғал» дегендей жирене қарады.

«Аруақ келді», «ұлыққа қара бұлт түйілді» деп алып-қашса да, жарияланған жарлықтың шындығында күмән жоқ. Қара тастай мызғымай, бір орында түйіліп, құбы-ықтанып тұр.

Шүйінші, тасаттық, жеңіл желіктің барлығы да сомыл қара тасты аударамын, құлатамын деген ұшық сияқты еді. Бірақ үшкіргенмен, өкпемен қаққанға бұл кетпейтін, айықпайтын дерт сияқты болды.

Соны білген ел енді: «Пәленше не дейді, түгенше не ойлайды екен?» деген сұрақтарға келіп еді.

Бұл тұтас әр жайлау өзінің сенген шошағына көз салып, соның аузынан шыққан лебін тындайтын күйге жеткен. Өзді өзінің тұрғысынан бірдеме деген шығыс болар ма екен деп дәмеленіп еді.

Осы ретті Дөңгелек саз Серікбай, Әубәкірдің аузына қарап, Қарқара, Лабасы, Сырт жайлаған елдер Жәмеңкедей қария, Ұзақтай батырының аузына қарап, солардан жауап күтіп еді. Ертеңді-кеш осыларға кәрі-жасы, болыс-биі, сәлемші-елші айықпай шұбырып келіп жатқан. Күндіз бірнеше ауылдарда «айтылып сойылған» малдың еттері желінген.

Қазір де екінді мен ақшам арасында Ұзақ, Жәмеңке

аз ғана кісімен Дөңгелек беттегі Ұзақ аулының жанындағы көк жотаның басында кенесте еді.

Кішілеу дөңгелек денелі, бурыл сақалды ер Ұзақ — қажымас мықты қайрат несі, ержүрек батыр болатын. Бұның көп заманнан бергі үзенгі жолдасы Жәмеңке. Бұл жетпістен асқан қарт, қырандай, кәрі шораяқ, алғыр шешен еді. Бірақ зорын таппай сөйлемейтін, көбінесе үндемей, өз ішіне үнілген сияқты ойда отыратын, жадағайы жоқ, тартымды жинақты мінезі бар.

Ұзақ та суырылып көп сөйлемейді, сөйлесе кесіп байлап, бір-ақ айтатын.

Сондықтан қазіргі шешілмей тұрған түйін сияқты үлкен кесірлі, ұлы ауданды іске келгенде де күндізгі арманшыл, уайымшыл шалдар сияқтанбай, қазіргі қасында отырған бірен-саран сарнауық қажылар сияқтанбай, Ұзақ өз ішіне тығылғандай болып, мойынын ішіне алып, бір қыңыр оймен тым-тырыс үндемей отырды,

Кешеден бері әншейінде пысықсып, тілмарсып жүретін Албан ішінің үлкен-кіші, жақсы-жамандарының бәрінің де сөздерін естіп шықты. Бір де бірінің сөзінде түкпір өріс жоқ. Істейтін істің ем-домы жоқ.

Құр ғана Албанның өткен күні пәлен еді, бүгін мұндай апат келді, ауыр күн туды, ақыр заман болды дегеннен басқа, құр жылап зарлағаннан басқа ештеңені айтпайды.

Бұндайлар аяғында батырды қажытуға айналды. Сондықтан күндіз заржақтанып қақсай берген бірер шалға ашуланып:

— Уа, қоямысың енді, байы өлген қатынша сұңқылдай бермей. Айтқыш болсаң, ана ұлыққа барып айт. Мен сені ұстап отырмын ба? Немесе мына ақыл таба алмай қамалған елге істейтін істі айт. Жарлық шығарған мен деп қақсап отырсың ба?— деп зекіп, сөйлетпей тастаған.

Осы сөздерінен де, онан соң кешеден бергі түйілген қабақ, сұрланған жүз, жылт-жылт еткен кішкене суық көздерінен де батырдың бірдемені аяқтата алмай, қиналып ойлап жүргені белгілі сияқты еді.

Тентек батырының сырын білетін Жәмеңке қария ештеме айтып қажамай, бұның ойын өрісіне жіберіп, өзі айтқанын тосып, баспалап бағып отырғандай еді. О да көп сөйлеген жоқ.

Бірақ қазіргі уақытта тамам ел іші қамалған пішім

көрсетіп, Ұзақ пен Жәменкенің аузынан шыққан сөзін сабырсыздықпен күтіп отырған.

Бірталайдан бері не дерді білмей, үндесе алмай, бет-бетімен нығы түсіп тұнжырап отырған соң, аяғында Жәменке мойнын сыртқа қарап бұрып салып:

— Баяғыдан бері Албан баласы қарын шашы алынбағандай болып, ала бөтен амандықпен келіп еді. Мына жетпіс беске келгенше малы-басы пәле-қазаға ұшырағанын көрген жоқ едік. Бұл тау арқасындағы елдің ұйқысы қалың еді. Таудың киігіндей кең жайылған тіршілігі бар еді. Албанның тоқсанға, жүзге келген шалы болса да бұл елдің қыс күнінде жұтағанын, жаз күнінде індетке ұшырағанын білмей еді. Мал мен басының амандығы бар-ақ еді. Е... е... е... ол бір дәурен екен. Көп дұшпанның қастығы мен торуы айықпаса да, көп зәбір келтірсе де, соны да елемей келе жатқан ел бар еді. Енді мына бүгінгі күн мынадай кер заманға кездестік. Қалың апат селге киіктік. Баяғы өткен ата-бабаның абырой-бағын бізге берген жоқ. Олардың тұсында ел бұндай пәледен аман еді. Енді сені мен менің заманымда Албан баласы мынаған кез болды, батыр!.. Өткелде түйенің үлкені таяқ жейді... Айтсаң да, айтпасаң да түйікке келіп қамалдың. Қолыңнан тартып шығаратын қайрат жоқ. Ұлық кәр қылғанда бізге қылады. Бірақ бас амандайғын күн емес... Бір біздің амандығымыз кімге тұлға болады? Қамалған елге біз сөйлемесек кім сөйлейді? Енді ойдағыңды айт, батыр!..— деп тоқтағанда, Ұзақ екі көзінде шақпақ оты жалтылдағандай болып, булыққан ашумен:

— Ел аман еді, жайлауы жарасып еді. Қарын шашы алынбап еді дейсің. Қазақтың аяғына жем түсіп, ұлы бойына оқ тигені бүгін бе екен? Мойныңа бұғалықтың түскені әлдеқашан емес пе еді? Бүгін тұқыртып, біржолата шөктіргелі темір қолы құлаққа келіп жабысып отыр. Баяғыдан қорыққанда неден қорқып, сиығанда неден сақта деп сиынып едің? Көптен торып, обырдай обып келіп, енді түгінмен жалмағалы отырғаны осы. Бұл бүгін емес, көптен келген пәле де. Енді жетер жеріне жеттік... Айтқанындай асау болсан, енді тұяқ серпетің шағыңа келдің. Абұйырдың ашылып, мол дәулеттің ақтарылатын күні міне енді туды... Ел болар болсан, енді сіресіп, ұстасып көр... Шыдаймын деп ұстас... Мен айтсам, соны айтам. Жоқ, олай емес болатын болса, әне ұлығың бар да ұсына бері!..— деді.

Бұл кеңеске Дөңгелек саз жайлауынан келіп кіріскен Серікбай еді.

Оның да кешеден бергі ел сөйлеген сөзге құлағын салып, өз ішінде қорытып келгендегі байлауы осылай сияқты еді. Ұзақ сөзі өз ойын бекіткендей болып, бұл тілеген өріске қарай беттегеніне Серікбай риза болды.

— Көнемін, бойсунамын десе, ақылдасудың не керегі бар? Елдің сіздерге сөзін бергендегі іздегені де қалың елдің елдігін көрсететін бір жол тапсын дегені ғой. Екі қария екеуінің сөзін де қалың көптің тілегіне, ыңғайына үйлескен сөз болды. Ер-азамат біздің аузымыздан «бермеймін» деген сөз шықса екен деп қана тілейді. Жә! Ол сөзді айттық... Бірақ қалайша бермейміз? Не айла істеп жан бағамыз, сүйенерлік, сүйкенерлік кім бар? Соған не айтасындар?..— деді.

Ұзақ өзін қостаған сөзге емексігендей болды. Тегінде Серікбайдың ерлігі, кісілігі бар деп бұрын да ішінен жаратушы еді. Сондықтан жасының кішілігіне қарамай, жолдас сияқты көріп, әрбір жайдан ақылдасып қоятын. Қазірде де Серікбай батырдың бетін ұғып, ақылын мақұл көрген соң Ұзақ бұның сөзіне риза болып, бұрынғыдан гөрі шешіліп сөйлеуге айналды.

— Албан баласы бұл арада отырып дегенін істей алмайды, Енді өйтеуір амандық жоқ. Алды-артыңды өрт алды, ең әуелі қанатын жайып, еркектік көрсетемін деген өзге қазақ болса, соған атсалысу керек. Сонымен етек-жеңді жиып алғанша патша құрығына Ілінбейтін болып қарсыласа тұрып, әбден дайындалып алған соң, тіпті жожақтай беретін болса, ірге аудару керек.

Жәменке, Серікбай болсын, өзге бермеймін жағында жүрген басқалар болсын, кешеден бері бәрінің де аузына кірген сөз осы еді. Бірақ ұлық тығыздатып тұр, жауап сұрап отыр. Бұған әзір жалтартып жауап беру керек пе, жоқ үзілді-кесілді бір-ақ айтқан дұрыс па? Ендігі ойға келген түйін осы еді.

Бұны Жәменке шешпек болды.

— Сөз бұған сарқатын болса, мына жауап сұрап, үш күнде кесікті сөзіңді айт, тізіміңді бер деп отырған ұлық бар. Бұған не деу керек?— деп, біраз үндемей отырды да, аяғында:

— Қадалған жерінен қан алмай тыйылмайтын дерт қой бұл. Ырғасамын, арбасамын деп созалаңдауға болмас, елді бөксе басты қылып алармыз. Бермеймізге бе-

кінсек, бұған сол бермейінді ашып айту керек те, елге қамдан деп жар шашу керек,— деді.

Кеңесте басынан үндемей отырған бурыл шал Жоламан бар еді. Соңғы сөз мұның да күткен-кезегі сияқтанды.

— Бәлі, мақұл айтады. Созғанмен жауап бермей тұра алармысың, елді ұйлықтырмай, болыс-болыстың бәріне бір бас, бір тас бол да, ел сөзі осы деп, «бермейміз» деген бірақ сөзді айтындар деу керек. Әйтпесе, қипақтап, ұлыққа жағымталжып, жақсыатты кісі боламын деп, елді тұйыққа қамайтын ала ауыз жоқ емес, табылады. Бір жерге сөз байлаиса, көптің ауқымынан шыққан тентекті, арам ойлыны көріп алармыз!.. Сөз осы,— деді.

Болыстарды айтқанда Ұзақ елдің шырқын бұзатын арам сирақ залалды жауды еске алғандай болып, қайтадан сұрланып:

— Ең алдымен сол тұшталандан, кісіміп жүрген ұлықсыған немелерге не болу керек. Аяғынды қия бассаң қылтанды қырқамын деп, соларды ауыздақтау керек. Жарықшақ сөз шығармасын, елді сандалтып, шаң қаптырмасын. Ертеңгі күн көптің айтатын сөзін қалпынан аудармай, жалтартпай ұлыққа дәл жеткізсін. Күн жауғанда қойнында, күн ашықта мойнында болатын ерке тәйтіктің керегі жоқ. Қазаққа ұлық дәрі емес. Көп айтатын қарсы сөзді соларға сөйлету керек!..— деді.

Бұл жиындағы үлкендердің бәрінің де көңіліндегі күдігі болыстарда болатын. Алғашқы сөз байланған соң ендігі міндет соларды ауыздақтау екені барлығына да мәлім жұмыс, кезекті мәселе сияқты болатын. Бұның байлауын да Ұзақ айтып берді. Бірақ болысқа ел қабағын танытып, үнемі тәубесін еске түсіргендей сескентетіп бір мінез істеп жіберу керек. Ұлық алдына барғанда қайқақтамас үшін, қалың топтың ұғымын анық көрсетіп, шырық бұзған кісіге көп айдыны қалай төңкерілетінін ашық сездіру керек. Жәменке осыны ойлады да:

— Болыстың барлығы шырық бұза бермес. Бірақ бәрі бірдей елдік ойлайды, ұлыққа сатпайды деп айтуға болмайды. Ертең мен бір боз қасқа айтып сойып, бір қауым елді жиғалы отырмын. Албан болыстарының бәрі де сонда келер. Бұдан былай таятырамай, аяқты нық бас деген сөзді қауым алдында айтармыз да, біржолата шегелерміз. Содан әрі ауа жайылған болса, ондай мұт-

тайымның малы мен басын елдің қолы білсін. Албанның ақ патшамен қатар мың да бір жауы сол дерміз,— деді.

Кеңес бұл сөзді тегіс мақұлдады.

Тәжірибесіз көрбала ақыл бұл істі құр ғана ашумен шешті. Мәселе қалың елдің түгел ереуілдеген қыңырлық, қарсылық бетімен шешілді. Білмегенін көмәскі күйде қалдырды да, балтамен шапқандай жасап, үлкен наразылық, тұтасқан құр қарсылықтан басқаны айтқаны жоқ. Бірақ қалай айтылса да, бұл байлау таскындап, бұлығып тұрған көптің бір бетке қарай ақтарылғалы тұрған шын ниетін білдірді.

Сондықтан Ұзақ аулына жиылып, ақсақалдардың байлауын тосып отырған ел мына сөзді естігенде шынымен патша құрығынан біржолата құтылып кеткендей болып жабырласып, қуанысып, бейуақытта бата қылысып, бермейтін болдық деп аттарына мінді.

Сол байлау сол түні-ақ қалың елдің ішін жаңа екпінмен тағы да қыдырып шарлап, шашырай жөнелді.

Келесі күні Албанның шыр етер атқа мінген дәмелі жігітінің барлығы Жәмеңке айтқан боз қасқаға түгел жиылды.

Бұнда Ақжелке кеңсесінде болған болыс, билер де түгел. Өз ортасында шошағы болған ақылшы қариядан бұл жиында Ұзақ, Жәмеңке, Серікбай бар. Баяғы бір түйіннің үстінде аласыз көңілмен түгел жұмылған қабақ бар.

Жәмеңкенің ауылы Ақбейіттің ұзын өлкесінің бойындағы қалың ақ ауылдардың қақ ортасында еді. Жиылған жұрттың аттары ауыл маңын қара тобыр қылып, жәрменкедей жыбыр-жыбыр басып кетті. Қарсы беттегі Лабастын қарағайлы беттері мен атты қазақ көптік салыстырғандай еді. Өзеннің күнбатыс жағындағы жалаңаш қызғылт жотаның өзекке қараған беттері ерттеулі ат, топ-топ болып үйілген, үйірілген кісіге түгел толды.

Жерошақта будақтаған түтін. Тер басқан көп күтуші. Қызарып, жарқырап сойылып жатқан үлкен-кіші малдар. Ақтарылып, лақылдап, дамылсыз құйылып, бұралып жатқан мол кара сабалар қазақ жиынының дағдылы шарты сияқты. Ішіліп, қыздырып, желік беріп, жеңілдендіріп жатыр.

Келелі үлкен жиын Жәмеңкенің алты қанат үлкен үйінің сыртында, көк шалғынның үстінде еді.

Балалар соққан тас қорадай, жеті қанат үйдің орнын-

дай үлкен ауданда тізелесе отырған ел кісілері. Үлкен кеңес, бұған жұрттың бәрін жабырлатпас үшін өзге қалын топтарды үй-үйге кіргізіп қымыз беріп, шай беріп, алдандырып жатқан. Және үлкендер кесіп-пішісін. Байлауды солар айтсын. Көп қара-құрық сөз аяғын жерге тигізбейді десіп, кеңес жиюшылар бала-шаға, жас-желеңнен бұл топты әдейі жырып шығарған.

Бірақ басында солай дескенмен, үлкендер сөзге кіруге айналғандай, айналаның бәрінен шошак бөрікті Албанның жас-кәрісі топ-топ болып ағылып келіп жатыр еді.

Жиын ортасында қара бұйра бөріктерін көздеріне баса киіп, үндемей томсарып, маңайындағы болыстарға түйіле қарап қойып, Ұзақ, Жәмеңке отыр. Бұлардың көзіне көзі түскен жақсы киімді, сусар бөрікті, жылтыр жүзді шытырайған болыстар мойнына күнәсі ауған қылмыстыдай жасқаншақ, жалтаң сияқты.

Жиылған соң да жұрт көпке шейін үндеспеді. Сөздің шешуі кеше айтылған. Ұзақ, Жәмеңке бүгін мына жиынан соның жауабын естімек.

Ұйлыққан топтың бұл арада көшін бастап, алдын созудың міндетін Серікбай алды.

— Уа, Албанның баласы, неге жиналдың? Басыңа күн туған соң жиылдың. Ұзынды күн бір ауыз сөз айтпай ұйлығып отырамысың, түге?! Кеше мына қариялардың айтқан сөзін естідіңдер. Ертең жауап беретін күндерің ұлыққа. Кенеселі, бірдеме делі... Сөйлендер...

— Уа, мақұл айтады... сөйле, сөйлендер... ел ауыздарына қарап отыр...— деп, көп дауыстар әр жерден шу-шуетті. Топтың әр жері күбір-күбір қағып, қозғалақтап, қақырынып, түкірініп жатты. Осы дауыстардың аяқ кезінде аңсағай бойлы, жар қабақты Тұрлығожа даусын өзгеден асырып:

— Рас, сөйлеу керек. Мына қыдырлы үйдің асына жиылысып, дуалы ауыз қария Жәмеңкедей, анау Ұзақтай батырдың ақылына қонсы қона келіп отырмыз. Кешегі заман кетсе де, Албан баласы, шүкірлік, басшысыз емес, нұсқағаныңнан қаламын деп отырған ел жоқ. Әуелі қария сөйлесін.

— Қарияға қалған сөз сөйленді. Қария айтты айтарың,— деп сөзді Жәмеңке киіп әкетті. Атақты қарияның түсінде, қатпарланған әжім арасында қатуланған томы-

рық ашу белгісі бар еді. Бірақ сөзін ашуға билетпей, келеге билетіп, өзгелерді қозғамақ болып:

— «Кәрі қойдың жасы үлкен, ісек қойдың басы үлкен», мына отырған жастан шыққан басшың бар. Сөз кезегі бұларға келді. «Бедері кеткен торқадан бек тоқыған бөз игі» деген. Бізден бедер кеткен. «Қалқайған қара бөркімді шұрқ болғанда сен көрдің, дәулетімнен бейнетім көп болғанда сен көрдің» деп сыннан өткен шағымызда мынадай кер заманға кездестік.

Бұл — елдігіңе келген сын, Албанның баласы. Елден адал туған ұл болса, белді бекем буып бекінетін шағына келді. Бізге қалған сөз аз ғана, асарымды асап, жасарымды жасаған мен немді қимаймын? Ұзақ несін қимайды? Еркек туған елмін деп дөң басына шығар болсаң, қалған жасын салмайды екен, жалтарады екен деме! Жер тіреген шал да болсақ, қатарыңнан қалар деме. Біз айтарды айттық. Егер ол сөз замандарыңа жақпайды десең өздерің біл... Айтсын мына ел тізгінін қолына ұстаған жастан шыққан жақсыларың,— деді.

Әр жерде:

— Уа, сөзіңе құлдық, уа садаған кетейін... Аруағыңнан айналайын!..— деп, шулаған кәрі дауыстар естілді.

Қорсылдап жылаған бірен-саран көңілі бостар да көрінді.

Жәмеңке сөзі елдің булығып отырған бойын шымырлатқандай болды.

Болыстар көптің қабағын сезген сайын өз-өзінен бұққандай, қысылғандай еді. Ақжелке алдындағы төменшіктеген жалтақ көз тағы да бөрік астынан ұрланып, маңайынан бір шығыс іздегендей сүзіліп, қозғалақтап отыр еді.

Болыс тобын тағы да Әубәкір жарды.

— Уа, қарияның кешегі сөзін де, бүгінгі сөзін де естідік, естімеген, алғыс айтпаған Албанның баласы жоқ. Артындағы елдің үмітін ақтасаң өстіп ақтарсың. Сүйіндірсең осылайша сүйіндірерсің. Ырзамыз! Бұл — бір сөз. Ендігі бұдан соңғы бір кезең, ұлықтың айтқанына көнбедік. Бермейміз дедік. Сонда бұл жерінді мекен қылғызбайды екен. Жә! Сол күнде бізге анау қалмақ қоныс бере ме? Қойның аша ма? Осыған не айтасындар? «Бермеймізден!» соңғы елдің қамалып тұрған тұйығы осы болып тұр. Бұған қария болсын, осы отырған көп ха-

лық болсын, не дейді, кәне?!— деп, ашулы ернін жымырып, қанталаған қызыл көзімен айнала қарады.

— Әуелі бір сөзден бір сөзге сырғымайық. «Бермей-мізге» осы жиын түгел сөзін сарықты ма?! Әуелі соны аяқтайық та. Сол мақұл болмас па?— деп, Серікбай көпке қарады.

Жұрт:

— Иә, иә... солай-солай!..— деп, дағдылы шуымен тағы да қостай жөнелді.

Осы дырдудың аяқ кезінде:

— Уа, болыстар сөйлесін. Болыс атаулы сөйлесің...— деген дауыстар шықты.

Иә, жұрт арлы-берлі айта береді ғой. Ертең ұлыққа жауап беретін болыстар. Мына қария сөздерінен сон болыс атаулы не айтады, соны есітелік?! Жаңағы көп ниетін айтқан қарияның ұранын осы отырған болыстар қостай ма, жоқ па?! Неге айтпайды... неге ұйлығады?!— деп Тұрлығожа болыстарға қадалды.

Кешегі ұлықтың ақырғы сөзі әлі күнге есінен кетпеген Рақымбай көптен қозғалақтап қыбыжықтап отыр еді. Өз маңына ұлық бетімен бірдемені айтып қоңырсытып та келіп еді. Бағанадан көптің бетінен жасқанып, жариялай алмаса да, енді ұлықтан бір именіп, елден тағы жасқанғанының бабын таба алмай:

— Болыс ұлық айтқан жарлықты сендерге айтты. Енді сендердің сөзінді ұлыққа айтады. Болыс деген не? Ол арадағы бір ғана тілші. Болыс-молыс демей, байлауды неге айта бермейді бұл халық. Болып жатқан үлкен соғыс анау. Ақ патшаға қараған елде қазақ, қырғыздан басы аман, малы түгел отырған ел жоқ, «енді сендер әскер бермесең де, көмек бер» деп, асылып отырған ұлығың анау. Бермеген мақұл деп ел айтады. Болыс бұнда қайтушы еді? Қайратың, амал-айлаң болса бір сәрі... Неге сенетінді кім біледі?.. Бізге ақыл айт демей, сәлемімді айт, сөзіміз осы дендер. Одан басқа болыс-болыс дей беретін не сөз бар?.. Солай емес пе?!— деп, болыстарға қарады.

Бірен-саран болыстар: «солай.., солай» десіп, жасқанып күбірлескен болды. Болыстың көпшілігі үндемей, төмен қарасты. Жәменке мен Ұзаққа жалтақтады.

— Жәменке басындағы сөзін жұмсақтап айтса да, мына соңғы сөз қытығына тигендей, қинағандай еді. Жү-

зіне ашумен араласқан кекесін кіріп, суық күлкі пайда болып, Рақымбайға қарап:

— Е, е, е!— деп, қадалып отырып:

— Жабының жол бұзатын жорғасындай тілің бар неме екенсің. Көмейіңді танымай отырған шығармын. Сен болыстықтан түссен, Албан пысық болыссыз адыра қалар дейсің ғой...— деп келе жатқанда Ұзақ киіп әкеліп:

— Ақсақ кемпір сияқты сылти басқан пысықша! Алдасаң ұлықты алдарсың. Сен істес болған ұлықпен біз де кездесіп көргеміз. Бірақ осы Албанның баласы ертең көгенделіп кететін күн болса, көз жасы сенің мойнында, екі дүниеде қос қолы жағаңда. Заман сенікі, сөз сенікі... бар, бастап апарып, тізіп бер. Еріңдер түгел мына Рақымбайдың соңынан. Бұдан әрі не сөз бар?..— деп, тымтырыс болды.

Жиылған жұрт басында ашулы батырдың пысық басқандай бір секундке жым-жырт болды да, артынан жамырағандай жан-жақтан шу-шу етіп:

— Кетсін жиыннан Рақымбай, жоғалсын... қызыңды... анаңды... әуелі сен жұртыңмен, үйелменіңмен өртелмей, бір Албан да соғысқа бармайды. Азамат кететін болса, әуелі осыны бауыздап кетеді,— деп, Ақбеттің даласы ереуілдеп кіжініп өрттей лаулады.

Жиын басы үлкендер лаулаған жұртты әрең басып тоқтатты.

Қайта орнығып, тыныштанып кеңесе бастағанда Рақымбай жорғақ қағып, Жәмеңке, Ұзаққа жалтақтап, жасып, тапталып, кішірейіп қалған екен. Ешбір дыбыс шығара алмады.

Содан кейін ел бермеске, көнбеске ең соңғы нақ байлауын жасады. Азаматты бермеу жолында ауа көшуге, мал дүниеден, ата қоныстан безуге де шыдамақ болды.

Аяғында ертең ұлыққа жауап беру үшін қариялардың бойын көрсетпей, жасырақ басшыларын жібермек болып, Серікбай, Тұрлығожа, Айтбай үшеуін сайлады.

Ең ақырында боз қасқаның қанымен анттасып, Жәмеңке Албанның Райымбек, Саурық бастатқан қадірлі ұлы аруақтарының бәрін атап тұрып, «солардың оң сапарын бер» деп, мойнына бұршағын салып тұрып, тілек қылып, бір әкенің баласындай бір ниетке тас түйін болып буылған елге ақ батасын берді. Қалың жиын күңірене қостап, «Иә, құдай, иә, Райымбек ата, жар бола

көр» деп, ақ тілекке шын ұйыған пішінмен беттерін сипады.

Көтерілістің тас іргесі орнатылып, алғашқы бір буын, бір сатысы осыдан басталып еді.

III

Ұзақ Ақбейіттегі жиыннан қайтып Таңбалы тастағы өз аулына таман келгенде маңындағы көпшілік жан-жаққа, ауыл-аулына бытырап тарап кетіп, қасында селдір ғана топ қалып еді. Осы аз кісінің ішінде өзінің бірге туған ағасы Тұңғатар қажы келе жатқан.

Бұл — бүгінгі Албан ішіндегі үлкен байдың бірі. Мың жарым, екі мыңға тарта жылқысы бар. Ұлғайып ел ағасы болған баласы бар. Азамат, бозбала ортасынын мырзасы атанып жүрген немерелері бар, мал-басқа төрт түлігі сай, тіршілікке, тыныштыққа мас болғандай риза болып жүрген көп байдың бірі еді.

Жарлық әңгімесі естілгеннен бері қарай бұл болыс, тілмаш, ұлық арқылы мал күшімен немересін алып қалатын қалтарыс жолдарды қарастыра келіп, аяғында пұл аямаса, жігітін амандап қалатынына көзі жеткендей болған.

Бірақ Ұзақтай туысқаны, Жәменкедей ел қариясы, жалпақ Албанның қамын жеген болып, бұл ойлаған ниетті өрісіне жібермей шырқын бұзып тұр. Кешеден, бүгін күндізден бері сол іс бұның әдеттегі тыныштығын бұзып, жұрттың жиынына. Ұзақтардың сөзіне, оларға сүйсінген елге — барлығына да наразылық кекесінмен қаратқандай еді.

Күні бойы елдің Рақымбайға кіжінген түсін көріп, бұл жиында бір ауыз сөз айтқан жоқ. Бірақ Ұзақты оңаша қолына алып, ойдағысын айтпақшы болып келе жатқан.

Сонымен екінді кезінде Қабанды қарағайды басып, Таңбалы тастың желкесінен асып түсіп, ауылдарына тақап қалғанда, алдынан өз аулының бір жігіті келіп, оңашарақ шығарып алып:

— Бүгін түс кезінде жәрмеңкеден 5-6 солдат келіп, батырдың аулын тияткіп, өзін сұрап кетті. Іздеп жүрген кісі сияқты. Кешеден бергі сыбыстың бәрі жәрмеңкеге барып жатқан көрінеді дегенде:

Бәсе, мен соның боларын білгемін, бұл Ұзақты бірде-

ңе түртіп жүр. Ойын деп жүрген шығар. Әлі ұлық бұның жүрегін шайлықтырған жоқ. Бірақ бұл бірдене көреді. Өзі де көруге ықтық. Біздің ауылға келді ме, балаларды іздеген жоқ па?

— Жоқ, біздің ауылдарға келген жоқ. Әйтсе де, ел бүгінгі солдаттың жүрісінен сескеніп қалды. Сонымен ауылға келе ме, келмей ме, қайткені лайық. Алдынан хабар қыл деп сіз бен батырға ауылдары бәйбішелер әдейі жіберіп еді. Қалай қыласыздар? Батырға өзіңіз айтасыз ба, қайтесіз?— деді.

Бұл кезде Ұзақ жанында он шақтыдай ғана кісілер қалып еді.

Тұңғатар қажы сол жақтағы жотаға таман атын бұрды да, хабаршы жігітке:

— Ұзақты мен шақырады деп ертіп кел,— деп, өзгерден жырылып жалғыз кетті.

Ұзақ келгенде Тұңғатар өлкедегі көп ауылдың желкесінде ұзыннан созылған көк жотаның үстінде жалғыз отыр еді.

Батыр әдеттегі малқорда, бықсыма, тартпақ ағасын бұндай үлкен істердің тұсында көргісі келмегендей болатын. Жиренішпен, бөтендікпен сырт қарап жүруші еді.

Бірақ бұрынғы істің көбі қазақ арасында тартысы малға, шығынға сайып келетін партия жұмысы болатын. Ондайда қашқалақтап, сарандық қылып, Ұзақтан бойын алып қашамын десе де, тентек өр мінезді батыр ағасына өз қайратын еріксіз танытқандай болып, айтқанына көбінесе көндіруші еді.

Бұл екеуінің арасында жас күндерінен сөзбен ұғысқан, ниет, бейілмен жарасқан туысқандық белгісі болмаса да, қайратпен арбасқан, қабақпен танысқан ерекше бір жалғастық болушы еді. Сондықтан Ұзақ әрқашан Тұңғатармен бел шешіп сөйлеспейтін де, бұнымен сөйлесетін уақыт өзіне бір азап сияқты көрінгендей болатын.

Бүгінгідей батыр көңілін тұқыртып басқан қиындық үстінде үлкен жұмбақ, ауыр азап үстінде Тұңғатар тағы да берекелі сөз айтпайды. Соны ертеден бастап сезген сайын Ұзақ төбе басында қоразданып отырған байды алыстан-ақ оқты көзімен атып, жақтырмаған қабақ көрсетті.

Тұңғатарға бұл үйреншікті жүз сияқты. Ол көбінесе бұл пішінді көрмегендей, әдейі танымағандай болатын.

Сонымен қасына батыр келіп отырған соң:

— Бүгін бес-алты солдат келіп ауылды тінтіп, сені сұрап кетіпті. Кешеден бергі сөйленген сөздерің анау. Осы ұлықты ойыншық деп білемісің, осы? Кеше өзіне ел аман, жұрт тынышта ел бүлдіруші осы деп, үш айға абақты кесіп отырған ұлық бүгін мынадай астаң-кестен үстінде ең алдымен елден бұрын сені торымай кімді ториды деп ойлайсың?!

— Уа, жаным, не қыл дейсің енді?! Кеше ұлық жалғыз мені көздеген болса, бүгін бар Албанның баласын қоса көздеп, қоса іздейтін болып отыр. Іздеді деп өле қалайын ба? Ұлыққа қай қылығым жағушы еді менің? Жер үстінде жүрме, үнінді шығарма, қатын бол дейді. Соның бәріне бас не берейін бе? «Басқа ұрса — өл, артқа ұрса — көн» дейсің ғой. Өлтірейін десе де жағаласпай, қол қусырып өл дейсің ғой. Өйтетін болсам, әкем Саурықтың аруағынан садаға кетсем болмай ма?! Не айтпақсың? Не қыл дейсің? Төрт-бес солдат келіп-кеткен екен, шошығаның сол ма? Көрмеген құқайым ба еді?

— Сен болсаң өстесің? Өршеленбесе Ұзақ бола ма?— деп, ызаланғандай кекетіп:— Сен ұлықпен ерегесемін деп сақалыңның ағына жеттің, кімді жеңдің? Нене қолың жетті? Алты алаштың баласын қыбыр еткізбей бағындырып, ауыздықтап отырған құрығы ұзын патшаға Албан ішінен бір тентек шықса, жүк болады деп кім айтты, осы? Тартынатын, ойланатын шағың бар ма, жоқ па? Өзге болмаса, алдында тілеуі бар балаң бар, артыңнан ерген інің бар. Ең болмаса ертең кешегі тентек Ұзақтың баласы, інісі дегізбей, көзге түрткі қылмай, соларды ойласаншы, ауыл, аудан, ағайынды ойласаншы,

— Уа, Тұңғатар, тілеуің құрғыр Тұңғатар, не қыл дейсің? Соны айтшы. Күйдірдің ғой сен-ақ. Өмір бойы «шөк-шөк» деп-ақ өлтірдің ғой сен!.. Айтшы енді, қайтейін мен? Кәне айт енді!

— Айтамын, айтатыным: кешеден сыбыс салып, әр жерден байқап жүрмін. Өзіміздің ауылдың балаларын мал шығарсақ, түгел амандап алып қалуға болатын көрінеді. Құдайға шүкір, екі-үш баланы алып қалатын дәулет бар. Өзгенің барғаны барар, бармағаны осылай жан сауғалап қалар. Мынау елді босқа желіктіріп құтыртпа, тоқтат. Қалмаққа барып жетіспейміз. Мал-дүниеден айрыламыз. Ата қоныс мекенінен ел ауған деген оңай емес. Ол үлкен апат, сұмдық. Ешкімнің де бар Ал-

банды сыйғызатын жері жоқ. Алдымен қыруар малмен өзіміз сыймаймыз. Ұстағанның қолында тістегеннің аузында ата дәулет, қаң қазына шашылып, төгіліп кеткелі отыр. Осы ақылға көн, тоқтат мынау елді.

— Болдың ба, Тұңғатар?

— Иә, болдым. Мен десем, аруақ риза болсын десем, осы сөзге бақ... тоқтағын.

Тұңғатардың «аруақ» деген сөзі батырдың бұрын да шуа кернеп отырған бойына у құйғандай болды. Кішкене суық көзі қанталап, от шашып, шарасынан шыққандай шатынап қарсы отырған қажыға шаншыла қарап:

— Аруақтан садаға кет, кәрі ит! Сені бүйтіп алжытқанша, неге алмайды бұл құдай шұнақ? Жоғал көзіме көрінбей, дүниеқор арам сирақ. Албаи атынан, Саурықтың зәріней садаға кеткірі!.. Өшір қаранды! Жолама менің маңыма! Осы жолда өлемін. Бірақ сен маған топырақ салушы болма! Өлігімді былғама... кет, кет... қазір қасымнан!..— деп, сөзінің аяғында тепсініп ақырып жіберді. Батырдың қолы қалшылдап, жанындағы пышағына әлденеше рет барып қайтты.

Інісінің неше алуан қатты сөздеріне бұрын талай рет құлағы қанып, бойы үйренсе де, мына жерде Тұңғатар тіктесіп шыдауға жарамады.

— Мен арылдым... Мен болдым... енді бір-бірімізге жоқпыз... мейлің, мейлің,— деп, атына мініп жөнелді.

Ұзақ бойын қалтыратқан ашумен қамшысын таянып, күн батысқа, жәрменке жаққа қарап, қадалып жалғыз отырып қалды.

Көз алдында асау, тентек өмірде өзінің істеген қылықтары елестеді. Өзін талай күйдірген Тұңғатардың қылықтары да бірі артынан бірі тіркеліп, желіге тізілгендей сырғып өте бастады.

«Аруақ, аруақ»,— дейді-ау, қара бет! Қай аруақты риза қылып еді? Маған аруақ осыны қабылдайды дерлік бұның не қасиеті бар еді? Тірі туысқан, өлі аруақты күңіреткен қылық осыдан шықпап па еді? Менің ет жүрегімді өртеген сұмдық іс осының істеген ісі емес пе еді?..— дегенде, бейуақытта ауыр оймен құлазып отырған кәрі батырдың көз алдынан өткен дәуреннің бір ауыр қайғысы шұбатылып, көлденеңдегендей болды.

Мойнына оралған ала арқан қазір де қап-қара, қап арқаны сияқты. Қаны қашқан көкшіл жүзінде өлім таңбасы. Ақылды, терең сұлу көздері жұмылған. Сонда

да жас баладай жазықсыз ақ жүзінде «әкетай» деп қаты тілмен жабысқан әулиелік тазалығы бар. Бұл суреттің батыр көз алдынан өткеніне 15—20 жыл болса да, өмір бойы, әлі күнге шейін бір оймен қиналып, өзі-өзімен мұңдасқандай болғанда, осы пішін батыр өмірінің зор күнәсі сияқтанып, ұдайы елестеп тұрушы еді.

Бүгін сол ертеде өткен сұмдық күні жаңа ғана болып өткендей ерекше ауырлықпен қайтадан келіп, қан жүрегінің қаптай басқандай болды.

Бәкей Ұзақ батырдың өзінен туған баласы. Екі-үш ұлдың ортасындағы жалғыз сұлу қызы еді.

Бар баласының ішінде одан ыстық, одан қымбат болған тумасы жоқ еді. Ұзақтай батырды сай-сүйегін босатып, бір өзіне ұйытқан Бәкей бала көп баланың біріндей, әлдекімдей емес, ерекше еді. Жасынан сұлу болған есті Бәкей табиғаттың Албан ішіне берген сирек сыйы сияқты, оқымысты молда еді.

Өлген Саурық батырдың өзіне тартқан баласы тентек, долы Ұзақтың қылышынан қан тамып тұрған дәурені болатын. Әдетше, Бәкейдің жас күнінен атастырған күйеуі бар еді. Ол Албан ішіндегі малмен бірге мал боп өрген бір сасық байдың өнерсіз, топас баласы болатын. Жасынан әкесінің сөзін сынап, ел сөзіне, үлкендер келесіне салмақты сөз тастай білген зейінді, өткір Бәкей көп елге сараңдық, көргенсіздікпен аты шыққан қайнына риза емес еді.

Сондықтан жаздың бір жарық айлы, желікті, үмітті түнінде тағдыр бұйрығындай жетектеп тартқан ыстық жалын, махаббат бұйрығы жас сұлуды алысқа тартқан. Бәкей сұлу жасынан өскен ұясына қош айтып, жүрек жарымен қашып еді.

Алып қашқан анау қарлы көк биіктің астындағы «сақау қырғыз» жігіті болатын. Бұл — Балтабай манаптың інісі, Ұзақтың ата жауы. Ол — күнде кескілескен кекесінді дұшпаны, Бәкей батыр сүйегіне таңба салды.

Асау Ұзақ ішінен шыққан баласының балалық атын ұмытты. Ағасы Тұңғатар, інісі Қожамберді намысты көтермейтін кісі болып, өлтірмекші, өлмекші болды. Солар әке намысын суық сөзбен тілгілеп, жолдан тайған Бәкейге дұшпан қылды. Ушықтырып ашумен, кек тілегімен уландырды.

Ұзақ қуып кетті. Қарақолдың ұлығын сатып алды. Қырғыздан Бәкейді кеңсеге шақыртып алды. «Қазақ бе-

тің қайтадан көрсетпе? Жауыңа кетіп, адасқан болсам, маған істегем жазан сол болсын, осы арада өз қолыңмен өлтіріп кет. Болмаса, сүйгенімді қияйын. Кім болса да, әйтеуір, қырғыз болсын, осы елдің біріне беріп кет»— деген. Сол сөзге Ұзақ уәде қылып, бұның уәдесіне не болмақ болып Жылқыбай кеудесіне құран ұрған соң, Бәкей ұлыққа бұрынғы жігітімнен кеттім деп, тұзу жауап беріп, әкесінің қолына тиген. Бірақ баласы қолына келген жерде-ақ ызамен елтіген Ұзақ айтқан сертін орындамай, осы Үш күнгейдің бауырына алып келген.

Үйіне әкелген соң қанаты сынған торғайдай өлусіреп сөніп бара жатқан баласына қарап, Ұзақта әке жүрегі оянғандай... ашуы басылып, махаббат тілі қайта оянып, жаны жылығандай еді. Қан жүрегін өрт шалған жас құрудың сарғайып бара жатқан жүзі, қара тастай түйілген ашуды қардай ерітіп, емексітіп еді. Өз қылғанына өзі өкінгендей болып жанашыр мейір оянды. Көзіне камшы тиген жас қозыдай болып, дірілдеп жатқан балапанына қайтадан иілгендей, есіркегендей еді. Бірақ сол кезде тыннан шыққан өрттей, ашық күнде күркіреп жауған өткіншідей жалған ашу, жалған намыс несі болып, осы Тұңғатар мен Қожамберді шықты. Екеуі де намыс соққысын көтермейтін кісі болып, Ұзақтың баласы Бәкей қылған бұзақылыққа шыдамайтын болып, ағайынтуғанды өздеріне бағындырып, сондарынан ертіп алып, «өлтіремін» деген жауыз ниетті шығарды. Ұзақ жалғыз қалды. Әншейінде мықты, алып тентек Ұзақ астына мініп келе жатқан аты тулағандай болды.

Туысқан, ағайын аузы біріксе, алысқа шығып жүрген айдың, әншейіндегі мықтылық, ру шебінің ішінде бос сөз екеніне де сонда көзі жетті. Сонда да «бермеймін, көнбеймін» деді. Бірақ екі көзі қанталап, боранды күні адасқан жалғыз жаяуды қамаған аш қасқыр тобындай қан көксеген қатал қол қаусырмалап қысып кетті.

Тұңғатарлар Ұзақ үйде жоқта ауылды қаптап басып алып, Бәкейдің өзі туып өскен үлкен үйінің ішінде үлкен жауыз іс істеді. Зар жылап, тұла бойынан қан ақтарылып, талып қалған шешесінің көзінше үлкен үйдің шапырағына Бәкейді асып өлтірді.

Өлтірген — бүгін аруақты айтып отырған осы Тұңғатар, оның атқан оқ, шапқан қылышы болған жас, албырт інісі Қожамберді. Бірақ өзі қылған қаталдықтың артынан өз-өзінен шошынып, дертті болып, келесі жылы

өкінішпен өртенгендей болып, Қожамберді де дүние салды.

Аянышсыз, өкінішсіз мал кеуделі Тұңғатар, міне, Ұзаққа атап отырған кәрі аруақ, қасиетті өліктердің ішінде арманменен уланған, әке жүрегіне әулиедей қадірлі көрінетін, ең қасиетті аруақ — Бәкей аруағы. Соның қатал дұшпаны Тұңғатар. Аруақты айтады! Неге айтады?

Ұзақ жүрегіне оқ қадалғандай болды. Намыс, өкініш, ашу оғы сияқты. Немесе сондағы жазықсыз қанды арызғанындай, бүгін бар Албаниның жас атаулысын тағы да құрбанға шалып, өзі қызығын көріп, жайлауын жарастырмақ сияқты.

Ерегес, ашу көрнеген сайып, доңыздай семірген қарын құлы, тоқтық, тыныштық албастысы — Тұңғатар пішініндей болып көрініп, әдейі сол үшін, соның ұйытқысын бұзу үшін болса да, апат тілегендей болды.

Кекесін көңілді үстем қылып, шарыққа шығару үшін, жүрегіне у жимаққа, кек қаруын өз күрегінің қанына былғамаққа бұрынан ішке тығып, өзінен-өзі бұғып, тығылып, жасырып келген ауыр сағатты еске ала бастады. Бәкейінің жайы, ішіндегі өмірлік жарасы, жалғыз сүйген балапаны өз қолынан өлген бейшара қарлығашының соңғы күндерін көз алдына келтірді.

Мынау ауыл отырған өлке — оның соңғы күндерінің куәсі. Балапан қанындай жазықсыз, күнәсіз қанының қара жерге тамған орны да осы өлкеде. Таңбалы тастың солтүстік жағы биік жар. Сол жардың басы шөпті тау болып, бір беті биік қабақ болып барып, желкедегі қарағайлы таура жалғасады. Соңғы күндерінде ауылдың барлық жаны жатырқап, жалғыз тастаған Бәкей қара шапанын бүркейіп, күп-қу болған жүзбенен осы қабақтан асып барып қайтқанда, екі көзі қып-қызыл боп ісініп, жасаурап келуші еді. Ауылдың тұсындағы көкбеттің орта шенінде таздың теңге-теңге болған аласындай қызыл-қызыл тақырлар бар.

Желкедегі қарағай кей жерінде қара қошқылданып бірігіп, нықтан баспалап қарап тұрған самаладай әскер сияқтанады. Кейде бергі беттегі дәл желкедегі тоғай, қара быжырық болып, жас ойға түскен қайғыдай көлеңкеленіп, көкшілденіп жүдеп кетеді.

Осы суреттің бәрі де Бәкейдің өлер сағатынан үзік-үзік қанды таңба сақтап қалғандай, Өлкеде болған сұм-

дықты көрген табиғаттың жүзіне қайғы әжім, қан ізі түсіп сақталып қалғандай Бәкейдің өлер шағындағы көңілінен ұшқындап-ұшқындап кеткен қайғы, қауып ояларындай болып, үздік-үздік, қотыр-қотыр ажарсыз сурет айналаның барлық пішінінде әлі күнге түгел тұрғандай.

Қарқара жазығына қарай жіңішкелеп созылып кеткен кішкене өзен де күн батысқа таман барғанда көкшіл мұнды сұр далада теңге-теңгедей болып тағы да қотырланып жарқырайды. Сай — қайғы, мұң сайы.

Әр жерде шашылған ауылдарда, қаралы кеште шашылған қандай болып, кешегі шашылған өмір шоғы сияқтанып, кешкі оттар жылтылдайды. Кешкі табиғат Ұзақ көзінен оңашада домалап аққан ыстық жаспен бірге жұтап, тоңазып, жетімсіреп тұрып, жас балапан Бәкейді жоқтайды.

Өткен күннің қанды таңбаларындай белгілерін сақтап, кәрі суық, қатал заманға қарғыс айтқандай, мұң шаққандай. Баяғы өткен күн болса да, өмір бойы Бәкей қайғысы Ұзақ жүрегін бүгінгідей жанышқан жоқ еді. Белі сынып, ет денесі ортасынан омырылып қалғандай, баяғыдан шор болып, қатудай байланып жүрген жарасын бүгін сыртына ақтарып шығарып, көз алдына барлық уыи жайнатып, жайратып салғандай болды.

Бұл күнге шейін қорғаншақтап, жалтақтап, тіршілікті жабысып сүйіп келген қомағай тілек енді лап етіп жанып, сөніп қалғандай. Өлім, өлімді ғана тілегендей. Өмірінде жасырып, тығып келген іштегі уынан қазірде масайғанша семіргендей болып: «Дайынмын, ал мені... қалқамның алдына қара жүзді болып бармайтындай қылып, көп ниетінің құрбандығы қылып ал... Ел тілеуінің үстінде, мойнымдағы бұршағым, кеудемдегі жалыным, ал мені... Сенің арманың бүгінгідей сай-сүйегімді босатып көрген жоқ еді. Жалғызым, Бәкей, текке келген жоқсың ғой! Барамын... барамын... менің де күнім... жақын!» деп, күнбатысқа қарап тұрып, ақырғы намазын оқыды да, Бәкейге арнап құран оқып, бата қылып, етекке қарай түсті. Бұл кезде қас қарайып болған. Түн еді.

IV

Ұлыққа уәде қылған күн жетті. Алдыңғы күндердегі белгілердің барлығы жәрмеңке басындағы ұлық, тілмаш

атаулыға жайлы емес. Жақпаған. Сескендіргендей болатын. Кермеге келіп қамалар, бағынғыш момын пішінмен аяққа келіп бас ұрар, жалынар, сомасын, атын, асын ұсынар деген ел ойлаған жерден шықпайтын сияқты.

Ақжелке, урядник, тергеуші болыс — барлығы да жайлаулардың сарынына ертенді-кеш құлақ салып, өткен-кеткен тілші, тыңшының бәрін қағыстырып, сұрақ салып, жер тыңдаған ертегі тыңшысындай, Албанның ішіндегі қыбыр-жыбырдың барлығын естіп жатыр еді.

Қазақ үшін ұялып, қысылғандай болған Оспан сияқты тілмаштар бетінен басып, ұлық жүзіне тура қарап сөйлей алмай, өтірік іштен тынып жүдеген кісімсіп, дұшпан көзі қылып құр күрсінетін. Бірақ алдыңғы күні кешке Ұзақ ауылында болған ақсақал кеңесінің хабарын сол күні түнде Таңбалы тастан келген тыңшы жеткізген соң Ақжелке тілмаш атаулыға сырт қарағандай, бойына көп дарытпай, тіл қатпай қойып еді.

Сол хал анықталған сайын тілмаштар жағына түсіп, жағынулы болатын. Ақжелкеге бұл күнде тілмаштан Рақымбай ыстық сияқтанады. Қазақтан жұлдызы ыстық сенімді тілші, пайдалы атарман сол болуға айналды.

Ол ерте демей, кеш демей, Ұзақ, Жәмеңкеден шыққан сөздер болсын, қалың елдің сөз сарыны, сырт пішіні болсын, барлығының жайынан пристав кеңсесіне келіп, оңаша отырып, ұдайы мәлімдеп тұрған.

Кешегі күн Ұзақ ауылына барған солдаттарды осы Рақымбайдан келген тіл бойынша Ақжелке жібертіп еді.

Ұзаққа алдында ұлыққа қарсы келіп ерегіскендіктен, үш ай абақты кесілген. Енді соған қарамай, мынау қарсылық ойлаған қалың елдің тап ортасында сол отыр. Ақжелке сияқты өзінен елі төменге құдайсып, өзінен бір саты жоғарыға «алдияр тақсыр» деп бас иіп, жорғақтап, пендесіп тұратын нәрсіз, ой-санасыз, алғаш адамға бүгінгі Ұзақ ісі естіп-біліп көрмеген сұмдық сияқтанған.

Сондықтан алғашқы Ұзақ айтты деген сөзді естісімен-ақ, бұл зіркілдеп ашуланып, бұрын атын естімеген сұмдыққа, барлық ұлық атынан намыстанып, қорланып күйгендей болып, Ұзақты қазір ұстатып әкеліп жаппақшы да болып еді.

Бірақ артынан ақыл тоқтатып, тергеуші, урядникпен сырдың шет жағасын шығарып кеңескенде, мәслихатшылар бұл қылықты әзіргі халге үйлеспейтіндей көрген. Іштей мұның бәрі де Ақжелке айтқандай Ұзақтарды

абактыға алып, уездік қалаға яки губернияға қарай айдатып та жібергенді сүйер еді. Бірақ ол істі істеу жәрмеңке ұлығының қолынан келмейді. Бәрінің естіп жатқан алыпқаштысына қарағанда, ел мына хабардан кейін жалпақ дүркіреп, өрттей лаулап тұрған сияқты. Бұл күнге шейін істелген істің өзі де елдің жүнін үрпитіп, тозығын жеткізіп, жетер өрісіне жеткізіп тастаған сияқты. Бұны барлық ұлық бір-біріне ашып айтып сөз қылмаса да, іштерінен сезеді.

Елдің сауда қылмауы, жәрмеңкеге ат салмауы жаман. Сай-сай, тау-таудың арасында ұлыққа жотасын беріп, қалың қайрат сызданып толқыған сияқты. Қозғалысында, сыбыр-күбірінде жәрмеңкені лағнет орнындай көріп, оқты көзімен атқан қабақ білінеді. Сол күйді күнде жайлаулардан келіп, сыбырлап кетіп жатқан тыңшылар ұлық атаулының бойына дарытып, сескендіріп тұр.

Сол себепті кеңе таңертең-ақ Ақжелке Ұзақты ұста-тамын дегенде, майысқақ, епті тергеуші:

— Бұл саяси қаталық болар, әзірше бұл істен тоқтала тұрған мақұл. Ойланыңыз. Елді өршітің, желіктіріп алармыз. Қазақты бүгінгідей халде сипап барып, ептеп қайыру керек сияқты. Басшысын ұстағанды мынадай желігіп тұрған уақытта бір үлкен белгі сияқты көріп қалуға бола ма деймін,— деген.

— Ұзақты түбінде ұстап жаппай, жазаламай болмайды. Аз күнде сол мезгіл жетеді. Қалай да болса, Ұзаққа мына құтырған қазақты бастатып қоя беруге болмайды,— деген урядник.

Бұл сөздерге Ақжелке:

— Әзірше солай болса болсын. Тоқтасақ тоқтай тұрайық. Мен бүгін-ақ ұстап алып, қарсылықтың не екенін танытайын деп едім. Мұндайда қазақтың сенетін кісісін алдымен қысып, өзге топтан жырып алса, арты су құйғандай басылып та қалушы еді. Соны ойлап едім.

— Олай екені рас. Бірақ бұл қазақ басында ғана осылайша асаусып желпілдейді. Аздан соң есі кіреді. Сабасына түседі. Түбінде Ұзақ емес, Рақымбайлардың шары женеді. Соны тосу керек. Ұзақ жазасын сонда тартады, құтылмайды,— деген тергеуші.

— Рас... рас... осы дұрыс. Бірақ сол күн туады ғой... Бәлем, Ұзақ сонда саған біз көрсетеміз!— деп, Ақжелке үстелді қойып қалып, урядникке:— Қазір төрт-бес сол-

датты Ұзақ аулына жіберіп, тінту жасат. Өзінің қайда екенін сұрат. Осымен бір байқай тұрайық. Кейде бұ да қазаққа ем болатын... ұқтың ба?— деді. Ұлықтар бір-біріне қарап көздерін қысты да, үйдеспей тарасып кетті. Кешегі Ұзақ ауылында болған тінту осы сөздің салдарынан туған-ды.

Іштей сескеніп, жалтақтық қылып отырған ұлықтың бұл ісі баяғы кәрі бойға сеніп істеген айбаты болатын.

Құр қампып, жота жонын үрпиту бүгінгі күндерде жалғыз айла, жалғыз шара сияқты. Сондықтан жалпы қазаққа да себепсіз зіркілдеп, құр тікірейіп, орынсыз қоқақтауға ауысқан.

Базарға келген бірен-саран қазақ болса, солардың аттарын аударып алып, арыздарына жауап қатпай, кез келген бөріктіні қамшы көтеріп ақырып, ықтырған болып ысқырып, зәрленіп тұрды.

Бүгін ұлыққа жауап беретін күн жетті. Ел кісісі не дейді? Ұлық қайтеді? Қандай пішін көрсетеді? Бұны білу Албан баласының барлығына парыз сияқты. Бермейміз деген сөзді айтпақшы болған елге баяғыдан айтқанына көндіріп, айғырсып қамшы үйіріп, ысқырып келген ұлықтың алдына барып, алғашқы «көнбеймін» деген сөздің өзін айту да үлкен оқиға сияқты көрінді.

Бір ауыздан бермеймінді айту қажет. Сол — елге белгі. Сол бірді бірге қосады. Құрыстырады. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарады.

Соны шала-пұла ұғынған сайын әрбір жиылушы жаскәрінің бәрі де бойына айдын, қайрат жиып, ызалы, намысты, кіжінулі сияқты еді.

Таңертеннен бері жәрмеңке жазығын жан-жақтан құйылған топ-топ аттылар әрлі-берлі шиырлап, шұбар-тып басып кетті.

Бұл жазыққа ат жалын тартып мінген еркек атаулысын лек-легімен әкеліп төгіп жатқан айналадағы бар Албанның жайлаулары еді. Дөңгелек саз, Үшқарқара, Көктөбе, Көкбұлақ, Сырт, Лабасы, Ақбейіт, Тұз, Кеген бәр-бәрінен шыққан будақ-будақ түтіндей буын-буын топтар жыбырлап қайнап, молайып келеді. Жәрмеңке айналасындағы үлкен тау, терең сайлар, кең жылғалардан жазыққа қарай шұбартып ақтарылып, ағылып жатыр. Ұшы-қиыры, шегі жоқ тасқын сияктанып төгілуде, жиылуда. Басы қарлы, жат сырлы қалың таулар бұл заманға шейін қатпарлы қойнына тығып келген сырын

ашқандай қойын-қойнының барлығынан лек-лек аттыны-дәмілсін-дәміл тау құсығындай ағызып, көк даланы бастырып жатты.

Тау алғашқы рет етегінде жазылып жатқан далаға қабағын түйіп, қасын сілкіп, қолын жайғандай еді.

Жиналыс жәрмеңкенің өзінде емес, Таңбалы тастың жәрмеңкеге қараған бет алдындағы Айттөбеде. Әзірше кішкене ауданды Айттөбе шошақ төбелі Албанға сіресіп лық толды. Көк жазыққа атты адамнан үйген мол қара — тірі жанды төбедей. Ортасындағы кешегі басшылары — Ұзақ, Жәмеңке, Серікбай, Тұрлығожалар. Қалың ортадағы көпшілік аттарын етекке үйіп-үйіп байластырып тастаған, өздері жаяу. Көпшілік малдас құрып, қалың жұрттың жиылып болғанын тосып отыр еді. Жаяулардың айналасында аттылар. Сірескен қалың шұбар топ бір араға ентелеп үйілгендей, манайдың бәрінен жазыққа келіп шыққан топ-топтың барлығы да осы үлкен жиынға қарай сарқылып жатыр. Айттөбе алыстан көзге түсіп, еріксіз асықтырып, белгісіз түспев сіміре тартқандай.

Кешірек қалып шыдамсызданған топтар жазыққа шығысымен даурығып сөйлеп, кейбіреулері аруақ көтеріп көк даланы күңіретіп, дүр-дүр беріп, жарысып-жарысып алып та келеді. Көпшілік салмақпен сар желіп, семіз сәйгүліктердің тізгіндерімен алысып, қанат жайып, шеп құрып келе жатқандай көрінеді. Осымен күн түске жақындады.

Таңертеннен Айттөбеге алғашқы құралған қалың топ жиылып келгеннен бері жазыққа шыққан аттыларды осы төбеге жиыл деп алдарынан шығып, жан-жақтан бастап әкеліп, яки беттетіп жіберіп жатқан шапқышылар бар еді.

Бұлар бір емес, әлденеше кісі. Көбінесе қос-қостан бөлінген. Мінгендері семіз, жүйрік. Ауыздығын шайнап, тізгінімен қарысып қайта-қайта жер сүзіп жөнеледі. Жан-жақтан келіп жатқан топтарға сол жүрген хабаршылар ең алғашқы тәртіп көрсететін басқарушылар сияқты көрінген.

Айтқандарын жұрттың бәрі тындап, қалың қолдар нұсқауынан қалмай, Айттөбеге қарай тартып жатқанда, көп айғайшы басшылар желігіп, көтеріліп, өз дәрежесіне риза болғандай еді.

Сол хал, көбінесе, өзгелердің ішінде Көкбай пішімі-

нен айқын көрінеді. Бұл — есік пен төрдей теңбіл көкке мінген ұзын бойлы, шоқша қара сақалды, кетік, сұр жігіт.

Дөңгелек саз, Көктөбе жағынан құлап келе жатқан бір топтың алдынан шауып келіп, жиын ортасындағы сақалды қарияларына сәлем беріп амандасып:

— Жәрмеңкеге жиылған бесті-онды саудагер көппін деп, кердең қағушы еді. Атаң көрі... көрсетші енді Албан баласының тобын. Тура таптап кетеміз... солай емес пе, қария?— деп, жиын ортасындағы Құсайын, Қартбайға қарап, көппен бірге желігіп, екіленіп күліп алды.

— Жарайды, береке қайырлы болсын, Албан баласы аласыз түгел екен, ел көп екен... қайырын берсін!..— деп, алдындағы қалың топқа Құсайын қария ризалықпен қарады.

— Бәсе, осылай болса керек қой, ел болсаң, ер болсаң, өстісең керек қой, көрейік енді ұлықты,— деп, ашаң жүзді арық шал Құсайынның сөзін қостады.

— Туһ, не деген халық! Ұлықтың зәресі кеткен шығар... бәлемнің.

— Үндеме, таптап кетеміз. Көбейсін... жиыла берсін.

— Шошынған інге тығылсын. Айбат шеге беріндер. Жасқанбай, жүрегін шайлықтырындар,— деген әр жерден береке, бірліктің пішініне риза болған қариялар дауысы шығып келеді.

Жастар да күлкілі, көтеріңкі. Бұлар, көбінесе, айт күніндей қалжың, қылжақ, мазаққа бейім сияқты. Ұлықты кекетіп, ежелгі шошытып, ығырып, тынышын кетіріп келген жауына енді боқтық аралас күлкі-мазағын айтады.

— Уа, Көкбай, осы жәрмеңкеде ұлық әлі бар ма, жоқ көзі шағырайып, боқшасын арқалап қашып жатыр ма?..— деген бір дауыспен бірге көп күлкі естілді.

— Ұлық әлі отыр... жауабын береді деп, күтіп отыр дейді. Әркімге айғырсыған болып, ат аударып алып, басты ауылдарға солдат шығарған болып доң айбат қылып жатқан болса керек.

Жауап алмайтын шығар? Қандай неме? Нұсқа анынан қалады деймісің Албан баласы,— деп кекетеді.

— Патша айтады деген болады-ау, патша десе өле қалатындай көріп.

— Бұл ұлықты әлде болса, қожандатып қойғанша, неге көш демейді бұл ел, түге,

— Бәсе, неге қуып тастамай отырсындар, түге. Ең алдымен осы жәрменкені жайлау керек болды. Сауда бітті. Асарынды асадың, жасарынды жасадың, енді кетіп тұр деу керек.

— Неге? Насыбай, шылым алғамыз жоқ. Саудагердің мәнтісіне тойғамыз жоқ.

— Иә, урядниктің қамшысына арқамыздың қышуы қанған жоқ дейсің ғой,— деп, әр жерде әр алуан сөзбен кекетісіп, қалжыңдасып, бірік-бірі қыздырып, желіктіріп қалың топ Көкбайды ілестіріп алып, Айттөбеге таман желіп келе жатты...

Жігі басқан көп аттың дүбірі көк шалғын даланы тірітті, қуантып оятқандай.

Үлкен дүбір ішінде қалың топ бір кісінің аузына қарамайды. Естимін дескендер болса да, қариялардың ортасына кіріп, жаңалық хабар айтып келе жатқан Көкбайдың сөздері көпшілікке естілмейді. Сондықтан, топтың ішіндегі кейбіреулер мойнын созып маңындағыдан:

— Не дейді?.. Не айтады? Ұлық не қылып жатыр дейді?— десіп сұрасып кеп, әрбірінен әр алуан жауап алып, шын халге қана алмай Айттөбеге жетуге асыққандай.

Топтың ішіндегі жастар көбінесе бір бөлек екшеліп, жәрменкені мазақтап, кекетіп, соның басындары қылышын асынған төрені, тентек солдатты, бағаны көп сұрайтын жәрменке саудагерлерін сөз қылысып:

— Енді насыбай, шылымды сұрап, саудалап алмаймыз. Тартып, талап аламыз...

— Уа, неге? Ол өкпелемей ме? Талай жылғы дәмдегің емес пе?

— Уай қызын!.. Өкпелесе, келмей-ақ қойсын, арам өлер деймісің? Болды... енді көшіремін!..— деп, таңертеңнен айғайлап сөйлеп, елді көп күлдірген сары шұбар жігіт өз сөзіне мәз болып, көзін қысып күліп қойды, қазір даусы да қарлығып қалған.

Бұран маңындағы жастардың бәрі риза. Түгел қызықтап, тегіс жақсы көріп еркелеткендей. Кейбіреулер «Жансейіт» деп атын атап, бірдеме деген болады. Қылжақтап, соқтыққысы келетін құрдастары да бар. Сөзі естілгендердің бәріне бір қалыпты желікті қалжыңмен маңайын күлдіре жауап береді.

— Уа, Жансейіт! Ұлықты Қарқарадан қуғанда саудагерлерге не дейсің?

— Оның мәлтісі керек қой. Оған сен мәлтімді пісір, отыр. Кетемін десең, сақалыңды шоққа өртеймін деймін.

Жұрт жапырлай күлді.

— Ұлықтың қатындарын қайтесің?

— Ақжелкенің семіз қатынын қайтесің?

— Ақжелкенің семіз қатынын анау Текестің тасына сүйреп шығарамын да, үш-күнге шейін бір тілім нан бермей, аштан қатырамын, әбден қарны орта түскен соң Ақжелкені де, құдайын да ұмытады. Соная соң Жәмеңке қарияға тоқал қылып беремін...— деп, өзі де қылжақтап, еркелеп күліп, дәрет суын жылытып береді,— деді.

Жан-жақтан келіп жатқан жас атаулының бәрінде де осындай көтеріңкі желік шексіз ұзақ күлкі, ойын-сауық күніндей ерекше қызу бар еді. Жайлауларынан шыққаннан бері, әлденеше жерде жарысып, аударысып, бірін-бірі қуып сабасып, көптігі мен бірлігіне өркештенгендей... Осы ретті талай топтар алдарынан шыққан Көкбай сияқтылардан кешегіден естіліп қалған жаңа хабарды — Ұзақ аулын тіптіп қайтқан солдаттардың жайын сұрастырулы болатын.

Топ-топтың үлкендерінің арасындағы сөз осы жайдан.

Шаңқай түс кезінде Айттөбенің айналасы жыбыр қаққан қара бөрікке сіресіп толып, қалың жыныс қарағайдай болды. Ит тұмсығы батпайтын самсаған сары қол, түйілген жалпақ қара бұлттай болып, көк даланы қаптай басып, жәрменкеге қарап бет қойды.

Салмақпен басқан қара топыр шабуылсыз, айғайдырдусыз келе жатса да, ен даланы қаптап алған көптігімен түйілген қас, тұтасқан ашу, жұмылған қарсылық пішіні сияқтанды. Жәрменке жайлау сырын, қара бөрік түрін, қорқынышты айдынын жаңа ғана анықтап танығандай.

Өз-өзіне сенген сияқты сабырмен сызданып алып, түндей басып келе жатқан қалың қолдың алдында жәрменке бүрсіп, шоңқиып, жермен-жермен болып, бәсеңдеп бара жатқандай.

Бүгін таңертеңнен бері Айттөбеге жиналып жатқан қолды Ақжелке, урядник, тергеуші сияқты ұлықтар қайта-қайта сыртқа шығып, өзгелерге білдірмей байқап қарап, бақылап жүр еді.

Бәрінің де түрінде анық сасқандық біліне бастады. Енді ешқайсы да бір-бірінен хауып алдындағы үріккендігін жасыра алмады.

Бірақ сөйтсе де, қожактап дағдыланып қалған әдетпен, біріне-бірі ашып сөйлесіп ақылдаспаса да, ыммен, қабақпен ұғысқандай болып, жәрмеңке басындағы солдат атаулыны түгел қаруландырып атқа мінгізді.

Өздері де қатын-балаларын ел көзіне көрсетпей, жәрмеңке басындағы қазақтарға сөздірмей, бір-екі үйге жинастырып қойды. Барлық үкіметке қатынасы бар кісіге іштерінен қару асындырды да, топты қарсы алатын ұлықтардың қасына жинастырып алды.

Ұлықтардың елге қарсы істеген қамдары осы сияқты еді. Өзгелерден гөрі ширағырақ, білім шалымы артық, қазақ бабын көп бағып байқап көрген тергеуші пәтерінен сурет тартатын аппаратын алғызып, Ақжелке кеңсесінің алдына қара шұға жауып дайындап қойды.

Ішкі есебінде білмеген қазақ зеңбірек пе, әлде не дер. Білгендері — алдыңғы қатардағылары суретімді басып алып қойып, артынан қудалар деп жасқанар деген есебі бар еді.

Тілмаштар ұлықтарының ішкі жай-күйін ұқса да, соңғы сағатқа шейін бұлардың көзінен таса болмай, алдарына көлденендеп, құйрығын бұлғаңдатқан ауыл, итіндей, бұлаңдап көрініс беріп жүрді.

Маңайласқан қазаққа ұлықтан бұрын зекіріп, «олай жүр, былай жүр» деп, қара құрықты көбейтіп, айғайшы, жағымтал күтушінің тонын киіп еді.

Бірақ астыртын қазақ хабарына да құлақ салып, ол жақтан да сескенеді. Соңдықтан Жебірбаев пен Оспан таңертеңнен Айттөбедегі топырды көрген соң-ақ жәрмеңке басындағы қатын-балаларын маңайдағы ауылға қыдыртқан қылып жылжытып жіберген.

Ел кісісіне бұлар сыр бәрмейді. Жалғыз-ақ арасында сөз ұғар, жеткізер дегендерге жансыздап:

— Бұның арты пәле болады. Албан ішіне әскер шығады. Ел қырылады. Босқа құтырып неге керек? Жаркентте әскер тұр. Қарақолда пәлен ұлық, түген зеңбірек қару бар, — деп, көптің жүрегін шайлықтырудың қамында болатын.

Топ жәрмеңкеге жақындаған кезде алдынан атты, қылышты, мылтықты солдаттар шығып, көлденендей шауып, айбар шекті. Бұларды жіберіп, топ ажарын байқамақ болып, Ақжелке мен барлық ұлық кеңсе алдында тұр еді.

Солдаттар елді құр жасқандыраам демесе, ешкімге де

тіктеп қарай алмайды. Қамшысын құр аспанда үйіреді. Ешкімге қолы жетпегендей, қамшы тимейді.

— Токтаңдар, кеңсеге бәрің сыймайсыңдар! Араңнан кісі шығар,— деген сөзді тіл білетін қазақ-орыстар елдің алдын кес-кестеп, қайта-қайта айтып жүр.

Бұл сөзді тыңдамай, томсарған жүзбен ілгері басып жылжып келе жатқан топ болса, олардың алдында атамандары тоқтай алмай, сырғып өтеді. Өзге топқа таман тартып, қаптай басып келе жатқан қара топыр селдің алдынан беті-жүзі шыдамай, кейін сырғып өтеді. Солдат сөзіне тоқтамай, ілгерілеп шыққан топ Тұрлығожа, Серікбайлар бастап келе жатқан қалың шоғыр еді.

Әрбір осындай топтар кейде болыс-болыс жігімен, араларындағы болыстарымен келе жатқан.

Екі-үш солдат қалың қолдың алдында кейін сырып жағалап, Рақымбаймен келе жатқан бір топқа кездесіп, көптен айғайлап айтып келе жатқан сөздерін қайталап, аттан түсіп, көп атынан сөйлейтін кісінді ғана жібер,— деді.

Рақымбай не қыларын білмей томсарып келе жатқан елге:

— Ал түс, түсіндер,— деп, айғайлап айтып, қасындағы бесті-онды өз кісілерімен ұйлығып аттан түсті. Бұрын бұл жайды ақылдасып байласпаған ел кім түскенін білмесе де, әйтеуір түсіп жатқандар болған соң әр жерден үйіріліп түсе-түсе бастады.

Аяғында топ-топтың бәрі де аттарын түйіп-түйіп тастап, жаяулап қалды.

Бағанадан бағып андып тұрған ұлықтарға жаяу қазақ баяғыдан өздері танып, біліп жүрген жуас қазақ сияқтанды. Кескектен босанған аюдай, құбыжықтай көрініп тұрған қара жиын енді дағдылы таныс пішінді қара бөрікті қазаққа ұқсады.

Сонан соң ұлық бұйрығын алып, жаяу топтың алдына Жебірбаевты ертіп урядник келді.

Бұл алыстан зілденген пішінмен түк болмағандай, түк сескенбеген кісімсіп, аяғын базардағы әдетінше шалқайта басып, жиынның алдына келді. Урядник келген топқа барлық қалың ел түгел жиналып еді.

Урядник айғайлап:

— Ұлық бәріңді шақырған жоқ. Және бәріңмен сөйлеспейді. Бүгін болыстарды ғана шақырған... солар ке-

рек...— дей беріп еді... Алдыңғы қатарда тұрған елдің көп даусы:

— **Болыстар бармайды.** Болыстың керегі жоқ. Елдің сайлаған кісілері барады, сөзді солар айтады,— деп шу-шу етті.

— Олай болса, сайлаған кісілерің жүрсін. Бәрің сонда да бармайсың, кәне, кім сайланған жүр!— дегенде, алғашқы уақытта бір секунд жұрт жым-жырт болды. Бұл тәртіпсіз қалың топтың бұрын басқару, баулу көрмеген, ұйымдасып реттеліп көрмеген ыңғайсыз, дайынсыздығын көрсеткендей болып еді.

Бір секундке болса да баяғы ұлықты ұлық дегізіп, баяғы үнсіз момын елді сол ел дегізген сияқты болды.

Бірақ осы күйді урядник қандай сезсе, елдің алдыңғы қатардағы Серікбай, Тұрлығожа сияқты басшылары да сондай сезді. Бұл арада, жиын ішінде Ұзақ, Жәмеңке жоқ еді. Олар Айттөбеде бір бөлек екшелген азғана топпен әдекі кейін қалған.

Урядник сөзінің артынан туған жым-жырттықты Тұрлығожа бұзды. Ол урядник жүзіне тесірейе қарап:

— Ел сайлаған үш кісі бар, сол барады. Көптің сөзін сол айтады. Одан басқа осы тұрған елдің бәрі де ұлықтың алдына түгел барады. Жалпақ ел өз жауабын өз аузынан айтамын деп келді. Ұлық бұған қарсы не айтады, оны да өз құлағымен естімек. Сондықтан, бәріміз де барамыз. Солай емес пе халық?— дегенде, «Солай, солай... барамыз, барамыз...» деген дауыстар шу-шу етті.

Урядник орнынан қозғалмай тұрып:

— Бәрің керек емессің!— дегенде:

— Бұл жалпақ ел итің емес. Барамыз, жүр, айда,— деп, ілгері соғып сырғып қалғанда урядник жолдан жалтарып, бетін бұрып жылжи берді. Өйткені, жалпы топыр жаяу да болса, даланың өртіңдей жаланып басып, ұлық кеңсесіне қарай қаулай жөнелді.

— Барамыз, бармайтын несі бар? Ұлық елден жасырып іс істеуші ме еді?— деген неше алуан кіжіңгендей кекесінді сөздер елді екілендіріп, қалың сендей ағызып, тартып келе жатқандай болды.

Ұлықтардың маңайларында жәрмеңке басындағы қызмет адамының барлығы жиналған болатын. Солардың әрқайсыларына Ақжелке сыбырлап:

— Өздеріңді мықты ұстандар, сескенбендер. Сыр бермендер.

— Иә, ә... байқамаған кісі болу керек. Тобын көрмегендей, әдеттегідей өкімет, ұлықтың салмағын сақтау керек,— деп Ақжелке сөзін семіз судья қостады.

— Мен бір айла істемекпін. Осының әсері талай мылтық, талай шенді төренің жүзінен кем болмайды. Тоқтандар, үндемендер,— деп пысық тергеуші сурет тартатын аппаратын қалың елдің алдына көрініс бергендей көлденендетіп, бір жерден бір жерге қозғап, көптің көзіне түсірмекке тырысып жүрді.

Ақжелке қарнын шерттітіп шалқайыңқырап, нығында асулы тұрған қылышының сабына бір қолымен сүйеніп тұрып, жақындап келіп қалған елге үрпий, сызданып қарады. Көппен жалғыз өзі арбасқандай болып, алдындағы топтың жүздеріне жағалай қарап шықты. Ыққан, жасқанған момындық пішіні қазақ жүзінде жоқ. Оны қалай тесірейе қараса да ұлық көздері таба алған жоқ. Қайта көпшілікте қолдан жасаған сыртқы момындықтың ар жағынан айқын көрініп тұрған кекесін мазақ, нығыздық белгісі бар.

Кей көздер ашумен, пердесіз жиренішпен атыса қарағандай қабағын түксітіп, күрөң жүзіне қан толып, ісініп сүзе қарайды.

Ел түсі ұлықтың көп қойқағын, еркелік тәйтіктігін көтеретін сияқты емес.

Тілмаштар бұл кезде осы түрді ұққадай болып, ертеден сырт қараған ұлықтың қасына жырағырақ орын алмақшы еді. Жәрмеңке басында қазақ докторы Жарлығапов, тағы белгілі екі тілмаштан басқа жас пәсір, мал пәлшірі сияқтылар бар еді. Бұлардан қазір де ұлық қасында семіз қызыл Жарлығапов пен Жебірбаев қана бар. Оларды тергеуші ерте бастан қасына алып бірер сөзбен бөгеп, басқа жаққа жалтақтаса да жібермей қойған. Оспан мен өзге ұсақ оқығандар ебін тауып, елдің арасына кіріп кетіп, топтың дәл алдына шықпай, орта буынында алдыңғы кісілердің арасынан бұғып қарап, жасырынып жүр еді.

Ел қастарына келіп қалғанда жалғыз тергеуші арлы-берлі қарбаласып аппаратын олай-бұлай сүйреп, әр жерде шырт-шырт басып жатты. Ішіндегі пластинкасы бітсе де, ендігісі жан айласы сияқты сасқалақ пен күр шыртылдату болатын.

Бірақ кеңсе алдында тұрған өзге ұлықтың өзге

айбарының барлығынан қазақ тобына осы қозғалыс көбірек әсер етті.

Кейін сөйлеген көп әңгімеде жұрт осыны бірқатар келелі жұмыс сияқты, үлкен сырлы ұлықтың жұмбағы сияқты көріп, неше алуан әңгіме қылып еді.

Топ кеңсе алдын түгел қамап алған соң, бірер секундтей тым-тырыс болып тұрды. Екі жағы да неден бастарды білмей, аз ғана дағдарғандай еді.

Аяғында тығылғанмен де Оспан құтыла алмады.

Ақжелке әркімге оны іздеттіріп, топ ішінен суыртып алғандай болып, түксиген жүзбен:

— Мыналар кім, айт. Жауаптарын айтатын бір кісі шығарсын. Сол осы жерге, бері таман келсін,— деді.

Тілмаш аударғанда ел аз уақыт үндемей тұрды.

Ақырында арттағы реттен бірнеше дауыс:

— Үш кісі сөйлейді... Үш кісі сөйлейді... қайда әлгі кісілер,— деп, шу-шу етті.

Ұлық жалаңаш қылыш ұстап тұрған солдаттарға «елді кейін ысыр» деп нұсқап еді, солдаттар: «Шегін, шегін, кейін кет» десе де, ел ентелегендей болып, ерегісе түсіп, ілгері бірер басты. Кейін серпілмеді.

Ұлықтар байқамағандай болса да, көздерінің астымен топтың ілгері жылжыңқыраған жерлеріне қымсына қарап қойды. Ақжелке ел жақтан бетін бұрып алып тілмашқа:

— Үш кісі болса, үшеу болсын. Бері шығар, кімдер ол?— деп, топқа түйіліп қарады.

— Ол біз, біз... мына біз,— деп, Тұрлығожа ілгері ентеледі. Серікбай, Айтбай бұның екі жағында бірге шықты. Бұлар артқы топтан бір-екі адымдай ғана жырылып шығып тұрды.

Тергеуші бұларға да аппаратын бұрып алып, Серікбай тұрған жақтан шырт-шырт еткізді.

Серікбай өзін ұлықтың оғына оқшау байланып, жекедара болып шыққандай, көріп кішкене қымсынып, бәсеңдеп қалғандай болды. Сәукеле сақалды сұлу жүзіне аз ғана қысылғандық белгісіндей қызыл жүгірді. Кірпік қақпай, аңдып қарап тұрған Ақжелке үшеудің өзгелеріне қарамай, Серікбайға көздегендей болып, осыған таман беттеп бұрылды да:

— Сен не айтасың? Патша жарлығына ел не дейді?.. Сөйле,— деп қадала кетті.

Серікбай алғашқы қымсынып қалған қалпынан жа-

зыла алмай, бөгелектеп тұрып, сөз бастады. Бірақ сөзі бұрынғы ойдағы дайындаған сөзі емес, жуасып, жұмсақталғандай кібіртік еді. Өзі де ырза бола алған жоқ. Тізектетіп, әуел бастан-ақ елді алдына сала:

— Елдің жауап беруі қиын болып тұр. Елге ауыр тиіп тұр... Көптің өзі біледі! Жұрттың ісі... Жұрт өз аузымен айтсын. Бала бересіңдер ме?— деп елге қарай бұрылып дауыстап жіберді.

Жұрт бір ауыздан:— Жоқ! Жоқ!— деп, шу-шу етті. Маңайдан түйілген көп қабак, тістескен жақ, ашу мен қанын ішіне тартқан жүздер, ұлықтарды онды-солды шаншып, шошытып өткендей болды.

Жұрт жаңағы Серікбай сұрағымен шу-шу еткенде, Тұрлығожаның бойына ел ұранымен бірге тасқындап кернеп келген ашу қаны білінгендей болып еді; ол ел тоқтай бергенде, Серікбайдың қолын қағып қалып:

— Тоқта, олай емес,— деп, ашулы шатынаған көзбен Ақжелкеге қадалып тұрып, ойдағы сөзін желілеп, кие жөнелді. Даусы барлық топқа түгел естілгендей, зор ашулы санқ-санқ етті. Даусының зілді қаттылығының өзімен-ақ ұлықты бетке былшылдатып ұрып тұрғандай болды. Бұның даусы шыққаннан-ақ, елдің айызы қанып, әр жерде суық жымындаған жүздер көрінді. Ұлық та тесірейе қарап, түйіліп, тісін басты.

Тұрлыжоға алғашқы сөзден-ақ өзінің даусын да, түсін де еркін билеп алып, жатық бастады.

— «Хан әділінен тайса, қарашысы бұзылады» деген. Бұл күнге шейін бізді билеп келген патша мына жарлықты шығарамын деп елге екі сөз айтты. Әділінен тайды. Біз ақ патшаға қарағалы елу жыл толған жоқ, елу жылға шейін солдат алмақшы емес еді. Одан танды, бұл — бір, деп, оң қолы мен сол қолының бармағын басты.— Бір сом жнырма тиыннан артық түтіннен рамат алмақшы емес еді, биылғы жыл жиырма бір мен қырық бестің арасына келгеннен алым алды, артық алды. Бұл — екі. Жерді алды, қонысты алды. Ел күн көріп отырған суды алды. Бұл — үш. Өз жерімізді өзімізге сатты... Біз өгей бала есепті болдық... ұлықтың, әділмін деген патшаның бір сөзінде тұрмай, екі айтқанына ел көптен бері наразы болатын. Бүгін мына солдат деген сөзді шығарып, тағы жалған сөз сөйледі. Бұл күнге шейін түзелер, оңдалар деп күтіп келіп еді, енді түзелмейтініне көз жетті, Елдің шыдамын тауысты. Бұдан

арғыға шыдай алмаймыз. Бала бере алмаймыз, рас па, халық?— деп еді.

— Рас, рас, бере алмаймыз!..— деп, мың-мындаған жиын бір де бірі қалмай, дүр-дүр етті. Айғайды жер жарғандай қылып аспанға шығарды.

Қалың ел құр айғаймен тұрмай, қозғалақтап, жыбырлап, кеңсеге таман ентелеп, сырыла түсіп қозып кетті. Әр жерден тістөніп айтқан боқтық, ашу сөздер де естілді. Ұлықтың құлағына бұл да жетіп еді. Бірақ естімеген, сезбеген кісі болып, ешкімнің жүзіне көздері анықтап тоқтай алмай, жағалай қыдырыстады.

Сол кезде жұрттың қозғалақтап, арлы-берлі теңселіп, сығылысып қалған топтың арасынан бір кедей шал өгізін жетелеп келіп қалған екен. Екі көзі қанталап, құтырғандай болып, қолдары дірілдеген қатты ашумен ұлыққа қарап тұрып, пышағын суырып алып:

— Кім бала беремін десе, жарып өлтіремін,— деп, ұзын қара пышақты жалақ-жалақ еткізді.

— Дұрыс, дұрыс,— деген қалың дауыс тағы да шушу етті.

Ақжелке мұны көрмегендей, Тұрлығожаға қарады.

Оның түсінде әлі де таймаған ажар, қайтпаған қажырлы ашу бар еді. Жұрт айғайы басыла бергенде:

— Патша бала алмасын, мал алсын, егер, тіпті, қоймай бала аламын десе, мына қолына қазір жабдық берсін. Ұрыста ор қазып шепке ұсталып, қойша қырылғанша, жастығын ала жататын болсын. Астына ат, қолына қару берілсін. Жұрт осыны тілейді,— деп, сөзін бітірді.

Бұдан қалған сөзді Айтбай айта бастап еді, бірақ оның даусы ақырын шығып, кібіртіктеп сөйледі. Жұрт Тұрлығожадан қалған сөзге құлақ салғысы келмегендей, жан-жақтан қаптап, жабырласып сөйлеп, ду-ду етіп, Айтбай сөзін ешкімге де естіртпеді. Барлық жиын кеңсені қоралай қамап тұрған айналаның барлығынан Тұрлығожа айтқан сөздерді неше алуан қылып айғайлап, шулап, дамылсыз айтып жатты. Бірақ бұл кездегі сөздерді ешкім де түгел естіп, түгел ұққан жоқ. Әсіресе ұлықтар естіген жоқ.

Бұларға қазіргі топ шуы не айтып тұрғаны белгілі болды.

Ақ тістері ақсынып, екі езулері көпіршіктеніп, қанталаған қызыл көздермен сүзе қарап, айғайлап тұрған қа-

ра бөріктер оң сөз айтып тұрған жоқ. Жабыла түскелі, түтіп, талап жібергелі ентелеп қамап, арсылдап тұрған көп жайындай көрінді.

Сыр бермеймін деп, сіресіп тұрған ұлықтар Тұрлы-ғожа сөзінен кейінгі ел сөздерін көрген соң бәсеңдеп, кішірейіп, жасып кетті. Жұмысын бітірген кісіміп тергеуші аппаратын алып кейін кетті.

Ел сөзіне жауап бермей-ақ Ақжелке де бетін бұрып, сырт қарай берді. Кеңсе алдындағы ұлық, елден бұрын жотасын беріп, ұйлығып сырғақтай бастады.

Күндіз келген жолдастарының жарым-жартысын қалың топ ішінде жоғалтса да, әлі де қасында қалғандарын маңына жиып, әралуан сөзбен ұлықты жерлеп тұрған Жансейіт Ақжелке сырт қарап жылжи бергенде, естірт-естіртпес қылып:

— Қамшымен басқа тартып кетейін бе осы. Қызыңды... э, э,— деп, қамшысын ыңғайлап, шын сол ниетке мінгендей, оң қолын топ ішінен суырып көтере беріп еді. Қасында тұрған Құсайын ақсақал:

— Ой, қой!— деп, қолынан ұстай алды... Қасындағы өзге жігіттер де:

— Қоя тұр. Бүгін емес... ол күн жетер... сонда болсын,— десіп, тоқтатып алды. Топтың ентелеп кіжініп, ұлықты оқты көзімен атқан түстері Жансейіт қылығын қазіргі сағатта орынсыз көрмейтін де сияқты еді.

Бағанадан ел пішіні мен ұлық жүздеріне кезек-кезек қарап, тістөніп тұрған Жансейіт қазір де өз қылығын бір қазақтың баласы да сөкпейтіндей көріп еді. Ол ел күйін ұққандай болатын.

Егер бұның қамшысы көтерілсе, кеңсе алдындағы ұлықтардың бір минутте тозаңы аспанға шығатыны анық еді. Мысықпен арбасып тұрып, жеңіле қашқан жыландай көздегі оты сөніп, жотасын бере жөнелген. Ақжелке елді дәл осы секундте қатты қызықтырғандай болып еді.

Қап, қап...— деп, басын шайқап Жансейіт алғашқы ағынынан тоқтап қалды. Көп жігіттер осы сияқты өкінгендей болып тараса бастады. Бүгінгі күн бұрын айғырсып, қоқақтап тұрған ұлықты жамбасқа алып жыққандай, елдің пысымен жеңіп шыққан күні еді.

Оны осы топтың ішінде болған жас-кәрі, тентек-момынның бәрі де ұқты. Ұсынса қол жеткісіз байтеректей болып тұрған зор кеуделі тәкаппар пішінді, жат сырлы

ұлық бүгін жалпайып жерге түсіп, абыройы ақтарылып, жүні жығылып қалғандай болды.

Дүркірей желіккендей, көтерілген екпінді пішіні бар ел саспайтұғын салмақпен қайта лаулап, жан-жаққа тарап жатты. Екінді кезінде күні бойы жәрмеңкені басқан қазақ селі айығып қалды. Үлкен айдынмен үркіте, шошыта келген қалың қайрат, қара бұлттай қатты ашу, қазірде қайта серпіліп, уақытша сабасына қайтқандай болды.

V

Ирілген ұзын кең өлкеде шұбатыла отырған кең ауыл. Бұл — Дөңгелек саз. Серікбай ауылдарының жайлауы, екі жақтағы биік-биік қырқа-қырқаның астында да осы сияқты көп-көп, тарам-тарам өлкелер, қуыс-қуыс, қойын-қойын сияқты. Барлығында осы өзектегі сияқты көп ауылдар. Ея жайлаудың өрісінде, таудың төріне келіп отыр. Шырғанақты биігінің қатпар-қатпар қолтығына Албан өрлей, құлай келіп сіңген еді. Ең жоғары орынды алып, қарағайлы төске шейін өрлеп келіп қонған — Серікбай ауылы.

Ауылдың желкөсі тік, көк жасыл биіктер. Өне бойларын селдір-селдір қарағай басқан. Кей биіктің жота-жотасынан етегіне қарай құлай біткен қарағай — қазақтың негіне шыққан қара бұйра шоқша сақал сияқты.

Маңайдағы биік таулардан кешкі көлеңке созылып түсіп, өлке бойын аламыштап, көлеңкелі, сәулелі қылып құйылып тұр.

Жасыл дүние көрікті нұрын әлі жоғалтқан жоқ. Алдыңғы таулар көлденең созылған жақын белдер қарағайсыз, жалаңаш. Бірақ ол да жасыл. Беттері жаңбыр суы сүйіп өткен айқын-айқын ажымдай айғыз-айғыз. Су жолы жіңішке жыландай ұзынынан созылып, кей жерінде ғана аз-аз иірілгендей барлығы да биік, тік кезеңнің етегінен басына шейін шұбатылады. Түйілген қабақтың арасындағы ежелгі суық ажымдай.

Өлкенің жазығында әр жерде су сойған, жіңішке сызықтары бар. Алдыңғы белдердің кейбірінің жотасынан арғы беттегі қарағайлардың бастары қылтнып көрініп нек артып, баспа қылып қарап тұрғандай.

Әр жерде шок-шок болып тұрған қарағай топтары кеш мұнарын жамылып көкшілденеді.

Төмен жақтағы екі жасыл биіктің қосылған жерінен

алыстағы Қулық тауының бір кесігі көрінеді. Сағыммен көгеріп мұнарланады.

Ауылдың желкесіндегі кәрі қарағайдың кейбірі қурағандай бүрсіз. Көпшілігінің көк жамылғысы бар көлеңкелі, саялы. Кешкі тыныш әуеде биік бастары мызғымай қалқып қарап тыныштық алады. Мең-зең, жым-жырт тоғайда анда-санда үнді торғай шырылдайды, кейде ағылып-төгілгендей, кейде шық-шық еткен дыбыстары келеді.

Өлке бойындағы ауылдардың кейбірі кішілеу төбешіктердің басына, кейбірлері өзектегі өзен жағасына мінбелеп қонған.

Көсілген биік төскейде әр түлік мал шашырап жайылып жатыр. Алыста биік бетте тырмысып жүрген қой жыбырлаған құрттай болып үйіледі. Әсіресе, үстеріне күн сәулесі түскенде ұзынша сопақ ақ құрт сияқтанады.

Көп ауылдың қойлары қорасына келген. Дөң басына ауылдан қайта-қайта желісі үзілмей келіп жатқан кешкі ауылдың дауыстары естіледі. Кезек-кезек маңыраған үлкен қойлардың дауысы. Арасында бірдемені іздеп, таң қалған сияқты адасқан қозы, ешкі-лақ үні де естіледі. Тынбай ізденуде, іздесуде сияқты.

Кешкі ауа дыбыс атаулының барлығын іліп алып көтеріп, екілендіріп тұр. Анда-санда ауылдан сиырын ауқаулаған қатындар дауысы, күйіп-пісіп сөйлеген бала сөздері, әмірмен ақырып жұмсап тұрған шешелер даусы да танылады.

Анда-санда сиыр мөңірейді. Қабақта, астырта шіңкілдеп кісінеген қысырақ айғырдың таныс дауысы да естілді. Ұзақ созып кісінеп келіп, кейде иелік нығыздығымен қайырып-қайырып оқыранып қояды. Бұзауына жақын келіп шешуін күтіп тұрып бір-ақ қайырып мөңірегген сауын сиыр байқалады.

Кеш жақындаған сайын өлкенің даусы зорайып, тілі молайып келеді. Сылдырлаған өзен суының да дауысы жетті.

Қатынына «А-а-ай!» деп айғайлап, бірдеме айтып тұрған еркектер дауысы жиілеп тұр. Әмірлі ісшіл, қатасы жоқ. Өзі-өзіне сенген дауыс.

Еңбек ортасында үлкендерге бірдеме деп былдырлап жүрген балалар дауысы, бала сөзі.

Қойын сауып болған ауылдың бет алды, айналасы шұбартып шашылған үлкенді-кіші мал.

Кешкі көп тілдің бірі болып, жекелеп үрген иттер даусы келеді. Ішінде төбет, күшіктер де бар. Басында бір-екі дауыс үзіліп-үзіліп естілсе, кешкі жаңғырық малайған сайын екіленіп желігі артып келе жатқандай, бірін-бірі қыздырып қостап, дырду көбейтеді. Кейде ізденіскен, өштескен, өршеленген, бүлініп, бұзылысқан дауыстар да шығады.

Төбеде күйкентай ұшып, кейде аспанда қалтылдап тұрып шырылдайды. Біресе тынымсызданып мазасы кеткен күйменен шық-шық қағады. Біресе өрістеп, ұзап кетіп, шашырап жайылған қойды айғайлап үркіткен кешкі қойшы дауысы асқындап кетеді. Біресе сайда, дөң астында шырқап салған қозышы баланың әні келеді.

Кейде төменгі ауылдар жанында биік таудың бетіндегі жалғыз аяқ жолмен көлденендеп күндізгі серне, түстіктен, қымызды ауылдың қызуынан қайтқан көп аттылар көрінеді. Жастары қия беттен шауып өтіп жатыр. Кейбірі ән салады. Кешкі мезгілде дабырласып әңгімелескен дауыстары желігіп саңғырлап өлке бойына тұтас естіліп тұр.

Осы ретпен кешкі ауыл тіршілігі өзгеден ерекше өзіне ғана тиісті болған жарастығына ауысып еді.

Ауыл кешке ғана барлық қалпымен толық тіршілік етеді. Бұл уақыт — ауылдың еңбек уақыты. Барлық мал мен адамның у-шуы түгел шығып толық араласқан уақыт. Ауыл маңының шұбарланып, жанданып, күндізгі құлазыған мең-зендіктен дырдуға ауысқан шағы. Сансыз көп тіл біткен, ажарланған шақ. Кешкі ауыл тіршілік жәрмеңкесі сияқты.

Қазақ жайлаған табиғат болсын, мал мен адам болсын,— барлығы да кешкі бата күннің алдында күндік өмірін қызу дырдумен шығарып салады. Қырдың күні малдың у-шуымен, адамның сергек айғайы, қарбаласқан қарекеті, желікті әңгімесімен батады.

Өлкедегі жақсы жайлауға жарасып отырған көп ауыл, табиғаттың күні өтіп, түні ауысқан шағын сондай өткел үстіндегі шұбарланған, жанданған жарастық қызумен қарсы алады.

Осы күйдің Серікбай ауылының үстіндегі ең қызулы шағы еді. Қасындағы төрт-бес басты жолдасымен Серікбай айналаға үндемей қарап, табиғаттың Албан баласына берген жарастық, молшылығына ішінен шүкір-

шілік қылып, өмірінде ең алғашқы рет соны көпсінгендей еді.

Бұл қасындағылардың әңгімесін тындамай өзімен өзі ғана болып: «Не болар, неге соғар екен? Шынымен-ақ мынау елдің мынау дәурені енді келіп біткені ме?» дегендей ойлармен көз алдындағы тіршіліктің қызулы қызығын ерекше рақаттанып, сүйсініп қызықтап отыр еді. Қасындағылары жақын ауылдардағы ағайын, көрші көңілдестер, бір-екі қария, кедейлеу жігіттер, ауылдасы, ат үстінде бірге жүретін жолдастары еді.

Қарияның бірі — аласа бойлы, арық денелі Жақсылық. Көп ішінде бұның да азамат болып қалған жалғыз баласы Жұматайға солдатқа бару деген қауіп бар-ды.

Соның қамын ойлаумен үйіндегі кемпірі мен екеуі жалғыз отырғанда жыласып, жүдесетін. Үйі, ауылы соңғы күндерге өзіне жат, бөтен сияқты болып құлазығандай, қайғы-уайым орнындай болып еді.

Солай болғаннан бері қарай топ ішіне келіп, Серікбайдай ел сенген басшылардың қасында болып, желіккен сенішпен сөйлеген көпті көріп, кішкене бой жасағандай болатын. Соңғы күндерде күндізгі уақыт болса, үйінде отырмай, маңындағы ауылдарға қыдырып келіп, жайлы хабар есітуге ынтық болатын.

Серікбайдың қасына жаңа кешке жақын келіп еді. Әдетше жаңалық, игілік хабары бар ма деп сұрағанда, бір қалыпты белгісіздіктен басқа ешбір жұбаныш ести алмады.

Аяғында жым-жырттық бойын сескендіріп шошытқандай болған соң, қасындағылармен әрнені айтып әңгіме іздеп отырды.

Қарияның қасындағы екі жігіт бұл сияқты емес. Олар әлденеге сенімді, қажырлы, желікті сияқты болатын.

Бұның бірі Серікбайдың ұдайы қасында жүретін пысық, сөзуар жігіті Баймағамбет еді. Ол төменгі жақта өндетіп, дабырлап, даурығып сөйлесіп бара жатқан жігіттерге қарап:

— Мына астырттағы ауылдан серне жеп қайтып барады. Бүгін осы Дөңгелек саздан тақ отыз-қырық тоқты не ғып желінбеді екен?!

— Отызды айтасың, Көктөбені қоссаң, осы Шырғанақ өлкесінен бір елу молынан желінген шығар. Елдің тұмсығы қанданып-ақ жатыр,— деді екінші жігіт Өтеу.

— Тұмсығы қанданған деп соны айта ма екен? Ұлық-

ты талап, соның малын жесен, мына жердегі новоселдің қаласын шапсаң, соны айтады... өзіннің қорандағы қойынды жейсің де, тұмсығым қанданды дейсің,— деп, Баймағамбет кекетіп қойды.

— Қазак-орысты шаппай-ақ, асынды амандап қалшы, «бадырақ, сен тимесен, мен тимеймін» деп, осы оған сен тимей, саған ол тимей тыныш тұрсаңдар жетеді-ау,— деп Жақсылық зорлықпен күлген болды.

— Ол тыныш қоймай тие берсе қайтесің, қария?.. Көне беремісің?

— Көнбесен, сонда көнбе! Бірақ казак-орысты шаппай-ақ өз үйінде отыр да, өз басыңды аманда. Осы үйтемін-бүйтемін деген сөзді тіпті құлағым жақтырмайды.

Елдің мынау жүрген жігіттері олай демейді. Ұстасатын болсақ, мықтап ұстасамыз. Тұрысып көреміз дейді.

— Тұрыспасы бар ма?!

— Е, тұрыспайтын несі бар?!— деп, Өтеу киіп кетті.— Тұрысармыз, әйтпесе, осы ел ат, айғырын неге жаратып мінісіп алды. Қару-найза неге баптап жүр. Түйміш неге жасап жатыр? Шаруаны неге ескерусіз далаға тастады? Соның бәрін тұрысамын деп, шыдаймын деп істеп отырған жоқ па?

— Қаруың қайсы?! Мен білмеймін. Біздің Жұматай соғысатын қаруым деп қарағайдың басына үшкір темір қадап алыпты. Найзамыз дейді. Мылтығың қайда, қылышың қайда? Солдат саған қасыңа келетін шығар-ау маған найзанды сал деп.

Көпшілік үндемеді... бөгелгендей болып еді. Бірақ Баймағамбет ертеден бұл сөзді көп естіген, көп жігіттің бұған қарсы жүрген жауабын да білетін.

— Соғысқа кетсе, бір есебі табылар. Қару алмайды, қажыр алады. Бір-екі жүрегін шайлықтырып шошытып жіберсе, солдаттың өзі-ақ қаруын тастай береді. Өз қаруымен өзін сипалаймыз, солай емес пе?— деп, Өтеуге қарап көзін қысып күліп қойды.

— Ой, тәйір-ай, қалың Албан түгел жиылып қанат жайып қаптаса, солдат өнеугі жәрмеңке басындағыдай ығып кетеді. Осы тартпақ сөзден жек көретінім жоқ. Соғысқа шыққанда шал атаулының барлығын аулаққа апарып, бір сайға қамап тастау керек еді,— деді. Жұрттың бәрі күлді:

— Соғысып жатыр ғой әне қырғыз. Қарақол айнала-

сындағы ұлықтардың бәрі үрпін, есі кетіп, босып жатыр дейді. Қырғыздан кем болыпмыз ба?— деп Серікбайға қарады Баймағамбет.

Бұл сөзді бүгін түстен бері естілген бір сыбыстың бетімен айтып еді.

Дөңгелек сазға күндіз көрші ауылда сірне жеп, қалың жиын күрес салып, аударыс жасап, ойнап жатқанда жәрмеңке жағынан келген бір қызыл бөрік, қырғыз соғыс бастапты деген ұзын құлақ бір хабар айтқан.

— Қырғыз соғысса, қаруы бар шығар?!— деп, аз үміттенгендей боп, Жақсылық Серікбайға қарды.

— Онда да қару бар деймісің, бірақ өжет, қайратты, ашулы ел. Бастаса бастағаны-ақ. Тек солай болғай-ақ та,— деді Серікбай.

Бағанадан үндемей отырған Серікбайдың сөзге кіріскені әңгімешілердің иығын көтергендей болды.

Ел ортасында ертелі-кеш сөйленіп жатқан ұзын құлақ хабардың бәрін түгел естіп, түгел жиып бәр-бәріне талғаусыз түгел сене беретін Өтеу:

— Атаң көрі деп алып қырғыз бір бастаса, тоқтамайды. Албанбұғы тізе қосатын шағын жетті деп, олар ерте бастан қамданып жатыр деген. Олардың ат, айғырын ұстап, жігіт атаулының топтанып атқа мінгеніне, найзамылтық жиғанына көп болды деген.

— Ат мініп, найза, сойыл ұстаумен іс оңғарылатын болса, осы Албан да тегіс-ақ соған кірісіпті ғой... Қарқара айналасындағы елдің тыныш отырғаны жоқ деседі. Бәрінде де не сәйгүлік бапталып жатса керек. Ұзақ батыр Тұңғатар жылқысындағы нелер томырылған құр аттарды айтбозымның дәмелі жігіттеріне ұстатып мінгізіп жатыр дейді,— деді бағанадан үндемей отырған қара шал Қалдыбай.

— Е, өзіміз соны істемей отырмыз ба? Осы Дөңгелек саздағы ауыл-ауылды қазір кешке аралап шықшы. Күндіз-түні белдеу мен арқаннан ешкімнің де аты кетпейді. Бәрі де әлденеше таң асып, ішін тартып жарап, дом болып қалыпты. Нелер семіз бағландардың еті қазан-қазан болып қуырылып, меске тығылып жатыр. Жігіт атаулының дайын емесі жоқ,— деп, Баймағамбет жүгініп алды.

— Егін, пішенге саламын деген жалғыз құла қасқаны мен де байлап отырмын. Оның несі бар! Осы жолдан қалған жан — жан, мал — мал, қызын... ұлықты жәрмең-

кеден шығарып алып Жаркентке шейін бір тырқыратса болады. Баурынан сиген Албан баласының жалғыз арманы сол... мен неге қарап қалайын... керек десе, Жансейіт те айналдырған екі атының бірін Құнапияға беріпті. Содан кедеймін бе? Бұл келебеден аяйтын, аянатын түгім жоқ...— деп, Өтебай да көтеріліп алды.

Баймағамбет Жансейіттің аты аталғанда күліп жіберді.

— Ол ит өзімен қоймай, бүгін мына Көктөбеде жүз қаралыдай жігіт жиналып еді, өзімдікін беріп болдым, енді Албан жігітінің бірі жаяу болмасын, ат керегі өзіме келсін. Аяғы Оспан тілмаштың жылқысынан алсам да, осында жылқысы бардың бәрінен сенімді жүйрікті тауып беремін деп жар шашып жүр,— деп, отырған жұрттың бәрін күлдірді.

Серікбай Оспанды айтқанда қалың елдің ішіндегі шіріген жұмыртқа, сенімсіз жалғыз бұзақыны еске алғандай болып:

— Оспан ағайыны ғой. Оған істесе, Жансейіт істейтінді рас. Әйтпесе, ұлыққа көтін тығып, жемтік жағалаған құзғын сияқтанып елдің лайсаңынан пайда іздеп жүрген Оспан ешкімге де қолынан ат бермес. Берсе, ол Оспан да болмас еді.

— Ол ғой жәрмеңке басынан шықпайды? Бар Албан қырылған күнде жалғыз бас қайда барып күн көремін дейді сол?.. Орыстың теріс жазуын білдім деп, елдің тілеуінен, ата-баба жолынан безіп-ақ кеткені ме? Бұның не білгені бар?..— деп, Жақсылық Серікбайға қарады.

Серікбай:

— Не білгені бар дейсің, жәрмеңкеден шықсам, біреу жамандап қояды; елге қосылып кетті деп ұлық қырын қарайды деп, тығылып отыр. Оған ел не керек? (...) Албан болмаса, өзгені барып та сауа алады. Ана Жебірбайдың баласы Албанды сауып, осы жаздың өзінде қоралы қой жиып алып отырған жоқ па еді? Тек елді азғырып, бөксе басты қылмасын де!..

Бәсе, жеген жемін елден аулақ апарып жесе екен. Төре деп, біледі деп, аңқау елдің содан ақыл сұрап жүргені де бар көрінеді,— деді Баймағамбет.

— Ел деп қай ел дейсің, өзінің ағайынсымағы да барып жүрген. Кеше соның ауылы Қарақолда пәлен жүз солдат бар, пәлен зеңбірік бар, жәрмеңкеге пәлендей солдат алғызды Ақжелке, мұнда қазір пулемет те бар.

Қазақ қарсылық қылса, қырылады. Ақжелке бір ауыз хабар берсе, Жаркенттен пәлендей әскер қаптап келгелі отыр. Ертең-ақ елдің аптығы басылады. Сонда басшы болған кісілер жазасын тартады деп айтысады дейді, соның ауылының бір қариясы,— деді Өтеу.

— Кім дейді сонда жаза тартатын?— деп, Жақсылық Өтебайға қарады.

— Кімді аяйды дейсің, ешкімді де талғамайды.

— Міне, осындай сөзді бықсытады олар болса, елдің жүрегі шайлықсын дейді ғой. Жасқандырғанда Ұзақ сияқты, біз сияқтыны жасқандырады ғой.

— Оспан айтты деп жасқанған кісі болса, бара берсін, осы сөзді кеше Әубәкір аулындағы бір жиында да бір емес, екі емес жаңағы қария айта берген екен, Жансейіт пен Әубәкір: «Оспаныңмен қосып ақылынды... тек енді үніңді шығарма?!» деп шошытып жіберіпті,— деді Өтеу.

Серікбай:

— Жансейіт одан іркілетін емес. Бүгін Оспанның жылқысынан ат әперемін дегенді содан кейін әдейі айтып жүрген көрінеді.

— Бәсе.

— Бәсе, сөйтпей болмайды. Жалғыз ұлық емес, қытығына тисе, ел де ұлықтан кем тимейтінін сездіру керек.

— Білмеймін, сөйткенмен сол Оспанның ауылы елдің жиыны болсын, тілеу батасы, қару-сайман жиып қамдануы болсын,— бәрінен де бойын алып қашып, шетірек тұрған көрінеді,— деді Жақсылық.

Бұл хабарды да Өтебай естіп еді.

— Оның рас. Осы өлкеде шаруаны ұмытпаған жалғыз ауыл солар. Кеше егін мен пішеніне кісі де шығарып, үй де көшіртіпті дейді. Оспан: «құр желіккенді қойсын, егін-тегінін жинауға кіріссін» деп жәрмеңке басынан қатын, баласын жіберіпті де, шешесі мен ағайындарына жаңағыдай деп тапсырып жіберіпті.

— «Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы». Өртеніп жатқан ел мынау, әлі де мал-дүниеге көзі тоймай, ойдан-қырдан сыпырып-сиырып жатқан Оспан анау ма? Сөйтпесе, Оспан тілмаш бола ма?— деп, Серікбай күрсініп қойды.

— Шаруа демекші, осы ауылдың егіні пісіп, түсуге айналыпты деп хабар келіп жатыр. Пішен болса, ол да шабылмай қалып барады. Бұл не күн болды?.. Егінің шығысы ерен еді, Есіл қазына шашылып-ақ қалғаны ма,

түге! Бірдеме қылып, жарым-жартысын болса да жиғызып алмадық,— деп, Серікбай аулының шаруасын басқарып жүрген ағайыны қара шал уайым айтты.

Серікбай бұның соңғы күндердегі осы сияқты ызыңдарын көп естіп қажығандай еді. Сондықтан қабағын шытынып:

— Қой енді ызыңдамай, қой дегенім қайда? Осы елді ойнап жүр деймісің өзің? Даладағы егін түгіл, қолдағы қоралы қой, қостылы жылқыдан да безерсің әлі, тұра тұр.

— Безгенімізше талшық керек емес пе? Түстік өмірің болса, күндік мал жи деген...— дей беріп еді.

— Күндік малың бар болсын! Осы қолыңдағыға ие болып тұрсаң да болады. Осы да жетеді. Маған байлық керек емес. Мен Оспан емеспін. Дүниеқор қылғың келеді ғой. Мен егін жиямын десем, ертең осы елдің бәрі егіні мен пішеніне кетеді. Жаңа өзің не естідің, құлағыңнан ағып кетті ме? Елдің барлық жігіті ат мініп, қару асынып күтііп жатыр дегенді естіген жоқпысың? Соның ішінде қайсысы байлығына, барлығына сеніп қазынасын үйің қойып отыр. Ер басына күн туған деген осы. Бұл күнде бас амандығынан, ел намысынан басқаны тілейін деп отырған кісі жоқ. Аттан, камдан, шаруаны таста, барыңды ортаға сал. Ертең ұран шақырылған күні аталған жерге түгел жиыл. Шаруаға, дүниеге алаңдама. Осы өткелден өтпей тыныштық жоқ, мал, дүние арам. Тобыңды жазба, шашырама, күндіз-түні дайын отыр. Бір еркекті шет жайылдырма! Бүгін болмаса, ертең басталады деп, әдейі осы елге осылай ақыл беріп отырғамыз жоқ па? Соны айтып отырып, мен шаруа ойлап тықақтық қылсам, ел қайтпек? Кімді ұстайсың сонан соң? Шақырғанда кім дайын болады? Бидайымды теріп жүр едім дейім бе? Не айтамын? Не бетімді айтамын Албан баласына.

— Е, өзгелер шаруасын ойламай жатыр ма? Әне жіберіпті ғой Оспан!

— Оспан Албан баласы ма екен? Ол арам сирақ. Ол елден шыққан, жат боп кеткен. Ол Албанның аруағынан садаға кетсін.

— Бір Оспаннан басқа шаруа ойлаған тірі жан жоқ. Жұрттың бәрінің де егіні-тегіні пісіп тұр. Бірақ ешкім қыбыр еткен жоқ,— деді Баймағамбет.

Серікбай шал сөзіне ашулы еді, өйткені үйде қатын-қалаш та бүгін Оспан сөзін естіп, бірдеме деп күбірлеген болатын.

— Маған Оспан істеген істі үлгі қылма, сен. Оспан дүниеліктің құлы болса, ана қасындағы тақыр кедей Жансейіт не қылып отыр? Жалғыз атын ел керегіне жарайды деген жігітке мінгізіп отыр. Соны ойла. Ана Ұзақ, эне Жәмеңке неғып отыр? Оспандай-ақ мансап иесі ұлық болатын ана Әубәкір, ол не ғып отыр? Бәрі де шаруасын судай шашып, артығын үлеске салып жатыр. Сен үйде-сен, ертең керек қылса, осы қолымдағы аз жылқымның барлығын мен де осы Дөңгелек саздың үлесіне саламын. Білдің бе?— деді.

Бұл уақытта төменгі жәрмеңке жақтан шығып, Серікбай ауылын бетке алып келе жатқан екі атты дөң басында әңгімеде отырған Серікбайларға қарай бұрылып еді.

Аттарын қара тер жапқан жүргіншілер бұларға қарай беттегенде екпіндеп желіп келе жатты. Қазірде күн батып, ымырт жамылып қалған. Ауыл-ауылдың дырдуы саябырлап азайып әр жерде жер ошақта лапылдап жанған оттар ғана көзге айқынданып тұрған. Ауылдың көп тілінің ішінен соңғы уақытта дамылсыз үрген иттер дауысы ғана басымдағандай, біресе күшік дауысы шәу-шәу етіп, артынан үлкен төбеттер, соқталы ашулы қаншықтар дауысы жапырлай шығып, ауыл-ауылдың барлығын азан-қазан қылғандай болатын.

Кеш қараңғылығы тұтасып молайған сайын иттер дағдылы міндетіне құлшына кіріскендей. Өткен-кеткеннің барлығына шабалана үріп қоя беріп, алыста көрінген қара-құра болса, алдынан шығып бөгеуіл салып, ауылға келгенді ауылға әкеліп, өтіп бара жатқанды өзі қуып жібергендей, қанжығалап арсылдап шығарып салып, ауылдың амандық тыныштығын өз мойындарына түгел көтеріп алғандай болатын.

Екі атты Серікбай ауылына жақындап келгенде алдынан тобымен қамап шыққан көп иттер, қазір бұлар төбе басына келгенге шейін у-шу етіп, өзге дыбысты естіртпей, өлкені азан-қазан қылды.

Аттылардың қараңғы кешке пішіндері оп-оңай танылған жоқ. Жалғыз-ақ төбенің етегіне келгенде ғайа сапақ жаққа қараған күміс үзеңгілері жарқ-жүрқ етіп, екі аттың ер-тұрманы бір-біріне шылдыр-шылдыр соқтықты. Біреуі тәуір киімді, күміс ер-тоқымды, ұзын бойлы, екіншісі қасындағы атшысына ұқсайды.

Бұл Ұзақ, Жәмеңкеден Дөңгелек сазға хабар алып келе жатқан тілші хабаршы Көкбай болатын.

Жәрмеңке басында қалың Албан жнылып, Ақжелкеге жауап бергеннен бері қарай екі жұмадай уақыт өтті. Содан бері жайлау-жайлаудың әрқайсысында ер азамат түгел қамданып, ат-сайманын дайындап, жеке-жеке әзірленуден басқа, ел-елдің арасындағы қатынас тілді де реттеп алып еді.

Күн-күн сайын жәрмеңке басындағы ұлық істеп жатқан қам болса, яки шеттен — Қарақол, Жаркент жағынан естілген жаңғырық, жаңалық болса, бәрін де ел-елдің басты адамдары өз маңайына естіртіп жариялаудан басқа, маңайдағы Албан руларының барлығына да хабаршылар жүргізіп, мәлімдеп отыратын. Сондықтан ертеңді-кеш жаңалық хабарлар үзілмей, бірі артынан бірі шығып, ерсілі-қарсылы қыдырып тұрған.

Албан іші түгелімен осындай реттеліп алғаннан бері қарай Ұзақ, Жәмеңке, Тұрлығожа, Серікбайлардың ауылдары күнде келген жаңалықтарды тарататын штаб есепті болған. Жалғыз бұнымен қоймай, әрбір естілген дақбыртқа қарай бесті-онды басты кісілердің кеңесі болып, өзгелерге ананы істеу, мынаны істеу керек деген байлауларын да жіберіп отыратын.

Албанның қалың ортасында ұлыққа тіреу болып, елге қастық қыламын десе, себі тиетін жері жәрмеңке болғандықтан, жұрттың көзі Қарқара жазығына көбірек қадалғандай болатын, оның не істеп, не ойлап жатқанын ел білуге, естуге қажет. Ақжелке әлі барлық көмекші ұлықтарымен сонда отыр. Маңайдағы бесті-онды солдатты жиып, казак-орыс қалаларынан аз-аздап астыртындап жігіттер жиып алып қаруландырып жатқаны да бар-ды.

Сондықтан Ұзақ, Жәмеңке осы жәрмеңкеге құлақтарың көбірек түріп, соның әрбір қозғалысын андығандай, тесіле қарап бағып отырған.

Бірақ жәрмеңке басындағы ұлық қазақтың өзіне сырын айтпайды. Ел болса, бұрынғыдай жәрмеңке басына бармайды. Ондағы казактан қалған тілмаш, оқығандар болса, бір ауыз тіл әпермейді. Ел қозғалысына бойын алып қашады. Сонда да жәрмеңкенің ниетін білмей отыруға мүмкін емес. Қарақол, Жаркент, Алматы жағынан шыққан жаңалық болса да сонда келеді.

Осының бәрін есептеп келіп, ақсақалдар кеңесі жәрмеңке басынан өздері тілеулес болып, жансыздап хабар

әперетін бірен-саран кісіні іздестірген. Сол кісі оңай-ақ табылып еді.

Ол — жәрмеңке басында тұратын өзбек саудагері Сұлтанмұрат. Бұл — епті, есті адам. Қазақ, қырғыздың паштаға арналған наразылығын ішінен бұ да қостайды. Сондықтан жәрмеңке басына жан-жақтан келіп жатқан жүргіншілердің барлығымен әңгімелесіп, керекті хабарды мезгілімен толық қылып алып, Ұзақ, Жәмеңкелерге ұдайы жеткізіп тұрған. Соңғы кезде жәрмеңке басындағы бірен-саран солдаттан әңгімешіл аузы бос таныстар тауып алып, Ақжелке істеп жатқан қарекеттен де оны-мұны естіп тұратын. Бұның жиған хабарларын ел кісілері әртүрлі әдіспен алатын болған. Жалпы елдің жәрмеңке басына баруы азайған соң, енді үнемі Сұлтанмұратқа келе беретін бірлі-жарымды кісі болса, оның жүрісі алақандай жәрмеңкеде қақап тұрған ұлықтардың көзіне түсіп қалуы оңай нәрсе. Осыны ойлап, Ұзақ, Серікбайлар ақылдасып келіп, Сұлтанмұраттан жанысыздап хабар алу үшін әр рудан он шақты кісі шығарған. Бұлардың әр күні әрқайсы келіп кетеді. Кейде екіден, үштен келеді.

Кей кезде әсіресе, соңғы уақыттарда алғашқы он кісі бір-бір кіріп шыққан соң тағы тың адамдарын да жіберетін болған. Бұлар бес-алтыдан да келеді. Кейде тіпті елеусіз болсын деп, өгіз мінгізіп, жалғыз-жарым кедейкепшікті де жібереді. Келгендердің бәрі де ұғындырған тәртіп бойынша сауда қыла келеді. Әр күні әр ләкпеден әр алуан ұсақ-түйек алады. Бірақ бір қадақ сабын, яки бір кез шыт қана алатын болса да, саспай көп қыдырып, көп саудаласып жүретін қазақ әдетінің осы кездерде пайдасы тиген. Алушысы жоқ болып қанырап тұрған ләкпешілерге әңгіме де керек. Сол ретпен жағалап жүріп Сұлтанмұратқа арналып жіберген хабаршы елеусіз келіп, елеусіз кететін.

Бүгін сол әдетпен жәрмеңке басына түсте жіберілген кісі Үшкүңгей жотасының бауырындағы жайлауларға үлкен хабарлар алып келіпті.

Соны естісімен, Ұзақ Серікбайға осы Көкбайды шаптырған. Аттан түсіп сәлемдесіп, Серікбайдың қасына келіп отырған соң Көкбай қатты жүрістен терлеп, пысынағандықтан үлкен қара бөркін қолына алып, бөгелместен әңгімеге кірісті.

— Бүгін Сұлтанмұраттан хабар келді. Қарақолдан

хабаршы келіпті. Бұл жарлық қазақ, қырғыз, ұйғырдың барлығын да түгел көтерген көрінеді. Лепсі, Талдықорғаннан бері қарай қазақ көтеріліпті. Ауамыз, көнбейміз, бермейміз деп, маңайындағы қалаларға шабуыл жасап, қару жнып, қарсылыққа қамданып жатыр дейді. Әскер шығып, соғысып қалғандар да болса керек. Одан бері Пішпек, Алматы, Қарақол айналасындағы елдер көтерілуге бас қойды. Қырғыздар қазақ-орыс қалаларына шабуылды түгел бастапты. Жызақта үлкен қарсылық болып, қаланың үсті түгел қырғын майдан дейді. Ұйғыр мен қырғыз қазақтан озған көрінеді. Бұлар шапқан қалалар жетім-жесір болып, өртелгені өртеліп, қырылғаны қырылып, Пішпекке, Қарақолға, Тоқпаққа шұбап жатыр дейді. Ұлықтан үрей кетіпті. Қырғыз Пішпектегі Қарақолға мылтық, жабдық әкеле жатқан солдаттың обозын талап алыпты. Осы күні бар қырғыз мылтықты, қарулы дейді.

Тыңдаушылардың Серікбайдан басқа барлығы Көкбай әңгімесі басталғаннан-ақ ентелеп:

— Е, е, пәле, пәле е, е!..

— Бәрекелді... бәрекелді... е, е!— деп, нісінгендей мекіреніп, құлай тындап отырып, Көкбай тоқтағанда, Өтеу:

— Айтып едім ғой, қырғыз істі бастапты деп! «Атан көрі» деп алып, бір бастаса ол тоқтамайды.

— Қырғыз емес, ұйғыр да кетіпті де?!

— Ел болсан, осындай бол... ой, тілеуінді берсің,— деді Баймағамбет.

— Бұл анық хабар ма өзі? Тіл әкелген кім екен?— деп, Көкбайға қарады Серікбай.

— Анық шығар... анық қой...— деп, Өтеу сөйлеп еді, Көкбай оны тыңдамастан:

— Анығы сол — қырғыздың басты кісілері Албанның қарияларына осының бәрін жеткіз деп әдейі хабар салыпты.

— Басшысы кім деді?

— Басшысы Батырқан, Қыдыр, Саудамбек. Әзірге хабаршылар солардың атын айтады. Кіріскен жалпақ ел. Бір қырғыздың баласы мойын бұрып қалған жоқ. Бәрі де ат үстінде жау-жараққа түгел қол қойыпты. Және хабарды бір Қарқара емес Алматыға, Пішпекке, мынау Асыға да жіберіпті, қосылып, қамданып атқа мінсін. Әнеүгі айтқан сәлемдері шын болса, Ұзақ, Жә-

менке, Серікбайлар енді маңайдағы қалаларды ескерсін. Қарулансын. Жәрменкені талқандасын деп айтыпты дейді. Ұлықты қусын депті.

— Бәрекелді, сөзіне! Ой, тілеуінді берсін.

— Еркек мыналар екен ғой. Енді бөгелетін не қалды?— деп, Баймағамбет сабыры кетіп сұрланып, біресе жүгініп, біресе ырғалып, малдасына отырып тыпыршырандай болды.

Әлі де салмақпен сабырынан аумап, Көкбайдың пішініне ойлана қарап отырған Серікбай:

— Жә! Қарияларың не дейді?

— Қариялар, енді бұл хабарды ұлық та есітті. Бұл отырмас, кетер, бірақ кетерінде бірен-саранды болса да қармап кетпей тыныш кетпес, ең әуелі ел кісілері сақтық қылсын. Жігіттеріне тегіс хабар берсін. Әуелі айналадағы ұсақ қалаларды ескереміз бе, қайткендей боламыз? Серікбай, Тұрлығожа, Әубәкір мұнда келсін. Кеңесіп алайық. Тағы бірер күн мына хабар анық па, ұшқары ма, дерегін тосайық деседі.

Серікбай:

— Күр үйде жатып тосқан емес, енді сол қырғыздың ішіне кісі жіберу керек қой. Сөз байласу қажет қой,— дей бергенде, Көкбай:

— Оныңыз рас. Ол жерде де бәріміз соны айтыстық. Сонымен жаңа менімен бірге Саудамбектермен ауызба-ауыз тілдесіп қайту үшін үш кісі аттанды. Қанат жаяйық, бірігейік, тізе қосып, бір бастайық деп, Асыға да кісі жіберілді. Жан-жаққа кетіп жатыр.

Олай болса, жарайды, енді, Баймағамбет, сен ат камда. Біз Көкбаймен ауыл жаққа барып ас ішейік. Өтеу, сен қазір Әубәкір, Тұрлығожаға, осы маңайдағы ауыл-ауылдың барлық белгілі кісілеріне хабар қыл. Тұрындар енді. Құдай бұйырса, бірдеме болар. Аруақ жар болып, оң сапарын берсін,— деді.

— Айтқаның келсін, қарағым. Құдай жолыңды берсін.

— Уа, оң сапарын бере гөр. Иә, Райымбек атам аруағы, жар бола көр,— деп, екі шал кемсендеп көздеріне жас алды. Соңғы кезде шаруақор қара шал да алдыңғы уайымдарын ұмытып, көтеріліп қызып алғандай еді.

Екі жігіт Серікбай сөзінен соң орындарынан шапшаң тұрып, кетуге айналып еді. Көкбай Өтеуге қарап:

— Тұрлығожа, Әубәкірді де Секенмен бірге қариялар шақыртқан. Олар да солай атына мінсін.

— Секең кетсе, Әубәкір мұнда керек болмаса, біреуі қалғаны мақұл болмас па?— деп, Баймағамбет отырғандарға қарады.

— Әубәкір мұндағыны реттесін. Енді толғақ жиілеуге айналды ғой. Хабары да, ісі де енді бірінің үстіне бірі жиілейтін шығар. Бұндағы ел бәріміз кетіп қалсақ ұйлығып қалар, бірен-саран басшылық кісі топ ортасында қала тұрсын,— деді Серікбай.

Ешкім қарсы айтқан жоқ. «Мақұл, мақұл, солай-солай» десті. Сол күні түнде-ақ ел жатқанша Көкбай хабары Шырғанактың бауырын түн желіндей есіп отырып, жағалай жар шашып, шарлап шықты.

Қатын-балаға шейін айт күніндей сергек, дырдулы, шулы, күлкілі, нөсерлі, дауыл алдындағы құйындаған жел лебімен желпілдеген түңліктей, жайлау-жайлаудың бәріндегі кәрі-жас, еркек-ұрғашы бой сергітіп сілкінгендей, құлшынғандай болды.

Бұл түнде таң атқанша дамылсыз шабаланып иттер үріп, ауыл-ауылдың арасында сатырлап шабысқан аттылар. Қалжыңды желік араласқан күлкі, дабырлаған неше алуан дауыстар, шырқап салған еркек, ұрғашының әндері, қызулы, қызық ойын-сауығы — жайлау түнін желікті той күніне ауыстырып жібергендей болды. Түнлігін жауып, отын өшіріп жатқан ауыл жоққа тән. Өлке-өлкенің бәрінде жалпылдап жанған оттар. Асылып жатқан қазан-қазан ет. Түн аспанына ойнап ұшып жатқан от ұшқындары — бәр-бәрі де қыр баласын қолтығынан көтеріп алып ұшып, әлденеге жүр-жүрлеп тұрғандай болды.

Бұл күй бір Шырғанак бауыры емес, иісі Албанның барлық көк шалғынды, қарағайлы, мол сулы жайлауларына түгел жайылған желік болатын.

Осы түнде жолдағы елдің неше алуан тіл менен әлденеше түрге түсіп, ұйқысыз түн өткізіп дабырлап, шулап, балаша балдырлап бой жасап жатқан тіршілігін көріп отырып, таң атқанда Серікбай, Тұрлығожалар Ұзақ, Жәмеңкемен уәделескен жерге жетіп еді.

Биік төскейдегі көп үлкен ақ үйлі маңқиған боз ауыл, қора толған қоймен, маңындағы кісендеулі, арқандаулы көп жарау сұлу сәйгүліктерімен өз-өзіне сенгендей күйде екен. Ризалық, тоқтық пішінін көрсетіп, шер-

тип сыздана түсіп, көзін жұмып тыныштық алып мызғып тұрғандай. Бұнда да жаздың түнін ұйықысыз өткізген ел таң аппақ боп атқанда көздің шырымын алмақ болып, жаңа ғана тыныштыққа бой ұрыпты.

Әлі ауылда кәрі қойшыдан басқа түреген жүрген сергек жан көрінбейді.

Түн бойы өктеп тыным алмай жүріп шаршанқырап келген жүргіншілер елді оятпай, жұрт тұрғанша аз ғана тынығып алмақ болып, ортадағы үлкен үйге кіріп жатып қалысты.

Ұлы сәске кезінде Серікбай оянғанда басқа жұрттың бәрі тұрған екен. Төр айналасында Жәмеңке, Ұзақ сияқты үлкендер отыр. Әуелі соларды көріп сәлем беріп, басын көтеріп алды. Айналада жағалай отырған ылғи қара бөрікті кәрі-жас бәрі де лаулап желігіп сөйлейді. Алдарына қымыз да келіп қалған екен.

Қасында отырған Тұрлығожа ерекше желікпен омыраулап, кеуделеп келіп:

— Тұр, тұр, не жатыс бар! Әуелі сүйіншімді бер,— деп келіп, Серікбайдың басындағы тақиясын жұлып алды.

— Е, не бар?! Не айтасың?

— Асыдағы Қызыл бөрік көтеріліпті, хабаршы келіп отыр. Іспесік аламын деп келген тамам ұлықты бар солдатымен қырғын қылып айдап тастапты...

— Рас па? Шын айта ма?!— деп, Жәмеңкеге қарады... барлық үй ішіндегі үлкен-кішінің жүзінде түгелімен ризалықпен жымиған қуаныш бар.

— Рас айтады, Асы Қызыл бөрігі сенен озды,— деп, Жәмеңке кәрі жүзі қатпар-қатпар болып жиырылып, ақырын күлді де:— Барлаймыз, барлаймыз деп, тамам елдің артында біз қалуға айналдық. Ұлық есіи жиғанша бет қаратпай, үсті-үсті ұрып жіберетін кез келді... Мына асынды іш, кеңеселік,— деді.

VI

Кешегі күн Асыда бұрын Алатау жоны көрмеген ірі уақиғаның болғаны рас еді. Бұл жайлаудың қалың елі Албанның мол руының бірі Қызыл бөрік болатын. Бұдан басқа етек-жеңін жұлғызып төрге қашып шыққан жаяудай, тау етегіндегі жайлау, күзеуінен айрылып, казак-

орысқа беріп, тау жоталап, қарағай кезіп, Асыға келіп, жер ніскеп отырған Алматы уезінің Жанысы, Қанлысы, тағы әр рудан жиналған ұсақ-ұсақ құрамалы болатын.

Асы — Алатаудың қыр арқасында ойып алған астаудай, ұзын кең жасыл өлке. Төсін жоғары беріп, керіліп түскен сұлудың оң иығын басқан қалың қара бұйра шаштай болып, Асының оң жағын қарағайлы таулар басады. Өлке бойында көк жар болып аққан Асы суына, айналадағы қатпарлы қалың ұлы биік, қыртыс-қыртыс ұзын жоталардан сала-саламен тұщы бұлақ, мөлдір көк сулар сарқырайды.

Жардың күн'шығысы қоралай біткен ұзын жоталар. Соның етегіне шейін далиып жайылған кең жасыл жазық, ұлы қойын сияқты. Жазық қара құртша қайнаған неше түлік мал. Иін тірескендей шұп-шұбар болып ендеп шашылып, бой жасап жатқан қазақ дүниесі — жайлау малы. Қанатын жазып, көк жазықты қаптай басып, еркеленіп дәурен сүреді. Көк далаға төгіп қойған жасаудай айналаны жандандырып, жасартып тұрғандай. Әншейінде толысып, тусыған дүниеге жарастық бергендей. Қалың ел жаздай жайласа да өлке қызығынан, жасыл төрінен, жастығынан айрылған жоқ. Шұбартып басқан қалың малдың ортасында қамысты айдын көлдің аралығындағы қаз, үйректің жұмыртқаларындай болып, бөлек-бөлек ұя сияқты үйіріліп, дөнгеленген сансыз көп аппақ ауылдар. Жайлаудың бар тіршілігі көз алдында, тай қазанға қайнаған судай болып, ерсілі-қарсылы қозғалыспен жыбыр-жыбыр қағып тіршілік күні қайнайды.

Мезгіл августың басы болғандықтан, Асының түні суыңқырап, дағдылы күзгі жауыны жиілей бастап еді.

Бүгін де түске шейін айналаны бұлыңғыр сұрғылт тұман бүркеп келіп, бірталай уақыт жауын жауған. Қазірде шаңқай түстің кезі жеткенде қалың бұлттың барлығы жыртылып-жыртылып айрылып, жан-жаққа ауа көшіп кетіп жатқан.

Жуылып тазарғандай ашылып, көк мөлдір боп тұрған аспаннан Асы өлкесіне жайнаған жарық күннің сәулесі де түсіп еді. Бірақ дәл осы шақ астаудай Асы жайлауын бұлт арасында тұрғандай, ертегі орнындай қылып көрсететін. Өйткені, айналадағы қатпарлы қалың жота, қарағайлы қара биіктерден ақ сұр тұман әлі айыққан жоқ. Алатау басына шөгіп өткен қара қошқыл қою сұрғылт бұлттың төмендеп ұшқан жартысы қара-

райға, жар тасқа жабысып, аспан ұйқысындай қаптай жауып, үйіліп, үйіріліп тұр. Жалығып қалғыған ақ тұман Асы айналасындағы тауларға шұбатылған сәлдедей оралып, бұралып жүр.

Биік таумен дәл қосылған жері қоюланып, қара қошқылданып кетеді. Қиналып, өртеніп қосылғандай. Күнісін айналдырып киген қарағайлы биік шошақтың басы тұман ішінде әлдене түстей сұлу, сағымды шағына сүйсініп, бұлтты қабағын шытыңған сияқтанады. Ауырлықпен, азаппен емес, көңілдің жайлы рахат тыныштығымен еркеленіп шытыңған сияқты. Тұманды аспан сүйсіндіріп қалқытқандай. Сағымды қиял бұлтты, салмақпен қошқошын айтып, жоғары көтеріліп, таудың басынан асып барады.

Жазық үстіне кең аспанда кесек-кесек ақ мамықтай болып ақ бұлттар қыдырады. Көк далаларда, кішкене төбелерде ауыл, мал үстінде момындық белгісіндей болып, ақ бұлттың жеңіл, жайлы көлеңкесі ушады, түтіндей, будай төңкеріліп, сызылып өтеді. Қоңырлық пен шаңқыған жарық ауысады. Адам ойындағы өкінішті естегі мен күн шуақты қызық рахат сағатының ауысқаны сияқты арманды ыстық кешегі мен күдікті күпті бүгінгінің ауысқаны сияқты.

Кеше Асыға Алматыдан шыққан көп әскер келген. Ішіндегі бастығы уезд помощнигі Хлыновский бұл Асыдағы Қызыл бөріктің сыр бермегендей томаға тұйық наразылығын сезгендей. Алдында болыс, тілмаш арқылы естіліп жатқан жайсыз хабар барды. Оның үстіне Жаркентте қараған Албан жәрмеңке басына жиылып, «бермейміз» деген жауап айтыпты. Желкедегі қырғыз да алай-түлей болып жатыр. Алатаудың қойын-қойын, өлке жотасының барлығы нін тірескен қарағайдай болып, бірігіп тұтасқан қарсылық белгісін білдіріп тұрған кез. Бір Асы ғана емес, Алматы, Пішпек, Жаркент, Қарақол, Лепсі, Талдықорған — барлығы да өртенгелі дайындалып күтініп тұр.

Алматы ұлығы бұл жайды жақсы білуші еді. Сондықтан қазақ ортасына көп шығып, қаталдықпен атағы жайылған Хлыновскийді әдейі шығарған. Қасында тоғыз солдат бар, бірнеше ұсақ чиновниктерімен оннан аса кісі еді. Бірақ Асыға арнап келген жұмысы баланың списогін алу. Елдің барынша аңдып, бағып отырған дертті мәселесі. Толғағын жиілетіп, жарасының үстіне

қадалған оташының қанды ауыз бәкісіндей, елді шиыршық атқызып тулатып тұрған мәселе.

Бұл қабақты бұрыннан күтсе де, кеше Асыға келгеннен бері ұлық біржолата сезген, ел қабағы қарыс жабылған, суық, қырын қарайды. Қапқалы тұрған кескекті жайындай жылымайды, жылтырамайды. Ұлықтарға арналған үйді де болыстар зорға дегенде әкеп тіккен. Сойыс, жасау-жабдықты да әрең берген.

Әншейінде байпандап жүретін болыс, кандидат, старшындар да сүлесок, құр сұлдері жүрген сияқты. Өздеріне арналып тапсырылған жұмысты шама келгенше өзгеге сілтегісі келеді. Орысша білмейтін боркеміктеу, жуан қарын босаң болыс қайта-қайта ұлыққа келіп:

— Тақсыр, ел шабан... елдің жайын білмеймін. Жалғыз біздің қолымыздан іс атқару қиын болып тұр. Осы елдің Дәулетбак, Жылқыбай сияқты қариялары бар, соларды қасыңызға шақырып алсаңыз қайтеді?— деп әлденеше рет арыз қылған.

Ұлық басында болысты жер-жебір қып зіркілдеп, ұрсып қуып шықса да, көзін алартып, жер тепкілеп шабынса да, бірер старшынды киіз үйге қаматып, арест қылып қойса да, аяғында болыс сөзіне еріксіз көніп:

— Соларды шақыртып кел. Қасымызда болсын,— деген.

Бүгін таңертеннен бері Дәулетбак, Жылқыбай қасына ерте келген көп қариялары жуан семіз байлары, Қызыл бөріктің басты кісілерімен ұлықтың қасында болатын.

Ел қабағын астыртын сезіп байқап алған ұлық өздерінің қаладан шыққан тобын азсынып, оның күшіне анық сене алмай, таңертеннен бері жауынға лайсанға қарамай осы, Асы маңында жүрген казак-орыс атаулының барлығын шақыртып өз қасына жиып жатқан. Келгендердің ішінде көпшілігі санақшы, бір қатары судья, приставтардың жіберген стражнигі, тағы солар сияқты әр алуан жұмыспен жүрген бірен-саран саяқ-сандырақ кезбелер болатын. Жиыны жиырма шақты адам болды. Қазақ жиынына бұрынғы уақыт болса үлкен топ сияқты көрінер еді. Топтанып келген бес солдат болса да елді үрпитіп, дүрк өргізіп тұтас үркітуге жарайтын. Бүгін жиырмадай қару асынған адам айналасына келген соң, о жар, тасыр ұлық кекжектеп, кердең басып, ел кісілерін шошытып ықтыруға кірісті. Бірен-саран ша-

барман старшынды өз қолымен де ұрып жіберіп, болыс, би қарияларды бойын жазғызбай ақырып, ықтырып, бет қаратпай жасқандырып тұрды.

«Түс кезінде Сөгеті болысынан жұмысқа алынатын жігіттердің іспескісі тізілмек. Ұлық келіп ығырып, тізім алғалы жатыр. Елдің болыс, биін, қариясын жиып алыпты. Тізімді бергелі жатыр. Тілмаш посемейный спесікті ұлыққа алып бармақ. Дәулетбақ, Жылқыбайлар үндемей отыр. Мойын ұсынып қалыпты. Ұлық шошытып, әдейі жасқандырғалы зәрленіп тұрған көрінеді» деген хабарлар. Асы өлкесіндегі барлық елге жауын айыққан соң күркіреген күн дауысындай болып бір-ақ тарады. Ел дүр етіп, хабарласып-камданып, бір ауылдан бір ауылға аттылы-жаяу шұбырып, әр жерге қалың-қалың топтар жиналып қалды.

— Ойбай, баланы әкеткелі жатыр.

— Солдат қаптап кетіпті.

— Дәулетбақ, Жылқыбайды қысып жатыр дейді!

— Кеткені ғой енді азаматтың. Ел басына күн туғаны ғой?!

— Қайда бұл түге, осы елдің еркегі?!— деген сөздер кәрі-жас, ұлы-кішінің аузында, шалқып жанған өрттей болып, лау-лау етті.

— Уа, құдай, уа, аруақ!— деген қатындар дауыстары да шықты.

Әр жерге топтанып жиылған жиын, бір тұрған жерінде шыдам таппай екінші жиынға келіп қосылып, одан үшіншіге қарай жаяу-жалпылы шұбап, жоғары таман сырғи-сырғи қаптап келе жатты.

Жоғардағы қарағайлы биіктің етегінде жартасты көк өзекке тігілген ұлық үйлеріне тұс-тұстан ағылған наразы елдің топтары шұбырып шұбап, біреуді біреу ітермелеп, жетелеп келе жатты.

— Жүр, не тұрыс бар?

— Көріп алайық, көрейік. Қыруар елді жылатқан қандай екен, білсін.

— Қайда осының болысы, старшыны қайда, түге?!

— Қариялар неге солардың қасында отыр?..

— Бәсе, соны айтсайшы. Ала бер өзің деп, неге былай шыра бермейді.

— Осы, ер азамат қайда?! Атына неге мінбейді, тым болмаса, айдынын неге көрсетпейді?!

— Жүрегін шайлықтыру керек еді. Ең болмаса, ал-

ғашқы жолы бетін қайтарып, іспескі бермей жіберу керек,— дескен топ ішінің неше алуан тілдері тыным алмай жапыр-жұпыр сөйлеп, көп қызуын арттырып келе жатыр.

«Азамат қайда» деген сөзге жауап айтушы да табылды. Бұл алдыңғы кеткен топтарға жаңа ғана еңтігіп келіп жеткен жаяу шал қойшы болатын.

— Қызыл бөріктің сойыл ұстауға жараған азаматы жаңа тегіс аттанып, мына Жауырдың асуына қарай беттеп, қарағайға кірді.

— Қойшы, рас па?

— Қай арада жиылды? Қашан өтті? Неғып көрмей қалды!

— Жаңа бір қалың шоғыр анамен кетіп еді, жылқы ма деп едім. Рас болғаны-ақ.

— Уа, тілеулерін берсін. Уа, беттерінен жарылқасын.

— Иә, аруақ, қолдай гөр. Иә, Райымбек ата!

— Уа, құдай, ер азаматты сақтай гөр, қарақтарым не болады? Күнің не болады? Жалғызым-жалғызым,— деп, кедей кемпір жылады.

Көзінің жасына жалынатын қартаң бәйбіше, қыз-келіншекке шейін жастарын сүртіп, қызарған жасты көзбен ұлыққа тігілген үйлерге жалтақ-жалтақ қарасты.

— Уа, кім бастап кетті, қанша жігіт,— десіп, қайта сұрады.

— Бәсе кім бастады? Бұл қай уақытта жиналып қалды?

— Рас-ау, бұрын сөйлескен сөздері, жиындары жоқ, не қылып дайын бола қалды?

— Дайын болмай, осы сергелдеңде кім қарап отырады? Басыңа күн тумайтын шығар.

— Иә, күн туса, әп-сәтте сүттей үйірілерсің, Албаның баласы.

Хабаршы шал көптің алдына көлбедеп шығып таяғына сүйеніп еңтігіп тұрып:

— Бағана ұлық іспесікті алғызды деп хабар шығысымен жұрт атқа жүгіріскен жоқ па? Ауылдан ауылға топтанып іркіліп жиылған топтар, бір сағаттың арасында екі-үш жүз кісі болып қалды. Қолдарына мылтық тауып алғандары бар.

— Иә, мылтығы бар жігіттер бар ғой...

— Табылады, табылады, е, е, иә!

— Мылтықтары аз ғана, бірақ бәрінде де сойыл,

шоқпар бар. Жиылып алған соң қайда, қайда барамыз дескенде, қызыл Ыбырай: «Жүр, артымнан ер, мына тоғайды кесіп өтіп, дәл сол ұлыққа тіккен үйдің желкесінен шығамыз. Сонан соң іспесікті шын алатын болса, көріп аламыз» деп, сол бастап кетті. Жігіт атаулы түгел соны қостап, аруақ көтеріп шауып жөнелді. Арттарынан да ағылып кетіп жатыр. Біздің Матай да құнанына мініп кетті.

Бұл алдыңғы топ еді. Бөгеліп әңгіме тыңдап тұрғанда, арттарынан келе жатқан тағы бірнеше топтар да келіп жетті. Артқылар шалдың әңгімесін көздерімен көрген екен, түгел шындады.

Ел тегіс Ыбырайдың атын хан көтерді.

— Уай, аруғыңнан айналайын. Бәсе, азамат басына күн туғанда, сондай бір жігерлі жан неге шықпасын.

— Ыбырай қалмақты, қытайды, қырғыз, қазақты да түгел көрген. Ол соғыстың да бабын біледі...

— Уа, ол ма?!.. Ол біледі.

— Ердің, сабаздың заманы бұзық заман ғой. Әйтпесе, шын батыр ғой.

— Батыр-ақ, денесін көрмеймісің?!

— Қара сойылға тақ бес кісіге жалғыз өзі төтеп беруші еді! Тек жолы болғай-ақ та!..

— Оң сапарын берсің, жолы болсын.

Жігіттер тобын бастап ертіп кеткен Ыбырай екені рас еді. Ол дөңгелек үлкен жауырынды, зор, жуан қызыл жігіт болатын. Жасы отыздың ішіне келген, қылдай қатты, сояу қара мұрты, шоқша сақалы бар ер жігіт еді. Қызыл бөрік ішінен өзіне сайлап он шақты мықты жігітті ертіп алып, қалмақтан, қырғыздан, айналадағы қазақтан үйірлеп жылқы алып, бірінен-біріне өткізіп; ат үсті суық жүріс жүретін.

Атағы шыққан ер, өжет, қырағы, сергек ұры еді. Соңғы шақта қашқындау да болып жүрген. Өзінің де, жолдастарының да берденке мылтығы, алтыатары, айбалта, найзалары дайын болатын.

Таңертеңгі ауыл-ауылдан жосылып шұбырып жатқан топ өз аулының үстіне келгенде бұл қасындағы он, он бес жігітімен ылғи жүйрік, жарау сәйгүліктерге мініп; қыл жалаулы найзаны көтеріп шауып келіп:

— Тарт менің артымнан. Бүгінгі күннен қалған жан — жан, мал — мал. Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі, Уезд болмақ түгіл, жандаралы болса да

көріп алайын. Тек іспесікке қол қойсын. Сонда ойынды бастаймыз. Жүр, неге тұрсың, түге,— деп, тауға қарай қалың топты шұбыртып шаба жөнелген. Қазіргі уақытта бұлар Жауырдың төменгі қара шатына кіріп алып бой жасырған соң, артқы жұрттың барлығына хабар жіберіп жиғызып алып, сол арада тұрып, тегіс жиылған жиынға біраз қызулы, сенімді сөздер айтқан. Содан кейін артынан құлшынып, шулап, қуанып ерген бірнеше жүз жігітті бастап алып, алдына өзі түсіп, қалың қарағайдың бір қабат ішімен тау кенерелеп, біресе жотаға шығып, біресе терең шат, күз, сайларға түсіп кетіп, ұлықтардың қыр желкесіне таман беттеп ағылып қаптап келе жатты.

Осымен бірер сағаттай жол жүрген соң Ыбырай бастаған қол жартасты шаттың жазыққа шығатын аузына жақындап келгенде, Ыбырай жігіттерін бір қалтарыс қойынға иіріп тоқтатып тастап, өзі қасына бір жолдас алып, қарағай ішін аралап, етекке қарай құлап кетті.

Тіккен үйлердің дәл желкесінде қақпа сияқтанып біткен қос жартас бар еді. Соған келгенде аттан түсіп, ойдағы жиынға баспа қылып қарап отырды; белгі алмақ. Демі дірілдеп, мұрты түксініп сұрланыпқырап алып, дүрсе қоя беретін мезгілі күтті.

Қорымтастың басынан томағасын тартқанда ойдағы қағушының алдына кірпік қақпай қадалып қарап: «жүйрік тағының қызыл жоны қашан бұлғаң етеді» деп телміріп күткен аш қырандай болып, ойдағы ұлықты қазір алатын жемі есепті андып қарап отырды. Ойында асықтырған қызу бар. Бұл күнге шейін ызасын өткізіп, зығырын қайнатып келген жауына енді тісін қайрап, қызыққандай құлшынғандық бар.

Артында тіленіп жаланғандай болып ұрланып тұрып, тықыршық атқан көп жігіті тұр. Олар Қорымтастан қашатын қырқылжың ақ шуланды тауға шығармай, жазыққа түсіріп әкеткелі қаптай құйылатын алғыр қыран есепті, қанды ауыз ұялас құмай сияқты. Сырқынды кәрі аңшы қашар деген бетті ертеде аңғарып болжап алып, сол өрісті алдымен келіп өзі алып, енді иек артпа, баспадан ажалды киікке сұғын қадап отырғанға ұқсайды.

Бұл кезде Хлыновский айналада болып жатқан жайкүйді ескермей, елемегендей болып, алдындағы қарсылығы жоқ болыс, старшындар мен момын қариялар то-

бына зәрін шашып ысқырып, ықтырып тұрған. Аз болса да айтқаны болғанға ұқсап, ел кісілері жиналып, қарсы алдында мүләйім пішінмен үндемей отыр. Списокке кісі кетті. Ол ескі список, ешнәрсесі анық емес, шала, шатақ список. Енді соған қарап, старшынның ішіндегі жігіттердің дәл санын алып, қазір-ақ тізім жасамақ.

Хлыновский Асыға келіп, өз қолымен список тіздіруіне Алматы ұлығы саяси мағына берген. Ел алғашқы кезде ұйлығып үркеді. Сол үркініш үстінде біріне-бірі малша тығылып сүйкенісіп барып, аяғында жалпақ қанат жайып, тұтасқан қарсылыққа бет қойып кетуге болады. Сондықтан ұйлығып, не қыларды білмей, дағдарып тұрған шағында үлкен қаладан атақты ұлықтан бірнеше жерге бірнеше кісілер, қару асынған солдатпен шығып, топты ықтырып отырып, өз қолымен тізім жасап жіберсе, соның артынан ел жалтақтай, үркектей келіп, аяғында қамытқа басын сұғады. Жалғыз-ақ алғашқы дағдарып анырып қалған кезін өткізбей, тез қамту керек. Сол уақытта ең алғашқы ұйлыққан топты қолмен жетелеп әкетсе, қалғаны артынан өзі де ұсынып шұбай береді. Алдыңғыны көріп, сұмдық емес екенін сезеді.

Екінші өзге елге: «Асыдағы Қызыл бөрік көнді, берді, түгі кеткен жоқ. Ел болса, сондай болсын» деп, өтірік дақбырт таратуға да керек. Хлыновский Асыға әкелген жай осы. «Осыны ер басына келетін міндет» деп түсінген, құл сияқты жуан мойын тонқылдақ төре жиылған ел кісілерінің: «Әзір айтамыз, жағалатып көреміз» деген сөздерінің бір де бірін өрге бастырмай, тізімнен басқа бір ауыз сөзді сөйлетпей иіріп тұрды.

Бұл хал танертеңнен бері список келгенше созылып келіп еді.

Дәулетбақ, Жылқыбаймен келген ел кісілері болыстан, старшыннан үміт қылғанды әлдеқашан қойса да, соңғы уақытқа шейін тым болмаса Дәулетбақ пен Жылқыбай бірдемені айтар деп дәме қылған. Соларға қайта-қайта жалтақтасып:

— Осы тіл қатпай өлеміз бе?

— Бәсе, бірдеме деп неге бастамайды?!

— Дәуке, елдің жайын біліп отырсын. Томаға тұйық тізім беріп, бір ауыз сөз айтпай қайтқанда елге не бетімізді айтамыз?

— Сөзінді тындағалы отыр ма? Ығырып тұрғанның көрмеймісің? Не дейді, түге,— деп Жылқыбай Дәулет-

бақ үшін жауап беріп, қасындағы жұрттың қынқылын жақтырмады. Бірақ өз көңілінде де мына сияқты болып келе жатқан қалың ырзалық жоқ болатын. Ол ішінен: «Испесік алса алар, қарсыласамыз деп осы кәрі басымызбен абақтыға түсейік пе? Ел жігіт жинауға келгенде өз ақылын табар. Қімді ұстап алар екен көремін» деп, ішінен ғана ерегісіп, сыртынан ұлыққа қарсыласпай, үндемей отырған.

Дәулетбақ Жылқыбайға осы сияқты сөзді айтса да, ұлықтың өзіне қарап сөйлеген сөздеріне жалпаңдап, жылдамырақ жауап беріп тізім алу ғана емес, жігіт алуға да соншалық күйзеле қоймайтын сияқты.

Осымен отырғанда ұлық тілмашты списокке жіберген. Бұған шейін екі қарияға қарап қамалып отырған ел кісілері:

— Бұ не осы?

— Мына күнді итке берсін.

— Тіпті, біз осында неге отырмыз осы?!— десіп, күбір-күбір етіп, наразы жүзбен томсарысып таң қалғандай болып, бір-біріне қайта-қайта қарасты. Бәрін де Дәулетбақтың тапжылмай отырған отырысы бөгегендей, сол қинағандай болды.

Бұл жиында ел кісілеріне бір ауыз сөз айтпай, сырты момын боп үндемей отырса да өзінің, не қылатынын анық біліп отырған кісі Дәулетбақ қария еді. Ол Алматы уезіне қараған Қызыл бөрікті көп заманнан бері аузына қаратып, билеп келе жатқан жуан, мықты қария болатын.

Атасынан бері қарай осы өңірдің елін билеп, төстеп келген жуандық беделінен басқа бұның ауылы барлық Албан ішіндегі ең бай, ең мол ауыл болатын.

Асының оңтүстік жағында жіңішке өзеннің алабында қап-қара шұңқырдай болып көкшіл тұманға оранып, иін тірескен қалың жыныс қарағайлы далашықтың өлкесі бар. Сол далашық Дәулетбақтың әкесі Дәркембайдың ата қоныс мекені болатын.

Қызыл бөрікке қараған шүйгін қоңыстың ең қыртыстысы сол еді. Жер шұрайы, мал кіндігі далашық.

Сол өлкенің өн бойы — тау, даласы, жыныс қарағай, көк өзек, мол суымен барлығы да Дәркембай, Дәулетбақтың неше мыңдаған жылқысына, әлденеше мың қой, ірі қарасына жыпыр-жыпыр толулы, шымшып тіккендей болып, сіресіп, лықып, толықсып тұрған.

Басының өсімі кеше ғана өткен бір атаның кіндігі, бұл күнде үш жүзге тарта жан болған. Сол үш жүз жанның шешесі кәрі бәйбішенің әлі күнге көзі тірі еді.

Осы сияқты мал мен басының сайлығы Қызыл бөрік ішінен Дәулетбақтың атын қыдырлы байдың атындай атантатын. Төрт түлігі сай амандық, тоқтық өзгелерге бұны киелі кісідей көрсететін. Сондықтан ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған да замандар болған.

Сол Дәулетбақ бүгінге шейін артынан еріп келген ел кісілерін үндемей отырып ұлық алдына аударып, жығып бермек ниетінде еді. Сондықтан қыбыр етпей, мызғымай, ұлыққа жабыса түсіп, әдейі жым-жырт болып отырған.

Басында, алғашқы жігіт алады деген дақбырт шыққанда, бұл да көппен бірге «бермеген мақұл» деген сөзге шығып қалғандай болып отырған.

Дәл сол кезде қаладан азамат баласы келген. Сол шала-пұла орысша оқыған, соңғы кезде саудагер боп ұшы-қиыры жоқ мал тауып, ауылды, дүниені билей бастаған-ды. Қалада кей ұлықтармен таныс, тамыр да болатын. Соның алып екпіні әкесінің алғашқы сөзін жапқызып, «тыныш отырсаң, тоқ боласың, бай боласың» деген кепке келтірген.

Сонымен зорын таппай, ұлыққа да, елге де бір ауыз сөз айтпауға байласқан. Шындап қыспаққа алып кетсе, ұлық жаққа шығу керек. Қазақ босқа қырғын табады. Мал, дүние шашылады. Бойды бағу мақұл дескен.

Осымен, әдетте елге әрбір үлкен істің кезінде бірдеме айтып отыратын Дәулетбақ үндемеген соң, өзге Қызыл бөрік бас біріктіріп қам істемей, сөз байламай, айналамен қатынас та жасамай шабандап қалған.

Бүгінгі хабардың Асы елін басына жай түскендей үркітіп дүркіреткені осындайдың салдарынан еді.

Дәулетбақ үндемеген қалпында отыра берді. Маңайыңдары ел шыдамы таусыла келіп, аяғында:

— Бүйткенше кетейік.

— Қой, кетейік. Енді не істесе, ұлық өз білгенін істесін.

— Рас, не істесе де, бізсіз істесін. Елге не бетімізді айтамыз?— десіп, осы байлауға тегіс келіп қалғанда, списокті атшабарға көтертіп, тілмаш салаң етті.

Осы ең соңғы қамшы сияқты болып, Дәулетбақ, Жылқыбай маңында отырған Қызыл бөріктің бәрі бірдей:

— Ал тұр.

— Тұр, тұр...— десті де, дүрк тұрып, ұлықтың, солдаттың қыжындап, оны-мұны дескендеріне қарамастан, оң жақтағы кішкене белең астындағы көрші ауылға қарай шұбыра топтала жөнелісті. Солдаттар ақырған, айқайлаған болып еді.

— Біз болыс, старшын емеспіз. Ел кісісі болса эне, қариялар бар,— деп, бір-екеуі сызданып жауап берді де, жүріп кетті.

Бұлар белден асып, ең шеткі ауылға келгенде, бағанадан төменгі ауыл-ауылдан жиылған қатын-қалаш, кемпір-шал, бала-шағаның барлығы алдарынан қалың тобымен қарсы жүрді.

Бағанағы әр жерде үйіліп жүрген шұп-шұбар топ, қазірде әлденеше жүз кісідей болған екен. Бәрі де том-сарулы, мұңлы. Көпшілік жүзінде тығылып тұрған ашу бар. Қатын-бала көздерінде мөлтілдеп, іркіліп тұрған жас.

Алдарынан бұлар қозғалғанда еркектер жақындай бере:

— Әкетті... ер азамат, қош бол...

— Айрылдың, айрылдың боздағыңнан, түге,— дей бергенде, алдыңғы қатындар тобы дағдылы жоқтау дауысына салып:

— Боздағым, жалғызым...

— Қураған ұлық... боздағым...— десіп, сайды азан-қазан қылып шулап қоя берді. Жағалай жоқтау, сыңсу, зарлау, қалың айғай-шу жер-көкті жаңғырықтырды. Топ селдей қаптаған бетімен шұбарланып, шулап, кезенге шығып қалды.

Төрелер айғай-шуды ести сала, қаптап келе жатқан топқа көзі түсіп, қаруларына ұмтылды. Көп мылтықтың құлақтары сырт-сырт, сарт-сұрт ашылып, жабылып, қол-қолға ұсталып кезеліп қалды.

Дәл сол шақта желкедегі жартастан самсап шыға келген қалың қолдың айғай, дырдуы да естіліп еді.

Ұлықтар тобы осы жаққа жалт-жұлт қарасып:

— Мына жақта, мұнда...

— Мынаны қара,— десіп, өндері қашып сасқалақтап, мылтықтарын кезеп алысты.

Ыбырай бағанадан аңдып отырып, ел кісілерінің көпшілігі ұлық үйінен жосыла жөнелгенде, қасындары

жігітін жүгіртіп жіберіп, артындағы асығып тұрған жігіттерін тезбе-тез дүрк жнғызып алып еді.

Қатындардың шуы Ыбырайға да, барлық жігіттерге де ең соңғы белгі болған. Қорыққанға қос көрініп, ұлықтарға қарсы алдына шыққан қатын-қалаштың тобы да жасанып келе жатқан жау сияқтанды. Бұлар айналаны қарап қамап алып, ел әдейі соғысқа, көтеріліске тегіс белсеніп шыққан екен деп ойласты.

Ұлық тобын дәл бұл мннутте ешкім де басқарып билеп, басшылық еткен жоқ. Әрқайсысының да көз алдына қалың елдің қаптағалы тұрған жаулығы да елестеп, енді ажал сағаты таянған сияқтанды.

Сасып хабарласып, оқыс үркіп шошып қалған топ, алғашқы: «мылтық ал» деген айғайымен бірге тегіс қаруланып қалып еді. Сол әуелгі екпін есі шығып шатасқан топтың ішінен кейбіреулердің біржолата есін алғандай еді.

Қазіргі халде ұлық тобының атыс бастауы өрескел екенін біле тұрса да бір, екі, үш солдат бұйрықты күтпестен, желкеден шыққан жігіттер тобына қаратып тарс-тұрс мылтық атып жіберді.

Ыбырай тобы жаңа ғана айғай дырдумен көрініске шығып, шептей жалғасып алса да, алдарынан тізіле қалған солдат мылтығын көріп, бірер минутке ойланғандай, арбасқандай болып үндемей тұр еді.

Бірақ көпшіліктің тұрысы осы болғанмен, Ыбырай өзі қасында мылтығы бар жолдастарымен әуелден-ақ қаруларын қолына ұстап дайын тұрған. Кезеніп кезек күткендей.

Солдаттардың алғашқы оғының артынан екінші, үшінші мылтық даусы да күрс-күрс етіп жеделдеп, ілесе таман түсіп, ұлық үйлеріне өзгелерден жақынырақ келіп тұр еді. Алғашқы мылтық соларға қарай кезелген. Қолдың бұл шетінде мылтық жоқ еді, зу-зу етіп шыжылдап өткен оқтардан аттары оскырып үркіп, ортқып-ортқып кетті. Бұл жердегі көпшілік ығысып, жапырылып өрге қарай шалқасынан түсті. Шошынып үркіп, атқыл кеткен аты беткейге қарай ойнап шыға берді.

Сол кезде Ыбырай алдындағы тастақ бетке екпіндеп кеуделеп шыға беріп:

— Аті— деді де, өзі жаңағы жігітті жыққан солдаттың мылтығынан шыққан жеңіл көк түтін айыға бергенде бердеңкеі басып жіберді,

Дәл сол секундте қасындағы үш-төрт мылтық та ынтымақ қосып күрс-күрс етті. Жартасты қарағайлы тау зор дауыспен жөткіріп-жөткіріп жібергендей болды. Бұлардың түтіні айыға бергенде, Ыбырай көздеп атқан солдаттың серендеп барып артына қарай ұшып түскенін көрінді.

Екі жақ та жапыр-жұпыр атысып қалды. Қатын-қалаш бұрын естіп көрмеген көп мылтық даусына қарамай, алдындағы ұлықтарға қарай әлі де шулап, шұбар тобымен шұбырып келе жатты.

Қазіргі ерсілі-қарсылы атыстың соғыс майдан екенін ұққаны да, ұқпағаны да бар. Бірақ қай-қайсысы болса да жаннан кешіп, үлкен қызулы толқындай ұлықтарға қарай қаптауға айналды.

Солдаттар мылтығы, алғашқы рет жапырлап атылған бірер жолдан соң саябырлай бастады.

Хлыновский:

— Тоқтат, тоқтат, атпа, атпа!.. Шегіну... мынау ойға төмен қарай,— деп бұйрық етіп, қамалған топтың алдын созып ықтай жөнелді.

— Шегіну, шегіну керек.

— Атыспау керек... кісі салып тоқтасу керек,— дей бастады...

Бірақ сол сөзді айтса да, ешқайсысы да тағат қыла алмай, ойға қарап жылдам-жылдам басып шұбырып, шегініп бара жатты.

Орындарында болыс, старшындар, Дәулетбақ, Жылыбайлар қалды. Кеңседегі барлық қағаз, список те жұртта қала берді. Тілмаш ұлықтарға еріп кетті.

Солдаттар қайта бұрылып бет қарай алмай, тегіс жаяу-жалпы күйінде жосып берді.

Ыбырай алғашқы мылтық даусы шыққанда үркектеп қалған жігіттердің барлығын, өзі бір солдатты жыққан соң ақырып айғай салып, қайта жиып алды.

Сол кезінде алғашында үркіп қалса да, артынан есін жиып алып, қайта келген жігіттер босып бара жатқан солдаттарды көріп:

— Енді қаптау керек, қапта! Қапта!— десіп, жартас тасасынан шығып ілгері қарай ұмытылуға айналып еді.

— Жоқ, қаптама! Қырылып қаласың; шаппа! Тоқта, шаппа,— деп, Ыбырай ақырып тоқтатып алды.

— Енді олар қашты, ешқайсысының аты жоқ, тегіс жаяу. Ұзаңқырай түссін. Қолдарында қару жоқ. Бос қы-

рыламысың? Әуелі мына кеңселерді басып ал. Содан кейін екі жарылып, екі жағынан қамап отырып, алыстан ұрыс саламыз. Қызынды... өңшең жаяу, қазір-ақ зәресі кетеді, енді қан шығармай қаруын аламыз,— деді.

Бұл сөздер бұл уақытқа шейін ақылы орнына түспей үркектеп, біресе шошынып қорқып, үркіп кетіп, біресе тасқындап ерекше батырсынып кетіп, бойын билей алмай тұрған топтың жүрегін орнықтырып, қанын салқындатқандай болды.

Жаяу топ қашқан бетінде тоқтамастан жарты шақырымдай жерге кетті. Мылтықтарын құр қайта-қайта шошайтқаны болмаса, атуды тегіс саябырлатып тоқтатқандай болды. Бірақ біржолата басылып қалды демесін деп, анда-санда кеңселерден асырып бір оқ, екі оқты ғана тауға таман жіберіп бара жатыр.

Ыбырай да қазіргі халде солар істегенді істеп тұрды. Аналар қанша атса, бұ да сонша атты. Баяғыдан машықтанған жігіттер мергендігінің арқасында қашып бара жатқан топтың артымен екі жақ жанынан бердеңкесінің оғын бүрк-бүрк түсірді де тұрды. Бұл оқтар оларды әдейі тықсырып қойып, ойдан төмен айдап бара жатқан оқ сияқты.

— Ку солай, ку, әзір кісісіне тигізбе! Бірақ артқы топтың дәл өкшесінің түбінен түсіріп ат!— деп, қасында өзімен бірге кезек атып тұрған жігіті Қасенге қайта-қайта ақыл айтып тұрды.

Осы атыспен, оқпен арбасып Ыбырай тобы тұрғанда, өзге жігіттердің көпшілігі аттың басын екпіндетіп қоя беріп, кеңселерге келіп, үйіліп түсіп топырлап жатты.

Солдаттар қашқанда, анырып тұрып қалған қатындар тобы да осы кезде кеңселерге жетіп еді. Шауып келіп жатқан жігіттердің кейбірі жер тарпыған ашумен тігулі тұрған үйлерді сойылдап өтті.

Ұлыққа көрсеткен айдын ба, болмаса қыжылдаған кектің әлдебір шығыс іздеп құр қарбандап сасқаны ма, әйтеуір, қазақ ашуының бір алуан көрінісі осы болды. Алғашқы шапқылап келген топ ішінен екі-үш жігіт бос тұрған киіз үйлерді салып-салып өткенде, кейін келген топтың талайының сойыл, шоқпарлары бірнеше үйлерге жапыр-жұпыр тиді.

Бұлардың ішіне әлдекімнен қорқарын білмей әйтеуір бас паналап қашып тығылған болыс, старшындар, үйге тиген сойыл, өз бастарына тигендей болып, құр ес

кеткен үркектікпен алақ-жұлақ етіп, қолдарын көтеріп жасқанып, бастарын қорғай берді.

Аяғында топ есін жиып, көпшілік аттан түсіп, лаулап келіп үйдің ішіндегі қағаз, киім, көрпе-жастық, кілем, киізді көпіртіп шашып, пышақпен тілгілеп, тас талқанын шығарды. Бір жиырма-отыздай кісі список осы шығар деп қолдарына түскен кітап атаулыны дал-дал айырып жатты. Бұлардың көбі төрелердің жолда оқуға алған жазықсыз романдары еді. Списоктің өзін тауып алғандар да жаңағыны істеді. Будыраған қалың қағазды үлкен кітап бір сағаттың ішінде тілім-тілім, жапырақ-жарақ болып қолды-қолға шашылып кетті. Қатын-қалашпен араласып кеткен жарым-жарты жұрт ұлықтардың үйде қалған киім-кешегін жұлып-жұлып алысып, талқандап, тартысып, жеңін жең, бойын бойша, борша-борша қылып алып, дар-дар айырысып жатты. Дәулетбақ, Жылқыбайлар әлдеқашан бас амандап безіп шығып еді.

Бұл кезде солдат қарасы ұзап, шақырымнан қашық жерге кетіп қалды. Әлі шұбырып жылжып ойға қарай жосып барады...

Алдарында жатқан бір қалың жылқы бар еді. Соған қарай беттеді...

Осыны көріп алып, Ыбырай кеңселерге шауып келіп, айғайды салып жүріп, жігіттерді қайтадан атқа мінгізіп алды.

Бірақ жылқы ішіне барған солдаттардың бір-екеуі атқа мініп қалыпты. Солар қиялап, Алматыны бетке алып құлаш ұрып жосылтып жөнелді.

Алдындағы көп жылқыға тамам солдат қаптай жүргенде, өзге ешқайсысы ештеңе ұстай алмаса да, олардың арасындағы екі жырынды казак-орыс екі жарау айғырды ұстап алған. Соларға Хлыновский:

— Шап, Алматыға! Сүгетіде соғыс басталды. Қазак қырғын жасап жатыр деп айт. Тез жүз кісі, екі жүз кісі әскер жіберсін. Пулемет жіберсін,— дегенге ғана шамасы келді. Астына ат тиген казак-орыстар өзге сөзге қарамастан, ноқталап, жайдақ мінген айғырларын тебініп борбайлап шаба жөнелген.

Бұларды көрісімен ауылда атқа мінген жігіттердің жиырма-отызы қуып жөнелді.

Ыбырай:

— Жіберме! Екеуін де өлтір... ол хабаршы. Құтқару-

шы болмандар!— деп, өзі қалған қалың топты екі жа-рып, жаяу қашқындардың екі жағынан шығып алып, алыстан атыс салып бара жатты...

Осымен түн болғанға шейін қуып отырып, Асының ең төменгі ылдиына шейін айдап барып тастады. Бұл кезде солдаттар саны онға жетер-жетпес қана еді.

Өзгесін жолшыбай атқанын атып, атпағанын тобынан жырып алып қалып, сойылмен ұрып, жығып реттен шығарып тастаған. Ыбырай тобынан алғашқыдан басқа ешкім өлген де, жаралы да болған жоқ. Қорқақ төре Хлыновский бұрын өзі өз болып, қыр баласының мұндайлық ашулы жайын көрмегендіктен, енді бірде-бір кісісін өлтіріп алсақ, өзімізді тегіс қырғынға ұшыратар деп жолдастарына «дәлдеп атпа» деп әмір қылған. Жалғыз-ақ қысылған жерде ауыл жігіттерінің аттарын атып жығып отырды.

Ереуілшілер де «ұлыққа осы қылған да жетер» деп қалған топты түгел ұстап, түгел қыруға бекінбеді. «Арты жаман болар, ұлы қырғын болып кетер» десіп, тоңқаландай берген. Аяғы оларды тау-тасқа қуып шығарғанда, кеш батқан соң Ыбырай өз қолын бастап, қайта қайтқан. Жолшыбай оқ тиіп жаралы болған бес солдатты көрді. Қалғандары сойыл тиіп жығылғандар екен. Оларды тұтқын қылып, қаруларын алып елге келді.

Бұл кезде алғашқы Алматыға қашқан екеуді қуып кеткен жиырма кісі де келіп еді.

Бұлар былай шыққанда өзді-өзін байқапты, ішінде жалғыз бір бытыралы шитіден басқа мылтық жоқ екен. Сонымен бір солдатты атып өлтіріп, екіншісінің оғы көп, мылтығы сайлы болғандықтан ұстай алмай қалыпты. Түн болып кұтылып кетіпті.

Бұндағы жігіттер бастығы Ыбырай болып «қап-қап» десіп, сандарын соқты. Алматыға хабар кете барды. Енді ел бүгін істеген ісіне кәр, жаза күту керек. Соны ойлауға айналғанда ақыл сабасына жаңа ғана түскендей болып:

— Енді не де болса кету керек... ауа көшу керек, ұлықтар қырады...

— Қаша көшкеннен басқа не бар?— деп сол түні-ақ Асы тас-талқан болып, көшуге кіріскен. Бұлардың беті Қарқара... Содан арғысы беймәлім... Енді алдыңғы елде Қызылбөржіктің ісін істеп қамдана беру керек. Сондықтан Шырғанақтыдан шығып, Серікбай келіп жатқан

ауылға, таңертең ел тұрып жатқанда қос-қос айғырмен Асыдан түнде шығып шапқан, шапқыншы хабаршы да келіп жетіп еді.

VII

Серікбай тұрып үй іші жиылған соң, Ұзақтың үйіне шай жасалды. Ас үстінде жұрт бәрі әңгімеде еді.

Болып жатқан оқиғалардың жайынан әркім әр ал-уан сөздерге кетіп отырғанда, Ұзақ мұртынан ақырын жымып күліп:

— Осы ұлықтан айналса да болады-ау, әншейінде жырым-жырым болып жүрген Албан баласын шоқтай іріп, бір тілеудің жолына түгел қосып берген жоқ па?!

— «Ауыл иті ала болса да, бәрі көрсе, бірігер» деген, торып тұрған бәрі кімді кімге тықпас дейсің,— деді Жәмеңке.

— Тек, жол болғай-ақ та, қызыл қарын жас баланың көз жасын, жаратқан не игей-ақ та!— деп Серікбай күрсінді.

— Көп тілеуі көл деген... жол болады! Несі бар... жол болған, міне, осы... Қызылбөрік не ғып отыр, естімедің бе?— деп, Тұрлығыжа Серікбайдың уайымана наразы пішінмен қарады.

Ұзақ алғашқы бір ойының соңында еді:

— Ақ патша тоз-тоз қылып әкетіп еді, құдайға шүкір, қартайған шағымда болса да, елдің бір әкенің баласындай жамырап табысқан күнін бір көрдік. Жалғыз арман: жас шағымызда кездеспеді, не керек!..

— Бәсе, соны айтсаңшы, біресе партия деп жұлысып, бірде ұлыққа пара беруге таласып, итшілеп жүріп күн өткізіп, енді мына күнге келгенде өлімтігін сүйреген бір кураған шал болып отырмыз,— деп, Жәмеңке арманды жалынмен «аһ» деп күрсініп алды.

— Шіркін-ай десеңші, батырдың баяғы жирен оязды сайлау үстінде, шарай топтың көзінше, қақ басқа қамшымен салған жалынды, жас шағы болса...— деп, Тұрлығыжа шалдар арманын барынша ұққандай болды.

Бұның айтқан сөзі Ұзақтың осыдан он-он бес жыл бұрын істеген ісі еді. Жирен ояз ел партиясының үстінде: «Атаған кісінді сайлаймын» деп, Ұзақтан атақты сары жорға атты алып, дәл сайлауда қарсы жақтың ша-

рын асырып жіберіп, батырды алдауға айналған. Сонда Ұзақ топ алдына шығып келіп:

— Олай болса, кеше параға алған атымды бер, көзіңді...— деп келіп, қамшымен бастан тартып жіберіп, белдеудегі атын шешкізіп алып жүріп кеткен.

Бұл әңгімені Тұрлығожа қозғағанда Ұзақтың бұрынғы күндегі талай-талай істері есіне түсті.

— Ол бір тепсем темір үзбеймін бе деп, екі иінді жұлып жеп, құтырып жүрген тентек заман еді ғой... талай ұлықты талай жерде ит қылып едік. Бірақ соның бір де бірі берекелі іс емес, керегі не? Жұлқыласып, сілкілескенің ылғи өз бауырың, өз Албаның. Соны жеңдім дегенге мәз болып, сандалып адасып өттік.

— Ер болсам, осы мына істі сонда істесем етті дейсің ғой. Рас, рас... арман-ақ, арман-ақ,— деді Жәмеңке.

— Киіз туырлықты қазақтың бүгінгідей ынтымақ тілегі қосылып, ел болам деп ту көтерген, ұран салған бір күнін көре алмай өттік. Енді міне, сойған қойдай бұзып-жарып, он екі жілікке бөліп боршалап тастаған заманда шығып, біз де кісі болдық дейміз. Мақтанар, жұбанар жері бар ма?

— Мынауың арман, батыр. Шын жақсының арманы осы-ақ тағы — деп, Тұрлығожа сүйсінгеннен көзі жасаурағандай болды.

Жәмеңке Ұзақ сөзінің сарынына бой ұрып, өз ішінен де сол арманды молынан тауып, жолдасының сөзіне қатты ойланулы еді.

— Е, е, рас, рас — деп, басын изеп отырып.

— Бар дәуренің желдей есіп берекесіз өткені рас. Енді жанар отың сөнген шақта, жақсылық қылдың не, жаманшылық қылдың не,— деп, біраз үндемей отырып,— «бұрын батыр болсаң да, сенің басың бұл күнде жерде жатқан қу тезек» депті-ау баяғының бір қызы... бүгінгі біз сол дағы...

— Неге олай дейсіз?— деді Серікбай, кәрі жолдастарын аяғандай болып Жәмеңкеге ажырайып қарап.— Неге дәурен өтсін, мынандай тілеу үстінде арман бола ма екен?! Жақсылық қылсаң, қай кезде де оның аты жақсылық емес пе? Тақ осы өткелде не көрсең де өлер шағында абыройың әулие шоқыдай аспанмен тілдесіп өлмейсің бе, тәйірі деген.

— Бәсе, арман бұл күнде жоқ, кетті,— деп, Тұрлы-

рожа көтеріліп алып сөйлеуге айналғанда, Ұзақ жақтырмағандай болып, қабағын түксітіп:

— Ие, айтарсың, айтарсың!— деді.

Дәл соя кезде тыстан Айтбай жүгіріп келіп:

— Ойбай, не ғып отырсыңдар, солдат айналаны қамап алды!— деді. Жұрт тұтқиыл хабардан сескеніп, үрпиісіп анырып қалды.

Ұзақ кесесін төдкере салып:

— Қап, қап,— деді.

— Осы жиыннан құтылуға шамаң келгенің құтылып бақ енді. Не отырыс бар, тұр!— деп, Жәмеңкеге ақырып жіберді. Сол кезде ауыл айналасында мылтық тарс-тұрс атылып қалды. Жұрт қамданып тұрғанша он шақты солдат қылыш, алтыатарларын жалаңаштап алып, үйге кіріп-кіріп келді.

Ауыл айналасында тағы жиырмадай солдат тұр еді.

Үй ішіндегі барлық жұртты тысқа алып шығып, жәрмеңкеге қарай тай-тулаққа мінгізіп алып жөнелді. Ауылдан бір кісіні шетке шығармады. Бұл топтан ешбір жан қашып құтыла алған жоқ.

Албанның барлық бас көтерген, қарсылық ойлаған басшысын бір-ақ жерден үйіп-төгіп жинап алып, баудай тізіп, жәрмеңкеге әкеп қамап тастады.

Кешегі күн Асыда болған оқиға, бүгін таңертең жәрмеңке басындағы ұлықтарға да мәлім болып еді. Бұл хабарды Алматыдан шығып, кеше түсте Асыны басып жүрген саудагер жүргіншілер әкелген. Олар не оқиға болғанын бірен-саран кісіден естіп алып, бұл жерге кідірместен ілгерілеп жүріп кеткен. Бұлар ішінде Есік, Түргеннің жәрмеңкеге қарай келе жатқан екі-үш казак-орысы бар еді. Солар Асыдан шығып, кезең асып алған соң, өзге саудагерлерден жырылып алып, бөгелместей шапқан-ды. Ішінара қазақтың ашуынан үркектеп қорқу да бар еді.

Бұлар таңертең ерте келіп, ұйқыда жатқан таныс урядникті оятып алып, кеше болған оқиғаны мәлім еткен. Содан кейін жарты сағаттың ішінде жәрмеңке басындағылар: ұлығынан бастап, солдаттарына шейін оқиғадан хабарланған. Тегіс асығып, хабарласып, әскери кеңестер жасап, үрпиіп қамданып, дайындалып алған.

Ақжелке бұл уақытқа шейін де қамсыз емес еді. Ол алғашқы жиында елге басшылық еткен кісілердің бар сөзі мен барлық істеп жүрген істерін Қарақол арқылы

Алматыға білдірген. Жарлық күткен. Оның үстіне Қарақолдағы өзінен үлкен ұлықтардан қырғыз ішінде, өзге қазақтар арасында не болып жатқаны туралы, жәрмеңке басында қандай қамдар істеу туралы да кеңес беріп, бұйрық істеулерін сұраған-ды.

Сол алғашқы кеткен шапқыншылардан бері қарай Қарақол, Қарқараның арасында екі жақтың тілшісі кезек-кезек дамыл алмай жүріп тұрды.

Соңғы күндерде Қарақол: «Қырғыз көтерілісі молайды. Нағыз үлкен ереуілге айналды. Бұзықтар, қанішерлер қаптап кетті. Қалың ел бұзықтыққа бет қойды. Енді казак-орыстың ұсақ қалалары қамсыз отыруға болмайды. Қазақ ортасында оқшау отырған қалаларға хауіп зор. Тезінен солардың жігіттерін жиып қаруландыру керек. Қазақ қолына қару түсірмеуді ескеріндер. Қару түгія темір сайманнан да ештеңе қазаққа берілмейтін болсын. Қазақтың атын да тағаламасын. Жәрмеңке басына жүз-жүз елуден әскер жасап, соны ұдайы таратпай сақтаңдар. Солдаттар казак-орыс қалаларынан алынсын. Хабарды үзбендер, ереуіл басшылары не істеп жатыр. Ел ішінен хабар беретін сенімді кісілердің санын көбейтіндер. Тыным тапқызбай жүргізіп, хабарланып тұрыңдар.

Елді бүлдіріп жүрген кісілер жақында тегіс ұсталып, жазасын тартады. Солардың тізімін тізе беріңдер. Алматыдан жарлық күтіп тұрмыз. Ол хабар жақында келеді деген сияқты талай-талай жарлық үсті-үстіне келіп жатқан.

Бұл осыдан бір жұма бұрын келген тілшілердің хабары еді.

Осы айтқанның барлығын Ақжелке ойдағыдай қылып орындап тұрған, маңайдағы Жалаңаш, Нарынқол, Саржаз сияқты ұсақ қалалардың жігіт атаулысы шұбап келіп, ықтиярлы әскердің тобын құраған. Көбіне мылтық, қару жетпей, алынбай қалғаны да бар-ды. Қазірде жәрмеңкенің жүздей қарулы солдаты бар. Араларында жауыға өршеленіп, құлшынып, тісін басып тұрған старосталар, көрші елдермен жерге таласып жүретін жуан байлар да бар-ды. Барлық әскерге осылардың жайған ұш бар. Сондықтан жәрмеңкедегі Ақжелке әскері асығып іс күтіп, қазақ ауылдарына ойран салып, шауып-шайшатын кезін мейрам күніндей күтулі еді. Жәрмеңкенің қолына ұстаған қара қайрат несі, қаруы осы болса,

бұдан басқа астыртын жүріп, жайлау-жайлаудан жіңішкелеп, жансыз хабар жеткізіп жатқан тілшілері де бар. Бұл екінші түрлі құрал болатын.

Бірақ осы соңғының саны көп емес, хабары да анық, толық дәлді емес. Бар міндетті атқарып жүрген бір ғана Рақымбай. Не хабар келсе, сол арқылы келеді. Әр жерге кісі жібертіп, жұрттың не айтып, не істеп жүргенін елеусіз болып отырып тындатып, сосын соның бәрін Рақымбай өзі қорытып, астыртын келіп Ақжелкеге айтып кетіп тұратын.

Осы халмен күннен күн артқан сайын оқиғаның өсуін, өршүін тілеп, Ұзақ, Жәрмеңкелерді ұстап қалмайтын сағатын қазіргі өмірінің мақсатындай көріп, құлшынып жүрген ұлықтарға кеше кешке Қарақолдан келген хабаршы көңілдегідей жақсы бұйрық әкеліп еді.

Бұл ұлықтар басында көп уақытқа шейін қазақтың қозғалысынан, жыбырынан шошынып қорқып, сасқалақтап келсе де, аяғында төрт-бес күнпен бері маңдарына жиып алған әскерлері жүзге жеткен соң, белдері көтеріліп, енді семізденіп, шертие бастаған. Алғашқы қорыққан күндерін еске алмауға тырысып, сондағы қорқыттың ықтырған ел басшыларын енді аяспайтын мың да бір жауы қылып алып еді.

Әлі де қорку, іштей сескеніп шошу жоқ емес. Бірақ сөйтсе де бірден жоғарыдан келген бұйрыққа сүйеніп, екінші қолда дайын тұрған қарулы әскерге сүйеніп, біраз іс істеп көруге болады.

Сол күйдің үстіне кеше кеште келген бұйрықта: «қырғыз бүлігішілігі асқындап кетті. Бұл дерт өзгелерге де жайылып кетуі қиын емес, жігіт бермеймін деп отырған қазақ та қосылуы мүмкін. Сол істі істетпей, оқиғаның алдын алу үшін енді тезінен Албан руының басшыларын абақтыға алу керек. Бұрынғы өздерің көрсеткен список бойынша, екінші сол күнгі жиынға басшылық қылған он жеті кісі тегіс ұсталсын»,— деген.

Хабар кешке келсе де, түні бойы кім-кімді, қалай-қалай, қай-қай кезде ұстау туралы кеңестер болып, түн ортасында сөз байланып еді. Осы халдың үстіне таңертең Асы оқиғасының дақбырты жетті. Ол шошыта, қорқыта келді. Бұрын жүректері орнына түсіп, қайтадан белі көтеріліп асқақтай бастаған ұлықтар ұйқысынан оянған жерде мына сұмдықты естігенде тағы да біраз уақытқа шейін жүні жығылып, есі шығып қалып еді.

Осы халдың үстіне ерте таңертең Рақымбай салып жетіп келді. Ол Қабанды қарағайдағы бір ниеттес жақын ауылына қонып шығып, таңертең жәрмеңкеге келе жатып, Таңбалы таста отырған ауылдың айналасында арқанда жүрген көп атты және белдеуде де байлаулы тұрған бірнеше ерттеулі аттарды көріп еді. Бұлардың бәрінің де үсті айғыз-айғыз болған тер. Ашығып қатып қалған екен. Түн бойы салынып қиналып келген түстері бар. Арасында жалы төгіліп, бүгіліп тұрған айғырлар да бар. Қызылбөрік таңбасы.

Белдеудегі аттардың ішінен Серікбайдың қызыл жорға атын да таныған. Осымен ауылды жағалап жансыздап өтіп бара жатып, қасындағы жалғыз жігіт жолдасын жіберіп, дөң басында жүрген бір шалдан ауылдағы кісілердің кім екенін жансыздап сұратқан-ды.

Аңқау шал Рақымбайдың да, жігітінің де ниетінен түк білмейтін шалалық, жадағайлықпен естіп-білген әңгімесінің бәрін айтқан.

— Келіп жатқан Серікбай, Тұрлығожа, Жәменкелер. Түнде шақырумен келген. Кеңес болмақ. Ұлыққа енді не істейміз десіп, ақылдаспақшы. Оның үстіне Асыда қырғын болыпты. Содан келген шапқыншы да бар. Анау екі айғыр соныкі,— деп, Таңбалы тастың бар сырын ажарлап, өңдеп айтып берген.

Жолдасы шал әңгімесіне бөгелген соң, Рақымбайдың өзі де шалдың қасына сәлем беріп келіп, бар әңгімені бастан аяқ қайта-қайта сұрап, қанып алып еді.

Сол бетпен келіп Ақжелкеге:

— Албанның барлық басшысы Таңбалы таста жиылып жатыр,— деп, естіген-білгенін баяндаған,

Содан кейін ұлықтар тез кеңесіп:

— Енді тосуға болмайды. Іс істеу үшін ең қолайлы сағат осы. Таңбалы таста басшыларынан басқа жай адам жоқ. Осыларды тез барып тізіп алса, қалған ел быт-шыт болады.

— Енді тосу жетті. Асы хабары естілген соң, ел тағы да желігеді.

— Бәсе, енді оқиғаның алдын алу керек. Ең қолайлы шарттың бәрі осы сағатта жақсы үйлесіп келіп тұр. Қазір әскер жіберіп, мыналарды абақтыға алу керек,— деп, Ақжелке сөздерін тергеуші қостаған. Урядник, приставқа екпін берген.

Бұл кеңес ұзаққа созылған жоқ. Сонымен азғантай

бөгелген соң, урядник қасына отыз солдатты ертіп алып, Таңбалы тасқа келіп, жоғарыда айтылған істі істеген.

«Албанның бар басшысын Таңбалы таста ұстап алып, жәрмеңкеге әкеп қамапты» деген хабар түс кезінде жәрмеңке айналасындағы жайлау-жайлаудың бәріне де жетті. Бірді жылатып, бірді қайғымен күрсіндіріп, солдырып, тамам елді қабағын түсіріп үркіткендей болып, тез шарлап жайылып кетті. Басшыларынан бір сәттің ішінде айырылып қалған ру-рудың барлығы да көзге қамшы тигендей есеңгіреп, жасып қалды. Не қыларды білмей қамалып, ұйлығып сасқан құр қарбалас. Құр қайта-қайта айта берген уайым бар-ды. Үлкен-кіші түгелімен жалғыз ғана қарғысқа сүйеніп:

— Тілеуің құрсын, көзің ашылмасын?

— Уа, қырғын тап, өртеніп өд, атың өшсін!..— деп, барлық ел түгелімен күңіреніп, нәлет айтуда еді.

Бірақ бұл ең алғашқы сағаттар болатын. Аздан соң елдің ақылы орнына түсіп, бір жарынан Асының көтерілісін естіп, қайтадан біріндеп қайрат жиып, екпіндеп тіл шығарып, арлы-берлі қозғалып қоздана бастады.

Бұл күні бойына есі жиылған елдің барлығы: «Әнеугідей қаптап жәрмеңкеге барамыз. Кісімізді сұраймыз, олар жазықты емес, жалпақ ел жазықты. Қылатып болсаң, осы елдің бәріне қыл дейміз...»— деп, қайта лаулады.

Жайлау-жайлаудың асығыста тапқан ақылы осы еді. Сондықтан топ-топ болып, жан-жақтан жәрмеңке басына қарай тағы да бөрікті Албан ағыла бастады.

Бірақ бүгінгі жиын энеугі жиын емес. Қанша айтқанмен, ондайлық көбейе алмады. Бірен-саран жайлауда:

— Жауап алып, босатар. Әуелі байқайық... қайтер екен.

— Өздерінен де тіл келмес пе екен?— дескен шабаңдық та болды. Және жәрмеңке маңына келген елдер алдын ала бірімен бірі тілдесіп, «е» десіп аттанған емес. Сондықтан әр жайлаудың кісілері әр бөлек топ болып, әр кезде келіп, өзгелермен бастары құрала да алмады.

Тобы жиын Дөңгелек саз еді. Бұдан Қарқараға қарай шыққан үш жүздей кісі болатын. Басшысы: Әубәкір, Баймағамбет, Жансейіт еді. Ұзақ ауылында болған кісілерден жалғыз аман шыққан Баймағамбет болатын. Оны таңертең тұрған соң Серікбай Ақбейітке бір жұмыс-

қа жұмсап жіберген-ді. Сонымен солдаттар келгенде ауылда болмай аман қалған.

Ұзақ ауылына келіп, жат хабарды жылап-шулаған қатын-қалаштан естісімен, бұл құйындатып, шапқылап отырып *Дөңгелек* сазға жеткізіп, содан Әубәкірге бастатып, екі жүздегі кісі болып, жәрмеңкеге беттеген.

Бұлар желе шауып Қарқараға қарай құлағанда маңайда әр жерде шашырап жүрген бірнеше бөлек-бөлек топтар қосылған. Сонымен жиыны үш жүзге жақын қалың топ болып, жәрмеңкеге жақындап қалып еді.

Алдарынан шауып-шауып отыз-қырықтай қарулы солдат шықты. Бұлар ел кісілерін жәрмеңкеге әкелгеннен бері қарай маңайдағы жайлаудан келе жатқан кісілердің барлығын, жәрмеңке басына жібермей кейін қайтарып:

— Ол кісілерден жауап қана алынады. Бүгін сауда жоқ. Жәрмеңке басында сендер істейтін іс жоқ. Қайтындар, тарандар,— деп қайтарып жатқан. Түстен бері жазықтың әр жерінде ұйлыққан топтың көпшілігін осылай деп таратып та жібергендері болған.

Әубәкірлерге де соны кеп айтты, тарандар деді.

Бұл сөзге Әубәкір:

— Біз елдің жіберген елшісіміз, кісіміздің жайын сұраймыз. Ел атынан арыз айтамыз. Жібер бізді!— дегенде, солдат ішінде тұрған қазақшаға жүйрік казак орыс:

— Арызды бұндай көп кісі айтпайды. Бәрің бірдей бармайсың. Елдің бәрі қайтып жатыр. Қайтындар!— деп тағы айтты.

— Біз кісімізді көріп, ұлыққа тілдесіп қайтамыз. Ол кісілерде жазық жоқ. Мына ел жазықты, соны айтамыз. Бізді босатасындар... босатасындар!

— Жіберіндер!

— Арыз айтамыз... жібер бізді,— деп, Әубәкір сөзін қостап көп дауыстар дабырлап қоя берді. Ел кісісі ептеп солдаттан өтіп, жылжуға да айналды. Сол кезде солдаттардың бастығы ақырып:

— Қайт кейін, біз сендерді жібермейміз... ұлықтар жіберуге бұйырған жоқ,— деді.

Әубәкір елдің алдына тепсініп шығып, ашулы дауыспен:

— Неге бұйырған жоқ? Ел арызын тындамайтын

қайдан шыққан ұлық?!— дегенде, бастық орыс Әубәкірге қарап бір есеп ойлағандай болып тұрып:

— Олай болса, бәрің бармайсың, екі кісі басшы шығар. Солар сөйлесіп қайтады. Соған міне, сен жүр,— деп, Әубәкірге нұсқады.

— Барамын, мен-ақ барамын...— деп, Әубәкір атын тебініп ілгері шықты. Қасына Қартбайды ел қосты.

Сонымен екеуін ертіп солдаттың бастығы кетіп қалды.

Қалғандарға: «Қайтыңдар, кейін шегініңдер. Кісілерің келеді, босатылады» деп, алдап-сулап тұрып солдаттар кейін жылжытып, жәрмеңкеден ұзатып әкетіп бара жатты.

Әубәкір келгенде Ақжелке мен тергеуші түскі тамақтарын ішіп алып, қызара бөртеп кеңесіп отыр еді.

Жәрмеңкеге кіргенде Әубәкір көшеде Оспанды көрді. Оған жүріп ұлыққа айтатын сөзімізді жеткіз демекші еді, бірақ тілмаш солдаттар әкеле жатқан Әубәкірді көріп теріс айналып, мойнын бұрмай жалтарып кетті.

Жотасын беріп, қашқалақтап бара жатқан Оспанға Әубәкір айғайлап:

— Қашып барасың ғой! Жарайды, бар, бар... сен сияқты шіріген жұмыртқа қайда қалмаған!— деді. Оспан естімеген кісі болып, мойнын ішіне алып, көзін жерден көтерместен бұрылып кетті.

Ұлықтар Әубәкір сөзін тыңдаған жоқ. Арызын ауызға қағып айтқызбаймын десе де, Әубәкір іркілместен жарыса сөйлеп айтып жатты. Бірақ ұлық бұны елеген жоқ, құлағын салып тыңдап ұққысы да келген жоқ. Әубәкірге қарсы дау сабап, зіркілдеп ашуланып, тақтай теуіп, зәр шашып:

— Сен болыссың, патшаны, ұлықты ұмыттың. Өзіне тапсырылған міндетті, қызметті тастадың. Сенен бұзық кісі жоқ!— деді.

Әубәкір сасқан жоқ.

— Бұзық сенен өтіп маған келген жоқ. Жеп қоям дейтін шығарсың. Құдай-ақ та. Жазығым болса, бұзық болармын. Жазықсыз кісіге түк те қылмассың,— деп әншейіндегі айғайлап сөйлейтін даусына салып, көзі қанталап сұрланып кетті.

Бірақ соңғы жауабынан соң ұлық сөзді доғарды да, жанында тұрған солдаттарға:

— Мынаны да апарып жав!— деді. Содан кейін Әубәкірдің анау-мынауына қарамастан, тындамастан, өзгелерді қамаған үйге апарып жауып тастады.

VIII

Бүгінгі күн осындай үлкен істерді істеп тастап, көптен асығып қамданған қаракетіне мықтап кіріссе де, жәрмеңке ұлығында «ел қайтеді» деп жалақтаған күдік те бар еді.

Күні бойы жәрмеңкеге жайлау-жайлаудан дамылсыз шұбай берген ел сол күдікті молайтып, сестендіргендей болды.

Сондықтан ұлықтар кеңесі бүгін түнде бірнеше кісіні Қарақолға жіберуге байлады.

Түн болды. Абақтыдағыларға урядник келіп:

— Сендерді жапқызған Қарақолдан келген бұйрық. Сонда бірталайыңнан жауап алады. Соған Жәмеңке, Ұзақ, Әубәкір деп санап, он шақты кісінің атын атады да,— осылар қазір Қарақолға жүресіндер. Сонда жауап бересіндер,— деп, аталған тізім бойынша топ кісіні алып шықты. Бұлар тысқа шыққанда Қарақолға алып баратын айдауыл солдаттары мен ат, арба дайын тұр екен. Мінгізіп алып түн ішінде Қарақолға алып жүріп кетті.

Жәрмеңкенің абақтысына әкеп тобымен қамағаннан бері қарай, Ұзақтар ұлықтың да, солдаттың да ажарын әбден байқап, танығандай болып еді, бұлар бұрынғы ат алып, ақша алып, жемсауын толтырғаннан кейін жуасып, жорғалап кететін әдетінен айрылған. Ондағысын ұмытқан сияқты. Әлденендей ниетпен тығылып, түйілгендей.

Сол ажарын көріп Жәмеңке:

— Мына кәпірлердің сұрқы бұзылған екен. Мен күдер үздім. Еркек тоқты құрбандық деп еді. Бізге не қылса о қылсын, тек ел аман болсын,— деп еді.

Манындағы жолдастарының бәрі де бұл сөзді естігенде үндемеген. Бәрінің де ішінде үлкен күдік ұялап қалғандай.

Сыртпенен қатынастары болған жоқ. Өзара да көп сөйлестірмей, көп солдат қамап, андып бағып тұрды.

Сонда бірер әрідікте Ұзақ, Жәмеңке, Серікбай болып күңкілдескенде:

— Енді не де болса, ел тізесін айырмасың, жігін жаз-

бай, қасарысып көрсін. Сыртқа тіл қатуға болса, сол сәлемді айтысайық,— деп байласқан-ды.

Бұл байлау абақтыдағылардың аласыз бір ниетпен, зор ашумен нық байлаған байлау еді.

Осымен кешті күткендей еді. Үстеріне Әубәкір келгенде бұлар томсарып қана қарсы алды. Босаңсып, үркіскен жоқ. Жалғыз-ақ Қартбай Әубәкірді абақтыға шейін шығарып салып, Әубәкірді қамап келе жатқан солдаттардың нығынан абақты ішінде отырған Тұрлығожаның басын ғана көргенде, Тұрлығожа:

— Елге сәлем айт. Берекесінен, ынтымағынан айырылмасын. Сескеңбесін,— деп қана қалған.

Одан арғы сөзін естіртпей, солдаттар Қартбайды қуып жіберген.

Осы халмен түн болғанға шейін отырғанда абақтыдағылар өздеріне ұлықтың не істейтінін біле алмай, томаға тұйық күйде келіп еді.

Қас қарайғанда урядник келіп Қарақолға жүресін деп он шақты кісіні алып шыққанда, бұлар артында қалып бара жатқандарға қайта-қайта: «Қош... қош... құдай аман-есен көрісуге жазсын. Аруақ жар болсын...» деген сөздерді ғана айтысып шырып кетті.

Абақты іші қайтадан жым-жырт болып, тоңазып, жетімсіреп түнеріп қалды.

Қартбай абақтыға түспей аман қалған соң бұл күні жәрмеңке басынан кетпеуге бекініп Самұратқа келіп, соның үйінен абақтыдағылар туралы ұзын ырға хабар алып отыр еді.

Аяғында түнде Ұзақтарды жүргізгелі жатыр екен деген хабарды естісімен атына міне сала Дөңгелек сазға шапты.

Ендігі мұның ниеті түн бойы қолға түскен жігіттерімен Қарақол жолына жетіп, тау ішінде айдалған кісілерін соғысып айырып алып қалмақ еді. Осы байлауды айдалғандарға естірте алмады. Бірақ Самұрат екеуі болып сөйлескенде асығыста тапқан ақыл осы ғана болған.

Жазалыларды Қарақолға жеткізетін айдауыл Қарқара жазығының жым-жырт түнін сара тіліп, салдырлаған арба, сатырлаған қарумен дабыл қағып жөнеле берді.

Пар-пардан жегілген семіз жарау аттар тығыз бұйрықтың қыспағымен тоқтаусыз жортып, сар желдіп кейде шауып, асығыс тартып келеді. Қарқараның Қарақолға

қарай беттеген жағы көпке шейін созылатын көгалды жазық болатын. Жиырма-отыз шақырымдай жер жүрген соң ғана Алатаудың қырғызға қараған бет бөктеріне барып ілінеді. Тақыр жолда асығып шапқан көп аттың дүбірімен бірге темір қару-жарақ та сатырсұтыр қағады. Айдауыл дамыл алмай, тыным таппай жортады.

Осыдан озамын деген шапшандықпен Қарқарадан шығып, жолдағы Көктөбе елін хабарландырып, Дөңгелек сазды қыдыра шарлап, жігіт атаулыны дүркіретіп Қартбай да шауып еді.

Бірақ бұрын түн баласында аттарын арқаннан шығармайтын бозбала, ер азамат бүгін әлденеден қамсыз, дайынсыз қалыпты. Жәрменкеден түнделетіп келген асығыс бұйрық, тығыз хабар көпшілікті қамсыз күйінде тапты.

Тәртіпке, реттілікке ысылып көрмеген жайлаулар бүгін түн ішінде ешбір жаманат күтпей, салақсып қалған өкен. Сонда да ауыл басы сайын екі-үштен ат табылып, дайын атқа дайын жігіттер де мініп қалып еді.

Жайлау қолы жүз шамалы кісі болып, қамданып жиылып алып, бастығы Баймағамбет, Жансейіт, Қартбай болып Қарақол жолын кесіп аламыз деп аруақтап, Шырғанақтыны бөктерлеп, оңтүстік пен күн шығыстың орталығына таман ат қойып шаба жөнелген кезде, жаздың қысқа таңы қылаңдап, сызылып атып келе жатқан уақыт болып еді.

Бүгінгі ниеттің жолында атын да, қаруын да, жанын да құрбан қылатындай екпіні бар жүз жігіт екшеліп, жалындап шыққанмен, бұлар ойлаған мақсат іске аспайтын болды. Кешігіп қалды, Айдауыл жай жүретін шығар деп мөлшерлеп еді олай болмады.

Іркілместен шапқылап отырып, болдырғанын жолға тастап, ешнәрсеге алаңдамай, бөгелмей, Алатаудың бөктеріндегі қара жолға алдыңғы Баймағамбет, Жансейіт бастаған топ келіп қиып түскенде, бұлардың саны алпыс, жетпістей еді. Өзгелер бөлек-бөлек шоғыр болып, арттарында үздік-создық болып келе жатқан. Жолға жеткен соң алдыңғы көп азғана талас қылып тер басып, қаржалып қалған аттарын арлы-берлі аяндатып, артын тосып жүргенде, Қарақолдан түн қатып келе жатқан үш арбалы ұйғыр келіп жетті.

Арбакештердің хабары Дөңгелек саз жігіттерінің жүрісі құр арам тер екенін білдірді.

Қазір күн ұлы сәскеге жақындап қалды. Ұйғырларға түн ортасында тау ішінде жолыққан жүргіншілер бұл кезде Қарақолға жетпесе де жақындап қалатын кез болыпты.

«Қап-қап» деген жалынды арман үйіліп қалған қалың топтың аузынан дүркін-дүркін шықты.

Жігіттер енді қайда барарын, не қыларын біле алмай ұйлығып, сандалып қала берді.

— Енді ең болмаса, жәрмеңке басында қалғанына ара түсейік. Солардан тіл-хат алайық,— деп, Баймағамбет бірдеме айтты.

— Қамсыздық түбімізге жетті ғой... кетті ғой есіл ерлер.

— Кімді енді басшы қыларсың? Кім тұлға болады?— дегендей өкінішпен қосылған шын үлкен күдік белгісі де білінді. Ақыры Жансейіт, Баймағамбет көпшілікті:

— Енді жасымайық. Жүніміз жығылмасын. Тобымызды жазбайық. Қамсыз боламыз деп көрерміз не көрсек те. Жігіт атаулы бұдан былай күндіз-түн демей дайындықта болсын. Хабар күтейік. Жәрмеңкенің ұлығын қысайық. Тіпті болмаса, мына басшылардан жаманат хабар келетін болса, анау-мынауды қойып, осы жәрмеңкені басып алайық. Ең болмаса, қалғанын арашалап қалайық. Қару алайық,— деген сөздерді айтты. Осы сөз байлау сияқты көрініп, бүгінгі жолсыз жүрген көпшілікке уақытша болса да жұбаныш болатын сияқтанды.

Сонымен бұл топ қайтадан Дөңгелек сазға қайтты.

Бұл кезде, дәл ұлы сәске уақытында жазалыларды алып қашқан айдауыл Қарақолға кіріп еді.

Жартасты қалың таудың қойнына тығылған кішілеу қала соңғы күндерде өзі өз болып көрмеген ерекше күйлерді басынан атқарып тұр еді.

Бұл қала соңғы сағатына шейін кекшіл, мықты, ер қырғыздың ашуының астында ұдайы сескеніп, шошынып тұрған.

Өз ішінде өз күшіне сене алмаған қауіп күдікпен басқа бұған айналадағы крестьян, казак-орыстың ұсақ қалашықтарынан жетім-жесір болып, босып келе қатқан қатын-қалаш, бала-шаға, кәрі-құртаңның үркіндісі де үлкен құбыжықтың белгісін көрсеткендей болатын.

Келгендердің барлығының қалалары ойран болған, малдары таланған, егіндіктері өртелген. Шабылған ұсақ қалалардың көпшілігінде қорқырап аққан адам қаны. Жақын, жан ашырының қанын көрген де бар. Бастарына жесірлік, жетімдік келіп, қорғаны, еркегінен айрылғаны да бар. Не қылса да талай жылдан бері үндемей жамдай қатып, мелшиіп тұрған қарлы Алатау, мылқау тас соңғы күндерде шат-шаты, қойын-қоншы, құз-құзынан ашулы кектің отын шашқандай болып тұр. Талай жылғы патшалық ұлықтың арамға былғанған саясаты көптен бергі жайып келе жатқан уымен тау қойнын тоздырып шапқа түртіп тулатып алып, енді сол кесірінің салдарын көрші отырған еңбекші елдердің арасына араздық оты сияқты қылып, шығарып тұр.

Қырғыз ауылын крестьян, казак-орыс шапса, бұлардың қаласын өртеп, ер азаматын, тірі жанын қырғыз кескілеп қинап, бостырып тұр.

Жайын тау, жайын суық араздық сырын ашты.

Қарақол айналасы қан сасығандай адамның өлексе жемтігіне толып барады. Түн асқан сайын ауданы кеңіп, бүліншілік орны лаулап келеді. Жады, тылсым буған меңіреу суық тас енді ұлы құздан жер сілкінгендей күтірлеп құлап, дүниені басына көшіріп асыр салып жатыр.

Осы халдың үстінде Қарақолға ертелі-кеш қорған іздеп, қашып-босып келіп жатқан мұжық арбаларымен қатар, ертеңді-кеш маңайындағы қырғыз, қазақтан қолға түскен «айыптылар да» арба-арба болып келіп, абақты алдына төгіліп жатқанды.

Бірақ кішкене қаланың кішкене абақтысы ақырзаман болғанда жер дүниесі бір өзінің ішіне сыйғызатын тарының қауызындай болып, күндіз-түні топырлаған адам бұлағы өз ішіне сыйғызып сіміріп жатыр. Обырдай обып, үнін шығармай жұтып тұр. Түн асса, абақты іші кеңейіп қалады.

Оның есебіне қала маңындағы қиын шат, ұры сайлар қазақ, қырғыз ереуілшілерінің жемтігіне толады. Қасқыр, суыр, борсықтар, шаңқылдақ сары, тазқара, ала қарға, құзғындар сияқты аспан мен жер тағысы түгел мерекеді. Неше алуан тілмен қуанышты жиын қаракөз, жыл жүздерден түстік жейді.

Кешегі бір болымсыз тыныштық, амандық күнінде ата-анасы үйіріліп айналған алма бет, бүгінгі күнде піс-

тенген бір жапырақ ғт болып, жайын тісінің арасында жұлынып, сыдырылып асалып жатыр. Кезегіне ол сыбаға келмегендер өз бетімен шұбырып, суалып, таусылып барады. Бір кезде тіршілікті тілеп лүпілдеп сокқан жүрек те, өмірлік күйінен жаңылған. Үйіліп қатқан бір-ақ уыс қара қан ғана болып, о да жығылғанын, жеңілгенін мойнына алып тұр.

Осындай күймен айналасы адамның қан-жынына толған «қасап» қаласына жақындап келе жатқанда, арбадағы жазалылар әрбір сай жыраның жанынан өткенде жеңдерімен мұрнын басып, біріне-бірі ештеңе айтпаса да іштей шошынып сиынып өтті.

Келісімен бұларды да абақтыға қамады.

Бірақ көп кідіріп жайландырған жоқ. Белгісіздік халында екі-үш сағаттай уақыт өткен соң, дәл түс кезінде абақтыға әміршілер келіп: Ұзақ, Жәменке, Әубәкір үшеуің жауап бересіндер деп ертіп алып жөнелді.

Бұларды жауапқа шақырған Қарақолға келген ояз дәсті.

Бірақ кенсеге үшеуін үш солдат жалаңаштаған қылшыппен күзетіп алып келгенде, шақырушы жалғыз ол емес, қасында тағы бір үлкен төре бар екен. Ол Алматыдан келген әскери прокурор еді.

Ояз жазалылардың жайын мәлім етісімен, тергеуді сол бастады.

Жастау, семіз, зор сары ұлық дәрежеге, тоқтыққа семірген асқақ, есіріккі тәкаббар көрінеді.

Әйтсе де бұрын да іштерінен «неге болса да шыдадық» деп бекініп алған, одан бері жол бойында көп нәрсені көріп, естіп, абақтыда да бірен-саран қырғыздан өзгелердің көріп жатқандарын анықтап біліп алған жазалылар енді ұлықтың сырт ажарынан сескенетін, жасқанатын халде өткен сияқты еді.

Бұлар өздерін соншалық төменшіктеп жасыған, жазалы кісі сияқты көрсеткен жоқ. Келген жерде сыпайы, тәрбиелі қоңыр момын пішінмен тұрса да, бойларын еркін, кең ұстады. Ұлықтарға «кінәсізбін, зәріңнен қорқа алмаймын» дегендей сенімділікпен, үлкен салмақпен қарасты.

Тілаш бұларды білмейтін бір өзбек екен. Қазақша сөзді жақсы ұғынып, ұлық сұрағын қазақша түсінікті қылып аударды. Прокурор әуелі өзгелерден жасымен, ақ сақалды көрінісімен де өзгешерек сияктанып тұрған

Жәмеңкеге қарады да, алдымен содан жауап ала бастады.

Төре қолына қағаз, қарындаш ұстап отырып, алдымен аты-жөнін жасын, болысын, ауылнайын сұрады. Жәмеңке жолдан шаршап қажып келген кәрі жүзін әдеттегі түксиген суық қалпынан жазбастан, қасын анда-санда кекесінмен жыбырлатып тұрып, алғашқы сұрақтарға бір-бір ауыз сөзбен ең қысқа жауаптарын берді.

Жәмеңкенің ойында: ұлық жауап алды не, алмады не — бәрібір үстімізден келген жамандаулар жеткілікті болған. Жауапқа қарап бұл түзелмейді, сондықтан әншейін шиеленістірмес үшін ғана жауап айтқан болу керек. Жауап келелі ұзын сөз емес, әйтеуір бірдеме десе болар деп қана ойлап еді. Өз жауабын осылай бермекші еді.

Сол жайын аяғына шейін ойланып шығар-шықпастан ұлық:

— Елдерің жігіт бермеймін дегені рас па?

— Дегені рас.

— Ол сөзді елге кім үйретті, соны айт,— деген,— басшысы кім?

— Басшысы жоқ, жалпақ елдің өзі айтты, бұндай сөз үйретіндімен айтыла ма екен? Барлық Албан түгел бермеймін дейді. Соның бәрін бірдей кім оқытыпты.

— Неге бермеймін дейді?

— Ел: ұлық бізге әділетсіздік қылды. Жерімізді, суымызды алып, өзімізді шөлге тастап қамап, тауға қуып шығып отыр. Шығынын, алымын алып отырып, не айтқанының бәріне көніп істеп отырсақ та, бізді әлі күнге өз елім, дос елім санамайды. Жау деп біледі. Бізге екі сөз айтса, ол жалған болады-ау деп те ойламайды. Баяғыда солдат алмаймын деген, солдат алғысы келеді. Жерді алмаймын деп еді, оны алып отыр. Наразылығымызды айтсақ, тыңдамайды. Сөзімізді жеткіз деген кісімізді айдайды. Абақтыға алады. Жазалайды. Өзімізді ренжітсе, өзіміздің арызымызды тыңдамаса, сөйлеспесе, ол ұлықты жақсы ұлық деп қайдан айтамыз? Оның айтқанын қалай істейміз?— дейді.

— Жігітті біржола бермейміз дей ме? Жоқ, пәлендей шартымызды орындамасаң бермейміз дей ме? Елдің, ұлық мынандай іс істесе, көнеміз дейтіні бар ма?

Бұл сұрақ Жәмеңкенің күтпеген сөзі еді. Оның ойына

осы сұрақпен қатар тезінен бір байлау келгендей болды. Ештеңе шығарына сенбесе де, болымсыз да болса, бір кішкене үміт елестегендей еді.

— Ел, берсек, қара жұмысқа бермейміз. Нағыз солдат қылатын қызметіне алсын дейді. Бұны басынан айтқан-ды.

— Қара жұмыста болса, соғысқа кірмейді, аман қалады. Бұлай болғанда солдаттықты неге тіленеді?

— Біз де өзге солдат болып жүрген ел сияқты елміз. Біздің де еркегіміз — еркек, ұрғашы емес. Сондықтан жұрт қатарлы тең орында боламыз. Қолымызға қару берсін дейді.

Прокурор кекесінмен суық жымыып:

— Қаруды қай жерде алғыларың келеді?— дегенде:

— Қаруды қазір ел ортасында қолымызға берсін. Содан соң біздің ата-анамыз, ел жұртымыз бұрын бұндай сұмдықты көрген жоқ. Солардың көзі қанып, бойы үйренгенше еліміздің ортасында әскерлікке үйретсін. Ел жігіттерінің қолында қару көріп, өз бастарын сақтайтын құралы бар екен деп көңілін орнықтырсын. Содан кейін әскер өнерін үйренген соң, ұлық жігіттерді алып керегіне жаратсын,— дейді.

— Сен сол елдің ақсақалы, есті кісісің, сен де осыны айтамысың?

— Мен де осыны айтамын.

— Бұл өрескел сөз. Ешкімнен де бүйтіп әскер алынбайды. Сен елге бұның теріс екенін түсіндіруің керек. Соны сен ұғындырамысың? Елдің айтқаны болмайды.

— Ол болмаса, ел де болмайды.

— Елді сендер көндірулерің керек. Ақыл айтып тоқтату керек. Әйтпесе, ел де қатты жазаға ұшырайды. Сендер де үлкен жаза тартасындар. Ұқтың ба? Істеймісің айтқанды?

— Мен қайтып істеймін? Елді мен қайтып көндіремін? Ұлық басыңмен сен көндіре алмағанда, ұлықтығым, қайратым жоқ, көптің бірі қара қазақпын, мен қайтіп көндіремін?

— Сен айтсаң тоқтайды. Сен ол елдің басшысысың. Елді айтқанға көндіріп жігіт әперемісің, жоқ бұрын ешбір қазақ естіп көрмеген жазаны көремісің? Айт қазір осыны!— деп, прокурор баяғыдан бергі сөзі дарымағанға қатуланып келіп, орнынан тұрып, тақтайды теуіп қалып, қабағын түйін Жәмеңкеге қарады.

Жәмеңке ызалы жүзбен, езуін зорлықпен тартып жымыды да:

— Мен саған өтірік уәде бере алмаймын. Ол іске шамам келмейді,— деді.

— Сен осы айтқанды істейсің. Біз саған істетеміз. Ықтиярыңмен көнесің бе, жоқ па?!

— Көне алмаймын...

— Көнемісің, кәрі ит, көндіреміз!

— Ендеше менің кәрі қа...ы кесіп ал, білдің бе!

Тілмаш бұл сөзге келгенде, артында аяздай соғып тұрған ұлықтың ызғарынан жасқанып, жүріп келе жатып аяғы сынған аттай тосылып, омақатып қалды. Бірақ сонда да айтпауға болмайды. Сондықтан кібіртіктеп тұрып, бірдеме деген болып еді, прокурор ақырып әмір етіп, солдаттарға Жәмеңкені әкет деді де, Ұзаққа қарады.

Бұған да сол шартты қойып еді.

Ұзақ:

— Сенімен мен қай сөзде ұғысушы едім. Айтар жауап берер уәдем жоқ. Сенімен сөйлеспеймін. Апарсаң, үлкен ұлығыңның алдына апар,— деді.

Прокурор:— Сен де Жәмеңке сөзін айтамысың? Осы айтқаныңды ғана қуаттаймысың? Жоқ, басқа да айтарың бар ма?— дегенде:

— Мен сенімен сөйлеспеймін. Сенің ісің зорлық. Зорлықшымен сөйлесуші ме еді? Жауап бермеймін,— деді. Бұдан әрі екі-үш қайырған сұраққа тым-тырыс жауап қатпады.

Солдаттар оны да кейін әкетті.

Бұдан соң Әубәкірге кезек келгенде, ол көзі қанталап, жүзі ашумен сұрланып, асығып тұрғандай еді.

— Менің айтатыным: не Жәмеңке айтқанды істе, не болмаса елдің екінші айтатын сөзі баяғыда ақ патшаға қарағанда солдат алмаймын, алымын ғана аламын деген. Бүгін ол сөзім қата екен, енді солдат алғым келді десен, баяғыдан бергі елден алған алымыңды түгел қайтар. Содан бергі елдің шығынының барлығын қолына түгендеп санап бер де, солдаттыңды ал, анаған көнбесен, ел осыны істесін дейді. Менің жауабым осы,— деді.

Осыдан соң ояз, прокурор екеуі болып арлы-берлі қағытқан, қажаған, ұрысқан сөздің ешбіріне де жазалылар жасыған жоқ.

Өзге ешбір сөздеріне жауап бермей, осы айтқанда-

рын қайта-қайта айтып, тұрып алған соң, «Қайта апарып жабындар!»— деп әмір етті де, ұлықтар үшеуін де абақтыға қайта қаматты.

IX

Прокурор, ояз жауап алып, абақтыға тыққаннан бері қарай үш күн өтті. Бұл уақытта сыртынан да, абақты ішіндегі өзге тұтқындардан да Ұзақ, Жәменкелер еш қанықты хабар ала алмады. Ұзын құлақ сияқты естілген шала-пұла сыбыста: «жақында ұйғырлар көтерілгелі жатыр. Қырғыз тегіс атқа мініп, қару ұстапты. Абақтыға Ұзақтар сияқты қолға түскен бірнеше қырғыз бисшыларын қасындағы жиырма, отыз кісілерімен әкеліп қамап тастапты. Сол ұйғыр кісілерінен де бірталай басты адамдар осы абақтыда жатқан көрінеді. Бәрі е не бола-рын білмейді. Бірақ елдеріне «көнбе, болма, шыса бер» деп хабар айтып, «ұлыққа мойындамай, жасымай жатқан жайы бар» деген еміс-еміс хабарлар ғана естіледі.

Бір тәуірі — Қарқара жағынан әкелген Албан кісілерінің барлығын да бір камераға қамап еді. Әлі топтарын жазған жоқ. Бұларға бұрын жатқан, соңынан ұсталған қазақтардан да жеті-сегіз кісі әкеліп қосып, осы күнде бір бөлмеде жатқандардың ұзын саны он сегіз болып еді. Бәрінің де айыбы біреу-ақ. Жігіт бермеймін деген ел үшін жатқандар.

Қалың елден жырылып шығып, қамау үйі, күшті тұтқынға алынған жазалыларға күндік өмірдің өзі де жылдық дәурен сияқты, толып жатқан белгісіздікке, жұмбаққа толғандай көрінеді. Сағат сайын бір ерекше қаталдық, қастық күтеді. Түсі белгісіз болса да заты мәлім сияқты.

Осындай іштей ширатылған күдік, қауіп үстінде еңбексіз, алданышсыз отырған топ әр кезде әр әлуан сөз сөйлеп, бірде үмітке беттеп, амандыққа сенгендей сөз сөйлесе, бірде бірінен бірі жасырмай ашық айтып, үлкен қауіп-қатер барлығын да сөз қылысады.

Қайдан шыққаны, кімнен хабар екемі белгісіз, бірақ бүгін таңертеңнен бері: «Қашқар көтеріліпті, ол жақта патша солдаттары жеңіліпті, енді Қашқар әскері осы жаққа қарай беттеп, мұсылман атаулыны төрелер зорлығынан құтқармақшы» дейді дескен сөздер шығып еді. Бұл хабар да күндегі күдікті, қорқынышты хабармен

араласып келіп жататын, болымсыз үміт белгілері сияқты. Бұған қазақ камерасындағы көпшілік сенгендей де еді. Бірақ, Ұзақ, Жәмеңке басынан сенген жоқ. Бұлардың сенбеуі өзгелердің де күдігін күшейтті.

Әйтсе де абақтыға түскеннен бері созылған томаға тұйық жұмбақты халге, бұлардың тапқан жалғыз айласы сол сияқты болып, құмалақ салу шығып еді.

Кейде жеті-сегізі бір араға жиылып, кейде екіден, үштен қоралай отырып, жалпақ, кең нардың үстінде бұршақтан құмалақ тартады. Күн сайын ертеңді-кеш салынатын құмалақ жалғыз тілші, жалғыз көмескі үміт беретін ермек сияқты.

Бүгін Қашқар хабары естілгеннен бері соған арнап салынған құмалақ жоқ еді. Сондықтан жұрттың көбі бір қалыпты сөздерден, жүдеуліктен қажығандай, жалыққандай болып, нар үстінде жантайысып қалғып жатқанда, Кәрібоз деген ақсақал басын көтеріп Әубәкірге:

— Ей, Әубәкір, құмалағынды әкелші, Қашқар туралы не сөйлер екен,— деді.

— Иә, жайшылықта құмалаққа тыным таптырмаймыз. Салатын болсақ, енді салайық та, қанша айтса да, жақсылық қой мынаның өзі,— деп Сыбанқұл да басын көтерді.

Әубәкір қамданып, құмалағын алып, нардың ортасына таман малдасын құрған бойынша, үндемей жорғақтап сырғып келді.

Бұл уақытта Ұзақ, Жәмеңкелер де басын көтеріп, түнеріп қарасып күтіп отырысты.

— Жақсы лебіз — жарым ырыс деген ғой, мына кісілер сенбейміз дегенмен, өзім әлі содан күдер үзгенім жоқ. Сол жақта әйтеуір бізге жайлы бірдеңе бар,— деп, Әубәкірдің жездесі Нүке де сырғып келді.

Әубәкір әлі де үндемей сазарып отырып құмалақ тартты.

Құмалақтың бас-аяғы түгел жазылып болған соң, жұрт тегіс бірталай уақыт үндемей отырысты да, аяғында біріне-бірі: «Сөйле, сөйле, сен сөйле» десіп, қолдарымен үштен, төрттен үйіріліп түскен топтарды қозғап-қозғап қойып, қайта-қайта жүректегі үш құмалақты қозғалтап сырғыта беріп кеп, аяғында:

— Оңды-солды айқасып кеп түскен құмалақ осы.

— Рас, мынаған қарағанда хабары да, өзі де келді.

— Вәсе, мынау қан майдан аралас қой.

— Несі болса да ұмар-жұмар бірақ-ақ болады. Қашқардан әскер келді. Құдай бұйырса, босаймыз, түбі аманшылық, тыныштық,— деп; жанағы Сыбанқұл, Нүке айтқан сөздердің барлығына қорытынды сияқты сөзді Кәрібоз ақсақал айтты.

Көпшілік бәрінің ортасында ағасы сияқты Кәрібоздың сөзін дуалы сөздей көріп:

— Айтқаның келсін... балың пайғамбардың балы болсын.

Осы айтқаның болғай-ақ та, қарня, аузыңа құдай салғай-ақ та!..— десіп, жұрт жабырласып алғыс айтып, енді құмалақты жиысбақшы болғанда, бағанадан үндемей отырған Әубәкір:

— Сендер солай дейсіндер ғой. Мен бірақ соған сенбеймін. Құмалақ олай сөйлеп тұрған жоқ. Тақ, мен білген құмалақ шын болатұғын болса, бір үлкен қырғын болады. Сонда жартымыз өлеміз, жартымыз шығамыз,— деп, Кәрібозға тесірейіп қарап, үндемей тына қалды. Жұрттың бәрі:

— Аузыңа тас.

— Тіл-аузы тасқа болсын.

— Тіпу, тіпу, түкір жерге!— деп, Нүке де Әубәкірді түрткіледі.

Құмалақ жиылған соң әркім орын-орнына таман сырғып барысып, қайта жантайды. Екіден, үштен ғана үйіріліп, біріне-бірі бұрылып жатып, ақырын-ақырын, күңкіл-күңкіл ғана әңгімелеседі. Өйткені, құмалақтың аяқ кезінде есіктің тесігінен белгілі әдет бойынша екі сұқ көз тағы келіп қадалып, ұрлана жалтақтап, бұлардың жайкүйін бағып, аңдуға келгенін сездірген.

Құлыпты қара есіктің кішкентай тесігінен сығалай қараған сол екі көз камерасындағыларға әрқашан үркіте, сескендіре келгендей әсер ететін.

Алғашқы абақтыға отырған күні-ақ сол сұғанақ, сұқ көздер екі-үш қарап қайта жоғалып кеткен уақытта Жәмеңке өзгелерге қарап:

— Абақтыда кісіні сескендіріп, жүрегіне шаншудай қадалатын кәпір осы кішкене тесік. Көріп тұрған қорлығың, қыспағың да, соны көрсетіп зәрленіп, нығыңа шығып тұрған мың да бір жауың, ұлығың да сол тесіктен қараған суық көзден түгел көрініп тұрады. Жүректі қобалжытып, қажытатын да сол,— деп еді.

Содан бері жұрттың бәріне де тесікке қадалған көз,

бұлардың өкпесінен қадалған дерттей, маңдайына қарап кезеген ажал оғындай болып көрінетін.

Кейде жалтылдап, кейде жыпылық қағып аңдушы көздер камераның ішін оңды-солды кезгенде, нар үстінде отырған қазақ жазалылары, қараңғы түнде күн жарқылдағандай, нажағай ойнағандай үндемей томсарып, ішінен тынып қалатын.

Құмалақтың арты осындай нә томсару, нә болымсыз ғана күбір мен жадырауға айналып еді. Тыныштықпен сүт пісірімдей уақыт өтті. Сол кезде бағанадан қабағын қатты түйіп, қозғалақтап ауыақшып, тыныштық ала алмай отырған Жәмеңке қатты күрсініп, көтеріліңкіреп келіп:

— Апыр-ау, бұл қалай болып барады? Менің жайым кетейін деді ғой, ішімді өртеп әкетіп барады,— деді де, қайтадан шалқасынан құлай түсіп, шыдамын тауысқан азап қинаумен ішін басып бүктетіліп кетті.

Жұрттың бәрі үрпиіп шошынып қалды.

— Не дейді, не болып қалды? Бәтір-ау?!

— Жаңа сап-сау еді ғой, неліктен болды?

— Қай жерің, қалай ауырып тұр өзі?— деп, Қәрібоз Жәмеңкеге қарай жылжыды. Жұрттың бәрі есі шыққандай сасқан, үріккендей. Бәрі бірдей қиналып жатқан қарияға қарай қозғалысты. Аздан соң Жәмеңкеге айнала телміріп отырып, не болып қалғанын білмей танданыса бастады.

— Іші-бауырымды өртеп, езіп барады. Төтенше не боп қалды дейсің? Не де болса, жаңағы жеген тамағынан болды... маған... сонда бірдеңе қосып жіберді ме деп отырмын. Бағанадан шыдаған болып едім... енді жайымды кетіріп барады... біткені осы шығар... қатын, бала, елжұртқа сәлем айтындар... қош еиді,— деді де, қайтадан бүктетіліп бір жиырылып, бір жазылып, жанын қинаған азапқа түсті.

Минут сайын түсі көгеріп, кәрі қабағы қарыс жабылып, тастай түйіліп, демі ауырлап, ұшына бастағандай болды. Көзін ашпайды. Ендігі қайғы-дертті соңғы қинау сағатын жұмулы көзбен өткізгісі келгендей. Өмір бойы өйтіп бүйтіп, алдаған болып, әрнәрсені көрсетіп, қадірлі де жекісі да кісі қылған сияктанса да, ағайынға, елге абыройлы, саямағы зор басшы қылған сияктанса да, аяғында бүгінгі келіп тоқтаған соңғы сатысы барлық сол

өткен күндегі болымсыздың бәрі жоққа шығарған, мазақтаған, адастырған сияқты.

Түзде, абақтыда, жау тұтқынында өлген өлім жасы жетпес асқан шағында Жәмеңке басына келген қабат қаза, ауыр жаза сияқтанды.

Іште тұншықтырған ауыр дерт бар. Кескіленгендей тілім-тілім болып, бірде күйіп өртеніп, бірде сара тілгендей ашып, бүріп құрыстырғая дене қинаумен бірге көңілдегі соңғы сезімнің қазіргі халден жаренуі, түңіліп, тоқазып суынуы да сондайлық.

Аз уақыттың ішінде өлімге барлық сезімімен бой ұсынып алып, бір рет бар күшің жиып келіп:

— Абақтыда, жау қолында өліп барам, соны арман қылмасам, өзге арман жоқ... Жәмеңкенің жемтігі... қашанғы өлмей... сүйретіле бермек... бірақ жалғыз арман... әйтеуір... жаудан өлген соң, не де болса... қан майданында қарсыласың... өлмедім... кәрі қолым... тым болмаса... жастығын ала өлмеді... — деді.

Қасындағы жұрттың көбі Жәмеңкенің өзімен бірге басынан-ақ шошынып күдер үзе бастап еді. Айнала отырған ағайынның барлығының көзінен де дыбыссыз жастар тамшылады.

Ешнәрсе айтысып сөйлескен жоқ. Жәмеңкенің өз айтқаны рас. Құмалақ салардың алдында бір шай қайнатымдай бұрын барлық тұтқындарға сорпасымақ бір-нәрсені әкеп берген. Сонда: «Мынау Жәмеңке шалдыкі» деп атын атап бір табақшаны Жәмеңкеге ұсынған. Не болса да, содан болды. Көңілде сайран ұғылып тұр. Прокурорға берген жауабы жұрттың есіне түсті. Оның үстіне жасы жеткен шал. Бұны өзге жазамен өлтіру қиын. Атаққа заңнан тысқары жұмыс сияқты. Сондықтан өз ажалынан өлді демекке мәжі астыртын у беріп отыр.

Бұл жайды өзгенің бәрінен бұрын ашық, толық түсінген Ұзақ еді. Ол басынан-ақ, ең алғашқы ұсталған күннен бері-ақ осындай бір істің бәр-бәрінің басына да келетінін білгендей. Соған ішінен өз басын әбден дайындаған. Жүрегің әбден орнықтырып алып еді.

Сондықтан, бүгінгі құмалаққа да, оған қарап үміт, жұбаныш талқан жас-кәріге де ешнәрсе айтпаған. Бірақ үміт ойлап желпінген жоқ-ты. Сондайлық өзгелерді шошытқан Әубәкір сөзінен де бұл сонша үркіп, қорқып сескенген жоқ.

Жәмеңке баяғы заманнан бері тізесі арылмай келе жатқан үшкі жолдасы, жан серігі еді. Екеуінің бірін-бірі ұғынып, іші-тысымен үлкендері ерекше болатын. Өз тұсында бұ. екеуінің тәттілігіндей тәттілік, бірлік ешкімде де болған жоқ. Қай істе болса да, бұлар жай-күйлерін атыспай ұғысатын. Кабақпен неше алуан жұмбақтарды танысып, сөйлесіп, екеуінің ғана келісіп қоятын.

Осы жолы ел қарсылығына басшы болып, үлкен сөзді ұстанып шығарда да екеуі өзді-өзі болып кездесіп, екі-үш ауыз сөзбен ұғысып, түкпір танысып келіскен-ді.

Өзге жерде, кең байтақта, ауылда болса, Ұзақ Жәмеңкенің басын күшақтап отырып жылар еді. Барды айтып арылып, арыздасар еді. Егіліп отырып арманын ағытар еді. Бірақ қазір соның қайсысын істесе де, Жәмеңкенің де, өзінің де намысына тиетін сияқты. Досын риза қылмай ренжітетін, күйдіретін сияқты. Жәмеңке, Ұзақ ниеті үлкен ниет, екеуіне бірдей ортақ ниет болатын — сол жолда бүгін Жәмеңке өлсе, ертең Ұзақ та өледі. Жәмеңкеге сен өлесің-ау деп жыласа, онысы Жәмеңкенің ниетін толымсыз көрген, қата тапқан кемсігеннің белгісі болар еді. Екеуі де көре, біле тұра кіріскен. Неге болса да шыдаймыз, көтереміз десіп, нық уәделесіп алып кіріскен. Және тұтқында, жау қолында отырып жыласа, екеуінің де сүйетін сындырғандай, өздерін өздері қорлап, кішірейіп жасытқандай болар еді.

Бұндайды Жәмеңкеден де, өзге барлық қазақтан да Ұзақ ерекше анық түсінеді. Баяғыдан бұның айрықша мінезі осындайда көрінетін, сыналатын, сөз болатын, дұшпанға табашы болар дейтін жер келсе, ондайда бұл етінен ет кесіп алса да былқ етпей, сыр бермей, қасқырша дыбысын шығармай өлуге жараушы еді. Жәмеңкенің қайғысы қабырғасын сындырғандай боп батса да, Ұзақ босансудың орнына сұрланып, тістеніп, ешкімге де тіл қатпады. Көзі қып-қызыл болып, ашумен жарқылдап қарайды. Қатайып, сазарып отырып алды.

Жалғыз-ақ Жәмеңке ақырғы рет бұған қарап, «қош» дегенде:

— Өмірі кабақпен танысып өтіп едік. Менің не күйде отырғанымды да біліп жатырсың. Қош, қарням, серігім, не айтайын. Жаның құдайға аманат. Артыңнан мен де жетермін... өкінбе... арман жоқ! — деді.

Содан әрі өзгенің бәрі кездікдеп, кемсендеп, қайта-

қайта мұрнын тартып жыласып, Қәрібоз «ясинді» оқып иман айтып, үшкіріп отырғанда, Ұзақ үндемей ғана Жәмеңкенің жүзіне тесіле қарап жым-жырт отырды.

Мезгілден мезгіл өткен сайын Жәмеңкенің халі ауырлап, тұқыртып әкетіп бара жатты.

Сөзден қалғанына бір талай уақыт болды. Соңғы уақытта жалғыз ғана үздіктіріп ышқындырған, толқын-толқын қинау азап бар. Анда-санда аузынан көк жалқаяқ ақтарылады.

Ішін өртеп тілгілеп бара жатқан аурудың күштілігі орасан жат сияқты. Қара өзегінің ішінде пышағы бар дұшпан қолы аралап, ақтармалап жүрген сияқты. Іші-бауыры тілініп, жыртылып, өртеніп келіп түйіліп ауырғанда, тыныс бітіп, әл құрып, жоқтыққа батып тұншығып кеткендей болады. Құр ғана түйреп түйіліп ауыртқан аурудың өзі ғана есінен шатастырып, ақыл-ойын жұтып бара жатқандай болды.

Қатты қинаған дерт кәрі жүзіне де өте суық, құбыжық таңбасын басқандай. Әншейінде әжімі көп, қатпары мол кәрі бет мына көріп жатқан азап үстінде танымастық болып өзгеріп кеткен. Барлық жүзі сазарып, күл беттеніп, өлім таңбасын басып, көкшілденіп алған. Түкті қабақ жиырылып құрысып келіп қатты жұмылғандықтан, көздің орнын да түгел басып алған сияқты. Анда-санда үлкен зорлықпен аларып, ашылып жабылған көздерінде ол дүниенің меңіреу қараңғылығын, жоқтығын көріп шегіншектеп шошынып тұрған үріккендік бар сияқты. Көзінің қарасы азайып, ағы молайған. Төмен нә тура қарамайды. Жоғары қарай шапшып, шалқалай береді. Шошытқандай болып қанталап аларады.

Мандай, бет ажымдары жыбырлаған жүз құрттай болып, әншейіндегі бет пішінін, тіршілік ажарын жоғалтып, сол бетті жайлайтын көр ішінің құртындай көрінеді.

Қинау толқынын әсіресе анық көрсетіп тұрған көсе-леу ұрты мен еріндері. Ышқынып келіп еріндерін жимырып, ішінде мың бұралып толқыған дертпен бірге қоса қиналып, қозғалақтап жөтелгенде, ауыз белгісі біржола-та жоғалып, орнында бейнеусіз, сиықсыз, ирек-ирек, әжім-әжім сызықтар ғана қалады.

Осындай іші-тысын бірдей өртеген қинау жаза, адам айтқысыз азап үстінде екі сағаттай жатып Жәмеңке қайтыс болды. Жолдастары тегіс жутап, жүдеп жымдап отыр-

рып, иманын айтып дем салып, ақырғы болымсыз көмектерін беріп, қызметін істеумен бірге ең ақырғы жалынды, арманды «қош-қошын» да айтты. Дене қайраты бітсе де, жан қайраты әлі талайға жетерлік екпіні бар, жас жанды асыл қария сонымен кете барды.

Камерада сол күні күнімен, түні бойы Албан кісілері Жәмеңкеге қайта-қайта құран оқып, күрсініп қабақ шытып қаралы болып отырып, ұйқысыз күн мен түнді өткізді. Ертеңіне таңертең ғана бұлар сырттағы өздерін бақылап жүрген кісілеріне Жәмеңкенің жаманатын айтты.

Бұлардың жай-жапсарын білемін деген кісілерді үлемі жібере бермейтін. Күніне бір-ақ мезгіл бір ғана кісі көрісуге болушы еді. Сол кеңшілікпен пайдаланып, Әубәкірдің артынан іздеп келген қатыны кірген екен. Алыстан байын көрісімен, бұндай сұмдықты бұрын басынан атқармаған момын, әлсіз әйел жалғыз сүйеніші екі көзі болып, мөлтілдеп жас ағызып, амандаспастан даусын шығарып та жылауға айналып еді.

Әубәкірдің өзіне де бұл көрініс қатты әсер етті. Ерекше босансып, еріп бара жатқандай болды. Ішіне ыстық шоқ тастаған сияқты. Күйік, амалсыздық дерті білінді. Бірақ сол жайды байқаған сайын өзін тез іркіп, тоқтатып алу керек еді. Басынан сөйтпекке бекінген.

Сол себепті жылап тұрған қатынына жақындай бере, амандаспастан:

— Жылама, көз жасыңның мұнда тиынға да керегі жоқ. Жылайтын болсаң, қайт қазірі!— деп, өзі де бір тамшы сұп-суық жасын іркіп алып:— көп сөйлесуге мезгіл емес, бекер келгесің ғой, соншалық алыстан. Баланды да, өзінді де бір аллаға тапсырдым. Бар, қайт! Кеше кешке Жәмеңке қайтыс болды. Тамаққа қосып бірдеме берді ме деп күдіктенеміз. Ас артынан кетті. Содан басқа сөз жоқ. Елден келген өзгелерге соны айта бар. Қош! Құдайға аманат!— деп, қатынын сөйлетпестен қайта айналып жүріп кетті.

Бұл хабар Қарқара маңына жеткенде жайлау-жайлаудың барлық елін дүрк өргізгендей болды.

Алдында да Асыдағы Қызылбөрік босып келіп, үркіндінің алдын бастаған соң, одан бері қырғыз, ұйғыр хабары да үсті-үстіне қат-қабаттап келіп жатқан соң, Қарқара маңындағы Албан буынып-түйініп, бір үлкен іске әзірленіп қалған сияқты еді. Енді қай кезде, қай

істің тұсында басталатыны белгісіз. Бірақ ел бойын кернеген ашу мен кек түн асқан сайын тасқындап, молайып келе жатқан. Осы соңғы күндерде Қарақолдан ертеңді-кеш онда әкеткен кісілері туралы хабар алып, жәрмеңке басындағылар туралы да үзбей, ат ізін құрғатпай, біреуден біреу хабарланып, амаңдық, тыныштықтарын біліп тұрған-ды.

Бірақ олардың жатуы созылып барады. Сондықтан бір-екі күннен бері кісілерімізді қайта сұрап аламыз. Ел болып жиылып, жәрмеңкеге барып шығарып бер, босат дейміз дескен әртүрлі байлаулар болған. Іс жалғыз жәрмеңкенің өзіне қалса, Жансейіт, Баймағамбет байлаған сөз бойынша Қарқараға әлдеқашан шабуыл жасаура да ел тегіс тас түйін болып дайындалып, белсеніп алып еді. Бірақ бұндағыларды солайша аламыз десек, яки солай алсақ та, анау Қарақолға әкеткендер онымен босамайды. Бұндағы істің сазайын солар тартып, ауыртпалықты соларға түсіріп алармыз деп, сол жақты көп ойлап, бөгелендеп тұр еді.

Қайтсе де бір істің басталатын кезі жетіп келеді. Жараның аузы ашылуға айналып, сарысу кернеп кетті. Жұқарған, тесілгелі тұрған жерлер көп. Қайсысынан шықса да, бір қимыл, бір сыр шығады. Соны ойлап жайлау-жайлаудың елі, дәмелі жігіттері аттарын күндіз-түні қолда сақтап, белдеуден найза, белден қылыш сабы сияқты қаруын кетірмейтін болған. Жатпай-тұрмай іздеп жүріп, мылтық, алтыатар тауып алғандар да барды. Ондай сирек құрал бұл күнде елдің барлығында санаулы сүрдей сақтаулы. Бұрын мылтықты көп ұстаған мерген болса, яки білегі сенімді жүректі ер деп танылған мақтаулы азаматтар болса, соларға тапсырылып беріліп жатқан. Бұл қаруды тапсырумен бірге ел атына тілек айтылатын. Ескі қазақтың кәрі батасымен бірге кәрі мұра сияқты болған еркіндікті жоқтауды міндет қылып тапсыратын.

Осындай күдікті, күпті күйде томсарған қатулы жүзбен қамданып, дайындалып келе жатқан елге кеше кешке Жәмеңкенің жаманат хабары келіп естілген.

Қарақолдағы тұтқындарға ас жеткізіп, ертеңді-кеш қызмет қылып, жай-жосығын, аман-есендігін біліп тұруға шығарылған он-он бес кісі болатын. Солар Әубәкірдің қатынынан Жәмеңкенің хабарын естіген соң, сол арада абакты ұлығына барып, қарияның өлігін сұраған.

«Өзіміз таза арулап, қолымыздан қоямыз, кісіміздің сүйегін бер» десіп еді.

Бұран абақты ұлығы өз бетімен жауап бере алмай, астыртын уезге ақылдасып алып келіп, Жәмеңкенің өлігіз бермейтінін айтқан.

Елге Жәмеңке жайынан хабар жіберуден бұрын Қарақол басындағы жігіттер бұндағы ұлық атаулының барлығына барып, сөйлесіп, арылып шыққан. Ояз, прокурорды да көріскен. Ешқайсысы да жарытып жауап берген жоқ. Арыздарды дұрыстап тындаған да кісі болған жоқ. Әйтеуір бірдеңе айтты дегізбек үшін, абақтыда өлген жазалы кісіні заң бойынша ел қолына беруге болмайды. Мұсылман әдетімен молдаға жаназасын шығартып, өзіміз қойғызамыз деген болды.

Қарқараға Жәмеңкенің өлімі жайында хабарды әкелушілер осы сөзді қоса әкелген. Көп елдің аласыз көңілмен тұтас кәдірлеген қариясының сезікті өлімімен бірге мынандай қылып сүйегін де бермей қоюы естімеген сұмдық сияқтанды.

«Қарқараға барамыз, бұндағы ұлық арқылы кісіміздің сүйегін сұратамыз, қолымызға аламыз» деген шарт байлау жайлау-жайлаудың барлығындағы елдің басын бір араға қосқан түгел тілек сияқты болды.

Осымен хабар келген кештің ертеңінде Қарқараға түс-тұсынан қалың-қалың топтар үзілмей ағылып келіп жатты. Тақ түс кезі болғанда талайдан қаңырап несізденіп тұрған жәрмеңкенің басы баяғысынша аттылы-жаяу болып кернеген ел тобына лық толды. Базар орталары ерсілі-қарсылы жыбырлап қозғалысқан қалың қол болып кетті. Көше-көше аттылы, өгізді, тайлы, құлынды-биелі Албандарға сіресіп толып алды.

Шет-шеттегі әлі де болса, оннан, жиырмадан тарау-тарау жолдармен шұбаған бөріктілер арылған жоқ. Тоқтаусыз ағылып жатыр. Барлық жиын ішіндегі адамдардың жүзінде бір-ақ қана сұрақ бар. Бәрі де жиыларын жиылып алып: «Енді қайтеміз? Неден бастаймыз? Көптен күткен ниетті енді іске асырамыз ба, жоқ па? Әлі де тосарымыз, күтеріміз бар ма?» дегендей дел-салда еді.

Бүгінгі жиынға олай қыл, бұлай қылды айтып басшылық қылған кісі жоқ. Бірақ басшысыз, байлаусыз қозғалған қалың жиынның тілегі де, шарты да өз ішінде айтыспай, серттеспей-ақ қалың топ ыммен, емеурін қабақпен ұғысқан сияқты. Іштегі шын наразылықпен

содан туған қарсылық ниеті, енді тесіп шығар жерін ғана күтеді. Сондықтан, ел тегіс томсарулы, ашулы, көп сөйлесіп даурықпайды. Ешкім де соншалық желігі, жеңілейіп күліп ойнамайды.

Бірен-саран балалау жігіттер, ойыншы, күлдіргі жеңілтек адамдар арасында болмаса, бұрынғы бұндай жиында болатын неше алуан қалжың, желік қазірде атымен жоғалып өшкен сияқты.

Елдің түсің, қабағың барып жүрген урядник, казак-орыстар Ақжелке кеңсесіне осындай ажардың барлығын дамыл алмай жеткізіп тұрды.

Таңертеңнен елдің бүйтіп ағылатынын білмеген, күтпеген ұлықтар, жәрмеңкеге бүгін ерекше көп елдің келіп қалғанын түске тақағанда ғана байқап еді. Шеттен тыным алмай ағылып жатқан аттыларды да сол кезде байқаған.

Елді мүмкін болғанша жәрмеңке басына көп-көптен келтірмеу керек. Қалың жиындар болса, оны тарату керек еді. Бірақ бүгінгі ел жиыны басында аз-аздан бастап, біріндеп құралып алды. Басында елемей, байқамай отырғанда, жәрмеңке ішіне әлденеше жүздегі кісі ерте келіп кіріп алыпты. Содан кейін жәрмеңкенің өз ішінде кернеп тұрған топтың өзі де мөлшерден тысқары көп болғандықтан, сырттан келіп жатқан бесті-онды кісілерді қайта қайырып, жолатпаймын десе, теріс болатын сияқтанған. Ондайдың өзімен де шегіне жетіп, шеттігіне ілініп, сылтау іздеп тұрған елді шапқа түрткіп қоздырып алуға болады.

Қорқақ ұлық осыны есептеп, жәрмеңкеге ағылып жатқан топты тоқтата алмады.

Бірақ не де болса, шарасыз, қамсыз отыруға болмайды. Сондықтан урядник сияқты ұлықтар жәрмеңке басында әскер атаулының барлығын пристав кеңсесінің айналасына әкеп жиып қойып, базар маңында жүрген ұлық атаулы, қызмет нелерін де түгелімен Подпороков өз қасына шақыртып алған. Сөйтіп алдырған кісілерінің ішінде қазақ тілмаштары да бар болатын.

Бұларды әншейін уақытта қазақпен қатынас азайғаннан бері күнде шақырып, күндегі керегіне жаратпаса да, осындай қазақ елінің тобынан көпшілігінен жасқанған күні әдейі іздетіп жүріп қастарына алғызатын жәрмеңке ұлықтарының әдеті еді.

Осындай тайлы-таяғын бір араға жиып қамданып

болып, енді ел топтары не сөйлеп, нені ниет қылып жүргендерін білгізуге қайта-қайта жансыздар жіберіп, ел жағынан іс күтіп отырған.

Бұлар күткен істі ел түс ауа бастады.

Көшедегі тығыздық елден ерекше. Ине шаншар жер қалдырмағандай. Дүсір-дүсір басқан ауыр салмақ білінеді. Аяңнан артық жүріс бере алмай, үзенгі, ер-тұрманымен қақтығысып, қажасқан аттар салмақпен ырғалып, жан-жақтың барлығынан Ақжелке кеңсесін қамап, қоршап келеді.

Жиын иін тірескен, ұшы-қиыры көрінбеген көптік, тығыздықпен кеңсе маңайын қаптап басып алды. Анда-санда әр жерде өзара бірең-саран сөзбен тіл қатысқаны болмаса, көпшілікте әлі де үн жоқ, қасарысып сірескен тым-тырыстық үстінде қара бұлттай түйілген ашулы ызғарлы топ қалың қара ордай болып дөңгеленіп, қанаттасып алғанда, кеңседегі ұлық атаулының барлығы баяғысынша тағы да тысқа шықты. Ел бұларды көргенде, бірі үстіне бірі ентелеп, кимелеп басып кетті.

Ұлықтардың солдаттары бір бөлек жақта қалып, өздерін атты қазақтың тобы ортасына қысып жырып алды.

Ақжелке бұл жайды маңайына жалтақтап тұрып байқап көрсе де, енді ешбір айла істеуге болмай қалып еді. Сондықтан, не де болса елдің бетімен кетпек болып:

— Не айтасындар? Неге жиылдыңдар? Арыз айта-тын басшыларың кім? Неге сөйлемейді?— деді.

Бұларды қоршап алған жиынның алдыңғы қатарындағы кісілері Баймағамбет, Жансейіт, Қартбайлар еді. Барлық өзге топтың ішінен ұжымды еқпінділікпен, ерекше ызғарлықпен де өзгешеленіп шыққан Дөңгелек саз елі болатын. Әсіресе, осы араға жиылған топ сондайлық өрлеген, қатуланған күйде еді. Сондықтан Ақжелке жаңағы сөзді айтып тоқтасымен бірнеше дауыс:

— Жәмеңкенің сүйегін бер!

— Кісіміздің өлігін қолымызға бергіз!

— Сен жапқыздың, сен өлген кісімізді қолымызға алып бер!

— Абактыдағы өзге кісімізді шығарып бер!..— деп, көз қызарып, бет сұрланып, күре, шеке тамырлары адырайып тұрып, бірнеше ашулы жігіттер қатты-қатты сөйлеп жіберді. Бұлардың ішінде Жансейіт, Баймағамбет те сөйледі.

Ақжелкені бұл сияқты тұтасқан ашулы шу сескенді-

ріп, шошытуға айналды. Ол өңі қуарып, жорғалақтай басып, жағына сөйлеуге бет қойып, көптің айдынына тіктеп қарауға шыдай алмай ыға жөнелді.

— Халық, сіздер сөзге құлақ салыңыздар. Ел кісілерін жапқызған жоғарыдан келген бұйрық. Біз ешнәрсені өз бетімізбен істегеніміз жоқ. Жоғарғы ұлықтың бұйрығын ғана істейміз. Қарақолдағы ұлық та бізден үлкей. Айтқанымызды ол алса — алады, алмаса — қояды. Жәмеңкенің өлгені рас, бірақ сүйегін бермей отырған — бізден жуан ұлық. Оған мен қайтемін?!

— Сен ұстап жібергенсің. Оның айтқанын сен істегенсің. Енді: «Мұндағы ел наразы болып, ереуіл қылып жатыр. Менің тілімді ал, кісінің сүйегін бер» деп, Қазақолға қағаз жаз, кісі жібер,— деп Баймағамбет жауаптаса бастады.

— Оған ол көнбесе қайтесің? Менде қайрат жоқ. Оны қайтесің?

— Ол көнбесе, Алматыға телеграм соқ. Мына елдің арызын орындаған дұрыс. Кісісін өздеріне беруді мақұл көремін де! Мына, осы елдің барлығының жиылып келген сөзі — осы сөз. Біз кісімізді аламыз.

— Иә, өлтіргендерің де жетеді, сүйегін бермей отыра алмайсың,— деп, Жансейіт бір жағынан қадалды.

— Кісіміздің сүйегін әпер. Ақжелке, ел сені біледі.

— Сен істедің осыны, егер кісіміздің сүйегі тимейтін болса, сен істеді деп білеміз,— деп желке жағынан тағы бірнеше дауыстың қадалғанын байқады.

Ұлықтардың барлығы да жан-жақтарына жалтақтап әрбір сөйлеген кісілердің өндеріне телміріп, есі шығыңқырап, қысыла бастап еді. Ақжелке де айтар сөз таба алмай құр жалтақтауға айналды. Сол уақытта тергеуші өз тілінде:

— Айтқандарыңды істеймін. Алматыға телеграм соғайық деп уәде беріңіз,— деп күңк етті.

Содан кейін Ақжелке:

— Жәмеңкенің сүйегін қолдарыңа беру керек. Бұл бір жаңылыс қате ғой деп ойлаймын. Егер онда бермейміз деген сөз шын болса, Алматыға телеграм соғайық. Бірақ жалғыз мен емес, сендер өздерің де, ел атынан ел кісілері де соғындар, бірге соғайық,— деді.

Бағанадан Баймағамбет, Жансейіттер мен Ақжелкенің сөйлескен сөздеріп дұрыстап құлақ қойып тындамай, бір жерден қырпуын тауып соқтыруды, бүлінуді

күтіп тұрған ел, мына сөзден соң барлық қызулы оты тоқталып бәсеңдеп, сабасына түсе бастады.

Біреуден біреуге:

— Ақжелке Алматыға телеграм берейік. Жәмеңке-нің сүйегін жоғарғы ұлықтан сұрайық. Бермегені теріс деп жатыр,— десіп, соңғы Ақжелке сөзі жұрттың бәріне күбір-күбір, дабыр-дабыр еткен дауыстармен бірге оңды-солды жазылып тарап жатты. Соның тарауымен бірге көпшілік қазіргі табысына қанағаттанып, тоқсына қалып, әдеттегі момындығына бейімдеуге айналды. Бұрынғы еліртіп тұрған ашу, екпінінен қайтып, жүні жығыла бастады.

— Қайтсын байғұс. Бұның шамасынан келетін сол-ақ шығар.

— Мақұл айтады. Өз қолынан келетінді аямайын десе, одан әрі не қолқа бар.

— Жалғыз-ақ сол айтқанын қазір істесін.

— Қазір, қазір істесін.

— Телеграм қазір жазсын деп айтыңдар. Уа, ана жерде тілдесіп тұрған кім? Қазір істесін сол айтып тұрғанын!—деп, арттары көп дауыс қайта-қайта арайлап, осы бір сөзді әлденеше жерден сан кісінің аузымен айтқызып, ұлықтарға жеткізіп жатты.

— Қазір жазбак, бүгін-ақ жібермек болды,— деген хабар қайта шықты. Баймағамбет, Жансейіт те алдарында жүні жығылып, жорғақтап тұрған ұлықтарды көріп, енді не бұйырарды білмей, дағдарып қалып еді. Сол кезде ұлықтар ептеп-ептеп сырғып, кеңселеріне таман қозғала бастап, елге:

— Енді, халық сен тара. Бұл арада бәрің бірдей үйілгенмен не түседі? Телеграмға қол қоятын кісілерің қалса болады. Өзгелерің ауыл-ауылға қайта бер. Екі-үш күнсіз хабар келмес. Егер жақында хабар келіп қалса, өзіміз білдірейік,— деп тегіс кетіп бара жатты.

Жансейіт жаңағы уәдеге басында көппен бірге риза болып іркіліп қалса да, артынша мыналардың қысылыққырап тұрған жайымен пайдалану үшін тағы бірнеше тілек айтуды мақұл көріп:

— Онан соң мына абақтыда жатқан кісімізді де шығар. Олар жазықты емес, ел жазықты. Кінәлі десең дейтінің барлық ел болу керек. Жеке Серікбай, жеке Ұзақ ештеңені өз жанынан шығарған жоқ. Егер кісімізді берсең, келісеміз. Онда жақсы ұлық боласың. Әйтпесе, біз

сені кінәлаудан босатпаймыз. Ақжелке, кісімізді бері— деп айғайлады.

Жұрттың бәрі сол сөзді де қостап:

— Иә, кісілеріміз шығатын уақыт болды.

— Сарғайтуың жетті, оларда жазық жоқ.

— Мына осы тұрған бәріміз де жазықтымыз, олар жазықты болса қылар болсаң, бәрімізге қыл— деп, тағы да көп-көп дауыстар жөңкіліп бара жатқан ұлықтардың артынан шұбатылып, созылып естіліп жатыр еді.

Бірақ осы сөздер айтылса да, ел кетіп бара жатқан ұлықты бөгеген жоқ. Әуелгідей ызғары жоқ, қысып, ықтырып та әкете алмай, босаңсып бара жатыр. Артындағы елдің көбі бет бетіне қозғалып, жік-жігімен тарай да бастап еді.

Сондықтан Ақжелке, қайта-қайта айғайлап жауап сұрап тақымдап болмаған Жансейіттен құтылмақ болып, артына қарап тұрып:

— Ол кісілерді жапқызған жоғарғы жердің ұлығы еді. Жақында тағы да жарлықтары келер деп тосып тұрмыз. Көп ұстамас, босатар деп те ойлаймыз. Олар жайынан шыдай тұрындар, асықпандар,— деді де, топтан жырылып шығып ұзай берді.

Ел:

— Асығатын уақыт болды.

— Қашанғы сарғайып жатады?

— Шығартып бер кісімізді... шығармасаң, ел жақсы ел болып тұрмайды, бұзылысамыз.

— Елдің шыдамы жетті. Енді бұдан арғыны көтерер жайымыз жоқ.

— Бәсе, соны айт... кісіміз шықса шықты, шықпаса өкпелеме бізге... ұлық болсаң, тыныштықта ұлық шығарсын. Елге сызың батып, момын жұртты шабақтап ренжіте берсең, көріп алармыз.

— Енді аз күн сынармыз, көреміз... сонда айтқанды істемейтің болсаңдар, байқасамыз сенімен. Ақ желкемісің, көк желкемісің, кімің болсаң, оның бол!— деп қалың жиын айғайлаған, еркіндеген даусымен бұрын еш уақытта айтпайтын сөздерінің бәрін де айтып жатты.

Бірақ ұлықтар бұның бәрін бірдей өз құлағымен естіген жоқ. Жарым-жартысын естісе де, байқамаған, естімеген кісі болып кете барды.

Елдің көпшілігіне осы айғайлар шертіп, сыздап тұр-

ған қалпында дем шығарып, тыныс-толас бергендей болып, бұрынғы жалынды кеміте, бәсеңдете берді. Бүгінге арналған ашу іспен шықпай, көп дырдудың айғайы, ащы кекесіні қорқытқа сияқты доң айбатымен шығып бара жатқандай болды.

Сондықтан таңертеңгі ажарына қарағанда бүгін бір соқтығыс болатын сияктанса да, жиын ешбір ерекшелік, тентектік істемей, ұлықтың жылпылдатқан сөздеріне алданып, жуасып бәсеңсіп, момын күйде тарады.

Х

Көпке берген уәде бойынша сол күні жәрмеңке ұлықтары Алматыға да, Қарақолға да атаған қағаздарын жазып, телеграмын да беріп еді. Ел кісілері көзбе-көз өз алдарында жазылып, шабаршымен, тығыз почтамен жіберілген қағаздарды көріп, уақытша риза болып тарады.

Жазылған қағаздың толық сөздерін ел кісілері өзі оқып, анықтап танысқан жоқ. Ел арасында орысша хат білетін қазақтан бір де кісі жоқ болатын. Жазылған сөздердің мәнін көпке Оспан айтып берді. Оған тапсырған, айт деген Ақжелке болатын. Оспан қысқаша мазмұны осы деп:

— Өлген кісінің сүйегін беруді ел сұрайды, елдің бұнысын орындаған мақұл. Әйтпесе, ел наразылығы күшейетін көрінеді. Бүгін жәрмеңке басына әлденеше мыңдай кісі жиналып келіп, бізден осыны түгел сұрады. Айтқандарын үлкен ұлықтың еске алып, орындауын тілейді. Шарт қылып қояды. Әйтпесе, өкіметке наразылық көрсетуден, үлкенірек те іс істеуден тайынатын сияқты емес. Абақтыға алынған кісілер туралы да босатуды сұрайды. Осы туралы бұйрық істеуді, жол көрсетуді сұраймыз, — деген.

Телеграмның анық толық сөздері осы еді. Бұның ішінен Оспан құрық берерлік, қолайсыз көрінерлік сөздерді шығарып тастап, елмен бірге жәрмеңке басындағы өкімет қызметкерлері де Жәмеңкенің сүйегін беруді сұрайды деп, қысқаша тойтарып қана аударған.

Осыдан соң төрт күн өткенде Қарақолға Алматының жауап бұйрығы келді. Қарқарадан жіберілген телеграммен бірге сол күндерде, келесі күндерде Алматы ұлық-

тарына, Қарақол, Қарқара жағынан әлденеше қосымша хабарлар барып жатқан.

Елдің бәрі бірденені күтіп жүр. Бір белгілі уақытта соқтығуға қамданып, дайындалып жүрген сияқты. Абақтыдағы кісілерге ғана жалтақтап бөгелгендей, егер олардың отыруы созыла берсе, нә оларға істелді деген бір жазаны естісе, жалпақ ел тұтас ереуілге шығатын сияқты. Қазіргі қазақ елінің анық жайы осы деп, күн-күн сайын осыған ұқсаған қосымшыларды Қарқара, Қарақол екеуі де дүркін-дүркін жеткізіп жатқан.

Облыстық қаланың ұлығына осындай мағлұматтарды жеткізумен қатар, жергілікті кеңселер соңғы уақыттағы өкімет саясатының анық бетіне түсіне алмай, әралуан жарлық күткендей болатын. Бір есептен жаз ортасынан бергі бетке қарағанда, қырғыз, қазақ сияқты мол жерге не болып отырған жабайылар көтеріліс, ереуіл жасаймын десе, жасап көрсін. Кішкене еркіндетіп жіберіп, кінәні өз мойнына артатындай ұпай салып алып, өздері істеген істі өздеріне кінә қылып қатты қырғын ашу керек. Бостырып тоздырып, тұқымын құртып жіберіп, олар отырған шұрайлы жердің барлығын қазынаға алу, қалаған кісіні отырту керек. Сондықтан, бұл елдер көтерілісті ойласа, ойласын; істесе, істесін. Бөлінеді, жарылады, өкіметке жауығып қарсылық ойлайды деп сескену, қорғану керек емес. Қайта астыртын шабақтап, сондай қимылға өздерін айдап салу керек. Көпке білдірмей, сездірмей отырып, түртпек салып, шапқа түртіп ашындыру керек те, содан кейін істеген қимылына қарап тұрып бас салу, талқан қылу, орнымен жоқ қылу керек дейтұғын.

Жаз ортасынан бері уездегі ұлықтар мен солардың аудан-ауданға шығаратын приставтары да 25-ші июнь жарлығымен қатар естіген үлкен сарын сол еді.

Басы солай делініп басталған соң, мұндағы ұлықтар сол бетпен екіленіп, жаланып, «шаш ал десе, бас алып», алдияр деп алып-ұшып тұрған. Бірақ бұлар қазақ, қырғыз ішін ойрандап бүлдіріп, жындай құбылған жаманшылықтарды істеп тұрса да, соңғы уақыттарда алғашқы бетпен нұсқаған жаңа, тың бұйрықтар болмады. Алғашқы сөз, әуелгі бет бар ма, жоқ па — оны да анықтап білмейді. Оны айтыспайтын сияқты болып барады. Бұлар әуелгі белгіленген нысана осы деп, бір жағынан қазақ, қырғыздың қалың елін әр алуан орынсыз бұйрық, өрескел зорлықпен шапқа түртіп ашындырып, отырып, қынк

еткен басшыларын, тізіп шұбыртып, абақтыға салып жазалап отырып, сонымен бірге маңайдағы өзімен кездескен, алдарына келген казак-орыс, крестьянға да жаңағы өздері ойлаған ниетті ұғындырып, иландырып тұратын. Сол бетте баулып, аңқау, момын тату елді әдейі орталарына от салып араздастырып, ұшықтырып, біріне бірін жау қылып көрсететін болған. Бұл беттегі істері де далаға кеткен жоқ. Ең алдымен казак-орыстар бұл шырғаға оңай келіп, баяғыдан ұлықтың атарманы болып қоқақтап қалған әдетпен казак елін жауша бөріктіріп, үркіте қимыл қылатын болды.

Бұлар қазақ, қырғызға беттегелі, тап бергелі кескекті аюдай кижініп, тісін басып дайын отыр. Пісіп толған, дайындалған істің бір тарауы осы түрде. Бұл саналғандардан басқа тағы бір түйін, тағы бір жақсы шиеленіскен тұзақтай болып елдің басшылары түгел қолға түсіп отыр да, арасынан Жәмеңкесі өліп, оның сүйегін бермеу керек деген ақыл табылды. Әкіметке берсе де, бермесе де бәрі-бір болар еді. Бірақ елге бәрібір емес. Оған бермей қойса, шынымен кәктендіріп өшіктіреді. Көр бала, аңқау ел соран да шабына от түскендей тулап, тағы да кінәға, айыпқа қарай аяндап, бұрынғының үстіне тағы да белшесінен бата берді. Сол елді қоздыратын, құтыртатын іс болуға жараған соң, Жәмеңкенің сүйегін беру деген әңгіме де жәрмеңке басындағы Ақжелкеден бастап, Қарақолдың ұлығына да, одан әрі Алматыдағы үлкен ұлықтарға да недәуір үлкен, келелі, негізді мәселе сияқты көрінді.

Аяғында Алматы ұлығы бұл мәселені шешті. Шешкенде, бұл күнге шейін соңғы уақыттары бағыт, саясат туралы толық хабар ала алмай, алғашқы қара дүрсінмен келе жатқан жергілікті ұлықтарға бет нұсқап, бағыт бергендей болып шешті.

Ол, әуелі, Жәмеңкенің сүйегі берілмесін деген. Екінші, елдің бүліншілігіне бастық болған басшылар абақтыдан босамайды. Олар кепіл есепті. Егер ел осы күндерге шейін бұзықтық, бүліншіліктен тыйылмаса, абақтыдағы кісілері түгелімен ұлы жазаға тартылсын. Бірін қалдырмай жоғалту керек. Қазаққа, қырғызға, ұйғырға да — барлығына да істейтін ісі осы. Егер содан әрі ел көтерілісі болатын болса, оны да аямай, өз қолдарындары барлық күштерді жұмсап, еріксіз бағындырып, басып

мойындатып алындар. Ешкімді де аяу керек емес. Қандай қаттылықтан болса да қорғанбау керек.

Оның үстіне қазақ, қырғыз казак-орыс сияқты қала, поселке тұрғындарына залалын тигізіп, малын алып, үйлерін өртеп, кісісін өлтіріп тұрғаны бар деп естіледі. Елелді аралауға шыққан қызмет адамдарынан да өлгені бар. Керек десе, почтаға, әскери обозға да шабуыл жасағандары бар дейді. Бұл — қалың елдің ашық жаулық жолына шыққаны. Ондайға аяныш, рақым, кешірім деген нәрсе болуға жол жоқ. Аянбай, іркілмей отырып тентекті жуасытып, асауды көндіріп, жөнге салу керек. Бұл күнге шейін істелген бассыздықтың кегі күшті болу керек деп тапты. Жер-жердің ұлықтарын біржола қайрап нығыздап, екпіндетіп іске кірістіру үшін Петербордан ел қарсылығымен алысуға келген кәрі жандаралдың сол күндерде барлық ұлық арасына жайылған белгілі қатал сөздері тіркелген екен. Осы әмірдің өзі де сол жандарал атынан шығыпты. Мұның облыс әкімдеріне тапсырған бұйрығынан туыпты. Әмірдің әр жерінде жандаралдың тапсыруын, бұйрығын атап-атап келіп ең аяғында:— «патша солдаттының қаны тамған жерде ешбір бұратана ел тіршілік етпесін» деген кәрлі сөзін құран сөзіндей, туға байланған ұрандай қылып желтіріпті.

Қарақол ұлығы бұйрықты алысымен-ақ ояз, прокурор бастаған әскери кеңес жасап, ортасына абақты ұлықтарын, қарулы-солдаттардың бастықтарын алып отырып, абақтыдағылар жайында көп жасырын сөздер сөйлесті. Байлаған сөздерін кешіктірместен орындатпақшы болды.

Бүгін тәнертеңнен бері қазақ камерасындағы тұтқындар іштен де, сырттан да ешбір хабар ала алған жоқ. Жалғыз-ақ әкеп берген тамақты ғана алды. Ешқайсысын тысқа шығарып бөгде кісімен тілдестірген жоқ. Күн бойы абақты маңына қазақ, қырғыздан ешкімді жолатпай, зекіп қорқытып қуып жіберіп тұр. Тегінде соңғы уақыттарда қалаға босып келгендер көбейгеннен бері қарай қазақ, қырғыздың бос дала адамы көшеде емін-еркін жүре алмайтын да болған. Жақында қырғыздың жаулығын көріп, не өздері жаралы болып, не туған-туысқандарынан айрылып келгендер болса, көшеде қазақты қырғыздың түсін көргенде ақырып боқтап, жабылып қуып сабап, кейбіреулерді тобының ортасына аяқтала бергілеп өлтіріп те тұрғандары болған. Сондықтан ұзақтар-

ды күтетін жігіттер жаннан кешіп қана еңбек қылып жүр еді.

Бүгінгі абақты ажары күндегіден де қатайыңқырап, бұзылыңқырап тұрған соң Ұзақ, Әубәкірлер абақтының өз ішінен бірдеме сыбыс естімес пе екеміз деп байқап еді. Ол талаптарынан да ешнәрсе шықпады. Камераларынан шығармай, өзге тұтқындармен араластырмады.

— Бүгін осы абақтының сұрқы жаман, қалай болайын деп тұр бұл?!— деп көптің іштей жүдеген күдігін Кәрібоз қария сыртқа шығарды. Әлденеден танертеннен бері бұның бойы ауырлап, жер тартып тұрғандай. Сонымен бірге көңіліндегі талай салмағынан жеңілейіп, сергігендей бір ерекше лепілдеген елгезектік белгісі де байқалған сияқты.

Сыртқы қабына ішінің кендігі сыймағандай.

— Сұрқы бұзылып тұр. Бірақ не шара?! Не қылмақ керек,— деп, Нүке өзге жолдастарына қарады.

Жұрттың бәрінің жүзінде қатты күшейген қауіп күдік белгісімен бірге «не боламыз, не күйге ұшыраймыз, бұның арты қайда апарып соғады?» дегендей жұмбақты сұраулар білінуші еді.

Тұншықтырғандай белгісіздік Ұзақтың шыдамын тауысқандай, буындырғандай әсер етті. Сондықтан ол есік тесігінен қарап тұрған солдатқа:

— Ей, бізді неге бүгін шығармай қойдың? Сырттан келетін кісімізге неге жолықтырмайсың?— дегенде, екі көз аз сықсып, кішірейіңкіреп тұрды да, есіктің ар жағынан:

— Сағат алтыда манифест болады,— деп сырғып тайып кетті. Сықсығаны күлгені ме, болмаса «осыным шын» деп ымдағаны ма, отырған жұрт ұға алмай қалды.

Бірақ көздің жөні бір басқа, бәрінен де айтылған сөз құбыжықтай, ажалдай дүрк шошытты. Әубәкірдің денесі ұйып, талықсып кеткендей болды. Өңі де қуарып, қатты сескеніп, үркіп кеткеннің белгісін көрсетіп тұр еді.

— Бұның айтқаны бір сұмдық қой. Енді «қош» дегеннен басқа не қалды? Қария, иман айта бер!— деп, Кәрібозға қарап шалқайып барып қабырғаға сүйене кетті.

Осының артынан Кәрібоз әрбір қауіп үстінде істейтін әдегі бойынша сүре «ясинды» оқи бастады. Даусы күбір-күбір етіп, бір үзіліп, бір естіледі. Жыртылып шыққандай тамағы кебірсіген сияқты, Ешкімнен ешбір ауыз сөз

шыққан жоқ. Барлық жұрт жым-жырт, сілейіп қатқандай. Дене тіршілігінен айрылып, құр ғана болымсыз сүлдер қалғандай. Әубәкір алғашқы қабырғаға сүйеніп, қалған қалпында әлі де тастай қатып қалшынып қалды. Өне бойы өзінікі емес, бөтен бір бұйым сияқты сезіліп, өзі қайсы, дүние қайсы екенін айыра алмай, түгел араласып, ұласып кеткендей, бір шатасқандық, күңгірттік байқалады.

Өзгенің бәрінен бұның үркуі күштірек, ерекше сияқты. Қалған жұрт соны байқағандай болып, Әубәкірдің алдын ала ұсынғанын жаман ырым сияқты көрісті. Бұл жай біріне бірі сөйлеген сөзбен, тілмен білінген жоқ. Бір-бір ғана қарасқан көзден, тынышсызданған қабақтан ұғылғандай еді. Қазіргі үлкен қауіпті күту үстіндегі жым-жырттық бұл адамдарды ерекше сезімді қылып, елжіретіп, жеңілейтіп тұрғандай. Дененің бір ғана қозғалысы, беттің бір ажымының болымсыз ғана бір жыбыры болса соған шейін отырған жұрттың бәріне бірдей түп-түгел танылып, оқылып қойғандай болады. Келешек белгісіздік сағатты ыстық қанды денемен, барлық сезімді жүйрік жанменен түгел ұсынып құлап күткендіктен, мына жым-жыртықтың ішінде бұл адамдардың тілдері сөйлеспесе де, бірімен бірінің жаны ым қағып, белгі берісіп, жай-күйді танысып тұрған сияқты.

Сондай маңайдағы болып жатқандарды бұлжытпайтын қырағылық, ерекше көпшіл сезімділік Әубәкірдің қазіргі жайын бұларға әдемі танытқан. Бірақ қазіргі сағатта оған бұлар берер қайрат жоқ. Үйретер ақыл да жоқ.

Соны көппен бірге сезіп отырған Нүке Әубәкірді не де болса, қазіргі халінен түртіп шығарып жібермек болып:

— Балдызыма еркелейінші,— деп келіп, Әубәкірдің тізесіне басын салып жантая кетті.

Бұл қозғалыс ойлағанындай әсер етті. Әубәкір қорқынш түспен араласқан ұйқыдан оянғандай, жымиып есін жиды да, шынымен еркелеткендей болып жездесінің бетін сипады. Бой жылынып, жаңадан жан жүгіргендей болды. Ерекше сезімділікпен емеуріннің, жұмбақтың сағаты бұларды баладай ағартып, аңқауландырып тұр. Бәріне де тазалық қанатын бітіргендей. Сондықтан мына екеуінің істеген балаша мінездері ешкімге жат та, өрес-

кел де көрінген жоқ. Дәл қазіргі халдеріне сол қажет, сол тәтті де сияқтанды.

Осымен бір жарты сағаттай уақыт өткенде, есіктің сыртында сарт-сұрт дыбыстар шықты. Асығып, ерсілі-қарсылы қақтыққан көп кісінің дабыр-дұбыр жүрісі естілді. Камера іші толған жұрт түгелімен селк етіп шошынып, есікке жалт-жалт қарады. Сол-ақ екен, келесі секундте барлық абақты іші дозак үніндей жат суық үн шығарып, көп мылтық даусы күрс-күрс, батыр-пұтыр естіліп қалды. Камера іші дәрімен ажал иісіне толып бара жатты. Көрші камералардан өкірген, аласұрған, абақтыны басына көшірген нешеалуан жалынышты да, кекті де, дертті, жаралы да айғайлар, шулар естілді.

Қазақ камерасында нар үстінде отырған жұрт басында біріне бірі ұмтылып, бір араға үйіліп, біріне бірі сүрініп жығылып, аяғында жан-жаққа тарай бастап еді.

Алыстан жалынған, өкірген сыйынғандардың дыбысы келеді. Оқ тиген, өлімге қарай бас игендердің ақырғы ыңырануы, қарғысы естіледі.

Осы уақытқа шейін қазақ камерасы аман сияқты еді. Бір мезгілде бағанағы қараған көз қайта айналып бір сығалап қалды да, қасындағыларға ақырын әмір етті. Сонымен бірге есіктің тесігінен үш-төрт бесатардың ажал иісті көк мойындары камера ішіне жылмаң-жылмаң кіріп алды. Кіре сала үзілмей тасырлаған дауыстарымен бірге жарқ-жұрқ еткен көкшіл қызыл оттарын шашып, бұрқ-бұрқ түтіндерін шығарып, онды-солды қайшыланып нар үстіне оқ жаудыра бастады.

— Алла, алла!

— Аруақ, иә, аруақ!

— Қош, қош!..

— Иә, Райымбек ата... сақтай көр, иә, құдай!— деген нешеалуан үркінішті, жалынышты, шошынған айғайлар қазақ камерасын да басына көтеріп, мылтық тілімен бірге әлсіз үндерін үзбей жатты. Алғашқы оқтармен бірге ұшып-ұшып бүктетіліп-бүктетіліп түскен денелер де бар еді. Олардың бәрінің де үні бір-ақ өшкендей. Жалғыз-ақ бір-екеуінің ғана даусы:

— Уу-һ... уу-һ... жа... не... м. Жа... не... м... алла... алла!— деп үздігіп қана естіледі. Кейбір оқ тиген денелер жатқан жерінде ыршып-ыршып түсіп, бір сіресіп, бір жиырылады. Онды-солды аунап бүктеліп шиыршық атып жатқаны да бар. Нар үсті жосып, сырылдап

аққан қан болып кетті. Кейбіреуінің кеудесінен, маңдайынан ытқыған ыстық қан осы айналасының бәрін бояп, шапшып жығылып жатыр, мылтық тоқтамай, толас қылмай күрсілдеп, дозақ күнін тудырып тұр. Бірақ камера іші тұтасқан көк түгін болып кетті де, енді тар тесікке қадалып тұрған көздер камера ішіндегі адамдардың өлгені мен тірісін анықтап көре алмайтын, түгендей алмайтын болды.

Бұл уақытқа шейін өлген кісі нар үстінде жатып қалған жеті-сегіз. Қалғаны жаралысы бар, аманы бар алғашқы атылған мылтық даусымен бірге еденге домалап жығылып түсіп, содан нар астына қашып кіріп кетіп еді. Бұдан қалған үшеу-төртеуі есіктен қиысырақ тұрған пештің жанына келіп тығылған. Бұл арада тұрған Сыбанқұл, Әубәкір, Ұзақ. Әубәкір мен Ұзақтың бойынан қан саулап тұр. Өне бойлары ып-ыстық болып, әлдеқандай қызумен қайнағандай.

Мылтық барлық абақты ішінде әлі де үзілмей батырлап тұр. Тесіктегі көк темірлер біріне бірі соқтығып, тар тесікте қысылып оңды-солды айқасады. Жоғары да, төмен де үңіледі. Әрбір қозғалысымен бірге қызыл от жарқ-жүрқ, етіп, жай отындай жаланып, буың-буын түгін де бүрқ-бүрқ шығады.

Әрбір жат дыбыспен бірге, әзірше шыбын жаны шықпаған тұтқындардың қорқынышқа толған кеудесінен:

— Иә, құдай, нә, аруақ!

— Ақсарбас, ақсарбас!

— Шынымен біткеніміз бе?

— Қырылғанмыз ба?! Алла, алла!— деп, жасқанып, шошынып тұрып, үзіп-үзіп айтқан жалыныш, өкініш, арман тілі шығады.

Осымен бес минуттай уақыт өткенде абақтының түкпір жағындағы мылтық дауыстары шұғылынан тоқтай қалып, сол жақтан коридорға қарай ақтарыла, шулай жүгірген қалың айғай шу естілді. Бұл жақта көп қырғызды қамаған үлкен камера бар еді. Дыбыс солардың жатағы жақтан шықты.

— Босандық, босандық! Қыр, жой!

— Жастығыңды ала жат!

— Атаң көрі!...

— Кет, көзіңді жоғалт!...

— Қыр, жой! Иә, аруақ! Иә, бабам!— деген қалың айғай, дырду естілді... мылтықтар тоқтап басылып қал-

ды. Суық қару құр ғана қашқан қолда сатырлап, босып бара жатқан сияқтанды. Бұл кезге шейін қазақ камерасына қадалған үш мылтық әлі де ажал белгісіндей болып, сұғын қадаудан тоқтаған жоқ еді.

Сырттағы дауыс пеш жанында тұрғандарға алдымен естіліп, тезінен қайрат беріп, ақырғы дәрменін қарсылыққа, алысуға қарай айдағандай болды.

— Өлсек, қарсыласып өлейік, аянатын не қалды енді, ұмтыл! Ұста ана мылтықты,— деп, Ұзақ айғай салып жіберіп, есікке қарай тап берді.

Бұнымен бірге Әубәкір, Сыбанқұл да:

— Бәсе, енді не қалды? Иә, аруақ!.. Иә, құдай!— деп келіп, есіктен сығалап тұрған мылтықтарды қабырға жақтан жағалап келіп төмен қарай жұлқып-жұлқып кеп тартып қалды. Сол арада коридор бойынан жосып қашқан көп солдаттармен бірге бұл камераның алдында тұрғандар да мылтықтарын тастай-тастай қаша жөнелді.

Осы кезде нар астында қалған бірен-сарандар да сүйретіліп шығып алдыңғыларға қосылып қалып еді.

Солдаттан камера маңы айыққан сияқты болды. Коридор бойында жөңкіліп шулап, тарс-түрс жүгіріп келе жатқан тұтқындар болатын.

Осы жайды шала-пұла түсінумен бірге камераның ішінде қыбырлауға шамасы келген жандардың барлығы да енді есікті бұзып, шыбын жанын қасап үйінен сүйретіп шығуға кірісті.

— Бұз есікті!

— Қират мынаны, суыр ана нардың тақтайын!— деп, біреуге біреу әмір етіп, қолына түскен нәрсемен тақтайлы есікті тарс-түрс ұра бастады.

Нардың үлкен тақтайын өзгеден бұрын Әубәкір суырып алып еді. Бұның қазір де арқасы оттай жанып, ысып жүрсе де, бойын жеңіп құлатып әкетіп бара жатқан ауыртпалық жоқ. Дерт білінбейтін сияқты. Сондықтан барлық дәрменімен үлкен тақтайды құлаш-тап көтеріп әкеле жатып:

— Үштің бірі тіл дегенің қайда?! Он сегіз кісіден бірді шығармаймысың, а, құдай!— деп, әлі күнге міз бакпай тұрған тастай суық құдайына шынымен өртеніп, наразыланғандай болып, ақырып келіп:— Иә, Райымбек ата! Иә, аруақ!— деп, есікті қалың жалпақ тақтаймен түймештеп қойып-қойып жіберді.

Әрі жас, әрі қарулы, денелі Әубәкір өзіне оқ тисе де қайратынан айрылмағандай қажырлы сенімді сияқты еді. Бағанадан бұның бойын ұйытып, жеңіп, басып тұрған жайын қорқыныш, енді қайнаған ашу мен ызаның астына түсіп жоғалып кеткен сияқты. Сау денені тесіп кірген оқ, сол дененің шығарған ыстық қанымен бірге, ең алдымен бұндағы адамдардың ішіндегі қорқыныш, үркектікті де ала шыққан сияқты.

Әубәкірмен бірге Сыбанқұл, Ұзақ та есікті бір-бір тақтаймен тарс-тұрс ұрды. Топса шикылдап, шегесінен шығып, қобырап кетіп бара жатты. Кішкене қаланың жөндекілеу болып салынған абақтысында соншалық сенімді мықтылық, үлкен беріктік жоқ еді.

Әйтеуір өлетін болған соң қарсыласып, алысып өлу керек. Сонда ғана шейіт боласың деп ертеден көп айтысып, нық сеніскен көңілмен камера ішіндегі шамасы бардың барлығы тұтқын есігіне барлық күштерін салып еді.

Аяғында Әубәкір бес-алты салып қалып, енді тағы да алғашқыдай екпінмен екіленіп келіп тағы бір-екі рет үсті-үстіне түйіп-түйіп жібергенде, қара есік шалқасынан қисая барып құлай кетті. Денесін сүйреуге шамасы бардың барлығы да:

— Иә, ақ сарбас, нә, тәңірі, бере көр!— деп, шу-шу етіп алдыңғы босап шыққандардың арты коридордан арылғанша, бұлар да жосылып сатырлап қашып жөнелді.

Бірақ абақтының өз ішінде солдат болмаса да, тыстағы үлкен қорған ішінде әдеттегі күзетте жүрген қарулылар әлі де бар еді. Абақтының өз ішіне кіріп, камераларды атқылаған солдаттар алғашқы қырғыз тобы есікті бұзып шығып, қалың селдей болып өздеріне қарай қаптағанда есі шығып босып жөнелген. Арасында қару-жарағынан айрылып қалғаны да бар еді. Өздері қырып, қан жоса қылып, өлтіріп тұрса да, сол өлімге айдап тұрған топтар беті-басы қан болып, ажал таңбасын басып алған пішіндерімен өздеріне қарай дүрк жүгіргенде солдат атаулы көр ішінен қопарылып көтеріліп келе жатқан кекті, жайын жүзді, суық қайратты көргендей болып, қарсы қарап тұруға шыдай алмай ығып жөнелген.

Солардың алды босып қашқан тұтқындармен бірге

шығып есін жиып алып, қайтадан қаруланып та қалып еді.

Сондай-сондайлардан құралған он шақты мылтық абақты үйінің ар жағына қарай шашырап шығып, дуалдан секіріп шығамын деп, тым-тырақай қашып қарбала-сып жатқан тұтқындардың бірталайын әлі де атып жығып, қанына шомылдырып жатқан. Қазақ камерасынан шыққан қашқындар дәл осы кезге келіп ілінді.

Бұл уақытта күн кешкіріп, қала ішіне ымырт қараңғысы кіруге айналған еді. Егер қазіргі тосқауылдан аман-есен шығатындары болса, бірдеме қылып жалтарып, қашып көруге сол бір сүйеніш сияқты болатын. Әубәкір өзі қашумен бірге Ұзақты да қолынан ұстап сүйрей жүгіріп келе жатқан. Бұлар шыққан мезгілде дәл абақты есігінің алдында тұрған солдат жоқ екен. Сол жақта дуалдың ең жақын жерінен жаңа ғана секіріп кеткен бір ұйғырды көздері шалып қалды да, соған қарай жүгірісті. Сыбанқұл Әубәкір мен Ұзақтың артында еді. Жүгіріп дуалға жете бере Ұзақты қолтығынан, аяғынан көтеріп, дуалдан асырып тастаған Әубәкір енді өзі секіруге айналғанда, арт жағынан бұларға қарай кезелгендей болып тарс берген мылтық даусын естіді. Сол кезде жан ұшырғандай болып, Әубәкір дуалдың үстіне шыға бере, ар жағына құлай-мұлай домалап түсті. Жалғыз-ақ дуалдан аса бергенде, артындағы Сыбанқұлдың:

— А-һ-һ... калдым... мен... кош!..— деген сөздерін ғана естіді. Оған оқ тиіп, шалқасынан серең-серең етіп барып, аяғында жиырылып, бүктетіліп құлап қалды.

Дуалдан түсісімен Әубәкір Ұзақты қайта ұстап көтеруге айналып еді. Оның қозғаларлық жайы болмай қалған екен. Аяғын баса алмады. Алдында бойынан ағып жүрген қанның өзі де бұған мендеп, дене тауып тиген оқтың барлығын білдіріп жүр еді. Бұл уақытқа шейін ерекше шыдамдылық қылып тістенген тарамыс қайратпен ғана зорға сүйретіліп келген екен. Оның үстіне дуалдан құлап түскен уақытта қартан дене оқыс жығылып мертігіп, әлсіреп қалыпты. Қазірде өлімге бой ұрғаны ма, жоқ, талғаны ма, әйтеуір, өңі көгеріп, тіршілік ажары кетіп, бойы суынып кетіп бара жатты.

Жүруге біржолата жарамайтын сияқтанды.

Сол күйде Әубәкір аркалап, сүйретіп әкетпекші болып еді, өзінің де жайы кетіп, басы айналып, ішіндегі

дерт теңселтіп жығып бара жатқанын байқады. Ұзақпен бірге сұлдері құрып, жығыла кетті.

Басында қалған ақырғы сезім Ұзаққа жолдасының жайын ұқтырғандай болды. Ол:

— Уһ... біткенім осы ғой... бар енді... қош... Албан баласына, тірі қалсаң, сәлем айт... арман жоқ... ел үшін...— деді де көзін жұмып қайта талып кетіп бара жатты.

Сол уақытта сатырлаған мылтық дауысы жақын жерден тағы естіле бастады. Енді көшеге шығып атқылауға айналған екен.

Кідіруге орын қалмады. Әубәкір:— Қош! Қайран Ұзақ... жамандығым болса, кеш, жарқыным!— деді де, Ұзақтың бетіне қарап сырғып жөнеле берді. Ақырғы рет Ұзақтың кірпігі қозғалып, ыммен иек қағып, қоштасқандай болды.

Әубәкір жақын жердегі дуалдан дуалға секіріп отырып, алдында өзінен бұрын қашып шыққан екі ұйғыр, бір қырғызға қосылып төртеу болып алып, бір қорадан бір қораға түсіп, абақты маңынан ұзап кетіп бара жатты.

Бұлар сол түні бір несіз үйді тауып алып, аз ғана бекініп отырып есін жиып алып, ел әбден жатқан соң қаланың адамдарынан ұрланып, жасырынып жүріп отырып, қашып берді.

Көшеде келе жатқандарында үрген ит естерін шығарып, састырып еді. Бірақ ит дауысына шыққан қуғыншылар болған жоқ. Иттен соңғы бөгет қаланың көше-көшесіне көлденеңдетіп тартып тастаған неше қатар арбалар, қала сыртында айқыш-ұйқыш қып қазған орлар болды.

Осыған қарап қашқындар бүгінгі оқиғаның ішкі жайын толық түсінді. Бұл қала маңайдағы елдің шабуылын, жаулығын күтеді. Сондықтан мынандай бас қорғайтын қамдар істеп, қаласын буып-түйіп дайындап отыр. Абақты ішіндегілерге істеген қатты жаза да содан.

— Әттең, сол күткен жауы неге келмеді? Неге кекке кек, қанға қан ағызбады? Не маңғаз, не қасқа жайсаң жусады ғой мынау ұлық, мынау дұшпанның сұмдығынан. Әттең! Әттең!— деген арман шықты. Жау қолынан құтылып далаға шыққан соң қырғыз, қазақ, ұйғыр демей төрт қашқын далада отырып, бірге туған бауыры

жоқтаған туыскандардай болып, осындай жалынды армандарын айтып отырып, ботадай боздасты.

XI

Қаракол қырғынының хабары Қарқараға жеткенде, қалың елдің қан жиынының ортасына зеңбірек оғы түскендей әсер етті. Жат хабар жайлау-жайлаудың барлығына кешке жақын бір мезгілде тиіп еді. Ел ерсілі-қарсылы шабысып, кешкі жайылыста жүрген жылқыдан дамылсын-дамыл топ-топ ат, айғырлар ұсталып, ерттеліп жатты. Енді қырылу, қыру, қолға түскен ұлықты қолма-қол бауыздау, қанды қанмен жуу, сонымен бірге бұл араны мекен етпей, талақ қылып, барлық өткен дәуренге, баяғыдан бергі момын тіршілікке қош айтып ауа көшу, тез-тез кек алып, кезіне келгенді өртеп, жосып жөнелту,— ендігі қалған ажарсыз күннің, адыра қалған күннің барлық қамы да, тілегі, мұраты да соған ғана арналды.

Сондықтан еркек атаулы ат ұстап, найза баптап, мылтық оқтап, айбалта, сапы сияқты қаруларын сығайлап, дайындап жатқанда, әйелдер үй ішінің жүгін жеңілдеп, бөлек-салақты азайтып, өте керек болатын аспаптарын ғана бір-екі тең қылып буып, өзге бұйым атаулысын қайда тастарын, кімге беріп тапсырып кетерін білмесе де енді керексіз, талақ болған дүниедей көре бастады.

Үйдегі бөгет болатын ұлы дүниеден басқа далада жүрген тірі қазына, аяқты малдың өзінің де қанша бұйырары, қаншасы қолында қалары белгісіз. Өйткені босқан елдің алдын көріп отыр. Асының Қызыл бөрігі артынан қуған әскерден бөксеріле, асыға қашатын болған соң қоралы қой, топты сиырларының талайын талай жерге шашып, несіз тастап кетіпті.

Жасы үлкен қария, үлкен басты еркектер болсын, қару ұстаған жас-желең бозбала, қатын-қалаш, бала-шаға болсын,—бәрінің аузында қайта-қайта айтылатын бір-ак сөз:

— Дүниенің бәрі де жан садағасы. Мал да, жер де аманшылық, тыныштықта, ер азаматтың аманшылығында жақсы шығар. Олардың басына күн туған соң дүниенің, қазынаның, мал-мүліктің не керегі бар десетін.

Бұл ниеттің жолында баласы солдаттыққа ілінетін де, ілінбейтін де,— бәрі де бірдей жұмылғав. Қазіргі уақытта Тұңғатар, Дәулетбақтай бірен-саран малын қимаған, тоқтығын, тыныштығын қимаған байлар болмаса, яки

Оспан сияқты ұлыққа тығылған тілмаштар болмаса, өзгенің алаңсыз, алаңсыз бірлігі бар-ды.

Белгісіз үлкен, қиын сапар бар деп бір әкенің бала-сындай, бір үйдің ішіндей буынып-түйініп дайындалған ел. Бірі білгенді бірі білді. Үлкен білгенді бала білді, біреудің сөйлгенін жұрттың бәрі де сөйледі. Осындай бас-аяғы бірдей халдің үстінде тұтасып жұмарланған елдің ортасында тым болмаса бір де біреуі болса да ертең ауып көшіп кеткенде баратын жердің жай-күйі қандай, көп елді бөтен ел сыйғыза алатын бейіл бар ма? Кендік қандай? Ондайдың ешбірін де білмейтін, хабарсызды. Бұны көп те білмейді. Көп ішінде керек десе жалғыз-жарым, некен-саяқ адам да білмейді. Басында тіпті былай қыспаққа алатын болса, ауамыз деген сөз сөйленген кезде қалмаққа барады екеміз. Онымен Ұзақ жақсы екен. Үш жылға мольнан сыйғызып сақтап шығам деп айтады дескен сөздер шыққан. Осы күнге шейін елдің кәрі-жасының малдынып жүргені сол ғана сөз.

Бұны сынайтын, өрескел дейтін, күдікке алатын кісі жоқ. Ондай айтушы болса, елдің біріккен тілеуін бұзушы, көпшілікті ірітуші есебінде танылады.

Бұлардан басқа елде көптің байлаған ісіне, көптің жұмылған ниетіне сын да, шәк, шүбә да жоқ. Тас түйіндей нық байланған. Шегеленіскен. Өл деген жерде өлісу, отқа түс деген жерде ойланбастан, айналмастан отына да түсуге қалың топ шынымен-ақ дайын сияқты.

Жәменке хабарынан соң үш-төрт күннің ішінде жәрменке басына елдің қалың тобы барып қайтқаннан бері қарайғы қалың көпшіліктің жай-күйі осындай еді. Бұл күндерде бұрыннан бері атына, абыройына, я тіл, я беделіне қалың ел болып, бас иіп мойындайтын басшы жоқ. Ондайлардың барлығы да тұтқында, жазада. Бірақ сондайлар жоқ болған сайын елдің қалың тобы ру-руы, болыс-болысы, жайлау-жайлауы түгелімен біріне бірі жамырасып, біржолата ішек-қарны араласып, шынымен қанат жазып тұтасып кеткен сияқты. Ендігі бірлік, тұтастық басшылар арқылы ғана туған тұтастық емес. Нағыз қалың, мықты көптің өзінікі. Еркек, ұрғашы, кәрі, жасын түгелімен бір араға жиған шоқтай иірген, бір-ақ ұран, бір-ақ қара өзекті қақ жарған, намыс тіліндей тілек бар.

Сондықтан ел-елдің арасындағы қатынас бұрынғыдан да күшті. Екпін қызу, екіленіп дайындалу, күтіну де бұрынғыдан сонауғұрым тәртіпті, не ісі болса да шапшаң.

Қозғалыс, қимылдың барлығы да жылпың қағып, ұршықтай үйіріліп, танымастық, тездікпен құлдырап тұрған сияқты. Кең, момын, болпыш, салғырт-салақ жайлау бұл күндерде бой жасаған баладай. Бұрын еш уақытта көрсетпеген отын көрсетіп, екпіндеткен жалынымен ұшқындап, елегізіп тұрған сияқты еді. Сол күйдің үстіне Қарақолдың сұмдық хабары жетісімен-ақ, ел жылаусықтап, шошынып үркіп босансудың орнына бірақ сәттің ішінде тастай қатайып, ашумен, кекпен жанып ширап алды.

Сол түні-ақ жүз-жүздеген қарулы, сайманды ер жігіттер ылғи сайлы сәйгүлікті мініп, жәрмеңке айналасындағы ұсақ қалалардың барлығына жағалай шабуыл жасап шықты.

Бұл шабуылдар тамам жайлаудың күш біріктіріп, тізе қосып алып істеген ісі емес. Әр ауданның елінің өзді-өз бетімен мына естілген сұмдық хабарға берген алғашқы жауабы сияқты. Бұның бәрі ертерек болатын үлкен қимылдың басы, соған алдын-ала қара жарыс сияқты бір істер істеп, ерте бастан баптанып алу керек. Бірен-саран да болса, қару-сайман түсіріп алуға болады. Және жәрмеңкені шошыту керек. Алдын-ала құтын алып, үркіте беру қажет.

Сондай талай-талай себептер жиылып келіп, бүгінгі күнді жағалай шабысқа айналдырған. Бірақ әлі барлық Албан бір араға жиылып, бір-ақ жерге күшін жаппарандықтан, әр жайлаудың елі өзді-өз тұсындағы ұсақ қалаларына қарай беттескен.

Сонымен таң атқанға шейін Шырғанақтының тобы өзіне жақын жердегі новоселдердің бір-екі зайымкесін шауып өртеп, мал-мүлкін түгел айдасып алып, содан арғы жердегі Жаланаңаш қаласына да шабуыл жасады. Бірақ бұл ертеден орналасқан, көп казак-орыстың үлкен қаласы еді. Елдің шабуылын күткендей, қамданулы сақ екен. Алдыңғы зайымкердей кісісіз, қарусыз боп кездескен жоқ. Жасанған жігіттердің шабуылын тізе қосқан ынтымақты көп мылтықты қарсы алып, қаласына жуытпады. Бұған шапқан уақытта таң да атып қалып еді. Жалғыз істелген іс — таңертең ертерек қаладан шыққан жүргіншілерінен бес, алты кісіні өлтіріп, бір-екі үш қораға тау жағынан жасырынып келген екі-үш жігіт өрт қойды.

Бұған істеген істері осымен бітіп, күн шығуға айнал-

ған кезде Жансейіт бастаған көп жігіт түн бойғы істеген жорықтарына, шабуылына риза болып, енді: «Жәрмеңке! Жәрмеңке!» десіп асығып шапқылап, солай қарай беттеді.

Осындай істі Ақбейіт, Жел Қарқара, Таңбалы тас елі де топ-топ жігіттер аттандырып, әр жерде әралуан қылып істеп, желпініп алған. Бұл түнгі жорықта қазақ топтарынан кісіден шығын шыққан жоқ. Жалғыз-ақ бес-алты жігіттің астарындағы аттарына ғана оқ тиді.

Жер, сумен қоштасатын күн тақап келді. Енді бүгін бе, ертең бе кетеді. Кеткенде кекті жүрек, томсарған жүз, түйілген қабакпен кетпек. Артта қалып бара жатқан зорлық, реніш, қиянат дәурені мен соның бәрін туғызған жат мінезді, жау ниетті ұлыққа айықпайтын араздық, арылмайтын нәлет, қарғыс айтып кетпекші. Сол жиреніш қарсылығын қалың елдің қан жүрегінде нық сақтамаққа, мәңгілікке сақтамаққа өздерімен бірге ала кетпекші.

Бүгінгі түннің істері сол нәлет айтқан жүректің ең алғашқы рет шешілгені, бетін ашқаны.

Істің басы түннен басталған бетімен желісі үзілместей келесі күннің таңертеңіне араласты. Енді топ жәрмеңке үстіне қарай аунады.

Түнгі жорықта болған жігіттер жайлау-жайлауларына қайтып, астарындағы аттарын ауыстырып, шала-пұла тамақтанып тыным алған соң, барлығына да «Жәрмеңкеге қарай қаптасын. Тайлы-таяғы қалмай, соның аймаласына жиылсын. Барлық қару-аспап қолда болсын. Бүгін бар қайратты салатын күн. Бүгін іркіліп, бой бағып келмей қалатын кісі болса, ол елдің тілеуінен қалған, шетке шыққан, көпке бөтен кісі болғаны. Келетіндер тез қамданып, бөгелмей келсін. Дәмелі жігіт, сенімді қару, жүйрік ат бүгін үшін. Бүгіннен қалған жан — жан, мал — мал» деген бұйрық хабар жан-жақтың барлығына екпіндеп шапқан сайгүліктерінің тізгін ұшымен бірге ұшып, шашылып тарап жатты.

Бұйрық қандайлық тәртіпті, тығыз, күшті болса, сонымен бірге қамданған елдің жиыны, шабуыл да соншалық тығыз екпінді еді.

Мезгіл шаңқай түске жақындаған уақытта жәрмеңкенің күн батыс жағындағы көк жота қара бөрікті Албанның құртша қайнаған қалың тобына сіресіп, лық толғандай болды. Ұзын көк белдің Шырғанақтыға қараған беті жіңішкелеп аққан мөлдір бұлақ, кішкене аттар болса,

сол арадан аз ғана сулап, ер-тоқымдарын желпітіп, айылдарын қайта тартқызып, қазір болатын жорыққа тығыз әзірленіп жатты. Қалың қолдың әр жерге екшеліп үйіріліп жиыған қара нөпірлерінің ортасында кей-кейде ұзын найзаға байланған қызыл ала тулары да көрінеді.

Әр жердегі топтың ара-арасында бірінен біріне қарай мезгіл-мезгіл шапқылап шыққан тілшілер, хабаршылар көрінеді.

Соңғы бір аз уақыттан бері ғана келушілер саябырлай бастады. Енді жиылар күш жиылып болып қалған сияқты. Мынау етекте жалпайып, кішірейіп бүрісіп тұрған жәрмеңкеге осы қолдың өзі де қаптай шапса, тамтығын қалдырмайтын сияқты.

Бүгінгі жиындардың ортасында көпке нұсқа беріп, айғайлап басшылық етіп жүрген кісі аз емес, көп. Бірақ сол көбінің әрқайсысының айналасында кем болса бірнеше жүзден әскері бар. Қол-қолдың барлығында жоғары көтеріліп тікейіп шаншылған шокпар, сойыл, істік найза, жарқылдаған айбалта, ел қолы түгелімен істікті, шанышқылы қол сияқты. Мол денелі қалың елдің ашумен үрпиген жүні, айдынмен тікірейген қайратты төбе шашы сияқты. Үдірейген тік тұрған ашу, қайрат белгісі бар.

Жалғыз-ақ жәрмеңке күші қаншалық, қандайлық екені белгісіз. Сол белгісіздің ішінде ең алдымен үн шығаратын мылтық болу керек. Соған жауап беретін отты қару қазақ қолында қанша қамданғанмен аз ғана болып шықты. Бесатар атаулы тіпті жоққа жақын, бәрінде азынаулақ бердеңке ғана бар.

Одан басқа көпшіліктің сенгені арқар, таутеке ататын жалғыз оқ. Содан қалғаны бытыралы шиті, бірен-саран қос ауыз.

Әйтеуір мылтық даусын көбейту үшін кейбіреулерінің қойнына тығып алған жаман шолақ алтыатарлары да бар.

Қару деген қару осы. Бірақ барлық елдің жүзінде сан қарудан боларлық үлкен сенім белгісі, ірі қайрат ажары бар.

Біреуге біреудің сырт ажары, жалынды жүзі, екпінді шапшаң қозғалыстары осы жайды ұғындырып сездірумен бірге бағанадан бері жиылып жатқан топтың ара-арасында сөйленген сөзден де сол білінді. Бүгінгі топтарға жағалай қыдырып жүріп сөйлеген жігіттер де болған. Олар: Қөкбай, Баймағамбет, Жансейіттер еді. Бір бөлек

топтарға Қартбай да айғайлап, екіленіп тұрып көп-көп сенімді, күшті сөздер айтқан. Солардың бәрінің айтатын сөзін Көкбай анықтап, ашып, түсінікті қылып сөйлегендей.

Ол Шырғанақты елі енді шабуылға шығамыз деп ата тегіс мінісіп, Көкбелдің бетіне қарай дүрс-дүрс басып қозғала бергенде көлденеңдеп шауып келіп:

— Уа, жігіттер, бәрімізді ата-бабаның аруағы қолдап, жолымызды оңғарсын. Бұл тілекті тілемеген жан жоқ. Жас-кәрі, жақсы-жаман түгелімен осындай ақ тілеудің үстінде төбемізге құй қазса да шыдадық, енді келіп барлық ер азаматты қырғынға салам дейді. Оның айдауында барып қырылғанша, осы туған жерімізде қалың еліміздің алдында осы елдің намысы, елдігі үшін қырылайық. Біріміз қалғанша қасарысып, шыдап бағайық. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген. Тіпті өлсек, осы ниеттің үстінде өліп-ақ қалайық, еркек тоқты құрбандық. Біз өлсек, ертең тағы бір ұл туады. Түбінде ел туы жығылмасын. Алыспасақ, атар таң, шығар күн жоқ. Енді шыдар да, тоқтар да жайымыз қалған жоқ. Өлсек, мынау өлгендерден артық емеспіз. Осындай жолда бұрын қазақ баласы іс қылып та, өліп те көрген жоқ. Бетімізден жарылғасын»— деп келіп айғайлап, арғысы Үйсін, Албан бабаларым, бергі Райымбек, Саурық аруағы қайдасың? Оң сапарыңды бер, жар бола көр, иә, аруақ! Иә, тәңірі!— деп, айғайды салып жіберді.

Көктөбені қаптай тұрған қалың қол бір ауыздан:

— Иә, аруақ, аруақ!— деп, шу-шу еткен бойымен белден аса бере жәрмеңкеге қарай бет түзеді. Желді күнгі даланың өртіңдей ұзын жотаны қап-қара топыр болып қаптап алып, ұйытқып шалқып лап қойды.

Жайын күштей жаланған қара шұбар топ дүркіреген селдей ақты. Тау басын аспанға шапшып бұрқыраған қалың шаң басты. Етекке қарай тау кегі ақтарылғандай болып, жер күңіреніп, дүние шуға толды.

Жер сілкініп, тау ойран болып, күз басынан жақпар-жақпар тас құлағанда естілетін күтір-күтір, сатыр-сүтыр үндер шықты. Шатырлап жай түсіп, күңіреніп аспан жарылғандай айдынды суық сарын естілді. Ұзақ уақытқа созылып, бір қалыпты естіліп, басқан жерін қалтыратып, дірілдетіп тұрды. Ауыздығымен алысып жер сүзген жарау жүйріктер тізесін кеміргендей болып емініп, қарсы ұрып келе жатыр еді.

Ысқырған жалаулы өңкей найзалы шуы көп айдынды топ етекке түгел келіп құлаған кезде алдынан бағанадан бері үндемей жым-жырт болып тұрған жәрмеңке үні шықты. Үзілместен сытырлап, көп мылтық сөйлеп жіберді. Атылған жалғыз мылтық емес, пулемет те кіріскен екен. Ыстық күнде ажал оғы шыжылдап ізденіп шықты. Қалғып тұрған аспанды зу-зу тіліп, жындай ойнап өтіп жатты. Алдыңғы топтың ең алдыңғы қатарында тізе қосып жиі келе жатқан қол жел қисайтқан өрттей болып жалырыла шалқи жөнелді. Қисая берді Қатардан жиырма-отыз ат будақ-будақ шыққан шаңның астында жұмарланып-жұмарланып, құлап-құлап түсті. Үстіндегі иелері омақасып жығылып, серең-серең етіп, ұшып-ұшып түсіп жатты.

Жәрмеңке таңертеңнен бері тығыздықпен нық дайындалған-ды. Ең әуелгі дайындық кеше кештен, Қарақол хабары келгеннен бері басталып еді.

Түн бойы жәрмеңкеден шашау жүрген қарулы әскердің барлығын тыным таппай қабарландырып бір араға, Қарқара басына жиып шыққан. Таңға жақын жүзден аса қарулы әскер дайын болып, енді келесі күннің хабарын тоқ белбеу болып күтіп отырғанда, маңайдың барлық қалаларынан ағылып босқан казак-орыстар келе бастаған.

Ақжелке мен әскер командирі соларға тегіске жақын мылтық тауып берді. Мылтығы жоққа қылыш, найза берісті. Бұлардан басқа жәрмеңке басындағы қызмет несі ұлық атаулы да жасанып, тегіс қаруланып алды.

Қазірде қазақтың саны көп болса, бұның түйілген суық, жат қайратты күші көп. Сондықтан енді қорқу, жасқану дегенді ешқайсысы ойламағандай болатын.

Жәрмеңкеде соғыстың, атыстың әдісін көбірек білген әскери адамдар қазіргі қаруланып дайын тұрған күштеріне сенсе де, жаман айтпай жақсы жоқ деп, істің ең нашар болып бұзылған уақытында істейтін қамды да дайындаған.

Бұл бетте істеген нәрсе: ең әуелі жәрмеңкенің айналасына базар басындағы арба, бришке атаулының барлығын жиып алып келіп, айналдыра тіркестіріп тізіп, біріне-бірін байластырып қойған. Таң атардан бастап жәрмеңке басындағы көп елдің істеген істері осы болатын. Бұл жұмысқа солдат, крестьянды салудан басқа, базар басынан кетпей жатқан өзбек, татар саудагерлерін, ұйғыр, қаш-

қарлықтың жүргіншілерін, асбұзылшы қарекетшілерін,— барлығын да әкеліп жеккен-ді.

Сонымен қазіргі уақытта жәрмеңке айналасы жағалай тізілген, біріне-бірі мықтап тіркелген арбалар болатын. Ұлықтың кеңселеріне жақындаған жерлерде арбалардың екі қатардан тізіліп тұрғаны да бар. Жәрмеңке буынып, түйініп қазақ шапқынына осындай бөгет жасап алып еді. Бұның үстіне егер ел қолы бұған да қарамай, қоян-қолтық араласып, ішке кіріп алатын болса, қолдарына түсіп, ұсталып қалмас үшін, барлық жәрмеңке басындағы адамдарға тегіс салт аттар дайындалған, олар түгел ерттеулі. Жәрмеңке ортасындағы үлкен қораларда тізіліп күтіп тұр. Зәуі сайтан сондай күн бола қалса деп, Ақжелке урядник, командирімен ақылдасып, соңғы күндерде маңайдағы қақас жүрген жалғыз-жарым қазақтан әлденеше аттар аудартып алған.

Оның үстіне бүгін таңертеңде он бес-жиырмадай солдатты урядникке бастатып кез келген ауылдың жылқысын алып, кез келген елдің қоралы қойын топтап жосылып алып келуге бұйырған. Қойды қамауға түскелі тұрған жәрмеңкеге сойысқа жаратпақ. Қазақтың өзі іздеп тапқан жаулығы, өз есебіне шығынын арту керек. Жылқыны малынан айрылған, дүниесі өртенген шаруа иелеріне үлестіріп бөліп бермек. Сонымен олардың көңілін жұбатпақ. Біржолата өз артынан ергізбек. Одан бері де қазіргі жаяуларына ат беріп, шабуылға қарсы соғысқа шығармақ болатын.

Осындай үлкен қоғаммен істейтін басты қамдардан басқа, Ақжелке ұлы сәскеден бері Көкжотаның арғы бетіне жиылып жатқан қазақ туралы да қысқа-қысқа хабар алып тұр еді. Ондағы топ молайып, етек алып ендеп келе жатыр дегенді естіген соң, Ақжелке мен командир соңғы күндерде іштеріне тығып жасырып жүрген бір сырын тағы да сыртқа шығарып, Көкжотаға таман беттетіп қойған. Ол алдыңғы күні Қарақолдан алғызған пулемет болатын.

Бұндай қару болған жерде қазақ тобынан қасап қыруға болады. Өзі қарусыз, өзінде соғыстың ешбір айласы, тәсілі жоқ, қойша үйіліп топырлаған қазақ пулеметтің аузына қарай бір жосылып көрініс берсе, бұрын татып көрмеген сыбағасын алады. Соны ойлағанда жәрмеңке ұлықтары іштерінен тегіс риза болып жымиятын. Қазақтың алдында құрулы қақпан, көлденеңдеп қазылған ор

дайын тұр. Таңертеннен бері әрбір арбаның түбінде ажал оғы аңдып, сығалап қарап, «қанды басың бері тарт» деп отыр.

Бәрінен де сенімді, бәрінен де артық қайрат беріп көп оғы бар пулемет кезеліп тұр.

Жотадан шапқан ел тобына елден бұрын қарсылық отын шашқан осы пулемет еді. Бұның басында Ақжелке мен командир өздері келіп, бақылап қарап тұрған. Алғашқы пытырлап шыққан тұңғыш оқтармен бірге шаң қауып топырлап құлап жатқан аттыларды көргенде Ақжелкенің қыбы қанғандай болып:

— Ата бер, жібере бер. Беті бұрылды. Жалтарды. Көлденең сыпыр, қыр, жой!— деп, мерейі асқандай бой жасап бара жатты. Пулеметпен қатар арбалар арасында тізіліп отырған солдаттар да дамылсыз атуға кірісіп еді. Ең алдыңғы қатарда шауып келе жатқан қолының ішінде Баймағамбет, Жансейіт, Көкбайлар да келе жатқанды. Қай кезде келгені белгісіз, бұрын Асыда істеген ерлігі естілгені болмаса, өзі көп жиынға көрінбей жүрген Ыбырай да қазірде осы топқа келіп қосылып, алдыңғы қатарға шығып қалған екен.

Жәрмеңкеден батырлап атылған оқ бұлардың қатарындағы бірнеше адамды ұшырып-ұшырып жіберген кезде, бәрінің астарындағы аттары лоқып-лоқып үркіп атқып кетті. Бұрын соғыс, атыс көрмегендігін қылып, сынар езулеп қисая жөнеліпті.

Сол алғашқы жығылған топтың артын ала Көкбай да ат-матымен домалап түсті. Астындағы ат ортқып барып омақаса жылғылғанда, бұл өзіне де оқ тиген шығар деп ойлап, иманын айта беріп еді. Бірақ ат жығылып қалып, өзі басынан асып түскенде ештеңесі кетпеген екен. Аман-дығын біліп, тезбе-тез атып тұрып, шаң ішінде мылтығын жәрмеңке жаққа кезеп, арбалардан оқшауырақ қалып, солай қарап шауып келе жатқан бір атты казак-орысты көздеп тұрып басып қалғанда, анау атының ар жағына ұшып барып түсті.

Көкбай сол кезде байқады. Қазақ қолы нәсердей жауып, дамылсыз от бүркіп тұрған пулеметке бет қарап, қасқайып шыдай алмай, төмен қарай жөнелген екен. Бұл әлі толық айықпаса да, сергіп қалған шаң ішінде жаяу қалыпты. Жалғыз да қалған шығармын деп жан-жағына алаңдай беріп еді. Оң жағында бір жардың ернеуіне жа-

-бысып жәрменкеге қарай бұрк-бұрк оқ жіберіп жатқан бірнеше кісінің тобын көрді. Солардың арасынан:

— Бері жүр. Қаш бері, оқ тиеді! Бұғып жүгірі!— деген қатты айғайды естіді.

Сонда ғана ұқты. Бұл Ыбырайлар екен. Қасында он шақты мылтықпен жатқан жолдастары бар. Бағанадан үзбей оқ шығарып атып жатыр екен. Көкбай еңбектей жүгіріп бұлардың қасына келе бере мылтығын оқтап алып көздеп жата қалды. Дәл осы кезде пулемет даусы бәсеңдеп барып басылып еді.

Бағанадан пулеметтің қай жерде екенін анықтап білгелі болжап отырған Ыбырай, өзге жолдастарына жалпы жәрменке топырына қарай атқыза беріп, өзі сол пулеметтің оғы шығып тұрған орынды тауып алып, ылғи ғана сол араны нысанаға байлап атып отыр еді. Жаңағы пулеметтің тоқтауы бұның соңғы оғының түтіні басылар-басылмас болған кезбен дәл келді. Шынында пулеметті атып отырған солдаттың маңдайынан оқ тиіп, шалқасынан ұшып түсіп еді. Пулемет бір жері сынғандай болып, пытыр-пытыр етіп барып қақалып тұрып қалды.

Ыбырай бұндай іс болар деп ойлаған жоқ еді. Басында бұл өз қасында Асыдан еріп жүрген бір топ мылтықты жолдасымен келіп араласып, алдыңғы қатарға шығып шауып келе жатқанда, аты оққа ұшып жығылған Көкбайды көрді. Онан соң дәл сол уақытта Көкбаймен бірге ұшып түскен тағы бірнеше жігітті көрді. Бәрінің де жығылысы жаман көрінгенмен, оқ төмендеп ұшып тұр. Аттарына ғана тиген сияқты. Соны байқай салысымен жәрменкенің шетінде оққа ұшқандарды басып қалғалы, шапқалы тұрған топты атты әскерді көріп, өз жолдастарының бәріне: «Аттан түсіп атыс» деп әмір қылып, ең алдымен өзі түсе қалғанды, өзге маңында келе жатқан жігіттердің көбіне:

— Ана жығылғандарды жинап мінгестіріп алып кет,— деп айғайлап, ақырып жарлық шашқан.

Сол көз құр дырдумен есі шығып келе жатқан жігіттердің көбіне ес кіргізгендей болды. Бұның айғайын қатарында келе жатқан Баймағамбет те естіп еді. Ол сол арада аттан құлаған жігіттерге қарай жиырма шақты жігітпен қайта беттеп келіп, оқтан аман қалған жолдастарын мінгестіріп-мінгестіріп алысып көлденең шапты. Бұлар да осы жаққа қарай жосыған қалың топтың бетімен шауын сол жақта жақын жердегі бір төбешіктің та-

сасына келіп ілінгендей. Өзге қалың қол да сол төбенің бойына жазылып, іркіліп барып тоқтап тұрып қалды.

Елдің беті жалт бергенде, жәрмеңкеден шабуға қамданған солдаттар әлі де қамауынан шыға алмай тұрды. Өйткені барлығы он-он бес қана мылтық болса да, Ыбырайлар тобы басы көрінген, шашау шыққан кісілерді екі бастырмай, баудай түсіріп құлатып тұр.

Арба артында жатып кезелген мылтық ешкімді де қиратқан жоқ. Ел беті жалтарып кеткен соң, олардың нысанасына ілінбейтін болып ату мөлшерінен қиыс өтіп кетті. Жолдағы арбалар ел қарасын анықтап көрсетпейтін болды. Олар әмір алып, орындарынан қозғалып, жаңа жерге орныққанша ел қолы жаңағы төбеге барып ілінді.

Елдің дәл соңғы беттеген тұсында отырып оқ шығарғандар болса, олар Ыбырай тобының не атын жығып, не анда-санда бір кісісін құлатқан болмаса, қалың қолдың бәрін бірдей жусата бере алмады.

Өйткені ел тобының алдыңғы қатары бұлар жатқан орнынан шақырымға жуық жерде болатын. Сасқалақпен астын-үстін байланып, дәл қарауылмен атылмай жатқан мылтықтар, мынадай қашықтан ештеңені ойсыратпады.

Атыстың қашан жерден болатынын Ыбырай ертеден есептеп еді. Бірақ жәрмеңке маңындағы әсіресе, Көкжота жағындағы болымсыз қабат болса, не жар, не төбешік болса, барлығын да жырынды Ыбырай ерте күннен санаққа алғандай ескеріп алған. Сондықтан, «оқ шығаратын жер Көкжота емес. Ол арадан атқан мылтық ешкімге де тимейді, әншейін босқа оттайды. Егер шын атысамыз десендер, маған ерген жігіттер Қарқара суының қасындағы жарға жетіп бағындар, атысты содан саламыз. Содан кейін тоқтау керек болса, жарды құлдап кете барамыз» деген.

Қазір де Ыбырай сол айтқанын істеп, өзге екі жақтағы топтың ешқайсысына тимеген ең жайлы орынды меншіктеп алып, соған нық бекініп отырды. Содан соң жәрмеңке ішіндегі әскерді ешқайда жалтартпайтын, қия бастырмайтын болды.

Көп қолдың жәрмеңкеге қарай беттеген, дауылдатып қаптаған шаңы Ыбырайдың тобын өзгенің бәрінен ұзатып, өзен қасындағы жарға аман-есен әкел жеткізіп еді. Алғашқы пулемет оқтарынан аман өтіп кеткен соң кейінгі атылған оқтар ылғи бұлардың басынан асып түсіп,

артқы реттерге қадалып жатқанда, бұлар келіп аттарынан түсіп орнығып қалған.

Сонымен пулемет даусы тоқтап, жәрмеңке оты саябарлаған кезде қасында жақын жатқан Қөкбайға Ыбырай қатты дауыстап:

— Мынаның пулеметі тоқтады. Басында отырған кісісі жығылды білем, бірақ қазір қайта атылар. Кәсір пулеметке қарсы қалың қол шаба алмайды. Бос қырылады ғой. Енді анау елге «сол орнынан шықпай тұрып ал» деу керек. Бір толасын күтейік. Біз осы арада жатып, жәрмеңкеден ешкімді шашау шығармаймыз. Енді елге бар да айт, «Тобымен бой көрсетпесін, ептеп, қабат-қабат жерлермен төмен қарай жазылып, жәрмеңкені қоршауға тырыссын. Және мылтығы барларын іріктеп шығарып, жаяу мергендерін сол бетке тасаға жатқызып жәрмеңкені атқылатсын. Осымен кешке шейін қамап атып көрейік. Не де болса, елді осы келген жерінен қайта қайтармайық. Қеш болып, ымырт жабылған уақытта шабуылды қайта бастаймыз. Осы дұрыс емес пе?!— дегенде, Қөкбай:

— Дұрыс! Іс осы. Оқтарың кешке шейін жете ме?— деді.

— Жетеді. Оқты есеппен, шақтап шығарамыз. Басы көрінген кісіні атпасақ, құр беталды далаға оқ жібермейміз. Солай атсақ неге жетпесін. Алаң болмаңдар.

— Байғұсым, еркек сендер екенсіңдер ғой. Сүйсіндім ғой, батыр. Жолың болсын.

— Жарайды мақтауыңды артынан айтарсың. Бар енді,— деді.

Қөкбай осыдан соң жардың құр арнасын құлдилап, бұғып жүгіріп отырып өз кісілеріне қарай беттеп келе жатқанда, осы жардың ішіне ел тобынан шығып жаяулап келіп орнығып алып, мылтықтарын жәрмеңкеге қарай құрып жатқан жиырма-отыз мергенді көрді. Қөкбай жақындай бергенде бұлардың бәрінің мылтығынан берекелі, ынтымақты дауыстар желісін үзбестен күрс-күрестіп, ажал отын шаша бастады.

Кішкене төбенің тасасына барып ілінген соң, Қартбай мен Баймағамбет елдің бәріне жаңағы Ыбырай айтқандай кеңесті айтып, көпшілікті сол араға бекітіп қойып, жаяу мергендерді бастап өздері жаяулап жер бауырлап отырып, құр арнаға келіп түскен екен. Қазірде Ыбырай тобының оқтарына тізе қосып, шылбыр соза шыққан оқтар солардыкі екен.

Көкбай бұларға Ыбырай сөзін қысқа-қысқа айтты да, Ішгері қарай, өзге көпке қарай өтіп жөнелді.

Бұның алдында кішкене жотаның жонында да жәрмеңкеге қарай бет түзеп, қатарынан тізіліп мылтығын кезеп жатқан он-он бес жас тағы бар екен. Ыбырай қолы кәдуілгі ескі тәртіпті әскер сияктанып, жәрмеңкенің құнбатысы мен солтүстігіне таман созылып, әр жерде желілеп мылтық тізіп, тәртіппен атыс бастаған көрінді.

Бірақ ел қалың, қара қайрат мол болғанмен, осы барып жатқан жиыны елу-алпыс мергеннен басқа өзгенін ешбірінде мылтық жоқ. Сондықтан олар жотаның астында құр үйіліп тұр екен.

Көкбай бұларға келіп, әр жердегі топтарына қысқаша жайды мәлім етіп болып, енді қас қарайғанша осы арадан тапжылмай тұру қажет екендігін айтты.

Топ дауласпай, қобалжымай қарсы алды, қабыл алды. Қолшілік үндемейді. Мең-зең боп есеңгіреп, сескенип қалған сияқты. Пулемет дажалдай қорқыныш қауіп пішінін анық айқын көрсеткендей болыпты. Ел түрлі қарсылық жаулықты күтсе де, мынандайды ойламаған, ескермегендей. Жүрегі шайлығып қалғандай.

— Топ-топтың ортасында әлі күнге;

— Жаңағы атылған не нәрсе? Зеңбірек дегені осы ма? Әй, осы шығар. Кәпірде тіпті тыным жоқ қой.

— Япыр-ай, тіпті биттей де толас қылмайды екен?

— Сол сыртылдақтың бәрінде ылғи оқ шығарып тұрады ғой.

— Құдай сақтады. Не ғып тегіс қырылып қалмадық?

— Әлгі зеңбірегі жоқ дегені қайда? Мынау ит бар қаруын жиып, сақадай-сайланып отыр екен ғой өзі.

— Бізде ғой керек десе жаман берденке де жоқ... алғызады деймісің?

— Әй, алғызар түрі жоқ қой. Жүз болса, жүз, мың болса, мың — бәрін бірдей жусатады да отырат та мынау зеңбірек.

— Уа, зеңбірек емес дейді бұл. Зеңбірек дейтінді қайдан шығардыңдар?

— Бәсе, зеңбіректің оғы біреу-ақ болады. Түскен жерін ор қылып қазып кетеді дейтіні қайда? Мынауың бір басқа сұмдық.

— Уа, не екен зеңбірек болмаса, аты не екен осы иттің? Білгендерің бар ма, түге, — деп, жаңағы зеңбірек деп

сөйлеген қара сақалды, бітік көзді қызыл кісі астындағы сары аттың үзеңгісіне екі аяғын тіреп басып көтеріліп, мойнын созып тұрып жұрттан сұрады.

— Атында нең бар, атын білгенде қайтушы едің? Таныдың ғой атынсыз-ақ. Отыз-қырық кісінді орақ орғандай бір-ақ қырқып түсірді,— деп, көп ішінен бір дауыс жауап берді.

Бұл топ өзгелерден гөрі екшеліңкіреп, артқа таман сырғып шығып тұрған топ еді. Кезеңге бұлардан жақын тұрған топтардан бұл уақытта жаяу мергендер екшеліп шығып кетіп жатқан.

Мына топ олардың ісіне де сенімсіздік күдікпен қарайды. Не қылса да ендігі соғысты керексіз тауып, бет бұрып жалтарған-ды. Бас амалдағанды мақұл көріскен сияқты. Өзгелердің бәріне бұл алалық әлі жайылған жоқ. Олар мергендерін шығарсын, пулеметтің тоқтағанын сөз қылсын, Ыбырайлардың ерлігіне сүйсініп, алғыс айтсын, әйтеуір әлі сенім, үміт үстінде. Жанар отын, екпін желігін сөндірмеген сияқты.

Мына босаңсып қалған топ олардың маңына қарай барса үндемейді. Құр ғана сөздерін тыңдап, жым-жырт болып тұрады. Сырт айнала бере арасында сенімнен айрылған дауыстардың әралуан күдігі естіледі. Бірақ бұларға да қазір майданнан кетіп қалуға болмайды. Кету үшін көрініске шығу керек. Олай шықса, тағы жаңағы сұмдық қару сөйлеп кетуге болады. Оның қолы қай жерден болса да жетеді. Сүргін жасауына болады. Содан жасқанғандықтан соғысты тоқтату туралы ештеңе айтқан жоқ. Бірақ түнді қолға берсе, ептеп сусып жөнелмекші сияқты.

Араларында бөтен болмай, өзді-өзі болып сөйлескенде, кәртеміштері:

— Өзге қазақ өз білгенін өзі істесін, тағы осы арадағы аз ғана Әлжан, сен, есің барда, елің тап.

— Бәсе, дабырайтпай, шуламай тарау керек. Бәрібір ауады екеміз. Бұны жеңгенмен, барлық ұлықты жеңген боламысың? Осымен соғыс бітіп, тыныштық орнай ма? Тіпті жеңіп-ақ ал. Сондағы өлтіретінің бір жүз, екі жүз солдат болар. Сонымен жаудың тұқымы құрн ма?

— Оның өзі де оңайшылықпен өле қойса-ау?

— Рас-ау, өле қоя ма? Жоқ өзіңнің талайынды жусатып сала ма? Оны құдай білсін,— десіп, осы топтың ішіндегі Әлжанның барлығына ру жігімен іріткі салып, топ-

сасының ең бос жерінен, шаншулы жерінен қажауға айналды.

Әлжан Албанның ішіндегі саны көп рудың бірі болса да, баяғы күннен: «Албан емес, туысы көмескі» дейтін бір жала болатын. Сол шын да болса керек. Осы әңгімеге қарап, Албан атаулы әрі көптігіне, әрі күштілігіне сүйеніп, Әлжанды әрқашан кемсіте, қорсына, шетке қаға жүретін. Көп Әлжан кедей де, төменшік те болатын. Әр болыстың ішіне бөлініп, шашырай кірген Әлжан онан сайын өздерін келімсектей көретін.

Сондықтан бүгінгідей көптің арқасына салмақ түсіп, қалың қайратты көппен қатарласып тұрып көрсету керек болған уақытта көптің қатарында бір қиындыққа шыдауға келгенде, бұлар әрқашанда осылайша жалтақтап, сырғаландап кете бергіш, тұрақты емес болатын. Бірақ сондай мінезінің көбінің тұсында «жауды көп қашырады, жақсы аты Баракқа қалады» дегендей, жақсы істің атағы Әлжанда қала ма, Албанның өзгесінен артылмайды. Соларға тиеді. Біздің қара сорпа болатынымыз не деп, дау айтысатын. Шынында Әлжанның әлгіндей мінезінің зор себебі осы еді. Бірақ сол әдет жай уақытта болса да, Әлжан баласының үнемі қолданатын мінезі болып кеткен. Бүгін де сонысына бой ұруға айналып тұрды.

Бұл кезде жәрменке мен ел тобының атысы алғашқы қызуындай болмай, екі жақ та бірін-бірі барласып, аңдысып атысатын болып еді. Қай-қайсысы болса да алғашқыдай үркіндімен беталды оқ шығаратынды қойып, ендігі атқан оғын өлімге арнап ататын болды.

Көкбай тасада іркіліп тұрған топқа келіп, бұған енді істейтін істің ретін айтып жүргенде, Әлжан тобы да көппен бірге бағанағы кәпірстан мылтықтың атын естіді.

— Пулемет дей ме, пулимент дей ме, сондай бір мылтық болады деседі ғой, сол болса керек,— десіп жатты.

— Бұл зенбіректің бір атасы болса керек. Бірақ оғы жиі, қаупі зор бір кәпір болса керек,— деп бағанағы сары атты Әлжан тобына келіп, естіген жайын мәлімдеп жатты.

— Кәпір екенін өзіміз де көрдік. Оның несін айтамын. Кім жақсы деп тұр? Осы да бір құдай аманаты сөзді айта беретін кісі екен өзі,— деп, сыртынан күңкілдеп, мінеп тұрғандар да болды.

Көкбайға Жансейіт келіп қосылып еді. Ол қазір күлеш, баяғысынша қалжыңқой болып алыпты. Көптен жо-

ғалтқан күйін қайта тапқан сияқты. Маңдайы шып-шып терлеп, анда-санда бетінің терін алақанымен сыпырып тастап:

— Қырамын тек бүгін. Қызыл Ыбырайдың не қылып жатқанын көрдің бе? Пулеметтің өзін де қақалтып қойды. Тек түн болсын. Мына жәрмеңкені бүгін күл қыламыз. Осының қара сорпасын ұрттамай, көшпеймін, аумамаймын тіпті,— деп жүріп, қырық-елудей жігітті іріктен алып:

— «Жәрмеңкеге келе жатқан қарулы солдат, жүргінші ұлық болса, тұтқын қыламыз»,— деп қалың топтан жырылып кеткелі жатыр еді.

Дақ сол кезде елдің артындағы жотадан қалың жылқыны тасырлатып шұбатып қуып келе жатқан он-он бес кісі көрінді.

Жұрт төгіс шу етіп:

— Мынау солдат қой жылқы әкеле жатқан.

— Бәсе, бұл осы жәрмеңкеден шыққандар ғой, әкеле жатқаны ел жылқысы ғой.

— Шырғанақты елін шауып қайтып келеді,— деп Әлжан тобы көлденең кісі сияқты қысыр кеңеске айналып бара жатқанда, бетке жақын тұрған жүз қаралы кісі Көкбай, Жансейіт бастап, жылқы айдағандарға қарайлап қойды.

Тағы да жер дүр-дүр етіп, шаң қаптап кетті. Көп атың дүсірі жың ойнағандай дыбыстар шығарды.

Жылқы айдағандар алдарынан оқыста шыққан қауіпті көре салысымен, есі шығып үрке жөнелді. Жылқы атаулының барлығы алдындағы қуғынның бетімен етекке қарай дүрілдей лаулап желе шауып жөнелгенде солдат атаулы солтүстіктегі ойға таман қисая шауып, жәрмеңкеге қашып тығылмақ болды.

Ел тобы да солай ұйтқып жосыды. Бұлар қашқан жауды жәрмеңкеге кіргізбей, бетін бұрып, әкетпекші еді.

Екі жағы да бірі қашып, бірі қууды ғана ойлады. Мылтықты бірен-саран болмаса, ешкім де атқан жоқ. Аз уақыттың ішінде біріне-бірі қиялап шапқан топ өкпе тұстарына келіп қосылып қалды. Қалың түтіндей, бұрқ-бұрқ шыққан шаң ғана көрінді. Жәрмеңке бұл күйді көріп, өз кісілерін танып көмек бермекші болып еді. Сондықтан азғантай уақыт бағанағы пулемет қайта бытырлады. Бір аздан соң ол тағы тоқтады. Өйткені ел тобы аналардың қабатына кіріп, екі жақ айқасып қалған,

Жәрменке пулеметтен басқа атты әскер шығаруды ойлап еді. Оған жар бойында жатқан Ыбырайлар, Баймағамбеттер сыпыра от шашып, жиілеген атысты бастап, әскерді тығылып тұрған мекенінен шығармады. Не де болса ел тобымен жаңағы аз ғана солдат, өзді өзі боп араласатын болды.

Қалың топқа бүгінгі барлық соғыс ішіндегі ең жұбанышты, ең көтеріңкі мезгілі осы шақ болды. Шаң ішіне түсіп, сансыз қалың топтың арасына келіп киліккен солдаттар, мылтық сияқты қаруға қол сала алмай, қоян-қолтық араласқан соң қылыштарын жалаңаштап алып, сонымен қайрат қылмақ болып еді.

Қазақтың найза, сойыл, айбалта ғана ұстаған жігіттеріне бұл күй көңілдегідей қолайлы келді. Көптен өзара сөйлескенде ел жігіттері: «Әттең, мылтықсыз ғана келіп айқасатын күн болса», десетін. Сол шағы жаңа келгенін көрген соң, барлық жігіт құлшынып, жауланып кетті, екіленіп, екпінденіп келіп кірісті.

Айтқанындай алғашқы кезде бір солдаттың қылышы бір қазақтың бойына тие алған жоқ. Топ ішінде алдыңғы қатарда келген Көкбай, Жансейіттер қолдарындағы шоқпар, сойыл мен қылыш ұстаған солдаттарды ылғи шекеден қағып бойларына дарытпай, алыстап ұрыс салып жөнелді. Алдыңғы қатарда келген бұлар бет алдындағы жауларын бір-бір салғаннан ұшырып түсіргенде, өзге солдаттар қоян-қолтық араласпақ болып жақындай ұмтылып еді. Бұндайлардан ел жігіттері жалтарып, қашқалақтай соғыс салды. Өйткені көпшілік қашып жүрсе де, артымен де ұрысады. Қуып келе жатқан жауын аттың жалына қисайып жантая беріп тізеден де, тобықтан да, білектің қарынан да ұрып кетеді.

Алдыңғы жосылып қашқан жігіттердің соңына түсіп қуған солдатты, артынан түре қуған жігіттер де нығыздап баптап ұратын болды. Білек күші мықты болғанмен, солдат атаулының барлығы да басына мензеп тиген сойылға тіпті шыдамсыз болып шықты. Өйткені, тізеге, ұлы денеге қанша соққы тиіп жатса да, жығылып қалмайтын солдат, дәл басына кеп шала-шарпы тиген сойыл болса да тымақша ұшады. Біржолата өліп қалғандай болып, төбесінен шаншыла барып жығылады. Бұл қақтығысына ереуілшілер қолынан төрт-бес жігіт жаралы болып, он бес шамалы солдаттың он екі, он үші қолға түсіп, тұтқын болды. Көп ішінен жәрменкеге қашып барып

кірген кісі екеу-ақ еді. Оның бірі урядник болып шықты. Тұтқын болғандардың қаруын жігіттер үлесіп алды.

Урядник ұстаздар бейнеміне барып жақын жердегі жауларға ақ қолмен қолды салғанды.

Бір аяққа отырған он шақты ауылдың бәрін жылқысын жиғызып иіртіп қойып, ішіне еміне араласпай, ығы жасау ат, жарау ағыр, сартан болып жүріп ту башылардан ғана тізіліп отырып жүріп, жылқы ірісіне барған. Әкеле жатқанда сол еді. Өзінің астындағысы сол барған аумағындағы белгілі жүрісімен. Бұл барлық Албанға аты шыққан, жәрменке басында да байталап талдай келген Матай дегеннің құла жарен аты еді. Барысымен жылқыдан соны танып, оны ұстатып мініп алыпты. Құла жирен бұл күндерде жүйе тап жасап, зар ауданда жүр еді. Несі әкешейінде мінесе де, бұртқы соғысқа мініп баруға қимай, оққа ұшып кетер деп, ауылда қалдырып салды.

Сол құла жирен урядникті қалып қалған жабық күйде қуғынынан аман алып шықты. Урядник әуелі етекке түсіп, жазыққа қарай қашып ойысып барып, содан жәрменкеге қарай орай салғанда, артында мылтықсыз қуып келе жатқан топтан құла жирен қара озып қаңғып шығып кетті. Сонымен урядник қанжыра барды.

Бірақ ол кеткеннен, өзге олжа ел тобына мол сияқты көрініп, жауландырып, желініп тастады.

Соның қызуымен ден астындағы қол жәрменкеге қарай тағы бір қаптап шауып көрді.

Бірақ таңертеннен бергі соғыстың барлығынан елге осы шабуыл қатты залал келтірді. Бұл жерде пулемет те, жүзден аса мылтық та тізе қосып түгел бытырап беріп еді. Ел бет қарап, қасқайып баруға шылап алмай, аз уақытта тағы қайта серіледі. Сонымен қайтадан төбенің тасасына жиылғанда, арғы бетте қару алмас жігіттер жұсап қалғанын көрісті. Солардан ағашында Кеңбай да қалған екен.

Осыдан соң барлық елдің осы жерге, қатты басшылар жасып қалды. «Алғыбабайды, бөлмебайды, босқа қырғиы табамыз» деп, қорқынып айтқан жұрттың ауысып көп жерден естіді, күшейіп, молайып шығуға айналды. Жақыны, туысқаннан айрылғандардың бауырындап жылған бостығы да көрінді. Енді ел қайта қаптап шығуға жарамайтындығын анық көрсетті. Баранадан бергі соғысқа араласпай, шегіншектеп тұрған Әлжан тобы қарай

Бітуын асығып күткендей болып, қызарып ұясына кіріп бара жатқан күнді тез-тез жоғалса екен деп, ойша қуалағандай болды. Жалғыз тілегі қараңғылық сияқты еді.

Бүгінгі күшін соғысы осымен бітті. Қас қариян соң елдің барлығы жиылып, аңыздасуға жерінде күндізгі қалың қолдың жұртисынан артығы жетіп қалғаны білінді.

Қалған жұрттын басшылары әлі де шырдақтан, қамап көрмекші болып еді, оған:

— Ертең ерте келіп, таң бардан тағы соғысайық. Сөзді соған байлайық. Қазір ат та, адам да қажып бітіп тұр. Қу далада нені талшық қыламыз? Бөс қырыламыз ғой. Ертең тағы соғысады екем — деп, іріткі салушылар көбейіп, сөз бір жерге бай-анбай, қалың топ қарлығы түнді жамылып, жан-жаққа ік-жігімен ыдырап-ыдырап кетіп жатты. Сонымен ел жатар кезде жәрменке маңында қазақ қолынан ешкім де қалған жоқ, талай күнгі жалын, өкпін пулеметтің екі-үш рет ұшықтаған қарсылығынан жалтарып, суынып қалды.

Жалғыз-ақ жәрменке бұл халден хабарсыз еді. Күні бойы ел жиынының көрсеткен мінезі бұнығы жұртты қатты сескендірген болатын. Сондықтан жәрменке ішінен шығып, ел тобына қарсы барып, қарсы шабуыл жасауға жарайтын ешбір әскер, ешбір жан шыққан жоқ-ты.

Керек десе, пулеметке де қарсы шабуыл жасап, жайын толқындай, бұлқынып, шаңдатып жүрген елден әскер де шошынғандай болып, ұлық та зорлан алмады.

Жәрменке оның үстіне күні бойы атқыласуға жараған елдің оғын да көрді. Пулемет сияқты жарақтары жоқ болса да, елде мылтық саны көп сияқты. Оқ сайманы да бірталай атысып, шырдаққа жарайтындай көрінді. Жар бойында кешке шейін жатып, қадалып атқан мергендерден жәрменке ішіндегі бірталай жан жаралы да болып, қаза да тапты.

Бұның бәрінің тұсында қорыққанға қос көрініп, өзінің күші артық бола тұрса да, жау қарасын бір белгісіз құбыжықтай санаған үркектік те бар еді. Қалың қазақ жайлауының ортасында мынадай қарасы қалың топтың ортасында қамауда отырған төреселерге қазіргі өздерінің халі — үлкен қауіпті, күдікті хал көрінген.

Сонымен қас қарайып, түн жетуін жәрменке де асырып күтіп еді. Жауласқан екі жақтың екеуі де бүгінгі күні бойы соғыстан алған әсерлері сондайлық болатын. Бірін-бірі үркітіп, қорқытқан, іштей жүдетіп, сескендір-

гені болмаса, екеуі де жаға жырттып, қол батырып қиымыл қылған жоқ. Бірақ анық жау сияқты суық, жат айдың көрсетуге екеуі де жарады.

Осымен ымырт әбден жамылған соң ел жағынан жақсы да, жаман да белгі ала алмай, тым-тырыс күйде бір сағаттай тұрды да, соның артынан жәрменке басы қиыр-шиыр болып, тез қамданып арба жегіп, ат ерттеп, жөңкіліп жөнелуге айналды.

Осы қам басталған соң-ақ бір сағаттың ішінде жәрменке айналасына тізіліп тұрған арбалардың барлығы қолды-қолға таралып, ұзын-ұзын көш болып, жегіліп тіркеліп қалды. Алуға келетін қару-жарақ, асыл қазына болса, барлығы да тиеліп, жиналып жатты.

Аттар да тегіс ерттеліп, ұлық атаулының кеңселері де тиелді. Қатын-қалаштары да түгелімен арбаларға мінді орналасып алды. Сонымен ел әбден жататын кез болғанда, барлық жәрменке Жаркентке қарай кететін қара жолмен шұбап-шулап тартып берді. Абақтыдағы Серікбай, Тұрлығожаларды ала кетті.

Тұтқындардан басқа, қазақтардан бұл обозбен кеткен екі-ақ кісі бар. Ол — Оспан мен Жебірбаев. Екі тілмаш кешегі күні жәрменке басынан шығып следовательмен бірге Саржаз қаласына барып, бүгін түсте, нағыз атыс басталған кезде қайтып келіп еді.

Саржазда қазынаға ат алып жатқан үкімет комиссиясының бір аламын «ереуілшілер өлтіріп кетіпті» деген хабар кеше түсте жәрменкеге келіп, соны зерттеуге следователь баратын болған. Өзі баруға бекінген соң, ол әдет бойынша Оспанды ертіп алып, артынан Ақжелкенің кеңесімен Жебірбаевты да алып еді.

Бұлар кеше кешке барып тергеуін жасап, таң ата қайта қайтқан. Барған кісі бұл үшеуінен басқа, тағы үшеу-төртеу еді. Бірақ, қазақ мынау екеуі ғана болатын. Қайтқанда жолдағы бір бекетте бәріне бірдей ат-көлік жетпей, өзгелердің бәрі дайын атқа мініп, екі тілмашты әдейі екшегендей тастап кеткен.

Бұлар мінетін ат аналар ұзап кетіп қалған соң, артынан ғана тиіп еді. Сонымен жәрменкеге жақындап қалғанда, елдің қалың қолы жасап жатқан шабуылды көріп, далада шапқылап келе жатқан екі-үш қазаққа кездесіп, болып жатқан оқиға туралы толық мағлұмат алып еді. Бірақ екеуіне қазіргі халді естірткен қазақ:

— Жәрменкеге барамысындар, жоқ елге тартамы-

сындар — деп, сұрағанда, екеуі де миңгірлеп, үндемей қалып, ел кісілері кетіп қалған соң жәрмеңкеге келген.

Жәрмеңкенің Қарқараға, Таңбалы тасқа қараған жағы жаудан аман. Бұл жағында күні бойы да соғыс болған жоқ. Күндіз әлденеше рет жәрмеңкеден шығып, маңайындағы елдің қойын, жылқы, сиырын там-тұмдап айдап келіп жатқан әскерлер де осы жақтан шығып, осы жақпен орап қайтатын. Тілмаштар да сол күйімен пайдаланып, осы жақтан келіп, базарға кірген-ді.

Бұлар келген соң да соғыс бір үзіліп, бір басталып, анық аяқталмай, созылып жатты.

Тілмаштар қолдарында қаруы болмаса да, Ақжелке мен следовательдер тұрған жерге келіп, көздерінен таса болмай, үнемі көрініс беріп жүрген. Басында бұларды өке алып, есептеген ұлық болған жоқ. Жалғыз-ақ кешке жақын ғана Ақжелке Оспанды байқап:

— Мен сені ауылға қашып кеткен екен десем, мұнда екенсің ғой,— деп еді.

Оспан соңғы күндердегі ұлықтардың өзіне қараған ажарынан сескеніңкіреп, жетім қозыдай түртіншіктеп, жалтақтап, жүдеп жүр еді. Мына сөз біржолата қорқытты. Енді не де болса, ұлықтар қасынан қия баспай, бірге өлуге тырысқан. Соған екі тілмаш та бекінген еді.

Түс ауа бере жәрмеңке басына маңайдағы жақын ауылдардың бес жүздей қойларын айдап шұбатып төрт-бес солдат келген. Сол қойды жәрмеңке басындағы барлық жанға: «Керегінше сойып, асып тамақтанындар» деген рұқсат болып еді.

Соның артынан базар басындағы саудагерлерден бастап, барлық әскер болсын, жалпы қызмет иелері болсын, аяғы кім тілесе сол болсын, барлығы да бас-басына бір-бір еркек қойдан, қошқардан ұстатып алып, күні бойы қырғын жасап шықты. Көп қойлар құр ғана бауыздалғаны болмаса, сойылмай, сойылған болса, бұзылмай, асылмай да рәсуа болып, қып-қызыл ала күйін де теңкіп-теңкіп жатты.

Тілмаштардың бойындағы барлық қазақшылық, «елшілдік» сол күйді көргенде ғана шыққан сияқтанып еді. «Мына мал рәсуа болды-ау» деген болып, өзгеге батпаса да, саудагерлерді жағалап келіп, бірдеме айтып еді, бір-ақ ешкім де ол сөздерін елеген жоқ. Сонымен тыныштанып қала берген.

Алдыңғы халінің не боларын білмей, ұлықтың қаба-

ғынан іштей сөскеніп, саскалақтап қалған Оспан өзін ұлық ішінен ескерген ешкім болмаған сөн, кешке жақын бір татар саудагерін жағалады. Саудагер жәрменке басына ұлықтар кететін болса, солармен бірге Жаркентке қоса кетпекші еді. Оспан осымен сөйлесіп, уәде барласты, соның арбасына мініп кететін болды.

Іштегі есебі ұлықтардың өздері ертіп алмаса да, қарасынан қалмады. Жаркентке мен де бірге бардым. Содан ары тағы да сәнім аларым, ұғысарым. Әзір қазаққа жанаспай, мынау сияқты татар, өзбектің қасында болсам, түбінде осылардың қуалығын де өз басымды ақтауға болар. Егер бұл жалдм үсіле бір қазаққа жанассам, онда ешбір сөзіме де селбес, қазақтың қуалығын де алмас деп ойдаған.

Осымен таныс саудагермен сөз байласты, соның арбасының қасында жатып қалып, бір мезгілде оянаса, таң ағарып атып қалған екен. Жәрменке қаңыран қалынты. Саудагер жүргелі арбасын жегіп, асығын қамданып жатыр екен.

Мамайда төреден, әскер атаулыдан бір жан қалмаған. Бірақ жәрменке басына келген қазақ та жоқ. Сондайлық көшкен елдің жұртындай азынап, құлазып, несізденіп тұрған жәрменкені көрісімен Оспан да саудагермен бірге тез қамданып, уәде бойынша соның арбасына мініп алып, Жаркентке қарай тартып берді.

Кешеден бері әдейі шетке шығарып қуғандай, бұны қазақ тобына қарай итеріп, кейде көре тұра, елемей кетіп, кейде ұмытып кетіп, кейде сөзбен шабақтап, өз ортасындағы арам сирақтай санаса да, сол мінездің бәрін іетеген ұлықтардың артынан намыс, жігерсіз жалтан көз тілмаш тағы да салды. Байы тастап кеткен көңілі бое, аңғуы жоқ қатындай, сол жазалаған, мазақтаған байына мүйізің шақпақшы, жалынбақшы, бағынбақшы болып, бекініп алып беттеді.

Сол бетпен қара жолмен келе жатып, жәрменкесені бес-алты шақырымдай жер шыққанда жол жанында сұлап-сұлап жатқан көп кісінің өлігін көрді. Әр жерге әр қайсысы иашылып, әр күлде жығылған екен. Кейбіреулерінің аралары тарт-бес қадам. Бір арада екеу-үшеуден жатқаны да бар. Ол-ол бес қадамдай жерде жатқандар да көрінеді. Қиіндері мен қарайған тақыр бастарына қарағанда, бәрі де қазаққа ұқсайды. Шынында текіс қазақ екен. Осылардың ішінде шалқасынан түсіп, бетін бұрып

құбылғанға беріп, өліп жатқан Сеңгір бейіріндегі Батыр атын өз атымен ашылған. Оқ шешімінсіз тиятсіз. Ұлы жазушының басында, қаратты шашын он жақ самайына тұсында ұрпақтың, жүйелілігі кетіпті. Тегісідей жерде кара күрең көл ұйысып, тегісізіліп тұрған жара бар — оның орны. Сол жараның айнала маңдайғы шаштары тегіс тікірігі, жан-жаққа бытырай қашқандай болып, шашымыз, үрпип тұр.

Жүзінде қарыққан, үріккеннің белгісі жоқ. Екі қасының арасында жоғарыдан төмен қарай құлақ болып созылған жеріне көзі бар. Қарыққан күйіне кірі. Барлық бет ажарында сұмдық, бекіткендік көрінеді. Сонымен бірге ақтығына, жазықсыздығына теген салқын сабыр, төл салым, тағалық ажары бар. Біреу үстіне бір сұр шашының аяққа жауып кетіпті. Басындағы нәзік, жаны анықтан қалдыра істелген ісі сияқты.

Серікбайдан бір-екі адырдай жерде Тұрғынға а жатыр екен. Мұның душпаңдары «атып кетірілді» деп кеткен ел тегі де біраз қалып, өзі адыр түсіне кіріп. Ол еттегінен келіп.

Осындай-осындай әр жерде жатып кетіпті барлығы да Оспанның тегінен адамдарының өлігі болып шықты. Барлығы да Қарамаң бақтысында өлген ел басшыларының, жарында басқандағы абақтыға алып отырған басты жігіттері. Бұның ішінде сол жұмыстан басқа жұмыспен отырған бірде-бір ісі жоқ. Барлығы да ұлы ниеттің, елдің ұранының құрбаны. Өз көңіліңде «сүйсітпін, ақын, ел тілегінің жанына шалынған «еркек тоқтымыз» деп өлген жандар. Ой, жүрек Батырлары, тегіс намыс құлы еді.

Осылардың жағынан жемтік қалаған бұралқы иттей болып ой, адамшылық құрлығы — тілмаш өтті. Өлгендердің аяғына ақырғы жаза, ақырғы мазақ осы сияқты болды. Татар сұдагерлерінің аяғына мін, аяқтарды қырып салған ұлықтың артынан сүмендеп кетіп бара жатқан — Албан баласы, білімі бар оқыған қазақ. Бұл елін сатып, құлқын құлып кетіп бара жатқан жүзіндегі барлық істелген ірі істің бұлғаған. Сол ниет жолында өлген ел жаныттарының күйіне қарағандай еді. Ішінде басымыз ғана болса да, өмірінде бір-ақ рет болса да, аяғантай қарсылық дауысы оянып, өзін-өзі ұялтатын, сүйсітпін сүйсіні дауыс шығуға керек еді. Қазір де, ирек десе, соның да белгісі көрінген жоқ. Құр, бетін

сипап, бата қылған болды да, әрқайсысына тамашалағандай қарай-қарай өте берді. Кеудесінде ит өлгендей, сасып-бықсыған арам өзiмшiлдiкпен бiрге, ерекше, жаңсы үйлескен бiтеулiк, сезiмсiздiк бар едi. Ар маңдайы көз терiдей қалың едi, Солары мызғымай, қайыспай отырып алып шықты, Аландамай, бөгелмей, Жаркентке қарай тарта бердi.

Сол күнi ұлы сәске кезiнде Қарқара жәрмеңкесiнiң орнында лаулаған қызыл отпен аралас қап-қара болып будақтаған бұлттай қалың кара түтiн тұрды. Кешегi жәрмеңкеге жыйылған жұрттың бүгiн бәрi бiрдей келмесе де, жартысынан артығы лек-легiмен қайтадан ұран салып, тағы да Көкжотаны бетке алып жан-жақтан жосылып едi, бүгiн көпшiлiк кешегiдей бет ашыққа шығып соғыспақшы емес, Ылғи ғана қамауда сақтап, сонымен жәрмеңкенiң титығын құрытып, әлсiретпек, содан әрi орайы келсе түнде, иә болмаса ертең, бүрсiкүнi бола да, әйтеуiр қорқытып тұрып, жәрмеңкенi талқандап, iшiндегi ұлық атаулыны ұстап алып, қырмақшы едi. Ең болмаса осыларға қыласыны қылып, аз да болса, кегiмiздi алып кетемiз десiп едi.

Осымен қатар ел-елдiң бәрiде түйесiн қомдап, үйлерiн жығып, көшуге кiрiскен едi. Жаңағы ниетпен жәрмеңкеге қарай беттеген жiгiттер жан-жақтан андап келгенде, iшiнде ешбiр жан қалмай, қаңырап тұрған жайын көрген.

Содан кейiн барлық ел көше-көшесiн кернеп алып, iшiнде арлы-берлi кезiп жүрiп, тұтқында отырған кiсiлердiң дерегiн iздесiп едi. Ешкiмдi де, ешбiр белгiнi де таба алмады.

Көшелерде шашылып жатқан әралуан дүниелiктер бар едi. Әр жерде бауыздаулы күйiнде сойылмай қалған қошқар, бағландар, байлаулы қалған жаман-жәутiк аттар, қораларда қалған топты қойлар да бар екен. Сол сияқты тiрi малдарды босатып шығарып алып, содан қалған дүниелiктiң ешбiрiне қарамастан, жәрмеңкеге жан-жағынан өрт қойған.

Талайдан берi жауын көрмей, ыстық күнде кебiрсiп, құрап тұрған ағаш ләпкелер, тақтай шатырлар, құраған сырғауылдар қу шөптей, лаулап жана бастады.

Баяғы заманнан берi Албан жайлауын обырдай обып, тәттi дәмдiсiн сiмiрiп жұтып, жонданып тұрған жәрмеңке бүгiн ең ақырғы сағатына, өлiм күнiне жеттi, Көп заманнан берi үлкен көнтерiлi кеңдiкпен шыдап келген өл, ендi

бұлқынып кеп, қатты тулады. Астын-үстіне көтеріп тастарандай, дүниесін ойран қылғандай болып тулады.

Сонымен өмір бойы дұшпан ниетімен келген ескі жәрмеңке үлкен өрттің құшағына кіріп, қара түтіннің астында тұншығып, бықсып, жоғалып бара жатқан шақта қалың Албанның елі де үдере көшті. Салқар-салқар болып, қайтқан қаздай тізіліп, ауа көшіп тартып берді.

Артында қара түтін боп жәрмеңке қалды. Иесіз болып қанырап Алатаудың жайлауы қалды. Құлазып қыстау, қоңырсып жұрт қалды. Кіндігін кескізіп, кірін жуған момындық күні қалды. Албан албан болғалы қыстың жұтын, жаздың індетін көрсетпеген, жер кіндігі — ата қоныс мекені қалды. Тау-таудың саласында иесіз шулап, қора-қора қой қалды. Тау толған арқар, бұғы, елік, қарақұйрық, таутекедей жабайы, жайын көршілері де қалды. Алдында белгісіздікке толған тұманды күндері құшағын жайды. Артына нәлет айтып, алдына қарай жол тартты.

Қалың Албан тобынан адасқан қаздай жырылып, далашықтың байы Дәулетбақ қалды. Бұл Асы соғысында жаяулап қаңғып қалған Хлыновскийге сол күні түнделетіп қос-қос атпен кісілер жіберіп, бәрін де аман-есен Алматыға жеткіздіріп салып, тәңірі жарылқасынын алып қалып еді.

Дәулетбақтан басқа Текестің, Сырттың тауының тастасына, ұры қойындарына тығылып жүрмек болып, Тұңғатар бай қалды. Жұртта қалған бұралқы иттей болып, ұлықтардың обозының артынан ере бермекке, тілмаштар қалды. Оспан мен Жебірбаев қалды.

ӘНГІМЕЛЕР

БҮРКІТШІ

Күздің тағы баяулап атып келеді екен. Қоғ аңшы құстарын ұстап қостан шықты да, белдеудегі аттарын кеп шешті.

Мосқал жасты, бұрыл сақал қарт бүркітші Бекбол, жуан торы аттың шылбырын беліне қыстырып, өнді үзетгіге аяғын сала бергенде арт жағынан ат пысқырды. Сұр тонды, кеспелтек денесін шапшаң бұрып сырт айналғанда, Бекбол кезең асып келе жатқан қасқа атты жүргіншіні көрді. Мойнына мылтық асынған, мезгілсіз жүрген жолаушы асығып, жедел келеді екен.

Бекбол ерге қонбай, торы атты сулығынан тартып, жүргінші келе жатқан жаққа бұрды. Ауыр бүркіт ұстаған оң қолын ердің үстіне салып, таңырқап тосып қалды.

Әлі алакөленке айыққан жоқ, сондықтан жүргіншінің кім екенін дәлдеп тани алмап еді.

— Мынау кім өзі?— деп жас жолдасына қарады.

Жас аңшы Жәнібек Бекболдың неге аңырғанын байқаған жоқ екен. Ол да сырт қарады. Бұл ұсын бойлы, сом денелі жігіттің бет ажарында тау күніне күйген қою қызыл бар. Қысқа мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан өткір көзді, сұлу жүзді, қара күрең жігіт еді. Аңшылар тобы жайлаған бұл маңай қазір де елсіз. Қолхоз фермасы болса бұл жайлаудан көшіп кеткен. «Октябрь» колхозы бұл маңға жалғыз осы үш үйлі аңшылар бригадасын ғана қалдырып кеткен еді... Соңғы он шақты күн ішінде бұл бригадаға оқта-текте келетін кісі болса, ол сол өздерінің колхозынан қатынасатын кісілер еді. Бірақ колхозға қараған жылқының ішінде некен-саяқ төбел немесе ақтанау, болмаса мынадай маңғыл қасқа

жылқы жоқ болатын. Алакөлеңкеде маңдайы жарылып келе жатқан баран атты, жас аңшыны да таң қалдырды.

— Бәсе, бұ кім өзі алакөлеңкеден?— деп, о да аңырды.

Таңданумен қабағын түйіп, ойланып қалған қарт аңшы үндемейді.

Сөйткенше Жәнібек жүргіншіні шырамыта бастап: — Е, айтпақшы мынау әлгі конезаводтың бригадирі Оспанкүл ғой. Бұ не қып оқыс жүр?— деп бұрынғысынан да таңдана түсіп:— мұнысы несі бұл?— деп Бекболға қарай берді.

— Болғаны-ақ сол, толайым бізге жолыққалы келеді-ау!— деп Бекбол тағы үндемей қалды.

Осы кезде жуан торы аттың еріне қонып отырған Қызылбалақ, оныстан дұр-дұр сілкініп қалды. Иіс-қонымсты тар қостан таза ауаға шыққанға сергіген сияқты. Көк-жасыл болаттың ажарындай ажары бар қат-қат қауырсындары бүркіт қатты сілкінген уақытта құйын үйірген шоқ қамыстай су-су етіп судыр қақты. Қызылбаланың сілкінуі телі ерекше болатын. Оқыс сілкініп қалғанда атты да, адамды да еріксіз елең еткізіп қалушы еді. Аңшылық өмірінде талай қыранды көріп өткен Бекбол Қызылбаланың сілкінуінде зор қайрат лебі барын танитын. Сүйсініп, мақтан ете сөйлеген кездерінде: «Атама, сілкінгені тек қымқап шапанды сілкікендей келсіді мүттем», — дейтін.

Қызылбаланың машығына бойы үйренген жуан торы ат үркіген жөк. Бірақ, жонын тарситып, ішін тартты да, ауыздығын ғана шылдыр-шылдыр шайнап қойды.

Жәнібек жүргіншіні тосып жүрегінен отыр еді. Оның қолындағы ба а бүркіт Қаракер оң аяғының көк тұяқтарын салдырлатып, томағасын қаға бастады. Бұл құсты Бекбол осы аз күннен бері ғана өз қасына алып, өнді баулып жүр еді. Мазасыз мінесі көп, өлі тентек, ойырсыз құс. Ардайым томағасын қағып түсіріп, жарық дүниені жалаң бас күйде мәргісі келеді. Дегбірсіз.

— Қалтырма, қымтап ұста дейім балақ бауын. Бір өні рет қағып түсірсе машық қып алады...— деп қойып, Бекбол тағы да жолаушыға қарады.

Қас а епті жылқышы жақындап қалған екен. Жігі жүріп келе жатқан қарқаның ар-турманы шылдырлады. Шылды жерді көрте басқан тұяқ дүбірі де естіле бастады.

— Мы нау алғи Октябрь мейрамын байырақ қосқаны жүрген қасқа белдеу екен ау — деді Жылқышы.

— Ажары қандай еді жануардың, шоқтай жайып түр бой өзі! — деп Бекбол да сүйсініп тұр еді.

Сөйткенше Оспанкүл да жақындап нең амалын айтты.

— Е, жаным, не қып асығыс жүрдің? Малым аман ба еді? — деп, Бекбол алғаш ойлаған күдігін алдымен сұрады.

Үкімісіз еңбек түніне біраз шалдығып шыққан және қабағында шаршаумен қатар көйісі бар Оспанкүл өзінің не жаймен жүргенін баян етті; Жылқышының әңгімесі қысқа еді.

Бүгін түнде анау Сарымсақтының қойнауында конезавод жылқысының бір тобы жайылған екен. Осы Оспанкүл бригадасына қарған жылқының ішіндегі еренсектер тобы: Күздің түні әрі ұзақ, әрі өткен түн бұлты қалын, қараңғы, дауылды түн болды. Сонымен иірде жылқы жаңа жүсіп бергенде бірнәрседен қатты үркіп, шұрқырап, дүркіреп жөнелген. Өзі семіз, өзі тоқ жылқы қайыру бермей бытшығ боп барып таң алдында жылқышыларға ирық беріп басы құрмалықты. Бірақ бағана таң білінер-білінбестен, Оспанкүл өзі жүріп тұрғандарға торғы ірі жылқы жоқ боп шықты. Жылқышылар мен Оспанкүлдің күдігі бойынша алғаш үрімменде де бірдемені көріп үрікті: Сол аласапыранда бір топ жылқыны бөліп зәткен сияқты.

Сонымен жан-жаққа кісі шаптырумен қатар Оспанкүл ең алдымен мына шекарадағы көменде жүріп келеді екен. Екінші «Әйтеуір күші бойы ат үстінде боп, елсізді, тау тасты аралайды еді, есінде болсын көз салсын» деп осы «Октябрь» колхозының аншылар бригадасына алдымен соққан екен. Сол жайын айта кеп сөз аяғында Оспанкүл Бекболға қарап:

— Бек, тырылып жоржық аң ғана емес, жасанып жоржық Совет жауының да талығын түсіңізге ұрып ұстасып ең. Енді осы жолы қырағылығына тағы бір сын болды: Мына Октябрь мерекесінде қызыл зекерге ремонт а берейін деп отырған ірікті зекерге бестінің де үшеуі жоқ. Тек алтына тез қон да, бүгін мына осы Қарағаш тасты ғана сүйіп, арыптып бері! — деп сол жақтағы көңілді биікті көрсетті:

Бекбол ойтағанын тұрып:

— Бұл, қолды болды ма, жоқ үркіп шығып кетті ме әлде...— дегенде Жәнібек Бекбол сөзінің аяғын тоспастан:

— Е, осы күнде тыныштық қой, қай жау келе қалды дейсің, үркіп кеткен де...— деп бейбіттікке сала берді.

Бірақ Бекбол дәл бұлай деп байлаған жоқ еді.

— Дәл сол жауың өзір бұл өңірге келмей, сол өзіңнің сырт жағында ана Сарымсақтының арғы жағында, бір елеусіз адыр, бұйратта бұғып қалмасын. Ондағы себебі күндіз сонда жатып, түнде бір-ақ жортып кеп шекараға ілінбек. Сен не де болса сол артынды арылтсаң мақұл болушы еді,— деді.

Бұл жайлы жылқышылардың өзі де ойлаған, екшеген екен. Сонымен Оспанқұл өз күшінің барлығын сол маңайларды арылтуға жіберіпті.

Ол жағының қамтамасыз екенін естіген соң Бекбол тағы да бір ойланып тұрды да, ақырында атына мініп, бүркітін балдағына қондырып, тізгінін қымтып алып:

— Ендеше сен тез комендатураға жет, жайынды айтып құлақтандыр. Ал біз мына Ожарға шығамыз,— деп оң жақтағы қарағайлы көк тасты нұсқады. Оспанқұлдың күткені бұл емес еді. Оның ойынша Сарымсақты жағында қалмаса, жаудың нағыз паналайтын жері сол жақтағы Керегетас. Ол өзі әрі қиын тас, әрі Сарымсақтыға аттанған жауға нағыз түс өкпе ұрымтал биік. Кереге тас сияқты ұры қойын, жасырып далдасы көп биікті Бекбол арылтпаса өзге кісі, қаншалық көп болса да ойдағыдай арылта алмайды. Шың мен құз бар ма, арқар жым, тас кешу бар ма, қорым, қойтас бар ма — барлық жықпылын білетін бұл өңірдегі атаұлы жерші Бекбол ғана. Жолынан әдейі бұрылып, ат өксітіп келгенде енді кеп Бекболдың Ожарға шығам дегені Оспанқұлға жақпады, таң қалды.

— Беке, мен сенен көмек тілей кеп едім. Ожар дегенің қалай? Атпалдай тоғыз жылқы қолды боп отырғанда, бір күн алатын төртті-бесті түлкіңді артық санадың ба, бұның не?— деді.

Оспанқұл тілді жігіт. Өзі әрі шалдығып, әрі күйініп те тұр. Сондықтан тез қатулау боп, таусыла сөйлеуге жақын тұр. Бекбол оның осылайша жұқарып тұрған қалпын аңғарып қатты серіппейін деді де, үндемей, іркіліп қалды. Бірақ өз байлауынан қайтқан жоқ еді.

Осы кезде Жәнібек пен Оспанқұл да аттарына мінді.

Жәнібек соңғы екі-үш күннен бері Ожарға шығуға асығулы болатын. Өйткені Керегетасты кешегі күнге шейін Бекбол өкеуі бір жұмадай сүзіп шыққан. Бұның қолбала бүркіті де сол таста аяқтанған еді. Алғаш шыққан үш күн бойында Қаракер де ұдайымен үш түлкі алды. Бірақ түлкі атаулы балақ адырларға шығып кетті ме: әйтеуір соңғы екі күн бойында бұлар мардымды ешнәрсе ілдіре алмай, енді не де болса Ожарға шығамыз деп байласқан еді. Бірақ конезаводтың жылқысы, оны жаудың әкетуі де оңай емес. Сонымен бағанадан үндемегенде Жәнібек іштей екіұдай еді. Енді құла төбел атты ілбіте басып, Бекболға жақындап кеп:

— Беке, бүгін не жауға шығайық та, не аңға шығайық. Өзіміз де екі жар болмайық, мына Оспанкұлды да екіталай қылмайық,— деді.

Оспанкұл Бекболдан гөрі мұның жауабын тәуірірек көріп еді. Бірақ екі аңшының созалаңын жақтырмай кекете сөйлеп:

— Қайтеміз. Сендер де көп түлкі алып, колхозыңа көп кіріс кіргіземіз дейтін шығарсың. Тоғыз жылқыдан, тоғыз тышқан да болса бағаларлық боп тұр ғой... Енді не де болса байлау сөздеріңді айтыңдар!— деді.

Бекбол ендігі көп сауданы орынсыз деп біліп еді. Сондықтан келте қайырып, Оспанкұлға:

— Сен комендатураға барасың ғой? Ендеше, барысымен Александрға айт: Бекболға Керегетасқа шық деп ем, көнбестен Ожарға кетті де. Біз бүгін күнұзын сонда боламыз. Ізімен қуып індетіп отырған жауың жоқ. Қолмен қоймаған соң қайда тығылғанын кім біліпті. Сақтық үшін әр жақты қамти қараған мақұл...— деді де бұдан әрі ойланып бөгелген жоқ. Ақырын тебініп, аттын басын Ожар жаққа бұра беріп, Жәнібекке:

— Жүр. Біз түлкі де аламыз. Бұл бетімізде бар болса жауды да шаламыз!— деп жөней берді.

Оспанкұл да қош деместен қасқа биенің басын шұлыртып аяндай жөнеліп еді. Бекбол жуан торының дағдылы бұлкегіне салып, тауға қарай тартып берді. Оспанкұлдың дәл өз басы Бекболмен көп істес болған емес-ті. Сыр-мінез де емес болатын. Бірақ әйтеуір «шекарадан өтем деген жау атаулының нағыз зәулісі, погранотрядқа көп көмек етіп, зор еңбек сіңірген атакты колхозшы-аңшы» дегенге ғана қанық болатын. Келгенде де сонымен келіп еді.

Бірақ қазір той етіп тұрғандықтан, бұл ұстаз бөл кетіп бара жатқан емес. Оның орнына соңғы сөзді Бекбол жеріне қарай айтты. Қазір ол адамдар кетіп барып жатқан бетте нею да, жылқы да емес. Не де болса Қеліңкүдікті енді есінігіні погранотряд пен өзі күші. Қасты безгүді тізгінін біраз басылып деп бері де, шымырты жөнесті. Жортып бара жатып кезең аса бере, өң соңғы рет аңшылар астыңғы жаққа тағы бір қарады. Ішінен «қайта оралмас па өзі» дегендей еді.

Бекбол өз дегенінен айнымапты. Екі аңшы Олардың Сарымырты жақ сыртын бетке алып тартып барды. Қолдарындағы қос қыңыр бүркіт шыбыр етпей, жансыз заттай, түңере мелшіні қапты.

Бұл кезде күн шығуға тақап, шырыс жақтағы бөксік ек мол қызыл нұрға малынып; қыл-қызыл бөл қармағы бастап еді.

Екі аңшы келе жатқан бөктер, шымы тұтас беткеді төскей болатын. Бекбол байқап келеді. Түң бүлгітты түң боп өтсе де, жауын жаумаран екен. Шөп басылды тіпті шық та жоқ. Тықырлау алаң мен тастақ жерді басқанда, аттарының тұяғынан шаң да шығады. Қазір аңшы енді рет оң жағына қадалып, Сарымырты жаққа көз жіберіп, содан сырғ айналып, арт жақтарында қалып бара жатқан Керегетастың да өзіне өзім бөктерімен сайытын шолып өтті. Әлі айналада шаңық па, тұман ба, әйтеуір көкшіл буалдыр бар. Шөбі сарғайған дағы жоталар да, жым-жирт болған бүйік серем тастақ та бадырайып көрінгенмен біріндегі көкшіл қонармашы тартып тұр.

Аспан ашық. Күздің әдемі бір шағырмасы, жайлау күні туып келеді. Біраз жүріп тағы бір айналып қаратқанда Керегетастың алаңы, ирек-ирек тас биіктеріне күн сәулесінің ілінгенін де көрді. Атақ да, адамға да жәйлі бөктер желі етті. Олардың сыртын ала жүріп орталық саңларына жанымдаған сайын, тау қойнының шыққан түн салғыны біліне бастады. Ат үстінде жетіп келе жатқан қалпында екі аңшының құлағына бүлгі тынық тағы ауаның лебі шым-шым етіп, үдіксіз естіліп, сөйлетілді.

Бекболдың қолындағы Қызылбалғаш бірер рет өзінгі қолына алды. Қазір аңшы бұл екі ретте де қалт істемей, үндісі байқап келеді. Саңырауы таза, алаң. Қызылбалғаш бойы таза, дені тетік сияқты. Шақпақ тастай көк түн

тау тере ұстап, тау жасын түшірмәне тыныс етіп, сергі
ан диместі.

Осылайша біраз жүріп Омардың орталық тұсымен
ішкір жасын жөле Жәнібек Бекболдың бәтігі жүрісіне
тап қала бастады. Қырт аңшы таудың жөле қарай тура
тартып, қымысуына кірудің арнана алғы сырттан бөк-
тірлен жүріп, жөлінен тартып алды. Тауға ерте кір-
генде біріншісінен қорынып тұрған томаға тартып
қалуға да болушы еді. Соңдай бәтілі трамтол шоқы-
тардың біреуі да жөліні алды. Жәнібек:

— Бәтілі жүрісіміз бе? — деп бірінші рет ескертіп
те кіріп еді. Бекбол үдәнен і бұрынғы бетпен тарта
берді.

Сонымен көз мөлшер бойынша Сарысуаттымен қа-
тырғасан жөле тұстап келген уақытта таңа Бекбол үнемі
төмен келе жатқан қызыл ескерткіп, енді Омардың Қа-
бансай деген орта сабына қарай шұғыл бұрыла бастады.

Жәнібек артта жөле жатыр еді. Бекболдың сонынан
о да үз бұрылған. Бітпешен бергі шұғыл жүрісі
Бекболдың бір ойға түсіп жеткендінен Толды-ау деп
танышылды. Тауға қарай беттесімен Бекбол торы атты
тебініп қалып, төктіп жөле шықыраққа салды. Төрт ат
тегінде желі шұр болмайтын. Жәнібек құла төбел аттың
орта жөлісімен көліп ақ Бекболдың қатарына ілесті.

Жәнібектің ендігі көз қадағаны дәл осы жөле жатқан
бет алдындағы бір қызыл қорым тас еді. Өзі і аржақ
төріше де, онан соң сол жөк қатарында екі қымтал
шоқы бар экен. Соның екеуінен де томаға тартыпыз деп
келе жатыр еді. Сайддың шетіне іліне бергенде атты
жүрісінен іркіліп, Бекбол аяңға салды. Ат дүбірленіп аң
үркілесіп деген сияқты Жәнібек те бауулап еді. Бұның
көзі қорым тастың айналасын шолуда. Соңында Бек-
бол үй орнындай бірақ жөлінің тұрғына кеп, тағы да
төмен қарап атының басы іркіп келді. Алғашында қызыл
тұрып, сол жөденің бар жөліні айналып шықты да
Жәнібекке қарап:

— Жә, бала, енді сен бер таман көп! — ескі.

Жәнібек тебініп жіті бастырып кеткенде, Бекбол
өкі үш тұяқтың ізін көрсетіп:

— Жаңағы ылғи қызыл дөмеп не еді? Мынаның
шұғыл бір құлын, бір тай да бер қой. — деп бөгеліп
алды, Жәнібек те құлын мен тайдың ізін аяқын көрді.
Бірақ көрісімен күліп жіберіп:

— Ойбай, Беке, жоқты таптым деп тұр ма ең тәйір! Кеше осы арада өзіміздің аттар жайылған, Мынау Симақтың құлынды биесі емес пе?— деп тағы күлді.

Бекбол жауап қатпай, дауласпай, сол іздердің сүрлеуімен ілгері қарай жүрді. Бірақ тағы да шымы тұтақ аласа, тығыз, тарлау екең, Із жоғалып өшіп қалған сияқты. Бекбол осы беталдындағы бір көделі жерге таман тартты. Сөйтіп желі арқан бойындай жерге барып, Жәнібекті тағы шақырып аяп:

— Кеше біздің аттарды осы арадан түс ауа қайтарып алмап па ек?— деп тұрып, — ал мынау төсекті қарашы, бұл кеше түстегі емес, жағ тезек. Осы түн немесе осы таң шамасында түскен тезекі!— деп тағы біраз ілгері жылжып барды да:

— Ал, шырақ, енді көр. Анда бір тезек болса, арты мұнда кеп түскен. Өзі шаңыла түскен. Бұл шауып келе жатып тастаған тезек. Жайшылықтағы, жайылыстағы жылқы бүйтпейді,— деп өз ішіндегі бір байлауына беки бастаған сияктанды. Жәнібек ішінен «жайылыстағы жылқы да бірін бірі тістей теуіп қуатыны болады. Жаудың орайы Керегетас дейді ғой. Сенікі дұрыс. Бұнда қалай қарасаң да ол жылқыны таппассың, Беке!»— деді. Бекбол сөзін қиястау пішінмен тыңдады.

Сөйткенше Бекбол тағы бір тақырлау жерге кеп қалдырып тұрып:

— Ендеше мынаған не дейсің?— деді. Жәнібектің ішіндегі күдігін сезіп, сонымен дауласқандай боп тұрып, — мынау шөптердің сынған, жапырылған түрін көр. Қатты тиген тұяқтың жапырғаны. Ана біреу ұшып түскен тасты көрдің бе? Бұрынғы жатқан орны, шұқыры мінеки,— деп бір қыдыру жерде жатқан бір іздің маңдай тұсын көрсетті,— шапқан жылқының тұяғынан ұшқан тас,— деп оны бір тұжырып қойды.

Дәл осы жерде Бекбол өзінің бағанадан бергі бақылауының қортындысын жасауға айналған екен. Бұған себеп ең зор айғағы нақ өзі отырған жерде, оң жақ үзеңгінің астын ала бір түп көде тұр екен. Соның шеткі бір шоғы тамыр түбірімен ұшып түсіп, сойыл салымдай жердегі бір қуарған атқұлақтың басына ілініп қапты. Тағы да даусыз, анық нағыз шапқан жылқының аяғы ұшырып түсірген көде. Осы арадан тұрып ең алғаш тоқтаған көдесін мөлшерлеп шолып қарап еді, оқ бойындай жерде қапты. Және түп-түзу, бірақ жолдың

бойындағы белгі айғақтар сияқты. Жәнібекке енді бір-жолата жеңген пішінмен жымия қарап, салмақпен бөйлеп:

— Жайылыста жүріп, өздігінен шапқан жылқы бүйтіп тура шаппағ болар,— деді.

Бұған Жәнібек те дау айта алмады. Осыны айта салысымен Бекбол асығыс бір байлауға келгендей болды да:

— Ал, бірақ күр Ожарға келгенін білгенмен қайда тығылып, қай жерді далдалап жүргенін қайдан білеміз? Ожар үлкен тау. Онан соң ондай неме қазір тау-тастың басына қарауыл да қойып, сен екеумізді көріп те отыр ғой. Ізімізге түсіп жүр ме осы немелер деп, сезіктене бастаса тағы жайлы емес-ау, ә, Жәнібегім?— деп Бекбол айрықша бір күйіне келгендей боп, көңілденіп күліп алып:— ендеше, бала, тек тұрмайық. Екеуміз аңшы емеспіз бе? Сол аңшылығымызды істеп, бейбіт бола қояйық. Сөйтіп түлкі қаға отырып, жылжи барып қана жатарын шамалайық. Ұқтың ғой?— деді.

Жәнібек ұққан да, құптаған да еді.

— Ендеше, Беке, өзің мына шоқыға шыға ғой,— деп сол жақтағы оңашалау тұрған биікшені көрсетті де, өзі атын тебініп ілгері қозғала беріп:— мен мына алдыңдағы қорымды қағып берейін. Тақ осында түлкі жа-тыр!— деді.

Бекбол мақұл деген сөзін айтпастан-ақ торыны тебініп сол жаққа қарай өрлей жөнелді. Біраз минут өткен кезде ол биікшенің басына шығып, Қызылбалақтың то-нағасын да тартқан еді.

Мерзімді қыран, томағасы алынысымен көзі жайнап ашылып, қабағын бір қақты да дүр-дүр сілкініп алып, Жәнібектің алдыңғы жағына қадалды. Анда-санда ердің қасын тықылдатып, ақырын ғана ысқыра түсіп, Жәнібек қорым тастың етек жағын әрлі-берлі сүзіп жүр. Бұл өңірдің түлкісі әлі қашқылық, қуғылық көрген жоқ. Қорым тасқа түнгі жортуылдан таң ата кеп жатқан түлкі дәл үстінен түспесе қаша да қоймайды. Сондықтан Жәнібек бұл шатты арылта қарап жүр.

Қызылбалақтың қызыл шегір көздері «қайдасың?»— дегейдей боп бір сай бойын тінтіп, шаншылып қапты. Бекбол түлкі жайын құсы мен Жәнібекке сенген тәрізді. Томаға тартысымен Қызылбалақтың шыжымын алып беліне қыстырды да, өзі Ожардың селдір қарағайлы тас биіктеріне көз жіберіп, жағалай қарап тұрды. Әзірше

бірде-бір қыбыр еткен қара құр да, өзге белгі де білмейді. «Ожарға бекінді ме, жоқ өтіп кетті ме? Беліңіз қарағайда ма, таста ма? Көп шат құздың, көп қауғағайдың қапанысын таңдады екен? Ожарға Қызылбаласын кеп кіргеніне қарағанда, әдейі қиын шынырақ бітпап, жоқалап деп келгендей. Әй көгің, жер бітесті, сырқынты сұмдар-у. Нәзімге сондай жөншілігіңмен бір топ оң. Осы өңірдегі шың қан бітсеу не қылса да бар ау» — деп түрлі қысымды жайлап топшылап тұр еді. Сөйткенше бір сәтте Жәнібек аң керегіне істейтін маншатына саян, саян етіп дауыстап қалды. Сол дауыс жетер жақпесті, мөзде Қызылбалам та Бекболмен балдәққа салып тұрған мұлын серпе теуіп жіберіп ашып жөнелді. Құр дауысы ұшқан жоқ, көрп ұшқан сияқты, етпенен түскендей болды. Қанатты ем-ұш рет шапшаң сермен қысып касып қалғанда Ожардың басын ала өрлеп салып, қайла қағып биіктей берді. Ұшқаны жаңа ғана болса да талайдан қанаты жазылып төселіп, көсініп ұшып келе жатқан жеңіл құстай самғай жөнелді.

Құсының бұлғы түлегі талай жылдан бергі бір ойдағыдай боп өткен армансыз түлек сияқты еді. Осылайша «ә» десе «мә» дегендей боп, тұтқиылдан өзінше-ақ азнай сермеп жөнелуі, құсының осы кезегі зор күйін, нағыз бабын білдіргеніш болатын. Қарадай қағып жүрсе де, осы оң аң күнінің ішінде молдох қары аштып тұрғанда бір өзі кіргізіп отырған Қызылбалам «құйсізбін» деп айтпауға керек. Құс керегінің биіктеп аң, оңай қалқым ұшып бір сәтте Жәнібектің алдына қарай, қиыс өте берді. Бекбол теуіні жіберіп, шошын басынан сайға қарай түсіп келеді. Екі көзін Қызылбаламның қимыл, құбылыстарынан қауірмей келе жатқан еді. Жәнібек те асып тіп шауып барды. Тұрғанын бойын Бекбол әлі серпе жоқ. Тағ-тағның жотасына шыншай, дадалап асып барып жатқан тармақ. Қызылбалам Жәнібектен оң бүйіріне дай өтіп барды да, тағы бір рет, соңғы рет ырғарандай боп, төстініп, солаң етті. Өрлеп шығып алып, сол сәтінде жарқ беріп, шұғыл бұрылып төмен қарай зу етіп, құдай жөнелді. Айынып құс емес «қолында өлемін» деп-ақ кудиган сияқты. Тура тастаған тастай шапшылып кетіп, қорым тастың аржақ қабатына бір-ақ жоқ болды. Жәнібек те шауып барып, атынаң түсің ұмар-жұмар боп қалды.

Қызылбалам сорғалай жөнелгенде Бекбол атың ір

«қалпы түсер екен, теуіп қайта шығар ма екен, жоқ бір-ақ айқасар ма екен?» деп, оны да бір сын қып, бағып тұр еді. Ешбір ұянытта қалып салмақ сабырынан, сергек ойшылдығынан айрылмайтын ұстады Бекбол ғой. Осындай қан қамудан үстінде Қызылбалықты да өзінің үнесі бақылдуынан бақыттайтын. Енді не болса да болды деп ажырын ғана оңдалп отырып, қорым тастан асып түсті.

Жәнібек бұл кезде, әлі түлкінің тілін суырып ап, көрініс алғыр қыранын қызылдатып отыр екен. Бекбол аттан түсіп отырып:

— Не болды, қалай түсіпті? — дегенде:

— Теуіп түскенде, белін сындырып жіберіпті, мінеки, — деп жайрап жатқан қызыл тағының бүктетіліп түскен белін нұсқады да, — әй, сорлының дер кезі ақ-ау десім. Биылғы жыл тақ осылай түскенің алғаш мергілім осы, — деді.

Құстың шың бабына Бекболдың да көзі анық жетті.

Сөйткенше бұлардың төбе жағында биікте зу етіп, қанат құрлығы сумдалып бір құс қалқып өтіп барады екен.

Жәнібек бір ғана айрап қоя салып еді. Бекбол ат үстінде шалқая таңыртып, әлгі құсқа қадалып қалды. Жайына ақбас күшітен өтті.

— Бұлайда барады, ә? Бірдемені көріп ұшқан төрізді-ау, бұ ауытқы! — деді.

— Көрсө, Қызылбалықты ұшқаны мен түлкісін көрген де, — деп Жәнібек төмен қарап, түлкіні айналдырған бетінен басын да көтерген жоқ. Бекбол:

— Бізді қара тартып ұшса айналсожтар еді. Өзі түсікке асыққандай самғап ұшып барады-ау. Ожардың үскен биігін мезгеп барады! — деп артқа бұрылып, тағы аспанға қарап тұрып:

— Тоқта, шырақ, мына бір төретені тағы келеді. Бұның да беті солдай. Әй, осы тегін емес! Түлкіні қоржынына сал да, тез атына мініші! — деп шұғыл өзгеріп, асыға бастады.

Жәнібек тегі елгезек, шапшаң жігіт болатын. Анда жүргенде Бекболға есі айталмаушы еді. Ол-оңай әзір болды. Сөйтіп Қызылбалықты Бекболға әперіп, өзі де таста отырған Қаракеріні алып, атына қонды. Бекбол еді де аспанға айнала көз жіберіп тұр екен. Әзірше ұшып кеткен қарақұстар жаңағы икеуі-ақ. Егер бұның түлкі дұрыс болса, әлі тағы да, әр тұстан да аңдау ке-

рек. Енді Бекболдың көзі Қаракерге қадалып, бірақ ойланып тұрды да:

— Сен осы арада мынау қорым тасқа шық та қозғалма. Мен сонау тектұрға барып шығам, — деп сол қолы мен қамшысының сабын созып, осы сайдың төріндегі биік қызыл тасты көрсетіп тұрып, — сол арадан «ұшыр» деп белгі бергенімде Қаракерді қоя берші бір Қызылбалақ аң көрмесе ұшпайды, қырқылжың кәрі неме ғой. Қаракерінді ұшқыш қып баулыған көп еңбегім бар еді. Өзі қызылшыл қолбала да ғой және «пүштектеп» шақырғыш мінезі де бар. Осының бәрі қазір бір керекке мықтап жарайтын боп тұр. Ал сен осында қал, — деп торыны қамшылап, сайды өрлеп, шоқыта жөнелді. Жәнібектің «жөн-теріс» дерлік жауабын да тосқан жоқ.

Аздан соң атаған тектұрына барып шықты да, Бекбол бөгелместен «ұшыр» деп қолын сермеді. Томағасын тартқаны да сол еді, Қаракер атқып аспанға шыға берді.

Шын шебер болсақ, тақ осы қолбаланы, өзге құстай емес, өздігімен ұшып жүріп, түлкіні өзі қаратын қып баулимыз дейтін, Бекбол. Соңғы бір жұма бойында Қаракер ұшқыш, ізденгіш болып алып еді. Рас, әзірше ол ұшудан пайда да, зиян да болатын. Аң көріңбесе Қаракер әрі-бері ұшып жүріп, итке, балаға қарай, немесе ауыл үстіндегі бір қызыл-мызылға қарай да қалып кететін. Бірақ әзіргі үйренгені, әйтеуір елгезек, не десең кергімейді, ойнай жөнеледі. Түз құсындай ұзақ ұшатын, қанаты бекем құс боп келе жатыр еді. Жәнібек құсын ұшырып жіберісімен аспанға қарады. Сөйтсе бағанағы екі ақбас ұшқан бетке қарай енді шанжау-шанжау боп үш-төрт алып қаралар андап келеді екен. Қаракер басында өздігімен күндегі машығынша, сайларды шолып ұшып еді. Бірақ тұсына анау күшігендер жеткенде, бұ да шырқап биіктей берді. Сөйтіп ап, енді бір сәтке іркес-тіркес келе жатқан екі қарақұстың соңына түсіп елігіп ап, «шуу» деп солардың артынан салды. Шырқап жөнел берді. Жәнібек бұны көргенде «құсымнан айрылдым-ау», деп қатты қынжылып, Бекболға қарай шауып еді. Бұған Бекбол түк саспапты. Әлгі аспандағы бар құстың асып кеткен бір жотасы, бір соқпағы бар еді. Сол жаққа ғана көзін қадап тұр екен. Жәнібек өзінің реңшін айтып келгенде, ол жайдан ләм демей қолындағы Қызылбалақты жас жігітке ұсынып:

— Енді өзге сөзді қой. Мә, мынаны қолыңа қонды-

рып ал,— деді. Жәнібек: «Қаракерден айрылды дегені-ау. Өтеуіне беріп тұрғаны-ау есіл кәрінің!» деп ішінен алар-алмасын білмей, дағдарып қап еді.

— Әй, тәйір, басы бүтін беріп тұрғам жоқ, ұста мынаны,— деп бүркітті жігіт қолына қондырды да:— бермеймін, бермейтінім Қаракерден айрылғамыз жоқ. Үндеме, бір жоқ бір жоқты табайын деп тұр,— деп саспай, насыбайын атып ап;

— Бұл жау осы Ожарға бекінген болды. Не де болса мынау жотаның арғы бетінде. Жаңағы қаракұстарды түстікке шақырып жатқан солар. Мен білсем олар бір қиын қойнауға бекініп ап, ана жалғыз құлынды сойып жатыр. Ашқарак немелер аңғалданып кіріскен де, күн көзіне жарқыратып сойған ғой,— деді.

Жәнібектің көңіліне бұл сөздер әбден қона бастады. Бас шұлғып қостай берді. Бекбол өз тұспалын баппен айтып тұрып:

— Сол құлынды бүгін олар жер ме екен, біз жер ме екенбіз өзі?— деп мырс етіп күліп тұрып:— сен мына құсты қолыңа ұстаған бетінде қазір бөгелместен комендатураға, Александрға шап, Сендердің қайта оралатын шаманда мен бірдеме қып Қаракерді ұшырып бағармын. Орайы келсе солардың тап ортасынан ұшырармын. Жатқан жерін көрсететін атой белгі со да. Ал енді тарт, шырағым, жолың болсын!— деді.

Жәй мәлім, сөз қысқа. Жәнібек: «бірге болсын, Бек!» деп қарт аңшыға сүйсіне қарап алып, бұрыла жөнелді; тастан түсе салысымен сыдыртып жортып кетті. Балдағы мен шыжымы ғана бар, бүркітсіз, кәрі аңшы торы атты жай бастырып, қаракұстар асқан жотаға-өрлей берді. Балақ таулардан өтіп, төскейдегі қарағайға кірді. Жәнібекті жөнелткен мезгілде күн арқан бойындай көтерілген еді. Жас жігіттің комендатураға жетіп, қайта оралатын мөлшерін күнмен межелеп алғанды, Осы күн Ожардың батыс жақ желкесіне ілінгенде, Бекбол жау жатағын тауып, өзінің уәделі белгісін беріп үлгеруге керек. Бірақ Ожар қиын тау. Аяңнан артық жүруге аттың өкпесі қабынады. Титығы тез құриды. Не де болса ұрымтал, төте жолдар тауып, жерді ұста жүруді ойлау керек. Сондықтан да, Ожардың өз биігіне қарай тура тартатын жоталарды тандап, солардың қыр арқасын жалбылап келеді. Қазіргі кірген қарағайы сондай жолдағы бір белдеу еді. Біраз сызды-салқын лебі бар

күйгірт қарағай ішін аралап келеді. Анда-санда сауысқан шықылықтап ұшып қонады. Оқта-текте төбе жағында кейде қалқып, кейде елбіреп ұшқан күйкентай шықылықтайды. Өзге бөтен үн жоқ.

Не кісі еп, не пысырған жылқы үні де естілмеді. Қаракер де шақырмайды. Саяқтық, сарытүтілген, тастындап келе жатқаны басмаға бікбол ал үндерді Ожардың бұл бетінен ести қоям деп те сенбейді.

Енді біразда тасты атты ашық қарағайдан өтіп шығып, Ожардың иісіне на ілікті. Суыр бірік, сұрғынды жалғыз жүргені үңсіз, жым-жарт сұр тастардың көбіт-көбіт шыңына кітті. Арқар қолпаның жым-жылдан рөлеп келеді. Тау басына бөп қалғып тұрған, соншалық бір үңсіз тын шатық қалпында екен. Шағырмалы әлемі күз күнінде, шайду қандарыңі жөңілеп, мөлдір таза ауа ая қанша жұтқатпа қанғысыпша, Бекболдың бойын қатты сергітіп, ойына да үлкен қайрат, қимыл көңілін бергендей болды. Енді асыу керек. Бір үлкен жақпыр тастың ығы а кеп торы атты төмен қалдырып, өзі жанулап өрлеп, басына шықты. Ожардың арғы өңірі диванып, жайлап, шыла қалды. Ол бетте тастан төмен бір белдеу бөп біткен қарағай еді. Сол қарағайдың ара-арасын, жақпыл-жақпыл, терең-терең құз шаттар бөліп өтті. Арқар керең қарағайдан шайду-ақшау бөлініп тұрған орқаш-орқаш жақпар тастыр бір екен. Бұл шаттардың қайсысында? Сайда ма, төсіне ме? Тасты паналады ма, қарағайға тығылды ма?» Бойын созбай, бір мұрнышақ тастың тасасын далдалап тұрған қалпында Бекболдың ойына білеу, зерттеу, сұрақтарының талайы кеп еді. «Әлі де артта қалмады ма екен» деп, енді тегіс анық көрінген арт жақтарын да шолып өтті. Биік таудың екі өңірі мен сөнсу шығыс жақтағы көкшіл торғын орнаған егін еңбек дәмары, қолхоз, қонезавод далалары да соншалық көрнегі, соншалық жанына жақын, қадірлі өзінікі. Еңбетінен ақсүйткіп, қырағы сертектігімен сақтайтын өлжесі. Кірпексіз бөп мөлдірей жайнаған осындай бай, бақытты өлжесінің амандық, тыныштығына дақ салушы жыртқыштар Бекболдың негінің астында, осы өңірге тығылып өтіп. Қара түннің қараңғы істің бөрсықтары, күз көзімен тығылып, бұны да көзін адастырмақ, тиісінше, қос іліс қажырлы, қайрат лебі бір толқып кеп:

— Табамын жауымды. Қырқамын тілересің! — деп.

ді. Бағанадан бергі із, айғағын түгел көріп кел енді айрылсам Бекбол болмайын, тіпті қара бассын мені!— деп кеп атына қайта мініп, оң жақтағы бір серек тастың қасына барды да, басына шығып, тағы да қадала қарады.

Бағанағы құстар да жоқ. Әлі енді бір белгі білінбей тұр. Жалғыз-ақ бұл жерден Ожардың ет-бауырына жарыса кеп тірелетін екі шатқал әлемі көрінеді екен. Оны арылтып алды. Ұрымтаң сайлар осы еді. Бұт паналамапты. Бергі тастарда да белгі жоқ. Тағы да атына мініп, енді алғаш шыққан тасының сол жарына өтіп шығып, тағы бір тұрғыдан қарады. Бұдан да арымта қарап тұр. Ендігі сүзгені қарағай еді. Ені тар болса да, көлбеу созылған қалың қарағайдың сол жақ шетінен түсіп тұр қарап тұр еді. Дәл өзінің тұсына тақай бергенде, бір қалың біткен шоқ қарағайдың үстіңгі жағында болысына ғана бір белгі елес еткендей болды. «Шын ба, қақас көргем жоқ па?» дегендей бөп көзін сүргізіп ап, қайта қадалды. Болар-болмас қана білінген көйшіл буалдыр, өзге мұнардан гөрі қоюырақ. Және қозғалған тәрізденіп ырғалып толқып, баяу ғана сейілдеді. Асындан, биіктемей-ақ, көз ұшынан жоғалып жатыр. Бекболдың бір баққан белгісі осы еді.

— Әй, түтін. Түтін-ақ осы...— деп тарты да бірталай бағып тұрды. Алғашқыдан айқын бөп қоюланған жоқ. Бірақ бір ғана рет жоқ бөп үзілді де, артынан қайта шығып қозғалақтаған тәрізденді.

— Қисының осы-ақ,— деп Бекбол көз алмай тұрып:— бәсе, өзге жерге, алаң ашыққа түтін салып, жүрегі мүйіз деймісің? Тас емес, қарағайды алуы етеп қой мұның! Жирындимей! Отты ғой сөйтіп бұтағы қалың үлкен шыршаның тақ астына жағып отырсың! Бұтақты аралап шыққанша сейіліп, тарап шығады дейсің. Және отты маздатып жаппайсың, тамызықтап, үзбей жағуға тырысасың. Күні бойы жатпаққа бекінбесің. Асығып, қалың мор салатын да жөнің жоқ!— дейді.

Тас арасында үн, сарын да жаңғырығып, әулет кеткіш болады. Бір қыдыру жылқы бар. Бірде-бірі кісімен қойса да «мен мұндадан» тұрады ғой. Қарағайлы, қалың бұтақ арасында үн атаулы баяу да, мылқау. Бекбол бұны да нарыз талқыр, зергіш ақылмен талдап шықты.

— Жә, бұл Қаракер неге шақырмайды?— деп бір ойлай бастады да:— ә, оның үнін өшіру үнін қызылдетіп,

жас қанға отырғызып қойды-ау! Бабын бұзды-ау...— деп, бұл жайды жүре ойлап барып шегеріп қойды да, енді асығып кеп атына мініп, ылдилап жөнелді.

Тау басында тұрып, көз мөлшермен жасаған бір мезесі бар еді. Қарағай ішіне кірсе де сол нобайы адаспайды. Аз-ақ уақыттың ішінде жау жатағының тақ үстінен кеп түсті. Қалың ағаш іші екен. Бұны олар көрді ме, жоқ па? Не де болса Бекбол енді тура бармаққа бекінген-ді. Жай ғана келе жатып ендігі көз салғаны жаудың саны еді. Бірақ кісінің бойы көрінбейді; жайларын аттары ғана білдіріп тұр. Қатты жүріс артынан суытып қойған аттар қалмақша байлаулы екен. Қазақ ерімен өрттелген екі торы бір жерде де, бір құла мен тағы бір жирен ат бір жерде екен. Ер-тұрманы қызай, суан үлгісіне келеді. Арғы беттің ұрысы болуға лайық. Теріс емендей қатқан жарау аттар болса да бүгінгі жүріс бұларды қан сорпа қып терлеткен екен. Омырау мен сан, тілерсектері жаңа кепкен терден айғыз-айғыз боп тұр. Сақ ұрылар өзге жылқыны да жайылысқа жібермепті. Азғантай аяда, ағаш бас сайын екілеп, үштен байланған нокталы құр ат, ту биелер тұр. Олардың тері, анау мінгіш аттардан сонауғұрлым қалың. Тұтқиылдың шабуылына түсіп сүргін көрген семіздер. Қан, жыны араласып, қызыл май боп, еріп тұрған сияқты. Қолды болған кеңес малы Оспанқұлдардың адал еңбегінің көркі болғандай, іріткі сәйгүліктер — қор болғаны-ақ жануарлардың! — деп Бекбол ішінен тынып келеді. Енді оқ бойындай тақап та қалып еді. Кісі дегеннің әлі бойы көрінбейді.

— Ұйықтап жатыр ма бұлар, әлде? — деп Бекбол, олай болса оятпайын, басқа есеп ойлайын, дегендей боп атының басын кішкене ірке берді.

Бірақ дәл осы сәтте, бұның бар қозғалысын бағып тұрғандай және енді өзгерісін тани қойғандай боп, тап жөлке жағынан бір дауыс саңқ ете түсті.

— Токта! — деді.

Бекбол бүркіттің балдағын бір қозғап қойып, саспай ғана сырт айналды.

Қараса, жаңа ғана бұл жанынан өткен, сол жақтағы үлкен шырыштың орта тұсында бір қансыз қара сұр банды мылтық кезеп тұр екен. Қалың бұтақты жуан ағаштың басына шығып бойын тасалап, Бекболды бағанадан бағып отырған күзет қарауылы осы екен. Енді бұтақтар-

ды серпіп тастап, бас пен омырауын көрнекке шығарып апты. Бекбол азғана таңырқаған нысайға мініп, көз алмай қалса да мұның түсің танымады.

— Түс аттан!— деп банды тағы команда берді.

— Түсейін, шырағым!— деп Бекбол жай ғана түсің, тізгінін ердің қасына ілді де:

— Сәскенбе, азамат, сен де түс! Елмісің, жаумысың,— деп сұрасаңшы. Сиқым мынау, өзім жапа-жалғызбын. Жасанып кеп тұрған қуғыншы деймісің? Аяшымын. Құсымды жоғалтып жүрмін!— деді. Бұл сөздер соншалық бір жай, момын, бейбітшілік пішінімен айтылған еді.

Банды сенсе де, сенбесе де ағаш басынан секіріп түсіп, жетіп кеп аңшы қолынан торы аттың шылбырын жұлып алды да, содан әрі тіл қатпастан, аял етпестен, Бекболдың артына шыға берді де мылтығының ұшымен аттар тұрған жақты нұсқап, бұйрық түрінде басын ғана былған еткізді.

Бекбол қалт етпестен бағынды да, топқа қарай тартты.

Енді байқады. Өзге үш банды да үш ағаштың түбінде бас бағып отыр екен. Мылтықтарын ұстай-ұстай қарсы алдынан тұра-тұра қалды. Қаракер осында отыр. Орта тұстағы бурыл сақал ұрының тақ алдыңғы жағына қу томарға отырып ап, бір көк шандырды өлердей тартқылап отыр екен.

Бекбол тақай берді де құсынан асып, сол қартаң бандыға қарады, Тесіле қарай беріп, шұғыл өзгерді. Аң-таң болғандықтан селт етіп аңырып, тоқтап та қалды. Сол сәтте анау да таныды. Өңінде бір тандану белгісі мен бір суық мұз кезек шарпысқандай бір сәт болды да, тез-ақ:

— Бекбол, сенбісің, әй?— деді. Таныса да түрі суық, үні жат.

Бекбол бойын тез билеп алып, талайдан сағынып күштар болған жан жүйесін көргендей боп, бар ынтасымен:

— Сәтбек? Қайран Сәтбек-ай, тірі ме едің, бар ма едің?— деді, қуанған тәрізді.

Екі жақ бүйірден шыққан екі банды бұл кезде Бекболды қоршап, тақап келіп еді. Бекбол бір-бір қарап алды. Бірақ олардың ішінен көз танысты ұшырата алмады.

Сәтбек Бекболға енді тақай беріп:

— Елмісін, жауымсың? — деді.

Жаңағы Бекбол пішіні жаулықтан алыс көрінсе де, арылып алмақ секілді. Бүйірдегі ожеуі мен алғаш Бекболды айдап өкелуші арттары қара су р үшеуі аңшыны жалма-жан тінте бастады. Жұлмалай титтіп, қойны-қопышын арылтып жатыр. Бекбол өз бойын еркімен соларға беріп, алғашқы Сәтбекті таныған, соған қуанған қалпынан өзгермеді. Көзімен қадалып, көңілмен құлай ұмтылғаны да сол ғана сияқты.

— Елмін. Еліңмін, Сәтбек! — деді.

— Шын ба?

— Шыным!

Баяндылар бұны бойын арытып бөлып еді. Түк таппай серпіле бергенде Сәтбек те «қойындар» дегендей ишарат жасады. Әлпетіне қарағанда бастық өзі сияқты.

Шоқша сақалына бурыл кіргені болмаса, жыл өтсе де, баяғы пысық, қунақ қалпы екен.

Бұл өңірдегі ең жырынды, алаяқтың бірі еді. Тұқымы шонжар, өзі атқамінер болса да, сол кездегі облыс әкімінің шілігінің басқинадағы бір қызметкерге қымын беріп, сол жігіттің панасын и бап құлақ конфискациине ілікпей, ерте бой тасалап кеткенді. Артынан әр кезде естіметін емес хабарлар бойынша біреулер: «Сибирьде екен» деп, тағы біреулер «Ташкент жағында қызметкер боп кетіпті» десетін. Тағы біреулер «өліпті» деп те сөйлеп еді. Әр жерге із тастап, әр жотадан бір қылт етіп, көп шимрға салып жүрген ғой. Алғаш жоқ боп кеткен 29-шы жылында бір қыстың ішінде әрі Сибирь, әрі Ташкент маңын бір-бір сүзіп шыққаны рас болатын.

Бұ да бір жағынан аңшы еді. Бекбол осы Сәтбек ауылының маңындағы кедей. Өмірі Сәтбектің әкесі мен өзінің құсын ұстаған жалғыз атты жалшы, қарашы болатын. Құрбылас болғансып жүрсе де Сәтбектің сұрқия, обыр мінсөнінен Бекболдың өз басы мен үй іші көрген жоқшылық, қорлықтың өзі де ұшан-теңіз еді. Бекболға Сәтбектің тағы бір сыры мәлім. Ол жауырыны жерге тигенше айла жасайтын әрі сыйқал, әрі өтірікші. Енді мынадай суық жүрісте жүргенде одан нені болса да күту керек. Бекболдың өңдігі хәлі зор қауіпте. Талайдан көрген қатты қысталаңның бірі осы еді. Не де болса бұрынғы Бекбол боп көрінуден басқа айла жоқ. Сәтбек бұны барлап бағып, шалар жерін аңдығандай торып қарайды.

— Дегенін, шын болса бері жүр!— деп от басына әкеліп отырғызды. Өзі қара бақырдың астыла тымызмақтап қана от жаға бастады. Бекболдың келуінен бұрын, бағынағы айламен жағылған от осының өзі жағып отырған от екен.

Ейдігі жедел сұраған сұрағынның бірі:

— Аңшы нешеу едің? Жолдағың кім? Ол қайда?— деді.

— Жолдасым жоқ, жапа-жалғызбын. Құстарымды айрылып қалғаным да сол ғой. Болмаса қанушының алдынан қашқан аңға қол жіберіп қана қолма-қол алып отырмас па ем!— деді Бекбол.

Бұған сенер-сенбес боп Сәтбек Қаракерді нұрмап:

— Мынау балапан, көрінген қызылға қабағың, жаман қолбала ғой. Сен ұстаран құс өскендей болушы ма еді? Кісінің құсы емес пе?— деді.

Қадала бағып отыр, ұстар жері осы. Бірақ Бекбол саспастан мырс беріп күлді де:

— Танысыңау, Сәтбек! Дегенің рас. Бір бала жігіттің бұзылған құсы екен. Түзеп алғанымызши сол боп жүр,— деді.

Сәтбек үндемей қалды. Бірақ көзінің астымен ылып бағып қарап отыр. Бұл кезде Бекболға алғаш кездескен асау кара сұр да әралуан сұрақтар бере бастап еді. Оның біраздан соң; өзге екі банды да қосылды:

Бұлардың сұрағаны «қуван бар ма, мал іздеген жоқшы бар ма? Кеше кештен бері кімді көрдің?»— деген сияқты дәл қазір өздеріне керекті хабарлар болатын. Бекбол құсынан басқа түк білмейтін, түк көрмегені момын меңіреу ғана шал болды. Бұл пішіні Сәтбекке: тағы бір сезім бітпегендей боп; қайта қадалып:

— Жә, ел екеңің шын болса бізге ерсең: Бұған не дейсің?— деді.

— Е, бәсе!

— Иә, иә, кәне осыған не дейсің?— деп өзгелер де төне түсті.

Бекбол шынымен бейіл беріп бекінгендей болып; Сәтбекке қарап, шарт жүгініп алып:

— Ей, Сәтбек. Еш сөзге келмей, ердің дәстем есімді жалған дер едің. Бірақ сен түс шайшай, баяғы Бекболде де, баяғы Сәтбек боп бел шеш. Не сүлдесің бар?— деді.

Осыған келгенде Сәтбек қайта жауап қатпастан өз жолдастарына қарап, шетке қарий ым қақты. Тарт боп:

ды үндемей тұрып барып, аттардың ар жағына шығып, арғана көңесе қалды. Бекбол ол жерден де Сәтбек көзінің бағып тұрғанын сезіп, секем алдырмас үшін, қыбыр етпеді.

Сонымен азғана уақыт өткенде бандылар екі ұдай боп даурығып, егесе бөйлөсіп, қайта жүрді. Алғашқы қара сұр Сәтбекпен шындап ұрыссып, омыраулап келе жатқан сияқты. Өзге екі ұры да осыған бейім. Сәтбек жалғыз қалған сияқты. Аналар келді де Бекболға тап берді. Орнынан тұрғанша ес жиғызбаста ікеп міне түсіп, қара сұр банды сары пышақты жарқ еткізді. Өзге екеуі Бекболдың аяқ-қолын баса қалды. Пышақты кеңірдегіне тақап кеп, енді ора беріп еді, сол кезде Сәтбек кеп қара оғрдың білегінен жармаса түсті.

— Әй, жігіттер, мен десендер, өлтірмендер! Заманым бір құрбым еді. Ең болмаса тілге келтіріңдер!— деді.

Бекбол бұның өзі жасаған бір қыр екенін түсінея сезді де, үндемеді. Артын тоспақ болды.

— Не тіл? Не қылған тіл?— деп бұның үстіндегі ұрылар арс-арс етіп еді.

— Ең болмаса бұл бақырдан бірдеме тіле де, соны орындамаса өлтірші!— деді Сәтбек. Жасаған айласының төтігі осы арада екен. Бекбол өздері айтсын деп тағы да үндемеді.

— Ендеше: «не көрсем бірге көрдім, өлсем бірге өлдім. Брдім!»— десін бұл шалың. Әйтпесе бауыздап көткеннен басқа жолым жоқ. Қылыш үстінде серт жоқ...— деп қара сұр Бекболды тағы бір рет тізерлеп жіберді. Бекболда қорқыныштан белгі жоқ, ішін кернеген ыза еді. Сәтбектің баяғы әлсіз, правосыз кедейді алдап, аунатып жеудегі сұм-сұрқия әдісі. Қуарған қанқұйлы. Маған жалыныш сөздерді айтқызбақсың ғой, сонымен өзіне қорғалатып, өзің айырып алған кісі болмақсың. Тағы да «қарыздар» кісі қып алмақсың ғой деп ішінен бұрынғы барлық көрген жауыздықтарды тегіс есіне түсіргендей болды. Намыс пен ашуға қатты бекініп ап еді. Жаулары қанша тосса да бұдан үн шықпады. Сәтбек соған ашуланып кеп:

— Әй, өзің тілің бар ма? Неге үндемейсің. Мен саған болдысып жанды ортаға сап тұрғам жоқ па?— деді.

Бекбол қатты ашулы пішінмен:

— Ал, әрмен, ендеше мынауынды үстімнен!— деп бұлқындып қалды. Қоқан-лоқымен отырған ұрыларды

Сәтбек оп-оңай тұрғызып жіберген болды. Мазақ пен қорлықтың олақ ойыны. Бірақ айла қып бөгей бермесе тағы болмайды.

Бекбол босаған соң, Сәтбек:

— Жә, сенің басыңа мен кепіл болайын. Жалғыз-ақ бізге ер де, бүгін түнде есебін тауып, бой көрсетпей мына малды жолдағы отрядтан алып өтіс. Ары өткен соң міндетің менің мойнымда. Баяғы Бекбол, Сәтбек боламыз. Көндің бе? Болмаса мына тұрғандардың сені бауыздайтыны шын!— деді. Сәтбектің алғаш шешілгені осы еді.

Бекбол үндемей, саспай құр ғана тосып отырып, барды айтқызып алды.

Енді көп сауданың орны жоқ. Күнді байқап еді, Ожардың желкесіне қарай құдиып қапты.

— Ей Сәтбек, ей жігіттер!— деп Бекбол ондалып, бойын түзеп алды да,— сол дегенің деген-ақ. Сөз бітті, болды. Пісір мынау етінді, жейік те, атқа қонайық. Өзімнің де ойлағаным осы болатын. Не мыжытыны бар, тек жолымыз болсын,— деді.

Ұрылардың бұған деген шырайы енді өзгере берді. Сәтбек тағы бір шүйлеу үшін:

— Бәрібір енді қолға түссең, шекарада бізбен түсең. Ондағы өлімнен сен де құтылып жатқан жоқсың. Солай емес пе!— деді.

— Уай, енді сөзді доғаршы, жаным! Қолға түспейміз. Аман өтеміз. Болды!— деп Бекбол енді тіпті аналардан аса сөйледі.

Осыдан соңғы сөздері Сәтбек пен Бекболдың жай сұрасқан бейбітшілік сөздері еді. Ет пісті. Енді соны түсіріп жеуге асығысып еді.

Бекбол дәл етке отырар алдында Қаракерді қолына қондырып, күнді тағы бір болжады да:

— Ал тез жеп алайық та, қазір атқа қонып иек артпа, кіре беріс тастың біріне жетіп алайық. Болыңдар!— деді. Өзі асыққан сияқты.

Бандылар аңшының бұл ақылын мақұл көрген еді. Күн ұзын бір жерде жатуды олар лайық демейтін. «Жөн» дескен ажарларын байқаған соң Бекбол енді құсын көтеріңкіреп тұрып:

— Жә, туып-өскен жер-суға Сәтбек екеуімізден қалған бір белгі сен бол. Балақ бауынды да алмаймын. Бар,

жануар, қош бөл— деп Қаракерді әуелете лақтырып жіберді.

Алдында жем тартып алған неме, ұшпай жүре ме деп қатты қауіп қып тұр еді. Бірақ Қаракер аңшының көп тәрбиесін ақтағандай болды. Атқып ұшып биіктей берді. Ойнай ұшқан сияқты, айналып жүріп биіктеп барады. Құсты қимағандай қарап тұрып-тұрып, ақырында Бекбол от басына желді. О да етке отырды. Мол асылған семіз құлынның етін өзгелер қапыл-құпыл жұлып, жұтып жатыр екен. Табақ жоқ, бір кір орамалдың үстіне үйіп салған бусанған етке, от жақ шетінен кеп Бекбол да араласты. Бақыр отта екен. Бірақ от өшуге жақындап қапты. Етті қамти отырып:

— Сорпа суып қалмасыншы!— деді де бағанадан ескеріп қойған бір уыс жапырақ пен қу шөпті шала шоқтың үстіне тастай беріп үрлеп-үрлеп жіберді.

— Үй, үрме-ей! Әй, оның не?— деп Сәтбек біраз омыраулап еді.

— Ей, қайтеді? Сорпа суымасын!— деді, қаннен-қаперсіз пішінмен етке қолын сала берді. Атылған мылтық түтініндей болған бір шуда, айқын көк түтін, шоқ қарағайдың үстінен бүрк етіп көрініп қап еді.

Осы етті мейлімше жең, енді артын бітіре берген кезде: «Надай жерде қалмақша байлаулы тұрған екі торы аттың құлағы қатарынан елең ете түсті.

— Әй, мынау не көрді?— дей сала Сәтбек сол жағындағы мылтығына тап беріп еді. Өзгелер де дүрк беріп қаруларын шап-шап ұстай алысты.

— Қап, күзет те қоймай!— деп Бекбол да өкіне берді. «Енді келер пәле жоқ. Маңайда құнан шаптырымнан беріде тірі тышқан жоқ» дегенді айтып, бәрін бейбіт қыл қойған өзі еді.

Бандылар әр ағаштың түбіне тарай жүгіре берді. Сәтбек атқа жақын бір ағашқа қарай ұмтылып еді. Бекбол соның соңынан жүгірген. Бұлардан жиырма қадамдай жерге шыға бере-ақ қара сұр банды мылтықты басып қалды. Анық-ақ қуғыншы жетіпті. Сәтбек пен Бекбол ешкімнің қарасын көрген жоқ еді. Мылтық үніне жалт қарай бергенде екеуі де лезде қарсы атылған мылтық үнін есітті. Сол сәтте қара сұр банды шалқасынан ұшып түсті. Қазақша, орысша қатар айтылған бұйрық команда да естілді:

— Сдавайся!

— Таста қаруынды!— деп барлық айналадағы қарағайлар әмір еткен сияқты. Жолдасының құлағанын көрсалысымен Сәтбек Бекболға қарап аузын ақситып, мылтығының құлағын қайыра беріп:

— Ал өлесіп, бәлем! Жастығым...— дей бергенде, Бекбол ақырып:

— Таста қаруынды!— деп секіріп ұмтылып кеп мылтығынан да ұстады, тізеден де теуіп жіберді... Ескі дұшпаны, жырынды бандымен шаппа-шап алыса түсті. Бірақ бір айналуға келместен-ақ жау бұраң етіп Бекболдың астына барып бұрқ ете түсті. Бекбол өзі әлі оншалық жыға қоярлық қимылды істемеген сияқты еді. Сүйтсе Сәтбектің артынан кеп жұлқып бүктеп түскен Александр екен. Бекболдың талай жылғы досы, талай қысталанда қатар жүріп бірге сынасқан, сеніскен досы Александр. Қомеданттың өзі. Айналаны қоршап алып, баспа қып тұрғанда Александрдың ең алдымен ойлағаны Бекбол еді. Қысылған банды Бекболды зақым қып кете ме деп сөскеніп еді. Дәл аттардың қасына жеткенше атака жасамағаны да сол болатын.

Бір банды өлді де, үш банды тұтқын болды. Оспан-құл, Жәнібек және барлық қызыл әскерлер байлаулы жылқыларға беттеді.

Бекбол Александрды құшақтап Сәтбекке алып кеп қашқын шонжардың көзіне нұсқап тұрып, әуелі қазақша:

— Мынау Сәтбек! Мен туған жылы бірге туып, совет орнағанша, сақалымның ағына шейін, мойнымға мініп қанымды сорып келген борсығым еді. Сәтбек атын менен көп естімен пе ең?— деді.

— Көп естігем. Жақсы білем!— деді Александр.

— Ендеше сол Сәтбек осы!— деп Бекбол Александрдың өзіне бұрилды да, қуана күліп енді орысша таза сөйлеп қоя беріп:

— Осымен нешіяші қашқынды ұстасып тұрмын, Александр!— деді.

Александр Бекболды қолтығынан алып оңашарақ бұра беріп:

— Ну, Бекбол, құтты болсын! Бұл, сен ұстаған он тоғызыншы нарушитель!— деп кәрі аңшы досының қолын қатты қысып ұзақ сілікті.

Арада бірнеше жыл өтті. Тағы да октябрьдің әдемі бір шағырмақ, мөлдір күні еді. Көлемі үлкен, бай колхоздың ылғи жаңа, таза үйлері әрі көңілді, көрнекті, әрі

тыңқиған тоқ пішінде. Осы колхоздың тап орта тұсында қызыл темір шатыры бар әдемі үлкен бір үй тұр. Бұл біздің Бекболдың үйі. Кәрі аңшының өзі үлкен бөлмесінде баяғы досы Александрмен бірге отыр.

Тәжірибелі қарттың соңғы жылдардағы еңбегі бұрынғысынан да артқан. Қазіргі еңбек тізімі Сәтбекті ұстаған он тоғызыншы уақиғадан сонауғұрлым молайған. Бұл күнде Бекбол ардақты, орденді колхозшы. Өзі ғана емес, қазірде Жәнібекті де дәл өзіндей көреген, алғыр, жас қыран қып баулып алып еді.

Ана босағада тұрған Қызылбалақ та тұғырдан тайған жоқ. Жыл сайын, күздің екі айының ішінде «Октябрь» колхозының қорына 130—150 түлкіні кіргізуден о да айныған емес. Отан жауына қарсы жанын сала қимылдайтын саналы кәрі қыран Бекбол болса, мал табар қайтпас қыран Қызылбалақ. Екі серік әлі қажыдық, тоқырадық дейтін емес. Қайта қазір ең ажарлы, ең әдемі күйіне келген сияқты.

Сонын ең бірінші белгісі Бекболдың өзінде. Ол соңғы екі жыл бойында зер салып, Александрдың дегенін істеп жүріп орысша хат танып қалған еді. Бұрын тілге жүйрік болса, енді өздігімен газет, кітап оқитын да боп алған. Сонымен бүгін Александрды әдейілеп қонаққа шақырып, бір қымбат кітаптан, кейбір түсінбей қалған жерлерін сұрастырып отыр. Екеуінің ортасында қолдан қолға ауысып отырған жұқалау сұр кітапшаның сыртында алтын жазу бар. Ол Қазақ ССР-нің Конституциясы.

Жүз он бірінші статьяның тұсында Бекболдың бір белгісі бар. Соған үңіліп отырып: «Отанын қорғау СССР азаматының қасиетті міндеті» деп бірнеше рет айтып шықты.

Бекбол Александрмен бірге конституцияны да, сайлау заңын да мықтап талқылап ұғынып шықпаққа сөз байлаған Екі дос та, бұны әсіресе ұлы, зор міндет деп біліседі.

ТАТЬЯНАНЫҢ ҚЫРДАҒЫ ӘНІ

(«Абай» романының «Ақын үніне сахара мүлгіді» деген бөлімінен бір үзінді)

Таңертеңгі шайдан соң үй іші де, қонақ атаулы да тысқа шығып кетті. Қыстың осындай бір ашық күнінде, Абай өзінің үлкен үйінде, оңаша отырып қап еді.

Алдында үлкен дөңгелек үстел тұр. Оң жағында, Абайдың қайда отырса қасынан үзілмейтін көршісі — үлкен жастық жатыр.

Абай біресе аласа үстелге шынтақтап, біресе үлкен алақаны мен мықынын таянып, үнсіз отыр. Ойда отыр.

Ішінде ой шырағы жанғандай боп, салмақпен қараған көздері анда-санда, қарсыдағы терезеге қадалады. Күн түсіп тұрған қарлы адырға, ұзақ-ұзақ қарай түседі.

Өзінше бір мығым күшпен, ұғымсыз бір мұңмен жұмырлана бүгілген төбе-төбелер.

Биылғы қыс Абайдың ел сөзінен, тынышсыз жүрістерден босаңқырап, үйде көбірек орнығып отырған қысы еді. Көп өлең жазылған жылдың бірі де осы болатын. Сондай, сүйген еңбегіне беріліп, өзі мен өзі ғана боп, толғана ойланған уақыттарында, көз алдына көптен көп оралатын осы адырлар. Бұлар күн ырайына қарай әр түрлі сөйлейді. Мұңлы көңіл осы мұңлы адырмен ертеңдікеш көп сырласқандай болушы еді. Бұлтты, сұрғылт күні ол адыр күн шуарын сағына мұнданады. Ашық күні, жылы жарқын жазын сағынғандай болады. Жеткізбес арман жеңсігі жеңген адыр. Қанағат қылған күні жоқ мықты адырлар.

Сол адырдың қазір бір жадыраңқы қабағын көргендей болды, Қойдың алды солай қарап өріп барады екен.

Сарылып, сазарған адыр енді тас басында жүріп шырқаған қойшы өнімен сергітін сияқты.

Абайдың осындай боп, үндемей ойланып қалған кездерін қабағынан танитын жігіт бар. Ол мұндай шақтарда үндемей, көп қозғалмай отыратын Қарасақау. Қазір де тіпті қарап отырмас үшін ол Абайдың тобылғы сапты сарбас қамшысына бүлдіргі тағып отыр. Анда-санда Абайға қарай түсіп, өз жұмысын істейді.

Бір кезде жұмыс арасында көз тастап еді, Абайдың ерні күбірлеп, қолы да әлдекіммен сөйлескендей қозғалақтаған сияктанды. Бұрын мұндай машығы болмаушы еді. Биылғы қыс жалғыз отырған шақтарында, анда-санда осылай ететін бір әдет пайда болды. Қарасақау біледі. Осындай күйдің артынан Абай көбінесе қағаз, қарындаш алғызады.

Сондай бірнәрсені бұйырар деп күтіп отырғанда Абай бұған шұғыл бұрылып, жалт етіп, салқын қарады да, үйдің сол жақ бұрышына қарай сол қолын көтеріп, үн қатпастан бір нәрсені әкел дегендей белгі етті.

Қарасақау нені керек қылғанын түсінді де, шапшаң тұрып барып, үстелдің үстіне көнелеу боп қалған екі үлкен кітапты әкеп қойды.

Абай бір кітаптың бетін ашып, өзіне керек жерін тапты да, оқымай, сол беттерге қарап шалқынқырап, біраз бөгеліп отырып қалды. Көзі бұл беттерден ана жатқан екінші кітапқа да түсе береді.

Бұл екі кітап, бұл ауылдың, бұл өлкенің Абайдан басқа барлық жанына тілі де, мазмұны да ұғымсыз кітаптар. Бір Абайдың ғана көңіліне әрі ұғымды, әрі құрметті боп алған, алыс дүние, алыс заманның екі ақынының кітаптары. Ол жатқан Пушкин мен Лермонтов.

Екеуі де мұның ата-бабасы кешкен өмір соқпағынан мүлде басқаша боп өткен жандар. Бұлар жүрген орындардан да әлдеқайда алыста өткен. Қазақша есеп қып айтса, олар да баяғының адамы.

Бірақ сол қалпында, осы қыстың ішінде бұл екеуі Абайға біртүрлі жақын сияктанып, жылы ұшырағандай болды. Бөтен дүниеден бөтен тілмен кеп бұған сырларын ашқан, мұндарын шаққан егіздер сияқты болады.

— Сен де біздей саналы мұндысың! — дегендей болады.

Осылармен танысып, табыскалы Құран да, Аллалар да, тіпті Науаилар да сыртта қалды. Кейбір намаздой

діңдар кәрілер, нә шала сопы молдалар Абай үйіне қонып отырып, Абай бос кітаптарды, жүздегі машығы бойынша қасына алғызғанда, іштерінен ырза боп:

— Шарифат жайын оқып отырады екен-ау бұл кісі деп, кейде біріне бірі:

— Әлде аруақтарға құран қатым қып жатыр ма екен? Молдаға аударпай өзі оқиды. Оның сауабы мол ғой?— десетін. Бірақ, кітап теріс жағынан ашылып, суретті беттері көрінгенде, жаңа әр қарпы ереуілдеп тұратын арап жазуынан басқарак, біркелкі боп жылып аққан орыс жазуын көргенде, әлгі адамдар іштерінен сұқтанып, жымдай тынатын.

Абаймен арбаса жүрген кейбір жуандар болса, сырттай бере:

— Бұл теріс оқуды неге сонша қадалып оқиды екен, ә?— десіп кеп:

— Е, бұ да бір асқандық қой... Қазаққа істеген қыры ғой. Мен ұлыққа сендерден жақынмын деп отырғанын көрмеймісің?— деп те кетісетін.

Абай, көп кештерде, жалғыздық шақтарда өзімен үнсіз тілмен ұзақ-ұзақ сырласатын достарын сырт адамның көпшілігі жат жұмбақша бағалайтынын біледі. Бірақ, оны елеп, ескерген емес.

..:Өткен жандар. Бірақ мұндай өлім өлім бе? Мәңгібақи өлместей боп, кейінгі дүниеге өз аттарын ұмытпауды уағыз етіп кеткендер.

...Өзгеден жер үстінде қалатын белгі — томпайған көр. Әуелде жер бетінде томпайған бос топырақ мезгіл сайын шөге-шөге барып, ақырында мүлдем жермен жер боп тапталады. Шамасы осы көр, жер бөлумен қатар, адам аты да өшеді. Мәңгілікке жұтылады. О да бітеді. Мыналар, сол өзінен қалған, жер үстіндегі белгіні тау етіп, мәңгі мықты беріктікке бекітіп кеткендер. Олар анау көрініп тұрған екі Ақшоқы биігіндей. Абай күрсініп кеп:

— Туған елінде, отаныңда өнер-білім бөлуы қандай сый болар еді! Әлденеше ағарған буындардан қалып келе жатқан қазыналар болып, соны сақтаған асыл сандығы болса арман бар ма?..— дейді.

Мынау екі ақын Абайға әр кезде бірге туысқан аға — інідей көрініп қалады. Сол «аға — інідей» деген теңеу, бұл екі атты Абайға осы өз ортасы, өз айналасындағы адамның арасындай етіп бір көрсетті.

...Басында, ақылы мен ашуы шарпысып, кезек жеңісіп барып, ақырында сыншы — кемел ой жеңсе де, шерлі көргіш боп алып, тына алмай жанған аға бар. Сол ағаның дертін көріп: «Тынғаннан не тауып екі!»— деп ызасы мен ашуына бой ұрып өлген іні бар. Сол аға — Пушкин. Сол іні — Лермонтов. Кейінгі ұрпаққа, барлық ел, барлық заман, бар қауымдағы шерлілерге атой салып, өмірлері шырақша жанып өткен аға, іні...

Абай ойлана күрсініп, отырып, Татьяна хатына үңілді.

— Неткен айтқыш тіл? Тіл емес, жүректің лебі! Гүрілдеп соққан ырғағы! Неткен нәзік терсідік... дей отырып, кітап бетінен көзі тайқи бере:

Ғашықтың тілі, тілсіз тіл,
Көзбен көр де, ішпен біл...

деді.

Татьяна хатының ырғағы мен нәзік үніне өз жанынан үн қосты. Қыз шеріне қызыққаннан шыққан бір сарының басы еді.

Өзінен өтіп кеткен дәурен. Бірақ, сол күнде де осындай боп айтылған тілді естімедім-ау! Естірлік, мүлгітерлік күй, ұғарлық сергек жүрек болса осыған шомып көрсейші. Осы үлгі болар! Сезінетін жас табылар. Үлгі етіп көрсем нетер?— дейтін.

Сондықтан да, осы бір-екі күн бойында Татьянаны, өзінің қазақы қоңыр тілімен сөйлете бастап еді. Сөйлеткен сайын Татьяна майда қоңыр үн тауып, нәзік қоңыр күй тауып, ділмар жас, шебер-шерлі боп барады.

Қазірде, ұяң майда қызға Пушкин жазғызған хатпен өзі жазғызған хатты салыстырады. Кей жерлері Пушкинше емес. Қатандау. Бірақ ол оқушының шалалығына амалсыздан берілген баж. Сонда да ұғынар ма? Көз алдына Қөкбай, Мұқалар келеді.

— Әй, мынадай сөзбен мұңданған Татьянаны олар да ұқпас!— дейді.

«Евгений Онегиннің» осы беттерінің арасына салып қойған хат бар еді. Бір нәрсеге ойы ауғандай боп насыбайын атты да, бір-екі қағазды аударып барып, сол хатты алды.

Семей кітапханасына барып, он шақты кітап әкелген Қарасақау кеше кешке осы хатты да әкеп беріп еді. Білімді досы Михаэлис Абайдың «Евгений Онегинге» сүйсініп жазған хатына жауап ретінде жазған мынау хатында:

«Соңғы жырларда «Евгений Онегин» әңгімесі күйге де түсіпті. Пушкиннің Татьяна, Ленскийлеріне сай күй дейді. Петербор, Мәскеудегі саналы қауымның бір тынысы сол болғандай деседі. Бірақ керегі не, бізге оны естуге бұйрық жоқ» деген екен, айдаудағы сорлы тұтқын.

Хаттың осы жерін қайта оқып отырып Абай, Көкбай, Мұқаны тағы да еске алды:

— Әдемі әні мен «Әри әйдай, бойдай талайды да» бұлдап өткізіп жүрген сорлылар еді,— деп күлімсіреп отырып бас жақта тұрған домбыраны алды да:

— Сол бишара бақалшылардың қолына бөз орнына торқа берейінші осы!— деді.

Көзі жасаурап, ерні жыбырлай отырып Ақшоқының қос биіктеріне анда-санда көз тастайды. Бірақ, қараған нәрсесін көріп отырған көз емес. Ол қазір ойдың көзі... тербеле толқынған ақын толғауының көзі. Қолы шек пернені термелеп, жебелей береді. Кеше, жатарда да осы бір сарынды, алыс бір ызындай шалып қап еді.

Қазір сол есіне де, домбырасының шегіне де тап түсіп орала кетті. Тағы да тарта отырып ақырын үн салып, күңіреніп көріп еді, уәзіні келген екен:

Амал жоқ қайттым білдірмей
Апыр-ау, қайтіп айтамын...

деген екі жол, Татьяна сырының басы іркіліп тұрып, шешіле бастаған сияқтанды... Тағы да, тағы да... бір жантайып шынтақтап, біресе тез қозғалып, құшырлана малдас құрып ап арлы-берлі тебіренеді... Қос шек бірде баяу басып, біресе шұғыл қатаң үндерге басып, асып қайтып, асып қайтып отыр. Соңғы екі жол қымбатқа түсті... бірақ оралды... Татьяна хатының үш ауызын мүдіртпей айтып өтті... Қуанып отырып, насыбайын алып тастап тағы айтты... Енді, бірде қатты, бірде баяу тартады... Ұмытылмайтын сияқты... Бір сәтте артына қарай барлық мол денесімен шұғыл айналып, бұрылып қалды. Көзі әзіл мысқыл ажарымен жарқ етіп барып, жылы қарап, Қарасақауға:

— Әй, осы сен не мыжып отырсың, не білдің?— деді.

Қарасақау Абайдың шұғыл өзгерісінен біраз дағдарып қап, бүлдіргесі тағылып болған тобылғы сапты сарбас қамшыны алақанына салып отырып:

— Мынау еді, Абай аға!— деді.

— Мен не қып отырмын, оны сездің бе?

— Сіәдің ойыңызға бір орыс күйі түсті ме деп отырмын...

— Ә, олай болса, о да білгенің екен. Бар ендеше кішкене Молданы шақырып келі.. деді де, өзі тағы да «ұмытып қалмайын» дегендей жанағы ырғағын тарта жөнелді...

Қарасақау тұрып барып есікті ашқанда, ар жағында тыстан қайтып келе жатқан Ділдә көрінді. Бірақ артында бөгде кісілер сияқтанған бірнеше адамның басы байқалды. Қолдарында қамшылары, белдері буулы, беттері біраз аяздаған адамдар. Өншен тон, шекпен, шапандар екен... Алдыңғы бір-екеуі тобықты үлгісінен бөлек, шошақ төбелі алты сай уақ тымағын киген кісілер. Соны көзі шалып болғанша Ділдә да, бұл кісілер де үйге кірді.

Абай домбырасының үнінен ойын үзген жоқ еді:

— Туу, аяз келді-ау!— деді.

Ділдә орнына отырмастан, тіксініп қап:

— Аяз жоқ қой, Абай-ау, тіпті тыста да май тоңғысмыз,— деп тандана қарағанда:

— Ә, рас, аяз екен десем сендер екесің,— деді де шет елдердің кісісімен амандасты. Ділдә Абайдың талай ұғымсыз мінезі мен жұмбақ сөзінің бірі деді де, түкпір үйге қарай кетті. Сөйткенше қарсы үйде бала оқытып отырған кішкене Молда да келген еді. Абай соған қарап елен етіп:

— Татьяна хатын көшіріп пе ең? Енді ол ән салатын болды ғой, білдің бе?— деді.

— Онысы абзал болған екен... көшіріп қойып ем.

— Ендеше Мұқа менен Көкбайға хат жазып жібер. Екеуіне Татьяна сәлем айтты, «бізбен де таныс болсын» деп айтты де. Мына Мұхаметжан қалаға бара жатқан шығар, сол сәлемін ала барсын,— деді.

Үй ішінде тымақ, белдігін шешпей отырған бөгде қонақтар сол сөздер не сөз, кімнің жайындағы сөз екенін ұққан да жоқ. Ұғайын деп елен етіп селт еткен де жоқ.

Жалғыз-ақ осылармен бірге Абайдың төменгі жағына келіп отырған Мұхаметжан бар еді. Кішкене Молдамен қатар Абайдың жанағы сөздерін құлақ түре тыңдаған сол ғана болды. Жасы отызға жаңа іліне берген сұлу қызыл жүзді, қой көзді, әдемі қоңыр сақалы бар Мұхаметжан расында да қалаға бара жатыр еді.

Ол өзінің қайда бара жатқанын сұрамай сезген Абай-

ға біраз таңданумен бірге жаңағы хат пен өлең жайын шын білгісі кеп еді.

Мұхаметжан да Көкбай, Мұқа сияқты жақсы әншімін деген жігіт болатын. Оның үстіме мұның өзінің де анда-санда өлең шығаратыны бар еді. Ол сыртқы киімін шешіп жатып:

— Абай аға, бұл ән салып жатқан кім болды?— дей бергенде Абай домбырасын қайта ұстап, Татьяна хатының алғашқы үш ауызын әндетіп айтып берді де енді қайтып бұл жайға сөйлеспей, ана өзге қонақтардың шаруасын сұрады.

Жаңағы бір айтқанынан әнін ұға алмай қалған Мұхаметжан, ән ішіндегі сөздің тәркінін сезіп қап еді. Бұл күнге дейін Абай шығарған өлең мен әннің барлығын осы мандағы өзге ақын, әнші жастармен қатар түгел білдім деп жүрген Мұхаметжан, мына сөзді бұрын естімеген болатын. Тегі жаңағы сөз аңғарына қарағанда Мұқа мен Көкбай да білмейді екен. Маған «жаттап, біліп соларға айтып бар» дегені ғой деді де, енді өленін де, әнін де қана білмек бөлді.

Бұл Абайдың жақын туысқандарының бірі болғанмен жасы Абайдан сона құрым кіші. Сондықтан, Абайдың өзі айтып бермесе, тағы айтып берінізші деп сұрай алмайды. Қазбалап, тақымдай бергенді Абайдың жақтырмайтынын да біледі. Сондықтан: «бүгін Абай ағамның түстігіне қалайын да, осыны біліп кетейін» деп, қарсы үйге кеткен кішкене Мәлденнің артынан барды.

Үйткені Абай қазірде анау уақтардың сөзін тыңдауға кіріскен еді.

Бұлардан: «Шаруаларын не? Не қып жүрсіндер?»— дей отырып Абай бір нәрсеге аса қатты таң қалғандай болды. Үйткені, осыдан бұрын, әйтеуір осы қыстың ішінде дәл осы қазір қарсы алдында отырған үш кісі — екі уақ, бір көкше — осы киімдері, осы түстері, осы отырғандарымен Абайдың алдында болып өткен сияқты еді. Мал дауымен келіскен. Сонда да ана көкшенің ұрысы — Тұрсын осылай мөлиіп отырып еді. Қалғығандай боп, төмен тұқырып жым боп отыратын. Сонда да мынау жокшы Қанай — Сәрсекке мықылып, жұп-жуан боп жалпия отыратын. Сонда да көзіргі сияқты Тұрсыннан Сәрсекке мал даулайтын. Бірақ ол жолы малын алып бітіп, тынып кетіп еді. Өмірдің айнығыш суреттерінің ішінде, айнымас бір қалыпты ұстанып, әр елден шықса да, бір күйден

жазбай жүретін осылар тәрізді ме? Немесе сол екі жерде көрген бір халдің өзінің бірі шын, бірі түс пе? Бұ неткен, айнымаған ұқсастық? Мыналардың анадағы көрінісі мен мына қалпын алғанда арада тіпті ешбір мезгіл өтпеген, қатып тұрып қалған сияқты ғой...

Абай Сәрсекені тыңдай отырғанда, ішінде жарыла жарысып отырған осы сияқты екінші ой да бар еді.

Бұл ойы Сәрсекені сөзінің бір кезеңіне келгенде шешуі табылып барып, үзіліп қалды. Ағаштан істелген келі, келсап сияқты тоңқылдақ үнді Сәрсекені:

— «Әнеугі алған малымды бойыма сіңіртпедің, Абайдың алдына апарып қайта құстырдың. Ендеше тіні саған қылғаным — қылған, қайтесің? Тағы да талайын, көріп алайын, сен уақтың күшінді» деп әдейі істеп отыр. Егесіп істеген ісі мұның. Ана жолда алғаны үш жылқы еді. Мынада бір кілем, бір тонын арттырып, бес жылқы қып алып отыр. Егестің ісі емей немене бұл, Абайжан! — деп аяқтады.

Абай енді аңғарды. Өңінен шынын іліп көрейінші деп ұрыға қарап еді. Ол қызыл сеңсең тымақтың құлағын шарт байлап алған күйінде төмен қарап, тұқырып апты. Жуан тұмсығының ұшымен, шоқша қара сақалының жарымынан артық жерін көрсетпейді. Абайдың қозғалысына көзінің астымен ғана қарап, мелшиіп, тастай боп үндемей отыр. Сәрсекені айтып жатқан дауға, әлі жалғыз үнмен болса да жауап қатқан жоқ. Өзіне жанасы жоқ сөз сияқты тыңдайды. Селт етпейді. Абайдың өзі сөйлеспесе, Сәрсекені сөйледі екен деп қыңқ етер емес. Абайды үлкен бір би тұтып тәртіп сақтағаны ма, жоқ болмаса жоқшыға ұрының ірге бермеймін деген ызғары ма?

Абай, мұның бетін көрмек боп, ызғарлана үн қатып:

— Әй, сен не дейсің? — дегенде ғана, қызыл сеңсең тымағы жәй қозғалып, қырыс жүзі Абайға енді ғана қарады. Дөңгелек, мығым денелі сары ұрының кішкене сұр көздері Абайға бір-ақ рет жалт етіп қалды да, қайта сөнді. Тағы төмен тұқырды. Қабағының еті қалың, ұрты да біраз салбыраған. Пішіні мен мүсіні де, кескен терек сияқты бітеу тұтас, безбүйрек келген. Ол басында үндемей отырып барып, аздан соң бір ырғалып қойып:

— Абай аға, осы анау күні ғана тап осы Сәрсекені өз алдына әкеліп барымды ұйпап бір алды. Ол жолы «төле» дедің, бұйырдың. Бердім..., Ал енді осы Қанай малы ұр-

ланса, ақай жоқ-тоқай жоқ, ылғи мен төлейін де отырайын ба осы?— деп бір тоқтады.

...Тағы ұзақ сүре дау. Шыны қайсы, жалғаны қайсы? Осындай даулардың, осылар сияқты даугерлердің таусылары, тынары бар ма, жоқ па? Тағы қазу керек. Сіресең жақтардың шынына жетем дегеніңше, өзіңнің де шынына жетіп болады.

...Тағы да бөліп кетті... Жаңағы Пушкин қайда? Анандай боп жібек талдай ширатылған Татьяна қайда қалды! Мөлдір шындығымен, шыншыл жүрегімен жаудырап, тыныс алып тұрған Татьяна... Малың қуған даугер, кісі малың жем қылған қияс ұры. Былыққан өмірдің бітпес ылаңы. Қажытты да, талдырды-ау!... Естіп майысқан үнің қайда, Татьяна?... Есімде ме екен?— деп алаң көңілмен домбыраны алып бағанағы күйді қайта іздеп еді. Қос шекті домбыра бағана шешен еді... тапқыр еді... Енді тұсаулы аттай күрмеліп қапты. Үні тырым-тырағай. Әлгінде ғана табылған ән енді жоқ. Ұмытылып қапты. Сәрсекенің жаңағы Тұрсын сөзіне қарсы айтқан дауын тындай отырып, бір талай іздеп, қарманып еді. Қайта оралар емес. Өшіп қалған, шегініп жылжып кеткен, ұсатпады. Домбыраны қайта тастады.

Сәрсекке күйіп сөйлеп кеп:

— ...Малымды тағы да алдың, тағы сенсің Тұрсын... әдейі, егесіп істедің. Мал қуатын, төлеу алатын немесің ғой деп істедің...

— Соқыр көргенінен жазбас... сенен басқа ел, сенікінен басқа мал құрыған ғой, тегі. Тіпті сол бейсенбі, түгіл, бүткіл бір ай бойында атқа мініп пе екем әуелі...

Екеуі енді ашылып, шапшаң сөйлесіп қағысып барады.

Абай үндемей тыңдап отырып, күрсініп қабағын шытты да:

— Апыр-ай, ағайын, осы басқа біреудің алдына барып тергетсеңдер қайтеді? Көршілерің ғой... қағуы қамсыз боп, шыны қазыла түсер еді. Ана Ақылбайға барып тергетсеңдер қайтеді?— деп өтініп еді.

Бұған Сәрсекке де, Тұрсын да шалқалап болмады. «Бар болсын-жоқ болсын, ақ болайық-қара болайық, не де болса өз байлауыңыз — байлау»— десті...

Абай осыдан соң ұрыға ажарлана қарап, қатайып ап:

— Еңдеше айт шыныңды. Өліп кетсең де айт. Алып

па ең мынаның малын, алмап па ең?— деп ашулы көзбен қадала қарады.

Тұрсын сасқан жоқ, іле жауап қатып:

— Абай аға, сенің алдында өлсем шыныммен өлем деген сертім бар. Ұры болсам да уәдеммен өлем деген ұрымын. Міне, барым, шыным: бұл жолғы малынан ақпын... деп, сеңсең тымағының маңдайын қайқайта қайырып ап, бетін ашып салып, Абайға тік қарай қалды.

Осы сөз, осы ажарын көрген соң, Абай бұған көз аудармай бір талай уақыт тесіле қарап отырды да, ішінен:

— Ұры болса да мынау пішін шынның пішіні ғой!— деп ойлана бастады. Абай көзін аударғанша Тұрсын да жаңағы қалпынан өзгерген жоқ. Міз бақпай тастай боп шаншылып отырып қалды. Мұнысы да әсер етіп еді.

Абай:

— Бәсе, бұл шынын айтады, айта алады. Мынада сенің малың жоқ. Басқадан ізде!— деп Сәрсекеге көз қырын бір тастады да, байлауын жасады.

Тұрсын тымағын қайтадан ондап киді. Мұнда да, Сәрсекеді де қайта қатқан үн болмады. Жалғыз-ақ енді Сәрсекі төмен қарап тұнжырап қалды.

Абай бұлардың сөзін бітіре беріп, домбырасын қайта алып, мыналарға:

— Ал, сөздерің бітті. Енді ас-суларыңды ана қоңақ үйге барып ішіндер!— деп, өзі домбыра ұстаған бойында Татьяна хатына қайта үңілді.

Сәрсекі мен Тұрсын қатар тұрды. Бірақ, басында, үйге келгенде Сәрсекені жоғары отырғызып, өзі босаға жақта отырған Тұрсын кезірде де шет ел адамы деп жоқшыларды алдымен шығарып, өзі артынан кетті. Бірақ, қонақ үйге бармастан бұрын, бұлар бір кішкене ұзынша қараңғы даламен жүріп өту керек еді. Сонымен келе жатқанда Тұрсын үн шығармастан аузын керіп тұрып, сылқ-сылқ күліп алды. Үндемей ұзақ күле білетін әдеті бар еді. Өзіне-өзі қатты сүйсінген кезінің бірі болды.

Шынында ол бұл жолы үлкен артистік істеп шығып еді. Күзді күні алысқа аттануға ерініп, көрші отырған Қанайдан үш жылқыны әкеп сойып алғанда, осы Сәрсекелер қуып жүріп Абайдың алдына болмастан алып келген. Сонда қағу үстінде бұл бір байлау жасап еді. Абай «алдың ба, шыныңды айт» дегенде екі сөзге келместен:

— Алдым, бұйрығыңды айт, өлдім,— деген еді. Талайдағы ұрыдан Абайдың оп-оңай шынын айтқан ұры көргені осы еді. Сол арада:

— Ұрыдан менің алатын парам — шындығы... деген болатын.

Тұрсын сонан соң ішіне бір нәрсені түйіп кетіп, екі ай уақыт өткізіп жіберіп, дәл сол Сәрсекеден бір-ақ түн ішінде барып, бес жылқы әкеп жайластырып алған болатын. Бұл жолғы ұрлығын маңайдағы жанның сезгені жоқ. Екінші, әдейі бір қатты боран боп тұрған түнде барып, із-тоз қалдырмайтын кезде қағып кеткен болатын. Сондықтан Сәрсекенің ендігісі сезік болмаса, ізі де, айғағы да жоқ дау болған. Осындай жайларға сүйеніп Тұрсын Абай алдына келерде енді:

— «Бұл жолы өлсем де алғам жоқ деп өлейін» деп тас-түйін боп бекініп келген. Сол есебі дегеніне жетіп, Сәрсекені де, Абайды да қабат ұтып шыққанына күліп еді.

Бұл қонақтар кетісімен Абай Татьяна әнін қайта іздеп: ...«Амал жоқ қайттым білдірмейді!» домбыраға ыңырана қосып көріп еді, жаңағы әні де жоқ, ұмытылған. Сүйткенше қарсы үйден шыққан бірталай кісі тағы үстіне кірді.

Бұлар кішкене Молда, бағанағы Мұқаметжан екен. Жаңа осылардың алдында тоғыз құмалақтың ағашын бір қолына ұстап, тері дорбашадағы тастарын бір қолына алған Көрпебай кіріп келе жатты.

Келгеніне үш-төрт күн болса да Көрпебай Абайға тоғыз құмалақтан әлі жөндеп ұтқызған жоқ. Соңғы күндердің бір қатты бәсекесі болып алған ойын еді. Кейде таңертеңгі шайдан түстікке шейін ойнағанда бір ойынды тауыса алмай айрылысатын. Кеше, кеш бойы Абай кітаппен жазу үстінде болды да, ойын үзіліп қап еді. Енді Көрпебай мен тоғыз құмалақ кіргенде Абай «тағы алап кірді, қоя тұрайын» деп Пушкин беттерін жауып қойып, Көрпебайға:

— Құр құмалағыңды, кешегінің есесі енді қайтпаса, сен ағалап тұрсың!— деді. Сары сүйектен істеген жылтыр құмалақтар ұядан — ұяға тоғыз-тоғыздан сырт-сырт түсіп жатты. Абайдың ұяларын да Көрпебай толтырып жатыр еді. Мұның қолы ағаш үстінен жүргенде лыпып қалқып жүрген сияқтанады, Ұяларға санап түсіріп жат-

қан тастарды қандай қозғалыспен, бөгелместен бір-бір тастан түсіріп жатқанын байқау қиын.

Абайдың кейбір қыстарда, үйде отырып қалғанда, әдейі шақыртып алып жиырма күн, бір айдай табан аудармай ойнап қалатын кісінің бірі Мақыштың Смағұлы не Марқабай болса, тағы бірі осы Көрпобай болатын. Ішінде Абай бар, осы үш-төрт ойыншы бұл атыраптағы басқа ойыншылардан озып, ағалап шыққан. Өзара бәсекесі күшті ойыншылар еді. Абай мен Көрпобай ойынға кірісті. Басында үш- төрт кезекте, машықты бастаулар бойынша, екі жағы да тез-тез жүріп барып, екі-екі ұядан тас алысты. Әлі тұздық алсып беріскендері болған жоқ.

Кәзірде бұл ойынға Мұхаметжан, кішкене Молда, Қарасақаулар да қадала қарап отыр еді. Мұхаметжан бағана қарсы үйге барған бетінде Абайдың өзі жазған қағаздан Татьяна хатын түгел көшіріп алып, артына кішкене Молдамен салыстырып бірге оқып шыққан-ды. Молда бұл өлеңді сиямен көшірумен бірге жаттап та алған екен. Сонысын көрген Мұхаметжан Абайдың қарындашпен жазылған қолжазбасын төрт бүктеп, өз қалтасына салып алған.

Тегінде Абай өзі жазған өлеңін молда көшіріп, жастар жаттап алған соң, «алғашқы жазған қағазым қайда» деп іздемейтін. Сондықтан, Мұқа, Көкбай, Мұхаметжандардың қайсысы болсын, әрқашан осылайша кез-кезінде қойыны — қоныштарына салып, алып кетісетін.

Мұхаметжанның кәзіргі есі-дерті Татьянаның әнін қайта есту еді. Бірақ, Абай мына қадалған бетінде, ойын аңғары ашылғанша, басқа нәрсені ойға алатын емес. Сонымен жас әнші қалтасындағы қағазды алып аузы күбірлеп қайта оқып, басқы жолдарын іштей жаттап отырды. Жат үн, жат тілді Татьяна бұрын бұлардың Абайдан да естіп көрмеген басымен шерленеді.

— Соны сөз деген осындай-ақ болат та, — деп қадалады... Абай әлі де үн қатпай, Татьянасын ұмытқандай боп Көрпобаймен андысуда отыр. Мұхаметжан алғашқы екі ауызды жаттап та алды.

Енді құмалаққа қарай түсіп, домбыраны қолға алып ақырындап тартып, ішінен «Амал жоқ қайттымды» өзі білген әнге қосып көріп еді. Әзіргі әндерге қосылмай жатыр. Ол өзінің атақты әні «Аққайыңға» да салып көрді. «Топайкөкпен» де жағалатты. Созылмайды, көнбеді. Қиналып кеп Қарасақауға қарайды.

Қарасақау мұның нені іздеп отырғанын ана үйде-ақ естіп кеп еді. Енді Абайды осылай аударып көрем бе деп жағалатып, Мұхаметжанға:

— Немене, Татьянаның «Аққайыды» білгісі келмей ме, қалай?— деді.

— «Аққайың» ғана емес, тіпті біз білген әнге жуысайын деп тұрған Татьяна көргем жоқ.

— Бәйіт тақпақ сияқты келте шолақ әнге тең келе ме дейім... деп Қарасақау Абайға тағы қарап қойды. Абай бұлардың сөзіне енді ғана көңіл бөле бастап:

— Солай деймісіндер? Татьяна Татьяна болат та. Ол «Ақбала» да болмас, Бағдат, Мысырдан бәйіт те тілемесі!— деп бір қойды да көңілденіп, көтеріліңкіреп алып, бір байын көшіп кеткенде соңғы тасы тарс беріп, Көрпебайдың орта ұясының біріне түсе қалды. Сүйткенде Абай мез болып, мол денесі селкілдеп, қатты күле жөнелді. Көрпебай сасып, қабағын түйіп, томсарып қалды.

Құмалаққа қарап отырған кішкене Молда:

— Қайыр, тұзлық, биқисап жақсы тұзлық болды...— деп Абаймен қоса күлді. Көп есептің соңында, дәл осы жерде, Абай кеп «Бел басардан» тұздық алып еді.

Алғашқыдай емес. Қасында отырған жігіттердің нені тілеп отырғанын енді аңғара түсіп:

— Қарасақау-ау, Татьянаның бағанағы салған әнін енді қайта айтпайым деп отырғанын көрдің бе? Мына Мұхаметжанға өзің тапсаң тап, болмаса қай қазақтың құлағына сарнай берейін десе керек...— деп Мұхаметжанның домбырасына қол созды... Мұхаметжан домбырасын ұсынып тізесінде жатқан қағазына үңілді. Ентелей тындамақ еді... Абай бұл жолы тартып жөнелгенде, тәңертеңгі ән қайтадан қаз қалпында орала кетті...

— Жоқ, енді айтқысы келген екен. Былай депті ғой,— деп үн қосып, өз аудармасының екі ауызын айтты... Сол екінші өлеңі біте бергенде, түкпір үйдің есігі ашылып арт жағына бұрылып сөйлеп, шығып келе жатқан Ділде көрінді. Ол Абайды тындай кеп қасына отыра берді.

Мұхаметжан екінші ауыздың тұсында ішінен қосылып отыр еді. Дәл осы кезде бір мол байын жағалай көшіп келе жатқан Көрпебай, Абайдың артқы ұяларын жағалап, сытырлата тас тастап кеп, дәл «көк мойыннан» тұздық алып қона түскені...

Абай:

— Әй, мынау не қып кетті бәтір-ау?— деп домбыра-

ны Мұхаметжанға бере беріп, қайтадан құмалаққа үніліп қалды.

Мұхаметжан Ділдеға қарай жамбастай беріп сыбырлап аңқырап:

— Қап мына біреу, бір жапырақ болған иеменің қылып кеткені-ай!— дегенде, Ділде:

— О не шырақ, не қып кетті?— деп құмалаққа үнілді.

— Абай ағамның мына бір жаңа әнін үйреніп кетейін деп, әдейі жолымнан бөгеліп отыр ем, «көк мойыннан» тұздық алдырған кісі енді бізге не қып оралсын?— деп күбірлей сөйлеп күліп қойды. Қарасақау да өкініп басын шайқап еді.

Ділде Мұхаметжанға қайта бұрылып қарады да:

— Кәні, ол әні қандай ән екен? Талайдан үніңді есігіміз жоқ. Түстік жеп аттанарсың, айтып берші!— деді.

— Ойбай-ау, өзім де бір-ақ естіп ұстай алмай дәт деп қап отырғам жоқ па, жеңеше-ау?— деп Мұхаметжан домбыраға жаңағы әннің басын тыңқылдатып көрді. Келмей жатыр.

Абай бұл кезде, бір рет орай жүріс жүріп, кезегінше босап отыр еді.

— Жоқ, теріс тартып отырсың,— деп домбыраны қайта алып тағы тартып берді. Үш-төрт тартып өтіп еді. Мұхаметжан домбыраны қайта алғанда, тартып та жөнелді. Сол арада жаттап алған екі ауызын әнге де салып берді...

— Жоқ, Татьяна Мұхаметжаннан үріккен жоқ. Та-нысты... Бірақ, айта түс деді,— Абай. Сонан соң рұқсат алып алған Мұхаметжан, өзінің зор таза үнімен шырқай жөнелді. Тізесінде жатқан жазуына көз қиығын тастап қарай-қарай отырып, барлық Татьяна хатын ірілпей айта берді. Құмалақ тоқтап қалды.

Абай міз бақпай, кірлік қақпай тындағандай еді. Ол қазір Ақшоқы биіктеріне көз жіберіп, бағана өзі тенеген Пушкинді еске алып, Татьяна сазын ұйи тындайды... Өні сұрланып бойы тоңазығандай болады. Өзі сөйлеткен сөз, өзі жырлатқан үн, ең алғашқы рет әрі жас, әрі сұлу, әрі әсем әншінің көлденең үнімен айтылғанда, енді өзін де қатты толқыта әсер етті. Абайдың ажарына қарап үйдегінің бәрі де, құлақ қақпай, қыбыр етпей, Мұхаметжанның аузына ғана қарап қалып еді. Қазақ әні емес. Бірақ сондай бір мұңды шермен, ұғымды күймен ырғап-ған, майда қоңыр толқын тәрізді.

Мұхаметжан:

— Енді айрылып қалмайын. Жадыма тоқып алайын!— дегендей боп тоқталмай айтады. Сонымен бірге өзі де бойы шымырлап, көңілі елжірегендей боп қатты сүйсініп айтып еді. Алғаш танысқаны осы болса да, ол Татьянадай назды жасты, көз алдында көргендей боп, шындап сезініп, ұғынған сияқты боп еді. Осы әннің үстінде ұғынды.

Әнін тоқтата берді.

— Тал бойынды ұйытқандай сорлы, шерменде екен-ақ! Мұны осыншалық күңіренге күйзелткен қандай ғана неме екен, Абай аға?— деп Абайға қарады.

Тындаушы өзгелер де бұл сұрақты аса орынды көргендей еді. Отырғандар да Абайдың жауабын күтті.

Сүйткенде жеңілтектеу, кішкене Молда:

— Пошкин, айтқызып отырған Пошкин, Пошкин өй,— деді...

Мұхаметжан мұның қиліккенін жаратпай қап:

— Қоя тұршы, Молда, Пошкин демей... тіпті сол ақынның аты да сен айтқандай емес деді...

— Е, енді қалай екен?.. Мен бек дұрыс айтам, солай,— деді.

— Жок, менің бағана құлағым бір шалып қалып еді. Абай ағам Пушкин деген сияқты еді. Осының дәлі қалай, мына кішкене Молда екеуіміз ана қарсы үйден дауласып кеп отырмыз осы туралы,— деп Мұхаметжан мұны да сұрады.

Абай Пушкиннің туысын, өлімін айтып беріп, жаңағы Татьяна хатына қайта оралды.

Мұхаметжанның жазбасын қарап, ойланып, кейбір жерін түзей отырып, қарап шығып:

— Осы да жүректегісін жеткізе білген-ақ тіл-ау!— деп отыр. Шынның шыны керек те. Пушкиндей ақынды қазақ баласы сен де, тіпті иісі мұсылман ғаламы сен де әлі көрген жоқсың... не десен үй де!— деді.

— Иә, әйтеуір мына қыз байғұс шер-шеменін айта білген-ақ, құдай кәнікей,— деді Қарасақау.

Көрпембай осы кезде құмалаққа таман тағы үніле беріп еді. Мұхаметжан байқамаған боп тізесімен шетке таман сырып жіберіп Абайға:

— Бірақ енді сол Татьянаның осындай үні жауапсыз қалғаны әділет пе, Абай аға, жігіт те бір орай сөзді айтса мақұл болмас па енді?— деді.

— Бек дұрыс айтады Мұхаметжан! Күмәнсіз дұрыс сөз осы, Абай аға...— деп кішкене Молда да Абайдан тілек еткен кісіше қарады.

Абай аз ойланып отырып:

— Ол да дұрыс екен. Онегинді сөйлету керек болар... деп біраз отырды да:

— Әй, бірақ ол өзі опасыз еді, әй!— деп үндемей қалды. Пушкинді қайта оқуға кірісті.

Сол күні Абайдың түстігінен жеп алып, Мұхаметжан Семейге қарай жүріп кетті...

Кеш бойы Абай Пушкинді қайта оқумен болған еді. Бүгінгі күн анда-санда алаң еткен ол-пұл жайлар болса да Абайдың Пушкинге ең алғашқы рет таныса жақында-сып, туысын тапқандай боп толғана бой ұрған күнінің бірі еді. Кеш піскен еттің алдында Пушкин кітабын жауып жатып Абай, үй ішіне естірте:

— Дүниеге көзімді аштың-ау, Михаэлис. Енді қағбам орнынан көшіп, күн шығысым күн батыс, күн батысым күн шығыс боп барады. Солай болсыншы,— деді!

Ас ішіп болған соң үйдің іші жатпай, күндегі әдеті бойынша Абайдан бір әңгіме шығар ма екен дегендей боп, ұзақ отырып еді. Алдында шам жаққаннан асқа шейін кітап оқыған Абай, енді үйде жиылып отырған молда, бәйбіше, Қарасақауларды еске алып, әсіресе Абай әңгімелерін телміре күтетін атақты ертекшісі Баймағамбетті еске алып, үй ішіне бір әңгіме айтып бермек болды. Сонымен түн ортасына шейін міз бақпай, қадала қарап тындаған мәжіліске бұл түнде «Шаһранзаданың» жанада оқып шыққан пәленінші кешін, Шәркен-Зүкіл Мәкән жайын баян етіп отырды.

Бүгінгі кеште Семей қаласының күн батыс жақ шетінде Таңжарық деген ұсақ саудагердің үйінде бірталай жастың басы қосылып еді.

Таңжарық үйі Абайдың тағы бір туысқаны Қысатай деген жас жігіттің пәтері. Қысатай қырдағы машығымен қалада да қонақшыл, көпшіл болатын. Өзі үндемес, жас болумен бірге ол маңайына көп адамды жинап, көңілді мәжіліс құруға әрқашан құштар сияқты болатын.

Мұның бүгінгі қонақтары Абайдың ылғи етбауыр жақын туыстары мен шәкірттері еді. Қазірде мәжіліс ағасы сияқтанып төрде отырған зор үнді, қошқар тұясы, мол денелі жігіт Көкбай ақын. Мұның Абай жоқ

жердегі әдеті суырыла сөйлейді. Сөйлегенде тәуір көрген нәрсесін құлай мақтайды. Ұнатпаған жайларды тұқырта, қазымырлай айтады. Әрқашан бейімдеген жағына қарай ауып түсіп қалатындай боп асып түсіп отыратын. Сонысымен өзгелерді күлдіре беруші еді.

Қысатайдың бұл жиындағы дағдылы сый қонағының бірі қалың қара сақалды шұбар ақын. Ол Абайдың жақын інісінің бірі. Көкбай мұсылманшаға жетік болса, бұл бір жағынан орышаны да білетін, Абайша орыс кітаптарын да қарай жүретін еді. Абайдан жасы кіші Көкбай да, мына Шұбар ақын да Абай алдында көп жазылып сөйлемегенмен, ол жоқ жерде өздерін «қалған қазақтың білгіші де, ділмәрідеміз» деп бағалайтын.

Шұбар ақын әдемі киінетін сыланған кербез еді. Жаңада сатып алған алтын сағатының алтын бауы қара желетінің омырауында жарқырай салбырап отыр. Ол тартына сөйлейді. Бірақ ірге бермей іле сөйлейтін нығыз еді.

Бұлардан басқа қонақтың бірі Абайдың ең жақсы көретін баласы Мағауия. Ол 17—18-ге жаңа ғана келген арықша біткен аппақ сұр, сүйкімді жас. Биік кең маңдайы да, жоталы келген қырлы сұлу мұрны да өзге жиынның ішінде мұны бір оқу біліммен ағарған жас сияқты көрсететін. Жасының кішілігіне қарамай ол мынадай мәжіліс ішінде қай сөз болса да кірісіп, тең боп араласып отырады. Бұлардан соңғы қалған алты, жеті кісінің ішінде атақты әнші Мұқа бар. Боздай шығатын зор үнді Мұқаның биік денесі, келбетті кескіні бар, сыртқа салмақты адам еді. Оны осыдан екі жыл бұрын әрі әнші, әрі домбырашы, скрипкашы болғандықтан Абай Уақ ішінен шақыртып, өз қолына алып, Мағауияға жолдас етіп берген болатын. Қазірде бұған тақау отырған Ырсайдың Ысқағы. Оның да өз өнері бар. Көкбай, Мұқалар қазақ әнін, қазақ шежіресін айналдыратын болса, Ысқақ бір жағы Абай арқылы, бір жағы өз бетімен ізденіп оқып тоқуы арқылы ылғи араб, парсы хикаяларын жадына жиған еді. Ол білмеген «Жәмшид», «Бақтажар», «Қаһар-Қатыран», «Рүстем дастан», «Мың бір түн», «Көрұғлы» әңгімелері жоқ деуге болады.

Бұлар жаңа ғана бастары қосылып, осы үйде қона жатпақ болып, атшыларын пәтер-пәтерлеріне қайтарысып жіберіп, енді әзіл әңгімеге кірісе бергенде, ауыз

үйдің есігі шалқасынан ашылып, Тамжарық үйінің үлкен самауырыны екі иінінен буы бұрқырай кіріп келеді екен. Саудагердің толық, ақ денелі кербез келіншесі самауырды бір жігітке көтертіп, өзі дастарқан әкеле жатыр. Ұзынша кең бөлмеде есіктен төрге дейін жайылған көрпелер, көп жастықтар бар еді. Солардың үстінде көсіле шынтақтай отырған қонақтар көтеріліп малдастарын құра отырып, үстел, самауырға орын берісті. Үстел үсті жасалумен қатар Қысатайдың жігіті шкафтан бір бөтелке коньяк пен тағы бір бөтелке зубровкадан да әкеп қойды.

Ауылдан соғым терісімен келіп, қалада бір-екі ай жатып қайтатын бұл жастар кейбір кештерде осындай жиын үстінде арақты мәжіліс, карталы мәжіліс құра отыратын. Шайға әкелген тәтті-дәмдімен қатар, тоназып тұрған қазы-карта, жал-жая да тұраулы күйде тәлеңкә-тәлеңкә болып, үстел үстіне орнай бастап еді. Ысқақ мынау көрініске көңілденіп, бір ырғалып қойып:

— Е, бәсе, сонау етің піскенше сарғайтпай былай еткенің ақыл болды ғой, Қысатай!— дегенде біраз жұрт қошеметтеп күліп еді.

Шұбар ақын Ысқақты әзіл етіп:

— Осының өзі «мәжіліс жәмшиди» болып бара ма дейім!— дегенде Мағауия, Көкбайлар қатты күлісті.

Ысқақ айтатын ертегі, хикаялардың ішінде осы отырған жұрттың бәрінің құлағына әбден қанықты сөздің бірі осы еді.

Үлкен дөңгелек үстелдің айналасына қоралай жиылған қонақтар ішіп-жей отырып, әралуан көңілді, желікті әңгімелерге иетіп отырысты. Бірін-бірі қағыта, іле сөйлеген әзіл күлкі де мол еді.

Шұбар ақын бір кезде Абайдың осындай жас мәжілісті тәуір көретінін еске алып:

— Абай ағам осы жолы қалаға бекер келмей қалды-ау,— дегенде Көкбай:

— Жоқ, үйінде отырса отырсын. Осы биыл кітап оқу мен өлең жазуға жақсы бет берген сияқты,— деді. Шұбар ақын қиястана сөйлеп, Мағауияға қарап:

— Әй, білмейім, осы шалың үдей берсе, өзіміз ығында қап өлең жазуға батылымыз бармай қалатын бола ма дейім!— деді. Мұнысы бірталай жастың жана жазған өлендерін Абай сынына беруге қорғаншақтап жұрт

тілін білдіргені еді. Ойынның арғы түкпірінде жатқан қызғаншақтық та жоқ емес еді.

Мағауия күлді де:

— Ендеше тәуір өлең шыққанша көрсетпей-ақ тұра тұрамыз да, — деді.

Шұбар ақын мұң шаққандай болып:

— Тәуір, жаманын қайдан білейін. Әйтеуір былай бір «Сегіз аяқ» деген жаңа уәзінді бір өлең жазып апарып көрсетіп ем, «Сегіз аяқ» былай жазылмайды, мұны мен жазамын деп алып та қойды-ау шалың! — деп қыжалдана күлді.

Мұндай әзіл, мұң Көкбайда да бар еді.

— Маған Наурызбайдың қызыл ауыз аты осы болсын деп «Шоқпардай кекілі барды» бір мінгізіп еді. Артынан қарап-қарап, осының өзі мес боп кетті деп сылтауратып қайта аударып алғанын білдіндер ме? — деді. Отырған жұрттың бұл жайды естігені осы еді, ду күлісті.

Мағауия Көкбайға қарап:

— Көке-ау, оны айтасың, тіпті бар өлеңін өзі алып қойғанын қайтесің! — деді. Осының алдындағы жазда Абай «Жазды күн шілде болғанда» деген өлеңін жазған соң бұрын Көкбай атымен шығарып жүрген өлеңнің бәрін өз атына алған еді. Сол өлеңін алумен бірге Көкбайға: «Сен бір бие ал, мен өлеңімді өзім алайын» деген-ді. Соны еске алып, Көкбай:

— Е, оның сыбағасына Көкең жирен биені сойды ғой. Екі елі қазы шығып, телшесін жеген күні «өлеңін өзі алса алсын, қазысына бір тойдым» дедім ғой! — деп жұртты тағы бір күлдіріп алып:

— Осы жирен биенің жас қазысын жеген күнгі сөзімді әнеүкүні Абайға айтып ем: «Е, сен онда Ташкенттің нашақоры сияқты болған екенсің. Ташкент шаһарын пәлен жандарал барып өзіне қаратып алып, енді әскерімен сырнай-кернейлетіп жеңілген қаланың ішіне кіргенде, шайханада ләйліп отырған бір нашақор: «Шү Ташкенттің алса алсын, эмма гарнайына зауық еттім» депті ғой. Сенің де сол болғаның ғой! — дегенде жұрт тағы да ду күлді. Бағанадан үндемей отырған Таңжарықтың келіншегі бұл жолы көзінен жасы аққанша күліп, бірталайға шейін кеселерге шай құя алмай отырды.

Осы күлкінің аяғы басылып бола берген кезде ауыз үйдің есігі ашылды. Қолында қамшысы бар, бет-аузын

қырау басқан, табанының қары сықыр-сықыр еткен, аяздаған бір жолаушы келеді екен. Ол кіре бере:

— Ассалаумалейкүмі!— деп мәжіліске даурыға сәлем берді. Жұрт мұның сәлемін тоқырай, жақтырмай ақырын алып, күлкіден тыйылып, «кім екен» десіп үңіле қарасты. Алдымен таныған Ысқақ болды. Ол жадырай күліп:

— Е, Мұхаметжанбысың?— дегенде, үйдегі бәрінің де шырайы өзгерді.

Елден Абай аулынан кеткен бетінен қалаға бүгін жетіп, жаңа кеп ат тұмсығын тіреген жері осы еді. Мұхаметжан ел-жұрттың амандығын жапырлай сұрап жатқан жұртқа жауап бере тұрып, саптамасын тастап, белін шешіп, сыртқы киімдерін шешіп болып, сақалы мен мұртына қатқан мұзды арылтып тұрды. Енді отырғандар әр жерден қағылып «былай шық, былай шық» дескенге де келіп еді. Мұхаметжан саспастан сүртінің, ықшамданып алып төр жаққа қарады да:

— Тақ бүгін осы Мұқа мен Көкбайдың ортасынан отыруға рұхсат па, қауым?— деді. Мұқа төмен қағыла берді. Бұл келіп қасына отырғанда Көкбайдың ойына бір сезік кіріп қалды. Әнде де, ақындықта да осы отырған жастардың ешқайсысына жол бермейін дейтін кеуде Мұхаметжанда анық бар екені күмәнсіз. «Өзінің кедейлігі болмаса, күтіп ұстаса және мұны бұра беретін «Ырғызбай руымын» деген жуан кеудесі болмаса, осыдан да көп өнер шығар еді-ау!» деп Көкбайдың әр жерде айта жүретіні де болушы еді. Бүгін мынада бір қыжал бар сияқты.

Сондықтан Мұхаметжан жайланып болмастан Көкбай соқтыға сөйлеп.

— Сақал-мұртына мұз қатып, сақұр-сұқыр басып келген кім десем ауыл екен ғой!— деді.

— Ауыл жаман болса медресені тастап, құдайдың үйінен қашып, өзің не қып ауылға барып жүрсің?— деп бұрын Көкбайдың молдалық оқуын оқығанын еске алып, жұртты күлдіріп кеп Мұхаметжан:

— Үндеме, береке сол ауылда, не қыласың,— деді.

— Қай берекені айтасың?— дегенде:

— Қай берекені айтсаң да тауып беруге мен кепіл болайын... тек шайымды ішкізші, жаным!— деп паңдана қарады.

Осыдан соң Мұхаметжан үндеген жоқ, шайға кірісті.

Өзгелер ішіп-жеп болған еді. Кейін-кейін шегінісіп, бұрынғыша әңгіме, әзілдеріне көшті.

Шұбар ақынның тілегі бойынша енді жұрт ән-күйге ауды. Ол ақын, бұрынғы дағдылы әдеттері бойынша:

— Әуелгі ән үлкеннен басталсын, өзгелердің іркілмеуіне жақсы болады. Көке өзінің Наурызбайың мен Тілеуқабак қызының айтысқанын еске алып жібер,— деді. Жұрттың бәрінің де қалауы сол еді.

Көкбай тамағын кеней түсіп, саспай отырып осы қыста өзі жазған өлеңін шырқаған бір кең әнмен әдемі қып айтып берді.

Бұдан соң Мағауния бастаған тілек бойынша көпшілік Шұбар ақыннан «Сегіз аяғын» сұрады. Ол өзі айтпай қасындағы жігіті Орымбек тазға айтқызды.

Бұл кездердің бәрінде Мұхаметжан ашығып, тоңазып келген бетінде ешкімге үн қатпай, қазы-қартаны жеп, шайды да мейлінше көсіліп, терлей ішіп отыр еді. Жұрттың өлеңін де, әнін де тіпті тыңдамаған сияқты.

«Өзегімді жылытып алайын» деп қойып Қысатай ұсынған арақтан бір-екі рет ішіп те алған еді.

Әредікте бір ретте Ысқақ бұдан: «Абай аулына соқтың ба, дені сау ме екен?» дегенде: «Соқтым, сау, сәлем айтты» деп қана қойған болатын. Ақырында; бұл шайға әбден қанып болып кейін шегініп шықты. Дастарқан жиылды. Енді дәл осы кезде басым үні боздай шыққан Мұқа «Топайкөкке» сермеп отыр еді. Ол осы әнді айтып болған соң, жұрттың тілеуі бойынша тағы бір-екі әнді айтты. Соңғысы бір қоңыр ән еді. Сөзі де «Ауылым көшіп барады көк қауланға» екен. Осы әні біте бергенде Мұхаметжан жұрттың сұрағанын күтпестен тамағын кенеп ап Мұқаның домбырасына қол созды. Анау да әнін бітіп, ұстата беріп еді.

— Осынша ақын жиылып ап «Жабағы арық, тай семіз көп сауғанға» деп отырармысың әлі күнге! Тындасан өлеңнің өлеңін тыңда, сөз олай емес, былай!— деді де, бөгелместен соға жөнелді.

Бұл кеткен Татьянаның шер назы: «Амал жоқ қайттым білдірмей» еді. Жұрт қалт етпей тына қап тындады. Мұхаметжан әнінің бұларға мәлім бір ерекшелігі ешбір сөзі шала болмай, бұлжымай естілуші еді. Алғашқы бірер ауызды естігенде жұрт «бәйіт пе, орыс әні ме?» деп нені тындап отырғанын айыра алмай отырды. Аздан соң бұл әннің өзгеше қоңыр мұңы бар, шер

толқып шығарған салмақты, терең сырлы ән екені байқалды. Осымен қатар әсіресе жұртты ұйыта бастаған өлеңі мен тілі еді. Барлық жас ақындар мұндай ғашық лебізіп ұққан сияқты болады. Бірақ сонымен қатар «осылай болса керек еді ғой» деумен өзіміз естіп көрмеген сыр мен шер екен-ау деп құлай тындайды. Екі-үш ауыздан соң Мұхаметжанның аузына барлық елдің көзі қадалып қапты. Таң тамаша қалдырған ғажап тіл. Және соншалық нәзік бұралып ырғалған ұяң сезіммен соншалық майда жүрек тіл қатып үн салғандай. Көзінің жасын іркіп тұрып айтқандай. Қазір міне көз алдында бусанып, тыныс алып тұрғандай шыншыл жүрек.

Мұхаметжанның қызара нұрланған жүзін көріп жанағыдай әсем жырына елтіп отырып, ақкөңіл Ысқақ бір әредікте әншіге қарап:

— Ой, көмейіңнен айналайын!— деп қойды. Әншейінде күлерлік те жай еді. Бірақ, мынау халде ешкім де тыныштықты бұзған жоқ.

Әнші іркілмей, бөгелмей отырып барлық Татьяна хатын ақырына дейін тұтас жырлап шықты да, күрсініп ап, маңдайының терін сүрте бастады. Үйдің іші сілтідей тынып қапты.

Көкбай да, Шұбар ақын да үн қатпайды. Сұрлана томсарғандай. Бұлар Мұхаметжанның түсіне де қарамайды. Бетінен ыққан тәрізді. Көкбай Мұхаметжанның келісінен-ақ осындай бірдеме шығарып сезгендей еді. «Астам сөйлеп келіп еді, тегін емес екен» деп мынау өлең мен әннің жөн-жосырын да сұрауға жараматы. Өзге ақын, әншілер де осы сияқты халде еді.

Жұрттың үндемеген жым-жырттық күйін Мағауия ғана бұзды. Ол Мұхаметжанға сүйсіне қарап отырып:

— Ал, Мұқа, енді бұл әннің, бұл өлеңнің жөн-жосығын айтсаңшы!— деді.

Шұбар ақын мен Көкбай Мұхаметжанға өнді ғана қарап еді. Бірақ екеуі де қарағанда қатты күдікпен қараған тәрізді. Мұхаметжан бөгелген жоқ. Қалтасынан кішкене Молда жазған хатты алып, Абайдың қолжазбасының бүктесінің жазып алып отырып:

— Бұл орыстың үлкен ақыны Пушкиннің сөзі. Татьяна деген бір қызды бір жігітке ғашық етіп жаздырған хаты осы екен. Осы үш-төрт күн ішінде қазақшаға аударып және мынандай ән шығарып осымен айтылсын деген Абай ағам!— деді.

Шұбар ақын жадырап күліп жіберіп:

— Бәсе, мынандай көркем сөз, көрікті әнді шығарған сен болсаң сенімен не деп тайталасар едім? Жолды беріп, енді өленді сен айт, мен қойдым дегеннен басқа нем қалар еді? Туу, бағымды алып қоя жаздағандай боп шұқиып ең, рахмет саған... көп рахмет Мұхаметжан!— деді. Жұрт ду күлді.

Осы кезде Мұхаметжан бұған хатты да, Абайдың қолжазбасын да табыс етті де өзі атын жаңа есіне алып, тысқа шығып кетті.

Күні бойы терлеп кеп енді далада аязда тоңазып, дірілдеп тұрған атын қораға кіргізіп, жайластырып болып, қайта үйге кірген уақытта, үйдің ішіндегі жай біртүрлі жат боп өзгеріп қапты.

Енді үлкен үстелдің ортасына пеш қырында тұрған лампыны әкеп орнатып қойысыпты. Бастығы Көкбай мен Шұбар ақын және Ысқақ боп бес-алты кісі қағаз, қарындаш алып үстелге жабысып қапты. Шетінен көшіріп жатқаны Татьяна хаты.

Мұхаметжан үндемей кіріп, есік алдында біраз тұрып, мырс етті де:

— Е, мынаның бәрі менің бұйрығымды көшіріп жатқан пәсірім бопты ғой! Пәле, Пушкин, тіпті аруағыңнан айналайын!— деді.

Ақындардың құр күлгені бұл сөзге жауап қайырап мұршасы да жоқ еді. Олар тегіс көшіріп болған соң, осы кеш бойында біреу домбырамен, біреу үнмен ылғи ғана Татьяна хатын айтуда болды. Тез үйрене алмағандар Мұхаметжанға бастатып өздері екіден, үштен қосылып отырып айтты. Сонымен түн ортасы ауғанша барлығының жалғыз ермегі осы Мұхаметжан әкелген, Абай жіберген Татьяна сәлемі болды.

Көп-көп мезгіл өтіп, жатарманға тақағанда бұл үйдің ішінде домбыра тартып, ән сала білетін адамның барлығы да Татьяна әнін, Татьяна мұңын ұғып та, көп шерлерін жаттап та алып еді.

* * *

Осы кештен екі күн өткен соң қаладағы бір Уақтың қыз ұзатқан тойына Мұқаны шақырысқан еді. Сондағы қыз-келіншек, күйеу-қайын, жас-кәрінің ортасында Татьяна хаты ең алғаш рет топ алдына шығып, атақты

әншінің үнімен мұнды сазын шертті. Мұнда да барлық мәжілісті шын сезім, шын назымен ұйыта мүлгітті. Мұқа соңғы сөздерін ырғап қайырып болғанда құлай тындап отырған бір кәрі:

— Қарағым көп жаса! Бойды балқытудай-ақ балқыттың. Ал, енді осыны айтқан кім, соны бір шешіп берсеңші?— дегенде әнші жігіт:

— Орыстың баяғыда өткен мен сияқты ақыны Пушкин деген кісі болғау екен. Соның сөзі. Қазақшаға аударған Абай,— деді.

Осы күндерде өзі кездескен мәжілісте Көкбай да, Ысқақ та, Мұхаметжанның өзі де, басқа білгендер де ылғи ғана Татьяна әнін айтумен болып еді.

Солайша, 1887 жылдың қысында орыстың ұлы ақыны Пушкин өзінің сүйікті Татьянасын қолынан ұстап кеп, қазақ сахарасына ең алғаш рет қадам басып еді.

ҚАСЕННІҢ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

(Психологиялық очерк)

Ойпыр-ай, не деген, не деген биік. Көріп пе ем осыны бұрын, көрмеп пе ем? Не қылған қап-қара? Неліктен жап-жалаңаш... Бұ қай тау, жаным-ау... Қандайлық қап-қараңғы дүние. Түн бе, алакөлеңке ме, әлде не?.. Не қылған құлазыған жалғыздық... Қайдан, қалайша кеп қалдым осында?..

Тау зорайып, пішіні суып аспандап барады. Аяғының астына қарай алар емес... Салған сайын тіктеніп шаншыла түседі. Астында өлусіреген бір жаман ат... Аяғын жылжыта алмайды. Қалтырап тұрғандай. Сондай халде өзі. Төменгі жағы көз алдында құлазып, шаншылып тас құзға айналып барады. Аржағы? Қарай алмай көзін жұма берген сияқты. Қап-қара боп, азнап ашылып бара жатыр. Тұнжыраған түпсіз қара қуыс... Ажал исі аңқиды.

Қапсағай қара мойнын ашқан өлім бе?..

— Өлдім-ау... Кеттім-ау... Бітті деген осы ма? Бұлқынып қалды, бірдеме тарс етті...

Жәмиланың даусын есітті. Ашулы ащы екен... Сонда да майдай тиді. «Уһ!» деп көзін ашты.

Есікті екінші рет тарс еткізіп жауып қалып:— Құртар болдың ғой әбден, түге... Құдай құртқан немелер! Құрттың бізді де әбден!— деп келе жатқан анық Жәмила, өзінің қатыны.

Аяздай соғып ұшқындап келсе де, бұл жаңағы жалғыздық емес... Қара құз ажал емес... Жер... Ол да емес-ау.. Тіпті өзінің үйі... Өз төсегі... тірі... бар...

— Жәмиламысың? Уһ. Жәмила-ай.

— Немене? Неге күрсіндіңіз?

Даусы шошынғандай шұғыл өзгеріп, қасына жетіп көп:

— Бір жеріңіз ауырып жатыр ма?— деді.

Қасен көзін бір жұмып, бір ашып дүниесін әбден күндегі өзінікі қып қайта тауып алмақ боп үндемей жатты. Енді бойын жия бастағанда Жәмиланың ашуын да күндегі шарт-шұрттың бірі шығар деп, серпіп тастамақ еді. Бірін бірі жақсы білгеннен туған дағдылы есеп. Ертеңді, кешкі саясат... «Мен өліп, тірілсем де өстіп қарсы болар едің-ау» деген сияқты, көңілдің алыс түкпірінде жатқан, әншейінде өзіне де жат бір кемпір наз... Сондықтан үн қатпауын бұлдаңқырайды. Тіпті мекірене түсті.

— Япыр-ау, айтсаңызшы, ауырып қалдыңыз ба? Әлде кешегі ішкеннен бе екен? «Градус» әкелейін бе? Көп ішіп пе едіңіз?

Жәмиланың даусы әбден жылынды. Ендігісінің бәр-бәрі күндегі машықты, бас-аяры мәлім — тіпті қолымен ұстап, шымшып көруге болатын өз өмірі... Сабасына түсе кетті.

— Жоқ, ауру емес... Бірақ керегі не, өліп тірілгендей болдым....

— Е, немене, жаным-ау, айтсаңызшы жайын?

— Бір түс,— деп шын-ақ өз жайын, барлық тірлігін сипап, сауырын ұстап байқамақ болғандай боп Жәмилға қолын созды. Бірақ сипай бергенде шошайып тұрған мықын сүйегіне қолы тиіп сұлық түсіп қалды.

«Шіркін, өкпе-бауыр, жалың қапты-ау!»— дегендей болды ішінен.— Мәлім, мәлім».

— Е, со ма? Құдай-ай тіпті,— дей сала-ақ Жәмила түсі сұрланып, даусы қатайып әуелгі ашуын қайта шақыра:

— Анау катынды көрдіңіз бе, үлкен табақты плитадан құлатып сындырып қойғанын!

— Әй, қай үлкен табақ? Блюда ма, әлеукупігі төменгі базардан алған ба?

— Е, сол емес пе? Ішім күйіп барады тіпті. Талайдан қолға түсіре алмай жүріп, жаңа ғана таптым ба десем...

— Ой, құдай ұрсын, құдай ұрғыр... Әй, мазаны кетірді-ау, осылар-ақ... Сағат не?..

Жәмила түйілген бетімен:

— Жеті!— деді.

— Уақыт бар екен, ұйқым бұзылғаны-ай!— деп қырын жатқан бойында қабағын жоғары көтеріп Жәмилға

қарады. Түсі сұрланып, ерте түскен ажимдары айқынданып, бас сүйектері де шодырайып, көп күйкі арық, кара қатынның бірі болты. Шаруа қылам деп басын ескі сұр шәлімен де орап апты... Ірге жаққа қарай аунап түсті. Алдында төсектің қырына келіп отырған Жәмила бұл мінезге мұқалмай-ақ тұрып, жүріп кетті.

Ауыздағы үйден: ұзақ, күрік-күрік жөтеліп, кәртен үнмен ыңыранып, алқынған дауыс келді... Көңілсіздеу жүріспен тырп-тырп басқан аяқ даусы да естілді... Бірақ анда-санда естілген сөздері жасқаншақ. Еркек даусы күбір-күбір етсе, екінші жағынан әйел даусы сыбырлайды.

Кәсен ойында:

— Иә, бұл солар!— дейді. Сонымен қатар көз алдынан үздік-үздік көріністер өтті, 18 жыл. Ақтың түс. Ояздық комитеттің бастығы боп жүріп ауырып ауылға келдім... Жазылғанымда ат шаптырам, той қылам деп әлек болға-а-и. 20 жыл қызылдың қолынан аман шықты деп қатып-қалаш тойып жасап, айтқан малын сойып таратты-ау, осы қатын!

Одан бері де жыл сайын келуіме қарсы, бірде қаска жорға ат, бірде құлагер ат, пай-пай, бірде ақ жал атты жаратып қойып жүрді-ау!..

Жаз сайын ел үстіндегі қоналқадан басқа, дәл өзінен 30—40 қозы жеп, шығындатып кетуші ен-ау... Байғұстар қолынан келгенін істепті-ау, өзі... Ей, бірақ қазекендікінің көбі сатымсақ та ғой. Орайын да алған шығар! Бәсе, соны айт. 17-жылдарда 30 қой, 10 қара, а бертін... бертін?..

Тіпті елдің ру басы, атқамінерлері осыны салып, өзін атқа мінерім қып қоқайтып ая, волисполком сайлауында, кооператив сайлауында, сот, тергеуші жұмыстарының тұсында менің ықпалымды пайдаланбап па еді?.. Ел ішінде, іс басында жүрген жігіттердің өздеріне жазған хаттарымыздың өзі де талай материал болар еді-ау!.. Елдің ішінен шыққан кедей, еңбекші, байға қарсы дегендер болса, үстінен күс ұшыртып, астынан ит жүгіртіп сотты қып, әлекке салып есін жиғызбай, партиясынан айдатқан күндер де болды-ау...

...Түу, со кездегі кеңес үкіметі не деген жайлы деймін-ау! Бұл байғұстар онда тыраштаған еді... Не беріп едің дер ме едің? Бермесем де арқамды қайтесің?... Бірақ тірлігінді қуаныш етіп, саған ішкізіп-жегізгеніне

мәз болып, қас-қабағыңа қарап-ақ тұрушы еді-ау шіркін, Жәмила? Құдай кәне!..

— Шай дайын, тұрмаймысыз?.. Бірақ наны құрғыз тағы жетпейді,— деп бағанағы тері тарамысты жиырылып, бас терісі салбыраған күйде тағы дыбыс берді Жәмила. Тұрып кішкентай, тар төргі үйден ауыз бөлмеге шықты. Өзі көрші пәтершімен ортақтау бөлме.

Қарсы бөлмеде тұратын орыс семьясы осы үйді басып өтеді... Не амал?.. Енді түрі мынау, аузы-мұрнынан шығып жатыр.

Ешнәрсеге қарамай, үн қатпай шығып кетті. Жазғы тұрымның кезі. Алматыда биылғы көктемде сирек болған ашық, жарқыраған күн екен... Тау көрінді... Үлкен Алматы биігіне көз тоқтады.

Қасеннің туып-өскен жері Алматы да, Жетісу да емес. Таусыз бірыңғай, жазық далалы жер. Болса аз-маз адыр ғана бар. Сондықтан ол мынадай аспан құшқан, бұлтқа араласқан, қиын асқар үлкен шыңдардың сырын ұқпайды.

Сұлу-ақ шығар, бірақ жат, таныс емес, көңілді көп қозғамайтын әлдеқандай өзі алыс, өзі суық бір сұлулық. Сондайлық ұлы тау бүгін бір ерекше болып құбылған екен. Әсіресе бұлттар тамаша. Қарағайлы белдеуге шейін төмендеп кеп, таумен ұласып, түткен жүн, нә мақтадай боп түтеленіп будақ-будақ боп кетеді. Солардың кейде үстіңгі жағынан, кейде арасынан көкшіл-қоңыр тастар, қарлы шошақ шоқылар немесе сирек, алабарқын тау арқалары көрінеді... Бір бұлт, бір қар, бір тас боп бауырласып кетеді. Қамалған көп қалың шыңның ортасында әсіресе Қасеннің көзін көп тартатын Үлкен Алматы биігі. Бұның да төсіне бұлттай, будай шудасы оралып жатыр. Барлық Алатау тобының ортасынан бөліп шығарып, «мынаны көрші» дегендей қып өздері де айнала иін тіресе тұра қалып, ортасындағы оқшаулау жалғыз биігін тамашалағандай.

Дәл шолақ басында аздаған қары бар. Онысы, Орта Азияның сырмалы, шошақ, ақ тақиясындай. Тау үш қырлы, нағыз сонау бір суреттерде көрген пирамиттердей... Бірақ талай-талай мың пирамиттің бір жерге қосылып жасаған ескерткіші сияқты. Бағанағы, түсіңдегі биік құз да осы сияқты. Үлкен Алматы биігі онан сайын алыстап, суи түсті.

Тіпті ол емес-ау... Үлкен, берік, алып бойымен бұны

басатындай боп, төне түскен сияқты. Күйкі, әлсіз шатқаяқтаған жалғыздық ойына тағы бір көрініс, тағы бір теңеу елес етті.

Көп заманнан бері бұның ойына шырмауықтай оралып, қайратымен қажап өтіп, лебімен жаныштай кетіп отыратын бір сұрақ бар емес пе?

Ол құрылып келе жатқан социализм жайы... Бүгінде бұған да ол бар нәрсе. Болмыс, ақиқат, айнала. Ол да осы биіктей қырланып соқталанып, граниттей қашалып кетіп, алып іргесін орнатып, өсіп келеді...

Қасен тілесін-тілемесін, танысын-танымасын... ол жеңіп, бөксеріп алды. Өрлеп, зор кеудемен асып барады.

— Солай ма, солай емес пе? Мен құрушыларының санында бармын ба, жоқпын ба? Ай, жоқпын-ау... Сондықтан маған алыстан қарайды, суық қарайды-ау... Шіміркентпейді, тітіркендіргендей... Мейірлі емес, қорқытады. Басатындай-ау... Құрушысына солай көрінер ме еді?

Үлкен Алматы биігі сол күйдің елесіндей... Бүгін ерекше бір мағына, мазмұн тапқандай... Қасен ойына бұл жанданғандай да, жазалайтындай да көрініп кетті... Және не ойы не сезімі, не қылығы болса да соған мәлім.. Сонадан көріп тұр. Не қылса, бар қимыл қозғалысымен бұл соған барып сүйкене, мәлімдене кететін сияқты. Тайып кетті.

Ауыз бөлмеге қайта кіргенде алдында Жәмила тұр екен. Қолында үлкен табақтың сынығы... Жүзі ұшқындап тұтанған.

— Қарашы міне!— деп, екі қолына екі сынықты алып, созып,— мына флитэдән түсіріп...

Қасеннің ойынан бірталай нәрселер жылдамдата жортып өтті.

— «Флитә» деп сөйлейді-ау! Айтар ма еді әлгі тілшілерге! Қазақта «х» жоқ, «ф» жоқ дейтін немелерге? Рас-ау, бұл бірақ қыз күнінде «Мұхаммадия», «Сыбатылғазиндерді» қажалақтап еді-ау. Бозбала боп жалына жазған хатымның біріне:

Болыс бір фәрэдән,
Юз фәрэдэ бижай!

деп, аяғына «бәнті Фазил» деп те қол қойып еді-ау... Енді оқыған кісім боп сиыр жорғалап тұрғанын көрмеймісің?

— «Ой, флиген» бар босың!— деп, көзі аға-жеңгесіне түсті.

Бұдан жаңағыдай үн шыққанда, төмендеп қорғалақтап құдайына жазып отырған аға-жеңге қас-қабасын жыбыр еткізіп, жалтаң ете қап, жоғары қарасын еді...

Қасен шұғылынан томсарып жіберіп, төртгі үйге қарай басып келе жатып:

— Сендер де құрғар болдыңдар-ау!— деп, жеңгесінің жолда жатқан кебісін аяғымен теуіп жіберіп, төртгі үйдің есігін нығымен қағып жібере кіріп кетті.

Қатты тепкен кебіс тарсылдай барып екіліні бұраншатағы темір төсекке оқты... Үстіне простыни жамылдып жатқан жас киігіт ойна, басын көтеріп:

— Бү немене, безобразие? Қайшы, Жамила, тіпті сендер де, не боя жеткенсіңдер?— деді. Шала оянып естіп жатыр екен... Жаңа шығайын деген жұрт шала тебіндеп, түк есебінде қылтанақ берген. Өңі қызарыпқыраған сұлуша. Қатты, таза ұйқыдан маужырай тұрған ашық, бала жүзі бар. Қабасын түйе сөйлейді... Бұл — Сәлім, Қасеннің інісі, жас студент.

Аз да болса демесінді естігенде үлкен ағасының үні шығып:

— Құдай қара бастырған мынау, қара басың,— деп қатынына тыжырына қарап ап,— тіпті сол түңіліктей табақты қарып түсірер ме? Жүз қулаң келе ме екен? Ашуланбай қайтсын келің!— дегенде, Сәлім киіне бөріп:

— Жә, қоя-ақ қойындар... Түсіп кетті де. Қайтпым еді?— деді.

— Қандай табақ екенін білемісің сен өзің?— деп Жамила төңсімін барып еді.

— Маған десе алтын табақ болсын...

— Қыс бойы төменгі бавардан аңдып жүргенімді қайтейін.

— Ну что же?

— Жә, немесе сен тіпті замон айтып қоймайсың?

— Ол закон емес, жөн...

— Жөнің өзіңе, сен де ұстат¹ болайын деп пе едің?

— Немене нығынан түспейсің?

Сол кезде көрші бөлменің есігі ашылып Анна Ивановна шықты. Жасы отызға жетер-жетпес шамада... Кеңсеге, қызметіне баратын қалпында кепті. Таза, жик-

* Устат — адвокат деген мағынада (ред.).

ен кінген. Қырыққан шашында аздаған қоңыр бұйрасы бар. Бойшаң... Үлкен, ашық көк көздерінде сұлулық та, мейрімділік те бар... Барлық жарастықты, сүйкімді жүзі үлкен мінездіңпен, кең тәуелсіздік сабыршылықты білдіреді.

Жәмишаның қолында табақ сынықтары әлі жүр еді:

— Жәмила, мынау ма сыңған табақ? Рас, аяныш екен... Бірақ қате ғой, бола береді... Мен де өз көрселерімнің талайын оқыс сындырып аламын да жүрем!— деп, жемгеге бұрылып қарап, халдерін ұғып алып:

— Бәйбіше байқасаңа ғой, көресіз бе, о кісіге де өте ыңғайсыз боп отыр ғой!— деп, Жәмилаға қайта қаран:— Жәмила, бірақ мұндай табақ көп, табылады...— деді.

— Жоқ, табылмайды. Қыстай кезгем...

— Табылады, Жәмила... Мен осы жақында-ақ көргем, тіпті магазинде де болып қалады...

— Тастаныз оны, Анна Ивановна, оның ашуланбайтын күні болмайды.

— Тіпті менің сыншым боп апсын-ау, сен өзің!— деп Жәмила табақтың сынығын шылдыр еткізіп тастай берді.— Қарашы бұны!

— Ой, қойшы тілеуің берсін... Мазаны алмай...

Анна Ивановна өзінен өзі ыңғайсызданып, тұрарын да, кетерін де білмей, ебін таба алмай барып, аяғында Сәлімге:

— Сәлім, сен қойсаңшы, немене? Ол үлкен... Несіне қанын бұзасын!— дегенде, екі жақ та кішкене толастай бастады... Сол уақытта Іле-шала Сәлімге:

— Оқыдың ба, кешегі кітапты... Одан да соны айт!

— Оқыдым... Бітірдім. Да, жақсы кітап екен... Горькийдің жазуы қандай жақсы еді... Сондайлық мол қалпымен соншалық қона кетеді...

— Иә, сондай жүдеу балалығын қандай саналы, ғибратты дәріс есебінде берген.

Екеуінің бұл сөздерін өтіп бара жатып, Қасен есіте кетті...

— Иә, кітап... Ойдан шығару... Сырлау... Соны да мыжушылар бар-ау әлі! Маған тіпті бір алты қырдың астына қалғандай-ау өзі... Қайда, қайда! Қашан да қашан боп сырғып кетіпті-ау, сіре... Е, барса барсын... Өмір кітабы да жетеді... Анағы әлгідей мылжық орыс қатыны мен аңқау бала жем қылшы... Шіркі-ай, бүгін бір ет табу керек еді... Бөрінен де соны айтсаңшы,— деп аттап

түсті. Кеңсесіне кетті... Сәлім түнде оқып бітірген кітабының әсерінен үзіле алмай отыр.

— А, оның атасы сияқты кісілер әлі де, бүгінде де бар. Тіпті мен айтайын сізге, нақ осы біздің Жәмилаларда да соның бұйымы бар...

— Қой сен Жәмиланы, оны ренжітпе. Қателесесің. Ол баба басқа... Ол тіпті басқа жағдайдың адамы...

— Мен бәрібір таныдым. Ол менің танысым. Соған осы Жәмила виноват.

— Сен кітапты жақсы оқиды екенсің, мен тағы берем.

— Беріңіз, менің сауатсыздығымды жойыңыз.

— Немене, әйтпесе сен студент... Әлі тіпті Горькийді де жақсы білмейсің!..

— Үндемеңіз, Анна Ивановна. Мен тіпті ұялам... Одан да ақырын-ақырын бере беріңіз!..— дегенде, Анна Иванова портфелін қолтығына қысып, басын үндемей иіп, жүріп кетті...

Қасен қақпадан шығып, жоғары тауға қарай аяндады. Кеңсе өлкелік шаруа орнының бірі, сол жоғары жақта болатын. Кешен шығып қалған екен. Бұл сияқты кешігіп шыққан қызметкерлер еркегі, әйелі бар көше бойында асығып басып, сарп ұрады. Бірақ Қасен жегінге мезі болған, қырсау тартқан аттай сылбыр, сараң басады. Алдында Үлкен Алматы биігі кім екенін танып, бейілі қандай екенін ұғып тұрған сияқты. Үндемейді. Сазарың, қатайып біледі де қояды.

Бір-екі квартал өткенде, бұның көшесін көлденең кесіп, өзінше басып, Қасымқан кетіп барады екен.

— А-ай, тұра тұр.

Қасымқан көрді де, тосып тұра қап:

— Бол, бас аяғыңды... Немене, ілгері-басқан аяғың кейін кетіп?

— Ой, бар болсын, ілгері басушы ма еді?— деп қол беріп ап:— немене, жем іліне ме? Ет-мет білген жерің бар ма?

— Иә, Жәмила шіркіннің күйі кетіп тұр ма. Орта құрсақсың ғой тегі, ә!— деп күлді.

— Орта құрсақ деген де бір дәурен емес пе?

— Қу құлқын ет керек қып тұр-ау...

— Күлесің ғой. Бірдемең бар ма еді? Етің болса,

литровканы өзім ала қайтайын. Ғайнижамалға хабар қылшы... Ішін ұрайын, өлер болдым...

Қасымқан күліп:

— Айтарсың. Ет көрмегеніме тап міне жеті күн болды... Құрыдық қой, ойбай-ау. Көз ашылар күн бар ма, жоқ па? Паектен хабар білдің бе?

— Паегі бар босын. Біздікі бір жетісін тұрған паек пе? Шіркін-ай, қазы араласқан қой етін бүйірім шыға бір жемей-ақ кеткенім бе?— деп Қасен қабағын түйіп алды.

— Енді әнеугідей бірдеменің ретін табайық та.

— Естіген ештемең бар ма?— деп дәмелене қарады да:— ай, мына құрыған көктемде не табылады дейсің!— деді.

Қасымқан:— бәсе, «селдің тісін-тісіне қоятын» шағы болушы еді ғой, жайшылықтың өзінде құрыған кез ғой... Ол емес қатыныма бір аяқ киім, бір жазғы пальтюлік бірдеме табарың бар ма? Қадрсың ғой. Ештеме оралар ма екен?

— Ойбай, өзім де сендеймін. Өзім орналастырған иттің талайына құлаққағыс қып ем. Уәде қылса да бірақ ешнәрсе түспей жүр.

Қасымқан жолдасының тартпа мінезіне сеніндіремеген пішінмен:

— Қасен, шын айтам.

— Е, мен шын айтпай не ғып келем?

— Шіркін, еруліге — қарулы... Қыстыкүнгі сары ботинканың орайын бір қайырсаңшы. Сен үшін тап месткомның аузынан-ақ қағып әкетіп ем ғой, жанды ортаға сап жүріп... Бұлдыратып жүріп Нейманның да резолюциясын соқтырып ем... Сондай бір еңбек қылдың ба?— деп, қалжың-шыны аралас күліп, Қасенді арқаға қақты...

Қасен дым онша жіби қойған жоқ. Сары ботинка болса бойға сіңіп тараған.

— Бір орайын мен де табармын. Ер мойнында қыл арқан шірір деймісің?— деп қырқылжың түлкідей ұзақ сонарға сала берді.

Қасымқан күдер үзе бастап:

— Со ма бар тапқаның?

Қасен сары ботинканың жайын есіне алды. Ол аржағында бұның Қасымқанға әперген костюмдік бір отрезінің орайы болатын, «бұлдыратқанға неге көнейін» деп ішінен өзінің алық-берік есебін ойлап алып:

— Мені қағыстырғаймен мардымды бірдеңе шығар деймісің? Одан да Қазқрайсоюздың председателіне трикотажд кепті дейді. Екеуіміз бірігіп Сәлменовты айналдырайық,— деді Қасымқан, одан да түңіліпкіреп:

— Әжесінің пұлын бергендей болушы еді, кім біледі... Сондағы бастық қызметкерлердің бәрін айналдырып жүріп, алдымен өзіне сықап алады...

— Тойымсыз-ақ шығар? Біздің қатын: әйтсеуір еркек-ұрғашының бірде-бір киімі сынар емес не түстісі болса да, қос-қостан дейді ғой...

— Пәлі, бағасы жазылған қағаздары алынбаған костюмнің өзі үшеу дөседі.

Қасен күйініп те, қызғанып та:

— Шіркіи, соны айтсаңшы,— деді де бағанадан бері пұл мен жемді әңгіме қылғандарына өзіне-өзі қанағаттан амай:

— Жә, жай қалай өзі, түзелетін бе, не естін білдің?— деді.

Бұл соңғы күйді Қасымқан да түсінді. Бұрын о да кісілік ойлаушының бірі болған. Шұғылынан түсін өзгерте қойып, мүләйім тартып:

— Түзелер ме екен, кім біледі? Аз дәме бар ғой... Бірақ зор қиындыққа тіреліп тұрғанымыз да бар,— деп барлай сөйлеп, Қасенге қарады. Қасен де жазылған жоқ. Бірақ томсарып салбыраған боп:

— Кім біледі, әлде түзелерміз. Ақтабан шұбырындыдан да оңалыпты ғой,— деп күрсінген болды.

— Мә, қолдан келгенді аяйбайтын сияқты!— деп анау да жүдеген тәрізденіп:

— Осындайда біз мынау, қазы-қарта деп жүрген!— деп қарқ-қарқ күяді. Қасен Қасымқанды көргенде айнаға қарағандай болатын. Бірақ одан гөрі өзі қу күйрықтау, шүңеттеу... Ананың жаңағы күлкісі бұған өздеріне күлу, күлгенде бір нахалдық сезбестіктен өз перделерін жырта күлген күлкі сияқтанды.

— Көп үшін мен өзі үшін бар. Бір кездегі «адамшылық үшін» мен «басым үшін» бар, бұрын осылардың екі аралары бірқатар алшақ сияқты болушы еді. Осы күні Қасенге тіпті таразының екі басындай, қарға адымындай-ақ боп қалған сияқты. Дүниенің екі басы сияқтанып тұрса да бірімен біріне минут араламай-ақ секіре салатын болды...

Соның бірі жаңағы. Осындайдың үстінде ұстап қал-

ғанда ол аз да болса қысылшаң тартып қалады. Қасымқанның күлкісі ыңғайсыз тиді.

— Күлеміз-ау... Әлде не боп барамыз? Түзесейік те одан да!— деп Қасымқанның түріне қарады. Екеуі біраз қарасып тұрды да қоса күлісті, ұғысты... Мына соңғы әншейін бір тілдің ұшы...

— Әлбетте, әлбетте!— деп мынаның қолын қысты да, асығып адымдай жөнелді Қасымқан. Қасен кеңсеге келді. Қызметкерлердің көпшілігі келіп, орнап қалған екен. Кеңсенің коридорын, үлкен бөлмесін басып өтіп келе жатып, онды-солды қалпағын көтеріп:

— А, Иван Семенович Здорово, Николай Петрович Марк Аронович, друг. Қайырлы таңертең, Зинаида Николаевна!— деп бәріне де ақсия жымып салмақпен жүріп өтті.

Жолшыбай көзі түскен еді. Бастық бұдан бұрын кеп қапты. Ыңғайсыз. Жөткіріп, түсін томсырайтып жіберді. Портфельден бір көп қағаз алды. Орнына отырмастан бастық алдына келді. Көзіне пенснесін киіп, ат жағын тістеніп сұрланып алған. Айыл-тұрманын тартып, барлық нервісін шоқтай жиып авты. Іс соңына ғана үңілген. Қынжылғаны қызмет жайы, түн ұйқысын сол-ақ төрт бөлген кісідей қабағын түйіп асығыстап тұрған сияқты.

— Шіркін, қазақтың ұйымсыз маманына, Америка адамының ісшілдігін тапқан екен-ау,— дегізгендей-ақ.

Сырт қалпы: пай-пай, осы бастықтардың алды уақытынды көп алады. Ісіміз тез шешілмей бөгеліп, қарқын содан шабандайды дегендей боп, ауыздығын шайнап, жер сүзіп тұр. Бастық алдына бұдан бұрын кеп іс басқарушы араласқан екен;— Мынау әлгі строительство туралы совнарком қаулысының жоспары... Мына біреу шығыс облысынан келіп отырған тығыз телеграмма. Жауабын тез беруіңіз керек... Мынау кешегі коллегия қаулысы... Танысып қол қоюыңыз керек. Облыс — облысқа жібереміз!..— деп созбалап барады.

Арасында көзілдірікті, қасқа бас бухгалтер салмақты салқын пішінмен:

— Жолдас Жарасбаев! Мен банкдегі совещаниеге тез баруым керек!..— деді.

— Қай мәселе туралы,— деп бастық қаулыдан басын көтере бергенде, Қасен де басын иіп амандасып қалды... Бухгалтер:— строительствоньң сметасын сонда тағы талқыламақ. Түсівік беремін...

— Бар... Тез бар. Талас. Шатақ шығарып қысқартып жүрмесін.— Осындай бөгеулер Қасенге ширет тигізбей тұр. Бірақ бастық қазақ. Өзі кең мінезді жігіт. Қасен әр кезде кеңседен тыс жерде де кеңесіп қояды. Еті үйренген. Сондықтан қарап тұрмас үшін, столдың бір жағынан отырып, іс басқарушы баяндап отырған мәселелердің бірталайына:

— Е, ол былай шығар. Рас, ол анау ғой!— деп сұрамаса да сұғыла кетіп отырады. Іс басқарушыны білмейтін кісі қып, қаққылап та қояды. Соның бәрінде өзі өлкелік кеңсенің немен тыныс алатынын бұлжытпай білген, бұның жалғыз өзі емес, барлық тарау-тармақтары, облыстарының істері — бәрі де Қасеннің балықтай жүзген мәлім көлі сияқты. Солай боп көрінуі керек.

Құр қазақ емес. Кеңсесінің қара қыртысын айналдырған маман қазақ. Және осы кеңсенің тілек-талабы бұның да бар мұрат-мақсаты болған шын бейілді, қамқор қазақ... Міне, Жарасбаев көзіне Қасен осылай боп көрінуді тілейді...

Тегінде Жарасбаев бұл кеңсеге жаңарақта келген қызметкер. Бұрын үлкен орындарға бастық боп жүрсе де, түбі көп оқымаған. Мынау кеңсеге де тегі көп маман жиылған. Ауыр, мол шаруаның орны, ісінің қия басқан жері мамандық білімді керек етеді.

Оның бәріне құр бақ көтерген большевик, әзірленген, тағаланған деймісін? Әрі-беріден соң бұның басын қатырып, өзінің қақпайына алып кетеді мамандар... Одан да мен көп істің ұшық тетігін білетін кісі боп отырып, мыналардың ақаулы жерлерін айта жүрейін. Сонда менің мамандығым бәрінен керек «мамандық» болады деген есебі болатын...

Жарасбаев басында бірталай уақыт бұнымен өте ұзақ сөйлесіп, айтарлығының көбін естіген. Бірақ әлденеден соңғы кездерде сол әңгімелері сирей келіп бітуге айналды...

Осы Қасен, Жарасбаевтың сақтығы: «қазаққа жақындасып кетті деп жала жабады деген қорқақтығы» деп байлады. Анығында бұның әңгімелері соңғы кезде ылғи қайталақтап бір ізін қайта-қайта баса беретін боп еді.

Әлденеше рет айналып кеп соға беретін:

— Бұл кеңсенің мамандары көбінесе сөз айдайды. Жұмыс істеп отырған бірі де болмайды. Айтатыны ылғи

пәтер, тамақ жайы. Аңсағандары басқа бір жаққа орайын тауып бұлды боп кету. Әйтеуір шын бейілімен жұмыс істейтін бір жан жоқ!—Сөздің көбі осы еді.

Өшірет өзіне жетті. Жарасбаев іс басқарушыға бі-
неше тымді қысқа тапсырмалар беріп:

— Жа, сіз не айтасыз?— деді.

— Мен коренизация¹ ретінде мынау үш кісінің тізі-
мін әкел ем. Шығыс облыс пен Қарағанды, Ақтөбеден
біздің система қазақ қызметкерінсіз отыр. Өздерін кадр
секторына жіберің, солар арқылы коренизацияны осы об-
лыстарда... негнесек... Білген бюрократ маман, өздері іс
істемейді... Оның үстіне арасына қазақ қызметкерлері-
нің тұмсығын батырмай... енді бір решительный бет
бермесек, екпінді кіріспесек...— дей бергенде Жарасбаев:

— Бұлар сізге таныс адамдар ғой?— деді.

— Е, жайларын тіпті жақсы білем... Рекомендовать
егем.

— Мамандықтары бар ма?

— Бұрын кооперативте, шаруа орындарында...

— Білімдері қандай?

— Қай білімін айтасыз?

— Жалпы білімі, іс жүзінде ысылғандық... Жалпы
өзірлігі.

— Е, бәрі де егде адамдар... Неге ысылмасын?

Жарасбаев Қасеннің бетіне қадалыңқырай қарап:

— Осы сіздің қолыңызға түсетін адамның барлығы
«егде», «егде» бола беретіні несі?— деді.

— Жастар жағының бәрі тұрақтамайды... Бүгін кіріп,
ерген оқуға, не басқа бір жеңіл іске секіріп кете бе-
реді...

— Сіз біздің жас маман, жас екпінді қызметкер де-
гендердің барын анықтап еске алмайсыз ба, қалай?—
деді де күлді. Қасен қысылыңқырап үркектеп қап:

— Е, неге?

— Ендеше осы әр жерге ұсынып жүрген адамдары-
ңыздың ішінде бірде-бір маман қазақ бар ма? Оның өзі
тегі жоқ емес пе?

— Жоқ дейсіз бе?— Бұның шүкшінған түрін көріп Қа-
сен:— Бар болғанмен жоқтың қасы ғой...

* Коренизация — қызметке жергілікті халық өкілдерін тарту мағынасында (ред.).

— Біздің мамандықтан дәл өзін білетін талай инженерді атап берейін бе?

— Біздің қолымызға түспейді солар.

— Айтыңызшы, ал бітірген түспесін. Соны іздеп барып білейін деген талабы бар ма біздің кадр бөліміміздік?

— Қайдан іздейік?

— Бітірген түспесе, бітіргелі жүрген, бір жыл екі жылда бітіретін Ташкент, Қазан, Мәскеу, Ленинградта біздің мамандықтың неше студенті бар? Оны абайлап көрдіңіз бе?

— Оны ескерейін деп ойлағым жүр ем...

— Олай болса нешеуін біз өз стипендиямызға алдық екен? Оны білесіз бе? Маман кадрды жасаудың бір үлкен жолы осы екенің шала ойлағансыз ба, қалай?— Қасен тоқтап қалды.

— Көше, нешеу?

— Біле алмадым!— деді Қасен.

— Ендеше мен айтайын. Оң қазақ студенті біздің стипендияда. Көше тағы төртеуін кіргізуге бұйрық бердім... Қасен бойын қайта жиыңқырап ап:

— Жақсы, жақсы екең.. Бірақ, енді ол түбегейлі алыстағы кадр ғой... Мен бүгінгі керенизациямен...

— Жарайды... Ал біз бұ сөзді бастағалы көп болды. Оның үстіне крайкомның, жалпы үкіметтің берген бетін білесіз...

— Иә-иә, со ғой тығызы...

— Бәсе, көнеки, айтып беріңізші маған? Алысты қояйық, осы жылы біздің кеңсе қанша процент қазақыланды?

Қасен мүдіріңкіреп қап маңдайын қасып:

— Процентін дәл айта алмаймын...

— Ендеше неше қазақ алдыңыз?

— Ош шақты боп қалды.

— Е-е-е! Жүз елу қызметкерден он шақты боп қалды... Оның ішінде әлгі мен алғызған хат тасушы, уборщица, көшірлер де бар... Солай ма?

— Е, солар... солар да бар.

— Жәк, жолдас!— Енді Жарасбаевтың даусында сөз біліне бастады.— Бұл қарқын емес... Бюрократтық ат мінші, түйе жетелеп келмейді...— Енді он күн ерөк. Отыз процентке жеткізіңіз қазақ қызметкерлерінің санын.

— Мамансыз болмайтын кеңсе ғой біздікі,

— Сіз қай инженер едіңіз?.. Жүз елудің бәрі инженер ме?

— Әйтсе де білімсіз...

— Тегі оқыған буын жалғыз біздің буын емес. Арттан өскен, өсіп келе жатқан қалың күшті буын бар екенін ойлай жүріңіз... Ондай мәдени напокление болмаса, біздің бесжылдықтар бос сөз болар еді. Істі сиыр құйымшақтатпай, шамаңыз бар болса, қарқын табыңыз!—Телефонды ұстап:— подстанцияны!— деді.

Жарасбаев сонымен біраз тосып отырғанда: Қасен:

— Мыналарды қайтейік?— деді.

— Оларды маған жіберіңіз. Менімен сөйлесің.

Қасен тайқып кетті де... Тағы артына бұрыла беріп:

— Осы істің өндімеуіне сіз мені кіналағандайсыз ба, қалай?— деп артына біраз кінәмшылданып қарады...

— Онда мағына жоқ. Кім жауапты дегенді төксеріп жатқан ешкім жоқ әзір... Мәселе істің, істің жауапты іс болғандығында,— деді де телефонға,— подстанция! Совнарком хатшысы!— деп тоқтады.

— Бұл бар кеңсенің жеңе алмай келе жатқан қиыншылығы ғой.

— Олай болса алдымда мынадай-мынадай қиыншылық, бөгет тұр деп бірде-бір баяндама неге жасамайсыз? Қоллегияда, менің алдымда осы мәселені неге бір рет қоймайсыз?

— Онда мен тіпті түк жұмыс істемеген болам да.

— Жоқ, тіпті жапа-жалғыз істеп жүрген сіз ғана боласыз. Өйткені менің бірде-бір жәрдемімді сұраған емесіз... А, нәтижеде он кісі...

Қасен тұрып-тұрып шығып кетті, бірақ арқасына аздап суық кіреңдей болды.

Жарасбаев бұның көз алдында осы арада шұғылланан өсе жөнелгендей. Бұрын мұндай деп ойлаған емес...— Қандай зілді сөйлейді... Мықты, нығыз ғой, бәтір-ау...

Е, қойшы, бүйткізіп отырғанның бәрі билет пен орын ғой... Мен жүрейінші сеи болған жерде... Көрер едің бәлем!— деді ішінен. Бірақ солай деуін десе де, қазіргі халінде өзін бір мықты жуан айғыр сауырлап айдап тастаған саяқ аттай сезді... Ішінен әлденеге кіжіне түсіп терезеге қарады. Үлкен Алматы биігі қарап тұр... Кеудесінде бұйраланып, будақтап ұйысқан бұлт шудасы... Күрсініп маңына қарады... Бұның столына үлкен мамының бірі келеді екен. Аузында папиросы, сіреңке сұра-

ды... Нығыз... көзінде үлкен мүйізді көзілдірік. Қасен сіреңкесін беріп жатып:

— Айтыңызшы, пожалуыста, Алексей Николаевич, Жарасбаев кеңсені қазақыландыр деп тығыз срок, қатал бұйрық берді... Кімді қояйын?..

— Кісі жасап үйреніңіз. Соғыңыз балға, төс ап. E-ehel!

— Бәсе... Ең болмаса соларын үйретсе екен!

— Күйремеңіз ондайға... Сезбеуге тырысыңыз. Мен сізді түсінем ғой... Халіңізді түсінем.. Не істейсіз?— деп темекісін будақтата тұтатып ап:

— Онанда (ертең демалысқа қарсы) бір пулке жасайық, қалайсыз...

— Жарайды... Жалғыз-ақ ана орынбасарды қоса шақырайық...

— Біреуі ол болса болсын!— деп маман күліп, Қасенді арқаға қағып:— бастық жағын тәуір көресіз-ау, ә, Қасен Нұрбанчи!— деді.

— Мен қазақ бастығына онша құмар емеспін, орыстар ничево. Олар жай отырыста ұлықтығын ұмыта да отыра алады... Және сөйлесе отырайық! Біраз... Түсінесіз бе?

— Жарайды!— деп маман кетіп қалды. Қағазына енді ғана аз уақыт қарай беріп еді, бір үлкен нәрсе ойына сап ете түсті...

Салып месткомға келді.

— Жолдас Сергеев.— Көзінде көзілдірігі бар ішкі адам пішіндес жастау жігіт қағазынан басын көтеріп, бұған қарады.— Кеше азық-түлік карточкасын үлестірдіңдер ме. Менің мәселемді Жарасбаев сендерге тапсырып еді ғой...

— Иә үлестірдік.

— Мен қай категориядамын?

— Екінші.

— Сіз мазақ қыласыз ба? Менің толып жатқан асырап-сақтайтындарым бар... Мынаумен тіршілік ете алмаймын деп мен айтқаным қайда? Істей алмаймын бүйтетін болсаңдар, міне айтқаным.

— Тоқтаңыз, сіз мәселені неге бұнша шұғыл қоясыз?

— Иә, сізге жақсы... Майдалап қоюға...

— Ғапу етіңіз, мен өзім үшіншідемін, сізден төмен...

— Маған оның бәрібір...

Қасем бұл жерде бияздама алмаспын дегендей боп танау қағып:

— Бұл — қазақ қызметкеріне жардай бермегендік... Сырғытудың әдісі...

— Енді сізді екіншіден әрі қай жерге қоямыз, айтсаңызшы.

— Бірінші қайда, кім алады?

— Ол он-ақ орын, аяқ. Аяқ үлкен маман мен коллегия мүшелеріне де жетпей қалды ғой.

— Маған керегі жоқ. Тыңдағым да келмейді!— деп ата жөнелді. Сол бетімен үлкен кеңсенің асты-үстім шарлап жүріп, әр жерде шанжау-шамжау отырған қазақ қызметкерлерінен:

— Сендер қай категория? Сен қайсысы? Қалай болды? Міне саған қазақыландыру. Ал келтірші енді кісіні... Бірде-бір қазақ біріншіге кірмейті... Және мынау мектеп барып тұрған шовинист. Айтыңдар осыны!— деп ұйымсыз қызметкерлерге осылайша соғып, ұйым мүшелерінің ішіндегі бір жас жігітке келіп:

— Шырағым Қарім-ау, ойлашы, біз тіпті мал үшін емес, ар үшін дейтін қызметкеріміз қазақтың... Оны өздерің білесің... Ішін ұрайын тап мен сол бес-он қадақ ұнның. Мәселе негізде ғой. Біріншіде бір қазақ жоқ. Біз қалайша тартпақпыз қазақ қызметкерлерін? Кімді шақырсақ та әуелі шарғыңыз, жағдайыңызды айт деп қоя беретінін білесің.

— Бірінші мамандардікі, коллегия мүшелерінікі ғой... Маман қазақ боса бір сәрі...

— Бар маманға жетіп отыр ма бәрібір. Рас, жеткенінше соларға-ақ берейік. Біздікі не? Солар жесе жесің, бірақ ісімізді істеп берсіңші. Мына бесжылдықтың үлкен құрылыстарын осыларға істетіп, Қазақстанды индустриялайықшы. Сол қуанышы да жетеді, ал тіпті...

Жас жігіт күліп:

— Ай, ағай, оларды бір Америка маманына қарама саңызшы. Бәрі де советтің маманы ғой... бөлшектемейік.

— Жоқ, сонда да мен өзім солай сөйлейтін адаммын, шығармын. Саяси бағытты өзің түзей берерсің. Біз қазақша өз аулымыз ғой... Олар болса қонақ. Қазақ боп таласу керек емес. Қотере берейік.

— Ендеше не дау бар?

— Бірақ сонда алғанда ынсап болсын деймін. 95 процентті солар алса, бірер орынды қазаққа деп қоя тұ-

райық та. Ертең маман шыға қалмай ма?— деп көп-ақ жағалап еді. Жас жігіт құр күле берді. Қызбады да...

Ішінде ит өліп жатса да Қасен бұл жігітке келгендегі алғашқы маскасын бұзбастан:

— Жарайды, енді бұйырғаны болар... Мен де нервімді бұзбай-ақ қояйын... Құрсын сол мектептің шовинисі де, бәрі де...— деп шығып кетті. Орнына қайтты. Ішінен бұл мәселені әлі қалдырмақны емес... Бүгінгі құбылыстарының ішінде жаңағы соңғы өзгерісі өте бір сирек қолданып жіберетін мінезі еді...

Орнына көп отыра бере тағы Үлкен Алматы биігін көрді... Граниттей қамшалған... «Мәлім... мәлім!» дегендей боп шыдап қарап тұр.

Енді біраз қағаздарға қарай беріп еді... Қасына жақындай бере біреу сәлем берді. Басын көтерсе, бағанағы Жарасбаевқа ұсынған үш қызметкерінің бірі Аманбай екен... Ұзын бойлы, шұбар.

Басында пушпақ бөркі, аяғында ұзын қовыш, биік өкше орыс етігі... мұрты ұзын. Баяғы бір земстволар көзінің қалдығы. Көзге жылы ұшырай кетті. Қол алысып отырғаннан кейін:

— Арызыңды Жарасбаевтың өзіне бердім... Сөйлестім... Айттым.

— Жарасбаев кім еді?

— Осындағы үлкен жігіттің бірі емес пе? Осы кеңсенің бастығы...

— Е, мен соны барып біліп жүр деймісің, Қасеке-ау?

— Рас-ау... Бұл күнде қазақ ұлығынан көп неме бар ма десеңші? Иә, өзі сөйлеспек... Шаруа орнында істегем, көп істегем де... Алматы, әне коренизация деп жүр ғой түге... Істерсің...

Аманбай қомданып ап:

— Е, істейміз... Земствода, одан жооерагивте де істегенім бар.

— Басе...

— Дақ осы жылы келгенде, мал совхозының іс басқарушысы боп екі жыл істеп келем...

— Тіпті жақсы... Уай оның қай совхоз, жақын ба еді?

— Е, мына «Жылға» совхозы.

Қасен етбеттеп жылжи түсіп, Аманбайдың иығына қолын тигізіп:

— Барсекеде... Өй, бірдене табарың бар ма, жарықтығым. Еттен құрап өлер болдық...

Анау күліп:

— Кешелер кісі боп сұрай алмап едім. О жағың қалай еді. Қасеке-ау?

— Сұрама ойбай... Қызыл көрінсе, шұрқырай түскелі, қолында өлгелі отырмыз, Қасымқан екеуміз де. Бар ма бірдеңе... Аз-мұз сорпа ішіп, дүниені бір еске алайық!

Аманбай айналасына қарап ап, қазақ көрінбеген соң батылданып:

— Бары бар еді... Бір қара...— деп үндеңкіремей отырып:— бір азғана реті бар. Онысын кейін айтармын, жығатын жер бар ма еді?— дегенде Қасен күліп жіберіп:

— Ойбай, о құрғыр табылады ғой... Ана Қасымқанның пәтері бар... Тіпті біздікі де жарайды. Іс бола ма өзі?

— Өзіңмен ақылдасам ғой... Бір реті бар еді дедім ғой...

— Қашан болады?

— Сөйлескен соң бүгін де болса бәрібір!— деп біраз отырды да.— Иә, іс қалай? Еңбек жанатын ба? Оңалатынбыз ба? Қалай өзі?

— Ой, іс болушы ма еді? Оңалмақтың ауылы алыс, шырағым!— деп салды да, артынан Аманбайға қарап ап, көптен көрмегенін, одан бері талай өзгеріс тууы мүмкін екендігін еске алып:

— Ол әншейін сөз ғой... Тырмысып жатыр ғой... Неге болмасын!

— Бұның қайсысы шының?

— Осы ғой шыным... Аштықта кейде қалжырай салған боламыз!— деп Аманбаймен бірге күліп:

— Рас айтам-ау... Шынында да бұл біздің ақылымыз бен шамамыз жетпей қалған, бойымыздан асып, ұлғайып алған үлкен іс болды ғой...

— Ал мынаны не дейік?

— Бұл бір уақытша қиыншылық қой... Түзеледі!— деп Қасен бұл әңгімені тұжырды да,— енді әлгіні іс қылайық... Өзің тіпті сол совхоздан қол үзбе. Және тіпті орайына қара да сол Қарағандыға бармай-ақ осы араның өзінде қал... Білдің бе? Жарасбаевқа соны айт. Менің ақылым осы... Тағы сөйлесерміз... Кешке кездесетін болдық қой!— деді.

Аманбай қоштасып жүре берді... Сол кетісімен Жәмила кіріп келді. Аяқтағы ботинканың бәрі батпақ-батпақ... Маңдайынан, екі қасының арасын жара екі ажым

түсіпті... Бүгін тіпті айқынданып тұр... Өңі қашып, қуарған... Қасеннің қасындағы орындыққа кеп отыра кетті...

— Е, немене, жаным? Тіпті өрт сөндірген кісідейсін ғой?— деді Қасен. Өлкелік үлкен кеңсенің таза жарық үйлері бұның тар, кір, иіс-қоңыс пәтеріндей емес. Стол, орындықтар да істің, еңбектің таза орны. Бұның үй ішіндегі аспабына ұқсамайды. Сол сияқты Қасеннің айналасында отырған есепші, хатшы, ең аяғы машина басқыш әйелдер болса да шетінен таза киінген. Бас-аяқтары күтімді. Пішіндері саналы еңбекке берілгендей мағналы, ісшіл. Киімдері ерекше үлгілі, таза. Олар да базар мен қазан-ошақ арасында сарп ұрып жүріп, жүнжіп шөгіп, қартайып бара жатқан Жәмила емес. Қысқасы салыстырудың барлығы да Қасен мен Жәмилаға жайлы емес.

Соның бәрінің үстіне Жәмиланың ендігі, мына келіп отырған түрі... Жазғытұрымғы күн мен желдің салдарынан беті-қолы да жарылып, қара-қошқылдана бастапты... Күн түсіп тұрған жарық бөлме ол таңбаларын да ашып берді...

Бір кезде Қасен кеңселерге бастық болып, аяқты кердең басатын мықты да, нығыз да болған. Ол күнде әйелін үйінде күтіп ұстайтын. Кеңседе қызмет қылатын әйелдерге Қасеннің көзқарасы біржолата басқа болатын.

Енді уақыт бұл жағынан да Қасенді қағып өткен... Жәмиласы да, өзі де қырға барса мырза, қалада жүрсе төресымақ болған болса, қазір ол ерке күйден ажырап, өлдеқандай бір жаққа қағылып, қақас қалып бара жатыр...

Үлкен Алматы биігі анау тұр... Бұған жылы қарамайды. Үлкен кеңсе мінекей. Бұ да Қасен деп онша елбіремейді, елемейді... Әншейін жабайы көптің бірі.

Өзіне-өзі жаны ашығандай. Жәмиланы аяғандай... Бөтен дүниедегі өздерін өгей баладай көрді. Соны сезген сайын барлық сыртқы әлемге ызалана, жауша қарады. Қарақан қара бастың қамы мен күйігі кернеді... Жәмиланың халін ерекше ұрынғысы кеп:

— Немене, бірдене керек пе еді? Шаршапсың ғой өзін,— деді.

Алғашқы сөзіне үндемей томсара қарап қалған Жәмила енді кішкене жадырыңқырап:

— Казторгте шолки, тағы жібек тоқымалар беріп жатыр екен. Ақшам да болмады. Сонда да өшіретіне күн ұзын тұрып ем, дәл жақындап қалғанымда бітіп қалды, құрып қалғыры!— деді.

— Бәсе, сөйтпей тұра ма? Бұдан бірдеме алып болушы ма еді? Содан даме қылып жүргелін!..

— Енді қайтөсің, тоқыма киімнен дәнемем жоқ.

— Тұра тұршы сен, Сәлменге хат жазайың. Қашықрай-союзға сондай нәрсе кенті... Трикотаж!— деп қағаз алып Қасен Сәлменге хат жазуға кірісті.

Жәмила дәмеленін қалды.

Қасен кішкене запискаға қайдағысын айтып, қатты қысылған кісі боп бедел сала жазды да, Жәмилаға ақша беріп жөнелтуге аймады. Жәмила қағазды алып, картон, оны-мұны салған сумкасын жерден алып тұра беріп:

— Айтпақшы әлгі Сәлімнің мінезін білдің бе бүгін?— деп қайта қарады. Таңертеңгі үй ішінің күрең қабағында, інісінің бірдене деп жатқанын құлағы шалып еді. Бірақ қызмет уақыты жақындап қап елемей кеткен. Енді өзінің де есіне түсті:

— Бәсе, немене сол? Не былшылдап жатты таңертең!— дегенде, Жәмила қайта отырып:

— Анау үйдегілерге болысып, солардың сөзін сөйлеген болады. Солардың көзінше маған тіпті бұртаң-бұртаң етіп ашуланғансыды.— Қасен ашулана бастап сызданы:

— Е, сенде не ақысы бар оның? Қайдан тапқан ол өнерді?

— Қайдан білейін... кісімсіп кетіпті тіпті. «Өздерін неменесің» деп сөйлейді... сөзінің бәрін.

Қасен осыған ұқсаған мінездердің белгілерін биыл інісінен әр жерде сезінкіреген сияқты еді. Енді айналадағы бұған бөтен дүние бұның үй ішіне де қолып сөзбақты... Сол Сәлім пішінінде сынышы боп, қатайып өсіп келеді... Бұрынғы үлгіше үлкен аға боп өсиет айтып:

— Бір үйдің інісі, бір әкең баласы боп, әсіресе жалғасын, сөйтөсіп әралуан жолмен жүрсек те, бір ниетте қызмет етейік!— деген сияқты сөздің бәрін айта-айта тауысқан.

Сәлім үндемейді де, өзінше қиқып, басқа боп қашандан өсіп барады.. Енді бұны қарашы міне...

— Қалжырамасын білдің бе? Айдап тастармын он-

дай сөзін қоймаса... Қара мұны мойным мініп отырып, енді менің сыншым болғышын. Ауызға ұрып жібер өйтетін болса!

— Өзіңіз де айтып қойыңыз... Өзіндей оқудағы жігіттер осы талай нәрсе табады. Бұрын бірде-бір септігі тимейді. Бір нәрсені сен де мектебіңнен әжеп бер десем, өре тұра келеді.

— Адыра қал, белсенді, таза комсомол ғой...

— Мен дүниеқор емеспін дейді. Ауыздағыны жырып беріп отырған біз дүниеқорымыз боппыз. «Стипендия береді мектеп, сонан басқаны алуға қажым жоқ... Оқын жүріп одан басқаны аларлық ембек істегенім жоқ!»— дейді.

— Жақашылың бұны... Тапқан адамшылығым сол дейді ғой. Тұра тұрсын мен көрейін оны...

Жәмילה бұған ырза болды... Шамасы келсе күйеуін бүгін тәуір тамақпен ырза қылмақ ниетті ойлап еді, бірақ ет жоқ...

— Бірдеңе азық табылатын жер бар ма екен, білдіңіз бе?

Қасем де Жәмילה ойының бетін ұрық.

— Үндеме! Бірдененің басы қайырылатын түрі бар. Кейін айтам. Ана нәрсені алып көр!— деп қағазына қарады.

Жәмילה Қрайсомозға беттен жөнеліп кетті.

Қасем бірден-саран қағазды енді қолына алып, асты-үстің аударып қарап, оқи қоймай, көзімен ғана жортын еді, қасына Семенов келді...

Ол — партиячейка хатшысы. Қасем біледі. Қымтанып, ішіміл түске міле қойып қамданып алды.

Семенов Қасемнің қасына отыра бере:

— Жолдас Жарасбаев та және партиячейка да біздегі коренизация ісін өнімсіз деп табады... Істеріңіз қалай? Не белгілегеніңіз бар?

Қасем күрсініп ап, қысылып жүрген кісі боп:

— Біз осыны барды салып-ақ ойланып отырмыз. Қрайком қаулысы анау! Алпаратимыздың әлі тым құрмаса 10 проценті қазақыланбай жатқаны мынау. Тіпті нанды босқа жеп отырғандаймыз, жолдас Семенов... Коренизацияға, өзгені айтсаң та, тіпті мен бюрократна қарай алмаймын ғой... Біз қазақтан шыққан кеңес қызметкері... Шын пейілімен жұмыс ететін, мал үшін емес

ар үшін қызмет ететін адамдар олай қарау мүмкін емес қой.

— Иә, әрине, тиімдісін айтыңыз. Дәл істі айтсаңызшы...

Қасен жөткеріп жөнделе беріп:

— Иә, иә, әрине!— дей беріп терезеге қарады... Үлкен Алматы биігі сыздана қарап тұр... «Жорт, жорта тұр!» дегендей.

— Иә, әрине іс керек. Бірақ білесің бе, жолдас Семенов? Біздің партия, үкіметтің өзі де біледі... Қазақ қызметкері, әсіресе кеңседе дұрыстап істей аларлық үлкен қызметкер табылуы өте қиын,

— Төменнен тарту керек. Үйрету керек. Аз уақытта маманданады. Тіпті боямаса бухгалтерліктің, ұйымдастырушының, аздаған мамандықтың курстары бар, соларға кісі жіберіп оқыту керек. Орыс қызметкерлеріне қазақ тілін білуді шарт ету керек. Араларында тіл оқу жұмысын ретке бастырсын. Ол өз міндеттері, бірақ соны істеуді де сіз бақылауыңыз керек... Осылардан не істедіңіз?

Қасен басында сасыңқырап қалып еді. Өйткені жаңағыдай жасты алып оқытып, төменнен өсіру сияқты істер мұның ойламаған шаралары. Бірақ бір ырғалып оналып ап, міз бақпастан:

— Осы айтқаныңыздың бәрі біздің белгілеп отырған шарамыз. Тіпті партиячейканың ойына да жақсы келген екен... Бірақ бұл күнге дейін жәрдемшім болмады, білесіз. Енді партия жәрдемдесе, әрине... Енді тырысып көрейік.

— Бұл шараларға сіз әлдеқашан кіріскен болуыңыз керек?

— Енді, жолдас Семенов, осыдан былай біз де партияны үнемі құлақтандырып, білдіріп тұрайық деп, өзім де бүгін сізге барғалы отыр ем.

— Сонда істеген шараңыз қайсы?

— Әзірше бір жағына маман қазақ дайындау ниетіндеміз ғой. Сондықтан...— деп жөткіріп ап,— он студентке стипендия... тағы төрт студентке стипендия...

— Ол белгілі, ол Жарасбаев жолдастың қатысуымен істелген.

— Иә, иә,— деп бұлдырата,— рас, жолдас Жарасбаев біледі,— деп сонда да өз жағына ойыстыра кеп.— одап бері де жергілікті облыстық аппараттарға кісілер ұсынып отырмыз. Осы араға да бірен-сарандап алған болып жа-

тырмыз. Енді партияның беті бұл мәселеде ашық... Іс болады. Бірақ осы жөнде барымызды салып бірімізге біріміз жәрдемдесіп партияның тапсыруын орындаймыз.

Семенов сөздің бұл түрін қысқартпақ болып:

— Жолдас, енді бұл күнге шейінгінің бәрі бос сөз болған. Қай жолмен қандай шара істемек боласыз, сол туралы нақ тұрақты жоспар жасаңыз. Екінші әрбір он күнде осы жөнінде, барлық істеп келе жатқан ісіңіз жөнінде бізді де хабарландырып тұрыңыз!— деп жүріп жетті. Қасен қалбалақтап:

— Күп-күп... Пәлі, тіпті жақсы болды мұныңыз.. Жақсы!— деп Семенов бөлмеден кеткенше алғыс айтып, дән ырза болған кісі боп қалды.

Сәлім таңертең Жәмиламен қағысқаннан кейін сабаққа — вузға кеткен еді. Күндегі сабақ бар, комсомол ячейкасының нағрузкесі, профком тапсырмалары бар — соның бәрі бұның уақытын лық толтыратын. Коридорда, сабақ-сабақ арасында, столовойда, кешкі жиылыстар арасында немесе студенттер общежитиесінде бітіп, тынып қалатын міндеттері де болады.

Дені сау, қайраты. екпіні мол. Жалғыз-ақ ұйқысы қанып тұрса болды. Пенжекте желбегей салып, шашын бұдырата сілкіп тастап айнымайтын, аумайтын көңілді пішінмен істерін істейді. Ісі бар, сөзі бар адамдарды кез келген жерде ұстап алып, біріне жұмыс тапсырып, біріне жөн үйретіп, біреуімен дауласып қалып, елгезек қажымас, қайтпас шабушының міндетін ада қылады.

Бүгінгі күн де сондай тынымсыз, сансыз көп міндеттің күні еді. Қажыдым демес еді. Бірақ уақыт, уақыттың қалығы, еңбек күнінің шолақтығы қажытады. Арасында сабақ.

Осындайдың бәрінің ортасында жүріп үйдегі тұрмысы, аға-жеңгесі және ана қырдан келген туыстарының халі, мінездері дегеннің бәрі бұны бүгінге шейін көп шұғылдандырмап еді.

Кеш келеді... Төсегінің қасына орындық әкеп соған лампаны қойып, ауыз үйде кітап оқиды. Күндіз болса сабақ бітісімен столовойдан тамақ ішіп, вуз айналасында жүріп қалады... Кейде общежитиедегі жолдастарға да қона кетеді.

Бірақ Сәлім енді бала емес. Өзі менгеріп жүрген іс-

тердің ішінде талғй үлкеннің қолынан келмейтін қызы-
лары да бар.

Ол әлі кеңседе істеп көрген жоқ. Бірақ кеңсеге керек
ұйыстырғыштық ісшілдік, екпінмен өсіп кететін тапқыш-
тық бәрі де бұнда көп. Әсіресе осының бәрінің үстіне өз-
өзіне сену күшті. Қай нәрсені алса да жалтақтамай, ір-
кілмей маңдайымен жара қимылдайды, батыл кіріседі.
Өз ішінен: кеңседе істеп көрмесе де бір бюрократтан
кем істемеймін деген сенімі ілесе жүреді.

Қырдағы аға-жеңгелері келгелі он бес күндей болып
еді. Оларды шақыртып қасына алдырудан Қасен қаңқа-
лақтаған-ды. Бірақ Сәлім алыста жатқан ауру-сырқау
жайларын ұғып, Қасеннен адресстерін ептеп алып, хат
жазып жіберген. «Келіндер, бірге көреміз» деген. Олар-
ды бұл жете білмейді. Бірақ балалық күнінен шалалау
сақталып қалған бір елес — аға-жеңгесі Қасеннен қатты
қаймығатын. Сонымен бірге оны төбелеріне көтере күте-
тін. Жүрісін, тірлігін медеу қылатын. Елге Қасендер кел-
леді десе алдын ала:

— Қасен, Қасен, төрем... Төрем келді,— десін ауыл,
ауданға да мақтан ететін... Сол аға-жеңгенің қолында
қырда өскен Сәлім он, он бір жасына шейін Қасенді ана-
лардан да бетер аспандата, сағымдандыра түсінетін.

Өзгеде жоқ аға, ерекше аға бұнда бар. Ол Сәлімді
оқытады, өзге бала көрмегенді бұл көреді... Ағасы ел
ішінің үлкендеріне бай-бәйбіше, үлкен қарияларына
құрметті аға.

Қатын-қалаш арасында Жәмила да бір ертегі бола-
тын. Киімі бөлек, қалпы басқа... Қызықтырады. Бірақ
құлаш жетпес алыста. Әншейінде ауылда көңің бірі боп,
құба төбел боп жүретін аға-жеңгесі, Қасендер келгенде
қоқиланып, айбаттанып кететін.

Қасеннің елге келуі жырдай еді... Сәлім басында осы-
ның шұғыласына мас болумен өсті. Ағасының қасына
отырып, қыдырей жанына еріп, немесе көңің көзінше
кейде Жәмиланың алдына отырып та қалады... Сынамай-
тын, талғамайтын күнінде бұл жайлар Сәлімнің еркін
алған хал болатын.

Содай алғаш қалаға кел өкі бастағанда да, талғй
жылдар Қасеннің ығында жүрді. Сынап қарап көрген
емес. Міні бар шығар деп әсіресе ойламаған. Осыдан екі
жыл бұрынға шейін болған күні осылай еді.

Сол бұрынғы тексермеген, сынамаған балалық түсі-

діктерінің көбіне соңғы екі жыл жарықшақ кіргізе бастады. Екі жылда да Сәлім ағасыныңкіде емес, общежитиеде тұрған. Сол уақытта вуздың екі жылдық сабағын оқыды. Биыл үшіншіге шықпақ.

Қыс оқуда, жаз колхоз, совхозда практикада болып жүрді. Мамандық білімін ауылдағы көп жаңалықпен байланыстырып, тәжірибемен өсті. Ағасыныңкіне екі жыл ішінде ұзағырақ көп тұрғаны осы соңғы бір ай еді. Жазға салым общежитиенің отыны азайып, тұрмыс қиындап, оқуға бөгет шыққан соң келген еді.

Және ертерек кездегі балалық шағының естегілері де бұрынғы өскі ұясы сияқты болған орынға тартқан-ды.

Бұл бір уақытша, өзіне есең бермей бой ұра кеткен сезім. Бірақ осы соңғы бір ай, әсіресе қырдағы үлкен аға мен жеңге келгеннен бергі он бес күн Сәлімге Қасен мен Жәмиланы шындап таныта бастаған.

Бүгін таңертеңгі оқиға сияқтылар осының алдында да бір-екі рет болып өткен. Әрқайсысының кезінде Сәлім: «не болған өздеріңе?» деген сияқты бір қалыпты сұрақ қоятын.

Онысы Жәмिलाға әншейін бір күңкіл есепті, оны да Қасенді де ойландырмайды. Ежеуіне де дарымайды. Бірақ Сәлімнің өзі үшін осы болымсыз сұрау емес. Күннен күнге ішінде өсіп, ұлғайып, кернеп келе жатқан сұрау. Көбінесе сыртына шығарылып айтылумен қатар, өз ішіне, өз-өзіне берген сұрау да сияқты.

Плитадан құлаған табақ жайы емес. Сондай боп құлап күйреп бара жатқан «аға-жеңге» дүниесіне, ескінің дүниесіне қарап тұрып, еті тіксініп, жатырқап тұрып берген сұрақ. Сәлім үшін алыста қалған, жат, мағнасыз, нәрсіз күйкі бір дүние бар тәрізді.

Сондықтан да бүгінгі қақтығу оған, үй ішінің ғана жыбыры емес. Екі бетке шығып қалған, екі жағаның адамының көзқарастары сияқты.

Қасен жеткеннің артынан, көп кешікпей вузға қарай Сәлім де кетті. Бірақ бүгінгі көңілінде жол бойы ескеріп қарауында алдынан ылғи ағасы Қасен көлденеңдейді де тұрады.

Еріксіз соны тексеріп, сынап өтті. Енді бұрынғы балалық сағымның бәрі кеткен. Көз алдында Қасен біртіндеп-біртіндеп тонала бастады.

— Оқыған десем... бұрын білгіш көрсем... Жаңылыс Ешбір жайдан бірде-бір іргелі тұтас білімі жоқ. Оның

үстіне ешуақытта кітап қарастырмайды. Ілгері баспаса, кейін кетпекші емес пе еді? Онан соң Маркс, Ленин жүйесін, диалектиканы оқып па? Ол кездегі оқуда бұлар жоқ. Оны бүгін ғана білуге болады... Ол, жүйе жөніндегі надандығы. Және тіпті жалғыз жүйе ме екен?

Бұрын «атакты,— көпшіл, қамқор, ақ жүрек» деген бірдеме-бірдеме сөздер Сәлімнің есіне түсті. Осыны елде Қасенді жағалаған атқамінерлер айтатын еді. Үзік-үзігі есінде қапты.

— Е, бұрын кім үшін, не жайда атакты болдың?.. Мәлім! А, қазір атакты деген ат үйлессе — атакты врач қанамысың? Бұрын аға-жеңге, іні, немере... Ауыл айналаға да боса «жақсы кісі» атанам деген талабы бар сияқты еді. Бүгінде плита мен қазан-ошақ. Індегі суыр!.. Қарақан қара бастың, жаман құлқынның «санашылы». Айналаның ұлы жаңалық, алып туындыларының бәріне таңертеңгі шай, түстегі тамақ, сатып алған табақ, чулки, бұйым тұрғысынан қарайсың... Осының бірде-бірі туралы наразы болсаң, астау тепкілейсің, ә? Социализмді қауғап-сілейсің!

Басқан сайын өз сыны дөп тиіп жатқанын сезді. Әрбір талдауы Қасен мен Жәмиланы жаныштап, ұрып жатқан сияқты.

Ызалана ойланады, аяғы шапшаң басылып кетіпті, жұдырығы түйілген, қабағы да түксіңкіреп қалыпты.

Жалғыз Қасендер емес... Бұл өзінің де кейбір артқы күнін шенеу... Осы күнге шейін сынамай, талғамай, әлденеден — «тәуір еді-ау» деп жүрген балалық дәуірі, Қасеннің ығында өткен дәуірі бар емес пе? Соның жылтырауық қабығын енді өз қолымен сындырып, аямай лақтырып келе жатыр...

...Жылтырауық қабық бөрі дел.. Оның аржағы, шыны, дарашылдық... Мещандық. Ескі дүниенің «социализм құрылысына қарсы бол!» — деп тастап кеткен құнсыз қайшылығы.

— Соншалық құнсыз болғаның сондай жақсы болар ма қайта? Сені көріп «қимайтын ескім мынау ма?» деу үшін. «Сол күнгі тарихың, кісің осы ма?» — деп нұсқап көрсетіп, жиреніп торығу үшін де болса керек шығарсың, сен әлдел..

— «Ей, калшы арман!».. — деп қолын сілтеп қалды... Вузға жеткен екен. Қолындағы тезистері есіне түсті.

Бүгін физматтың балаларымен полит бой!¹

Рас, осы ойлардың қазіргі мәселе үшін керекі не бол қалар. Адам санасын қайта түзету... Жаңғырту. Қалдықтармен алысу. Тұра тұр.

Он үшінші аудиторияға келді.

Екі топ та жиналған екен. Бір топтың мықтап сенген комсомолының бірі — Сәлім.

Мәжіліс басталды, мәселе жазулы тұр. Тақырып та, сұрақтары да тіркелген. Қызылға бояп, үлкен жазумен айқындатып қойған тақырып: «Біздің партияның ұйымдастыру негізіндегі жаңалықтар»,— дейді.

Сұрақтарға алғаш жауап беріп өтетін физмат тобы. Орталарына ең әуелі Сәлімнің өзі құрбылас бір комсомол шықты. Ұзын қара шашын ортасынан жара қайырған. Ашаң сұрғылт жүзі бар. Өзіне өзі сене сөйлейді, тақырыптың негізгі мәселесі етіп — «политотдел» жайын баян етеді...

Кездескен екі топтың оқушылары қағаз-қарындаштарының қолына алып, кейбірі қысқа-қысқа белгілер жасайды. Тегіс зор ықыласпен тындайды. Бәсеке жарыс емес. Қызба-таластың да ажары емес. Білмек, ұғынбақ, көптеп отырып, тереңдеп түсінбек, ғылымның көп инесімен құдық қазбақ.

Алғашқы студенттің артынан сол топтың екінші, үшінші адамдары шықты. Бірінің бірі кемдіктерін толтырды...

Сұраққа кезек берілді. Сәлім сұрақ берген жоқ... жолдастар негізінде көп қателескен жоқ. Бірақ оқығандары көп нәрсе емес. Молырақ, тереңірек әзірлене алмаған. Сондықтан әрбір негізгі жайларды қорытып тұжырып айтқан жерлерінде тиімді дәл қып тұжыра алмайды. Астын-үстін кете береді. Кейде шұбалаң, ұғымсыздау. Кейде тым шолақ, жеткіліксіз.

Өз тобының кейбірі «полит бой» дегеннің сыртқы түріне бой ұрып, аналардың жаңағыдай олқылықтарына күліңкіреп, кіжініңкірей түскені байқалып еді... Қасында отырған біреуіне Сәлім:

— Бұл маңызды оқу деп біл... Балуан күрестіріп отырғамыз жоқ,— деп қойды...

Сұрақтардың ішінде бұлар тобының бір баласы:

— Политотдел күшті ме, райком күшті ме?— деген

¹ Полит бой — саяси айтыс (ред.).

бір сөзді сұққанда, бұл уақытқа шейін салмақпен томсарып отырған топ ду күлді. Алғашқы баяндамашы күле тұра жауап бермек болып еді, бірақ жауабы: шын сол күштілік, салмақтарын салыстыру бетімен кетті. Мәжіліс тәртібі бұзылып, әр жерден жапыр-жұпыр сөз шығып сұрақ беруші, бірен-саран дау айтушылар да болып қалды.

Алғашқыны екінші, одан үшінші жолдастар түзейміз деп кірісті. Бәрі де репликаге жауап беріп немесе алғашқының бетімен кетіп мәселе жаңылыс түсініктерге қарай шалқыды.

Осы кезде Сәлім сөз сұрап ап:

— Жолдастар, олай емес — дегенде екі жақ та қайта тынды. — Сұрақты қайсысы күшті деп қоя да қате... Оған: анау әлсіз, мынау күшті деп жауап беру де теріс... Бұл болыс — күшті ме, би күшті ме деген есепті. Екеуін екі бөлек жақ қып түсінуге болмайды. Бұл екеуі менің ойымша диалектикалық бірлікте; — деп сол пікірін бір дәлелдеді.

Екі топ та осының алдында азғана ала жарқын болған қалпынан кезіп, бұрынғы ісшіл-ынтымақты, тізелес топтың күйіп қайта тапты.

Содан әрі Сәлім баяндамаларға сын бере отырып: «политотделді» партияның ұйымның неге жасағанын толықтырын айтып кетті. Тыңдаушылар аздан соң, тауып айтқан жерлеріне, тиімді пікірлеріне сүйсініп күліп, жадырап қап отыратын бөлді. Бара-бара екі топ екенін де, жігін де ұмытқандай болды.

Сәлім оқып зерттеп аяған мәліметтерін түгелдеп кеп ең аяғында: «Политотделдің тағы бір зор міндеті — ауыл мен қала арасындағы айырмашылықты жою еді ғой. Соны жойғанда салт-сана, мәдени жолдағы тәрбиені өсіріп отырып, адам санасындағы ескі қалдықтарды құрту. Ол қалдықтар қалада бір көп болса, ауыл-поселкеде онан да көп, онан да әрі неше алуан.

Партияның тартуға алатын үлкен ауыр участогы ауыл түсініктері. Соны сол анау алыс көмбеден тартатын міндетті, сенімді тартушының бірі осы «политотдел» болу керек деп білем мен!» — деді.

Сәлім пікірлері, сөздері ішкі қалпымен, сыртқы түрімен де тояққа әсерлі, көрінекті боп сезілді. Жынылыс тарап, жолдастарымен сөйлесіп шығып келе жатқанда, сөз арасында Сәлім:

— Бағанарыны толық пайдалана алмадым-ау... Керек еді-ау! — деп іштей есіне алып өтті.

Түс ауа Жәмила үйге қайтты. Күн ыстық, көше шап, пәтері қала ортасынан қашық, шетке жақын. Таңертеңнен сарп ұрып базарда, ширет-ширетте қақтығып жүріп қажыған. Оның үстіне Қасеннің запискасымен Крайсоюзге барып, күні бойы зарығып Сәлменовты күтті. Барған кезі он екі шамасы еді. Бірен-саран кісідем сұрағанда: «баоқарманың жиылысы», «сонда отыр» деген. Онда жиылыстың ұзақтау болатынын Жәмила қайдан білсін. Көріп, жолығып кетпек боп, тұрып қалды. Жиылыс созыла берді... Бір сағат, бір жарым сағат өтті. Тастап кетейін десе, бір-ақ есіктің аржағында жап-жақын жерде Сәлменов отыр. Бере ме, бермей ме? Бірақ қалайда ол бір мүмкіншілік. Шолки, трикотаж ала қалса, ол да бір кіріс. Қызмет қылмайды. Табар табысы жоқ. Үй іші боп кінну, ішіп-жеу, тұрмысын дұрыстау жалғыз Қасеннің ғана міндеті емес. Жәмила да бірдеме тауып, оны-мұны кіргізу керек. Өзінде аяққа оралар бала жоқ. Сондықтан әр күні осындайдан, не ширеттен, не базардан бірер бұйым, бірер азық тауып қайтса тыныштықты сонда ғана алатын.

Күйеуінде кеңседен алатын жалақыдан басқа сырт табыс жоқ. Әр кезде ақша аздығы да арқаларына бөта жүреді. Сол себепті үй ішінде пұл жағы тиынға шейін санаулы. Бар нәрсесі де есеп. Жиынып-терініп кеп андасанда амалсыз керек болған бір нәрсені, айында бірлі-жарымды ғана ала алады. Мысалы, бағана плитадан құлаған үлкен табақ, әттең соның күйігі-ай! Бұл халдер Жәмиланы ширеттен-ширетке, кеңседен-кеңсеге, таныстан-танысқа айдайтын қуғыншының бірі. Үйіп-жұлып алып қалу. Қасен есеуінің тілінше: «орайын қағыстыру». Сонымен Сәлменов сияқтыларды айналдырып, жабыса, жалына тілек қылып, арзанға алып қалу — Жәмила қарекетінің ең зоры.

Бұл есепке ол әбден ысылған. Кейде кеңседен емініп алып, ертеңінде базарға ұстап бағалы етіп сатуға болады. «Орайын қағыстыру, есебін табу» жөнінде, тегінде Жәмила да, Қасен де ұяла қоймайтын болған.

Кей күндері екі жерде екі нәрсенің орайы иеп қалып ширет бөгейтін болғанда, Жәмила ширетте тұрған өзге қатып-қалаштын шарай тобын алдап, жақауратып, ұрланып, ширетсіз кіріп кетуді де талап етеді. Бұнысы кейде

Іске асқанмен, кейде ұсталып қалса, артисше байқамаған, білмеген, тіл ұқпаған надан меңіреу бола қалып құбылуды ойлайды. Кей ширетте омырау, қара құрық керек. Біреуді біреу баспалап, итермелеп, сығылысып қақтығып жатады. Жәмила ондайда қақас қалып, еседен айрыла қоймайды. Өтірік айтып, ұятсыздық қылса да тырмысып, тіс-тырнағымен жабысып көреді. Сондай-сондай мінездері көптің көзіне түсіп қалып, тентектігі білініп, екі-үш ширетте жұдырық жеп қалғаны да бар.

Әсіресе бір ұйғыр әйелінің бұны көпке әйгілеп, кінәлап алып, шуылдап боқтап, ұрсып жатқан көп қатынның көзінше кеудеден «ыңқ» дегізіп бір ұрғаны әлі есінен кетпейді... Бірақ оған шыдап, оған көнбесе, тамар жоқ. Өздігінен дүние келе ме? Осымен кейде алдайды да, кейде қымқырып ұрлап жібереді. Кейде ұялатын жерде ұяла алмай, жуан мойынмен көтере кетіп, қайта оңалып алады. Тағы сондайын істейді... Бұл жөнде Қасен екеуі үдемей ұғысады. Үндесетін де немене бар? Бір тілек — бір білек. Қас-қабак, ыңғай-шырай осындайда ұғыстырмаса неме керек? Қысқасы Жәмилада жаңағы күйлер — соңғы жылдардың моралі, мінезі болған. Нәтижеде «болыр бір фәрэдән, юз фәрэдэ бнжайді» көрсен енді көрер ең...

— Үйде обед те дайын емес... Япыр-ау, шықпады-ау... Тоссам ба, тоспасам ба?.. Тоспасам шолки, флатие... құрғыр-ай түге... Не ғып қадалып қалып еді...— Бәрібір кете алмады.

Ақыры Жәмиланы сарғайта-сарғайта кеп бір заманда шыққан еді Сәлменов. Бірақ шыққаны бар босын. Амайдасқан, жәй-күйін сұрастырған, қалжақтаған боп келіп, Сәлменов:

— Әлі баға қойылған жоқ. Өзім хабар етейіні!— деді...

Жәмила қынжылып:

— Апыр-ай, сонша күтіп ем... Бір есебін табарсыз деп ем?— деп қадалып көріп еді. Сәлменов кете беріп:

— Шын айтам, өзір ешкімге де сатылмайды!— деп тұжыра жөнелді... Жәмила артында қала беріп ең соңғы рет:

— Осыдан құр қалдырсаңыз енді қиын-ақ...

— Жарар... жарар!

Сонда да ұзап қалған Сәлменовты қуалап айтқан сөзі:

— Ең болмаса Рахилаға алған сыбағаңыздың жарымын!— деп қала берді. Анау үндеген жоқ. Үйге келе жатып шаршап, шалдығып Алматының көшесі мен пәтердің алыстығын қарғап-сілейді... Тізесі бүгіліп, кеудесі еңкіштегі өрге таман асыға басып келе жатқанда аяғы біресе қалың майда топыраққа бұрқ беріп кіріп кетеді. Немесе тас жайған жердің шодырайып тұрған шошақ тасына қақтығып кетеді. Желіп келе жатып томашаға сүрінген арық аттай тапыр-тұпыр етіп күрс беріп, жығылуға айналып қалады. Жұлын тұтасы үзіліп кете жаздағандай болады.

— Ой, адыра қал, адыра қалғыр қу немесі!— деп әлденеге кіжініп, тістеніп ап, зәрін шашады. Маңдайынан өткен ыстық күнді де қарғайды. Сонымен күйіне-бүліне үйге жетті. Қызметтен қайтқан Қасен теріс қарап бүктүсіп, ас күтіп жатыр. Үйге келгенде ол ауыз үйден сыздавып, қабағын қарс жауып түйіліп өткен. Аға-жеңге үйді сыпырып, тазалап, күйбең-күйбең бірдеме істеген боп жүр екен. Олармен сөйлескен жоқ. Барлығын сезбей, елемей өтті. Жәмила келгенде аға-жеңге жалтаң етіп, пішініне қарап жіберіп, именген көздерін қайта төмен салып еді.

Келін түйіліп томсарып жүріп примус жақты. Қайнаға таңертең келіннен есіткен қатаң сөздерді амалсыздан жұтып, бойына сіңірген еді.

Енді ұрысқан кісідей үнемі түнеріп отырудың бабын таба алмады. Дәнекер де, тетіктің бәрі де келін қолында көрінді. Ол тағы бар.

Қасен болса бұлар келгенде алғашқы күн біраз сөйлескен болды да, артынан әңгімелесуді де қойды. Соңғы он күн ішінде бір ауыз жауап та қатқан жоқ. Сонымен келіннен жылырақ шырай күткен дәмемен:

— Қарағым, келін,— деп жанынан бағанағы табақтың сынғандарын алып шығып,— мен мына табақты әлі де іске жарайды деп тұрмын... Өзі үш-ақ бөлінген екен. Міне қыбы мынау,— деп Жәмиланың түсіне қарады. Жәмила ескі жарасын еске алып, тұтанып тұр екен.

— Өзің ертен біраз ақша берсең, мен өзім базарға апарып, бір-екі жерден мыс шегемен ұстаттыра қойсам деп...

— Енді алдап-сулап ақша қағыстырайын дедіндер ме?— деп теріс айналып өз-өзіне сөйлеген боп тұлан тұтып жүріп Жәмила:

— Сәлдейлер бес тиындық нәрсені он тиын деп, арасынан пайла қалыстырады. Ендігі ойлаған есептерін соғой... Жамырап жемеген күнің болушы ма едік түре! — деп есікті тәрс еткі іп жуып, шыға жөнелді. Қарсы алдынан дәл осы кезде Сәлім кіріп келе жатыр еді. Ол амырап, көз беріп тұрып, Жәмила шыққан сөк үйге кірді.

Түсі жамырап жайнаған, ашық. Қалың есік көпірді күнде, Бәйбіше бойы Алашқараны көктем күні таңғатқа орманға бір үйеініп тамашалай келіп еді.

Жәмила сау денесі бұлбұл анық шағырмалы күнге де еміренеді. Әлі шаң баспаған, ашық жасыл түске боялған ұсақ, жас жалыраққа да түшіркенейді. Зәулім биік еулу теректерді өрдей бітіп, жамырап қаулаған ұыз жалырақтар көше бойына қарағанда тіп-тіп жапырақ жардай. Миуалы жасыл таудай көрінгені... Негізін сұлулық. Аяқ астында, басы қарлы биіктерден аққан мұздыр сулы тас бұлақтар ойнайды. Арнық емес, акын айтып мұз бұлақ. Еріксіз күйге, жырға тартады. Өрік, алма, сирень ағаштарының ерте шыққан, ақ түсті ақшыл, қызылт түсті-көкшіл-қызылт түсті гүлдері көрініп қалады. Кейбір түптерде, саяда отырып үзілсе ширатып сыңғырлап толғап қалған бұлбұл үндері жара жөнеледі.

— Қалай бүгін көктем?.. Өзгенікі емес, анық даусыз біздің көктем! — деп Сәлім бір омырау екпін, ағын сезеді...

Жүргініні аз, шаңсыз көшемен келе жатып кеудесі толғанша дем тартады... Неше алуан әдемі нәрсенің жібек талдай ағымдары үзіле-үзіле келіп ішіне енеді. Осындай күймен көп есікті ашып жібергенде, алдынан тандартені Жәмила тағы атқуылдай пықты. Төре қарай баса беріп үлкен жемгесіне қарап:

— Жемеше, немене, әлі қоймай жүр ме? — деді.

— Қалжам, кенжем, тіліңді тындаушы ма еді! Жәмидаға қой десеңші, әдейі ме? — дегенде күйеуі бұның сөзін бөліп:

— Мына табақты жамауға болады ғой... Ақша берсең жаматайың деп едім... Мені ақша ұрламақсың дейді! — деп басын шайқап күрсінді. — Бөтеннен де естимен деген сөзім емес еді! Өз туған келінімнен... алақанға сая аялаған Жәмиладан, амалың бар ма?..

— Туған келің, нешегі мына кенжемнен, төрелінен бөтер көрген балам, бауырым деген Жәмида! — деп жемге кемсендеп жылап жіберіп, көзін жеңімен сүрте оты-

рип,— құрып қал дейді, ұры дейді. Мені былай қойшы, сақалды басымен мынаған..

Сәлім бұл екеуінің халін ұғып, жайларын түсінді. Түсінеді, бірақ бұл бір орыннан тіпті тартылмаған, қаймағы бұзылмаған жабайы дүние... Өткен ғасыр... Сәлімге жаласы жоқ. Бұнымен бір ортаға жоқ, алыс ескілік.

— Сіздер әлі баяғының соңында. Ол орыннан жұртың бәрі кеткен... Қайда кеткенін өздері білжесе де, бұлар да!— деп төргі уй жақты көрсетіп,— әлдеқайда өзге болған. Ә, сіздер баяғыны айтасың...

Ана екеуі түсінген жоқ... Аға, Сәлімге қарай еңбектеп сыбыр араластыра сөйлеп.

— Сәлім, жәніа түсіндірші. Әлде ақша, тамағы жоқ па емес? Азғана асына ортақ болып, жұттай тиіп отыр ма екенің? Жөндөрің айтпайды. Тіл қатпайды... Сөл шығар әлде?

— Жоқ, ол емес, екеуден екеуі, пәктері жақсы. Запастары мол... Бос жылана береді,— деп Сәлім нығап сөйлеп,— сендердің маңайлағандарыңды сүймейді. Тамақтарынан бөліп тастап, осы ауыз үйге ішкізін отырғаны бейілінің дұрыстығынан деймісің?

— Рас... рас!— деп, аға басын изей бергенде Жәмила қайта кірді. Мынау тына қойды. Бірақ Жәмила бұрынғысынша әлі тұтанып жүр екен.

— Жұмыс қылуға жарайды... Іздегендері ку құлқыны ғой. Неге еңбегіне жалынбайды... Тағы кел масыл боп, жұттай қысып...— дегенде Сәлім мырс беріп, мысқылдай күлді;

— Немесе, Жәмила? Ауырлап жүрсіндер, батып жүр, ә?

Жәмила ереуілдей қоя берді.

— Ал, не, батып жүр. Не демек боласың?..

— Тамағыма ортақ болды... Шығыңға батырлық дейсің, солай ма?

— Солай дегенде қайтесіңі ең? Біз емөй осы шығындап отырған шығарсың.

— Қалай құтылудың жөгалы табылады дейсің, солай емес пе?— дегенде Жәмила шатыршап ашуланып айғаймен сөйлен:

— Тәйт сандалмай, сен менің сымшым боп шығарсың ғой, жетіскен немемсің!

— Қандай азғансың, қандай кіп-кіпкете боп, ұсақ боп кеткенсіңдер?

— Сын сенің не теңің? Қолыңнан бірдеңе келсе сынасаңшы! Өзің масыл боп отырып.

— Қой, олай деме, масыл емеспін саған!

— Масыл емеспін? Ендеше неге кеп жүрсің?

— Сенің бірдемеңмен пайдалану енді маған ар, білесің бе?

— Ойбай, жетіліпті ғой!— дей бергенде төргі үйден Қасен атып шықты. Қанын ішіне тартып ежірейіп алған, Сәлімге тіксініп:

— Сен не сандырақтап жүрсің әй, осы кісімсіп?

— Мен сандырақтаудан аманмын. Біз сандырақтамаймыз, тегінде жөнді айтамыз!— деп салмақпен жауап беріп ағасына қарады. Қымсыну жоқ, үлкен нығыз сабыр бар бойында, тең көрмегендей... Қасен осыны түсініп бірқатар үн қата алмай, қалшылдап, көзін алартып тұрып, аяғында жұлқынып жұдырығын түйіп қап, сөз таба алмай тұтығып:

— Үйтетін болсаң, аулақ кет менен!— деді. Әншейінде өзге жерде шығара алмайтын ызасы қазірде барынша сыртқа қарай керней жөнеліп еді.

Сәлім түк селт етпей:

— Тіпті жақсы, мен өзім де кеткелі отырмын... Бірге болуым өзі де мүмкін емес!..— Қасен бұрынғысынан да болығып сөз таба алмай:

— Мойныма мініп отырып!— деді.

Сонда Сәлім атып тұрып:

— Өтірік! Жәмила айтсын оны. Тым болмаса сен айтпасаңшы. Бұ күнде сендердің есең кетіп отырған жоқ менде... Жалған айтпа. Бірақ бітті, болды енді. Ақымақ болған мен!— деп қайтадан сабырлы салқын күйіне кеп,— бірақ жақсы болды енді бұл... Таныдым бәрін де!— деп төсегін жинастыра бастады.

Қасен ішінен:

— Мынау қайтейін деп жүрі!— деп енді есі кіріп қорқақтай бастағанда, бағанадан ыңғайсызданып отырған аға:

— Қарақтарым, қойсаңдаршы, бір ата-ананың баласы едік қой,— дей бергенде Сәлім:

— Сөз шығын қылмаңыз... бітті... Халас!— деп кепкесін басына киіп алды. Менсінбеу Қасенді қайта қоздырды. «Өлсем де енді бәлем-ай» дегендей.

— Алған тәрбие-тәлімің... Болдым-жеттім деген адамшылығың осы ғой! Құнсыз!

— Тәрбие-тәлімге соқтықпа. Ол сіздің бойыңыздан жоғарырақ!— деп, Сәлім сұрланып қатайып алды...

Қасен өз ішінде інісіне арналған терең түкпірдің жаулығын, қарсылығын сезді. Енді оған біз сұққандай бірдеме айтпак, істемек боп қарманып еді, көңіліне бір ой жарқ ете түсті. Қайтадан тепсініп:

— Жетілген, асқан неме екесің ғой, ендеше...— деп сұқ қолымен аға-жеңгесін нұсқап тұрып,— ендеше алып кет мыналарды менен... Мен жақсы туысқан болмай-ақ қоям ешқайсыңа. Болғам... тойғам, жетті!— деді.

Аға-жеңге жылап жіберді. Екеуі де Сәлімге жалынып:

— Қарағым Сәлім, кенжем, сен қойсаңшы... Не деген сұмдық?— дегенде Сәлім оларға ашуланды:

— Қой, немене жылайсыңдар... Сорлысыңдар ғой сендер де. Сондықтан жылайсыңдар ғой ас үшін!

Қасен тістеніп кекетіп:

— Сондықтан жылайсың?

Сәлім аға-жеңгеге:

— Кім босаңдар да өлтірмеймін мен. Жыламаңдар, қиын қылам, дейді ғой!— деп көңілденіп көтеріліп,— ешнәрсе етпейді. Большевик жеңбейтін қиындық жоқ!— деп жөнеле берді де, аға-жеңгеге:

— Мен мыналарды апарып тастаймын да, қайтып келем... Алып кетем сендерді. Азаматтық құқықтарың жойылған адам емессің. Еңбек қыла білуші едіңдер ғой, күнелтесін, өлмессіңдер!— деп жүріп кетті.

Сәлім айтқанын істеп, сол күні кешке аға-жеңгені алып кетті. Қасен төргі үйде жатып, олардың қамданып жиналып жүргенін сезіп еді. Кетіп бара жатқанын да есітті. Бірақ белгі бермеді, ауыз үйге шықпады. Жәмила бұны ұяқтап жатқан кісі етіп қойды. Сонымен аналар әбден кетіп болған соң қабағы жаңа ғана жадырап Жәмила кірді. Қасен қабағы түйіліп қынжылған кісі боп:

— Немене?— дегенде, Жәмила ырзалығын жасыра алмай күлімсіреп:

— Кетті!— деді.

— Барсын... Бірақ мыналарға обалдау болды ма; немене? Сәлімге ерегесіп істеп отырмын!

Өл де маған... көрсін енді мойнына міндет алып! Пәтері жоқ. Азық-түлік, ыдыс-аяғы тағы жоқ!— деп күліп жіберіп:— енді қайтер екен!— деп алып, жеңген кісі боп сүйсініп жайрандай бастады.

Қасен оны да жақтырмаған қабақ жасап, өз ішінен тағы екі жарылып:

— Қойшы сен де!.. Қыласыны кімге қылдым деп отырсың!— деп күрсініп алды. — Ойшыр-ай, бұл уақыт деген қалай-қалай өзгеріп барады. Бір үйдің іші деген біз емес пе ек?— дегенде даусы да трагедиялы үнімен бәсеңдеп, сабырға таман айналып, — жазығы да жоқ еді!— деді.

— Сіздің жаныңыз ашиды да отырады. Бірақ баяғыдан ақжүрек бола-бола не таптық. Еңбегіңді білген бірде-бірі бар ма? Мойнымызға мінгізіп, адам қылған Сәлімнің мінезі мынау емес пе?— деді...

«Ақжүрек» деген сөзді бұрыннан Қасен жайынан ауылдың жағынғыш атқамінерлерінен естіп алып, Жәмила әрқашан бұлдай сөйлейтін. Бұрын ел ішінде, қалалы жерде де бұл сөзді өздерінің даусыз меншікті сыбағасы сияқты айтып, машық қылған-ды. Рас, соңғы бірнеше жыл бойында Қасен туралы бұл сөзді ешкімнен есіте қоймайды. Бірақ сонда да үй іштерінде, өз араларында ол сөз әлі тірі еді. Сүйретіліп келе жатуы еді.

Қасен тұрып киінін жатық, әлі де қабағын түйіп, жүз деген жүзбен:

— «Ақжүрек»... Иә «ақжүрек»... Жақсылықты істе істе, бірақ ешкімнен алғыс алма, игілігін көрме! Жақсылығыңмен пайдалана отырып өзінді «әй, кәпір» атандырсын!— деп, әбден киініп ап, — біздің бұл хая солай болды ғой, Жәмила!— деді...

— Жарайды, тойдық енді... Болды... Қажитын уақытымыз болмады ма тіпті, өкінбейік!— деп Жәмила Қасенді нығап, басын изеді.

Қасен біраз тұрып ішінен: «енді шыға келейін, осыған тіпті дән ырзамын ғой құдай кәнеки»— деп жымыды да, алғашқыдай баяу дауыспен, салмақтап тұрып:

— Дұрыс... Сенікі рас, — деп келді де артынан шапшаңдатып, — енді бұдан былай қарамызды осылар көрмейтін болсын. Жоламасын!— деді. Үйден шықты. Есікті артымен жаба бере:

— Қуып жіберсем де... Біраз жайсыз іс істесем де, сол үшін қынжылдым-ақ қой!.. Өз-өзіме самокритика жасамадым ба?— деп есік алдына шыға берді. Көз алдына Үлкен Алматы биігі тағы сап етті. Әлденеден бетіне оттай басылған сияқтанды... Тоқтақырай басын изең, өз-өзінен күбірленкірең:

«Осыным расым еді, батырекесі!..» дегендей боп тағы қарады. Жауапта тұрған кісідей.

«Әй, бірақ анау жалтартатын емес сияқты». Тау қазір түсі көкшілденіп, көлеңкеленіп сұп-сұық боп апты. Ашумен қабағы да түйіліп, беті де ажымданып кеткендей ме, немене?

«Алдарсын, алдарсын!»— дегендей боп ашулы мысқылмен басын шалқайта салып, көзін сығарайта, сүзілте қарап қалған сияқты.

Қасен қалбаң-құлбаң етіп қап:

— Ашырау, бұл не пәле? Бар қоймамды ашып, абыройымды айрандай төгеді де тұрады осы бір неме?— деп қолын сілкіп қап жөнеле берді. Сол кезде арт жағынан Жәмила дауыстады.

— Әлгі бір айтқанға барасыз ба? Мен не істейін? Не қылатынын айтпадыңыз ғой?— деді.

Қасен:

— Иә, рас-ау,— деп айналаға қарап қалды. Қора ішінде, көшеде де көзге түсетін ешкім жоқ. Бірақ сонда да күдіктеніп Жәмилаға қарай бір басып,— өзін бері таман келіп, бері түеші?— деді. Жәмила қасына келді.

— Мен бара берейін. Басын қайыру керек. Сен, қазір қарның түскен соң қабынды, ыдысынды алып Қасымқандікіне келе ғой. Өзін басы-қасында бол.

— Е, үйтпесе араласып та керек емес. Қасымқанның қатынының мінезі мәлім ғой... Бұлдыратыл жүрін бір-дешені артық қағыстырып алмаса, оның бойына ас та батпайды!— деп қала берді.

Қасымқандікіне Қасен келгенде, Аманбай да сонда отыр екен. Басқа бөтен кісі жоқ... Екеуінің ортасында жаңа басталған бір литр. Болымсыздау закускамен бірекі рет тастап апты... Қасенді екеуі де орнынан тұрып, оқыраа қарсы алды. Қасымқан күйіп жіберіп:

— Бой жылы!— деп күліп ап, ұсынып та қалды.

Қасен ішегінің столға жақындап кел аракты алмай тұрып:

— Бұл еттің закускасы қайда?— деді де, авалармен бірге күліп — мен қумдақ, жылы-жұмсақ деп келдім. Тамағымды ісіретіп болсандар ішеямін,— деп Аманбайға қарады.

Қасымқан:

— Оның бір нәсі боп тұр. Ақылдасайық деп сені күтіп отырмыз.

— Қайда өзі?..

— Алыс емес,— деп Қасымқан іркелеңдеп,— әуелі шешіп алайық,— деді.

Қасен шыдамсызданып:

— Ая,— деді де, екеуіне кезек-кезек қарады.

Аманбай шырайланып күліп:

— Апырай, өзі, басымыз бір жақсы қосылған екен. Ішін ұрып, артын көре жатармыз... Баяғыша бір отырып, бұрынғыны бір еске алсақ не етер екен?— деді.

Қасымқан әлі де құлай қоймай:

— Жоқ, жөнін айт. Әуелі сөзді пісіріп алайық!— деді. Қасен бұның көбін қысыр кеңес көріп:

— Қайда өзі, сонысын айтындаршы?— дегенде, Қасымқан тоқмейіл жүзбен, салмақпен:

— Тұр ғой... Ұқпайды екенсің ғой,— деді.

Аманбай Қасенмен стопканы қағыстырып ап, арақты тастап жіберді:

— Бағана айтармың деп ем ғой, енді оның мәні былай!— деп сөзге кірісті.— Өзі бұл, ана мен істеген совхоздың аты. Жақсы мандай ат еді. Түнеукүні осыдан екі ай бұрын мертік пе, немене аяғы ісіп, жегіннен шығып қалды. Мал дәрігері өрі қарап, бері қарап ауруын таба алмады. Оған қазақтың кәрі ақсақ дейтіні осы болады. Жазылмайды деп өзін біраз майлап та жіберіп, бұлдыраттым да, кем-кетік деген қаразды бір жасаттым. Содан кейін бұны қазақ оташысы жақсы жазады. Емге берейік деп бір сенімді қазақтың қолына беріп, табан екі ай бақтырып ем. Осы жолы жолшыбай келе жатып со жерінен атты алдым да, бір қараз да түсіріп алдым. Жазылмады... кем-кетік дегізіп.

Қасен дәмеленіп көңілденіп ап:

— Семіз бе өзі?— дегенде, Қасымқан:

— Бір еліге дау жоқ!— деді.

Қасен бұны естігенде бөтелкеден бірді өзі кұйып тағы қағысып жіберді де, Аманбайға қарап:— Иә, айта бер!— деді.

— Сонымен бұл жағының бәрі жақсы. Ал ендігі бір бөгеп тұрған нәрсе — сол аттың бұрынғы жайын білетін бір қазақ жұмысшысы бар еді, совхозда істейтін. Өзі әлгі ударник. Мені қалаға әкеле жатқан сол еді. Жолшыбай көріп келді... «Сауығыпты, жазылыпты... доктор түк танымайды екен-ау!»— деп ылғи сонымен ұрсып келді... Сойса екі елі қазы түсер еді-ау деп біраз жағалатып, түс-

палдап көріп ем...— Түү, мына аттың жоғында торы қасқа атты сойған кісі мал бетін көре ме?!— деп атқып-атқып түседі.

Қасымқан шыдамсызданып:

— Аяғы жазылмайды, доктордыкі рас... Ертең ақсағы тағы шығады. Қазақ оташысы да жаза алмады деп ауызға ұрмайсың ба?

— Айттым, айттым ғой оны. Әйтседе ол жағын көп бойлап ашқам жоқ... Түбінде онымен дауласам ба. Күндердің күнінде сүйеу болатын жерлерді әдейі ашқам жоқ. Қасен күліп жіберіп:

— Дұрыс, дұрыс, бәсе! Сөйтетінің бар еді ғой! Тәйірі, ашық ауыз қазаққа бой беріп!— деді.

— Қағаздардың жайын тіпті сөз қылғам жоқ...

Қасымқан да сүйсініп:

— Тіпті жақсы!— деді.

— Ал енді не сөзі бар бұлай болғанда!— деп Қасен ана екеуіне көз қысып, түрегеп тұрып сұқ қолымен өз кеңірдегін бауыздаған белгі жасап,— жығатын керек... мақан, мақан қушайты!— деді, Қасымқан әлі де күдігінен арыла алмай:

— Ұрлыққа ұсап жүрмесе? Заң жаман ғой өзі,— дегенде Қасен:

— Жарайды, бір атпен біз советті байытпай-ақ қояйық. Өзгені қойып, тіпті дәл өзімізден келген талай малдың, талай бір орайы шығар... Жық айда, ішін ұрып енді!— деп байлай сөйледі...

Анау екеуі үндеңкіремей отырды. Қасен аз тұрып тағы қозғап:

— Ал әлгі жұмысшы қайда? Бөгет енді со ғана ғой. Өзін сілейте бір тойғызып, қолға қондырып алайық та. Содан басқа не бөгет бар?— деді де, әңгімені тездетіп шешу жағына шықты.

Аманбай:

— Тағы мына Қасымқанның бөгелеңдеп отырғаны. Бағана күндіз сол жұмысшы осында келіп, аттың тұрғанын көріп кетіпті.

— Иә, сонысы қауіп боп түрі!— деді Қасымқан.

Қасен оған да бой бермеді... Ақыры бұған ішінкіреп алған Аманбай қосылды. Қорқа-қорқа, шегіншектей-шегіншектей отырса да аяғында Қасымқан да көнді. Сонымен түн бола бергенде торы қасқа жығылды... Қасымқан-

ның қатыны мен Жәмила соның айналасында, бір қадам шықпай, біріне-бірі сенбей күйбендеп жүр.

Үйде үш жігіт бір литр құлатып тастап, жас еттің тұзды қуырдағын ортаға алып, екінші литрге кірісіп отыр. Тілдері де, бейілі де шешіліп алған.

Баяғының — 18, 19 жылдың естегілеріне кірісіп, көп-көп нәрселерді кезіп шарлап айтысын келген бір кезде, Қасен төсін керіп:

— Біз тарихи іс істеген адамбыз. Осы отырған үшеуіміздің де тарихта орнымыз! — дей бергенде бірнеше бөтен аяқтардың дыбысы сарт-сұрт етіп бұлар отырған үйдің есігіне келіп қалды.

Қасымқан сасқанынан қалбалақтап стол астына қарай арақты ала жөнелді.

Сөйткенше болмады, үш-төрт әскери адам кіріп келді. Қастарында манағы Аманбай айтқан жұмысты. Ол бұдан бұрын торы қасқа ат жана бауыздалып, терісі сыдырылып жатқанда бір келіп сығалап көріп кеткен еді.

Дауласар, айтар сөз жоқ... Сонда да Қасен:

— Біз кадр... кадр... Өлкелік мекеме... жауапты қызметкер, — дей беріп еді, келгендер қараған жоқ. Үшеуін және екі қатынды алып далаға саусылдатып айдап шықты. Ұроға¹ қарай алып жөнелді.

Ай жарық екен. Бір көшеден айнала бере Қасеннің тағы көзі шалды. Үлкен Алматы биігі қарап тұр. Енді тіпті суық, тіпті алыс... Ол граниттей қашалған. Соншалық күшті. Ол тағы жеңді... Жеңді..

¹ Уро — урловский розыск — қылмысты тексеріп ашу орны (ред.).

ШЫҢҒЫСТАУ

I

Базар хикаяшыл, тіпті, қиялшыл қарт болатын. Қазір мына қасында отырған баласы Медеттің кішкене күнінде Базар айтнаған ертегі, хикая қалған жоқ шығар. Ол әңгімелер ішінде кезеген ерге кездескен ат басындай алтын қандай көп еді. Ғашықтық сағымына бой ұрған сұлу жас жігіттің алдынан қашатын басы алтын, арты күміс киіктер қаншалық еді. Тылсым өсік, тас қамаудың ар жағынан, жер астынан табылатын, дүр гәуһәрдің ортасында отырған сұлу перизат шаһзадалар — бәр-бәрі мол еді. Жүрген аяққа жөргем ілінгендей боп ерінбеген ер әлгі сұлуды алып, қазына күреп қайтатын. Кім біледі, әлде, тіпті, бүгін инженер-геолог болып кең іздеп жүрген Медеттің осындайлық алтын байлық іздегіш болуына сол бада шақта әкесінен өстіген қиялдық сұлу әңгіме-аңыздар себепші де болған болар. Бірақ бұл күнде ешкімнің ойында жоқ. Әке мен баланың көріспегеніне тоғыз жыл болыпты.

Жас оқымысты, инженер Медет өзінің оқу, өсу жолында әкесін ұмытқан жоқ-ты.

Өйткені, Медеттің білгені мен көргенінің бәрі Базармен дауласып, оған қайшы кеп, оны жеңіп, тонап отырды. Әкесі Ескендір Зұлқарнайынды мұсылман деуші еді. Ескі Юнан тарихы оны бекер деді. Жерді көтеріп тұрған көк өгізді Коперник жоқ етті. Қазақтың түбі Мұхаммед пайғамбардың сахабасы Ғақашадан таранды деп еді. Оны моңғол-түрік тарихы теріс етті. Дүниенің шеті Каф тауы, ол диюлар, перілер мекен еткен жер десе, дәл сол Каф — Кавказ тауларында экспедицияда жүріп, Медет өзі үйленіп те қайтқан.

Химияны ет пісіруден білген, астрономияны космогония ертегісінен білген, тарихты лақаптан, ата санаудан білген, есеп ғылымын қой санынан білген сияқты әлсіздікті Медет көп аяған еді.

Әкесіне қазіргі бір тартымды, шолақ әңгімеде де осы өңірді сондай мүмкіндігі ашылмаған жас өлке деген. Өзінің желілі ойларының бір ұшығын ғана шығарған-ды. Бірақ баласының бұл өңірді кішірейтіп сөйлегенін Базар ұнатпады. Бұлар дөң басында отыр еді. Әңгімелері үйлеспегендіктен, орындарынан тұрып, қыстауға қарай аяндады. Базардың аласа ескі қыстауының қос мұржасынан кешкі түтін будақтап тұр.

Баласымен дауласып келе жатып, Базар осы таудағы колхозшы, шопандарға, аудан қызметкеріне айтып жүретін желілі әңгімесінің біріне түсті.

— Дүниеде даңқы шықпаған, жас деген немене сөз? Білмегеннің сөзі. Болмаса дәл осы өңір қадымнан мәлім дейді. Әкесінің «Қадымнан» деген сөзінің тұсында Медеттің ойы қатар жарысты.. Іштей жарысады.— Қадым!.. Қадым деген адам есіне әлдеқандай ескілік көрінгенмен, геологияға айтқызсаң, сүт пісірім есепті дейді.. Базар сөйлеп келеді...

— Тау аты Шыңғыс... Бұны атам-заманнан атақты Шыңғыс хан мекен еткен... Биігінің аты — Хан. Ол, тіпті, өз қыстауының желкесінде тұр. Сонау көк тау Орда... Шыңғыстың ордасын тіккен жері... Мінеки, аудан тұрған тау аты Қарауыл. Қолбасы батырлары, нояндарының жортуылға шығатын биігі... Жас бола ма осындай дүние?— деп Базар дауласып келеді.

Медет дауласқан жоқ. Әкесінің хикая дауында аса қыңыр екенін біледі.

II

Базар сөйлеп келеді...

«Найман, Сыбанмен Тобықты алысатын бөктер де дәл осы бөктер... О да қадым заманда болған, жастығы қайсы?..» деп келеді.

Медеттің ойы тағы да өз желісімен тарихи геологияны бойлап келеді. Бір Шыңғыс емес, тіпті, Сібірдің барлық тауы өзінше жас таулар дейді. Геологияның соңғы пікірі рас, третичний дәуірде қазақ сахарасының Ұлытау, Көкшетау, Мыржық, Дегелеу сияқты таулары бар... Бірақ,

соған тіркес дәуірде Сібір тауының көбінің бітімі қайта бұзылып, бертінге шейін өзгере келген. Мысалы, шығысқа қарай басса Маңырақ, Тарбағатай, Сауыр, Алтай, одан ары Саян, Становой таулары, мынау жақын өкпе тұстағы Қалба тауы — бәрі де сол белгіні білдіреді.

Медет ойы тек осы Шыңғыс жайында біраз басқарақ, екі ұдайлау. Семей қаласының меридианынан оңтүстікке қарай тартса, соның батыс жағындағы таулардың қалыптануы ертерек тоқтаған, — дейді тарихи геология Әлде, Шыңғыс сол қатардың тауы болар...

Міне, ескілік пен жастық жөнінде әке мен баланың дауы осындай екі салада жатыр еді. Медет оны білдірген жоқ. Тек қыстауға қарай келе жатып, әкесін үндемей тындайды да, қолынан тастамайтын асыл балғасымен әр тасты бір алып ұрып сындырып, жеке сынықтарға бір рет үңіле түсіп, қайта лақтырып тастайды. Базар өз дәлелін тағы айтып келеді.

— Жердің жаманы жоқ, тек көркейтетін ер тусын, — деп бір қояды. Онысын Медет те орынды сөз көреді.

— Жерім жаман деген жоқ... Жері жаман болғандықтан өнері басылып қалған жоқ кешегі Абайдай асылдың. Ол да осы өлкеде туып, осы бөктерде тірлік еткен алпыс жасына дейін. Анау Ордада құс салатын. Дәл осы бөктерде Тоғжан деген Сүйіндік қызымен ғашық отын тартқан. Қандай әсем жыр қалдырып, өлеңіне көрік берген... — деп бір кетті.

Медет бұл әңгімені ілтипатпен тындады. Кешкі күннің сәулелі биік басын алтындап, жарқын, әсем рең берген алыс Орда көңіліне өзгеше ыстық, жақын көрінеді. Тек қана ескісімен, әсем естегісімен ғана тірлік етпей, жер санатына қосылып, жанғырса етті осы тұманды сұлу көкшіл тау.

Әкесі сөйлеп келеді. Әсіресе, қорытқан сөзі дөп тиерлік сөз еді: — Үмітпен ұл өсіріп, құрметпен қыз жетілдіріп жатырмыз. Қайта соны ақтандар... Өзің ғана болдым демей, жерінді де, ағайыныңды да көркейт, үмітін ақта... Туған өлкеңе өнерінді әкел түгі, — деді. Бұл тұста Медеттің осы тауларды көптен кезіп жүрген мақсұты мен әке пікірі бір сағаға құйғандай болды. Бәсе, бәрінен де сол арман. Медеттің мынау күндерінде бұл өңірде өтетін талабы да сол. Әрине, өзіне алатын міндеті де осы да. Жері мен ауданын Отан білер, барлық совет халқы сүйер өлке болса екен дейді. Сондай болып сүйгізу үшін

мынау ұлы соғыс, Отан соғысының керегіне керек-жарағын, жабдығын, қазынасын қоссын Ордалар мен Шыңғыстар.

Бұл кезде екеуі қораның тау жақ бұрышына айналып келе жатыр еді. Үнсіз Медет қораның бұрышына қадала қарап, тоқтаңқырап қалып, бір кезде дәл бұрышқа тақап келіп, балғасын көтерді. Базар да бұған айналасып, тоқтап қап еді. Медет қой қораның бұрышына қаланған бір үлкен ақ тасты балғасымен соққылай бастады. Базар қораның тасын сындырғанды жақтырмады. Қораның қабырғасын бүлдіресің ғой деп тоқтатпақ бою еді, сөйткенше болмады, жоғарырақ қаланған бір тасты Медет сындырып жіберіпті. Сынып түскен үлкен ақ тасты бөліп алып, үңіле қарап, басында анырын қайран боп артынан тағы тесіле қарап алып, қуанып, жымия бастады.

Базар қорасын аяп, құймаға залал келді-ау деп тақап келіп еді.

Медет қолындағы бөлек тасты жерге қойып, тағы төменірек жерге, қаланған ірге тастың бір кесегін ұрғыдай бастады. Оны бұрынғыдай емес, тіпті қатты ұрады. Асығыс соғып жатыр. Шая енді ескі қорасын бүлдіріп жатқан баласына ыза болды.

— Қой енді! Өшің бардай бұ не? — деп баласының қолына жармаса бастап еді.

— Тоқтаныз, әке... былай тұрыңыз... Мән бар! — деп Медет құлшына соққылап, үлкен ақ тасты тағы қақ бөлді. Бұл кезде ескі қораның жоғарғы қалауы қопсып, қатар тастар жіктеуі босап, аралары ашылды. Ескі былжыр топырақ боп үгітіліп, саулап төгіліп жатыр.

— Ойбай-ау, бұның не? Бүлдірдің ғой, жаным-ау, — деп Базар ұрысарманға тақады. Мынау үлкен тасты тағы да бөліп құлатып түсіріп алған Медет енді жерге тізерлеп отырып, біржолата қадалып жатты. Ашуынан да таңдануы басылмаған Базар енді кеп баласы қадалған тасқа үңілді. Ақ тастың қалың ортасынан тартылған бір сарғыш жалпақ қисық сызық бар... Түсі тас сияқты емес, мыс, тез сияктанып жарқырай сарғаяды.

— Бәтір-ау, мынаның түрі қалай? — дей беріп еді. Медет тасты күшәқтап қысып, кеудесіне шейін көтеріп, қадалып көз алмай тұрып:

— Тоқтаныз, тоқтаныз! — деп барды да, бір сәтте күліп, әкесіне бұрылып жарқырай қарады:

— Мынау қой қораның тасында алтын жатыр, әме... Алтын!.. Ойлап па ең?.. Сезіп пе ең?.. Алтын!— деді.

Базар аққып амырған бойында аузын аңға беріп, екі санын салп еткізіп ұрды да, үнсіз келіп, өкі сұрланып барып, қара қорданың үстіне жалп етіп отыра кетті.

— Қарағымы-ау, не дейсің?.. Медет жаным-ау, не дейсің?— деуге ғана дәрмені келді...

Көзіне моншақтай жас оралыпты... Медет тастың сынықтарына ала сала асығып атқа мініп, жақын жердегі жолдастарына, отрядіне қарай шапты.

Базардың жөн сұрап, бірдемелерді ұғынуға мұршасы да келмеді. Тек білгені осы қораның іргесіне, құймасына қаланған ақ тастың бәрі де тегін емес, осы тастардың қай арадан алынғанын әкесі жақсылап ойлапты есіне түсірсін. Отряд келеді. Ертең осы қораның мағын зерттеуге алады,— деген үзік, шолақ сөздер болатын.

Қорасының тасы қайдан алынғанын білмейтін Базар ма?

Медет отрядтары жолдастарымен бірге түн бойы тастың нәріл айырумен бөлді. Күмәнсіз, анық. Базардың қой қорасына қаланған ақ шақпақ тас «желілі» алтын шеккен тас бол шықты. Және ең қымбат қасиеті: алтын проценті бұл желіде аз емес, мол, аса мол жатқан болды.

Тек енді көп пе екен осы тастың қатысы... Өндіріс ошағын орнатуға татитын запас мол ма? Ертең қолға алатын сол жәйі... Бағана баяу, сырдап Медетті енді танып болмастай еді... Түн бойы ұйықтаған жоқ. Таңды атыра алмай, қоңыр күздің жарық айлы түнінде ұйқылы сар қабақта жалғыз өзі арлы-берлі кезіп жүр.

Бада шағында тайға шапқан, бұзау қуған, қозы қайырған бөктері мынау жұлдызы қалың түнде анандай қалғып, түнерген қалың таулармен, сонау ұзаққа шалқып кетіп жатқан сар селеулі өлкесімен қазір өзгеше ыстық, соншалық жақын секілді... Мейір қойның ашқан анадай... сағындырған салқын қоңыр түн осы... Сағынданып тұрған қиял мекеніндей.

Жалғыз бөктерінің ақыры ескен қоңыр желі де жақсылық лебін үздіксіз үміттей майдалап, сергітіп соққан сияқты.

Дүниеге сыры ашылмаған, берерін бермеген үнсіз мылқау алып Шыңғыс тауы, қазір мынау ай астында жеңіл көкшіл тұманға оранып тұрып, мырза сенімін бергендей... Медет қиялы әке қиялынан ары болмаса, бері емес

екең. Бірде, қиялшыл, бірде сергек, зерек ойы көп жайларды шарлайды. Сонау жауыздық пен игілік майдандасқан қан кешуде Қазақстан ұлдары алысып жатыр. Қазақстан фронтқа азық, киім жөнелтіп жатыр... Жас республиканың барлық саналы, қайратты тіршілігі Ұлы Отанның керегіне, көмегіне жарасам деп анталап, таласа барып жатыр... Аймағы үлкен Қазақстанның Алтайы, Жезқазғаны, Балқашы, Қарағандысы, Қосшағылы буыркана бұлқынып, асығыс қарқынмен асыл бұйымдарын аттандырып жатыр, Отан үшін.

Осы ойларының арасында Медет:

— Шыңғыс... біздің алып Шыңғыс ше? Жер несі еріңді, жер үстіндегі малыңды беріп қоймай, кенерен де тебіренсе, не етер еді? Сен де Отан мұқтаж болған мол қазына атсаң не етер еді деп жүрген... Жауға атылған он оқтың сегізін Қазақстан жері береді екен. Сол сөреде сен қалсаң жөн бе, Шыңғыс!— дейтін... Әлі де... Бүгін мына түнде де соны айтады...

Талай қайырып айтады. Тек күндегідей емес, бүгін бір үлкен үмітпен сенімді, қиялшыл үмітпен айтады...

Ұйқысыз ала қызған көңіліне алтын кеннің дүние жүзіндегі даңқтылары елестейді. Әлемде әйгілі Франция, Америка қазбаларын, Англияның империясы қазынасын байытқан Клондайк, Колорадо, атақты құт қазынасы Родезия — бәр-бәрінің қатарына Шыңғыс... Шыңғыс аты тізілсе... Шыңғыс сыйы Одақ, Отан сүйіп атарлық сый боп танылса...

Ертеңгі қиял әңгімесін жетпіс жасқа жеткенше өмірлік қуаты етіп өскен Базар шалдың алақандай жері танытса. Ат басындай алтын іздегендерді ердің ері деп баласын жетілткен Базар шалдың, колхозшы Базардың баласы тапқан болса...

Қиялдың ұшы-қиыры жоқ еді...

Осыған орай, Хан биігінің бөктерінде Базар шалдың қорасы да бұл түн тыным көрген жоқ...

Қарашоқы колхозының қой фермасын басқаратын Базар қарт бағана Медетпен айырылысымен, ес жиысымен, ферманың барлық шопандарына, барлық әйелеркек, көрші-қолаң достарына, тіпті бар осы жердегі бала-бауыр бәріне алтын жайын сүйінші деп мәлім еткен. Содан бері кеш бойы Базар қорасымен көршілес қыстаудың барлығында да әңгіме, лаулаған қуаныш, үздіксіз күлкі еді. Базар өзі де Медетке ұсап қораның бір-

неше ақ тасын шопандар көзінше сындырып қараған. Содан бері жұрттың аузындағы ақ тас... Қолдарының жабысқаны да сол. Көздері де әрбір жаңа кезекті Базар ертегісінен туып, осы араға жиыла келіп, жымдай боп шөккен алтындар «біз-біз»— деп шыға-шыға келетіндей қарайды. Базардың ерте күннен көршісі, туысы боп кеткен Көшпесбай деген жиені бар еді... Ол тіпті бүгін осы алтынның буына масайған сияқты. Құдық басына барып бір қайтып:

— Ойбай, біздің тасты құдықтың да бәрі алтын!— деп келді. Осы қораның ауыз су алатын құдығы да тастан құйылған. Көшпесбай ерікті зерттеуші болып, ымырт жабылғанда сол құдықтың ішіне қиялап түсіп, бар үлкен тасты санап шығыпты. Бәрі де ақ тастан қиыстырылған. Қысты күні құдықтың бетін бастырып қоятын жалпақ ақ тас бар еді. Бүгін Көшпесбай қуанғаннан соны талқан етіп көп сынығын алып кепті... Базар екеуі ұзақ даурықтың артынан кешкі асқа үйге кіргенде, қазандық алдындағы жазығы жоқ жалпақ сұр тасты да талқан етті... Қорадан шыққан алтынды жалғыз бұлар емес, қатын-қалаш, бала-шаға да енді үй мен тастың бәрінен іздей бастаған. Базардың бар әңгімесін өзіндей ұққан ертекші жас шопан Сандықбай да бір кезде лапырып, қуанып келді. Қолына екі үлкен күйелі тасты көтеріп, сұр шекпенін қап-қара ғып былғап апты...

— Оны айтасын, бар қара... мынаны қара— деп қып-қызыл боп күліп қуанып кеп, екі тасты жаңағы екі шалдың алдына тартқан табақтай қып әкеп қойды.

— Уә, бұ қай тас?!

— Күйелі тас қой!— дескен үлкендерге, Сандықбай.

— Ойбай-ау, біздің ошақтың бұтына қойған тас қой. Осы екеш осы да алтын... Міне,— деп, Медет әкесіне көрсеткен сызықты о да дәл тауып нұсқап отыр.

Ертекші, әңгімеші колхозшылардың да бүгінгі қиялы шалқығандай серпіседі.

— Айтам ғой... Осы ферма жарықтықтың төлі сондай өсуші еді. Қойы қандай семіз келеді.

— Ала бөтен ғой...— деп Көшпесбай мақтана бастады...

Үй іші:

— Ал енді бөсті»,— десіп келекеге ауысайын деп еді.

— Әй, не дейсің, түге! Алтынның буы ше? Алтынның буы адамды да есіртеді. Қойды тек қоя ма? Оған ырыс

беред те! — деп таймай таласады. Бұнысы Базарды үлкен ойға салды. Көшпесбай сөзін тіпті орынды көрді.

Шалқын, даурығып отырғанның бірі Сандықбай еді.

— Жа, бұл алтының көзі қайда, кіндігі қайда жатыр бұл? — деп Базардан сұрады. Базар алғашқы қуаныштан енді бойын жиыңқырап алған.. Әйелі үлкен жүзі жиырылып жадырап күліп отырды да:

— Е, соны менен сұра! Бәрін бекітіп, түйедей матап, бірің — «көз», бірің — «кіндік» бол деп келген мен ғой, тегі.. Менен сұра, — деді. Үй іші Сандықбайды мазак етіп күле бастап еді.. Базар өзі бұл тұста күлген жоқ.

Бір алуан өмір қиялын ойлауда екен:

— Жасым отыз беске келгенше кімі есігіңде жалшы боп, қыз айтқызым, қалың төлең ала алмай, жар қызығым, бала қызығым да кеші көрің ем.. Пі.. алғашы боп ішкі жаққа барың, бағыраң, малғай боп та жүр.. ім. Сақал-шапшаңым алғаш ағаша өзіме өзім жеткен күн көрмедім. Қор еткен жоқтық еді. Соңы әйелің р тым құрса қуанышпен мейірі қандырайың деп алтын тапқан ұрпақтың жәйін әңгіме ете беруді е.. Сү.. ің тұста ердің, ертігіңнен емінің жүрген алтыным қай қ ұрған тасықта, құдығымның басымды, ол басы, осық, бүтін қасында жатырты.. Мазак етіп жатты: ау осы мені.. Ә — деді..

Үйдің іші Базар жүзіне үрейкей қария қапты. Кей шопандар күрсіне түсті.

Көшпесбай жоқ ас қарт еді Ол күдіктен жоқ.

— Бірысың бар шалсын, не керек, бұл тапнасаң, сол алпыс жыл айтқан алтынды табатын ұл тудың.. Ол тапты. Не қыл дейсің! — деді. Базар шай сергіді. Қуанып сергіді. Бұл ой өз басына келмеген еді.

— Бол, болі, да айттың! Ұл тапқаным өзі — сол алтын тапқаным екен. Алтын жерде болған ағаша, елде болсын. Мені ұл қуантсын, ұлым елге, жұртын қуантсын!.. — деді.

— Бұл советтің ырысы бар деймін ғой. Жолы, жөні елге жеткі болған соң солай ғой. Бағы асың өзінің. Жауға тиген соққының бірі осы болсын, қысқасы. Көрі Шыңғыс екінің ол да атой шыққа күндерде ел мен жұртың көмегіне алтын қойнын ашты десін!.. — деп Көшпесбай байсалды сөз айтты. Осы әңгіме кезінде кешкі асын ішіп шыққан көрші қыстаудың шопандары тағы да шулап мәлісіп жатыр еді.

Барлық ферма бүгін старатель боп кетіпті. Көріңгес

кесек тасты аударыстырын қарау, бөлшек-бөлшек сындыру тегіс парыз болғандай. Келгеннің бәрі енді Базарға бірдеме айту қажет сияқты көреді. Бірақ әркім әр алуан сөйлейді. Біреулер Базарға қайырлы болсын айтқан, біреулер алдәпеден көңіл қос айтады. Ертеде таппай өмірің жоқтықпен еш бон өтіп еді дегеннен болса керек. Базар бұндай екі алуан сөздің екеуін де бұл көште үнсіз қарсы алды. Дағдарым, не айтарын білмегенде.

Жиын үйге шынай, жарық айлы түнде тысқа шығып, онда да көп даурықты. Ендігі әңгіменің бәрі:

— Бұл ақ тастың жатағы қайсы?

— Қораның тасы қайдан тасылған еді?

— Базар өзі салып па бұл қораны? Қаннан қопарылған тастар екен? — деген орынды сұраулар болатын...

Қазірде Медеттің отряды да сөйлемін, ауызға қайта-қайта алынып жатқан сұраулар да осы еді. Базар бұл жәйді алақандай білетін.

— Бұл қора дәл осы Медет туатыннан бір жыл бұрын салынған. Ақ тасты қайдан тасыды дейсің? Тас тасып әкеп үй, дүкен салатын мұршасы қане Базардың? Алтын тасың, ақ тасың дәл осы өздерің табаның басып тұрған тақыр төбенің ішінде. Осы қораның астының бәрі ақ тас, — деді.

Көшпесбай үндемей таңдай қағып, таңырқаған жұрттың бәрінің көңілін қалжыңмен қорытып:

— Қысқасы, айды басқан бұлттай сары алтынды жамбасымның астына басып жатқан өзім едім десеңші! — деді. Жұрт осындай күлкі қалпымен түн ортасы ауа бере зорға тарқасты... Үркер төбеден өтіп бара жатыр. Шыңғыс тауының үстіндегі жұлдыздар бүгін соншалық жиілеп, бадырап түсіп, шаншыла қарап тұрған еді.

Келер таң атар-атнаста Медет он шақты кісі тобымен Базар қорасына желді. Тас қора тұрған тақыр төбе бұл өңірдің, бұл ауданның болашағын өзгертетін жұмбақ сырдың төбесі бон тұр... Базарды отряд адамының бәрі көңілді жүзбен күліп, амандасып ортаға алды...

Базар ынталы сөйлеп жүріп, отряд адамдарына әуелі қора тамын түгел көрсетіп, ақ тастан қаланған іргені, бірнеше қораның кіндігін, бұрмасын, сыртқы құймаларын көрсетіп шықты. Ауызы түндегі өз жайын айтқан әңгімеде болатын. Иижесерлер қораның қалауын бұзбастай етіп бірнеше жердің тасын жарып, сындырып, бір-біріне көрсетіп өтті. Медет бастаған үлкенді-кішілі ма-

мандар бас изесіп, аз сөзбенен жөн табысып, аралап жүрісті.

— Енді осы тастарды алған жерімді көріңдер, сыр сонда ғой,— деп Базар тақыр төбенің шығыс жақ етегіне қарай бастады. Ертеде қазылған кең апан бүгін түйетайланып, топырақ басып, тегістелуге айналған еді. Бірақ дәл қыстауға қараған шетінде тік жарлауық болып қалған кішілеу шұңқыры бар. Сол кенерде қалың ақ жартас жардай боп тұр екен... Көне топырақ басқандықтан сарғыш реңді... Бірақ бітім-тегіне қарағанда, қораға, құдыққа, қазандыққа барған кесектерінен жат емес...

Осы күн күні бойы отряд қыза іске кірісті. Бір бұл ара емес, тақыр қылып төбені жан-жағынан төрт жерден қазғылап қолға алды. Базар қорасы төбенің дәл басында, тап орта тұсында еді. Оның тұрған жері де бұрғыланып, терең түбіне шейін ақтарылатын болды.

Күн түске жақындаған шақта Базар қорасына қарай андыздап асыққан жүргіншілер көбейді. Көршілес колхоздар, фермалар, Базарға көңілдес ағайын, жақындар бір алуан. Өзгеше топ-топ болып аудан қызметкерлері, мектеп жұртшылығы, барлық аудан активі келіп жатыр. Келушінің бәрі де ең алдымен Базарды көруге асығады. Тағы да түндегідей қайырлы болсын айтысады. Бүгін Базар кешегідей іркілмейді.

— Қайыры халыққа болсын!.. Қайыры ортақ болсын бәрімізге!— деп желпініп, қуанып қарсы алады. Тақыр қызыл түгел зерттеліп шықты. Алтыны мол тастың запасы да аса мол екен. Отряд қолымен ұстап, көзбен көріп өткендей болды.

Осы күндер отряд дәл осы Хан бауырынан жиырма шақырым жердегі Қыдыр деген адырдан тас көмір де тапқан еді. Енді Шыңғыс бөктері алтыны, көмірі мол бөктер болғандықтан, өзгеше өндіріс бөктері болуға бет қойғанын екінің бірі ұғынып, сеніп тұр. Кешегі заманда көшпелі аудан, бүгінде көбінесе мал баққан аудан, облыс орталығынан алыс қалған, қатынасы кнын оқшау аудан. Енді өзгеше тарихқа, өзгеше бір жаңғырған дәуірге ауысатынына бүгінгі жұртшылық сондай ырза, соншалық шат еді.

— Шыңғыс, кәрі Шыңғыс, Отан ұран салғанда, алтыны мен асылың ала аттанды! Тыс байлығын беріп, қоймай, қойнын да ашты, іш сарайын да беріп тұр. Жауға

қарсы жұмылған бірліктің бұл бір өзгеше балғын белгісі болсын,— деп Медет бүгін жиын жұртқа сөйлеген еді.

Сөйтіп, Базардың қиялы, ертегісі шын алтын табысқа, асыл өндіріске әкеп қосылған күні, Отан соғысының майданнан алыста, майдан түгіл, облыс орталығынан да жырақта жатқан, қатынас жолдардан қиғаш жатқан алыс түкпір, ғасырлар бойы үнсіз Шыңғыс бөктерінде де патриоттық үлкен қызудың, шын жалынның қуанышты, жарқын куәсі болды.

АСЫЛ НӘСІЛДЕР

(Әңгіме)

I

Түн ортасы боп қалды. Бірақ Әсияда ұйқы жоқ. Күзет қамы да емес, ой ұйықтатпайды. Бұл ой бір бүгін емес, соңғы екі жұмадан бері ішінде жүр.

Түн желді, суық, қыстың түні еді. Әсияның киімі жылы. Үстінде атасы Есіргептің үлкен сеңсең тоны пұшпағына түсіп, бойын қыздырып тондырмайды. Әсия, екі қолын жөңіне сұғындырып, қотанды айнала баяу басып, тынымсыз жүріске ауысқалы көп болды. Кейде ақырын айтса да, әсем нақыстап, аса бір ырғақты көркем ән созады.

Асыл жар, сәлем жаздым алыс жолдан,
Айнымас сағынышқа көңіл толған...

Әні де, сөзі де ыстық. Жас әйел жүрегің біресе өзіне қарай, балқыта тартып осы бір толқын мендеп кетеді. Бұның қатарында сан бұралып, сағыныш орала созылады... Жар сағынышы...

Аласа, бозғыл беткейді толтыра жатқан бір қора қой. Мың қоралы қалың тобы қыбырсыз тыныштықта. Ақырын пысылдап тын алады. Осы қойдың күзетінде жүрген Әсияның ойында әр толқын бар. Соның бірі, әлдекімнен қысылу, ұялу.

— Білсе ренжи ме?.. Жазығы жоқ жандар еді. Әй, ренжиді-ау. Көп жыл тату келін боп келіп, өкпелесем бе?.. Әлде айрылысам ба?— деп қобалжиды.

Әсияны осындай ойынан иттің үргені алаң етті. Қой шетінде жататын үш-төрт иттің арасында шолақ құйрық, шұнақ құлақ, арабы қара төбет бар. Өзге, ақ қаншық,

ала күшік, ақ төс, көк дүрегей тазыдан бұл төбеттің мінезі бөлек. Қалған иттер не болса соған үре берсе де, қара төбет тегін үрмейді. Ол төбеттің аты Таймас еді. Бұл үрсе не қасқырды, не ұрыны, немесе суыт жүрген бөгде жолаушыны көргенде ғана үретін. Өзінің жаңағы ойынан оянған Әсия, Таймас үрген жаққа қарай қадам басты. Қараңғы, желді түннің меніреуіне жас көзін қадап, әлде-нені көрмек болады. Бірақ, ит қанша қадалып, шәншіліп үргенмен Әсия іштенеші болжай алған жоқ.

Бүгін түн желі қатты екен. Аспанда қалып, қара бұлттар тұтасып, жәй салмақпен ауып келеді. Айсыз, жұлдызсыз, декабрдің түні, қою қараңғылық қаптатқан, саңлауыс түн. Бір қалыпты ызғырықтан қатаң соққан түн желі өтімді, суық. Таймастың зор дауыспен, қайратты зілмен, қысқа қайырып, бапылдап үрген түн желі қағып әкетіп, ық жаққа, алысқа жеткізіп жатыр.

Тегін үрмейтін Таймас, Әсияның ойын «әлдебіреу ауылды торып жүр ме?» деген күдікке аударды. Ит бұл жолы да тегін үрген жоқ екен.

Алыстан, жел жақтап Таймас естіген сарын, түнделетін келе жатқын жүргішінің белгісі болып шықты. Аз уақытта Темірқазық жақтан, ойдағы құм жақтан келе жатқан жалғыз аттының қарасы жерінде Қора шетінде өзге иттерді бастан Таймас, жүргішінің алдынан жүгіріп ұрап. Бірақ, аз үріп барып, келе жатқан аттыны танығандай тоқтап, қой шетіндегі жалғыз үйге қарай бұрмалды.

Жүргішіні Әсия да таныды. Бұл келген, екі күннен бері жолаушымен құмға кеткен Әсияның қайынатасы Есірген еді. Кеш бойы, қой шетіне жалғыз шыққалы, Әсияның бір ойлаған кісісі, осы атасы болатын. Кәсір жүргішіні танығанда, жас әйел тағы ұялды. Бірақ, алысқа жоқ, атасының алдынан көлденеңдеп жүріп кеп, кішілеу киіз үйдің сыртында тосып алды.

Есірген, қараңғы түнде астындағы боз биесін алаңқитіріп, терлетіп, қатты жүріп келген екен. Келіні алдынан тосып тұрып: «Және, ат-көлігіңіз аман ба?» — деп, именіп аударып сөйлеп, боз биесінің шылбырын алып, атасын атынан түсірді. Басында үлкен, дөңгелек, қалың қабырша бөркі бар, жылы киінген Есірген желімен амандаспай, үнсіз түсті «Шаршап келдіңіз ғой!» деп келіні атасымен тағы жауаптасайын деп еді, ол ұзын жеңімен қолын бір сілтеп, жауап бермеді. Сырт айнала беріп, өзіне-өзі айтқандай:

— Шаршамасы бар ма? Шаршаттындар ғой түгі, құрып қалғырлар!— деді.

Әсия бұдан әрі үн қата алмады. Ат қасында үнсіз тұрып қалды. Атасы үйге кіріп, орта жасты әйелі, Балжанды оятты. Әсияның қайын сіңлісі Қанипа шешесінен бұрын оянып, үй ішіне от жақты. Әсия үй сыртында тұр, кіруге батылы шыдамай, қой шетіне қайта кетті.

Есіргептің жаңағыдай суық үнмен жауап қатқанын, ұрыса сөйлегенін, әсіресе бұны ұрсып сөйлегенін, Әсия бұрын естіп көрмеген еді. Енді аттан түспей жатып, ыза-сын, кекесінің ірке алмай жаңағыдай қатқыл сөйлеу, Әсияға бар жәйді айтқызбай-ақ түсіндірді. Өзін қысылдырған күй, бұрын атасына белгісіз болса, кәзір түгел мәлім екенін келін анық аңғарып тұр. Әсия сырын Есіргеп осы сапарға аттанарда, өзінің кәрі жолдасы Балжаннан естіп кеткен болу керек.

Әсия атасынан ұялса да өз ішінде енжар боп, қиналған жоқ. Әлгі бір кезде үзілген ән тағы өзіне тартады.

Асыл жар, сәлем жаздым алыс жолдан...

Сол әнмен ілес, жас көңілге, ыстық бір шақ елесі келеді.

Бныл аса жәйлі, жылы болып өткен сентябрьдің бас кезі болатын. Отарлар ол кезде құмда емес, ұзын аққан Қарғалының бойында. Өзен бойы, ұзақ шақырымдарға созылып қонған ҚИЖ¹ шаруасы мекендеген. Есіргептің отары, өзіндей көп қойлы отарлардың орта тұсын қоныс еткен. Ұзын Қарғалының екінші жағасына созыла қонған, көрші аудандардың колхоз малдары болатын. Күздің бас кезінде отарлап мал жаятын совхоз бен колхоздарға, Ұзын Қарғалыдан жәйлі қоныс жоқ. Бір жағы, жаз бойы соны тұратын, қалың-ақ от қаулап өскен, көп сары адыр болады. Екінші жағы, отар малының ертедікеш су ішіп, жағалай жайылатын өзені — Қарғалы. Бұл өзеннің алқабы кең. Екі жағасы шалғынды, шымы тұтас, сазды көгал болады. Күндіз де бір мезгіл жайылыстан қайтқан қалың қойлар өзеннен тыным алады. Шөбі қалың, суы мол және ауыл қонарлық қойнау-қойнау алаңы көп өзен бойында, бұрынғы күндерде де, көктем мен күз кезінде қалың ел, мол малымен, осы күндердей, иін тіресе отыратын.

¹ ҚИЖ — Қазақстанның мал шаруа ғылым институты.

Әсияның есіне түскен кеш, жарық айлы, үнсіз, жымжырт жылы кеш. Сол Қарғалының бойында отырған қалың елдің бірталай қауымы жиылып, өзінше бір қызық сауық еткен кеші болатын. Әсия мен оның тату досы, қайын сінлісі Қанипа екеуі Отан соғысынан қайтып келген бір ағайындарының үйінде болды. Қатерден аман қалған тату құрбы, осы шаруаның шабаны Түсіпжанның үйіндегі тойда болған. Сонда бұған өздерінің құрбысы, Молтай деген жігіт оралды. Бұл күнге шейінгі өмірде еш уақытта аузына алмаған, ойына келмеген, бір сырын Молтай Әсияға өлең арасында ашқан болатын. Молтай әрі әнші, әрі айтысқа жүйрік еді. Сол Молтай айтқан сырдан бұрын Әсияның көңілі, соғыс басталғаннан бері жабырқау еді.

Соғыс басында, 1941 жылдың жаз ортасында, жайлауда бұның сүйікті жары Сайлыбек әскерге кеткен болатын. Екеуінің үйленісіп, табысқанына бір ғана жыл болған. Сайлыбек — Есіргептің жалғыз баласы еді. Әсиямен екеуі бір жыл бірге кешкен өмірде, еңбекте — серіктес болды. Үй іші тұрмыста, қабақ шытысып, ренжісіп көрген емес-ті. Әсия Сайлыбектің жары боп Есіргеп үйіне кіргелі осы мынау қой шетіндегі жалғыз үйдің үзілмес ұзақ, мол қызығы туғандай еді. Түз еңбегі жарасып қосылған, біріне бірі сай жастарды Есіргеп қарт пен оның әйелі Балжан қатты қуаныш ететін.

Сол Сайлыбек, жылға толар-толмас қана үй іші өмір кешті де, қатері көп, белгісіз ұзақ сапарға, Отанын қорғау сапарына аттанып кетті. Жарқыраған жаз ортасында қадірлес ата-анасын қалдырды. Аялап сүйіскен Әсиядай жарын қалдырды. Жайлы жылы жаз, дәл қазіргі Әсия көз жұмбай жүрген, қыстың қара түніндей боп кетті. Қызыл жүзді, нұрлы келген қой көзді, бұрын әнші, күлкіші Әсия қайғы тартты.

Әлі де, міні мынау жеті түнде, зауал уақытта, Әсия бір шындықты өзінен де, әлемнен де, қазіргі ашулы, өкпелі атасынан да жасырмай, ұялмай айта алады. Шын көңілінде Сайлыбек басына қиянат етермін деген бірдебір ниет жоқ еді. Бірақ, бір Әсия емес, оның атасы мен енесі де, қайын сінлісі Қанипа да, Сайлыбек жәйін талай улы жаспен жуа-жуа мұндаған. Сайлыбектің командирінен хат келді. Москваны қорғағанда Сайлыбек үлкен ерлік көрсетіпті. Кейін жауды Москвадан қуып ұзатып әкетіп бара жатқанда, Вязьма түбінде қатты қырғын

соғыс үстінде сол Сайлыбек қаза тауыпты. Сайлыбектің ата-анасына осы хабарды білдірген командир Андреев шын отаншыл ер жауынгерді жоқтағандай сөз жазыпты. Сондай адал ұлды өсірген ата-анаға сай-сүйекті босатқандай көңіл айту, жұбату сөз жазыпты. Майданнан баласы, інісі жар-жолдасы туралы ауыр хабар алып жатқан ата-аналар, ағалар, жарын тосқан әйелдер бұл сияқты қаралы хабарды «қара қағаз» деп атаптырған-ды.

Әсия мен Қанипа бала күндерінде мектепте оқыған жастар еді. Сұмдық хабардың шындығына олардың көздері әбден жетіп, онаша ұзақ жыласатын. Бірақ, қарттарға осы хабарды өздері әдейі жеңілейтін, үміт қалдырардай қылып айтқан. Есірген пен Балжанды бұл үйдің оқымысты, білімді досы, ҚИЖ малының үлкен бір басшысы Бобров та жұбата сөйлейтін. «Сайлыбек жаралы болып, өз бөлімі емес, басқа бөлімнің санитары соғыс артынан алып кетіп, командир Андреевке белгісіз госпитальға түсіп, содан басқа бөлімге ауысып кетуге де мүмкін. Жарасы ауыр болғандықтан, не басқа дімкәстікке ұшырағандықтан үйіне хабар ете алмай жүруге мүмкін», дейтін. Бобровтың осындай әр алуан, «дертке дәрмен» жөрамаалдары, қарттарға соңғы таяныш еді.

Содан бері сарғайып тосумен айлар өткен, алғашқы қаралы жыл да өткен. Бір жыл емес, міні ұзақ сарылған үш жыл өтті.

Сол үш жылдан соң Әсия өміріне жаңа бір сәуле беріп араласқан сонау жарық айлы кеш. Қазір қой шетіндегі Әсияның көз алдында сол кештің бар сәті айқын тұр. Әнменен, қалың думан, жастар сауығымен, әр алуан көңілді ойынмен, әсіресе бір айтыспен, қызықты болған кеш.

Әсия айтысқа жүйрік болса да, соңғы жылдары қойып кеткен еді. Айтысса, әріптесін күлдіргі сөздермен, өткір әзілмен қатты қағытып өлеңдететін. Сол кеште, ойыншыл, қалжыңқой Молтай бұны айтысқа жетектей берді. Ол да өлеңді шапшаң, ұшқыр айтатын. Жылдан жұрт екі жас бір-біріне өнер көрсетсін деп, айтысуларын өгініп еді. Әсия басында айтысқа түспеді. Сайлыбек өлген соң өзіне өзі салған тыйым, бұл жолы да, бойын тежетті. Бірақ ойынға епті, орамды, тәсілқой Молтай Әсияны сөйлетудің емін тапты.

Ол бұған тимей, қалжың айтыс өлеңін Қанипаға жолдады. Қанипаның айтыспайтыны белгілі. Соған өлең арнаған Молтай Қанипаның өзіне ғана тиіп қоймай, отарға, ондағы мал күткен топтың бәріне соқтықты. Әдейі мінеп, сынап сөйледі. Зілсіз-ақ, күле отырып сөйлесе де, Қанипа мен Әсияның еңбегіне, намысына тиюге айналды.

Қанипа ыза бола бастап еді. Бірақ өзінен шығар өлең жауабы жоқ. Әсия осы кезде өзінен өзі шешілді де, Молтаймен айтысып кетті. Жұрт бұл екеуінің өлеңдері басталысымен өзге жердегі айтыстарды тоқтатып қойып «е!», «е!», «соқ!», «пәле!» десіп, қостал кетті.

Әсия Молтайға мықтап түйілді. Ызасыз, ренішсіз, қатты мысқылмен түйреді. Екі-үш қағысып өткенде Молтай отары мен Әсиялар отарының арасында биыл өткен социалистік жарыс жәйі білінді. Ол жарыста Молтайлар жеңілген-ді. Әсия әуелі осыны жиынның есіне сала кеп: «Біз совет мүлкін көбейтіп, қой айдаған ек, сен шығының асқан соң, сөз айдаған ежесің» деп бір ілген. Молтай социалистік жарыста жеңілгенде, биыл жайлауда жиырма қозысын бұршақ соғып өлтіріп, содан жеңілген-ді. Соны, кездейсоқ қаза, күтімнен тыс, оқыс шығын, жәй түссе өзің де өлесің, оған не дауа деп еді...

Әсия осының жауабын да күле отырып айтты.

Қызыл жүзі нұрлана балжып, үлкен көздері шұғылаланып отырып, өлең мысқыл айтты. «Ол айтқаның рас. Ендеше бұршақтан, қатерден өлмей қалған сен ерді айтсаңшы жұрт! Жиырма қозы, алтын басыннан садаға. Қозыны бұршақтың соққысына тастап, өзің қашып тығылған, ақылың асқан азаматым. Сенің сол құтылғаныңды тойламаған бізді айтсаңшы. Өзінді орденге ұсынбаған КИЖ-ді айтсаңшы. Ал біз Қанипа екеуміз, ақылымыз жоқтықтан, сол сізге жауған бұршақтың астында қалып, қозымызды жақын тұрған қарағай түбіне қуып тығып амалдап қап ек. Бірақ ол ақылды кім білмейді. Ея ептеген ырымды еткен сені айтсаңшы!» — деп үйдің ішін ду күлдіріп тоқтаран.

Молтай сол арада жеңілді. Бірақ сонысын әдемі күлдіргі өлеңмен, өзін өзі әзілге аямай айтты: «Мойны астынан кеп жығылды деген осы, Молтай» деп, көлденең кісіше сөйлеген. Өзінің ол күні отарда бола алмағанын, басқа тығыз жұмыста болғанын айтып та, ақталған жоқ. Қайта жеңілгенін мойындаумен бірге, жұртпен қоса

«осы жеңілгенің тіпті өкініш емес, Молтай. Көптен Әсияның үнін жұрт естімей қалып еді. Соның көңілін қозғап, әуенін аштың. Сенің енді ішің кепсе де ештеңен кетпейді...» деді. Бұнысы, жеңіле тұрса да жақсы қалжың болды. Тіпті басында Қанипаға тиісуінің, енді кеп жеңілуінің бәрінің де есебі, әлемі түгелденгендей болды.

Әсияға Молтай осы мінезімен, ашық-жарқын, жұғымды мінезімен өмірде алғашқы рет, қатты ұнады...

Сол түні Молтаймен екеуі оңашада көп сөйлесіп, іштей қатты сыйлас, қымбат достардай боп айрылысты...

Осының артынан тағы бірнеше күн бойында Әсияның түнгі күзетте оңаша отырған кезінде, Молтай келіп бірге отырып, ұзақ сөйлесіп қайтушы еді.

Молтай арзан тілек айтқан жоқ. Енді екеуінің өмірлік достығын тілеген-ді.

Сайлыбектің өлгеніне көзі жеткенін білсе де, Әсия соғысты айтып, әлі Отан қорғау қарызы Молтай мойнында да барын айтып, берік жауаптан тартынып еді. Молтай ол қарызды өзі де ойлайтын. Жүрермін деп, іштей әзірленетін еді.

Бірақ КИЖ шаруасы бұны, екінші ферма бастығы кеткендіктен, енді сол орынға қойып, алып қалатын боп отырғанын айтқан. Осыдан соң екеуінің уәде серті келіскен еді. Бұлар біріне бірі ынтық, сүйіспендікпен ерлізайып тірлігіне көшетін болды.

Әсияның соңғы бір тоқтауы Есіргептер болатын. Сыйлас ата-енесі, әсіресе қимас тату досы Қанипа бар. Олардың ырзалығы бірге босын деп еді. Соны өзі кеп Қанипамен ақылдасқан, әуелі Қанипа қиналып, жауап бермеді. Ағасы Сайлыбектің өлгенін ол білсе де, ішінен; өз үйінен Әсияның кетуін және жалғыз ағасының орнын қимайтын.

Осы күйді сезгенде Әсия жылаған еді... О да қимай қайғырған. Бірақ Қанипа екі күндей үнсіз мұнмен жүрді де, ақырында өздігінен сөз бастады. Молтай мен Әсияны қасына бірге алып отырып, турашыл, ашық совет жастарының жолын ұстанды. Екеуіне қайырлы өмір тіледі.

Есіргептерге айтамыз ба деп, Әсия мен Молтай ақылдасқанда, Қанипа өзі айтпақ, әзірлемек болды.

Әуелі Сайлыбектің анық өлгенін білдірмек еді. Бірақ Әсиямен екеуі де соған қарттарды тағы аяп, бірер

жұма айта алмай жүрді. Бұл кезде Молтай мен Әсия ерлі-зайып боп өмір тілектерін қосқан еді...

Енді Есіргептерге білдіретін күнді айтып жаңа соған тақап келіскен-ді. Дәл осы күнде Молтай халі шұғыл өзгерді... Оны соғыстан алып қалу мүмкін болмай, КИЖ-дің жаңа бір топ жігіттерімен бірге әскерге шақырылды да, алыс майданға ол да жүріп кетті. Енді Есіргептерге жастар сыры тағы ашылмай қалды.

Әсия жүрегінде естен кетпестей боп, Молтаймен бірге кешкен аз-ақ ыстық жалын түндері қалды.

Майданнан жазған хаты бар. Сонда «Асыл жар...» деген өлең сәлемі келді. Сол өлең Әсияның ендігі бар әнінің бір ғана айнымас серт сазы болды.

Бірақ жарық айлы түндердің ыстық сыры, құпиялық күйінде қалмады. Ол сөз, өсек болып, білінген жоқ. Әсияның өз ішінен туды да, өсті де, дүнияға жасырынсыз, жалтарусыз «мен шындық», «мен сондағы жарық айлы түндер айғағы»—деп, білінетін боп тұр.

Екі жұма боп қалды, Әсияның жас өмірінде бойына ең алғаш біткен ұрық, ана құрсағында әуелі бірінші рет сәл бұлк етіп білініп еді. Енді күн сайын өзінің барлығын, ғажайып тірлігін, жас анасына танытып, жиі-жиі қозғала бастады. Бұл күйін жасырып болмасын енді білген соң, Әсия осы соңғы күндерде, ең алдымен қайын сіндісі Қанипаға айтқан.

Әсияның түсі бір көгеріп, бір аппақ боп бозарып, жіп-жіңішке сарғыш қастары түйіліп тұрды. Ол өз сырын бастағанда бұған соншалық тілеулес және шын берік дос Қанипа бірге қызарып, бірге қуарған-ды. Бұл екі жас әйел бала күндерінде, бастауыш мектепте бірге оқығанда, бірнеше жыл бойындағы татулығы мен сырлас жолдастығы бірде-бір кез бұзылып, құбылып көрген емес-ті. Кейін КИЖ шаруасында екі жас қыз, ер азаматтан бетер, санаулы жас қайраткер боп алды. Еңбекпен көзге ілінген кезде екеуінің сырластығы бұрынғыдан да асып, өсе түскен. Бертінде, Әсиямен жалғыз ағасының қосылуына да, үй іші кеңесінде, себепші болған Қанипа еді.

Тунжыраған, қап-қара көзді, қызғылт, жылтыр, жылы реңді Қанипа, Әсия сырын естігенде жылап жіберіп, жеңгесін құшақтай алған.

— Айтпағын тегі-тегі,— деп, жеңгесінің қасынан

бір тұрып кетін еді. Әсияға қайта ұмтылып кеп, жұбату айтты.

— Қайтесің, қайғырғанда қаяққа барасың? Молтай болса, о да жоқ. Жәкем мен апама өзім айтайын, жасың тый, тегі— деген. Алғаш ашылған Әсия сырын, қоса құбалаумен қабыл алған.

Содан бері үш-төрт қана күн өтті. Әуелі Қанипадан Әсияның енесі Балжан естіп, бір күн, бір түн ас іше алмай, бүктүсіп жатты. «Желім ұсағды» деп Есіргептен жасырып, уайыммен өзі бөлді.

Зағы момын Балжан, бар шерін жасына артып, Әсияға бір ауыз сөз қатпады. Бірақ, әлденеден келініне ұғымсыз себептен бұрынғысынан да мейірілі боп, асының алдын, нәрәсің ылғи соған ұсынады. Қабақпен ішін танытып, Әсияға әншейіндегісінен әлдеқайда көбірек қамқорлық етеді.

— Тонбасын, шаршамасын, аш болмасын!— деп, Қанипаға сыбырлап, қысқа-қысқа аналық қам айтады.

Бірақ, осымен қатар, Әсияның ұялуын күшейтіп күндіз де, түнде де, өзін өзі аңдамай, момын Балжан «аһ ұрып», күрсіне береді. Алдыңғы күн таңертең Есіргеп, ақ шеке биені мініп жүрмек болды. Қыс қатайып келе жатқандықтан, мынау қалың қойға құм ішінен қонар өріс — қоныс, жәй іздемек еді. Ері жүргелі тұрғанда Балжан тысқа шығып, қарт серігінің қасына жаяу еріп, көп жерге шейін ұзатып, бірталай сөз айтып жіберді. Мұны алыстан шұлып жүріп, өзінің сырын ата-енесі сөз қып бара жатқанын Әсия да білген еді.

Әншейінде бір жаққа шығып, үйге қайтса, ең алдымен Әсияға амандасып, отар жәйін, мал күйін, амандық хабарын тек қана Әсиядан сұрайтын Есіргептің, соңғы келісі салқын болды. Әсияны қатты жат көріп, сыртқа теуіп «құрын қалғыр» деп атағаны тегін емес. Есіргептің ішінде, әлі тұның, тыныштық тауып болмаған үлкен шерді толқыны жатыр. Соныңызғары, Әсияның ұятты жүзін жана аяздай қарыды. Жас келін тыным ала алмай, қыстың ұзақ таңын дамылсыз сергелдеңмен өткізеді.

II

Есіргеп қайтқан соң түн ортасына шейін жалғыз үйде шам сөнбеді. Қиын жайдан үй ішінің ауыр кеңесі болғанын, Әсия қой шетінде жүріп аңғарған-ды, Таң

ата үйге кіріп жатса да, Әсияның ұйқысы шала болды. Қалың көрпе астында күрсіне түсіп, Әсия оянғанда Қанипа әлі қойға кеткен жоқ екен. Әкесі мен қыз арасында ұрыс тәрізді сөз бар еді. Екеуі де күбірлеп сөйлейді. Кейде шалдың кеудесінен ашулы сөз, булыққан сыбырдай шығады. Қанипа әке ырқына жанбей қарсы ұрсып:

— Кім қиналмай отыр? Әсияның бүгінде ішкені зәр, кинама!— дейді.

— Қинама... Қинаған емес. Мені бұ қорлықты көргенше, бұ ұятпен ел бетіне қарай алмай жүргенше, жер жұтсын деп жүргем жоқ па?

— Не қыласың сонда?

— Кетем сендерден. Қаңғып кетем, тегі, жоғалтам көзімді.

— Ақылың мол әкесің. Бірдене таба ма десем, сөзің со ма?

— Иштене табарым жоқ. Өлімнен ұят күшті. Сендер қалындар. Қалғын бәрің сонда. Сайлыбектен айрылып та өлген жоқсың, түге. Мен де қарамды өшірейін. Бұл өңірде тұрмайым.

— Тапқан әкесің! Малды қайтесің? Ақылды, сенімді шабаң деп саған сеніп жіберген елді қайтесің? Кеіне серт бермеппе ең?

— Серт берсем, сендерге сеніп, Әсия екеуің серігім болады дегем. Соғысқа кеткен азаматымды. Сайлыбегімді жоқтатпайды деп бергем. Екеуің бірігіп ап, мені мұндай отқа салсаң, кәрі Есіргепте не қуап, не дәрмен қалушы еді? Мені мұнда тұрсын десен, осылай етер ме едіңдер? Жақсы ит өлексесін көрсетпей өледі. Тегі сол ит құрлы болмасын ба? Кетем сол. Әсияны қостасаң, қал осында қасында. Мен сендерге жоқпын!— деп, шал өзінің өзгерместей байлауын қатты түініп айтты. Әсияның аңғаруынша тұрып кетіп бара жатқан сияктанды. Қанипа ұмтылып барып әкесін ұстай алған тәрізденді. Бұл уақытқа шейін Балжанның үнін Әсия естіген жоқ еді. Қазір соның булығып:

— Күдай-ау, не сұмдық! Ұстағын, жібермегің, Қанипа! Ағадан бір, әкеден екі айрылдың ба?— деген зарын естіді.

Әсия көрпесін ашып, жастықтан басын жұлып алды. Өмірінде бірінші рет атасына тік қарады. Жасқа толған қой көздерін Есіргепке қадап сөйледі:

— Жәке, Жәкетай, күнім ағатай! Сөзімді тындағын, Жәке! Сізді күйдірген мен ғой. Мен тұрғанда сіз неге кетесіз? Кәрі басың қайда қаңғысың? Сіз кетпеңіз, мен кетейін. Қайда кетсем де көзіңізден жоғалайын, Қазір-ақ мен кетейін!— деп, атып тұрып киіне бастады.

Қанипа, біресе есік алдында аңырып тұрып қалған әкесін құшақтап, біресе ұмтылып Әсияны аймалайды. Екі арасында, күйік үстінде, жылдам жанған жалындай шалқиды.

— Жәке, Әсия, тындағын. Қойғын, тегі!— деп, сөз таба алмай екеуіне кезек жалынып тұрып, аяғында Әсияны құшақтай алды. Оны әке ашуынан өз денесімен тасалап, қорғағандай боп тұр. Және бір қайрат тапқан, сұп-сұр болған жүзбен Есіргепке қарап:

— Жәке! Үйдің де, малдың да несі сенсің. Бізге де ақылшы, пана сенсің. Сен кетем дегенің сөз болмайды. Шыныңды айтқын. Бұл сөзің «Әсия кетсін, онымен бірге тұрмаймын» дегенің ғой?— деп, қатты айғайлап жіберді. Әкесінің көзіне зілмен қадалып тұрып:

— Солай дегін, айтқын шыныңды!— деп, ақырып қалды.

Есіргеп үн қатқан жоқ. Үй іші, аз уақыт жым-жырт еді. Тек әкесіп жылаған үн Балжаннан ғана шығады. Қанипа әкесіне ұзақ қарап тұрып:

— Әсия кетсін дейді екесің. Олай болса мені де ұстамағын. Қазір қош айтысып, Әсиямен бірге мен де кетем. Қалғын! Екеуің жерің кеңісін. Үйіңе, малыңа ие боп қалғын әне екеуің,— деді. Әсияға шұғыл бұрылып:— Әсия, сен кетсең, мен сені жалғыз жібермеймін. Қаңғытпаймын жалғыз басыңды. Сенің жарың майданға кетіп жалғыз босан, менің де күйеуім сонда кеткен, мен де жалғыз. Сенде түк жазық жоқ, жасыма. Бір тамшы жас ағызбағын. Мені қайда кетсең, ерте кеткің. Болды, қазір екеуіміз де кетеміз,— деді.

Есіргеп енді қызыменен жауаптаспады. Көзін төмен салды да, бар денесін сілкіткендей қатты күрсініп алып, шығып кетті. Балжан қызы мен келінін қоса құшақтап, аяғандай аймалап жүр.

— Қойғын, жандарым, қоя қойғын. Не деп тұрсын екеуің, тегі. Әкемен ұрыссаң да сол сөз бә еді айтарың? Кетем деп шал қорқытады. Кетеміз деп екеуің үркітесің. Ол әкең болса, мен анаң екеуіңнің де. Біріңмен бірің ұрыссаң да, отқа салатының мен бе? Сөйлесе шал

сөйледі, мен қайсынды тілдедім?— деді. Жылап тұрған қызы менен келінінің беттерінен сүйгенде, екі жас әйел ұялғаннан қоса жылап, үн ката алмады. Жазығы жоқ ана мейірі мен күйігі бар. Дәрменсіз әлсіздігі тағы мәлім. Сол хал, қайратты екі әйелдің бар ашулы қуатын еріксіз жеңгендей.

Балжан сирек сөйлесе де, адамның ішін долбармен, зерек танығыш еді. Үнсіз тұрған Әсияның көгеріңкі жүзінен әзір ашудан басқа әшнәрсе түйе алмады. Бірақ, өзінің қызы Қанипада, Балжаннан алған мейірімділік мұрасы бардай көңілшек еді. Соның қазір, тез өзгергенін қарт ана анық таныды. Аңғарды да, енді қатқыл үнмен қызына әмір етті:

— Қой өріп кетті. Қасқыр араласпасын, сен сөзді қойғын да, шапшаң атыңа мініп, қойыңа барғын. Әсиямен өзім сөйлесем, алаң болмағын. Бар малыңа, бар,— деп, Қанипаны тез киіндіріп қойыңа аттандырды.

Осы күн түс шағында, күпсек қар басқан төбенің үстінде, екі жас әйел оңаша сөйлесіп тұр еді. Әсия отын іздеп келген, Қанипа қойын алыс өрістен отарға қарай жақындатып келген екен. Қалқан құлақ, көк бастау келген ақ қойлар, осы отардың жаңа тұқым, асыл қойы. Сол қойлар, әйелдер тұрған төбенің күнгеі бетіне жабыса жайылып, тебіндеп жатыр.

Атынан түсіп, қоңыр биенің ауыздығын алып, ұзын шылбырмен оттатып тұрған Қанипа, бұл шақта Әсиямен ақырын сөйлеседі.

Біріне бірі сирек жауап берісіп тұрған халінде екі дос, екі құрбы әйел, іштерімен ұғысқысы келеді. Әсия өзінің көп толғанған ойын айтады. Бірақ ол шарасыз. Қанипа оны жұбатпақ, тыныштамақ болады.

— Ұялғанды қойғын тегі. Алаң болмағын. Ендігі қалған сөздің бәрін өзіме бергін,— деді. Бірақ келешек екеуіне де мәлім емес.

Молтайдан амандық хабар келмегенге де бірталай болды. Ол хатты жиі жазушы еді. Неліктен хабары үзіліп тұрғаны мәлім емес. Бұл бір күдік. Ол өзі жалғыз жігіт еді. Артында Әсия мен екеуінің сырына ие боп қалған ата-анасы да жоқ. Әсия болса және сондай. Бұның, әкесімен туысқан көп балалы ағасы болмаса, өзінде шеше де, бір туған да жоқ. Егер Әсия бұл үйден кетсе, қазіргі екі қабат жайында, сүйеу болар кісі жоқ. Есіргепке бар шынды ашайын десе, оған Сайлыбектің

өлімін ең алдымен естірту керек. Бұған Қанипа бекінсе де Әсия рұқсат бермейді. Өзінің қысылғаны үшін қарттарды ауыр уайымға сала алмайды. «Олардың жарасын мезгіл емдер, өздері жүре-жүре күдер үзер» дестің, екі дос әйел. Оның үстіне қазіргі сынға шыққан үлкен еңбек сапарында оларды, зор уайыммен қажытуға болмайды. Көп шабандар ортасында отырса бір сәрі. Бұл отардың бар адамы алған мемлекеттік зор міндеті бар. Социалистік жарысқа отар мен отар боп түспек серттері бар. Енді бұлар бірінен бірі ажыраса, ол бір сергелдем. Осындай ойлар екі әйелді көп толғандырады. Не қыларды шеше алмайды. Тым күрсе ҚИЖ-ден біреу келсе екен деп, сондай дос көмекке үміт артысады. Бір шезек екі жас әйел алдағыны мезгілдің шешуіне бергендей болады. Күштегі бетте шашырамай, тығыз жанасып, жайылып жатқан қойларына қарасады.

— Бұ қойлар жазды күн емес, қысты күн жайылғанда да біріне бірі жабысып, тобын жазбай жүреді екен. Ыстықта бірін бірі көлеңкелеп сүйте ме деуші едім. Қазақ қойынан, осы ақ қойдың мінезінің бәрі бөлек екені, тегі, — деді Әсия.

Ол қойды түнде күзеткені болмаса, күндізгі өрістерге жайылысын Қанипадан азырақ білетін. Қанипа болса, осы күм ішіне тақаған жайылыстардың бәрінде, ақ қойлар мінезін әртүрлі жағынан бақылайтын. Бірақ жаңағы Әсиядай қысқы-жазғы мінездерін қорытқан жоқ еді.

— Рас айтасың, тегі, қазақ қойын бағудан осы қойды жаюдың бір оңайы бар. Бұлар тіптен шашылмай жайылады. Қасқырдан сақтау да оңай. Тек изені бар жерге жеткізсен болғаны. Қатар тұрып жабысады да қалады. Бір жердің шөбін тақыр тауысқанша, жүгіріп жортпайды. Жалғыз-ақ бір күн жайылған сай, төбеге тек екінші күн жаюға болмайды. Құмда шөп сирек қой. Бір күн жайылса, тап-тақыр күрткіп кетеді. Бұның осындай да мінезі бар. Бобров келгенде-ақ қойдың осындай мінез алғанын айтам деп жүрмін, — деді.

Қой турасын бұл екі әйел, тату күндерде Есіргеппен де қосылып, ұдайы сөз қылатын. Мал мінезін бұлжытпай танығыш, байқағыш Есіргеп екі серігіне ақ қойлар туралы көп-көп сөздер сөйлейтін. Өзінің болжалын да көп айтатын. Әсіресе, үшеуіне күн-түн естен шықпас бір міндет, ерекше мәлім болатын.

КИЖ биыл дәл осы қойлар арқылы, батыл бір іске шыққан. Ақ қойлар биылғы жылы құмға текке келе жатқан жоқ. Ғылым үшін аса құнды болатын сыннан өтпек. Халық шаруасы үшін де бағасы ерекше зор сыннан өткелі келеді.

Ақ қойдың атасы жүнді тұқым — пренос. Шешесі — қазақ қойы. Солардың бірнеше рет қоздан өткен нәсілінен құбылып, өзгеріп кеп қалыптанған бір суын — осы. Оны бағу қартаң шабан Есіргенке және Әсия, Қанипаға тапсырылған.

Жүнді әбден асылданған, бойы қазақ қойынан ересек, еті мол, ақ қойды білетін бір КИЖ-дің мал мамандары екен. Алматыдағы мал тұқымын зерттейтін зор ғылымдық орындардың бәріне мәлім. Сондағы білімпаздардың тұқым ауыстыру тәжірибесімен дүниеге келген болатын. КИЖ көп жылдан бері, көп тұқымды қойларды аралы-берлі алмастырып жүрді. Алыс Американың «рамбульесы», Англияның «сирокосы», батыс Еуронаның «спортембергі», ыстық шығыстың «тиосары», «саргиджасы» Ұзын Қарғалының топырағын татқалы талай заман. Солар Қазақстанның құм шөлі мен асқар Алатауында, аязды қыс, Сарыарқасында өрбін-өсіп келген «еділбайлар», «Шу» қойларымен әлденеше рет, айқыш-үйқыш қан қосып тұқым араластырып, тумысып кеткен. Осы ұзақ тәжірибелердің әрі ісшіл зордәлі, әрі ізденгіш, білгіші — Бобров Ұзын Қарғалының бойында тәжірибемен сол жаңа тұқым, жаңа нәсілді дүниеге келтірген болатын.

Бұл тұқымның Бобров пен Есіргенті енді соңғы рет сынға салып жүрген бір жайы бар. Онысы — қысқы тебінде шыдамдылығы жөнінде. Тау жайлауда қай қой болса да, шыбынсыз жазда, салқын белде семіре алады. Бірақ қазақ сахарасының иен дүние, кең байтағы өзгені күтеді. Миллиондаған мал бесігі боларлық құм менен далада қатты қыс бар. Сонда өз аяғымен күн көріп, жайылыспен шығатын шыдамды, көнпіс тұқым керек. Барып тұрған ауыр сын, ең зор бәйге осында. Дәл осы қыстың аяғында ақ қойлар бүкіл Қазақстан алдында, қала берсе бүкіл одақтық халық шаруасын еңгеретін зор орындар алдында Бобров пен Есіргенті сынға салмақ.

Дүние жүзіндегі әзіргі барлық саны биыл екі мыңға ең алғаш қана толған ақ қойлар, қазір бір атаның ұлы

есепті. Осы Қанипа мен Әсияның алдындағы жайылып жатқан сол жаңа қойдың жарымы. Бір мыңы жеке бір отар болатын. Бұның екінші бір мыңы кейін, тауда қалды. Оны баққан да, дәл осы Есіргеп сияқты қарт, білгір шабан Керей. Оған да КИЖ мың қойды тәжірибеге берді. Биылғы қысты оның отары да жайылыспен өткізбек. Бірақ құм емес, тауды қоныс етіп көрмек. Қысқы жайылысқа тау жағдайын бұл тұқым қалай өткереді, соны білмек. Рас онда да тебінмен шығу керек. Сөйтіп екі қарт шабан, екі жақты сынды атқармақ. Бұл отарлар арасында, өзінің ғылымдық тәсілін сынап жүрген КИЖ және соның білімпазы Бобров, ұдайы қатынасуда болатын.

Отар құмға қарай көшкелі биылғы қыс шырайы өзге жылдардан өзгеше, жаман боп тұр. Қатты қысылып кетсе, үйін қойған маяларға, әр алуан жемге сүйенетін КИЖ фермалары ұзақта, алыста қалды. Жұма сайын, Алатаудан аса соққан ызғарлы, қарлы қыс, Есіргепті құмға қарай, алыс елсізге қарай ыскырып, өкшелеп келеді. Осы кездің өзінде, декабрьдің аяқ шашағында Әсия, Қанипалар Сарытау құмның шетіне кеп қап отыр.

Бұл мал тегінде жұтарманға жетсе, сүйеніш ететін қоры жоқ емес. Ол қамды ғылымдық институт жазды күні еткен-ді, қазір отар отырған Сарытау құмнан кейін қалған, фермаларға жақын, тағы бір құм бар. Ол белгілі «Қарой». Сол Қаройда осы қойға арналып үйілген маялар бар. Бірақ оны жеп, қолдан асыралып қыстан шығатын жаңа тұқым болса, ол ешкімге мақтан емес. Ғылым үшін табыс та емес. Құмда қолдан асыраса, қой түгіл ешкі де қыңқ етпейді. Бобровтың, КИЖ-дің мақсаты ол қой емес. Құмды, тауды қыстағанда өз аяғымен тебіндеп күн көретін қой тұқымын шығаруды көксеп жүр. Есіргеп сол мүддені ғана біліп жүр. Қаройдан пішенсіз шығуды бұл тіпті, Кереймен социалистік шартқа да жаз деп Бобровқа тапсырып кеткен-ді. Шаруа мұны мен қысылшаны осындайлық. Оның өзі де қиын күйге соққалы келе жатыр.

Соңғы екі күн бойында, үй ішіндегі уайымын елемей, елсіз құмға жалғыз кетіп, белгісіз бейнеттер шегіп қайтқан Есіргептің оқшау жүрісі де, осы күйден туған. Арттағы Қарой пішеніне жалтақтамасқа бекінген соң, не де болса сенімді құмды іздеп, ұзап сіңе бермек. Ма-

лының күйлі кезінде, сол құм жақсы болса, жетіп, ілініп алмаса болмайды. Есіргеп қалың құмды көп шарлап, шөп сыңайын, мал отын өз көзімен барлап келген-ді. Түн күзетте құмның қомағай көкжал бөрісінен ақ қойларды қорғап, Әсия тыным таппайды. Күндіз болса, әкесі айтқан төбе, сайларға қойларын үнемі жылжытып аударып салып, Қанипа тыныштық таппайды.

Екеуінің жаңағы бір кезде қойға ауысқан әңгімесі, әншейінде көп сөйленбейтін бір жайға соқты. Ақ қойлардың өзгешелігін Қанипа айтады. Сүйте тұрып:

— Қозысынан қолымызда туды. Ер азамат кеткелі сарп еткен еңбегіміз осылардың үстінде бопты. Биылғы қыста осылар жұтап қалса, еңбегің еш, тұзың сор деген сол болар еді-ау,— деді.

Қанипаның бұл айтқаны бір жағынан Әсияға ой салу болатын. Әсияның жауапты ой ойлайтын, азаматтық сапасы бар. Үй ішімен қанша өкпелессе де өзінің бас мұңын жұмыс үшін құрбан ете алады. Оны осы соңғы үш-төрт жыл бойында нелер қатты қысталанда Әсия танытқан болатын.

Қанипа сөзінің түп мақсатын Әсия жақсы аңғарды. Ендігі бір сөзді сол жаққа өзі бұрды.

— Өлімнен ұят күшті дейді. Менің ұятым екеу боп тұр. Бір жағы Жәкемді өкпелеткен ұятым. Көз көрмес, құлақ есітпеске кетсем болар еді. Бірақ осы мал, осы қойларды қайтем? Екеуіміз бес жыл бойы, өзіміз өсіріп келе жатқан осы малдың бәрі шұбырып шулап, мені қорғап қалатын сияқты. Қайрат етеді деп, сеніп жіберген жұртшылық қайда? Сен екеуімізді саналы совет жасы дейді ғой. Одан көретін ұятымнан да, өлгенім артық та. Қайтерімді білмей тұрмын... Бәрінен қиыны, Жәкем екеуіміз енді тегі бір үйде сыйысып тұра алар ма екеміз. Шатағы осы боп тұр ғой. Жә, мен үйге отым жеткізейін,— деп, әңгімесінің аяғын оқыс бітіріп, жүруге айналды.

Ұзын жүні бозғыл тартқан, екі бүйірі күптей боп қампиған сұр есек, көптен бері Әсияны тосып тұрған. Үстіне теңделген мол отын — сүткен бар. Бұл өңірдің құмда жағатын отыны. Әсия есегін айдап ауылға қарай жүріп кетті. Қанипа Әсияны тоқтатқан жоқ. Оның сөзіне аз да болса, жаңа сөз қосқан жоқ. Есіргеппен ренжісуде, Әсия жастығымен, ызамен сыңар жақ ойлап кете

ме деп еді. Жаңағы Әсия сөзі олай емес екенін білдірген соң, Қанипа әдейі үндемей, іркіліп қалған.

Ол осы бетімен күні бойы, қой ішінде болды. Бірақ, түстен бері Қанипаның мазасызданып ойлаған бір жайы бар. Қойдың бір күнгі жайылысына ізені жетеді деген екі-үш төбе, мынау қойлардың жарым күн-актебіндеуіне жарады. Изен мен «еркек» дейтін шөптерді, жиі жайылған қой тауысып қойды. Енді Қанипа аңғарып тұрса, бұның жем іздеген қойлары қарды бос тебіндеп жүр. Қанипа қазір қалың қойдың арасына кіріп, қабағын түйіп, күдігімен тамсанып шарасыздық қалың білдіреді.

Қой ішінде Қанипа күйзеліп жүргенде, Есіргептің үйінде дәл осы мал күйі туралы, тағы бір кеңес болып отыр. Бүгін таңертең Есіргептің отарына екі жолаушы келген. Оның бірі бұл отардың қысқы-жазғы қамқоры профессор Бобров. Екіншісі — КИЖ-дің зоотехнигі, мал маманы, қазақ жігіті Асан. Осыдан екі ай бұрын, Бобров дәл осы үйде ұзақ күндер еңбек кешірген. Отардың тұқым беретін тұсақ, саулықтарын оқтябрь аяғында бөлгізіп алған. Өз көзімен басқарып, өзге серіктері соның нұсқағанын істеп, қойларды апрель басында қоздайтын етіп, ұрық септірген. Бұл шаруа, бұрынғы сахара тәжірибесімен күйек байлап, күйек алып жүрмейді. Қоздарлық қойға, болашақ қозының ұрығы түтіккесі егіледі. Сол келген жолында Бобров Есіргепке, «осы қыста күм ішіне кетсең де, артынан жетемін», деп бір уәде берген. Ақ қойлардың, қандайлық қайрат, төзімділік көрсете алатынын өзі де бақыламақ еді.

Бобров пен Есіргеп бірін бірі көптен біледі. Екеуінің еңбектері аралас болудың үстіне, жастары да шамалас. Бобров қазақтың тілін үйренгелі көп жылдар болған. Осы Есіргептей көп шабандармен жақсы араласу арқылы білген. Шабандармен жазы-қысы бірге жатып, бірге тұрып, мейлінше сырлас еді. Барлық жайдан еркін әңгімелесе жүріп, қазақ өмірін де жақсы білген адам.

Есіргептің үй ішіне, Бобров аса жақын, жақсы дос. Жастарына қамқор әке, аға есепті боп кеткен.

Бобровтың бұл жолы асығыстау келген жайы бар. Алатау алабына биыл қар қалың түсті. Қыс ерте қатайып бара жатыр. Сол асықтырды.

Жолаушы қонақтар келгенде, кешегі ұзақ жүрістен

қажып келген Есіргеп, қоңыр үйінің ішінде жылы бүркеніп тыным алып жатыр еді. Балжан үй ортасына от жағып, сары самауырынға оқта-текте шоқ салып, қыздыра түседі. Кейде ақырын ғана күрсініп, Есіргептің оянганын тосып отыр. Сақ ұйықтайтын қарт шабан, Бобровтардың ат дүбірінен оянды Балжанға:

— Шығып білші. Кім болды екен,— деген еді.

Бобровтар үйге кіріп амандасқанда, Есіргеп тез тұрып киіне бастады.

От басында қолдарын жылытып, беттерін уқалай түскен қонақтардың қасына кеп, қатар отырды.

— Үй жанына келгенде аттың дүбірі көп еді, келген екеу-ақсындар ма? Әлде өзгелерің де бар ма?— деді.

Бобров Есіргептің байқағыштығына таңырқай түсіп күлді де:

— Есіргеп, сен ұйқтағанда да бір құлағың ұйықтап, бір құлағың естіп жатады. Бұл жерге қанша ат келді? Айтшы,— деді.

Бобровтың мезгілімен келгеніне қуанып қалған Есіргеп әңгімеге, әзілге өзі де әзір екен.

— Мені қойдан басқаны аңдамайды, санай білмейді дейсің бе?— деп, қонақтарын күлдіре түсті.— Аттарыңды мен айтайын, келген кісің екеу болса, жетегің бар. Оның бір-бірден болу керек. Төрт ат үй жанына келген емес пе? Айтқын, таптым ба, жоқ па?— деді.

Асан таңданып, күліп жіберді. Бобров әзіл етіп:

— Сен мына керегенің арасынан көріп, санап алып айтасың,— деді.

Есіргептің тапқанын, дәл айтқанын теріске шығарған жоқ. Есіргеп тағы да мысқылдап:

— Е, іргеден қарап, мен қыз ба, келін бе? Аттың дүбірін айыра алмасам, мен малда неғып жүрейін,— деді.

Бобров енді шынға көшті.

— Қуәді күні сен «биыл қыс жаман болады. Құмға кететін болсам ең керегі ат болады. Мықты, семіз аттар құм ішінде жер қарауға, қоныс көруге керек болады» деген емес пе едің? Саған екі семіз ат әкелдім,— деді.

Осыдан соң Балжан жасап, баппен құйған қою шайды үй іші асықпай, ұзақ іше отырып, шаруаның қамына кетті.

Есіргеп, «Алатау бөктерінде де қыс қатты ма?» деп сұрап еді, бұның оқымысты қонағы, биылғы қыс туралы

екі түрлі белгіні айтты. Біреуі — Есіргептің өзі күзді күні айтқан, күн райына қарап айтқан тәжірибе. Және Алматының ескі қарт бақшашылары айтатын тәжірибе болатын. Соған қосып ол, Есіргепке екінші деректі тағы айтты. Бұнысына Есіргеп аз сеніп, аз ілтипат жасаса да, Вобров әсіресе даусыз сенетінін білдірді. Қыстың бұл өңірде биыл қарлы, суық, ұзақ болатыны туралы күн райын бағатын институт пен станциялар долбар айтады екен.

Бобров ақ қойларының қамын отарға келгенде ғана ойлап қоймайды. Алматыда өзінің кабинетінде, ғылым институтында және Жер Комиссариатында да үнемі ойлайтын. Есіргепке қыс жаманатын айтумен қатар, Асан екеуі малдың мұндағы күйін сұрай бастады.

Шайды Есіргеп пен Балжан әрдайым ұзақ ішетін. Бұлар үйіне келгенде қазақпен қазақ боп, шабаимен шабан боп кететін Бобров, Есіргеппен жарысқандай боп, шайды сағат бойы ішуге бар еді. Қазірде сол шайды ұзақ сілтеп, әңгімеде отыр. Есіргеп отардың қысылып отырған жайын мәлім етті.

Бірақ осындай күйін біле отырса да Асан, бұл отардың Кереймен социалистік жарысын еске салды. Екі отардың шарт қағаздарын осы жолы ретке салып, алып келген екен. Есіргепке бұны бере отырып, атасқан серттерін айтысып берді. Осы қыста қой өлтірмей аман шығарып, козыны жүз қойға жүз он бестен беріспек.

Есіргеп, Керейдің жағдайын өз халынан артық дейді. «Ол немене? Тауда, Назарбай Ашыда отыр. Қасында маясы тұр. Түнде қойына жылы қора бар» дейді. Асан мая мен қора Қаройда, бұның отарына да әзір екенін еске алып еді, Есіргеп «Мен оны әдейі сүйеніш етпедім. Қойдың бұрынғы қазақ қойынша төзімді болуын тілеп, сол жағынан сынайтын болсақ қора мен маяға арқамды тіреп отырып нем бар? Сынаған соң сын босын, тәжірибе боса, тәжірибедей босын. Керей жарысқанмен, менің күйімде емес қой,— деді.

Асан Керейдің жерінде қар қалың болатынын айтты. Және онда да шөпті пайдалану, шарттан кем түсу болатынын білдірді. Қораға да қойып жатпайды. Тек ығында ғана түнейді екен... соны айтты. Есіргеп «осының тек, дегендей босын, Керей соған шын төзің көрсін» деп қойған. Ендігі әңгімелері мына отардың күйі турасында.

Қазіргі бұлар отырған жер құмның дәл өзі емес. Құм менен даланың дәл жапсарласқан тұсы. Бұл араны Қарашеңгел дейді. Қысты күні де қатпай жататын қайнар бұлағы бар. Есіргеп қыс қарсыз болса, құмға мал бара алмайды, онда су жоқ деп, осы соңғы суға арқасын тіреп, тым құрыса қыстын ортасына шейін осы қоныста болмақ еді. Енді міні қар түсті де, өріс қысқарып қалды. Құмға көшпей айла жоқ екенін білдірді. Осыдан соң өзіне ауыр тиген уайымға көшті. Бобровка қарап сөйлеп отыр.

— Осындай ойда жокта сен келгенде өзімнің туған інім келгендей қуанып қалатыным бар ғой, тегі. Жаман үйімізде, етегін төсек, жеңін жастық боп жантая кетіп, өзімізше жатып, тұруын бар. Сонына қарап, сенін Алматыда, Қазақстанда дәу атын барын, шон оқымысты екенінді ұмытып, еркімізбен сырласа береміз,— деді. Ақылды, шешен кісінің, үлкен бір сыр айтардағы, савалы толғауын бастап алды.

Бобров күрең шайды сілтеп отырып, қасқа мандайы мен ажымды, қызыл сары жүзіне шыққан терді таза орамалымен сүртіп отыр.

Есіргеп болса Бобровпен сырластық бойынша, одан іштеңе жасырмауға бекінді. Екеуінің қасындағы таза мінезді жігіт Асаннан да именіп іркілген жоқ.

Сөйтіп ендігі айтылған сыр, уайым Бобровка да, Асанға да ойда жоқ оқшау, тосын хабар болды. Рас, Бобров Есіргепті жақсы біледі. Барлық шабан атаулының тұрмысын, тілін, сыртқы өмірдегі әдет жайын да жете таниды. Бірақ, дәл мынандай күйдің үстінде қазақша не сөз айту керек? Бір үйдің ішкі, қиын сырына қалай араласады? Бабын таба алмады. Қысылғаннан қызарып, терші түсіп, көпке шейін үндемей отырды. Тек бірталайдан соң ғана өзінің не істеуі керек екенін аңғарды. Жәй өмірдегі турашыл, оқымысты, әділ адамның қалыстық пікірін айтуды дұрыс деп білді.

— Есіргеп, сендерге мен не айтайын. Бұл айтуға қиын жұмыс. Қайғырған сенікі де дұрыс, ол да әлі өмір сүрмеген жас адам. Әсия жаман адам емес, білесіндер, Оның бір ғана жазығы бар, оныңсы жас болғаны. Бірақ, оған не айла бар?— деп басын шайқап, тағы да қысылды. Тершіп отырып, бұндайда ешкімге жаман ойламайтын ақ көңілді, таза тәрбиелі адамның, дағдылы бір адамгерлік сақтығын айтты:

— Ойлау керек, Есіргеп, Балжан. Сендер эке-шеше, сендерде ақыл бар. Өмірді білесіңдер. Араз болу оңай, адамды жазалау оңай. Бірақ көп-көп ойлау керек,— деп тоқтады.

Есіргептің әлі не істеп, қалай шешері мәлім емес. Бірақ бір ауыр сөзі бар. «Бұл келін баламның намысын қорлады. Менің қарт басымды жұрт көзінде жер қылып, жаман ұятқа қалдырды. Енді ол менің үйімде қалай тұрады? Ол тұрса, оның бойындағысын көріп, мен қайтіп бұл үйде тұрам? Екеуміз екі айрылу керек. Ал, ол кетсе, мына қыстың ішінде мұншалық малды қайтем. Балшықтан кісі жасай алмай отырғанда, бұл отарды қайтіп сақтаймын. Құмға көшсең оның қасқыры да қатты. Кейде суық дауылы да болады. Түн күзеті Әсия қолында болғанда қысы-жазы уайымым жоқ еді. Енді міні кісім де жоқ, басқа күшім тағы жоқ. Екеуің жақсы кепсін. Бірақ, мен жаман боп отырмын. Малда жай жоқ. Менде күй жоқ. Дағдарып отырғаным мынау. Бірақ не болса да, бұл келін енді тұрмақ жол емес, деп отырмын»,— деген.

Бобров бір жағынан Есіргептей қарт адамның өзіне қыңыр ұрымын толық түсінеді. Екіншіден, Әсияның жайын да ұғады. Сонымен қатар, ақ қой қамын еске алса, ол бұның өзін де қатты қинайды. Неғыларды білмей, ашу намыспен Есіргеп толғанды. Енді не қыларды білмей, өзінің ғылымдық үлкен тәжірибесі үшін, жауапты ойды шеше алмай, Бобров та қатты сергелдеңге түсті. Шай ішуі тоқталып, үнсіз томсарып, папирос артынан папирос тартып, түтінін будақтатып, ойланып қалды.

Осы кезде отынын алып Әсия да жеткен еді. Қонақтар онымен шолақ қана амандасты. Үй ішінде барлық сөз үзіліп, жым-жырт болысты. Тек Балжан ғана сыртыңа шығып Әсияның отынын түсіріп жүр. Өзіне:

— Тондың ғой, балам, отыршы, жылыншы. Күндіз ұйқың да шала болды, тыным алмадың ғой. Ас ішіп, жылы бүркеніп жатып, көзіңнің шырымын алшы,— дейді. Дағдылы адал, момын бейбілімен келіннің қамын жейді.

Асан өзі әкелген көп газеттерін, азын-аулақ кітап, журналдарын Әсияға берді. Ол қызара түсіп, көңілденіп алып еді. Соның артынан Асан қолынан бір хат шығарып: «Қанипа екеуіңе мынандай хат та бар!» деп

ұсынды. Әсия қуанып, күліп жіберді де, сол арада ашып оқи бастады. Молтайдан еді. Аман, әлі аман екен «асыл жар». Бірақ сол қуанышы ұзақ болмады. Хаттың аяғына қараса жазылғанына көп болыпты. Осыдан бір ай бұрын бір хат алып еді. Соны жібергеннен үш-ақ күн кейін салған хат екен. Тек қана кешігіп жүрген сәлем болды. Сонда да ыстық еді. Кейінгі айларда хабарсыз болған Молтайдан бұрын өзі кеп тұрғанын да Әсия әлдеқандай көреді. Ол хатқа қадалған...

Әсия келіп, үй ішінің сөзі тыйылған соң, Есіргеп пен Бобровка Асан жана бір ұсыныс айтты.

Қойдың жайылысы қалай, күйі қалай, далада жүргенде барып, көзбен көріп, аңғарсақ қайтеді?— деген.

Осы сөзді Бобров тез қостады да, екеуі қастарына Есіргепті ертіп, атқа мініп, ерістегі Қанипаның қойына қарай кетті.

III

Қой ішіне келгенде Қанипадан Бобров соңғы күндердегі жайылыстың қиындап бара жатқан барлық халын жақсы ұғынды. Түгел отардың тыным таппай жүргенін, қойларға жақындай бере, Есіргеппен өзі де анық аңғарып келген еді.

Енді Қанипа да бұларға Қарашеңгелден көшпесе, отар жайы жаман болып жатқанын айтты. Кейбір қойлардың жүдеп, бүйірі солып, ашығуға айналғанын да айтып берді.

— Қаны жүргін, өздерің көзбен көргін. Қандай қойлар ашыға бастағанын да айтайын,— деп, астындағы қоңыр биені тебініп, топты бастады.

Алдымен жүдей бастаған қай қойлар екенін білу керек. Әлі жүдемей, мойымай келе жатқан мықты қойлар қайсы екенін білу Бобровка, Асанға да ерекше қажет. Олар қойныңдағы қағаз, қарындаштарын алып, ақырын ғана, асықпай, Қанипа көрсеткен қойлардың бәрі, түсіп ұстап, жазып алысып жүр. Есіргеп те, жүдеген қойлардың қай топ екенін жақсы аңғарып, өзінше топшылап, түйіп келеді. Ізерлі, тәжірибелі, білгір топтың барлығына айтпастан мәлім болатын бір жай бар.

Жаз басында КИЖ шаруасы, осы Бобров бастауымен өздерінің ғылымдық үлкен бір әрекетін, тәжірибе

науқанын атқарған. Онысы ақ қойларды тұқым, текке бөліп, анықтап жіктеу ісі болатын. Ұзақ күндерге созылған бұл істі «бонитировка» дейді. Сол бонитировкада өсімге жіберілетін тұсақ саулықтардан бракқа шығарылатын қойлар ажыратылған. Өсімге жіберілетін саулықтардың өзі де, бірнеше класқа бөлінеді. Көбі-ақ бірінші, екінші класқа бөлінген болатын. Үшінші класс — нәзік бітімі бар топ деп саналады. Бірақ осы ақ қойдың нәсілін шығаруда бір буын солардан болмай және болмайды. Сол бонитировка уақытында қазіргі Қанипа алдындағы мың қаралы қалың отар қойы түгелімен номерленіп, құлақтарына өз номерін тағып шыққан. Қазір жүдеулік ретімен қағазға түсіп жатқан көбінше үшінші класс қойы. «Құмға баруда ауыр сынан өтуі қиын-ау» деп осы қойдан Қанипа мен Есірген те сескенетін. Бар қойдың көпшілігін аралап, жүдеулерін санға алып, Бобров тоқтаған кезде Есірген өзінің көлденеңнен түйген тәжірибе ойын айтты.

— Сен нөмірің мен қағазыңа тіркедің ғой. Қай қой жүдегені, жазуың бойынша өзіңе айқын шығар. Мынау үлкен сипырынды танымаймын. Бірақ осы жүдеген қойдың бәрі тек үшінші класс екенін түйіп тұрмын. Осыным тура емес пе, айтшы өзің?— деді.

Бобров көзін сығырайтып, күлімсірей түсіп, Қанипаға қарап:

— Қанипа қалай ойлайды?— деп сұрады.

Қанипа да іркілген жоқ.

— Жәкем, жер қарап құмға кетіп, төрт күннен бері жайылыстағы қой ішінде болған жоқ. Қойдың жүдегені осы төрт күнде мүлдем көбейіп кеткен еді. Меніңше, бұ кісінің сөзі тура,— деді.

Есірген ақ қойдың осы бір алуанын, әр кезде ұнатпайтын.

— Қыстың басына жаңа кірдік. Бұл тілеуің құрғыр болса әлі әзір, құлқын сәриден құмның қысын ұнатпай жатыпты. Бұған февраль, мартта не тауып берем? Осыны да бір бракқа шығармадың, тегі,— деп Бобровқа әр кезде айтатын қияс бір дауын тағы айтып тұр.— Тым құрыса, күзгі күнгі қашыруда бұларды аз қосу керек еді. Көктемге шейін арықтап, аман қалған күнде де қоздай алмай жүрсе қайтем. Қоздаса да арық болып, қозысын жарытпай, төл шығыны мол болса құрығаны

да бар еңбегіміз. Қинадың, қинадың бмылғы мына ауыр қыста,— деген еді.

Қанипамен екеуі Асанға да осы қоймен байланысты күдіктерін айтқанда «Қерей социалістік жарыста бізден осы қой арқылы асады. Ол болса бұл қойды маяға тыққан болар», дейтін еді. Асан күле тұрып түсінік берді. Қораға, маяға тығып амалдап шықса, ол жағымен сендерден оздым дегеніне жұрт көне ме? Ол да жайылыспен мықты боп шыққанын танытады. Одан саспаңдар,— деді.

— Тек сонысына куә болыңдар. Жарысым жарыс. Бірақ жарыста бір шарт айтып, бағуда маяға сүйенсе, онда қарық қыпты. Онда тегі мен де жетінші қашарда, немесе Қаройда жатып алмас па ем,— деп қойды Есіргеп.

Өз жауаптылықтарын ерекше қамқорлықпен ұғып тұрған шабандарға Бобров, бұл уақытқа шейін үн қатпаған. Барлық сөздерін аса үлкен ілтипатпен тындап тұр еді. Енді Қанипа мен әкесіне осы қыс бойына, көңілдеріне күдік қалдырмайтын тиянақты бір жауап керек. Өз тәжірибесінің ғылым үшін, мемлекеттік халық шаруасы үшін не байлауы бар екенін білдіруге бекінді. Оның ендігі сөзінің ұзын ырғасы мынау еді:

«Осы жүрген отардың мың қойы тегіс көктемде қоздайтын қой. Бонитировканың өзінде де бұлар бір-ақ түрлі қой, бір класты ғана алған жоқ. Әдейі осы үшінші класты да қосқан. Брақты бөлгенде бұлардың ішіндегі ең жақсы, ең мықтысын осы отарға шығарған. Күзгі күнгі қашыруда да әдейі жіберген болу керек. Ақ қойдың бәрі бірдей бір тегіс емес. Ғылым тәжірибесі ылғи тандаулы қоймен жасалмайды. Екінші клас пен үшіншіні қатар алмаса, бұл тұқымның жақсысын да тандап алуға болмас еді. Қыс, бұл қойларға да, бұлардың тәжірибесіне де қатты сынның қысы, ҚИЖ-дің барлық шаруасы үшін тәжірибе бәрінен қымбат. Құмға қысқы жайылыста, аталары, шешелері ешуақытта жүрмеген прекоз, рамбульені де бұлар тәжірибеге салған. Жүз он алты, жүз он килограмм салмағы бар, көрмеде бәйгі алған қошқарларды да, сол тәжірибе үшін, құмға жібергені бар. Соның көбі өліп те қалған. Бірақ тәжірибе үшін, қымбат тәжірибе үшін, сол тұқымның өзі де құмға айдатқан. Енді ол күндер кетті. Үшінші клас қойы, қазір өзге қойдан бұрын ашыққанмен, бұл қыс-

тың бейнетін тартады да, көтереді. Есіргеп қозылар үшін қорықпасын, сол қозылардың келесі жыл құмға өздері мықты боп келуі үшін, еселерінің ішінде осы күннің өзінде бейнеттің бәрін көріп өтуі қажет. Өлгені өледі, ал өлмей қалғаны Есіргеп отарына келесі жылы балуан қой боп қосылады. Және арықтағанмен әлі де осы класс қойының өзінде де көп күш бар. Бұл отар қойлары «элит» қойы, тұқым қойы болып бөлінгенде бәрі бірдей болмайтыны мәлім. Бірталайы Қанипа мен Есіргепті кинайтыны мәлім болатын. Бірақ оның жауабын Бобров бір жағынан өзіне, өзінің жауаптылығына жазыпты. Бұны, доклад жазып ҚИЖ-ге де, Жер халық Комиссариатына да білдіріп қойыпты. Сондықтан отар құмға көше берсін. Шаншаң көшсін деген нұсқаулар айтылды.

Осыдан соң қойдың күйі туралы сөздері аяқталды да, Бобров Қанипаны бөліп ап кетіп, оңаша әңгімесін Әсияға арнады. Қанипа Бобровпен еркін әңгімелесетін.

Әсияны кіналамайтынын және бұрынғысындай дос көріп, қазірде әсіресе жаны ашып жақсы көретінін білдірді. Бірақ осымен қатар әкесінің ашуы, өкпесі қатты екенін айтты. Сөзінің аяғында:

— Біздің үйдің жәйін өзің білесің ғой. Сайлыбектің өлгенін сен де білесің. Әсия екеуіміз де білеміз. Шал, кемпірге айта алмаймыз. Әлі де айту керек емес. Осы уақытқа дейін де түстерінде көріп, аман деп қуаныс-ады. Ал Әсия болса күйеуге тиіп қойған. Тек жұртқа білдіреміз дегенде күйеуі тез әскерге кетті. Ол Молтай болатын. Мен өзім бар сырларына ортақ ем. Молтай үйде болса, Әсия қазір сонымен бірге тұрар еді. Кейін Жәкеме өзім айтып, тоқтатам деп Әсияның көңілін жай қып едім. Енді үй ішінен су шыққандай қып, Әсияның мынадай кезінде, жалғыз басын қудалап, күйдіре берсек не болмақшы? Өзің шалды ақылға көндір. Көнбесе «бір айдан соң кісі тауып жіберем. Әсия қолында тұрмасын десең, тым құрса сабыр қып бір ай шыдағын» деп, соны айтып кет. Болмаса, отар жаман болады. Талай жылғы еңбек құмдай шашылады,— деген.

Бобров бағана шайдан бергі, өз бабын таба алмаған ойдың бар тетігін Қанипа тауып бергенде, қатты ырза болды. Қой шетінде жүрген қоңыр, момын Қанипа қандай? Жел қағып, күн күйдірген қара торы жүзі бар. Сұлу, тұнжыраған көзді жас әйелге Бобров адамшыл-

дық, аталық мейірімен, алғыспен қарады. Бобровтың бұл отардағы кәрі-жас достарының сырты жұпыны. Бірақ бәрінің де ішінде шыншыл, адал жүректі адамгершілік бар. Талай оқыған адамдардың үй ішінде табылмайтын жақсы мінез бен зор адамгершілік, осы қой шетіндегі қоңыр лашыққа нық ұялағанына, кейде тереңдеп ойлап, қатты таңырқайды. Қанипаға аса жақын, сырлас жүзбен жылы қарап ақырын сөйлейді.

— Қызым, сен жақсы адамсың. Мен КИЖ-дің бастықтарына, Алматыға сені «сондай ақылды, совет азаматы бар, жақсы комсомол қыз бар» деп, айтып барамын. Әсияны сүйегенің жақсы. Жаман болу әрбір иттің де қолынан келеді. Сенің мінезің жақсы адамның мінезі. Айтқан ақылыңды алдым. Шалмен сөйлесемін. Ол болмаса, амал жоқ, сендерге көмекке кісі жібереміз. Бірақ ол Әсияға болмайды, білесің. Әсияға да бұл халыңда сендерден кеткен жаман. Оған менің сөзімді сен айт. Шыдасың. Ол жас қой, мықты ғой. Досы сен де барсың. Балжан бар. Отардан басқа ешнәрсені ойламай жүре берсін,— деді. Екеуінің біріккен қылын, Қанипамен оңаша осылайша қорытты.

Осы түнде Әсия қой шетінде күзетте жүргенде Асан мен Балжанды ұйықтатып тастап, Қанипаға шайды күйғызып отырып, Бобров Есіргепке көп ақыл айтты. Келінімен екеуін татуластырып, жарастырудың ниеті еді. Әр кезде Бобров сөзін Қанипа да: «осынысы тура ғой, Жәке, қойсаңшы. Жәке, саған не болды?» деп, әкесін ойландырмақ болып еді. Бірақ, екеуінің де сөзі Есіргепті жеңе алмады. Оның бар ойысқаны, бір айға шейін өлсе де, мал үшін, шаруа үшін, Бобров үшін шыдап көрмек. Бірақ, Әсия туралы айтқаны:

— Баласын баурына алып, «міні, сендерді алдап, қараңғыда тапқаным» деп жазғызып, емізіп отырғанын көре алмаймын. Онда Сайлыбегім шын өлгені. Бір өлген емес, күнде өлген боп, көз алдымда күйік болады. Бобров, әкем тегі, мені бұл азаптан, бұл тозақтан құтқар. Бір айдан соң кісінді жібер. Өзге сөзді нағыла-сың, қайтесің,— деген.

Осымен ұзақ, ауыр әңгіме Қанипаның күндізгі айтқан сөзімен аяқталды. Үйдегінің бәрін де күрсінтіп, ренжітіп барып аяқтаған еді,

Осының ертеңінде, Бобров пен Асан Есіргеп үйін өздері жығысты. Қарашеңгелден отарды көшіріп, Сарытау құмының қалың ішіне апарып қондырысты.

Құм, теңіздің бұйра толқынындай, шошақ-шошақ құм төбелерге толы. Бұнда су жоқ, адам мен мал пана қылатын орын да аз, тек құм төбелердің қалындап, түйіскен кейбір жерлерінде, ауыл орнындай боп қалған терең, кең алап болады. Құм төбенің басынан қарағанда бұл алап, терең құр апанның түбіндей. Шыңырау түбіндей, аясы азғантай боп, дөңгеленіп жатады. Құмды қыстайтын ел осы тостағая аясындай айналасы қоршаулы, ықтасын орынды мекен етеді. Осындайлық қыс қонысты «шұқыр» деп атайды.

Есіргеп екі күн бойы құмды кезгенде жайылыс жағдайын түгел шолған. Биыл осы өңірде қойға азық болатын изен мен еркек дейтін шөптің жеткілікті екендігіне көзі қанды. Қазір үйін әкеп қондыратын шұқырды да сол келесінде белгілеп кетіп еді. Құм арасында жол да жоқ. Тау мен кең біткен сай-сала да жоқ. Біріне бірі ұқсайтын шошақтар, жасынан осы құмның тағысындай боп, жадысый біліп өскен Есіргеп болмаса, өзге кімді болса да тез адастырады. Есіргеп алғаш келіп қайтарында «көшпен жүріп адаспайын» деп, дәл осы шұқырдың тұсындағы бір құм шошақтың басына қарақшы шаншып кеткен-ді. Бұрыннан құмды қыстайтын ауылдардың әр кезде өз шұқырының тұсына «біз мұндамыз» дегендей, қарақшы шаншып отыратынын, ол бұл жолы әдейі қолданған. Құм ішіне, осы шұқырға, Қанипаға болысып, ақ қойларды жылжытып айдап отырып, Бобров пен Асан бірге келді.

Асан қайтайық десе де Бобров асықпады. Әр генерациядан өткен әр кластың тұқымдық қойларының күйін бақты. Әрине бұл қойларды Қаройдағы КИЖ жиғызған малға жақын ұстаса ешбір қатер болмас еді. Бірақ тәжірибемен өрбитін халық шаруасының, ғылымның тілегі одан жоғары, әрі жатыр. Осы ақ қойлардан бар Қазақстанға асыл тұқым жаймақ. Ол қойлар барлық пішенсіз құмдарда, арқаның сары аяздарында өз аяғымен, тебімен күн көріп шығуға жарайтын қой болу керек. Сондықтан асыл тұқым атын алмақ. Бобров осы сынға мына тұқымды салып отыр. Ал Есіргеп болса, ғылым талабын іспен анықтап сынап, қорыту үшін, не де болса осы құмға

қыстап шықпақ боп отыр. Өршіл ғылым мен ғасырдың халық қажырының қабысқан, түйіскен ісі еді. Ертеден қара кешке Қанипаның қасында Бобров пен Есіргеп екеуі жүріп, қойлар күйін зерттеді. Құм ішінде Қарашенгелдей емес, қар жұқа, көп жерінде күнгей беттеріндегі қар, тез еріп, тез сіңіп кетеді. Құмның биылғы Есіргеп айтқан тағы бір қасиеті, қойға керек болатын изені етектей боп мол тармақтанып, мұнарлы боп өсіпті. Және еркек дейтін екінші шөбі, бойшаң боп ұзарып шықпай, қысқа бойлы, нәрлі боп, дәнді боп шығыпты.

Ақ қойлар құмға келгелі Қанипаны алғашқы екі күннің ішінде-ақ ырза қыла бастады. Жүрістері азғана. Болар-болмас қылтанақ болса, қалдырмай жеп, құмның өзін жалап та қорек алғандай. Бүйірлері де тез шыға бастады. Бір жұманың жайылысынан соң, отардың бар адамы боп кешке жақын қойды шұқырға әкелді. Қанипа мен Әсия қойды иірген шақта, ерекше ырза қылған үшін, ші кластың қойы болды. Енді Есіргеп көңілінде әзірше мал үшін тынышталған ой бар сияқты. Қой ішінен үйге келе жатқанда, Бобровка өз тәжірибесін түйіп кеп:

— Қар қалындаса, құмға бір ілініп алдым, енді осыдан осылай бата берем. Тек бұ құмның да шанда бір құтырып келетін қысы болады. Қары қалың түсіп, боран тұрып кететін болады. Сондай бір пәлеге ұшырамасам әлі өзім қорқынышым тегі жоқ,— деген.

Бобровтың да көңілі жайланғандай. Осы түн соңғы рет қонақшыл Балжан мен Әсия қолынан ет жеп, шай ішті. Киіз үйден соңғы рет қалың көрпе астында бұйығып, ұзақ, тыныш ұйықтап алды. Келесі таңертең атқа қонуға айналды. Дәл жүрерінде Әснямен оңаша сөйлесті.

— Енді шал да, сен де ажырасамыз дейсіндер. Ол оңай емес. Жақсы да емес. Екеуіңе де жақсы емес, бірақ айтқан соң болмайды. Мен бір ай бірге тұрындар деп, екеуіңнен де уәде алдым ғой. Бір айдың ішінде орныңа кісі жіберемін. Сонан соң қайтарсың. Жайыңды КИЖ-ға, ферма бастығына айтып кетемін. Бірақ, сенен сұрайтыным мынау бір айда шалмен ұрыспа. Қайта жақсы бол. Бұлар жақсы адамдар ғой. Кеткеніңде де артыңнан жамандамасын. Сондайды тілеймін және соған сенемін, қызым. Ал, сенің төрт жылдан бері жақсы шабан болған қызметіңді мен ұмытпаймын. Менің еңбегімді бағалайтындар болса, Есіргеп, сен, Қанипа үшеуіңнің еңбегіңді

бірге бағалатамын. Сол менің саған беретін сертім!— деген.

Әсия, Бобровқа жауап айтқан жоқ. Тек оның сөзінің тұсында: «ұқтым, жақсы... айтқаның босын... Қанипа барды айтты. Қамымды жепсің, ағамдай достық айтыпсың, рахмет, Жәке, рахмет»,— деп, көзіне жас алды. Шын алғысқа толған көңілі Бобровты да бұған, балалық бейілімен «Жәке» дегізді. Бобров Әсияның қолын ұзақ қысып қоштасты да, аттанып жүріп кетті.

V

Әсия бүгінгі түннің тез өткенін, таңның тез атуын сонша асығып күтеді. Өзіне белгісіз, үркектеген қауіп сезімімен күтеді. Сол қобалжудан ба, ішіндегі кішкентай, ғажайып ұрық та бүгін жиі қозғалады. Оң бүйірін түрте береді. Аспанды төмендеп торлаған, тау салмақты, ауыр қара бұлттар қаптап алған. Қараңғы түнде қалың бұлт бірін бірі қуады. Аспан әлемі қатты бүлінгендей. Тау толқын, аунап ұшады. Жоғарыда құтыра соққан, қатты дауыл бар гәрізді. Шұқырдың айналасындағы құм шошақтардың басында да қатты жел соғып тұр. Бұршақ аралас жауымдай, ұшқындап, ауыл үстіне түсіп тұрған құм жауыны бар. Әсияның үстіне сол қиыршық құм, ұсақ тас аралас сытырлап түседі.

Інірден бері басталған осы әлек дүние ауыр толғағы, Әсия отырған кішкене шұқырды құлшынып іздеп, қастана қимыл еткендей. Иттерде тыным жоқ, екіленіп үреді. Әсіресе Әсияны қобалжытатын, бұның күндегі түн серігі, қара шолақ төбет— Таймастың үргені. Ол қазіргі кезде, түн ортасы тақап қалған шақта осы шұқырға қадалып кеп, қамалап тұрған өзгеше қатерлі пәлені сезгендей. Артқы екі аяғын кезек тарпынып, кішкене шұқыр айналасын шапқылай аралайды. Қатты сақайып, тынымсыз айбар шегеді. Әсияның қасынан бапылдәп долданып үріп, ағызып өтіп бара жатқан бір кезінде жас әйел оны шақырып «Таймас, Таймас»,— деп қасына тоқтатты.

— Не көрдің, Таймас?— деп, басын сипады. Жонынан еркелете қағып, тілсіз серігінен қауіпті түннің күдігін сұрайды. Таймас Әсияның қасында құм шошаққа, батыс жаққа шаншылып үріп ытқи жөнелді.

Дәл осы кезде, ышқына соққан желдің қатты бір лебі, шұқыр үстінде үйіріле борандатты. Қыстыға, ышқынып

кеп, құтыра ойнақтады. Бұл күнге шейін шұқыр ішінде, ықта жатқан қойлар тыныш еді. Құм төбені паналап отырған кішкене қоңыр үй де тыныш болатын. Енді осы азғантай аядағы барлық жан несі, мынау төбеден соққав дауылдан тегіс, үрке оянды. Шұқырда тығыз соғылысып жатқан қойлар, маңырай түре келісті.

Ақ қойдың қалқиған құлақтары, тынымсыз түннің қатерлі зәрің тындай қалған сияқты. Сол шақта жанағы Таймас шапқылай жөнелген, батыстағы құм төбеден асып, долы түннің бір жайын үні келді. Ол жақыннан шыққан үн. Осы отарға қадалған көр сияқты, аямас қастық үні, ысқырып ызың қаққан түн дауылының үнімен бірге, шулап ұлыған қасқыр үні келді. Біреу емес, толып жатқан қомағай топтың үні.

Әсия қорқақ емес еді. Қолында құлаш төсжара қайың шоқпары болатын. Соны жерге таяп, қысып ұстап, мынау үнді сескеніп тындайды.

— Тілеуің құрғыр, құмның бәрі қасқыр ма? Қандай көп өздері. Япырай, таң да атпады-ау,— деп, тағы біраз тындай түсті. Мынау асау түнде бұл отарды торыған қасқырдың саны шын-ақ көп тәрізді. Ұлыған үн бір ғана батыс жақтан, әлденешеу болып шықса, енді қарсы жақ шығыстан да естілді. Алғашқыдан да тақау кеп өшіккендей. Түн аспанына жәйін үнін қадап тұрып, қатты созады. Қазір Таймас кішкене шұқыр айналасың, құйынымен бірге ұйтқып толассыз шыр айналып жүр. Қасында ақ қаншық, дүрегей тазы да ұру мен жүгіруде толас тапқан жоқ. Әсия, маңыраған қойдың тобынан да, бұның бір өзінен пана тілеп тұрған үндер сезеді. Мынау түнде қасқыр шапса, қалың қойға ие болу да қиын. Аузынан шыққан лебізін дауыл қағып әкетіп жатса да, Әсия бар күшімен жиі-жиі айғайлайды. Жон астындағы қомағай бөрілерге айбар шегеді. Сескенген үн емес, ашулы, батыл үнмен шырқап айғайлайды. Осы айғайын тыймастан, қой шетімен оралып кеп, қоңыр үйге такады.

Үй ішінде Есіргеп пен Балжан бұл кезде ояу жатыр еді. Балжан түн еуығын, дауыл екпінін сезіне сала, Әсияны аяп: «Айналайын-ай жаурап бітті-ау»,— деп қынжыла бастады. Есіргеп «несіне мүсіркеді» дегендей ұнатпай, қырыстана түскен еді. Соны сезген Балжан: «аяғы да ауырлап барады» деді. Бұған Есіргеп тіпті шыдай алмай: «кімнің баласы екені белгісіз ұрықты айтқан несі?»— деді.

— Белгісіз емес. Ол баланың әкесі бар. Ол — Молтай. Әсия соған тиген екен. Тек мезгілінде айта алмапты. Сен өзің қыңырая бермей құлақ салсаңшы бір. Молтай — баланың әкесі,— деп тағы айтты.

— Молтай,— деп Есіргеп үндемей қалды. Молтайды қарт жақсы көруші еді. Әсия әлдекім емес, Молтайды сүйеді екен. Оған тиген екен. Олай болса, мұнда бір терең мән бар екен... Қалайда болса әйтеуір атсыз, әкесіз бала емес. Бұл Есіргеп ойына шұғыл бір өзгеріс кіргізгендей болды, бірақ сабырлы шал бірден ой тереңіне сүңгімеді, асығыс жорамалдағысы келмегендей. Қазір қой шетіндегі жас келін күйіне, ішінен өзі де үлкен қам-қорлықпен қарайтын шалға, тек бұл сөз әлдеқандай бір бұлдыр ой салды. Балжан болса жаңағы өзі айтқан хабарды соңғы күндер Қанипадан білген. Әсияның іші өсе бастаған соң Қанипа өз шешесінен енді Молтайды жасыруды мақұл көрмеген-ді.

Дауылды түнде тыныштығы кетіп жатқан күйде Есіргеп Балжаннан осыны білді. Әсия дәл осы кезде үйге тақап еді. Жаңа бір ышқынып сокқан дауыл, қарттардың кішкене баспанасын сықырлатып, талқандап кетердей болған. Сол дауыл екпінімен Қанипа да ояңған. Әсия үй сыртынан үн қатты. Бір айдан бері атасымен екеуі бір-біріне тура жауаптаспайтын. Қазірде де Әсия Есіргепті шақырмай, Қанипаның атын атап дауыстады. Үй ішінен Қанипа мен Есіргеп екеуі қатар үн қатып:

— Уа, немене? Әсия, малың аман ба?— десіп дыбыстап еді.

— Әзір мал аман. Бірақ түн дауылдап кетті. Айнала шулап, қасқыр ұлып тұр. Жылдам киініп шықпасаңдар болмас,— деді де, қой шетіне қарай, тағы асығып жөнеліп кетті.

Балжан енді нала қып, асығып киініп жатыр. Әсияны аяп, дамылсыз сөйлеп жүр:

— Қарағым-ай! Жапа-жалғыз... Жаурап бітті-ау! Қасқыры пәлесі тағы анау. Шықшы шапшаң, шық жүгіріп, Қанипа, қасында бол. Жүріңдер,— дейді. Жылдам киініп есікке қарай ытқыған Есіргеп пен Қанипаның артынан, өзі де ұмтылып келеді. Біресе сыйынып, біресе қорқады. Әлдекімді қарғай түсіп, қайта-қайта Әсияны аузына алып құрақ ұшып жүр.

Есіргеп пен Қанипа есіктен аттай бере айғайлап, екі бөлініп, қойды қоршай жүргірісті. Бұл кезде шұқырдың

алыс шетінде Әсия тынымсыз айғайын салып, сақайып жүр еді.

Әлі де аспанда ауыр қара бұлттар шарпыса ұласып, біріне бірі шапшығандай. Түн дауылы түйдектеп айдап, жөңкіліп жатыр. Суық қара жел шұқыр ішінде ақтарыла ысқырып соққанда, қалың жүнді ақ қойлар да тегіс тұрып алыпты. Бет қарай алмай, желге жонын беріп, бүрсең қағады. Қотанның әр шетіндегі адам айғайы күзеттің қатайғанын көрсетті. Иттердің үрсі де қарсылықты, толассыз білдіріп тұр.

Енді бір кезде, батыстағы төбеден қар аралас, қиыршық құм борандатты. Шұқыр үстін әлек дүнненің мұнарлы топанымен басып кетті. Желге қарсы адам айғайы, бес қадам жерден де естілмейді. Дауыл барынша пәрмендеп, қатты үскіріп ысқынады. Дәл осы кезде құм белден аса бере бір топ ұры бөрі шұқыр ішіне қарай, ағыза шапты. Қанипаның қасынан үшеу-төртеуі жұмарланып, жұбын жазбай ағып келіп, қойға қірді. Басында шошынған Қанипаның үні шықпай қалып еді. Қақ жарылып, дүбірлеп жүгірген қойлардың арасында бара жатқан бөрілер, оң мен солдағы қойлардың құйрығына, бүйір, тамағына ырсылдап ауыз салды. Осыны көргенде, мал үшін күйген Қанипаның ашуы, намысы қайнап кетті.

— Қасқыр, қасқыр, қасқыр!— деп айғайлағанда, дауысы енді ерекше ащы боп, қатты шықты. Қойдың ылди жақ шетінде Әсия болатын. Шығыс шетінде Есіргеп еді. Екеуі де Қанипа хабарын лезде ұқты.

Олар отарға қатты қауіп төнгенін қойдың тас-талқан боп үріккенінен-ақ сезген еді. Екеуі де айғайын салып, қасқыр жүрген жаққа қарай ұмтылып келеді. Бірақ есі шығып, қалың сендей жосылып қашқан қойлар, бұлардың өзін жығып кеткендей. Ілгері жылжытпай, кейін тықсырып барады.

Амалы жоқ, бірақ өлердей күйген Әсия, ұзынша шокпарын қос қолдап ап, қой арасында жұлқынып тұр. Дәл осы кезде мұның айналасындағы қойлар қақ жарылып ағыла берді де, алды ашылып қалды. Босап қалған. Әсияға қарай, ақ қойлардан түсі бөлек, түнде қоңыр түсті көрінген қомағай қасқыр, азулары ақсиып, тақап қалған екен. Әсия өз бойынан, ендігі қайраттың қалай атылғанын өзі де аңғарған жоқ. Қара барқыт қасқыр Әсияның сол жағындағы бір қойға ауызды салып жіберіп, енді жұлқи бергенде, дәл қара тұмсықтан, қой мен қасқырдың

кұлағының екі арасын мегдеп алып, қайың шоқпармен құлаштап тұрып, періп қалды. Тағы шоқпарын көтеріп, тездетіп тағы ұрмақ еді. Дәл осы кезде Әсияның күтпеген көрінісі болды. Дүңкиген үлкен, долы бөрі тұмсығынан шаншылыпты. Әсияның аяғына қатты құйрығын сарт еткізіп ұрып, тоңқалаң аса жығылды. Әсия, жығылып жатқан қасқырды қара тұмсықтан «төбеңнен ұрғыр, жат солай» деп, тағы да табандап тұрып екі-үш рет сарт ұрды.

Бірақ, айналадағы қой, әлі құйын ұйтқытқандай, жосып жүр. Бір жерде дүрегей тазы қаңсылап таланып жатқан сияқты. Дауысы қарлығып, өлердей аптыққан Есіргеп бақырып жүр. Жылап зарлаған Балжан да жан ұшырғандай боп, Әсияның қасына жетіп кепті.

— Жаным-ай. Сәулем-ай. Еркек сенен садаға кетсін,— деп, Әсия өлтірген қасқырды тұмсығына тепкілеп жүр. Бірақ, Әсия енесіне қысқа ғана сөз қатып:

— Тұмсығынан ұрып жықтым, бірақ қайтадан е жиып кетпесін, мықтап өлтіріп алыңдар. Қойды бөліп ап кетті ғой деймін. Қалғанына ие болыңдар... Мен бөлінген қойдың соңынан кеттім,— дей сала, шұқырдың ылди жағына қарай шоқпарын көлденең ұстап ап, жүгіре жөнелді. Аз уақытта ауыл үсті тынышталғандай боп, қойлардың жүрісі басылды. Олар енді тек бір-бірінен «не болды? не болды?»— десіп бір ғана сұрақты, мың көмеймен қайырғандай. Оқыс соққан құйын, дәл шұқырдың үстінде қазір біраз толастаған сияқты.

Есіргеп, Қанипамен табысқан жерде, Балжан шүйінші сұрағандай, шаттанып айғайлады:

— Садағаң кетейін Әсия. Әсияны көрдің бе, тегі... қасқырды өлтірді ғой. Өз қолымен ұрып өлтірді ғой. Жүр бері, міне, көр,— деді.

— Айналайын-ай. Азаматым-ай, қайран Әсия-ай,— деп жүрген Есіргеп пен Қанипаны ертіп, өліп жатқан көк бөрінің қасына әкелді. Дәл сол кезде жаңа толастаған құйын дауыл тағы да ышқынып, құм ұшырып, қар боратты. Қиыршық таспен беті-қолды тілгендей ұрып, қайта құтырып соқты.

Есіргеп Қанипа мен Балжанға асыға бұйрық етті.

— Тарандар, барыңдар қойдың шет-шетіне. Тағы шабады о қу. Сал айғайды, тыным таппа, тегі,— деп өзі де қойдың бір шетіне шығып алып, айғайын салып жүр. Кейде жүгіре түсіп, қотан айналасын шолып шығып, қойдың азайып қалғанын, шұқырдың бұрынғы шарасынан

біраз кеміп қалғанын таныды. Әсиянікі рас, үріккен қойдың біразы жосып, бөлініп кеткен болу керек.

Осы қойдың артынан кетейін десе, Әсияға болысайын десе мұндағы малдан қорқады. Ауыл үсті әлі қатерде. Қанипадан білуіне карағанда қораға шапқан қасқыр біреу емес, бір топ болатын. Солар қайта оралып, тағы да шабуға мүмкін. Бөлінген қой қанша болса да, мынау малдан азғана. Әуелі бұл жақты амандап ап, о жаққа содан соң ұмтылу керек. Және ол қойдың соңынан, қанша қиын бейнет болса да, Әсия кетті. Әсияға қай күнде болса да өзінен асым сенетін Есіргеп осыны да біраз жұбаныш етті. Бөлінген қойды тез тоқтатып, қайта қайырып та алар деген еді. Есіргептің түн баласында Әсиядан соңғы, екінші сенімді сақшысы Таймас болатын, қазір ол да жоқ. Оны да бір медеу көреді.

Осымен шұқыр айналасындағы мал амандығын бағып Есіргеп көп бөгеліп қалды. Қазір таң да қылаңдап атып келеді екен. Шұқыр үсті әбден тынышталып болды. Енді Есіргеп асығып жүгіріп жүріп, өремен жайылған аттарын іздеп арпалысты. Жақыннан қолына тиген ақ шеке бие болды. Соны ұстай сала, жүгендеп ап, жайдақ қарғып мініп, Әсияны іздеп шаба жөнелді.

Есіргеп іздеп тапқанша, Әсия көрген қиыншылық пен бейнет орасан еді. Ол шұқырдағы қотанды тастап жүгіргенде, біраз кешігіп қалған екен. Тек Таймастың үрген үнімен ғана, бөлініп кеткен қойдың аңғарын білген. Шоқпарын иығына салып алып, ұзақ жүгірген. Дауылды түнде бөрі қуған, безіп үріккен қой, шұқырдан ұзап, құм белден асып жосыпты. Дауыл жотаға шыққан қойға қарды борандап, қақтап соғып, ықтырып әкете беріпті. Кем қойса бір жарым шақырымдай жер тынымсыз жүгірген соң барып қана, айғайын үзбеген Әсия, қойға жеткен. Мұның айғайы Таймасқа ес болып, Таймастың үргені бұған атой болып, екеуі қой қасында тізе қосты.

Түнгі шабуылдан соң қайта жағалап, қойларды жанасалай шапқан қасқыр біреу екен. Бірақ енді қойға бата алмапты. Түнде шұқырға шапқан қасқырдың саны төртеу еді. Бұлар арлан бөрі бастаған бір ұяның биылғы күшік тобы болатын. Әсияның, сәтімен өлтіргені, анық арлан долының өзі екен. Бір күшікті Таймас сол түнде бүктеп өлтіріп кетіпті. Қалған біреуін және тақымдап, бөксесін жұлып, жаралап, бездіріп жіберген. Ендігі қалған жалғыз қасқыр, бір Таймастың өзінен қасқырлық

қастығын асыра алмапты. Әсия жеткенде адам айғайынан және Таймастың кәрлі үнінен сескенген күшік бөрі, тайқып, жөнеле берді.

Екі өкпесі қабынып, аузына тығылған Әсия қойдың санын барлағанда жетпіс-сексен шамалы екен. Бұл тақай бергенде, Таймас, маңырай қашқан қойдың алдын орап, үріп шығып, еріксіз тоқтатты. Әсия да қолындағы шоқпарымен жағалай жасқап, қойларды тоқтатып жүр. Бірақ, құм жотасында қарсылай соққан қатты дауыл, бұл қойды ауылға қарай қайта айдауға ырық бермей қойды. Қара төбет пен Әсияның тілсіз ұғысып еткен әрекеті біреу-ақ. Қойларды құм жотасындағы бір болымсыз ойдың ығына жеткізіп, сол арада шырқ иіріп, ілгері жылжытпай тұрып алмақ. Қасқыр алғашқы шапқаннан бері толасы болмаған Әсияның қызыл күрең жүзін моншақтап аққан тер басты. Енді ғана бір азғантай тоқтап еңтігін баса бастады. Осы кезде ішіндегі кішкентай жан, тағы оң бүйірін қатты соғып қойды.

Тек таң аппақ атқан соң қойдың шұбырындысымен шапқылап асыққан Есіргеп, Әсияның қасына келіп жетті. Оның қырағы көзі жол бойында бір қойдың да өлексесі жатпағанын және ақ құм мен алашабыр қар үстінде бір тамшы қан жатпағанын болжап келген. Әсияға жақындап келе, жайдақ атынан секіріп түскен Есіргеп, бұл түнде өр қайратын оттай атқан Әсияға ұмтылып келе берді. Әсияның қазір еткен қайраты бар және Балжаннан осы түнде Молтай туралы естіген хабары бар, бәрі де Есіргеп көңілін қатты өзгерткен екен.

— Қойың аман ғой, Әсия алтыным?— деді.

Әсияның көзінен көптен бері шықпаған, жұмарланған бір тамшы жас ыршып кетті.

— Аман, Жәке, Жәкетай,— деп қана, ата алдындағы ұятын мойнына алғандай төмен қарады.

— Қарағым, қарағым. Қанатым, серігім,— деді. Ақкөңілді, бір тоға мінезді, бурыл сақалды Есіргеп Әсияны құшақтап маңдайынан сүйді.

Бұл кезде сөз қатуға мұршасы келмей, екі көзін төмен салып тұрған Әсия түн бойы қалың өрт ішінде алысқан, ер қайратты Әсияға тіпті ұқсамайтын еді. Есіргеп өзінің шапанын жұлқып шешіп, ақ шеке биенің тақыр арқасына арта салды. Биені сулығынан тартып Әсияға әкелді.

— Кел мінгін. Мін де шапшаң үйге қайтқын. Болды,

өлемісін, әкем тегі. Тез үйге барып жан шақыр. Жат, үйге барып,— деп еді.

Әсия қойды кәрі атасына жалғыз тастап кетуге көнген жоқ.

— Жок, Жәке, түк шаршағам жоқ. Өзіңмен қойды айдап барам. О не дегеніңіз? Атына өзін мін. Мінбеймін,— деді.

Есіргеп:

— Жә, қой. Қойғын. Қайтпасан тым құрыса мына атқа мініп айдас. Мен жаяу жүремін,— деді де, Әсияны ақ шеке биеге еріксіз көтеріп салды.

Атасы мен келіні сәске уағында боранға қарсы, бұл топ қойды жай айдай отырып, ауылға әрең жеткен еді.

Қанипа мен Балжан, «бөлініп кеткен қойды қасқыр талқандап қырып бітірді-ау», десіп, Әсия үшін және де жүректері қобалжып, тыным таба алмай отыр екен. Епді Есіргептер қойымен дін аман жеткенде бұл екеуі қуанып қарсы алысты. Балжан ақ шеке биеге Есіргептің шапаны салынып, Әсия мініп келе жатқанын әсіресе жақсы ырым көрген еді.

Әсия мен Есіргепті де, таң атқан соң қойды түгендеген Қанипаның хабары ырза қылды. Қалың топ қасқыр болса да қарбалас үстінде көп қастық ете алмапты. Мың қойлық отардан өлімші қып жаралағаны тек үш қана қой бопты. Қалған бес қойға тістері тисе де, жеңіл жаралапты. Есіргеп:

— Бұлар өлмейді. Мал аман. Ең шоңын қораға алғаш араласқанда Әсия ұрып жыққан соң, қалғандары қыра алмағанын кәрмеймісің. Құдай сақтады, малдарың әмісе осылай аман болсын, қыздарым. Енбек етсең осылай ет,— деді. Өз көңілін де көтеріп, үй ішінің өзге жандарының да көңілін әбден жайлады.

Осы күні түс кезінде, боран басылған соң, ізенді төбеге қойын жайып жүрген Қанипаның қасына Бобров жіберген бала жігіт, Әлім жеткен еді. Қанипа бұны білетін. Жасы он алтылар шамасында болғанмен өл осы КИЖ-дегі босаң, жалқау баланың бірі болатын. Адам табылмаған соң, ер қарасы болса да, барсын деген сияқты.

Әлімнің бір жақсысы көп газет, кітап әкепті. Әсия мен Қанипаға Асая жіберген екен. Қанипа аттан секіріп түсіп газеттерді Әлімнің қоржынынан өзі шешіп алды. Арала:

— Хат бар ма? Әсияға майданнан келген хат бар

ма?— деп сұрап еді. Жоқ екен. Оған қынжылып қалды. Молтайдан әлі хабар жоқ.

Газеттерді сол арада асыға қарап, әр хабарға қомағайлана қадалады. Сөйткенде «Социалистік Қазақстанның» бір бетінен өзіне қызық таныс сурет көрді. Ол «карт шабан Есіргеп отарының қайраткерлері» деген жазуы бар, өздерінің суреті. Әкесі, шешесі, Қанипа өзі, Әсия боп, бірге түскен суреттері. Анада Асан түсіріп өкетіп еді. Қанипа қуанып кетті. Өздері елсізде бейнет етіп ұзақ айлар жүргенмен, елі-жұрты қасында екен. Үлкен дүние, қамқор елі бар. Бұларды ол біледі, ойлайды. Тіпті сыйлайды, қадірлей де біледі екен... Кешке қойымен үйіне қайтатын шағына асығып қалды. Осымен қатар, Қанипа Әлімнің келісін жақтырмаған да бір жайы бар. Онымен амандасқан жерден:

— Немене, Әсияның орнына келдің бе? Бобров сен бар да Әсияны қайтар деп жіберді ме?— деп сұраған еді.

Әлім сондай тапсырумен келгенін айтты. Қанипа түсі сұрланыңқырап, қабағын шытынды да:

— Келгенің жақсы, бізге көмегің тиер. Тым құрыса қой қоздарда керегің мол болады. Бірақ, айтып қояйын, ұғып алғын. Біздің үйге барғанда «Әсияның орнына келдім, ол қайтады» деген сөзді айтушы болма. Қайта, Әсия екі қабат болған соң, қойдың күзетінде соған көмектес деп жіберді,— дегін. Сөз осы, ұқтың ба,— деді.

Иығы салбырап, тұнжыраған босаң бала Әлім, ақ тісін ақситып, ыржиып күлді де, «бопты, айтқаның босын» деп ауылға қарай жүре берді.

Жыл басынан қатаң боп басталған биылғы қыс, ұлан-ұзақ, ауыр қыспақ қысы болды. Суығы бір жағынан, қалың қары екіншіден Алматы, Алатау алабын босатпай қойды. Бұл күнде, Алматы маңындағы Іле, Қаскелең, Жамбыл аудандарының малдары және осы аудандардағы үлкен қой совхоздары мен КИЖ шаруасы да қысылшаң күйде. Көптен бері қыс ызғары өкшелеп қуғандықтан, көп мал құмға қарай ауыса бастаған. Қойды тебінге жаятын шаруалар осылай өткен еді.

Бірақ ол отарлардың көбі құмға қыс басынан жетпей, жылдағы күйге сеніп, қарды қалындатып алды. Құмға жетер жолдары қарлы болған соң мырза құмның пайдасын молынан көре алмады. Қойлары қалың қарды, аш күйде, шұбыртпамен көшкен соң, құмға жеткенше көп отар тұралап қалған.

Қазірде қыс аяғы тақалса да, талай отар қысылып отыр. Жұт бір колхоздың фермасын етектен алса, бірін жағадан да алды.

Бұл кездер, астанаға жақын аудандардың басшылығын да үлкен қарбаласқа салды. Малды жұттан құтқарамыз деген аса асығыс науқанға бәрін де жұмылдырған еді. Астананың өзінде, Алматының облыстық партия комитетінде, атқару комитетінде, күндіз-түн мал қамын ойлап тығыз шараларды қамдап, жиі-жиі өткізіліп жатқан жиылыстар бар. Ісшіл, қысқа мәжілістер, Алматыдан аудандарға, құмға қарай көп адамды асықтыра жөнелтіп жатыр. Олар жауапты қызметкерлер, шаруа қайраткерлері, ірі мамандар болатын. Құм ішіне машина — көлік қардан, ұзақ жолсыздан жете алмастай болған соң, дәнді азық топ-топ үлкен самолеттермен, күндіз-түні жөнелтіліп жатқан.

Бұндай қарбалас шараларға келгенде облыс, аудан басшылығына республиканың ең жоғарғы партия, совет орындары өздері де тығыз көмек етуде. Құмдағы мал күйін, көз алмай бағуда болатын. Алматының тап ортасындағы өкімет үйінде түн бойы еңбек шамы сөнбейді. Жауапты кабинеттерде қазір құмдағы мал жөнінен ақпар берілетін болса, өзге хабардың, қам-қарекеттің бәрінен бұрын, кезекті сол алады. Радио хабарлар мен аудандардың телефон сөзі күндіз-түні ең зор түйінді қозғайды.

Сөйтіп Есіргеп шаруасының мұңы мен жәйі да, март аяғында қой қоздауға тақаған кезде, жаңағыдай қалың жұртшылықтың үлкен қамқорлықпен ойлайтын жәйі болған-ды.

Құм ішіне өз отарын өзге шабандардың бәрінен бұрын, ерте апарып жайғастырған Есіргеп, осы өткен айларда малды жұттан арашалау жөнінде өзгеше өнер көрсетті. Қыс бойы үй ішіндегі серіктерімен, биылғы бар қиындыққа қаеарысып шыдасуға серттесіп алған. Әсіресе январь ішінде, алай-түлей боран ішінде, отарына шапқан қасқырдан малын амандап қалған соң, үй ішімен берік бір байлау жасаған. Онысы — қыстың ортасында қиналудан, күйсіздіктен қорғанбай жиі көшіп отыру тұрасында болатын. Шұқырдан соң шұқырды жиі ауыстырып отырмақ.

Алғаш құмға келгенде бұл отар, ел-жұрттан жалғыз жырылып кеткен, оқшау отар еді. Қыс қатая бастағанда, қиналып сасқан колхоздар мен совхоздардың бірталай

шабандары «Есіргеп ақыл тапты» десті. Олар да Сарысу құмының Есіргеп отарына көршілес көп шұқырларына келді. Құмға Есіргепті өкшелей кеп кірген КИЖ шабандары: Жүзбай, Қыстаубек, Қожаш сияқтылар болатын. Есіргеп болса, Қанипа, Әсияларға жиі көшу жөнінен ақыл салғанда:

— Біздің баққанымыз, құмды алғаш көріп отырған бөлек тұқым. Осының камын ойлап, «әлдеқандай болады» деп, қорыққаннан елден аулақтап, қыс басында-ақ құмға кеп тығылып ем. Енді көрші боп келген отарлар құмның сирек отын таласа жеп, біздің қойдың өрісін тарылтатын боп отыр. Бұрын келген біз босақ, әзір қойымыз күйлі. Көші-қоннан, құм ішіне алыстап кетуден қорықпайды. Сендерден өтінішім босын. Дәл осы кәпір қыс өткенше әлсіремей, жұрт іздемей-ақ шыдай тұрайық. Келіндер, айына екі-үш көшіп, қойдың өрісін үнемі сонылап отырайық. Сол еңбегіңе осы қойлардың татиды. Едбегінді артыңдағы ел-жұртың ақтайды.

Мен жер шалудан, соныдан соны табудан қол үзбейін. Сендер тек «ал көш» дегенде көш те отыр,— деген-ді.

Осыдан соңғы қыстың екі жарым айында, апрельдің бас кезіне шейін ақ қойлар отары Сарытау құмының барсонысын, асықпай шүйгіп жүріп, баптап жеді. Соңада Бобров әкеп берген екі аттың қайраты да көп еді. Күн суытып, құм қары қалындай берсе, не торы төбел, не қызыл атқа мініп алып, бір күн, екі күндік азығын қоржынына салып ап, қайратты қарт Есіргеп, жапа-жалғыз, тынбай жортып, құм кезеді. Қардың жұқа жеріне, изен, сркек қалың тұрған жерге көшіреді. Қыс кәрінен қысылмады. Қойларын, сәл де болса, жүдетпеді.

Қой күйлі болғандықтан, бұның жас серіктері де қабак шытпай, қынжылып жүдемей, құлшына қайрат етті. Жер шалудан, үй көшіруден бос болған күнінде Есіргеп ертеден қара кешке атынан түспейді, Қанипа қасында боп, қойдың жәйлісін бағады. Әр топ қойдың шөп жесін, жүрісін, төзімділігін сынайды. Көп анысын аңдайды.

Бұл айларда құм қасқыры біліне беретін болған соң, және Әсияның аяғы ауырлай бастаған соң, түн күзетін Есіргеп жалғыз Әсияға міндет қылмайды. Қасына Бобров жіберген бала жігіт Әлімді қосқан. Күзет мықты, сенімді болсын деп, түнгі жүріске жылпос, ақ шеке биені Әлімге мінгізіп қойды. Соған тыным алдырмай, түн бойы ауыл айналасын атпен күзеттірген.

Әсия бұл кездерде, мол ішікке бранши, жылы қанып отырады. Күнде Балжан өзі баптап салып беретін текемет, бөстек үстіне жайланып отырып, әнменен, сақтық күзет айғайымен уақыт өткізеді. Ол түн күзетінің басқарушысы болып, қыстың ұзақ танында бір мызғымайды. Әлімді де тыным алдырмай, қотан айналдырып, жүргізіп қояды. Бұл отарға, осындай сақайған күзет соңынан күм қасқыры қайта беттеп, соқтыға алмайтын болады. Олардың, тобы болсын, жекесі болсын, күм шетінде кейіндеп қалған көп отар жағына ауысты.

Март аяқтап келе жатыр, енді аз күнде қой қоздайтын шағы жақын. Ұзаққа созылған қыс керенаулау шенгелінен құмдағы малдарды әрең-әрең босатып, енді-енді ғана шегініп барады. Күм қары тез еріп, шегінумен қатар, Есіргеп отарды сол қарды өкшелеп келеді. Қойды күндегі өрісімен баптап жая отырып, апрельдің басына тақағанда, он күн ішінде алты-жеті көшіп, жылдағы қой қоздататын жері — Қанбұлақ, Жылыбұлақ тұсына жетті. Осы арада келіп қона сала, бұрынғы жылдарда, жақсы жылдарда, жас қозыларды паналататын жер үйшікті шапшаң қазуға, түзеуге, тазалауға кірісті.

Мөлшерлі күн, өлшеулі ай жеткенде, Жылыбұлақта отырған ақ қойлар отарының үстіндегі кең аспан мөлдіреп көгере бастады. Жарқырап, жадыраған жылы түн келді. Дәл осы күндерде, жайылысқа мамырлап, ақырын жылжып барып жүрген ақ қойлардың ене құрсақтары жіби түсті. Биылғы жылдың тұңғыш төлдері дүние жүзіне шыға бастады.

Қозы күндіз де, түнде де қауырт туды. Алғашқы үш күннің өзінде жүзге жуық қозы туып еді. Есіргептер әзірлеген үш үйшіктің қасына құрғақ көң себілген болатын. Сол үйшіктердің қазір екеуі толып қалды. Қойдың жиі қоздауынан Қанипа мен Әсия қатғы күдіктенеді. «Қалған үйшік біреу-ақ. Қозы сыймайды, ендігісін қайтеміз? Күн жылына бастағанмен, түн әлі ызғарлы, суық. Үйшікке сыймаған жас қозы қатып қалады-ау», деп қайғыра бастаған еді. Қыста күм кезіп суық сорып шыққан қойлардың қозысы әлсіз боп, сүті де аз боп туады. Оның үстіне үйшіксіз болса, төлді аман алып қалудан ақсаймыз-ау, деп қорқып еді. Қойдың осындай қауырт қоздауы басталып, төртінші күн өткенде Бобров пен Асан тағы жетті.

Көптен көріспеген достарына Бобров, дәл бір ұзақ

жолға кеткен осы үйдің қымбат, ыстық жақынындай келді. Ол Есірге, Балжанмен қол сілкісіп амандасты. Жас әйелдерге амандасарда:

— Амансыздар ма, менің «папаниншыларым», қосшыларым,— деп күлді.

Оның ойына Арктикада, елсіз тауда, шет теңізде кейде отанының ұлы тапсырмасын орындап қыстайтын, үшеу-төртеу ғана боп, оқшау өмір, ерлік өмір кешіретін совет қайраткерлері түсіп еді.

Әсияның қысты күні қасқырды өлтірген қайратын құттықтап, арқаға қағып құшақтап амандасты. Үй сыртында атынан түсе сала, ала қоржынды толтырып әкелген сыйларын Қанипа қолына, сол арада табыс етіп жатыр. Балжанға деп көп шәй әкелті. Жастарына конфет, тәттілерін, шәлі, көйлектерін берді. Күліп қуанысқан жас әйелдерден алғысын алып жатыр. Асанның да жүгі бар екен. Оның көбі газет, журналдар, жастарға арналған кітаптар. Және шаруалық бір аспабы да бар. Ол қозылардың салмағын өлшейтін кір. Осы көктемде биылғы қозыларға айрықша ғылымдық, зерттегіштік баға беріледі. Сонда кір, оқымысты адамдардың аса қажет аспабы болады. Бобров Есіргеітің қойының дін аман боп, биылғы қатты қысты, ауыр жұтты елемей шыққанын түгел білді. Бұндағы жас әйелдердің қозылар турасындағы, үйшік жетпеу турасындағы қауіп, күдігіне де қанды. Келе сала бүгін туған қозылар мен үш-төрт күн бұрын ең алғаш туған қозылардың салмағын салыстырып, көп өлшеді. Көп жазып отырып ақыры түске жақын өзін де, Әсия, Қанипаны да анық жұбататын қорытындыға келді. Бобровтың Асанмен ақылдасып отырып түйген ойын қазір Қанипаға Асан айтып берді.

— Үйшік аз деп саспаңдар. Ақ қой қазақ қойынан уызды болады. Биыл мынау жұт жылдың өзінде онысы, аса қымбат сыпаты болып отыр. Үйшікте үш күн тұрған қозылар көп салмақ қосыпты. Енелері бұларды күс төсекте, жылы жайда тірлік етесің деп тапқан жоқ. Үйшікте үш күн тұру жетеді. Енелері шыдағанда бұлар да көнеді. Үйрене берсін, бұ да тәжірибе. Ақ қойдың нәсілі туралы, тұқымдық сыпаты туралы, биыл жасайтын біздің байлаулы қорытындымызға, бұл үлкен қосымша болады. Туғанына үш күн болған қозыларды бүгін-ақ үйшіктен шығарып, орнын ендігі жастарына босата беріндер,— деп бұйрық, нұсқау берді.

Осыдан кейін шаруа қамқорларының көңілі жайланып, қыстың қысылшаны, күпті көңілдерден жадырай бастады. Бұрын туған қозылар үйшіктен маңырай шығып, кешкі жайылыстан қайтқан енелерінің бауырына кірді. Алғашқы суық түндердің өзінде-ақ, сол енелерінің ығына, бауырына, жүндес бүйіріне тығылып жатып күйзелмей өткерді.

Бобровтар осы келгеннен, мың қойлы отар түгел қоздап болғанша қайтқан жоқ. Апрельдің орта кезінде тең жарыдан артық қой қоздап болған еді. Ақ қойлардың жұтқа мықты, жайылысқа мығым, құмнан қорықпас, асыл жүнді, көп жақсы сипатынан басқа, тағы бір белгісі байқалды.

Қазақ қойының өсімінен бұның төл саны да қара үзіп, озық боп шықты. Бобров КИЖ қойының әр тұқымды баққан отарында боп, биылғы төлді орта есеппен, бес жүз қойдан шамалап есептеп келген еді. Мына отарда, ақ қой туралы сол есебін қорытқанда, жүз саулыққа жүз отыз қозы туғанын білдірді. Дәл осы жылда қазақ қойы жүз саулыққа тоқсан сегіз қозы берген екен.

Енді жыл аяғы бұл отар үшін игілікке айналды. Күн, мейлінше жылынумен қатар, Жылыбұлақ атрабындағы бозғыл, тақыр төбелерге аласа жусан мен тықыр өскен шағыр, шытыр пайда бола бастады. Күн нұрланып қуанта туады. Қызара балқып, жылы самал кешке айналып, сүйсіндіре бастады. Маңғыстап мамыр, баяу көктем келді. Ересек тартып қалған ақ қозылар көктем шаттығын, сүтке тойған бойынан ең алғаш білдіре бастады. Тонырлап, жүгірісіп, қалқан құлақтары сербеңдеп секіріп ортқып, ойнай береді. Балжанның қазаны толып, уыз пісіріледі. Тегене, шарасы толып, қаймағы қалың, қою тәтті айран-қатығы молайды.

Жылыбұлақтың қар суымен молайған ағысы алысқа жарқырайды. Кең сайды қуалап, өлке бойына қақ тұрғызды. Көктем көркін, айнадай мөлдір бетіне түсіреді. Осы суға ертелі-кеш, тобымен ұшқан жыл құсы кеп қонады. Қиқулап, шулап, жаңа көктемді, ақ қанаттарын сабалап ұшып, қошемет етеді. Қаз қанқылдап, шағала, қызғыш шырылдай созып, үн қатады. Биік көк аспанда, әсем көктем ертесіндей боп шығыс ертегілерінің ақ пері қыздарындай боп, ұзын қатарымен сұңқ-сұңқ үн толқынын салып, аққулар шырқап, өтіп жатады.

Дәл осы апрель ортасында, ең соңғы күндерге шейін

түнгі күзетпен, жас қозылар қамынан өзінің ойын бөлмеген қайратты, төзімді жас әйел Әсия өз өмірінде ең алғаш рет ана болды. Жарым күндей толғатып, түс ауа өзінің алғашқы перзентін тапты. Бірнеше ай бойында, жас анасының құрсағында оң бүйірін түртіп жүрген перзент, ұл боп туды.

Бұл отарда бөгде бөтен әйел жоқ. Сондықтан кіндік шеше боп Қанипа өзі қам етті. Бүгін күн ұзын, ат үстінен түспеске бекініп кеткен Есіргеп, кешке шейін оралған жоқ еді. Бобров болса, «Әсия халында, әлдеқандай қиыншылық болса дәрі-дәрмекпен көмегі, себім тиер» деп, ауылда қалған. Әсияның аман босанғандығына Балжан мен Қанипа қатты қуанышты еді, Бобров үй іші өбден жайланып болған соң әйелдердің ортасына келді. Қызара күліп, әлденеден ұяла түсіп:

— Жақсы болды. Қандай жақсы болды. Бұл бақытты бала болады. Жақсы көріндер. Балжан, Қанипа, сендер Әсиядан да жақсы көріндер,— деді.

Осы жолға келісінде Бобров пен Асан, Қызыл Армияның жауыз дұшпанды жапыра қуып, қан жоса қып бара жатқанын айтқан. Жауды Берлинге апарып тыққанын, және аз күнде Берлин құлайтынын дұшпанның табан астына түгел түсетінін, қуанышты хабар етіп айтып бергенді.

— Жау жеңілді, соғыстан азамат қайтады. Ел қуаныш, жеңіс тойын биыл жаз бойы тойлайды,— деген сөздерді Асан мен Бобров кешкі шай мен ас үстінде көп әңгімелейтін. Есіргеп, Қанипалар соғыстың біту жәйін, азаматтың қайту үмітін Бобровтан сұрай түсіп: «Айтқаның кесін, дегенің босын, тілеуің берсін»,— десетін.

Әсияның босануы осындай бір көп жұбаныш, көп үміттің тоғысқан шағына тап келді. Күліп келген көктемнің мейірлі, шаңқай түсіне дәл келді.

Есіргеп далада, қой ішінде жүрген кезде:

— Шал, қуан. Әсия саған жақсы ұл тапты,— деп шүйіншіні Бобров өзі сұрады.

Есіргеп үн қатқан жоқ. Тек Бобровтың достығына сүйсінді де, үндемей ғана қолын қысып тұрып, арқасынан қақты.

Көпке шейін екеуі ешбір жайдан сөйлей алмады. Бұлар қойды жайып жүріп кеш болғанда ғана ауылға қайтысты.

Бұл уақытта Асан мен Қанипа үйге текемет, сырмақ-

тар жайып, өздерінше, жақсы бір көңілді кеш өткізбектей еді. Шылдақана, қалжа күні сияқты Бобров күн ұзын Есіргеп қасында жүргенде, бала туралы көп айтты. Жарытымды жауап ала алмаса да Есіргепті бірталай жуасытып, мойындатып келген-ді. Осы түнде Есіргеп, өзінің үй ішіне кірген өзгеріс туралы, ас алдында бір-ақ қана сөз қатты.

— Ер азамат жауды жеңген қарсыда туған екен. Бұның атын «Жеңісбек» қоям, «Жеңісбек» болсын,— деді.— Әлдеқандай бір тілекті, аталық батаны күбірлей қана айтты да, Балжан, Қанипаларды жылы шыраймен жұбата түсіп, бетін сипады.

VI

Арада жыл жарымдай мезгіл өтті. Бұл мезгіл, ақ қойларды Қазақстан халық шаруашылығы мен бүкіл одақтық халық шаруасын басқаратын зор орындардың түгел танып біліп, бағалап, қабыл етуінің мезгілі болды. Ақ қойлармен қатар, солар нәсілінің дүниеге жаңа бір тұқым боп келуіне себепші болған әрі ғалым, әрі шабан, зерделі профессор Бобровтың да ірі еңбегін танудың, бағалаудың жылы болды. Профессор Бобров өзін бағалаған жұртшылықтың төменінен жоғарысына шейін, өзімен қатар еңбек еткен, бір топ жас оқымысты мамандарды бірге танытты. Және әсіресе өзі жүріп, Алматыдағы басшылық орындарға өз аузымен ерекше алғыстар, мақтаулар алып, Есіргеп үй ішінің еңбегін де танытып, бағалатты.

Жаңа тұқым туғызу оңай жұмыс емес-ті. Ол он төрт жылдай осы Қарғалы бойында, осы КИЖ шаруашылығының соңында, қысы-жазы қол үзбей тәжірибе жасаудың қорытындысы болып шыққан.

Бұл тұқымды шын, жаңа, асыл нәсіл деп танып бағалап алу да оңай болған жоқ. Қадағалап, сынаудың талай сатысынан өткен.

Әуелгі саты — Қазақстанның мал шаруасын ғылым жолымен зерттейтін институт — КИЖ болған. Соның оқымыстылар кеңесі, ауыл шаруашылығы академиясының Қазақстандық филиалы — ВАСХНИЛ кеңесінде, ақ қойлар дерегін ұсынған. Ауылшаруашылығы ғылымының Қазақстандағы ең жоғары, ең білімдар, абыройлы орны осы еді. Бұның басында отырған қазақтан шыққан, биология ғылымының докторы Әмір болатын, Ол өзі де,

дамылсыз тәжірибе ғылымы болғандықтан Есіргеп пен Әснидан басталған құмдағы ауыр еңбек жемісін әр кезде қадағалап сұрап, жақсы біліп жүруші еді. Бобров ісінің де ең зор, ең ынталы тілеулесі, дос көмекшісі осы болатын. Ақ қойлар жәйі бұның қолына келісімен, үлкен істің кең бағасы берілу жолы енді басталды.

Бобров пен ақ қойлар жаңалығы — Қазақстанның Жер Комиссариатында, Халық Комиссарлар Советінде, Одақтық Жер Комиссариатында, Москвадағы мал шаруасын зерттейтін атақты ғалымдар арасында, институттар мен академияда бірер айдың ішінде түгел мәлім болды. Ақ қойлардың туысын Әмір Одақ бойына үлкен сенімді қуанышпен мәлім етті.

Осындай үлкен дабыл, ғылым дабылын берген мәлімдемелер соңынан, Москвадан айрықша ірі мамандар комиссиясы шықты. Қазақстан шаруа орындарымен біріккен комиссиялар, ұзын Қарғалы бойына тартты. Есіргептің отарындағы ақ қойларға талай рет келіп зерттегіш, танығыш, білгіш көздермен бар сапасын анықтады. Шын жаңа тұқым, асыл тұқым деп танып қайтты.

Ақ қойлар да жаңа бір ат алды. Енді ол қойлар, дүние жүзінің, қой жөніндегі ғылымның тілінде «Қазақтың жібек жүн қойы» деп аталатын болды. Сол жібек жүн қойдың жәйі осы жаңа бесжылдықтың алғашқы жылында шықты. Республикалық одақтық баспа жүзінде сан рет жазылып, ол жұртшылыққа түгел танылды. Қазақтың жібек жүн қойын білмеген қазақ оқушылары да жоқ еді.

Осындайлық бірі артынан бірі келген игіліктердің, қуаныштардың арты, Қарғалы суының бойында, күздің ашық, жылы, жәйлі бір күнінде мамандар мен шабандардың қызықты қызу тойына әкелді.

Қарғалыдағы Есіргептер тойына қуаныш білдіре келген қонақ көп. ҚИЖ-дің өз қауымынан басқа көршілес аудан Жамбылдан, Қаскелеңнен келгендер бар. Астананың өзінен де сан машина көп алуан оқығандар жұртшылығын әкелді. Ұзын Қарғалының кең көгал сызатына, ойдым-ойдым көгалдарына қонып, бие байлап, түйе сауған, қалың қойларын семірте жайған көп отарлар болатын. Сол отарлардан Жүзбай, Қожаш, Керей, Есбайлар бүгін Есіргеп үйінің жанына, өздерінің үйлерін де көшіріп әкепті. Ыдыс-аяғын, көрпе-жастық, кілем-сырмағын, асжаулық-орамалдарына шейін, бар

бұйымдарын көмекке әкеліпті. Аттылы, арбаалы, түлем қонақтар, Қарғалының жоғары-төменгі бойларының екі жағасынан Есіргеп отарына ағылып келе бастады.

Қатарлап тігілген кішілеу қоңыр үйлер, бүгін келіп жатқан қалың қонаққа үнемі үзбестен ас беріп, сыйлаумен болды. Қазір Әсия, Қанипа, Балжандарға қосылған Ұлбике, Бағила, Әнипа сияқты көп кәрі-жас әйелдер самауырлар қайнатады. Жер ошақ басындағы қазандардан табақ-табақ ас тасумен тыным алмайды. Бірақ қонақшыл үйлердің жұртты күтуінде бір ретсіздік жоқ.

Ақырын күлісіп қана қарбалассыз, кейіссіз қимыл еткен әйелдер арасында, қонақ күтуді өзі басқарып, Есіргеп жүр. Оның қасында Асан, Әлім сияқты, Қожаш, Жүзбай сияқты кәрі-жас серіктері де шаң-шұң шығармайды. Неше жүздеген адамдарды бірнеше ғана момын, қоңыр үйлерден тойдырады. Қымыз бен өзге ішкілікке қандырып, қызара бөрттіріп, шығарып жатыр.

Әр үйде, әр алуан көңілді жиындар бар. Бір үйде әнші, ақын әйелдер мен жігіттердің айтысы жүріп жатыр. Тағы бір үйде, орталық кең үйде, қаладан келген қонақтар арасында атақты халық әншісі үнді, шешен домбырасын бебеу қақтырады. Мың бұралған, күміс толқынды, сырлы, күйлі әндерін шырқайды. Дәл түс кезінде қонақтар ас ішіп, жайланып болған соң, барлық жиынды сыртқа, кең көгалға шақырған үндер келді.

Дөңгелене отырған жиынның артында түрекеп тұрған ел де көп. Олардың сыртында, аттарына мініп ап, енді ат үсті ойынды күткен жас әйел, жас еркектер топтары тұр. Жүйріктерін зорға тыныштық алдырып, дөңгелек айналып, адуаны бөлек бір жиын жасап, жағалай қоршап тұр. Оқымыстылар мен шабандардың қуаныш тойына өзі басшылық еткен және Есіргептің барлық үй ішінің қатты тату, достық тапқаны Әмір еді. Ол Қазақстандағы Ауыл шараушылығы ғылымдарының ең жоғары орны ВАСХНИЛ атынан, мәжілісті ашты. Аз сөзбенен қойлардың халық шаруасына беретін зор сапасын айтып еді.

Бобров пен Есіргептер еңбегінен туып молайған асыл нәсіл биылғы жылы Қазақстанның қақ жарымына тұқым шашуға таратылып, жіберілгенін баян етті. Кавказдан, Еділ бойынан, Дон жағасынан, алыс Украинадан осы тұқымды қойлардың сол жаққа барып, ұрық таратуын тілеп жатқан атақты, ірі-ірі совхоздардың талап-

тарын айтты. Қазақстан сахрасында, Сталиндік жаңа бесжылдық жоспары бойынша жанданатын, қазір иен жатқан Бетпақ шөлі, Мойынқұм, Қаракұм, Қызылқұмдар бар. Құт жайлаулары, салқын, самал белдері миллиондаған қой түлігін тосып тұрған — Алатау, Алтай, Тарбағатай, Ұлытаулар сияқты, ұлан-ұзақ өрістер бар. Әмір осының көбіне жібек жүнді, еті мол, төзімге берік, ақ қойлар тарап өрбитінін айтты. Ұзын бойлы, келбетті, сұлу жүзді Әмірдің әр сөзінде Бобров пен Есіргептердің ұзақ жылдар бойындағы қысқы, жазғы қажымас-қажыр, саналы азаматтық еңбегіне арналған алғыс, шын достық білініп еді.

Осы мәжілісте Ұлы Одақ қаулысымен аталған сыйларды Қазақстан Жоғары Советінің атынан тапсыра келген жауапты хатшы сөз сөйледі. Аққұба жүзі бар, салмақты, сабырлы сөзі бар жоғарғы үкімет уәкілі — Бобровтан бастап Есіргеп, Әсия, Қанипа, Балжандарға шейін арнаулы сыйларды беріп, ордендерін кеуделеріне тағып, барлық еңбек ерлеріне Отан алғысын айтып тұрды. Көңілді, қысқа, салтанатты жиылысты колхозшы ақын ескек жырмен құттықтады. Есіргептерді Қазақстанның көркем өнері де құрметтеді. Өнер тілімен құттықтауға келген дөңгелек, қызыл жүзді, толық денелі сыршыл әнші «Қанатталды», «Көгаршынды» қалқытты. Шабандар ортасының қуаныш мерекесін бұлбұл сазға бөлегендей боп еді. Үні мен әсем ыргақ әніне, бар Қазақстан қанық болған әншіні ұзын Қарғалы бойындағы колхозшы, шабандар да өз орталарының адамындай біледі екен.

Ат үстінде тұрған көңілді жастар, даурыға тілек етіп әншіге оның атақты «Құлагерін» де айтқызды. Кең өлкеде қоралап қой, үйірлеп жылқы өсірген колхоз елі атақты «Құлагер» сапасындай шабыс өнер тілеп, ат үсті ойынға шықты.

Аттары мен жігіттері сай ҚИЖ, қонаққа келген аудандардың колхозшыларымен бәсеке жарысқа түсті. Құш сынауы қызуында күні бойы сән-сауығын өткізді.

Бобров пен Есіргеп ат үсті қызудан да, көпшілік сауық-сайранынан да қалысқан жоқ. «Додаға» түскен неше жүз атты ойыншылар біріне бірі серкені бермей, қалың қырқыс, тартысқа түсті. Бобровтың оқымысты жас көмекшілері де көкпарда жүр.

Тегінде, Бобров маңындағы қазақ мамандары сияқты

орыс жастарының бәрі де Бобровтың өзінен үлгі алатын. Шабандар тұрмысына шын бейілімен, өт-баурымен араласып кеткен болатын. Олар да Бобровша Балжанның қою шәйін сүйеді. Қой қатығына, жазғы қымызына қазақтан бетер құнығып алған. Жатыс, тұрыста, ат үсті шабыс, жүрісте шабандар не істесе, неге шыдап, нені қызық сауық етсе, соны олар да өздерінің аса құмар машығы етіп алған. Бұлардың қазақ тіліне де жүйрік боп алғандары бар. Солардың ішінен қазір додаға бар жанын салып, зор қызумен түсіп жүрген Оксенов Федя, Бойко Семен болатын.

Бобров пен Есіргеп дода үстінде қырқысып жатқан аттылар тобынан биігірек бір төбеге шығып, қызулы жастардың үндерін тыңдайды. КИЖ жігіттері қалың қырқысу үстінде, ылғи бірін бірі айғайлап атап, үн қосады. Сонда кеп шабандар, серке тартуға сенімді Бойконы шақырады. «Симон, Симон!» деп бір үн салса, тағы бір кезде Федяны «Петке, Петке!» деп шақырып қояды.

Басындағы қалпағы қайда қалғаны мәлім емес, сұйық, сарғыш шашының түбіне шейін беті-басы қыпқызыл боп қайратқа басып алған Семен доданың нақ ортасында сұр серкені тақымына басып ап, жүздеген аттардың арасында жиі-жиі көрінеді. Бұны КИЖ шабандары айғайлап шақырса, Семен үнемі айғайлап үн салады. Өзіне сенімді серік болған Қожаш, Қыстаубек, Жайлаубектерді қайта-қайта шақырады. Бір кезек Қожаш қолына серкені берді. Адай айғырға мінген Қожаш топтан сытыла қамшылай жөнелгенде, артынан ілесе шапқан Семен мен Федя «Қожаш, Қожаш!»— деп айғайлады.

Ойын қызу арасынан бір уақыт ауылға оралған Есіргептің алдынан Жеңісбек жылап шықты. Қызғылт жүзді, мөлдіреген мойыл көзді, кішкентай қара кекілі бар Жеңісбек атасының алдынан әлдекімді шағып, қатты жылап келеді екен. Бүгінгі күні бойы көңілді күйінен Есіргептің ең алғаш күйініп өзгергені осы шак болды. Күн баласындай, көркем, нұрлы Жеңісбек қазір бұған жетімсіреп жылағандай көрінді. Кішкентай баласына жаны қатты ашыды. Ат үстінен еңкейіп кеп, алдына көтеріп алды.

— Әкем, кім тиді. Кім жылатып кетті, менің кішкентайымды. Жарығым, жалғызымды,— деп баурына қат-

ты қысты. Жеңісбектің тақырлау төбесінен, құлағынан сан рет жабыса сүйді, нискелей түсіп, еміреніп сүйеді.

Омырауында жаңа ордендері жарқыраған, қонақтары түгел сыйлап болған Әсия мен Қанипа «Асыл жар» әнін салады. Барқыт кемзалдарын киіп, бастарына қызыл жібек орамалдарын тартқан көңілді әйелдер шеткі үйдің жанында тұр. Жеңісбек үшін құрақ ұшып, жаны қалмай аймалап келе жатқан Есіргеппе қарап, сүйсіне күлісті.

Есті қарт Есіргеппе, былтырғы жылы жас нәрестенің атын өзі қойғанда, соғыстағы жеңісті бір мерзім етсе, өзінің қыңырлығын жеңген жаңа туысқа және мойындап «Жеңісбек» қойған екен,..

ТҮСІНІКТЕР

«Көксерек» 1929 жылы «Жаңа әдебиеттің» екінші-үшінші номерлері, 1936 жылы «Қараш-Қараш» (жинақ), 1957 жылы «Пионер» журналының 9-номері, 1960 жылы А. Пантиелевтің аудармасы бойынша орыс тілінде «Новый мир» журналының төртінші номерінде, 1960 жылы «Қараш-Қараш» (жинақ) шықты. Кейін бұл шығарма А. Пантиелевтің аудармасы бойынша 1961 жылы орыс тілінде Москвада «Серый лютый» (жинақ), 1962 жылы өзбек тілінде «Қараш-Қараш» (жинақ) беттерінде шықты.

1967 ж. он екі томдық жинақтың 1-томында (311—336 беттер), 1975 ж. «Қилы заман» жинағында (257—283 беттер), Москвада шыққан бес томдық жинақтың 1-томында (1973 ж. 359—379 беттер), «Племя младое» жинағында (1977 ж. 87—86 беттер) орыс тілінде жарияланды. 20 томдыққа 1967 ж. он екі томдық жинақтың 1-томындағы текст енгізілді. 1929 жылдан 1960 жылға шейін қазақ тілінде неше рет баспа бетін көрген «Көксеректің» алғашқы нұсқасы кейінгі жариялануларында көркемдік өңдеуге онша ұшырамаған.

Шығарма: «Бажыл-быжыл», «асасып жатыр — асап жатыр», «күрт-күрт шайнайды — күрт-күрт шайнайды», «аздан соң қараладың құйрығы қалды — аздан соң қараланың қара табандары мен құйрығы қалды», «қайта қақсатты — қайта қан қақсатты» болып өзгерсе, бұдан басқа алғашқы нұсқаға тыннан кірген: Көксеректің бұл жайын байқап ап Құрмаштың әжесі:

— Тұу, мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл болып кетіпті-ау, тұқымын сезген екен мына жүзқара; қой, балам, енді мұны өлтіріп терісін алайық, — деп еді. Құрмаш бұл сөзге көнбеді. Бірақ осы кештен екі күн өткен соң Көксерек бір түн ішінде жоқ болды. Құрмаш қашып кетті деуге қымай, айналадағы ши-қарағанды, жар-жыраларды тегіс арылтты. Таба алмады. Осымен жұрттың бәрі кеттіге есептеп қойып еді, үш күн өткенде бір күні таңертең ойда жоқтан Көксерек өз-өзінен сап ете түсті. Құрмаш пен әжесі қасқырдың бұл мінезіне сүйсініп қуана қарсы алды. Бұл келгенде Көксерек екі бүйірі суалып, ашыққан. Өзінің үсті-басы батпақ болып, сыбағысқан собалақ жүдеу пішімен келді. Қайта тұрып қалды. Тағы да бұрынғысына күйленіп, ық семіріп енді орасан боп өсе бастады.

Бұл соғыс күйленуі, шынымен үлкен қасқыр боп ұлғаюының белгісі еді. Сонысын сезген болу керек, күздің бір қара дауылды қара түнінде Көксерек тағы да жоқ боп шықты. Бұл жолғысы шын болды. Енді қайта оралмастай болып кетті. Сол көк қасқыр сарышұнақ пен қоянның көжегі сияқтыны азық қыла жүріп, өлместей боп алды. Қысқа да жеткен еді» деген сөздер бар (М. Әуезов. Қараш-Қараш, 1960, 381—382-беттер).

ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ

Мұхтар Әуезовтің жиырмасыншы жылдардағы прозалық шығармаларының ең көркем әрі ең көлемділерінің бірі — «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі. Бұл шығарма алғаш рет «Жаңа мектеп» журналында (1927, 11—12, 72—91-беттер және 1928, 1, 68—90-беттер; 2—3, 69—96-беттер; 4—5, 48—57-беттер) жарияланды, кейін «Қараш-Қараш» жинағына (Алматы, 1936, 5—60-беттер) енді.

Елуінші жылдардың аяқ шетінде жазушы бұл повесін қайта қа-

рап өңдеді. Содан кейін повесть «Социалистік Қазақстан» газетінде (1959 жыл, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 30 август; 1, 2, 3 сентябрь және «Қараш-Қараш» жинағында (Алматы, 1960, 3—73-беттер) басылды.

Повестің бірер үзіндісі орыс тілінде отызыншы жылдардың орта тұсында шықты (Главы из повести «Қараш-Қараш». «Литературный Казахстан», 1935, 5—6, стр. 25—34). Кейін повесть орыс тіліне «Вистрел на перевале» («Асуда атылған оқ») деген атпен аударылып, «Литературная газетада» (1961, 27 июль) үзіндісі, ал «Дружба народов» журналында (1961, № 7, стр. 120—166) тұтастай басылды, жеке кітап боп шықты. Бұл повесть «Мечь Бактыгула» («Бактығұл кегі») деген атпен француз тіліне және басқа да бірталай тілдерге аударылды.

Кейін жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 1-томында (1967 ж. 238—310 б.), 1975 жылы «Қилы заман» атты кітапта шықты және орыс тілінде Москвада шыққан бес томдық шығармалар жинағының 1-томында (156—228 б.), «Жазушы» баспасының шығарған жазушының «Племя младое» (1977 ж. 87—146 б.) атты кітабында шықты. Ал бұл 20 томдыққа 12 томдық жинақтағы нұсқа алынып отыр.

«Қараш-Қараш оқиғасы» повесінің «Жаңа мектеп» журналында және 1936 жылғы «Қараш-Қараш» жинағында жарияланған нұсқаларын салыстырып қарағанда олардың арасында айырмашылық онша еместігі байқалады. Жазушы повестің алғашқы нұсқасының кей тұстарына қалам тигізіп, ықшамдай түсіп отырған немесе аздап тыннан қосқан. Мысалы, мынадай тұстары қысқарып қалған:

«Мінгізіп алып, жоғарғы бетте мертiгiңiзiреп, талмаурап калып, өлі күнге тұрмай жатқан атын алды да, бар жылқышы жылқыға қарай қайта аяндады» («Жаңа мектеп», 1927, 11—12, 82-бет).

«Бактығұл қазiргi сағатта өз қылығына да, үй iшiнiң қуанышты шырайына да ырза едi. Осы күйдi жоқтап, тоқтық пен тыныштықты көкесп, кедейлiк боқтықпен алысып, құлазыған үйiн жылытамын, жанартамын, күлдiрiп жұбатамын деп iстеп жүрген өз iстерiн еске алды» («Жаңа мектеп», 1927, 83-бет).

«Бiрақ солай болумен бiрге мұныа үйiнiң iшi партияның тұсындағы аласапыранда көп күйденiп, тыңайып калып едi. Табыстың малы басында болыстың сабасына сарқатып болса, аяғында Бактығұлдың өзiне де артылып, өз шаруасына да жақсы қор болуға айналды. Күз болыстың аулынан айрылып өз қорасына көшiп келгенде Бактығұлда жиырма шақты ажарлы жуан қара, 20—30 қой пайда болды. Тамақ өз үйiмен де тоғаятын, киiм өз бетiмен де көркейтетiн болды. Қара катын жоны жазылып, бетiмен майы шығып ажарланды. Тәттi-дәмдiге бұрынғыдан да артық машықтанып, құнығып алды» («Жаңа мектеп», 1928, 1, 90-бет).

Повестің 1936 жылғы басылымында тыннан қосылған сөйлемдер мен орамдар да бар. Мысалы:

«Бұның ендiгi себебi: мал шықты. Бiрақ мыналар бүгiн өз қолымен алса, бiржолата шауып кетедi. Ендi ең болмаса қиялап көлденең бiреудiң алдына барып мойныма алайын. Кесiктi ең болмаса әрi жарлы-жақыбайды аямайтын, әрi жемқор ашқарақ болса да сол көлденең бидiң бiрiне айтқызып көрейiн деп едi. Сонымен әуел...» («Қараш-Қараш», Алматы, 1936, 17-бет).

«Ендi талай-талай жазықсыз жерiнде де мұны жығып-жығып бе-

реді сол билер. Өз қолтықтарында жүрген ұрыларын сүйеу үшін-ақ соны істейді» («Қараш-Қараш». Алматы, 1936, 21-бет).

Повестің алғашқы нұсқасында Бақтығұлдың үлкен баласының аты — Құрал. Жазушы оны кейін — Сейіт деп атаған.

«Қараш-Қараш оқиғасы» повестінің 1960 жылы басылған нұсқасының алдында: «Бұл ұзақ әңгімені ертеде араб, латын әріптерімен жарияланған қалпынан автордың түзетіп, өзгерткен жаңа түрі» деген ескертпе берілген.

Расында да, соңғы басылымында повесть көптеген өзгерістерге, өңдеуге ұшыраған. Солардың ішінде аса елеулі, ірілері де, кіші-гірімдері де бар. Повестің соңғы нұсқасына енген өзгерістер мен өңдеуді екі арнада алып қарауға болар еді.

Ең алдымен, повеске тың тарау мен эпизодтар, жаңа кейіпкерлер енгізу арқылы, олардың іс-әрекеттері мен тайталас-гартысының ішкі сырларын тереңдеп ашу арқылы жазушы шығарманы идеялық жағынан бұрығыдан да гөрі шынықтыра түскен, оның әлеуметтік тынысын әлдеқайда кеңіткен.

Екіншіден, өңделгеннен кейін повесть көркемдік жағынан да кемеңдене, шырайлана түскен. Жазушының ойлы тұжырымдылық пен бейнелілікке барынша мол ұмтыла отырып, көркемдік бояуларды асқан шеберлікпен қолданатындығы, адам жанының терең де түпсіз пірімдеріне жиі үңілгіш суреткерлігі повестің соңғы нұсқасында айрықша айқын көрініс тапқан.

Повестің соңғы басылуындағы бірінші тарау түгелдей тыңнан қосылған. Бақтығұл мен Тектіғұлдың Сәлмен байдан көрген қорлығы мен зорлығы, Тектіғұлдың соққыға жығылып, ауруға шалдығып қаза болуы суреттелетін бұл тарау бүкіл повестің идеялық бағытын, жазушының авторлық позициясын анық сездіреді.

Шығарманың негізгі оқиғалық желісі, сюжеттік өрбуі көп жағымаса да, оның тексінде, авторлық баяндау мен суреттеуде көптеген өзгерістер бар. Солардың бәр-бәрін түгел келтіріп жату мүмкін емес. Кейбірлерін ғана мысалға алып қаралық. Повестің алғашқы нұсқаларында Бақтығұл әйтеуір жортуылшы боп шыққандықтан жолыққан жылқыға тисе, ал соңғы нұсқада Қозыбақ аулының, яғни Сәлменнің жылқысына әдейі қол салады Салыстырып қаралық:

— «Бұл жауын қашан бітетінін қайдан білмекпін? Жауын бітпесе, иттей қатып үстің сүмендей бермекпін бе?— деп, әрнәрсені еске алып, аз бөгелді де, аяғында:

— Жоқ, Болады. Енді мыжыма. Қайда барсаң да, саған қолынан мал беретін кісі жоқ. Әкенің дайындаған малы жоқ, осы да жетеді!» («Қараш-Қараш», 1936, 5-бет).

— «Бұл жауынның қашан бітерін қайдан білейін. Ол бітпесе, иттей қатып осылай сүмендей бермекпін бе?— деп әрнәрсені еске алып, аз бөгелді де, аяғында:— Сәлменнің өз жылқысы болмай, Қозыбақтың басқа бір ауылының жылқысы болса да аламын осыдан Қозыбақтың, бәрін де жылқысын бақсам. Бар Қозыбақ түгел — менің қанды мойын құныкерім,— деп, бозды тебініп қалып, оң жағындағы бетке қарай қапталдап өрлей бастады. Анығында есе тпц, Тектіғұл үшін Сәлмен күн төлер болса, бар Қозыбақ аулына үлес тиетіні рас» («Қараш-Қараш», 1960, 9-бет).

Сондай-ақ, Бақтығұлдың соңынан қуғыншылар келгені суреттелетін бір ғана эпизодты салыстырып қаралық.

— «Бұл дәуірде Бақтығұлдан басқа кісінің осы малға орайы кел-

мейді. Қараңғы түнде байқамай алған шығарсың. Малда тіл жоқ. Әдейі алдың демейміз. Малымызды орнына сал,— деп, сөз аяғында келген жұмысын бадырайтып айттып салып, қадала түсті. Ұрыға келген жоқшының бәрі осылай келетіні де рас. Сөйтсе де, мыналар аяқсыз-ақ Бактығұл аяды деп түйіліп, шаншылып келген сияқты. Қара қатын байынан бұрын бірдеме деп бажылдап қоя берді.

Жұрт оның сөзін көп елең қылған жоқ. Бірақ қасындағы сары жігіт қана шынтағымен қатынның сапын басып қалып: «Тек отыр!»— деді де, қазанды нұсқап көрсетті. Бактығұл шімірікпен жоқ. Бұның ендігі есебі: мал шықты, бірақ мыналар бүгін өз қолымен алса, бір-жолата шауып жетеді. Енді ең болмаса қиялап көлденең біреудің алдына барып мойныма алайын. Кесікті ең болмаса әрі жарлы-жақыбайды аямайтын, әрі жемқор, ашқарақ болса да, сол көлденең бидің біріне айтқызып көрейін деп еді. Сонымен әуелгі нығыз пішінін жасытпастан:

— Іягергі, соңғы заманда сенің малыңды менің алғаным бар ма? Неше жоғынды суырып алып едің. Айт-ұйт жоқ, сен алдың деп қадалғанда қаралық ісім болса, қарайтарсың. Әйтпесе, «Иттің несі болса, түлкінің тәңірісі бар». Сорғалаған қан, сойқандаған ізін жоқ. Айтұшы, айғағын жоқ. Даладағы бір ит оттады деп, менен қалайша көресің. Салмағымды салсам, жықпаймын ба дейсің ғой. Құдай-ақ та,— деп сызданып, түсіп томсартты. Жоқшылар екі-үш рет жауап қайырып, еркімен жөнге түсер деп тосып еді. Бактығұл көнбеді де, аяғына отыртып. Сөйлеген сайын ерегіске шабынқырап шнеленісе берді. Бұған орай мал алдырып, ашынып келген тасыр қара жігіт те жалғыз үйлі ұрыға ырық бергісі келмеді. Сөйлеген сайын қорқытып жібермек болғандай сұрланып, ашу шақырып, дауысын қатаңдатып, о да өрлей бастады.

Аяғында бұл ретті сөзбен ұғыспайтын болған соң Бактығұл:

— Ақыры мен кінәлы болсам, қолыңдамын ғой. Өз сөзіме сенбесең, ертең біреудің алдын байлау қылайық. Менің ақ-қарамды таңдаған кісінің алдында тексерт. Бүгін сен алдырған кісі, мені қара деп отырсың. Екеуімізде ұрысатын бет жоқ. Құр қажарғанмен, аяғына мен жығыла алмаймын. Сөзге тоқтар болсаң беретін байлауым осы,— деді («Қараш-Қараш», Алматы, 1936, 17—18-беттер).

Екі жақтың егесін бейнелейтін осы эпизод повестің соңғы өңделген нұсқасында мынадай диалог түрінде берілген:

«Бактығұл бұл топқа өйшен Қозыбақтың өрен-жараны болғандықтан шетінен кекті. Қанды мойын құныкерім де дұспаным деп білгендіктен — келістерінен де, мынау сызды-салқын бетінен де сескенген жоқ. Ішінде: «өзі — ақпын, сен қарасың, саған не істесем де — рауа» деген қияс кекесін, ызалы кек отыр. Жаңағы сөзге сәл үндемей, Сәлмен жүзіне қадала қарап отырып: «Бактығұл қашан ұры болып еді? Ендігі маған етпек қиясың — ұры демексің бе?»— деді.

Сәлмен шапшаң сөйлеп, ызалана түсті.

— Ұры демесем, ұрыдан құры да емессің.

Бактығұл алғашқы бетінен қайтқан жоқ.

— Ендеше, тауып ал сол ұрыңды да, құрыңды да.

Бұдан әрі екеуі қырын отырысып, қатқыл-салқын үндермен, қияс түспен егесе қарысып, жылдам жауаптасып кетті.

— Мен тауып отырмын.— Ол — сенсің.

— Кім айтты деп солай дейсің?

— Айтушы бар деп солай деймін.

— Алып кел айтушыңды, мойныма салсын.

— Атты алысқа айдамақсың ғой. Мені соғалаған қан, сойқақтаған із әкеліп отыр. Сен алдың малымды. Кешегі қолымда өскен Бактығұл ең.

— Бәсе, қолыңда өссең, мынауың қай сұмдығың? Жалаң не?

— Сен маған қастық етіп отырсың. Мен не қылған адам едім саған?

Бактығұл енді жалтармай, шынға қарай ауысқысы келді:

— Не ғылмап ең?

— Ненді алып ем сонда?

— Немді алмадың? Жанымды да алғансың. Жар деген жалғыз қанатым — Тектімді тәпкімен өлтірмеп пе едің.

— А, солай де. Ендеше құныкерің екем ғой.

— Бәсе, құныкерім екенінді аузыңа құдай салып отырған шығар. Сенің соққыңа жығылып, сар төсек болып алты ай қыс жатқанда жиырма жыл босағанда шіріген сол Тектіғұлға тымғұрса қатқан тоқты, қалжа бердің бе?

— Е... санай түс ендеше, тағы бар болар менен алмағың? Тегі менің малымның қақ жартысы сенікі шығар. Қалжыраған қара мойын құл Қалай-қалай тантисың? Жіңішкерген аурумен құдай алған інінді әкеткен ажал мен деп пе ең? Санашы тағы. Қандай алмағың бар екен Қозыбақтан, Сәлменнен әлі де?

Бактығұл қайнаған әділ ашу үстінде не де болса барын айтып қалмақ ниетте болатын.

— Санаттың ба? Ендеше, он алты жасымнан отыз алты жасым дейін, былтырғы күзге дейін жиырма жылдың қысында қар төсеніп, мұз жастанып, жаз жалғыз түн тыным көрмей күзетінде, жылқының соңында өзім өттім. Қозын мен қойынның соңында, қораның шетінде түндер бойы көз ілдірмей, жиырма жыл бойы інім — Тектіғұл өтті. Он екі жыл бойында мынау әйелім — Катша шешеннің — қызыл бәйбішенің қолында сарыала етек күң болып, отымен кіріп, күлімен шықты. Сол бәріміз кеше қасыңнан кеткенде немен шықтық? Екі қолымызды мұрнымызға тығып шыққанымыз жоқ па?

Сәлмен шытынап, жарылардай сыздап отыр еді. Мынау сөздер бетке соққан қамшыдай шабақтады.

— Өзің, сөйтіп, айыпкер де, құныкер де мен болғандықтан тіліңді осылай безеп, қолыңды маған қарай осылай жұмсап отыр екең ғой. Сен не дедің осы? Маған дауынды айтып, өнімінді де айттың ғой. Тіліңмен сөгіп, салыңмен қылып отырсың ғой қыласыңды. Енді оттағанды қысқарт, сол малымды кәзір орнына.

— Малыңды ертең көлдененнің алдына барып айтысқанда аларсың.

— Уәмәй, адыра қал. Не күшіне сенеді екен осы? Қанғырған қу кедей.

— Мен күшіме сенген кісі емеспін. Сен күштісің. Бірақ мен төрешіден, көлдененнен арызымды айырап әділет іздемек болдым.

— Аларсың сен, саяқ саядырақ! Қозыбақ аулынан есе кумақ сенің не теңің еді. Көлдененге бармақсың ғой. Барайық. Болсын солай. Бірақ қазір малымды шығарып бер. Бір бие емес, жүз биелік сөзің бар екен. Женіп ал да, бәрін ал. Қазір биемді шығарып бер.

Бактығұл бұл тұста жалтармасқа амалы болмады. Айлакер жоқшы алдап түсіргелі отыр. Тығырық қамап тұр.

— Биен қазір қолымда жоқ.
— Ол қайда?
— Бір іліктесіме жетектетіп жібердім бүгін.
— Жаның шықсын, өтірік.
— Шыным сол. Бар жауабым да сол!— дегенде қатуланған Сәлмен қамшысын жұлып алды» («Қараш-Қараш», Алматы, 1960, 20—22-беттер).

Осы желі, яғни Бақтығұл әншейін жортуылшы емес, өш алушы, кек қайтарушы екендігі туралы ой повестің өңделген вариантының өр тарауында да жүріп отырады.

Жазушы соңғы жолы повестің эпнлогын да айқындап шынықтырған. Бұл да авторлық ойды көмескі тартқызбай, айқындап аша түсті. Сөйтіп, өзінің идеялық мазмұны, кенеулі кәрімен де, көркемдік қуатымен де «Қараш-Қараш оқиғасы» повесі—әдебиетімізде бедерлі із қалдырған шығарма болды.

Француз тіліне «Бақтығұл кегі» деген атпен аударылған бұл повесть жұртшылық назарын айрықша тартады. 1961 жылы француздың белгілі жазушысы Андре Стиль «Юманите» газетінде «Кітаптар және өмір» атты мақала жазып, онда М. Әуезовтің повесін аса жоғары бағалады: «Бұл шығарма өткен өмір жайын айна қатесіз өрі мейлінше әсерлі баян етеді, мындаған километр шалғайлыққа және уақыт алшақтығына... қарамастан сол батырлардың бірінін, яғни пеленушілер мен байлардың тепкісінде болған, солардың жапа шегіп қанау көріп, жиреніш тапқан, бірақ батыл да өр, жаза басуларының өзі адамның ұлылығы мен азаттығы жайында паш ететін жанның хикаясын әлсіретпей жеткізіп береді».

Бұдан әрі ол Әуезов шығармаларын Гомер поэмаларымен салыстырады: «Осынау қарапайым оқиғаның аясында ақ отаудай шыңдарын қар басқан асқар таулар мен шалқар дала да, дүлдүл жүйріктер мен тулап аққан өзендер де, жарлы халықтың табиғи адалдығы мен ерлігі, қайраты да бар. Тіпті ол стилінің айқындығымен, ара-тұра сөз орамдарымен Гомерді еске түсіреді».

М. Әуезовтің өз айтуына бұл повесті жазғанда оған ұлы Горький айрықша әсер еткен: «Горькийдің образдық-сюжеттік желілерінің ішінен «Челкаш» повесі менін «Қараш-Қараш» повесімнің қаһарманы Бақтығұлдың әлеуметтік ортасы мен характерін суреттеуіме зор әсерін тигізгенін өзімнің творчестволық тәжірибемнен анық білемін» (Мухтар Ауэзов. Мысли разных лет. Алма-Ата, 1961, стр. 247).

ҚИЛЫ ЗАМАН

Бұл шығарма 1928 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап боп басылды. Содан соң 1972 ж. «Новый мир» журналында (№ 6), Москвада шыққан бес томдық шығармалар жинағының 1-томында (1973 ж. 229—358 беттер), Алматыда шыққан «Племя младое» атты жинақта (1977 ж. 149—258 беттер) орыс тілінде жарияланды. 1974 жылы «Жұлдыз» журналының 8-санында, «Қилы заман» атты жинақта (1975 ж. 10—158 беттер) жарияланды. 20 томдыққа осы жинақтағы нұсқасы алынып отыр.

«Новый мир» журналындағы жариялануына Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты, жазушы Шыңғыс Айтматов, ял «Жұлдыз» журналындағы жариялануына филология ғылымының докторы, жазушы Әди Шәріпов қысқаша алғысөз жазды. Төменде сол сөздерді қоса жариялап отырмыз

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Салт атпен сапар шегіп келе жатқан қарияға бейтаныс бозбала жолықты делік. Өз көзіне өзі сенбесе де, әдебір соншалық жақын танысын шырамытқан қалыппен, жас жігіттің бетіне қадала қарап, кенет дауысы дірілдеп: «Япыр-ау, атам заманғы жоғалтқан жүйрігімнің көзіндей жылы ұшырап кеттің ғой, қайдан жүрсің, балам?» десе, есіне бәрі бірден түсері хақ: өзінің жас шағы, мынау ұлы айнымай тартқан баяғыда кеткен досы, сол жол, сол ат тұяғының дүбірі мен айдарынан ескен жел, сол дауыстар, соя пішіндер...

Бүгін, «Қилы заман» повесін қайталап оқығанда, менің де солай дер шағым екен-ау, өйткені қазір мен, жас жағынан болса да, сондағы, жиырмасыншы жылдардың аяқ шеніндегі, жас жазушы Мұхтар Әуезовтің әкесінің болмаса да ағасының жасында екенмін.

Таңғаларлық бір жағдай — бұл повесть жазылғаннан қырық бес жылдан соң, авторы қайтыс болғаннан көп жыл кейін оқырмандарына алғаш рет ұсынылып отыр.

Шығарма оқырман қауымның құзырына жазушының көзі тірісінде ұсынылуы бір басқа да, ал өлгесін, өзі жоқта ұсынылуы екінші басқа. Және бұл өзі ертерек жазылған, тіпті ең алғашқы шығармалардың бірі дерлік дүние. Және әдебиет табалдырығын ешкім де бірден ұлы жазушы болып аттамайтындығын түсіне тұрсаң да, тәуекелмен айтсақ: Әуезов есімін әрқашан дүние жүзі классиктерінің қатарында, мәңгі өлмес «Абай жолы» эпопеясының шыңында көру оқырман қауымның санасына әбден сіңген.

Алайда «Қилы заманды» оқып шыққан соң Әуезов творчествосына табынушылар журнал редакциясына ризашылық рахметін айтар деп сенемін. «Су анасы — бұлақ» дегендей, онсыз ұлы өзен бола ма? Демек, «Абай жолына» дейін де Әуезов айтулы шебер болатын. «Қилы заман» Әуезовтің «Абай жолынан» көп бұрын, сол кездің өзінде-ақ, кең тынысы эпикалық баяндау формасын игергендігін дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда «Қилы заман» — кейін Әуезовтің телегей-теңіз эпопеясын тудырған ең алғашқы қуатты арналардың бірі.

Дегенмен де әр шығарманың өз орны бар ғой. Сонау өткен жылдарда жас Әуезов жазған осы бір қиян-қилы қайғылы повесть — жазушы талантының революциялық қалыптасуының айқын мысалы. Міне, оқырмандар назарын повестің дәл осы революциялық мазмұнына аударсам деп едім. Царизмге, оның зорлықшыя аппаратына деген өшпенділікті жас Әуезовтей соншалық суреткерлік напымдылықпен

дөрсеткен, патшаның отаршылык саясатынын безбүйрек каталдыгы мен айуандыгын соншалықты ашына эшкерелеген, көшпенді халықтың өзге жат патшалық әкімшілік жүйесім қабылдамауынын табиғатын мол мысалмен ала отырып соншалық тереңдікпен ашып берген, сорына қарай көтеріліске шығып, сонысы үшін қан жоса қырғынға ұшырап, туып-өскен жерінен қуылаған қарапайым халықтың қасірет-қайғысын ет жүрегі езіле отырып айтып берген мұндай шығарманы мен шығыс әдебиеттерінен сирек кездестірдім.

«Қия заманды» оқи отырып, егер Октябрь революциясы болмаса көшпенді қазақтар мен қырғыздардың одан арғы тағдыры не бола-рын мезгіл өткен соң ойлаудың өзі қорқынышты. Айтуға аузым бармайды — мүмкін тіпті біз болмас та едік. Ал мәңгілік өмір сүргісі келмейтін халық бар ма? Тек жалғыз осы үшін — Октябрь революциясының Россияда туып, империялық отаршылдықты талқандап, сол арқылы менің халықтарымызды бір жола жойып жіберуден құтқарып қалғандығы үшін ғана мен өле-өлгенше революцияны мадақтап өтуге әзірімін және балаларымыз балаларына: күніміздің туғанын Октябрьден санаңдар! — деп өсиет қалдырамын.

Әуезов повесін оқи отырып, куәгерлердің әңгімелерін еске алдым...

Жазалаушылардан қашып құтылу үшін бүкіл халық боп қар кешіп, асулардан асқанда, аналар ең алдымен сәбилерін аялап, сақтаған. Пулемет оқтары баудай түсіргенде, аялар сәбилерін кеудесімен қорғай құлаған. Сол қырғында сау қалған сәбилер қазір елу жастан әлдекшан асып кетті. Көбінің есімдері сол қия кезеңнің естелігіне Тенті (кезбе), Қашқын, Үркін деп аталады.

Сау алуан шапқышылардың салдарынан босып, туып-өскен жерлерін тастап қоныс аударғанда көшпенділер үйір-үйір малын, дүние-мүлкін емес, үміт артқан болашақ ұрпағын — балаларын құтқарған

Әуезов жазып отырған сол қанды 1916 жылы да қазақтар мен қырғыздардың ежелгі руларының алдында тағы да (қанша рет десе-нізші) не өмір сүру, не өлу, не туған жер топырағында қалу, не жат жерге жылысып қоныс аудару мәселесі тұрды.

Әуезов өзінің повесімен бізге, әсіресе жас ұрпаққа, Россияда советтердің жеңуінің біз үшін маңызы қандай зор екенін дүние жүзінің алдында артықшылығын қазір тарих өзі дәлелдеп беріп отырған СССР-дің құрылуының маңызы қандай зор екенін еске түсіреді. Өткендегі шексіз тұңғық халық қасіреті мен біздің бүгінгі шындығымыздың арасы жер мен көктей, тіпті салыстыруға келмейтін категориялар. Бірақ сол өткеннің ішіндегі жақсылық жағы, жұрт еңсе көтеріп патшаның отаршылдық қанауына қарсы халықтың стихиялық толқуы, өз істерінің дұрыстығына көздері жетіп, еркіндікке ұмтылып, адам рухының соншалықты мол қуатын танытып, зорлық-зомбылыққа қарсы тұруы — таңқалуға болатын дүние және біз Әуезовпен бірге сол он алтыншы жылғы оқиғаның даңқын мадақтаймыз һәм қайғырамыз.

Меніңше Мұхтар Әуезов бәрінен бұрын өздерінің адамдық қасиеттері үшін бостандық, әділеттік үшін байырғы күрес сезіміне ерген халықтың стихиялық толқындарының пісіп, жетіп, қалыптануын сәтті бейнелеген. Сол кездегі жас Әуезов мұны аса зор суреткерлікпен және тарих таразысы тұрғысынан, өз кезінің алдыңғы қатарлы, революциялық, таптық позициясы тұрғысынан жасаған.

Сондықтан да қырғынға ұшырауы алдын ала, айтпай-ақ мәлім болғандардың күштері тең емес күресін баяндайтын осы бір қайғы-

қасіретке толы тарих біздің әрі жанашырлық, әрі сол адамдарға деген мақтаным сезімімізді қозғайды.

Жоқ, адамзат тарихында күшпен басылып тұншықтырылса да, бостандық үшін құрбандыққа барып, бас тікпей батырлықтың, трагедиялық әсемдіктің символы ретінде сан ұрпақтың есінде өшпес із қалдырған көп-көп көтерілістер, ереуілдер, бүдішіліктер сияқты, самодержавиеге қарсы халық кегенің бұл бұырқанысы да текке кеткен жоқ. Мұның бәрі де адамзат қоғамына әлеуметтік және тарихи сабақ болды.

Әуезовтің «Қилы заманы» — патшалық Россия халықтардың түрмесі болғандығының, Россия империясының барлық жерінде әлеуметтік революция қажет болғандығының, біздің заманымыздың шындығы — халықтар арасындағы қарым-қатнасты дамытудың бірден-бір дұрыс жолы социалистік интернационализм екендігінің тағы бір айғағы болды.

Әуезовтің повесі оқырман көңілінде әрқилы сезімдер туғызады. Әуезовтің сол бір кезеңдегі өмірді терең біліп, шабытпен жазған бұл дүниесінің көркемдік ерекшеліктері хақында әлде де көп нәрсе айтуға болар еді. Мәселен, табиғатты, тұрмысты, Қарқара жәрмеңкесін адамдардың портреттерін бейнелеуде Әуезовтің шын мәніндегі Рабле қаламына лайық шырын шеберлігі жөнінде айтпай кету қиын-ақ... Ал жәрмеңкеде пристав Ақжелкенің қасында жүрген тілмаш қазақтар мен патшаның итаршы-жалдаптары, халқын сатқан арсыз, азғын байлар туралы соншалықты жеркөшіппен өлтіре шенеп жазғанын айтпай кетуге тіптен болмайды. Өзінің туған халқынан жеріп сырт айналып ақжелкелердің артына кіріп, мазағына мез боп жүрген бұл сияқтылар жайында тіпті сонау Дантениң айтып кеткені дәл келеді.

Мұндайларды аспан қабыл алмады,
Тамұқ екеш, ол да бұған арлауды.

Иә, сүйікті жазушы және лұғатты ұстаздың беймағлұм туындысымен қайта кездесу әрі ауыр да, әрі қуанышты да. Қуанышты болатыны — бұл оқырман қауым күтпеген кенет кездесу, ұлы жазушының ертеде жазған тағы бір шығармасын тағдыр өкеп табыс етіп отыр, ал ауыр болатыны — авторының арамызда жоқтығы.

Сондықтан да, Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманына» алғысөз жазу үстінде мен санқилы сезім құшағында отырмын. Бейнебір несіз сөйгүлікті үлкен жолға салып жіберген сияқтымын. Міне, шапқанда кедегі болмасын деп, тізгінін түріп, үзентілерін қанжыраға қайырып байладым да, ойт, жануар, шүү, дедім: «Есен-сау бол, тарлан тұлпарымның көзі! Жер танабын қуыра шап! Шындық шырқай берсе екен!»

Және де ұзаған сайын оның артынан қарап тұрып, ойға қаламын: жақсы адам несіз шауып бара жатқан сені көргенде сәт сапар тілейтін шығар-ақ. Ал сенің сайлы ер-тұрмай, абзелдеріне қызығып, шылбырыңа жармасқысы келген жав ешкімнен ешқашан да алғыс — рахмет ести қоймас...

Шығрыс АЙТМАТОВ

• • •

Әрбір ұлы жазушының, ұлы ойшылдың шын мәнінде танып білу, дұрыс түсініп, қабылдау — белгілі бір мерзім-мезгілдің ғана емес, бай-

тақ уақыттың, бәлкі, тіпті ғасырлардың үрдісі Өйткені, ең әділ сарапшы да, әділ төреші де эманда уақыт. Соңғы сөзін айтуға асықпайтын, қатал да әділ қазы — уақыт кезі келгенде әркімді, әр нәрсені тиісті өз орнына қояры даусыз. Қазақ совет әдеби сынының сонау бозала таңында тіпті данышпан Абайдың өзіне де тосырқай, күдіктене қараған шақтарымыз болғаны мәлім. Ал сол Абай творчествосының ұлылығын, ағартушылық, прогресшіл бағытын дөп таныған бүгінгі таңның өзінде оны әр қайта оқыған сайын ақын ойының тереңдігін, философиялық толғаныс-тебіреністерінің тың тігіс, жаңа астарлар тағы да жаңа бір қырынан ашқандай күйде болатынымыз да сондықтан шығар. Түптеп келгенде, ұлылықтың сыры мен айырмашылығы да осында болу керек.

Заманымыздың ұлы суреткері — Мұхтар Әуезов эпикалық құлашы кең қарпұы мол қаламгер екенін ең алғашқы шығармаларының өзінде-ақ танытқан болатын. Алайда, оның алғашқы шығармаларында суреттелетін өмір, баяндалатын оқиға көбінесе революциядан бұрынғы кезен болғандықтан, сол тұстарысында тақырыптың ескілігі авторға кінә боп тағылды. Мұхтар Әуезовті біздің баррикаданың қарсы бетіндегі қаламгерлердің қатарына қосып қарайтын социологиялық солақай сынның салқын жазушының жиырмасыншы жылдардың аяқ шенінде жазған «Қилы заман» повесіне де тиді. Эпикалық байсалды баяндау тәсіліне, психологиялық сезім күйлерінің тереңдігіне, характерлердің сомдалуына, ел өмірінің бүге-шегесіне дейін жомарт қаламға ғана тән дарқандықпен берілуіне қарағанда, повестен гөрі роман деуге лайық бұл туынды 1928 жылы Қызылорда қаласында бір рет жеке кітап болып басылды да, қайтып жарияланбады. Кітапта баспа атынан жазылған алғысөзде авторға «аты басқа, заты бөлек, беті теріс адам» деген сияқты жазушының әлеуметтік саяси платформасына шүбә келтіретін жалған айып тағылды да, шығарманың объективтік идеясына түсінбей, байыбына бармай, ойланбай айтылып қалған сол бір сыңаржақ сынның салдары жылы күнде тиген тымаудай созылып, көпке дейін қалмай келді. Шындығында, сол жиырмасыншы жылдардың өзінде әділетсіздікке қарсы қарғыс айтып қана қоймай, қол көтеріп, қару сілтеген Бактығұл («Қараш-Қараш оқиғасы») бейнесінің мүсінделуі, аяғы Ұлы Октябрьге келіп ұласқан 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы тақырыбына («Қилы заман») батыл барып, революциялық оқиғаға бет бұруы М. О. Әуезов творчествосының алғашқы кезеңіне деген көзқарасқа көп айқыпдық енгізсе керек. Ал отызыншы жылдардың орта тұсында 1916 жыл оқиғасына қайта оралып, «Түнгі сарын» сияқты классикалық пьеса жазып, Төнеке қарт пен Жантастай ер жігіттің образын жасауға жазушы «Қилы замандағы» Жәменке қария мен Ұзақ батырды баспалдақ қып келгенін түсіну қиын емес. «Қилы заманда» Албан сияқты момын елдің, қара бөрікті қарапайым қыр қазағының патшалық Россияның пристав Подпороков (қазақ арасында «Ақжелке» атанып кеткен), урядник Плотников тағы солар сияқты жебір әкімдеріне байланысты айтылған кейбір наразылық сөздерінің артық-кемің бүгінгі, жетпісінші жылдардың оқырмандарына түсіндіріп жатудың көп қажеті бола қоймас.

Әдн ШӘРІПОВ,

М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры.

Бұл өңіменің 1957 жылы жарияланғаны баспаға жіберілді. Шығарма 1937 жылы «Әдебиет майданы» журналының 8—9 номерлері мен «Литературный Казахстан» журналының 11—12 номерлерінде (Иван Шуховтың аудармасы бойынша), 1938 жылы Ә. Тәжібаев жариялаған «Әдебиет хрестоматиясы», 1940 жылы «Песни степей» (кітап), 1942, 1944, 1946 жылдары Ш. М. Кәрібаев шығарған «Әдебиеттік оқу кітабы», 1951 жылы «Песни казахских степей» (кітап), 1957 жылы М. О. Әуезовтің 6 томдық таңдамалы шығармаларының 6-шы томы беттерінде жарияланды. Кейін «Бүркітші» И. Шеголихин аудармасы бойынша 1960 жылы Ашхабадта орыс тілінде, 1962 жылы «Көксерек» (живак), «Лютый» (живак) және осы жылы А. Мұхамедов аудармасы бойынша Ташкентте, өзбек тілінде «Қараш-Қараш» (живак) шықты.

«Бүркітші» М. О. Әуезовтің дүркін-дүркін басылып келген көркем шығармаларының бірі. Бұл шығарма өзгеріске онша ұшырамай, алғашқы сом тұлғасын ұдайы толық сақтап келген. Оның 1937 жылғы нұсқасындағы: «Мырс беріп күліп тұрып:— ал, балам, енді не қалды сүйтіп?— деп тағы біраз тұрып:— сен мына құсты қолыңа ұстаған бетінде, қазір бөгелместен комендатураға Александрға шап» деген сөздер 1957 жылғы үлгіде: «Мырс етіп күліп тұрып:— сен мына құсты қолыңа ұстаған бетінде қазір бөгелместен комендатураға Александрға шап» (6-том, 89-б.) деп ықшамдалса, алғашқы нұсқадағы: «Қалқоз перемісі — колхоз фермасы, былай — бұлай, пагрон — погран, атаки — атака» болып түзетілген.

Бүркітшінің қолжазбадағы тақырыбы «Бүркіт аңшылары». Шығарманың кей жерлері редакцияланған. «Беке, бүгін не жауға шығайық та, не аңға шығайық. Егер жауды Қерегетаста десек, онда мына бүркітті үйге тастайық та, бүгінгі күнді соған берейік» (ЖММА, п. № 59, 58-бет) деген сөздер 1957 жылғы басылымда былай өзгерген: «Беке, бүгін не жауға шығайық та, не аңға шығайық. Өзіміз де екі жар болмайық. Мынау Оспанқұлды да екіталай қылмайық деді» (М. Әуезов. Шығармалары. VI том, 1957, 81-бет)

«Әрі Сарымсақтыға аттанған жауға нағыз түс өкпе ұрымтал биік» (М. Әуезов. Шығармалары, VI том, 80-бет) деген сөздерден кейін келуі керек: «Қерегетас сияқты ұры қойын, жасырын далдалары көп биікті Бекбол арылтпаса, өзге кісі қаншалық көп болса да, ойдағыдай арылта алмайды. Шын мен күз бар ма, арқар жым тас кешу бар ма, қорым қой тас бар ма — барлық жықпылын білетін бұл өңірдегі атаулы жерші Бекбол ғана» деген сөздер қолжазбада жоқ.

Қолжазбадан 1957 жылғы басылымға кірмеген 70 жолдай сөздер бар. «Бірақ Бекбол былай деп байлаған жоқ еді». (М. Әуезов. Шығармалары, VI том 80-бет) деген сөздерден кейін желуі керек: «Ал, егер қолды болса, бұл ниеті бұзық жаудың қолы ғой. Мақсаты шекарадан өту ғой. Өзі таңға жақын болса, ол ит дәл бұл түнде өтем деп дәме қылмайды. Не болса да осы алдындағы түнде өтуге тырсады».

— Бәсе, біздің ойымыз да сол. Тіпті суыт жүрсе шекараға таң қыландай ілінуі керек. Ондай болса біздің сакшылар өткізе ме?— деп Оспанқұл өзінің түннен бергі толшылауын да айта бастап еді, Бекбол:

—Әй, тәйір, таң түгіл, түн болса да, граница өткізбейді, бала боп кетіп пе?» (ЛММА, п. 59, 55-бет) деген сөздер 1957 жылғы ба-сылымда жоқ.

ТАТЬЯНАНЫҢ ҚЫРДАҒЫ ӘНІ

А. С. Пушкиннің қайтыс болғанына жүз жыл толу қарсаңында қазақ, орыс тілдерінде М. Әуезов жаңа романынан үзінділер жариялайды. Орыс тілінде: «Письмо Татьяны» (отрывок из романа «Абай», из главы «Степь внимала поэту». Перевод М. Воронцова.— «Литературный Казахстан», 1973, № 2—3, стр. 50—60), «Как запела Татьяна в степи» (отрывок из романа «Абай». Перевод Л. Соболева.— «Литературный Казахстан», 1937, № 6, стр. 61—80); қазақ тілінде: «Татьянаның қырдағы әні» («Социалды Қазақстан», 1937, 9—13 февраль, «Әдебиет майданы», 1937, № 4, 57—69 б.) деген атпен жарияланды. Бұл басылыра сол «Социалды Қазақстан» газетінде жарияланған нұсқасы бойынша еніп отыр.

ҚАСЕННІҢ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

«Қасеннің құбылыстары»— жазушының отызыншы жылдардың орта тұсында жазған көлемді әңгімелерінің бірі. Әңгіме 1934 жылы Москвада «Творчество народов СССР» деген рубрикасы бар кітаптар сериясында жарық көрген «Казахский сборник» жинағында «Қасен и его друзья» деген атпен орыс тілінде жарияланды. («Казахский сборник»— ОГИЗ-ГИХЛ. 1934 г. Москва. 97—121-беттер). Жинақты Ф. Тоғжанов пен І. Жансүгіров құрастырған. Ал әңгіме қазақ тілінде 1935 жылы «Тас түлек» атты жинақта, сосын 1956 жылы жазушының алты томдық «Таңдамалы шығармалар» жинағының бесінші томында жарияланды. Содан соң жазушының 12 томдық шығармалар жинағының 1-томында (1967 ж. 368—408 беттер), Москвада шыққан бес томдық шығармалар жинағының 1-томында (1973 ж. 406—441 беттер) «Двуликий Хасен» деген атпен орыс тілінде жарияланды. 20 томдыққа 1977 ж. 12 томдық шығармалар жинағындағы нұсқасы алынып отыр.

Жазушының архивінде бұл әңгіменің қолжазбасы (автографы) сақталған. (43-папка, 59—99-беттер). Қолжазбада шығарманың жазылу мерзімі, жылы көрсетілмеген. Тек басына: автор «Хасеннің құбылыстары. (Трансформации Хасена)» деп ат қойған.

Салыстырып қарағанда, бұл әңгіменің жарық көрген варианттары, кейбір жекелеген сөздер мен бірлі-жарым сөйлемдерінің қысқарғаны болмаса, авторлық өңдеуге көп ұшырамағаны, қолжазбадан өзгермегендігі байқалады. Мысалы: қолжазбаның 65-тарағында «женге айбын мойнына ала: «қырсыққан ит қыңыр жүгіреді» деп, қара бастырғанын көрмеймісің — деді»; 71-тарақта «Ісім қазақылану жағынан ақсап отыр»; 89-тарақта «шаруа қызмет қалып барады деп аяйтын қымбат уақыт та жоқ»; «Базардан саудагер қолынан көп нәрсе ала алмайды» деген снықты сөйлемдер кітаптағы тексте жоқ.

Әңгіме текстінің бұрынғы басылуларында баспаның кінәсінен кеткен кейбір қателер осы сапарда автордың қолжазбасы бойынша түзетіліп алынды. Мысалы, 1956 жылғы басылуында кітаптың 52-бетінде төменнен санағанда 16—17-жолдардағы «аналарынан да», 65-беттегі төмсінен санағанда 16-жолдағы «қала барды», 66-беттегі

жоғарыдан санағанда 21 жолдағы мертпіне неме» деген сөздер қолжазба бойынша (83—97-тарақтар) «аналардан да», «қала берді», «мертіпке немене» деп түзетіліп алынды. Кейбір орынысыз жерге нокат қойылып, мағынасыз бөлініп кеткен сөйлемдер де қолжазба бойынша қалпына келтірілді.

ШЫҢҒЫСТАУ

Бұл әңгіме жазушының архивынан алынып (ЛММА, КҚР—1, папка № 59) 1967 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Оны әзірлеп, баспаға ұсынғандар М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері: М. Вөжеев, Б. Сахариев. Шығарманың жазылған мерзімі көрсетілмеген. 1943 жылы «Абай» романына материал жинау үшін ақын еліне барған сапарында жазылған деп жорамалдауға болады. Өйткені әңгіме сол тұстың оқиғасын көрсетеді. Әңгімеге ат қойылмаған. Қолжазбаның соңғы бетінің сыртында «Шыңғыстау» (жаңа әңгіме) деген жазу кездеседі. Осы басылым сол газеттегі жарияланған нұсқасынан алынып отыр.

«АСЫЛ НӘСІЛДЕР»

«Асыл нәсілдер» алғаш рет 1947 жылы «Әдебиет және искусство» журналының 3-санында (13—42 беттер) жарық көрді. Әңгіме, негізінен, Ұлы Отан соғысы тұсындағы малшылар, балалар өміріне арналған.

«Асыл нәсілдер» бұдан соң бесжылдықтың қайраткерлеріне тарту есебінде Қазақстан жазушыларының көркем шығармалар жинағына («Өрлеу». А. 1947) кірді.

Содан соң бұл шығарма жазушының 1967 ж. он екі томдық шығармалар жинағының 2-томында (189—235 б.) жарияланды. 20 томдыққа сол текст енгізіліп отыр. Қазір М. О. Әуезовтің әдеби-мемориальдық музей-үйінде осы шығарманың үш түрлі нұсқасы бар. Және де соның бәрі автордың өз қолымен жөнделген, түзелген.

Ал енді «Асыл нәсілдердің» осы аталған үш түрлі нұсқасын салыстырып қарағанымызда, бұлардың арасында әжептеуір айырманың барлығы анықталды. Соның біразы тыңнан қосылған эпизодтардан тұрады. Мысалы, әңгіменің екінші жөндеуінде жаңадан қосылған мынандай бір сурет бар. Ол үшін 47 папканың 7—9 беттерін қараныз. Мұнда Әсияның Молтайды сүйіне себеші болған жайлар баяндалады. Сондай-ақ Есірген пен Балжан арасындағы әңгіме де (ҚҚР—1, 49 папка, 40-бет) орынды, дұрыс қисынын тапқан. Бұл екеуінің сөзі — Әсия мен Молтай арасындағы махаббат туралы болады. Баланың әкесі Молтай екенін Есірген алғаш рет осы жерде естиді. Құсқасы мұндай түзетулер әңгіменің оқиға өрбуіне де, адамдардың психологиялық жағынан ашыла, дәлелдене түсуіне де мол-мол жаңалықтар әкелгені даусыз.

Осы секілді шығарманың көркемдік кестесіне лайықталып жүргізілген жөндеулер де жазушы шеберлігіне айғақ болғандай. Мысал үшін, әңгіменің бірінші нұсқасындағы:

«Қаннипаның күткені Әсияның осындайғы кесіп айтқан жауабы болатын.

—Айтқаның болсын тегі, тыңдамағым осы жауабың еді, Әсия,

енді сен алаң болмағын, тегі, қалған сөздің бәрін өзіме бергің,— деді.

Келешек екеуіне де мәлім емес болса да, үмітшіл жас, көңілді жас қажыр-қайратты екі дос әйел алдағыны өз кезіндегі мезгілдің шешуіне беріп, Әсияны талай күннен сенделткен қиын жайдың алғашқы бір шешуін осымен доғарысты» (ҚПР. 1, 48 папка, 16-б.) деген авторлық мінездемелер екінші редакциясында:

«Қанияпа оны жұбатпақ, тыныштамақ болады.

— Уайымды қойғын, тегі. Алаң болмағын. Ендігі қалған сөздің бәрін өзіме бергің!— деді. Бірақ келешек екеуіне де мәлім емес. Бір кезек, екі дос әйел алдағыны мезгілдің шешуіне бергендей болады» (ҚПР — 1, 48 папка, 16-бет) делініп өзгерген. Ал енді осы қолжазбаның үшінші вариантына көз салыңыз. Мұнда тіптен басқаша: «Қанияпа оны жұбатпақ, тыныштамақ болады.

— Ұялғанды қойғын, тегі. Алаң болмағын. Ендігі қалған сөздің бәрін өзіме бергің!— деді. Бірақ келешек екеуіне де мәлім емес.

Молтайдан амандық хабар келмегенге де бірталай болды. Ол хатты жні жазушы еді. Нәліктен хабары үзіліп тұрғаны мәлім емес. Бұл бір күдік. Ол өзі жалғыз жігіт еді. Артында Әсиямен екеуінің сырына не боп қалған ата-анасы да жоқ. Әсия болса және сондай. Бұның, әкесімен тунсқан көп балалы ағасы болмаса, өзінде шеше де бір туған жоқ. Егер Әсия бұл үйден кетсе, қазіргі екі қабат жайында, сүйеу болар кісі жоқ. Есіргепке, бар шыңды ашаймы десе, оған Сайлыбектің өлімі ең алдымен естірту керек. Бұған Қанияпа бекінсе де Әсия рұхсат бермейді. Өзінің қысылғаны үшін қарттарды ауыр уайымға сала алмайды. «Олар жарасын мезгіл емдер. Өздері жүре-жүре күдер үзер» десетін екі дос әйел. Оның үстіне қазіргі сынға шыққан үлкен еңбек сапарында оларды зор уайыммен қажытуға болмайды. Көп шабандар ортасында отырса бір сәрі. Бұл отардың бар адамы алған мемлекеттің зор міндеті бар. Социалистік жарысқа отар мен отар боп түспек серттері бар. Енді бұлар бірінен бірі ажыраса, ол бір сергелдеп. Осындай ойлар екі әйелді, көп толғандырады. Не қыларды шеше алмайды. Тым құрыса КИЖ-ден біреу келсе екен деп сондай дос көмекке үміт артысады. Бір кезек екі жас әйел алдағыны мезгілдің шешуіне бергендей болады» (ҚПР—1, 47 папка, 12-бет).

Міне, осы жоғарыда келтірілген үш түрлі редакциядан — автордың бір жазғаны қайта-қайта қарап, жөндеуге жалықпайтыны, қайта соның өзін бар жайдан жаңарта, жақсарта түсуге жан салатынын көреміз. Жазушы адам мінезінің мол пірім-іздерін қуалап, кеңейте беруге, сөйтіп геройдың психологиялық жағынан дәлелді, байышты суреттелуіне ерекше назар аударатын секілді. Бұған Әсияның жаңары өзімен-өзі болып, іштей толғануы дәлел.

Сондай бір жақсы жөнделіп, жетіле түскен жерлер — көбіне-көп Әсияның ішкі ой-сезіміне, күдік, қиналысына байланысты берілген. Ол үшін мына бір үзінділерді салыстырып қарасақ та жеткілікті.

Әңгіменің ә деп қағазға түскен түрінде:

«Осы қойдың күзетінде жүрген Әсияның ойында көп нәрсе, көп бір естегілер үзік-үзік, бірін-бірі қуандай ауысып, толқын өтеді. Әсіресе өкініш. Өзін өзі аямағандай жамандық еттім-ау, әттең соны неге еттім, енді жұртқа не бетімді айтам. Масқарам шықты ғой — деген өзін жазалған ойға қайта-қайта орала береді» (ҚПР — 1, 48 папка, 1-бет).

Автордың бірінші жөндеуінен соң: «Осы қойдың күзетінде жүр-

ген Әсияның ойында көп естегілер үзік-үзік, бірін-бірі қуғандай ауысып, толқып өтеді. Әсіресе өкініш батады.

«Жамандық еттім-ау! Әттен соны неге еттім? Енді жұртқа не бетімді айтамы Масқарам шықты ғой тегі!»— деп, өзін жазалаған ойға қайта-қайта орала береді» (КПР — 1,48 папка, 1-бет).

Екінші және ең соңғы редакциясында:

«Осы қойдың күзетінде жүрген Әсияның ойында әр толқын бар. Соның бірі, әлдекімен қысылу, ұялу...

— Білсе ренжи ме?.. Жазығы жоқ жандар еді... Әй, ренжиді-ау... Көп жыл тату келіп, өкпелесем бе!.. Әлде айырылысам ба?— деп, қобалжиды» (КПР — 1, 47 папка, 1-бет).

Енді жекелеген сөйлемдерге келсек, мұның жайынан да біраз қызықты фактілерді аңдауға болады. Айталық әңгіменің ең алғашқы нұсқасының 28-бетінде:

«Бобров Есіргейті жақсы білгенмен, олардың барлық шабан атаулының тұрмысын, тілін, сыртқы өмірдегі әдет-жайын жете танымағанмен де, дәл мынандай күйдің үстінде не сөз айтып, бір үйдің ішкі өмірдегі аса қиын ішкі сырына қалай араласудың бабын таба алмады» (КПР — 1, 48 папка) деген бір сөйлем бар. Шындап қарасақ, осы үзіндінің бойынан біраз кемістіктер байқалады. Бірақ, автор сол кемістікті дер шағында көре де, жөңдей де білген. Бұған «Асыл нәсілдер» әңгімесінің екінші редакциясындағы мына секілді түзетулер куә. «Рас, Бобров Есіргейті жақсы біледі. Барлық шабан атаулының тұрмысын, тілін, сыртқы өмірдегі әдет-жайын да жете таниды. Бірақ, дәл мынандай күйдің үстінде не сөз айту керек? Бір үйдің ішкі қиын сырына қалай араласады? Бабын таба алмады». (КПР — 1, 48 папка, 28-бет).

МАЗМҰНЫ

ПОВЕСТЕР

Көксерек	7
Қараш-қараш оқиғасы	35
Қилы заман	111

ӘҢГІМЕЛЕР

Бүркітші	269
Татьянаның қырдағы әні	293
Қаспаның құбылыстары	317
Шынғыстау	359
Асыл нәсілдер	370
Түсініктер	419

Мухтар Омарханович Ауэзов

СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЯ В ДВАДЦАТИ ТОМАХ

ТОМ II

Повести и рассказы

(На казахском языке)

Редактор *К. Узақбаева*. Художник *Т. Мухатов*.
Худ. редактор *Б. Маширапов*. Техн. редактор *С. Лепасова*.
Корректор *К. Абдиқаримова*.

ИБ 988

Сдано в набор 22.01.79. Подписано к печати 10.06.79. Формат 84 × 108¹/₂. Бумага тип. № 1. Литературная гарнитура. Печать высокая. П. л. 13,626. Усл. п. л. 22,9.

Уч.-над. л. 23,3. Тираж 30 000 экз. Заказ № 228. Цена 2 руб. 30 коп.
Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, 480091, пр. Коммунистический, 105.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.